


№ 2006
д 1005 к

Берик
Шахатов

КХСА





Берік
Шаханов

ҚҰСА

ПОВЕСТЕР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1991


ББК84Қаз 7-44
Ш 31

Ш $\frac{4702250201-009}{402(05)-91}$

ISBN 5-605-01165-0

© Жазушы баспасы, 1991

ПОВЕСТЬ



ҚҰСА

ПРОЛОГ

Колхозды ұйымдастыру мен соғыстың алды-артындағы қиыншылық жылдары үлкенге ілтипаты түзу іні, кішіге жанашыр аға бола білген; ел игілігіндегі шаруаның қай-қайсысынан да табан ақы, маңдай терін аямаған; сыйы дұрыс, қадірі бар жігіт ағасы санатында жүрген Серәлі қазір жасы жүзге иек артып, бұл ауылдың көзі тірісінің жалғыз үлкені болып қалған.

Уақыттың үкіміне ешкім шәк келтіре ала ма, кәрілік дегенін жасаған. Бір кездегі қамшының өріміндей шымыр, қаршығадай шапшаң, жинақы, епті, қайратты кісі; қонышына қол создырмайтын, басынан сөз асырмайтын сергек, сезімтал, алғыр жан қазір отыр мен тұрды ғана түсінетін мүскін пенде сыңайлас.

Жылына бір рет, демалысында, аз күнге көріп кетуге келген Берден әкесінің осы бір сәбидей қалт-құлт еткен, бейкүнә, кәріп пошымына қарап елжіреп, баладай аялағысы келеді. Қасына отырып, қолын сипап, аяғын уқалайды. Өзімен-өзі мең-зең күйдегі қария осы сәт көңілі әлдене жылылықты, жақындықты сезгендей сергек бұрылып:

— Бұл қайсың?— деп ықыластана сұрайды.

Берден атын айтады.

Ә дегенде санасына бірден жете қоймайды.

— Берден дейсің бе? Ол қай Берден?— деп шұқшия қайта сұрайды.

Берден ұғынықтылау етіп жөнін айтады.

Санасына әлдене жеткендей жүзіне жылу жүгіре бастайды. Мұның бетіне бетін тигізердей таяп келіп:

— Бәрекелді,— деп шықылықтай мәз бола күледі. Ол күлкісінде өзінің танымай қалғанын жуып-шаю да, мұның келгеніне қуанған ризашылық та бар. Балаша жайраңдайды. Қасына таяна түсіп, қолын мейірлене қысып қояды.

— Ат-көлік аман ба? Бала-шағаңның дендері сау ма? Олардан келгендері бар ма?— дейді.

Бұл дүниемен шаруасы жоқ, мәңгіріп, баз кешіп отырған күйінен айығып, көрер көзге сергек тартып, қунақтанып қалады. Әңгімеге ыңғай беріп, ойына келген әлденелерді сұрастырады. Өз жайын аңдатқан болады.

— Ес кірелі-шығалы,— дейді өз күйін пайымдап.— Бір нәрсені қазір ойлап отырып қазір шатысып кетемін. Жасым жүзге таяп қалған шығар. Өлінің де, тірінің де санатында жоқ бір күй екен бұл. Бірақ шүкір деймін. Күпірлік ойым жоқ. Тәңірдің бұл көрсеткен жарығына шүкір. Маңдайға жазылғанды көрдік. Бұйырған несібені теріп жедік. Бізді енді бар, жоқ дейтін емес. Сендер аман болыңдар.

Әкесінің қазір де өстіп, окта-текте бұрынғы әдетіне бағып, жүйесімен сөйлеп кететіні бар. Ағын судың сарқындысы да бірден тартылып сіңіп кетпей біразға дейін жылбырап жататыны тәрізді бұрынғы мол ақылдың, сезімтал сананың тақыл-тұқыл шұқанағы әлі де бар тәрізді.

Әрненің басын шалып отырып, бір кез санасы шаршайтын болса керек, қамыға бастайды:

— Бір әкеден он ұл, бір қыз — он бір ағайынды едік, бәрінен ерте айырылдым,— деп кейбірін іздегендей атын айтып кемсеңдейді.

Берденнің ол әңгімеден бала күнінен хабары бар. Әкесі бір ұзақ жолға ертіп шыққанда, не бірге мал қайырма кездерінде, зердесінде жүрсін дегендей өткен-кеткен тарихты, өз басынан кешкен жайларды талай айтқаны бар.

Ол кезде бәрін бастан өткізген сол өткеннің бәрін ақыл таразысымен өлшей алған, сол арқылы өмірден өзі түйін түйіп, қорытындысын шығарған пайымды жан ретінде, бұрынғы-соңғы әңгімені салқын қан, сабырмен сөйлеп, бала зердесіне сіңімді маққаммен шертсе еді. Соларды әңгімелей келіп сөзінің түп-төркінінде: Мына тіршіліктің алдамшы аз күнінде пәнденің басынан жақсы да, жаман да өтетінін; дүниенің бір күйде бір қалыпты тұрмайтынын; өмір — жалғанның бірде көл, бірде шөл екенін; әу баста жарық дүниеге шыр етіп, періште болып келген адам баласын ақ жолынан адастырар әзәзілдіктің көп екендігін; бірақ осының бәрінде кісінің кісі болып қала алатынын; кісінің кісілігі дегеннің — жігіттің нашарға істеген қайыры, досқа істеген адалдығы, қиянатқа қарсы тұра білген, қарлығаштай да болса, қайратымен өлшенетінін; бәрінен де адалдық пен тазалықтың дұрыс екенін; адамды байлық та, бақ та емес қанағат қана мұратына

жеткізетінін өсиеттер еді. Бір қызығы әкесі осы әңгімелерінде біреуді жамандап, тілдеп көрген емес екен. Әлде кімдердің жағымсыз істерін, тіпті, өзіне қиянат көрсеткен біреулерді сөз еткенде де солардың әлгі әрекетіне кіжініп, жек көріп, «ит», «нәлет» деп жатпай, қайта бір кешірім жасап отырғандай, мүсіркегендей: «Бейшара», «сормаңдай», «әй, байқұс-ай»,— деп аяушылық білдіретін тәрізді еді. Ал өзінде қызыну, күйіну, ызаның табы болмайтын. Сапырылған қымыздай салқын, сырбаз қалпын жоғалтпайтын. Ақылының бүтін кезі екен де ол. Енді жүйке тозған, шаршаған. Кейінгі жылдары осылай өткен күнді есіне түсіріп әңгімелессе, босап, қамығып, көзіне жас алатынын Берден келген сайын байқайтын.

Бұрын бетінен қаны тамған қызыл шырайлы өнді пайым, зерде аңғартып тұратын, жылылық толы нұрлы қоңыр жанарлы, иманжүзді жан еді. Қазір терісі сары тап болып суалып босаңсыған жүзіне теңбіл-теңбіл қара дақ қаптап, кең жанары кіртііп, сығырайып, ажары қашқан.

Әкесінің қазіргі күйі тартылған айдынның орнындағы көлшік тәрізді.

Осыдан біраз жыл бұрын, тоқсанға келген тұстарында:

— Жасымда мен еңкейген кәрі көрсем «өзім жүзден аспай қартаймайтын шығармын. Кәрілік деген не тәйірі, кісінің сүйегінің жасықтығы ғой. Мықты адам қартаймаса керек» деп ойлаушы едім. Күпірлік екен. Бұл итің алдымен аяқ пен көзден айналдырады екен. Сонан соң-ақ қақпанына түстім дей бер. Қайтып тырп еткізбейді-ау. Қазір мендегі кемістіктің ең этеген-айы осы көздің бұлдырағаны болып тұр. Бірте-бірте көрістен қалдырады-ау осы,— деп әңгімелеп отыратын.

Енді ол әңгімелердің бірі жоқ. Келіп, қолын алып сәлем берген кісінің ет жақын жуығын көбіне дауысынан ажыратады. Көпшілігін шүңірейіп қанша қараса да шырамытқанымен жыға тани алмайды. Өзінің осы күйін зерделеген соң қасына таянған кісіге:

— Бұл қайсың?! Бұл қайсың?!— деп отырғаны.

«Күлсең кәріге күл» деген. Әр нәрсеге бір зауал. Кезінде ешкімге сөзден дес бермейтін, үлкенді де кішіні де тәтті әзілмен түрткілеп, күлкіге айналдырып отыратын Серәліні енді бір есемізді қайтарайықшы дегендей балдыз, бажа, жиеншатыс — ойыны өтетіндері әжуалап, қажуаға шыққан. Серәлі шал оларға тойтарыс беруден қалған. Әзіл-оспақтарына балаша нанып, бас шұлғып, қолға тұрған асаудай көнімпаздық танытады.

Сүтпен сіңген, әзір жоғалмай, қалмай келе жатқан

ауыл ішінің сыйластық жоралғысы бойынша төңіректегі жақын-жуықтары, көршілері, өзінің ізін өкшелеп келе жатқан қадау-қадау қалған, бірен-саран қарттар таңертеңгілік шайын ерте іше салып, Серәліге сәлемдесіп, «бақуат барсыз ба» айтысып кіріп шығады. Шаруадан қолы бастары біразырақ қауқылдасып, әңгімелесіп отырып барып тарасады.

Бүгінгі таңертеңгілік осындай келушілердің ішінде бажалық жақындығы бар, жасы кіші болса да сонысын арқаланып, көрген жерде әзілдесіп қалғысы келіп тұратын Бөрітай салдырлық та бар еді. Шелекке сүрінгендей абырдабырлау жүріс-тұрысына, аспа-төкпе мінезіне бола қауқары бар кездерінде Серәлінің көбірек қажайтын кісілерінің бірі осы болатын. Енді дүние кезек, «ә, бәлем, қолға түстің бені» бұл жасап жүр. Омыраулай келіп, айқайлай сәлемдеседі, созған қолын жұлқылай қысады.

— Әй, шалжимай, жиналыңқырай отырсайшы. Орын бермейсің бе келген адамға?! Әлі кісілігің, көкірегің қалмайды-ау, ә,— деп үйдегі басқа жұртқа мәз бола көзін қысып қойып, шалды нықтай келіп тізелесе отырады. Серәлі ананың екіпіндеген түрінен ығыса, бойын жинай әлдене сақтық жасағандай бәсеңдеу үнмен:

— Бұл қайсың?— деп сұрайды.

Бөрітайға да керегі сол. Іздегенін тапқандай қоқиланып:

— Млиса Жылымбекпін. Не танымайсың ба? Танығың келмейді, ә?!— деп екілене таянады.

— Кім дейді?!

— Жылымбек деймін!

— Жылымбек! Ойбай, бұл бәле қайдан жүр?!— Серәлі оқыс шошына күбірлей, отырған орынынан шегіншектеп, ысырыла береді.

Үйдегілер қыран-топан күлкіге батады. Күле отырып Серәліні әңгіме етіседі:

— Алда, ит кәрілік-ай, кісіні қор етеді екен-ау,— дейді бірі әлденеге опына.— Шіркін-ой, қайран Секең-ай, қандай жан еді.

— Ой, айтары бар ма. Көкемдей адам қайда. Бұл кісінің ақылы, адамшылығы... Ой, енді қайтып болады дейсің бе, мұндай кісілер. Көненің көзі, асылдың сынығындай адамдар ғой.

— Бала болған кезі ғой, жарықтықтың. Күнәдан пәк қой бұл кісілер қазір.

— Әй, Жылымбектің тізесі өзіне өткен-ақ екен. Атың естігенде ыршып кетті ғой.

— Өткен ғой, өткен. Көрдiк қой шет жағасын. Қара жер хабар бермесiн, алакүлiк, қара ниет адам едi ғой. Ой, талайға қиянат жасады-ау.

Үй iшiндегi абыр-дабырға да Серәлi үркектей қарап, ештеңенiң байыбына бара алмай, аңтарыла бүгежiктеген күйде едi. Оның жасқаншақ балаша қорғалақтап, шегiншектеп, онсыз да шөгiңкi тұлғасы бiр уыс болып, кiшiрейiп, құржиып кеткенiне Берденнiң жаны ашыды. Отырған орынынан сырғып, жанына жақын келiп, ықылас таныта қолынан жайлап ұстап:

— Көке, берi таман жылжып, мына дастарқанға таяныңыз, мә, кесеңiз,— деп шай кесесiн қолына ұстатты. Сонан соң қолтығынан демеп дастарқанға таянтып жатып:

— Көке, Жылымбек дегенге неге сонша шошыдыңыз. Не жұмысы бар оның сiзде,— деп үнiне мейлiнше жылылық ұялата сипай сұрады.

Мұның үнiндегi жақындықты, мейiрiмдi сезгендей, аңғалағы тарылып, шүңiрейiп кеткен, бояуы оңған боз жанарымен бiр сәт сығырая күлiмсiрей қарап:

— Берденбiсiң?— деп танып, қолын мейiрлене қысып-қысып қойды. Сонан соң батылсыздау, некүмән сыңайда торығыңқы үнмен:— Қайдан бiлейiн?— деп әлденеден тартынғандай сөзiнiң соңын жұмбақтай тоқтады.

Жүзiнде бiр сақтық, қорғаншақтық бар.

— Көке, неге сонша жасқаншақтайсыз. Жылымбек болсаң мә саған деп маңдайдан қоймайсыз ба? Қайтып маңайыңызға жоламасын,— деп бұл күлiп, жiгерлендiргендей әкесiн арқасынан еркелете құшақтады.

Әкесi бұған жас нәрестенiң көзiндей уытсыз жуас жанармен жәудiрей қарап, сенiмсiздеу үнмен сыбырлай түстi:

— Қайдан бiлейiн. Бидiң тұқымы деген сөзiн қайта көңiрсiтiп тағы әурелеп жүре ме қайтедi деп қорқақтайсың ғой,— дедi.

Осыны айтқанда әлде неден қаймыққандай бұғыншықтап, кейiн қарай шегiншектей жылжып, жаурағандай бүрiсiп, жан-жағына жалтақтап, шарасыз жандай жәутең-жәутең қарады. Көңiлiнде өз биiгiнен еш қашан төмендеп көрмеген асқар тауы әкесiнiң мына аянышты, мүсәпiр кейпiне Берденнiң жүрегi сыздағандай едi. Осы бiр көне тарих, қара шалды тап қазiр де торғайдай қалтыратқан қаяуы көңiлден кетпей дат болып қалып қойған сонау бiр кездегi жан құсасының запыраны екенiн бұл аңдағандай едi. Сол бiр үрей мен қиянаттың зардабы оның жан дүниесiне өшпестей дақ қалдырып, зердесiне шегелене сiңiп қалғандай

екен-ау. Әйтпесе әлгі үрей салқыны өзінен туған балаларының атын бірде біліп, бірде ұмытып қалып, кәріліктен періште болып отырған кейуананың әбден тозған санасында әлі күнге дейін жоғалмай, өшпей тұрар ма еді?! Сонда өмір бойы ұмыта алмай, әрдайым қауіп ойлап, сезік-секеммен өмір сүріп келгені-ау. Обал-ай! Дүниеде өзің адал, ақ болып тұрып, күдіктің сұғына іліккеннен қиын не бар екен. Өзің өзің сенбегендей қобалжумен, қылмысты жандай жалтақтаумен күн кешкеннен қиын не бар екен. Ойпырым-ай, қиянат қалай ұмытылмайды десеңізші?! Адам санасына сіңіп қалған үрейдің сызы қалай өміршең еді... Жамандық антұрғанның жаны не деген сірі...

Бірінші тарау

Бұралаң дүние кісіні не түрлі жан, не түрлі тағдырға кезіктірмейді. Бірақ соның көбісі күн өткен сайын көнеленіп, бірте-бірте ұмытыла берсе керек-ті. Уақыт — өмірші, уақыт — емші нелер айықпастай болған қайғыны да сейілтіп, ұмытылмастай болған қуанышты да көмескілеп, елес тозаңына айналдырып жібермей ме?! Алайда, сол тозаңның ішінде үгітілмеген түйірдей белдеуленіп-белдеуленіп жататын естен кетпес кезеңдер, уақиғалар, адамдар болады-ау. Серәлінің де бұл тірлігінде басынан өткізген азды-көпті жаманшылығының, қиыншылығының себепшісіндей, қуасндай бір бейне осы Жылымбек еді.

Жылымбекті Серәліге тағдыр жиырмасыншы жылдардың аумалы-төкпелі кезеңінде кезіктірді. Серәлінің шыққан жері Сарыарқаның Сарысу бойымен Қаратаудың Мойынқұмның арасын бетпақты тіктей өтіп, ен жайлап жататын көшпелі тайпаның бір ауылы еді. Бұл ауыл кезінде осы аймаққа қадірлі сыйлы, ел қамын, жұрт қамын ойлаған, айтулы кісілер көп шыққан ата болатын. Солардың бірі өз тұсында ақылымен, адалдығымен, қара қылды қақ жарғандай әділдігімен аты аңызға айналған, Серәлінің өз атасы Бектібай би еді. Атасы дүниеден қайтқанда Серәлі он төрт-он беске шыққан, ес жиып, оң солын танып қалған жасөспірім жігіт болатын. Ол кісінің өсиетін тыңдап, тәрбиесін көріп өсті. Табиғатынан қарапайым, астамшылығы аз, жұрт ыңғайлас, сыпайы жан елдің кейбір атақтыларындай тым бекзат, паң күй кешпейтін. Тұрмыста шаруақор жан болатын. Ас, той, елдің бас қосу жиындарына барғанында жас немерелерін алды-артына міңгестіріп жүретін әдеті бар-тын. Серәлінің өзі де атасының артына көп мің-

гесті, бертін келе атасының бәйге аттарына шабатын болды. Басқалардан гөрі бұл ол кісінің қасында көбірек жүріп, әңгімесін көбірек тыңдау бақытына ие болғандай еді. Атасының алдынан тірі жан кесе өтпейтін қадырменді, санаттағы санаулы ел басылардың бірі болғанымен қора-қора қой, үйір-үйір жылқысы бар, дәулеті шалқыған кісі емес екенін бұл өз көзімен көрді. Өзіне ғана жетерлік дөңгеленген орта шаруасы ғана бар-тын. Игере алмай жатқан мал-жаны болмаған соң да ма есігіне кісі ұстап, жалшы салған емес. Азын-аулақ қара-құрасын өз ауылының ересек балалары-ақ айналдыратын. Атасы үлкен басымен шаруадан жеркенбейтін, бейнетқор кісі-тін. Таңертең малды ертелеп өзі өргізіп, кешке қарай өзі қораласатын. Ересейіп қалған балалары, жақын-жуық, жан ашыр ағайындары кейде қарияның мал шетіне шыққанына ыңғайсызданып:

— Мұныңыз не? Сырт көзге түсіп! Сараңдық жасап малын өзі бағып жүр деп басқа жұрт сөз етіп күлмей ме,— дейтін намыстанғандай.

Атасы сабырлы қара-торы жүзіне мейірімді жымиыс ұялап, мол пішілген зор денесін сергек көтеріп, еңселене қозғалып қойып:

— Ой, сендер не білесіңдер!— дер еді.— Қанша шашып-төксе де кемерінен ортаймайтын бәленше-түгеншелердің (атасы осы аймақтағы белгілі бай бірер кісінің атын атайтын) дәулетіндей қоры мол, таусылмайтын байлық емес менікі. Табан ақы, маңдай теріммен тірнектеп жүріп құраған, бала-шағаның несібесі ғой бұл. Өзім көз алдымнан өткізіп, бір мезгіл қайырмалап, қоғамдап тұрғым келетіні сонан,— дейтін.

Атасының жетім-жесірге, қаріп-қасірге жасаған қайырын; нашарға ара түсіп, қол ұшын берген құдайшылығын; қиянатқа қарсы тұра алған қажырын; кісінің ала жібін аттамайтын адалдығын ел арасында қыру-қыру әңгіме ететін. Осы менмін деп жүрген талайлардың тәнті бола, бас шұлғысқан бір әңгімесін Серәлі бала кезінде естіген-ді.

Осы төңіректе атасымен тұстас Отыншы атты мыңды айдаған белгілі бай, мырза, жұртқа сыйлы кісі болған. Отыншы бір тұстарда ұзақ жылдар қайта-қайта болыс сайланып, әбден үстемдігі жүрген өзінің немере ағасы Бақтыбаймен қырғи қабақтау болады. Билік шіркін кісінің мейманасын тасытпай қоя ма. Мейманасы тасыған кісі қинатқа бармай тұра ма. Бақтыбай да кезінде елге тізесін батырыңқырап жіберген тәрізді. Ол кездегі Ақмола

уезінің «әміршісі», қазақ арасында «сарықасқа» атанған айбынды ояздың болыс тілін таба білген. Екеуі бірбірімен жекжат-жұрттай араласқан. Әбден сеніміне кіріп алған соң ояз болыстың айтқанынан шықпауға айналған. Осы артықшылығына иек сүйеп, ояз келіп ел арасында өткен үлкен бір сайлауда, әр түрлі себептер тауып, Бақтыбай болыс өзіне қырын келіп жүрген Отыншыны Сібірге жер аудартпақ болады. Ол үшін алдымен билер үкім шығару керек екен. Соған ояз бен болыс билерді жинап алып осындай үкім шығарыңдар деп тізеге салады.

Ол кезде бұл аймақта үкім айтатын бес бидің шығарған шешімін төрелеп бекітетін төбе биі мұның атасы Бектібай екен. Отыншыға тағылған айыптың жала, қиянат екенін көріп-біліп тұрғанымен ояздың қаһарынан сескеніп, лажсыздан кейбір билер үкімге мақұл болған. Бірақ үкімді бекітерге келгенде мөрін басып заңдастыратын төбе би қарсы болып, қасарысып отырып алған. Ояздың бетіне жан келмейтін заман. Би-болыстың оның айтқанын істемегені былай тұрсын оны ойлаудың өзі бұл жұртқа ертегідей жәйіт. Дегенмен төбе би бетінен қайтпаған. Мына күтпеген қарсылыққа шыдамаған «сарықасқа»:

— Протоколға мөріңді бас, жаныңның барында!— деп ақырған.

— Баса алмаймын, тақсыр,— деген төбе би.

— Неге?

— Тағылып отырған айып жала. Ол бойынша үкім шығару заңға қайшы.

— Заңды маған қоя бер. Ол жағын өзім реттеймін. Омбыда губернатордың кеңсесімен өзім сөйлесем. Онан саған сөз келмейді.

— Тақсыр, бәрі бір мен оған мақұл дей алмаймын. Сібірге жер аударатындай кінәлы адам емес Отыншы. Мен мөрімді баспаймын.

— Неге?

— Бұл мәселе, керек десеңіз, ағайынды екі кісінің арасындағы араз-құраздық. Уақытша бір өткінші реніш. Оған сіздің мәртебелі ұлықтығыңызды араластыру орынсыз. Бұл жерде заңға жүгінетіндей зәрулік жоқ. Елдің ақсақал қауымы өздері араласып ағайыншылықпен реттейтін шаруа.

— Менің айтқаныма мойынсұнғың келмейтін сен кімсің?!

— Әміріңізге құлдық. Мен бағынышты пендеңізбін. Бірақ көпе-көрінеу кісіге қиянат жасай алмаймын.

— Өзіңді Сібірге айдаттырармын. Тұқымыңды құртамын.

— Еркіңіз білсін, тақсыр.

Мынаның ашу жоқ, адыраңдау жоқ, сыпайы отырып сірескен қарсылығына істер шарасы болмай ояздың күрең сары жалпақ жүзі талақтай қызарып, ісініп кетті.

Ауыр-ауыр балағаттап жіберіп:

— Тап қазір мөріңді баспасаң сақалыңды күзеймін,— деп салалы қауға сақалынан шап беріп ала кетті. Күні бойы сабыр сақтап, шыдаммен тіл қатып отырған төбе бидің зор қара сұр жүзі суық тартып, сазарып жүре берді.

— Мейліңіз! Бірақ бізде сақалдың құны бастың құнынан қымбатырақ,— деді тайсалмайтын тәуекел мінезбен.

Жуастан жуан шығып мынаның аруақтанып алған сесінен тайсақтады ма ояз-әмір басқа шұғыл қимылға бара алмады. Бидің ызғарын сыртқа теуіп, әлем-тапырақтанып кеткен қайсар жүзіне ызамен безірейіп қарап отырып қалды. Сол ұстаған күйі сақалын сүт пісірім сығымдап отырып, бір кез босатып қоя беріп, жиіркенішті бір нәрсе ұстағандай тыжырына алақанын өңіріне сүрткілей орнынан тұрып кетті.

Отыншыны Сібірге айдаттырамын деген әмірін жүзеге асыра алмай ояз Ақмолаға қайтты. Ол кезде бұл аймақ, бұл жұрттың тарихында Сібірге жер аударылған кісі болмаған. Бұл ел үшін өлімнен де қиын естілген жаза еді. Осынау суық үкім, суық жазадан азаматтың аман қалғанына үн деп демін бір алысты қалың ел.

Атасының осы бір сөзді, қайыңдай қатты табанды қасиеттерін сөз қылатын ел ол кісінің кейде баладай ақ көңіл, адал, әпенде мінездерін де әңгімелеп отырушы еді.

Атасы жасы ұлғая келе ат үстіне көп шыға бермей, билік айтуды үлкен ұлы Тырнақбайға — Серәлінің әкесіне тапсырған. Әкесі алғаш рет алқа бір жиында ел арасының дау-дамайына қазылық жасаған. Жұрт жас бидің шешіміне, тапқырлығына ризалық білдірген. Айтқан төрелігіне риза болған дау иелері билік жасаған кісіге «би ақысы» деп сый-сияпат ұсынатын үрдіспен біреулер осы жолы Тырнекеңе екі жақсы ат, екі қап күріш береді.

— Біздің әкейдің дәстүрінде жоқ зат еді, алмаймын, ықыластарыңызға рақмет,— деп ризалықпен бас тартады.

Ол кезде егіншілік, отырықшылық дегеннен мүлдем қашық, мал әуенімен кең сахараны кезіп жүрген көшпенді жұртқа дән атаулы таңсық, ал күріш деген, тіпті қолдарына түсе бермейтін қат дүние. Жас бидің қасындағы жолдастары:

— Оу, біреуден сұрап алған жоқсың, ұрлап алған жоқсың, арам дүние емес. Адал ақың. Алғашқы билік жолың, неге бас тартасың, алу керек,— деп кеу-кеулейді.

— Әкей кәсіп етпеген нәрсе еді, керегі жоқ маған,— деген ыңғайдан қайта қоймады. Сонан соң әлгілер:

— Жарайды, жылқысын алмасаң алмай-ақ қой. Күріші әуес нәрсе ғой. Тіпті майға бұқтырып беріп отырса әкейдің өзінің тісіне жұмсақ, кәрінің асы,— десіп екі қап күрішті теңдеп ала қайтады.

Жиын тарқағанымен Тырнекеңдер жол-жөнекей ел аралай, бір үйге түстеніп, бір үйге қона жатып дегендей, ауылға араға күндер салып асықпай жетеді. Ал жанындағы жүк артқан, жеңіл-желпі жігіттері жеделдете жүріп, олардан бұрын келген. Келгендермен үйде жатқан атасы әңгімелесіп, жиында не болып, не қойғанынан хабар біліп, өз баласының алғашқы жасаған билігі қалай өткенін, қандай дау, қандай шешімдер болғанын сұрастырады.

Әңгімеге қошуақ ыңғай білдіріп отырған қарияның екі қап күріштің жайын естігенде:

— Ой, әттеген-ай!— деп қабағы түйіліп жүре береді. Сонан баласы келіп сәлем бергенде қолын алмай, теріс қарап жатып алыпты:

— Мен қырық жыл билік айтқанда елден екі уыс дән алып көрген жоқ едім. Сен бір сапарыңда екі қап күріш артып келіпсің, менен тумаған шығарсың, пәтшағар,— деп кейіпті десетін. Сонан қайтып Тырнекең де азды-көпті билік жасаған дәуірінде біреуден бір сабақ жіп алып көрмеген екен дегенді көне көздер кейінгілеріне үлгі ете әңгімелейтін.

Кезінде атасымен тұстас, сыйлас, үзеңгілес, бірге жүрген, ел билеп, билік айтысқан, Торжан, Шал, Төрөкұл деген кісілер өтіпті. Осыған не деп жауап берер екен деп сынағысы келген болса керек, әзілдесетін қатарларының бірі бас қосуда:

— Бектібай, Торжан, Шал, Төрөкұл... болып қатар жүрсіңдер. Ел бәріңді бірдей атайды. Беке, осы шыныңызды айтыңызшы, қайсыңыздың мойныңыз озық. Қайсыңыз әйтеуір дақпыртқа ілесіп жүрсіз,— деп сұрақ қойыпты.

Сонда атасы:

— Бәрі де жұрт қамын жеп жүрген азаматтар ғой, мен бірін де төмендете алмаймын. Ал, әйтеуір, біреуінің артықшылығын айт десең, Төрөкұл оқтаулы бердеңке ғой,— деген екен.

Қазақта «менен бәленше артық едіні» айта қою сирек кездесетін мінез болса керек. Сонда ана кісі:

— Ойпырмой, Беке-ай, кісі алдына шыққыңыз келмейтін сыпайылығыңыз-ай!— деп жантая кетіпті.

Атасының қартайғанда айтып отыратын бір әңгімесін Серәлі жиі еске алушы еді.

«Он бес, он алты жасар кезім еді. Көрші ауылдарды қыдырыстап жүріп: «Бір үйде көріп келі бар кісі қонақтап жатыр екен. Соған жұрт келіп бал аштыратын көрінеді» деп естідім. Балалық аусарлығым ауып, мен де бал аштырып көрейінші деп жетіп бардым. Әлгі кісі жүзіме байыппен салмақпен қарап отырып: «Негізің бар, пейіл-құның адал, жақсы азамат екенсің. Белгілі үлкен кісі боласың. Біреудің ала жібін аттамайсың. Жұртқа қайырды көп жасайсың. Бірақ тұзың жеңіл. Сол істеген жақсылығың қайтып алдыңнан шыға бермейді. Ал осы екі қасиетің тұқым-тұқымыңа мұра болып кетеді» деді. Тыңдап алдым да атыма мініп жөніме кете бардым. Ол кезде ол сөздің байыбына зер де салғаным жоқ. Енді ойлап отырсам, ойпырым-ой, не деген білгір жан. Шіркін-ай, адам баласында неше түрлі кереметтер, дүлділдер бар-ау».

Осыны айтқанда атасы әрі таңданғандай, әрі әлде неге опынғандай басын шайқап, ауық-ауық күрсіне, ұзақ ойланып қалатын.

Атасы Бектібай — аты шулы «Ақтабан шұбырындыға» түскен халқының кезінде кегін қуған атақты Баян батырдың Түрке есімді қалмақ әйелінен туған ұлы — Тасыбай әулиенің немересі еді. Ол кісі үнемі төңірегіндегі балашағасына Баян батырдың ерлік істерін, Тасыбай атасының көрегендігі мен әділдігін, ел-жұртына жасаған қызметін аңыз етіп айтып отыратын. Ел ішіндегі жақсылардың жақсылығын үлгі етіп отыратын.

Серәлінің есінде — атасы сексеннің үстінде дүние салды да, келер жылы күзде әкесі арқаның ат жетер жеріне сауын айтып хабарлап, айтулы ас берді. Сол жылдың қысы бұл өңірдегілер әйдік ақ сүйек жұтқа ұрынып, таяғын ұстап, тап-тақыр болып шыға келді. Нелер мыңды айдағандар аяқ артар жалғыз тұғырға зәрулікке шықты. Көп сөзі жоқ, сабырлы, сыпа, насат жаратылыс әкесі ұайымға берілмейтін, көнтерлі мінез кісі еді. Көңілге тоқ поңыр дәулетінен жұрдай болып, тігерге тұяқсыз қалғанына қайғырған жоқ. Қайта келер жылға қалдырмай, өткен күзде ас бергеніне шүкір айтып, қуанды.

— Япыр-ай, күзде асты өткізіп алмағанда, қария стаусыз қалғандай екен-ау. Құдай бір абырой берді-ау. Жарықтық, тәңірі тегін жаратпаған жан еді, несібесі бар екен, — деп толқыды.

Сонан көп кешікпей, бірер жыл өткен соң, елудің үстіне шығып тұрғанда Тырнекеңнің өзі де қайтыс болды. Он ұлдың ортасындағы жалғыз қыз күйеуге ұзатылған. Қалған балалары бір тән болатын. Ең үлкендері Бекті отыздан жаңа асқан, соңы әлі жас. Серәлі өзі үлкенінен кейінгілердің бірі еді. Қыруар жан енді қоңторғайлау күн кешті.

Осы кезде қала, шойын жол, керуен сарайы дегендерден мойны қашық, сахараның алыс түкпірінде жатқан бұл ауылдарға «патша тақтан түсті» деген хабар еміс-еміс естілгенімен тұрмыс-тіршіліктеріне еш өзгеріс, қозғалыс ене қоймаған. Сол баяғы ауа жайылған қалыппен күн кешіп жатқан.

Бірде Серәліні ендігі бас иелері болып қалған үлкен ағасы Бекті шақырды. Ептеп ел ісіне араласып ненің не екенін зерделеп, заман ағымын аужайлап қалған ол:

— Дүние бұл қалпында тұра бермейтін тәрізді,— деді айтатын тосын шаруасы бар сыңайда.— Тіршіліктің иіні қалай ыңғай алары белгісіз. Біздің жұрт бір бейқам жұрт қой, «кіш-кіш» әуенмен жүріп жатқан. Оның аргы жағында не барына ой жүгіртіп жүргеніміз шамалы.

Ағасының бір көрмеге суықтау, тәкаппар, сесті, ақ сұр жүзіне көз тоқтата отырып, мына төркіні бөлек әңгімені неге бастағанына, нені меңзегелі келе жатқанына ой жүгіртпек болғанымен, әзірге байыптай алмады. Мұның осы сұраулы қалпын аңдаған ол әңгіменің түйініне көшті.

— Неге шақыртты,— деп отырған шығарсың.

— Иә, ойыңызда бір шаруа бар сияқты.

— Көптен бері ойымда жүрген іс еді. Соған енді тәуекел етсем деп отырмын. Осы Бабырды үлкен қаланың біріне оқуға апарсам деймін.

— Қандай оқуға?! Қайда апармақсыз?

— Соны сенімен ақылдаспақ едім. Өзі ұғынықты, зерек. Оқуға ынталы. Ауылдың молдасының мектебін тауысты. Молда әрі қарай медресіге бер дейді. Менің байқауымша осы заманның райын байқаған, зерделі қазақтың біразы орыс оқуын қолайлайтын тәрізді. Қолы жеткені балаларын онда оқытып жүр. Әсілі сол оқудың түбі терең бе деймін.

Ағасының сөзіне қарсы келмейтін әдегімен:

— Қайдан білейін, мейліңіз. Өзінің ойы қалай екен,— деді.

— Өзі, айтқанымызға келіседі ғой. Сол мектепке берейік. Оқып, орналасып, кісі санатына ілігіп кетіп жатса мына Откен мен Қунақты да кейін қолына апарып тапсырамын. Бұлар оқысын. Ішкен мәз, жеген тоқ, біз сияқты

көр болып қалмасын. Заманның әуселі ілімге қарай ойыстап бара жатқан сияқты.

Бұл үшеуі он ағайындылардың ішіндегі ең кішілер еді. Үшеуінің ересектеуі Бабыр он үшке шыққан. Алғыр, өжет, пайымды, зерек, бауырмал, өзгеше туған бала болатын. Бәрі жақсы көретін. Жасы кіші демей-ақ, ағалары ақылына бола, салауатты кісінің санатында сөйлесетін. Ол да бұларға еркін, жайдары еді. Сонан соң да ең үлкен ағасы Бектіні ғана «Жәке» деп басқаларын атымен атайтын. Серәліге айырықша еркелейтін. Қатарындай тартынбай әңгімелесетін. Ағасының алыс қалаға оқуға апарып тастағалы отырғаны сол Бабыр. Серәлі жанындай жақсы көретін, ақ үрпек ботадай сүйкімді, кішкентай інісін қимағандай болды. Бірақ ағасының шешіміне қарсы келген жоқ.

— Отағасыға бір ауыз айттыңыз ба?— деп қана сұрады.

— Жоқ, енді айтамын. Отағасы мақұл көреді ғой.

Әкесімен құрдас, сыйлас, әрі жақын туыс Бекболыс отағасы осы төңіректегі елдің қазіргі бас иесі саналатын. Алыс-жақын ағайын ауыр-жеңіл шаруасын осы кісінің ақылынсыз шешпейтін.

Отағасы да баланы оқуға апарамын дегенді құп көріпті.

— Бабырды оқытамын дегендерің дұрыс. Жолына қосқаным, біздің жылқының үйірінен таңдап екі ту бие ал,— депті.

— Оқуға қыруар қаражат керек. Оған енді тәуекел еткен соң шыдаймыз. Құдай жеткерер,— деді ағасы Серәліге.— Ел ішіндеміз ғой лаждап күнелтерміз.

Солай байлам жасаған соң қолдағы азын-аулақ қарақұраның іске татырын сатып қаражатқа айналдырмақ болып, базар шығып қайтты. Сонан күз ел арқадан қыстауға — Шу бойына құлаған бойда Бабырды қалаға орыс мектебіне өткізіп қайтты. Екі-үш жылдан кейін Ташкент шаһарына үлкен оқуға ауыстырыпты деп естіді. Сонан бірер жылдан кейін жаз, ауылға демалысқа келіп қайтты. Бас-аяғы төрт-бес жылдың ішінде інісі көп өзгеріпті. Он жетіге енді жаңа толған жасөспірімнің қырым етсіз, сүйекті, жас қайындай сымбатты, тіп-тік бой-тұлғасынан әлі балғындығы байқалғанымен күнбе-күн толысып келе жатқан қажыр-қайраттың нышаны да аңғарылатындай. Ойлы жанарында сергектік, пайымдылықпен бірге жігер ұшқыны бар. Сесті, сенімді. Өмірге деген бір құштарлықпен лапылдап, қызулы, отты жас болып өсіп келе жатқаны байқалады. Серәлі інісінің көз ұялғандай сұлу келбетіне, жас батырдай келісті тұлғасына іштей мақтана, қуана,

қызыға әрі «тәңірім-ай, тіл-көзден сақтай көр» деген уайыммен қобалжи қараған.

Сөз саптауы, жүріс-тұрысы ысылып, жасына қарағанда көп есейіп, егделеніп кеткен. Әңгімесінің тақырыбы да басқа. Бұларға тосын, таң, беймәлім бірақ ұзын құлақтанара-тұра естіп елеңдесіп жүрген, анық-қанығына жете алмай жүрген жағдаяттар.

Өздері күпті жайларды білгісі келіп, оқыған көзі ашық азаматтан құныға сұрастырады.

— Заман қалай ауып барады. Ақ патшаны тақтан түсірген қандай күш. Ендігі әмір кімнің қолында,— деп сұрады Серәлі інісінен.

— Дүниеде ұлы дүбір жүріп жатыр, Серәлі,— дейді ол құлшына сөз бастап.— Онан сендер де шет қалмайсыңдар. Шыдай тұрындар, жақында дүмпуі бұл аймаққа да жетеді. Жаңа үкімет орнайды. Бұрын-соңды адамзат баласы көрмеген жаңа өмірдің куәсы боласындар. «Жаңа өкімет», «жаңа өмір» деген сөздер Серәліге жұмбақ тәрізді.

— Бұларың кімдер?— дейді.— Орыстың өз патшасын өзі құлатқаны несі? Енді патшасыз өмір сүре ме?— дейді.

Мұның сұрағына жылы жымыып алып, ежіктей отырып, жағдайды түсіндіреді. Оның айтқанынан мұның ұғатыны: Ресейдің билігі патшаны құлатқан соң, қызылдардың қолына бір жола көшкен. Жаңа үкімет солар. Ал өкімет басына таласқан әр түрлі топтар, бұрынғы ірі бай-шон-жарлардың жоғын жоқтаушылар олардан билікті тартып алмақ болып жанталасып бағуда. Шет мемлекеттің біразы олардың қолтығына су бүркуші көрінеді. Қазір дүниеде қиян-кескі күрес жүріп жатыр. Қызылдарды жалпы халық қолдайтын тәрізді.

Бұл жаңа өкіметтің басында Ленин дейтін дана адам бар. Ол өте әділ. Жұрттың бәріне бірдей қарайтын көрінеді. Кедейлер мен аш-жалаңаштарға жақ. Жалпы халықты теңеймін, бәрін оқу, білімге, жақсы тұрмысқа жеткіземін деп жаны тынбай жүрген тәрізі бар.

Інісінің лебізінен осы қызылдың өкіметіне іш тартатынын, соның сөзін сөйлейтінін байқайды.

— Онысы жақсы екен. «Патшадан әділдік кетсе, пенденің құлқы бұзылады, дүние тарының қауызындай тарылады» деген. Патшаның әділ, кең болғанына не жетсін,— деп бұл да қош алады.

Інісі үйінде біраз күн болып аунап-қунап мауқын басқан соң қайта қайтты. Кетерінде өзінің комсомол қатарына өткенін, жаңа өкімет қалада оқып жүрген қазақ жастарын

революция ісіне тартып жатқанын, өзін де барған соң Созақ өңіріне Совет өкіметін орнату, комсомол ұяларын құру жұмыстарын жүргізу үшін бері қарай жібермек екенін айтты.

— Оқуың бітіп пе еді?— деген бұлардың сұрағына:

— Оқуды кейін қайтып барып жалғастырамын. Қазір тапсырма солай. Істің жағдайы осыны талап етіп тұр. Кемі бір-екі жыл оқудан қол үзе тұрамын-ау,— деді.

— Өз тірлігіңді өзің білесің де. Біздің саған ақыл айтып, жол сілтегендей шамамыз қайсы. Мына беймәлім заманның не сырын ажырататындай өре, сауат бар. Ауайы жүрген бір жұртпыз. Тек амандығыңа тілектеспіз. Сен мынау қасиетті қара шаңырақ — көне ұядан шырқап ұшып шыққан бір түйғынсың, қашан қайтып ораларың, оралмасың белгісіз. Ол жағы бір тәңірге аян. Есің бар еді ғой, оның үстіне оқыдың, көзіңді аштың, оң-солыңды таныдың. Өз жолыңды өзің таңдай білсең керек-ті. Патша көңліңмен таразылап, ақылыңмен шеш. Бізден рұқсат. Жолың болсын,— деді үлкен ағасы Бекті.

Сонан көп ұзамай Созақта Совет өкіметі орнапты. Аудан құрылыпты. Ауданды басқарып тұрған үшеудің бірі Бабыр көрінеді деген хабар жетті. Ол туралы ел аузынан әр түрлі әңгімелерді де естіп жатты.

— Ой, Бабыр деген кәтта өкімет. Алдынан адам арылмайды. Созақтағы қызылдың мықты тұтқасы өзі тәрізді. Өкіметтің жолынан басқаға бұрылмайтын турашыл болып алған. Алды қатты. Бұлтақ-салтаққа илікпейді. Созақтың кедейлері қит етсе соған баратын болыпты. Арыз-мұңын соған айтады екен. Өкіметке иліккісі келмеген ірі байларға қырын келіп тұрған тәрізді.

— Ау, өзі де белгілі бидің, мықтының тұқымы емес пе? Оның бай-шонжарларды қыспақтайтындай не реті бар.

— Қызмет бабы да.

— Кейбір байлардың өкіметке қарсы әрекеті бар шығар. Сонан соң қырына алады да. Тыныш жүрсе не қылсын.

Осы сарындас әңгімелердің бірі бұларды қуантып, бірі ойландырып тастайтын. Қарға тамырлы жұрт. Інісінің алдынан сағы сынған кейбір тұстастарының бұларға өкпе білдіріп, арыз айтып жататындары да кездесетін:

«Жұмысының жөні, заманының талабы шығар,— дейтін бұлар інісін іштей қорғаштаған ойға жүгініп.— Әйтпесе Бабыр кісіге көпеу-көрінеу қиянатқа бармаса керек қой».

Ағасының жұмсауымен Серәлі Созаққа келген соң інісін барып көріп, есендесіп қайтқан. Бабыр он сегізге жаңа толды дейтіндей емес үлкен, салқынқанды азамат

болыпты. Иықты тұлғасына қона кеткен, сықырлаған былғары бешпент, маңдайлығына шоқтай қызыл жұлдыз таққан былғары шәпкі, жалпақ қайыс белдікпен қынай буынған беліндегі тапанша өңіне сұс беріп, есейтіп көрсетеді.

Шаруасы қауырт, мойын бұрғызбайды екен. Күні-түні тыным жоқ. Соның салдары болса керек өңі бозарыңқы, зор ақ сұр жүзінде шаршағандықтың ізі байқалады. Бірақ ажары сергек, көңілі жақсы. Сесті. Мұнымен біраз отырып, есендік-саулық айтысып, елдің жай-жапсарын, жағдаятын сұрастырды. Өкіметтің қазіргі жүргізіп жатқан саясатының бағыт-бағдарын түсіндірді.

— Сендерде де — Сарысу бойындағы ауылдар мен Қарағыз болысындағы елде де жақында өкімет орнайды. Аудан құрылады,— деді сөз арасында.

— Ендеше сонда қызметке ауыспайсың ба?— деген бұл әйтеуір өздеріне таяу жүрсе деген тілекпен.

— Ол жаққа жібере қоймас. Созақ Шымкентке қарасты. Ал сендер сол бұрынғыша Ақмолаға бағынасыңдар. Мені әзір бұл жақтан босатпайды. Осы жердегі істі тындырып, ретке келтірсек, сонан соң Ташкентке қайта шақыртып алып кететін шығар,— деді.

Хабардар болсын деп Серәлі кейбір Бабыр туралы естіген әңгімелерін құлақ қағыс етті.

— Сені біреулер «алды қатты, мінезі тік, ағайынға жылыұшырамайды екен» деп жүр, оның қалай?

Серәлі жас кезінде кішкене інілерін үнемі мойнына мінгізіп ойнататын. Осы Бабыр тіпті түспейтін. Беріге дейін дардай болғанша:

— Серәлі мойныңа мінгізіп жүгірші,— деп қиғылық салатын.

Бертін келе есі кіре ол әдетін тастағанымен анда-санда мойнынан тас қылып құшақтап, бар салмағымен асыла еркелейтіні болушы еді. Сонысы есіне түсті ме ақ жарқын күліп келіп, қатты қысып құшақтап иығына асылды. Інісі әкесі пошымдас, теректей бойшаң, денелі еді де, Серәлі шешесіне тартқан қағылездеу, орта бойлы болатын. Алпамсадай інісінің құшағында, тіпті, кішірейіп көрінді. Оған қарап жатқан жоқ, сомадай жігіттің осы сәт балаша еркелегендей қалпы бар еді.

«Қанша есейіп, кісі болып кетті дегенімен он сегізге енді ғана толды емес пе? Көптен елден жырақ, шетте жүр. Ауылды, жылы ұясын, ата-ананың мейірімін, бұлардың ортасындағы бұла кезін аңсап, сағына ма екен»,— деп көңілі бостаяу, сезімтал Серәлі елжірей толқып:

— Көкежаным, көкежаным,— деп маңдайынан сүйді.

Бір сәтке балалық аусарлығы ұстап кеткен ол енді байсалды қалыпқа түсіп:

— Серәлі, сен көңілшексің ғой, — деді. — Жұрттың айтқанының бәрін жүрегіңе жақын ала берме. Кім не демейді. Мен ешкімге қиянат жасағаным жоқ. Жасамаймын да. Ал жұмыстың тәртібі, міндет деген нәрсе бар. Оны орындау парыз. Жұрттың бәріне бірдей жаға алмайсың. Ол мүмкін емес. Кейде істеген ісің бірі болмаса бірінің шымбайына батады. Сонан соң байбаламдап шыға келеді. Менің жүргізіп отырған тірлігім — өкіметтің талабы. Ал өкіметтің түптің-түбінде көздегені — халықтың өзінің мүддесі. Жұрт осыны жете түсіне алмай қиындықтың түп-төркіні сонан шығып тұр. Қоғам жаңа орнап жатыр. Атқарылуға тиіс шаруада ұшы-қиыры жоқ. Бізге де оңай емес. Іште де, тыста да жау жеткілікті. Арандату көп. Мұндайда өзің де қателікке ұрынып қалуың қиын емес. Онан сақтанудың бірден-бір жолы — өзіңе де, өзгеге де қатал болу, тура болу.

Серәлі елден естіген, көңілінде түйіткіл болған жайларды сұрады.

— Осы жоғары жақтарда, үлкен қалаларда ұрыс тоқталмай жатыр дейді. Бұл өкімет сонда кіммен соғысуда. Байларды, бұрынғы патша тұсында қызмет қылғандарды қамап, жер аударады екен дейді. Неге олай етеді? Бәрі бір патшалықтың қол астындағы жұрт емес пе?

— Бұрын бәрі бір патшалықтың қол астында болған жұрт қазір екі тапқа бөлінген. Ұрыс солардың арасында. Ақтардың армиясының біраз бөлігін әлі де ырықтарында ұстап тұрған кейбір патша генералдары мен бұзақы саясатшылар босқа қантөгіс жасап, нәтижесіз соғыстарын жалғастыруда. Мұнан мемлекет те, халық та қатты күйзеліс шегуде. Бірақ бұл уақытша қиындық. Жалпы халық қызылдардың жағында. Түпкілікті жеңіс күні қашық емес. Жаңа өкіметтің саясатында ірі байлардың мал-мүлкін мемлекет қазынасына алу, оны жалпы халықтық меншікке айналдыру жоспары бар. Егер жұрт өзі саналылық танытса бұл шаралар зорлықсыз жүргізілуге тиіс. Өкімет негізі кедейдікі, жалпы халықтікі болған соң жекеменшікке тізгін салу, ірі байлардың қазынасын орталыққа алу — бұл саясаттағы басты бағыттың бірі болатыны сөзсіз. Ал осы істерге кімде-кім кедергі келтіргісі келсе, көнбесе, қарсыласса, оларға жаңағы өзің айтқандай жазалар қолданылады.

— Сонда өкімет өзіне қарсы болмағандарға, зиян келтірмегендерге тимейді ғой.

— Жоқ, тимейді.

— Ендеше ел ішінде үрейлі сыбыс тарап жүр. Байлар, би-болыстар, олардың тұқымдары жер аударылады екен дейді. Олардың мал-мүлкі түгел хатталады екен дейді. Сонан соң сұрап білейін дегенім ғой. Олай болып жатса біз сөзге ілінбейміз бе? Ел ішіндегі ағы бар, әлділердің қатарында аталатын тұқымнанбыз ғой.

— Өйтіп бекерге дауырықпаған жөн. Ірі байлардың ғана мал-мүлкі есепке алынады. Орта дәулеттілер мен ортадан төмендерге тиіспейді. Ал сендер тіпті уайымдамай-ақ қойыңдар. Қолдарыңдағы шаруаларыңның жобасын білемін ғой. Сендер керек десе ортадан төменге жатасыңдар. Ал белгілі тұқымнан болсаңдар несі бар. Сол әулеттен тараған мен осы өкіметтің қызметін атқарып отырған жоқпын ба? Елдегі ағайындарға айт, әр түрлі қауесет, алып-қашпа әңгімелерге құлақ аса бермесін. Бұл өкіметтің жүргізіп отырған саясаты — әділ саясат. Халықтың қамын ойлаған саясат. Лениннің жолы — ең әділ, тура жол. Соған илансын. Бұл өкімет халықтікі болса — сол халықтың бірі сендерсіңдер. Мұны бөтенсінбеңдер. Тәртібіне бағынып, жүргізген ісін қолдаңдар. Сырттан болса да мен зер салып, хабарларыңды біліп тұрармын. Ешнәрсені уайымдамаңдар. Жәкеме осылай деп сәлем айт.

Інісімен арадағы осы әңгімеден соң Серәлінің жағасы жайлау күйде елге қуанышты жеткен. Мұның ала келген хабарын құп көріп, бұл төңіректегі ағайын-жұртта көңілдерін бір демдегендей болып қалған. Бірақ сонан көп ұзамай Серәлінің ауылына суық та, суыт хабар тосын жетті.

— Түркістанда, Созақта байлар бүлік жасап, қызылдың өкіметін құлатыпты. Билікті қолдарына алыпты. Өкіметтің адамдарын тегіс атып, асып, жазалап жатқан көрінеді, — деген хабар бұл ауылдың төбесінен жай түсіргендей әсер етті.

— Ойпырым-ай, мына сөздің беті не деген жаман. Бабыр не болды екен? Өлі не тірісінен хабар білейік, Серәлі, сен суыт барып қайт. Екі арада күзет болуы, бұл жақтан әрі-бері қатынасқандарды тексеруі кәдік. Ағайыншылап жүрген кісі болып көрінерсің. Ішке кірген соң, Созақтың елі шетінен тегіс таныс қой астыртын сұрастырып хабар тартарсың. Бабырдың жағдайын қай-қайсысы да білсе керек. Өкіметтің құлағаны рас болса оның басына бір зобалаң туды. Не жағдай болса да бара көрерсің, — деді ағасы Бекті әлденені сезгендей пайыз таппай.

— Енді тәуекел дейік. Сабыр етіңіз. Құдайға сыйын-

дық. Бұйрықты іске дауа жоқ,— деді бұл ақ сұр жүзі қуқылданып, қаны қашып кеткен ағасының үрейлі жүзіне өзі де мазасызданып қобалжи қарағанымен басу айтып, көңілін жайландырмақ болып.— Осыдан біраз бұрын түсініксіз түс көріп, еш нәрсеге дәлдеп жори алмай басым қатып, «осы Бабыр бір төтенше ауыртпалыққа кезігеді-ау, бірақ жаны аман қалатындай ма, қалай» деп өз ойымнан өзім қорқып, үндемей қойып едім.

— Ол не түс?— деді ағасы елең етіп.

Бұл көрген түсін әңгімелеген:

Түсінде інісінің арқасына желбіреп бір газет жабысып қалған екен. Соған біреулер от қоймақ болып ұмтылады. Оған от тисе баланың өзі де бірге өртенетін түрі бар. Соны сезген ол әлгі газетіне от тигізбеймін деп жанұшыра қашады. Әлгілер қуып қоятын емес. Бала оларға жеткізбейді, бірақ інісінің жанталаса қатты қиналған, шыбын-шіркей шырқыраған аянышты түрін көріп, бұл ышқына қыстығып, ұйқыдан шошып ояңған.

Осыны айтқанда ағасы үнсіз тыңдап алып:

— Не де болса болған шығар, тез барып қайт,— деді.

Бұл жол жүруге дайындалып, енді аттанайын деп жатқанда, Созақтағы таныс, сыйлас, жамағайын кісіден астыртын хабар келді. «Бабыр тірі көрінеді. Бірақ қалы нашар, ауыр жаралы. Бүлікшілерден жасырып, бөтен біреудің үйінде тығып ұстап отырған көрінеді. Тез біреуі жетсін».

Бұл жолға қос атпен шыққалы отырған. Осы хабарды естіген соң ағасы:

— Сен аттың бірін таста, оның орнына жүрдек, жүрісі жайлы атан ал. Аман-есен жетіп көруге жазса, алып жүруге жарайтындай халы болса атанға жайлап орап, жатқызып салып, елге алып қайт. Не де болса қолымызға жеткіз. Ажалдан алыс болса қатарға қосылып кетер,— деді.

Жылы ішік, көрпе, жабағы, атанның үстіне қом жасайтын қос-қос текеметті теңдеп буып, үйтілген тұтас құнан қойды бір қапқа, семіз жылқының жылы-жұмсағын бір қапқа салып, салт атпен үлкен қара атанды жетекке алып салдыртып жүріп кетті. Қыстың қысқа күнін жолда атырып, жолда батырып екі тәулік дегенде Созаққа келіп кірді. Сақтана жүріп, байқамай келіп, сәлем салған ағайынның дарбазасына ат басын тіреген. Мұның келгенін көріп, дереу қақпасын ашып, ат пен атанды қораға жасырып, өзін үйге енгізді.

Тағаты таусылып, уайыммен езіліп әрең жеткен Серәлі кірген бойда амандық-саулықтан да бұрын:

— Бабырдың қалы нешік? Тірі ме?— деді.

— Тірі, тірі. Уайымдама. Бері қарап келеді. Інің тура-
лап келген бір ажалдан қалды, әйтеуір. Көретін жарығы
бар екен, бейшараның. Талқаны таусылмаған да.

— Өзі қайда? Қалай жолығамын мен?— деген бұл
қашан көзімен көргенше көңілі тынбай, дегбірі басылмай.

— Шыда, сабыр ет. Әйтеуір жаны аман қалғанына
шүкір де. Ескерусіз деген бір үйге жасырғанбыз. Сонда
жатыр. Қазір жарық барында көзге түсуге болмайды.
Қараңғы қоюланып, ел аяғы басылғанша күте тұру керек.
Қала қазір бүлікшілердің қолында. Біліп қалса ешқайсы-
мызды аямайды. Өкінішке ұрынамыз. Сабыр ет.

Қанша тыпыршығанымен қазір кездесудің сәті түспесін
сезген соң, бұл болған уақиғаның мән-жайын сұрас-
тырған.

Бүлікшілер таң алдында, ел шырт ұйқыда жатқанда,
аңдаусызда келіп соғыс ашып, өкіметтің кеңселері мен
қызылдардың адамдары тұратын үйлерді қоршап, басып
кіріп, талқандаған, кісілерін ұрып-соғып өлтірген. Бір үйде
салт басты екі-үш кісі — аудандық партия комитетінің
хатшысы мен аудандық комсомол комитетінің жетекшісі
болып жүрген Бабыр екеуі қатар тұрады екен. Бүлікші-
лер екеуінің де есік-терезелерін бұзып кіріп, сүйреп шыға-
рып, көкпар жасаған. Түнгі дүрлігістен өре түрегелген
жұрттың көбісі, аласы-бересі болмағанымен, бүлікшілердің
сойқанын сырттай бақылап, соңдарынан еріп жүрген.
Ішінде Серәлілермен көңілі жақын, ағайын-жекжат біраз
кісілер де болған. Солар Бабырды жығып салып сойылдап,
балталап, мылжалап жатқан топтың ішіне, ешкімді-ешкім
танып болмайтын қараңғыны пайдаланып, қоян-қолтық
араласып, екі-үшеуі жатқан жігіттің үстіне қона кетіп,
ұрып, соғып, тепкілеген болып:

— Бұл күшіктің сүйегін енді бізге тастаңдар, әбден
ызасы өтіп еді, бәлемнің. Өлімтігін енді өзіміз өртейміз.
Құдай қолға қашан берерсің деп жүруші едік, сәті келді,—
деп қауқылдасқан.

Олардың сөзімен, қимылына сезік келтірмеген бүлікші-
нің басшысы:

— Ал, еселерінді қайырып, құмардан бір шығыңдар,
өлтірген соң денесін аналардың қасына сонау апанға
апарып тастаңдар,— деп ауданның басқа басшыларының
мәйітін тұс-тұстан сүйреп әкеп лақтырған шұңқырды нұс-
қап, бұрылып кете барған. Олар көз таса болысымен әлгі-
лер өлі-тірісі белгісіз шала-жансар денені көтеріп алып,
қазір Серәлі отырған осы үйге жеткізген.

— Өлсе бір ауыз дұға оқып өз қолымызбен топырақ

салайық. Ажалы жоқ болып, ғайыптан аман қалса азаматқа жасаған бір еңбегіміз шығар. Ағайыншылық қарызымыз емес пе, мынаны жасырайық. Көз алдымызда өлімге тас-тасақ — елдігіміз қайсы. Индедей жақсылық-жамандығын көрмегенімізбен кешегі Бектібайдың бір бұтағы екенін білеміз ғой. Олар да іргелі, қоралы жан. Ертең келіп: «оу, қанымыз бір, туыс емес пе едік көз алдарыңда қалай ажалға қидыңдар» десе жерге қарамаймыз ба?— дескен.

Сонан ақылдаса келіп: «Кім біледі біреу-міреу сезік алып, мұның денесі қайда деп іздей қалса оны білетін қай-қайсымыздан да күдік алары сөзсіз. Сондықтан ескерусіз, ешкім білмейтін жерге жасырайық. Шықпаған жаннан үміт бар — бейопа тіршілік қой, қатарға қосылуы екі талай болғанымен әзір тірлік белгісін жоғалтпаған сияқты. Күзетіп, күтіп көру керек. Тездетіп сенімді кісіден ағаларына хабар жіберейік»,— деген шешімге келген.

Жаралы жігіттің денесін өзінің кәсіп еткен азын-аулақ саудасынан басқа іспен, сөзбен хақ-соғы жоқ бір өзбек шалдың үйінің астындағы ұрасына апарып жасырған.

Қалада жаңа өкімет орнағалы жасы мосқал тартқан, иман жүзді, ақ шаш орыс дәрігер пайда болған. Қазақшаға шорқақтығына қарамай елмен сәлемі жарасып, байырғы тұрғындай-ақ етене араласып кеткен. Сырқаттарын емдеп, жұртқа шипасы тиіп, оңды болып қалып еді. Бүлікшілердің қаладағы қолына түскен қызылға тиесілі деген адамдардан өлтірмей аман ұстап тұрғаны осы дәрігер ғана. Олардың өздерінің ішінде де жаралылар бар, әсілі, солар үшін қалдырған сияқты. Бабырды өзбектің үйіне жасырған соң «өз адамы ғой, зиян істемес, көмектесер» деп тәуекел етіп, бұлар әлгі дәрігерге жағдайды айтқан. Ол:

— Мен аңдудамын. Жұрт көзіне түсіп, сезік алдырмайық. Тек таң қараңғысында ғана хабарласып, ертіп барып тұрыңдар,— деген.

Жаралы жігіт апта өткенге дейін ес-түсін жиып тілге келмеген. Кеудеде тек шықпаған жаны бар, оның бар екенін сездіріп тұрған кез келген сәтте үзіліп кетуі мүмкін, бір үзіліп кетсе қайтып жалғанбайтын, түпсіз түнек құрдымға бір жола батып жүре беруі кәдік, әлсіз ғана тыныстың болар-болмас сырылы еді. Үміт сәулесін өшірмей, тіршілік белгісінен хабар беріп, сол сырыл үзілмей тұрды әйтеуір.

Осы халдегі жігітті алғаш көргенде дәрігер орыс:

— Ой, Бабур, Бабурчик!— деп күйзеле басын шайқап,

ернін тістелей, ішін жаза алмай, екі бүктеліп бүгіліп, егілді-ай келіп.

Атпалдай азаматтың қыздай сыңсып, езіліп жылағанын көргенде төңірегіндегілердің де көңілі босады.

— Пенденің басын жел қуған қаңбақтай сенделтіп қойған қиыр-шиыр дүние-ай. Мұның да артында қатын-баласы, от басы қалды ғой. Ал өзінің жай-күйі мынау — су бетіндегі жаңқадай қалт-құлт еткен. Соны ойламайды, уайымдамайды дейсің бе?

— Ой, бұл қай бір жетісіп жүр дейсің. Өлмегеннің күні де, жазғандікі. Кеше жолдастарын жуадай жусатып салғанын көзімен көрді. Оларды іздемейді дейсің бе? Жаны ауырмайды дейсің бе? Ішінен қанжыламайды дейсің бе? Енді мынау ес-түссіз жатса да тірі қалған өз кісісін көріп, көңілі босап, шағынғаны ғой, бейшараның.

— Бүлдіршіндей жастың осыншама азап шеккенін аяйма екен, әлде. Асты-үстіне түсіп өбектеуін, байқұстың, — деп бұларды көріп тұрғандар да көздеріне жас алысқан.

Дәрігер орыс күн сайын сол таң қараңғысында бір соғып, емін жасап, жараларын қайта таңып, ауруды күтімге алған. Бір аптадан кейін науқастың беті бері қарағандай ыңғай таныта бастаған. Бірте-бірте тілге келген. Ауызына қасықпен апарған сұйық асты жұтатын халге жеткен. Серәлі осы кезге іліккен еді. Әйтеуір тірі қалғанын көңілге медет тұтып, шүкірлікпен келген ол інісін алғаш көргенде зәресі ұшып, сең соққандай теңселіп кетті. Жігіттің тек кеудесінде жаны бар демесең екі талай, неғайбыл күн кешіп жатқан сыңайлы. Көркінен кісі көз айыра алмайтындай ажарлы, сымбатты, нар тұлғалы, падиша жігіттің орынында әлдеқандай тірі аруақ жатқан тәрізді. Кірпігі ғана қыбырлайды. Салқын, отсыз сығырайған бозғылт жанарынан үстіне түсе үңіліп тұрған мұны шырамытқандай бір жылт жүгіріп өткендей болды. Сонан соң көзін жұмып, кірпігін айқастырған бойы басын изегендей ишара жасады. Әлдене айтқысы келгендей ерінін қыбырлатты.

Серәлінің шыбын жаны шығып кете жаздады. Әл үстіндегі жігіттің денесіне қолын тигізуге де батылы бармай:

— Көкежаным-ай, көкежаным-ай! — деп іші-бауыры езіліп, шыр-пыр күйі қасына тізерлеп отыра кетті. Өз бойына өзі ие бола алмай, безгек бұғандай селкілдеп, үнсіз егілді келіп.

— Әй, Серәлі, мұның не?

— Оу, батыр-ау, жаны қалғанына шүкір демейсің бе. Тірі көргеніңе қуанбайсың ба, қайта.

— Бұл бері қарағаны ғой. Қатерден қалды, әйтеуір. Ажалы жоқ екен. Соған құдай-құдай де. Қой, жылағаның не? Біраз күнгі бейнеті, азабы бар енді. Жанының амандығын айт. Жас адам ғой жазылып кетеді. Бір күнгідей болмайды әлі.

— Қайтсін, бауыр шіркін оңай ма? Мынандай күйде жатқанын көрген соң шыдай алмаған да.

Үй иелері, мұны ертіп келген таныстары осылай қауар-қуар тіл қатысып, бірі басу айтып, бірі аяушылық танытып, Серәліні қолтығынан демесіп, сабырға шақырысты.

Інісінің денесінде сау тамтық жоқ. Жаралары ауыр. Бас бірнеше жерден жарылған. Қол сынған. Ауыздағы отыз тісті түгел қағып алған. Қан жара болып қатқан, ісік шалған, жаңа туған сәбидікіндей түп-тұқыл қызыл иекке жүрегі дауалап қарай алмай-ақ қойды Серәлі. Денедегі жарасының ең қатерлісі, жанына айырықша зәбір келтіріп жатқаны жон арқадан шапқан балтаның ізі екен. Ауызы бітпеген. Қанды сары су ағып тыйылатын емес.

— Сол жара ушығып, қағынып кетпесе болды. Басқа кемдігі орнына келеді. Жазылып адам қатарына қосылды,— дейді орыс дәрігері бұған. Серәлі онымен алғаш көргеннен кейін-ақ іш тартып, жақын болып алған. Інісінің жанына жалау бір ғана сол сияقتанып, оған күні түсіп тұрған кісідей құрақ ұшады. Мұның осы ниетін аңғаратын шығар, әрі жаралы қызыл жауынгердің жақыны болған соң өз адамы санайтын шығар, оның да бұған ықылас-ниеті дұрыс. Жылы амандасады. Әр түн сайын келгенде үшеуі оңаша отырып бірер сағат шүйіркелеседі.

Өзі басын әрең көтеріп отырып інісі орыс дәрігерінен хабар тартады. Әлденендей әңгімеге елеңдеп қуаныш білдіреді, енді бірін естігеніне көңілсізденіп қабаржиды. Серәлінің байқағаны осы әңгімелерінің қай-қайсысында да інісі Мәскеу мен Петербордың хабарын көбірек сұрастыратын тәрізді.

«Өзі әл үстінде жатып оны қайтеді екен. Ит арқасы қияндағы бір қалалардың жағдайының керегі не екен, сонша мазасызданып»,— деп ойлайды бұл.

Кейде ол ойын жасырмай айтады да.

— Ол қалаларда жағдай дұрыс болса, шаруа оңға басады. Өкіметтің тірегі сол жерлерде,— дейді ол бұған түсіндіріп.

Созақта өкімет құлаған соң, Серәліге дүниенің бәрі солай тәрізді сезілген. Бұл өкіметті біттіге санаған.

— Түркістанды да бүлікшілер басып алыпты. Созағың

мынау. Енді ақыры неге соғады. Осымен тынғаны ма бұлардың,— деп сұрайды.

— Жок, бұл өткінші нәрсе. Революция жеңілмейді. Түркістан, Созағың не? Бұл иненің жасуындай-ақ жер. Бүкіл Ресей қазір большевиктердің қолында. Күні ертең-ақ мұнда қызыл әскерлер келіп жетеді. Мына бас бұзарларды тас-талқан етеді. Өкімет қайта орнайды.

— Қашан келеді олар?— дейді бұл сенер сенбесін білмей.

— Келеді, кешікпейді. Бұл жерлерді азғантай бүлікшілерге беріп қоймайды. Бірақ босқа қантөгіс болды. Жұртты бекерге арандатты, ақымақтар. Өкіметке қаншама зиян келтірді,— деп күйіне қынжылады інісі бүлікшілерге нәлеті айтып.

Серәлінің інісін ауылына алып кетпек ниетін дәрігер де құптаған.

— Ой, бұған аяғынан тік тұрып, жұрт қатарына қосылу үшін әлі көп күтім, демалыс керек. Ондай жағдай бұл күнде тек ауылдарыңнан ғана табылады. Елге апарамын дегенің өте дұрыс. Бірақ тап қазір алып жүруге жарамайды. Асықпа. Біраз емдеп, күтіп қарайық. Аздап ес жисын, денедегі ісігі қайтсын, арқасындағы жараның ауызы қара қотырлансын, жолда жүрісті көтере алмай қайтып ашылып кетіп қан ақса қиын болады,— деп ақыл берді.

Бұл да ол ақылды жөн көрген. Құлақ аспауға мүмкін де емес. Ауру әлі түйір тамаққа жарамайды. Ауызда бір тіс жок. Көнтиіп кеткен ісік әзір қайтар емес, еріндері әрең икемге келеді. Сонан соң Серәлі бас жағында отырып, жылы сүтке жылқының қазысын езіп араластырып мезгіл-мезгіл қасықпен ұрттатады. Әрі тамақ әрі әл болсын дейді. Дегенімен осы күтім, дәрігердің шипасы жаққан тәрізді. Науқас көрер көзге оңалып келе жатты. Енді алып жүруге жарайды-ау деген соң Серәлі кешігіп жата беруге тағаты жетпей, тәуекелге бел байлап, түйесінің үстіне ауылдан ала келген текеметтерін қабат-қабат жаймалап, төсеп, қом тартып, қоршау жасап, науқас кең әрі жайлы жататындай орын ыңғайлап, соған ішікпен, жабағымен, көрпемен орап, қымтап орналастырып, таң елең-алаңнан жолға шықты. Ганыс соқпақ, үйреншікті жер. Жол бойы таныс ел. «Жаман үйдің құдайы» бар дегендей, қыстың күні де бұларға болысқандай май тоңғысыз қабақ танытып, жаурамай, қиналмай, аман-есен ауылдарына жетті.

Бұлар ауылдарына келіп мәре-сәре болып жатқанда арттарынан: «Созаққа қызыл әскер еніпті. Бүлікшілерді

түп-түгел тұтқынға алып, жойып жіберіпті. Совет өкіметін қайта орнатыпты»,— деген хабар да жеткен еді.

Бабыр сол қыс, көктем үйде болып, жазға қарай Ташкентке қайта жүрмекке қамданды. Бұл кезде денедегі жара, сынық бәрі жазылған, ауыздағы тістен бөтен кемдігі жоқ еді.

— Созақта «Жартытөбе» деген жерге үлкен қызыл отряд келіп өкімет орнап жатқан көрінеді. Сонда үлкен жиын өтпек. Мені жеткізіп сал,— деді бірде Серәліге.

Шудағы ел бетпақ асып, арқаға жайлауға шыққан кез. Екі ара елсіз-күнсіз қыруар күндік жол. Соны кесіп өтетін болған соң ас-ауқат, су-суанды молырақ қамтып, қос ат, бір түйемен жолға шықты. Жолай далаға бірнеше түнеп, мәрелеп келе жатқан «Жартытөбеге» саске түстің кезінде іліккен. Қаратаудың бауырындағы кең жазықта үлкен шеру, салтанат бар тәрізді. Желмен желбіреген қызыл жалау, жазу жазылған қызыл маталар оттай шалқып көз тартады. Маңдайларында, кеуделерінде, жең, иықтарында шоқтай-шоқтай қызыл белгілері бар әскерлер, адамдар құж-құж қайнайды. Қатар-қатар киіз үйлер, кенеп шатырлар тігіліп тасталған. Тең-тең жүк, қару-жарақ тиелген арбалар сіресіп тұр. Айбыны асқан, келбеті келіскен тосын, таңсық көріністі нөпір топқа Серәлі әрі қызыға, әрі тосырқай қараған. Олардың болмысынан тау суындай тасқынды екпін аңғарылғандай еді.

«Е, қызыл әскер дегенің осындай екен ғой. Пай-пай, сесін-ай. Мынаған да жан қарсы келе ме екен»,— деп таңырқаған.

Олардың қарасына кірген соң інісі:

— Сен осы жерде аттан түсіп тұра тұр. Мен басшыларына жолығып қайтайын,— деп қалың нөпірдің ішіне сіңіп көрінбей кетті. Сонан аз өткен соң әскер киімін киген жастау қазақ жігіті қасына келіп, сәлемдесіп, маған еріп жүріңіз деген ишара танытты. Бастап келіп қатар тігілген киіз үйлердің бос тұрған біріне тоқтап:

— Осында кіріп жайласып демала беріңіз. Көліктеріңізді біз жайғаймыз. Алаңдамай-ақ қойыңыз. Сәлден соң ас-ауқат әкеледі,— деп мәлімдеді. Осыған қызыметшілікке тағайындалғандай-ақ құрақ ұшып тұрған қызыл әскерге не дерін білмей аңтарыла қараған. Ол мұны бір нәрсе сұрағысы келіп тұр деп ойлаған болу керек:

— Не айтпақ едіңіз?— деді.

Бұл жөппелдемеде не дерге білмей сасып қалып:

— Жаңа менімен бірге келген жігіт қайда кетті екен? Маған еш нәрсе деген жоқ па?— дей салған.

— Мені жіберген сол кісі. «Дұрыстап орналастыр. Жатып демала берсін. Өзім кейінірек хабарласам» деді. Басқа еш нәрсе айтқан жоқ.

— Жарайды онда. Алла разы болсын сізге,— деп рахметін айтып үйге кірді. Шапанын шешіп керегенің басына іліп, төрдің алдындағы жастыққа жантая қисайды.

Өзі кірген алты қанат ақ үйдің сүйегі келісті екен. Ағашын тауып басқаны, шебердің қолынан шыққаны көзі қарақты кісіге аңғарылып-ақ тұр. Үйдің қайдан алынып келгенін кім білсін, бірақ, ішкі әбзелі, бау-шуына қарағанда күзірлі біреудің мүлкі екені байқалады. Үйдің ішкі бояу, өрнегінен қаратаулықтардың мақамын танып, қызықтай зер салып жатқанда бір жігіт тегешпен қымыз алып кірді. Бал татыған, салқын қымызбен шөл басып болған соң жалғыз өзіне үйме табақ ет тартылды.

«Мыналар өзі мені төредей күтті-ау. Бұлардың арасында Бабырдың абыройы болғаны-ау. Әлде бастығы таныс біреуі болып шықты ма екен»,— деп ойлап қойды. Сөйтіп жатып мызғып кетіпті. Біреудің:

— Серәлі, Серәлі,— деген таныс даусынан, жайлап түрткенінен оянды.

Інісі екен:

— Ұйқы қанды ма?— деп күлімсіреп тұр. Ажары жақсы, өзі көңілді тәрізді.

Серәлі тұрып, далаға шығып қайтты.

— Күн бесінен ауып барады ғой. Ұйқыны соққан екенмін,— деді.

— Мана бір әзірде келіп кеткенмін. Ұйықтап жатыр екенсің сонан соң оятпадым.

— Сен өзі қайда болдың?!

— Мен штабында басшыларымен біргемін. Қазір тағы сонда кетемін. Саған келгенім: бүгін осында түнеп жақсылап тынығып ал. Ертең ертелеп жолға шық. Ауылға қайта бер. Мені мұнан ары қарай бұлардың өзі апарып салады. Енді уайым жоқ. Маған алаң болмаңдар. Хабарды өзім біліп тұрармын. Елге сәлем айт,— деді.

Ертесіне бұл таң алагеуімнен жолға қамданып, көліктерін жинастырып, атын ерттеп жатқанда інісі қоштасуға келді. Қасында мылтық ұстаған бір жігіті бар.

— Ал енді хош-сау бол. Жуық арада жолығысудың сәті түсе ме, түспей ме. Қайда жүрсек аман жүрейік. Хабардар болып тұрармын,— деп келіп мұны құшақтап бауырына қысты. Серәлінің қарадан-қарап жүйе-жүйкесі босап, көңілі бұзылғаны. Бір түрлі боркеміктеніп, көзінің жасын тоқтата алмады.

— Тәңірім амандықпен көрісуге жазсын,— деп інісінің нығына басын сүйеп, ажырауға қимағандай, айқасқан құшағын жазбай, бір қауым уақыт тұрып қалды.

Қоштасып болып атының үстіне шыққанда інісі жаңағы жанындағы жігіттің қолындағы мылтықты алып бұған ұсынды.

— Ой, мұның не, кімдікі?— деді күтпеген нәрсесіне.

— Жаралы большевикке көрсеткен қызыметің, жолдастығың үшін саған сыйлық,— деді ол әзілдей күліп. Сонан соң:— Жалғыз қайтып барасың. Жолың ұзақ. Екі ара елсіз қу дала. Түрлі адамдар кезігуі мүмкін. Ұры-қары бар дегендей. Мылтық жалғыз кісіге сес, қару болады. Ал,— деп келіп өзі тақымына басып берді.

Қоштасарда егіліп болмай қойған қу көңілі бір нәрсені сезген-ақ екен. Тағдыр Бабырды қайтып көруді бұларға жазбапты.

Сол кеткеннен кейін ұзын құлақтан: «Ташкентке барыпты. Үлкен қызыметке кіріпті»,— деген; енді бірде «Қырғызстанда бір ауданды басқарады екен, Өзбекстанда бір облыста бастық екен» деген-деген тәрізді хабарын ғана естіп жататын. Осыдан арада үш-төрт жыл өткенде төңіректегі біраз сыйлас кісілер жиналып келіп Бабырдың қаралы хабарын айтсын. Бұл да ұзын құлақтан жеткен хабар. Бірақ жаманат бекер шықпайды. Мұның тегін сөз емес екеніне естігенде-ақ шүбәланбады. Ал қалай, қайтып жазым болғанының анық-қанығын еш қайсысы білмейді. Тек «қайтыс болыпты» деген хабары ғана жеткен.

Бұлардың елінің жайлау қонысы — Сарыарқаның бетпақтың пұшпағына таяу бір қиыс-қиыры болатын. Иісі бұл төңіректе не қала, не темір жол бойы деген кезікпейтін. Сонан соң, әрине почта, телеграф дегендерді көрмек түгілі естіген де емес. Хат-хабар дегенді білмейтін. Үлкен дүниеден мүлдем бөлініп қалған тәрізді оқшау тұрмысты, нағыз тағы жұрт еді. Оның үстіне бұл хабар шығып отырған Ташкент төңірегімен Сарыарқаның мына қиырының арасында қатынас мүлдем жоқтың қасы. Біреу-міреу арқылы сұрап біле қоятындай жағдайдың қисыны жоқ. Қара жамылып азынап отырған ауылға тірліктің мына иінсіздігі «жығылғанның үстіне жұдырық» тәрізді қосымша қайғы еді.

Серәлі сол «Жартытөбеге» апарып салған сапардан кейін, жұмыс бабынан мойын бұра алмаған болу керек, Бабыр ел жаққа ат ізін салмаған. Жердің осы шалғайлығынан бұлардан да ешкім барып, қатынаса алған жоқ. Сырт естулерінде осыдан бірер жыл бұрын Бабырдың үйленгенінен, кішкене бір нәрестелі болғанынан хабардар-

ғын. Бірақ әзірге барып, от басын көрген ешқайсысы жоқ-ғын. Төбеден жай түсіргендей мына тосын жағдай енді есенгіретіп тастады. Не істерге білмей аңтарылсын. Бәрінің естияры, бас иесі болған жауапкершілігін сезгеннен бе, жоқ әлде дейі қатты, қайсар, табиғатындағы мықтылығынан ба ең алдымен есін жиып, алдағы шаруа жайын ойластырған ағалары — Бекті болды.

— Тағдырдың бізге салған бір тауқыметі, сергелдеңі шығар бұл. Не шара. Тәңірдің өзінікі өзіне жөн. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі тіршілігін жасау керек. Басты тауға ұр, мейлің, тасқа ұр Бабыр енді бізге жоқ. Өкініштің уын ішкізіп кете барды, жарығым. Жарық етіп сөнген жұлдыздай ағып өте шықты. Өмірі соншалықты қысқа болар ма еді, сабаздың. Соншалықты сүйкімді, тәтті болармысың бауырға. Ықылас ниетіміз неге сонша құлады екен пақырға. Өзі де болмайтындай бала еді-ау басынан жанып туған. Тіл-көздің отына өртеніп кетті ме, қайтті. Не де болса өтті-кетті, — деді өзін де, бұларды да әрі жұбатып, әрі қайғырғандай, әрі күйіне, әрі тағдырдың жазғанына мойынсұна.

Хабар жеткен күннен апта өткенге дейін көңіл айтып ағылып келіп жатқан жұрттың әуенін бағып, қарайлап үйде болды да, сонан кейін жолға жиналды:

— Барып не жағдай, хабарын біліп қайтамын. Артында қалған қатын-баласы не күйде екен. Илессе елге алып келемін, — деді.

— Біреуімізді серік етсейші. Жалғыз өзіңіз қалай кетпексіз, — деген Серәлі.

— Мені жау алар дейсің бе? Өлсем жаным Бабырдан артық емес шығар. Қайдан бәріміз шұбатылып жүреміз. Түркістанға дейін барып, көлігімді сонда қалдырып, арғы жағына от арбаға мінімін. Жол қаржы да тапшы. Оның үстіне баласы мен әйелін ала қайтсам қаражат керек шығар.

Ағасының әлгі айтқанына тосылып, бұл қайта сөз қайтарған жоқ. Тәуекел деп аттандарып салды.

— Жаным тірі болса кешікпей оралармын, — деген ол сол айтқан уағында шаң берген. Бірақ жалғыз өзі келді. Іштей жеген, орны толмас күйік-қайғының азабы шығар, алыс жол, ауыр сапардың азабы шығар көнін сүйретіп, құр сұлдері келді. «Денсаулығы жоқ па, бір жері ауырма» екен деп күдіктенген мұның:

— Науқастанып қалғаннан саусыз ба? — деген сұрағына күйрей күрсіне отырып:

— Ауруы қайсы бұл тірліктің, сауы қайсы, кім айырып-

ты оны. Не деуге болады,— деп күйзеле қабаржып, мәнжайды баяндаған.

Өкіметке қарсы әрекетін тоқтатпай қашып-пысып жүрген бандылар топ-топ болып, Қызылқұмның елсіз қойнау-қойнауларын паналап ұстатпай қойған. Олардың соңына ілесіп, сөзіне алданып «өкіметке бағынбаймыз» деп адаса көшкен қыруар жұрт, тұтас ауылдар қарадан-қарап босқынға айналған. Сол бандыларды жойып, босқа үркіп жүрген әлгі ауылдарды қайтарып әкеп, отырықшыландыру үшін өкімет арнайы үлкен отряд шығарған. Сол отрядты басқаруды Бабырға тапсырған. Осы сапарда құм ішінде жүріп кенеттен ауырып, қайтыс болған. Қалай неден ауырғаны белгісіз. Әсілі суық әрекет араласқан тәрізді. Бірақ ұшығын ұстатқан қылмыс жоқ. Дәлел жоқ. Сонан соң ешкімді жазықты ете алмаған. Өзіменен қызыметтес болған тәуір-тәуір азаматтардың да қабырғасы қайысып, күйзеле айтатын көрінеді. Төңірегіне айырықша қадірлі, сыйлы екен. «Нағыз большевик, нағыз қайраткер еді. Өкімет те өзін жоғары бағалайтын. Елден Ташкентке келісімен Совнаркомның арнайы қаулысымен орыны жоқ отыз тісін түгелімен мемлекет қаржысы арқылы алтыннан салдыртып берген еді. Бұл оның еңбегіне деген зор құрметтің белгісі. Өзі де жанып тұрған жігіт еді. Аса керек адам еді»,— деп еске алатын көрінеді жолдастары.

Жасқа әлі тола қоймаған ұлы бар екен. Әйелі «он екі де бір гүлі ғана ашылған» өрімдей жас адам көрінеді. Ұлты татар. Туған-туыстары Уфа жақта тұрады-мыс. Мұнан біраз бұрын үйіне ел жағынан әпкесі келген екен, сол қайтып алып кетемін деп, буынып-түйініп жиналып отырғанын үстінен шығады.

— Шырағым уақыттың үкімі шығар, екеуіміздің бұлай кезігіп, жүздесіп отырғанымыз. Әр кезеңнің өз сүреңі болады деуші еді. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» заман болып кетті. Хабар — қалыс, жер — шалғай. От басы, босағаларыңды енді ғана көріп отырмын және мынандай жағдайда кезіктік. Мені жатырқап бөтенсіме. Мен Бабырдың бірге туған ағасымын. Менен де басқа бірге туған аға-інілері, жанашыр ағайындары, ел-жұрты бар, құдайға шүкір. Солардың ешқайсысы сені шетке қақпайды, өгейсіме,— деген сөзіне келіні іш тартып жақындық сездірген.

— Білемін, туыстарын, ауылын Бабыр көп айтатын. Сізді «Жәкем», «Жәкем» деп аузынан тастамайтын,— деп өздерінен хабардар екенін аңғартқан.

Келіннің қабағының жылы екенінен үміттеніп, ойын іркілмей білдірген:

— Шырағым, мына кішкентай жұрағат тұрғанда сен енді біздің жұрттың кісісің. Бізге тән адамсың. Мына нәресте аман-есен ер жетіп, азамат болса ертең ел-жұрт, туған туысын сұрайды әлі. Оны үйірінен бөлме. Екеуінді елге алып кетпекке келдім, маған ілес,— деген.

Мұның сөзіне қарайлап, келіні алғаш әпкесіне ілесіп кетпек райынан қайтып, бері қарай илігіп, солқылдай бастаған тәріз аңғартқандай. Бекті де шаруасы орайласатындай малданып қалған.

Әпкесі бірақ тулап шыға келіпті. Әрі мұның айтқан үгіт, уәдесінен гөрі оның уәжі келіннің көңіліне қонатындай да еді.

— Айтуына қарағанда бұл кісілердің қонысы тым қиыр шетте. Маңайларында не қала, не тұрғылықты ел жоқ. Өте алыс жер. Үйренбеген орта. Өздері қысы-жазы көшіп-қонып жүреді екен. Ол жақта қалай күнелтесің. Біз қалай қатынасып, хабарласамыз. Әуре болма. Менімен бірге Уфаға қайтасың,— деп отырып алған.

— Ел-жұртыңның ортасында боласың. Біз көргенді көресің. Жанымыз тірі болса арқалап жүрсек те сендердің табандарыңа тас батырғызбаспыз,— деп жақауратып, жалбарынғанымен келіні суырылып шыға алмады. Әпкесінің мысы баса берді. Қанша дегенмен әйел адамдардың әңгімесі жақын ғой, оның үстіне туған бауыры, жатып та, тұрып та құлағына құя бергені әсер еткен шығар, жеме-жемде сінлісі оның сөзінен шыға алмайтын ыңғай танытты. Бұл енді не лаж жасасын. Күштеп ертіп кете алмайды. Олай тыпырлады, бұлай тыпырлады. Еш ретін таба алмай тығырыққа тірелді. Енді қайтып өзінің көрер-көрмесі белгісіз, азамат санатына қосылып жұмыр жердің үстінде тірі жүрсе кім болып, қалай болып жүрері; қай ұрпақ, қай ата-бабаның нәсілі болып жүрері белгісіз ана кішкентай пендені — өз тұқымының бір тал шыбығын көзі қиып қалдырып кетуге дәті шыдамай қанжылады. Қайта-қайта бауырына басып иіскегеннен басқа, иіскеген сайын бауыр еті езіле егілгеннен басқа шарасы болмай, өлі мен тірінің арасында сүлесоқтанып, бармақты шайнай-шайнай маңдайды тағдырдың тас қабырғасына ұрғылай-ұрғылай, айырылысып кете барды.

Сонан сенделіп, жол бойы сары уайымның сыбызғысын тарта-тарта, күйіктен күйіп өртеніп кетуге шақ қалған.

Жүрек сыздатқан мына әңгімені жан дүниесі күйзелістен қылбұрау салғандай қыстығып шыдатпай, қиналып,

эрeң тындап отырса да Серәлі басы айтуға жарады:

— Ойбай-ау, құдай салса пенде неге көнбейді. Ақылыңыз бар еді ғой. Мұныңыз не? Өзіңізді-өзіңіз өлтіресіз бе, өстіп? Азаптанып іштей желіне бергеннен бір нәрсе өне ме, енді. Не шығады онан. Сонымен дүние орнына келетін болса — Бабырдың жолына құрбандыққа мен-ақ шалынар едім. Ондай атты күн қайда?! Алланың ісіне араша түсе алар ешкім жоқ. Болары болды. Не істейміз?! Басыңызды көтеріңіз енді! Мұны қойыңыз. Бәріміз сізге қарап отырмыз. Бізді де қажытпаңыз бүйтіп.

— Ей, Серәлі батыр-ай, маған Бабырдың өлгенінен де артында қалған тұяқ — ана бір шаранадан тірідей айырылғаным, көзін жаудіретіп қиып, қалдырып кеткенім батады-ау. Жанымды жегідей жейді-ау, — деп ағасы еңгезердей денесіне ие бола алмай селкілдей егілген еді сонда.

Мұның да қу жаны мұрнының ұшына келген.

— Қайтейік, қайтейік! Не ылаж, не ылаж, — дей берген...

Осыдан кейін ағасы төсек тартып сарғайып ұзақ жатып қалды. Жуық арада аяғынан тұрып қатарға қосыла алмады. Мұнан бес-алты жыл бұрын бір төтенше бейнетке кезігіп, көп азап шеккені бар еді. Денсаулығына сол уақиға ақау салып кеткен.

Сарыарқаның сауырын қанға бояп өткен Колчактың дүрбелеңі шет жағалап бұл ауылды да шарпыған. «Ақ пен қызылдар соғысылып жатыр дейді. Қызылдар жеңіп, ақтарды қуып келеді екен. Ақтардың бастығы Колчак деген көп әскерімен шегініп, осы Сарыарқаны басып өтіп, Сібірге қарай ығысып барады екен...» деген әңгімелерді бұл төңіректің жұрт әуелде өздеріне қатыссыз, әлемнің бір шетінде болып жатқан оқиғадай құлақтың ұшымен тыңдайтын. Бірте-бірте әр түрлі жаманат хабардың шеті жақыннан естіле бастады. «Колчактың солдаттары бәлен ауылды шауыпты. Әйелдерін масқаралап, еркектерін атып кетіпті». «Жылқы көрінсе айдап кетеді екен». «Жолында кезіккен ауылдарда ат тауып беріндер деп қиғылық салады екен». ...осындай суық сөздер бұлардың да денесін түршіктіре бастаған. Өстіп елеңдесіп жүргенде бірде «Колчактың солдаттары ауыл-ауылды аралауға шығыпты. Ат-көлік жинайтын көрінеді. Жылы киім, тамақ жинайтын көрінеді», — деген хабар дүңк ете түсті. Оны естіген соң қатар отырған аталас біраз ауылдың бас ие үлкендері, осы төңіректің жұрты аузына қараған, жақсыат, жаманатын бірдей бөлісіп, қай шаруаның да иінін ақылдасып отыратын Бекболыс отағасыға келген. Отағасы:

— Жұттан селдіреп қалған азын-аулақ жылқысын Колчактың алдына салып бергенде бұл жұрт қайтып күнелтпек. Малды көз таса ете тұру керек,— деді.

— Қайда жасырамыз?!

— Ерінбеңдер, жау кеткен соң түгендеп, қайырып алармыз, сексеуілдің қалыңына, елсіз қиырға айдап тастандар. Іздесе таба алмайтындай етіндер.

— Сезіп қалып, ерегесіп, елге зәбір жасап жүрмес пе екен,— деген қауіп білдірушілерге де отағасы жауабын өзі берді:

— Тәуекел. Жылқыны тауып алмаса болды. Көріп тұрып бермей отырған малымыз жоқ. Бізге не істей қояр дейсің. Әрі бұлардың өзі сайда саны, құмда ізі жоқ, еш жерге тұрақтап, табан тірей алмай сырғақтап жүрген босқын әскер тәрізді ғой. Көп аялдамас, өтіп кетер. Бұларға ат-көлік дайындап, қол ұшын бергендерді ана өкшелей қуып келе жатқан қызылдар да мақұл көре қоймас. Заманның ау-жайын бағу керек, азаматтар.

Өңгімені осыған пісәңдалап, қанаттас біраз ауыл жылқыны қыр асырып тастап, шақырусыз, қонақтарын күтіп отырды. Айтқандай олар да көп кешікпеді. Араларында тілмашы бар, бір топ сарала әскер сау ете түсті.

— Жылқы жоқ, жұтап қалған,— дегенге сенбеді.

— Жасырып отырсындар, тауып әкеліңдер,— деп қасарып кетпей қойды.

Әлденені сезген сияқты. «Адам аласы ішінде». Көптің қайсысының аузына қақпақ қоя аласың. Біреу-міреу сыбырлаған ба, кім біледі. Отрядты бастап келген, оқ жыландай қақшиған көк сұр офицер зәрін бетіне жиып:

— Осыдан жылқы тыққан босандар, іздеп таппай қоймаймын. Тапсам шеттеріңнен атамын,— деп қалшылдады.

Сондарына екі-үш солдаттан салып беріп, төңірекке аяқ жетеді-ау деген жерге, жан-жаққа жылқы іздетіп шолғыншы шаптырды. Малды мүлде елсізге айдап тастағандары абырой болыпты. Қарасын көрген ешкім жоқ. Іздеушілер сабылып-сабылып бос қайтты. Бәрі-бір табылмайтынына көзі жеткен соң ашуға буынған ызалы офицер қарамағындағы адамдарына бұйрық етті:

— Бұл елге басшылық жасайтын, иелік ететін, сыйлы деген кісілерінен үш адамды тұтқындап алып жүріңдер, штабқа апарамыз. Қандай жаза қолданылады — үкімі сонда барған соң шығарылады.

Мұздай құрсанған қарулы әскерге қарсы тұрар қауқар қайда, «ұсынған мойынды қылыш кеспес» деген далбасамен мөңтедеп алдарына түскеннен басқа шара қалмады.

Отряд Бекболыс отағасыға қосып ел ісіне араласып жүрген, сөзін жұрт тыңдайтын, ағайынға қадыры бар Орақбай атты жігітті және Бектіні тұтқындап алып жүрді.

Штабтарына келген соң үшеуін оңаша тігілген киіз үйге қамап, сыртынан мықтап күзет қойдырды. Ойда жоқта бұл не зауалға кезіктік деп бұлар аң-таң. Бір-біріне «бізге енді не істер екен?» деген сұрақты қоюға батылдары бармайды. Әйтеуір істің жақсылықпен тынбайтынын сезеді қай-қайсысы да. Үзілмеген жаннан үміт көп. «Әйтеуір тірі қалдырса екен» деген көкейдің түбінде жасырулы тілек жоқ емес.

Сұңғыла зерек Бекболыс отағасы жанындағы екеуінің көңіліндегі осы кепті жазбай таныған қалпы бар:

— Бұл бізді тұтқындатып айдатып келген мырза осындағы өзінен дәрежесі биік ұлығының алдынан өтеді. Бізге шығарылатын үкім енді соның ыңғайымен болады,— дейді.

Сонан соң аз-кем ойланып отырып бір жағы бұларды тыныштандырғандай, бір жағы жағдайды шын таразылағандай сабырмен айтады:

— Кеше сол ауылда атып тастамаған соң енді мұнда әкеп өлтіре қоймас. Тәуекел деңдер. Не де болса басқа түскенді көтеруге дайын болыңдар. «Жылқы жасырған жоқпыз» дегеннен таймаңдар. Енді мойындағаннан күнәмыз жеңілдемейді. Күйді ауырлатып аламыз қайта,— дейді.

Ертеңіне сәске түсте үшеуін үйден алып шығып, алқа топтың ортасына әкелді. Жүресінен отырғызып қойып кешегі офицер:

— Ал, жылқыны қайда жасырдыңдар, айтыңдар. Шындарыңды айтқандарыңды жазадан босатамын,— деді.

Бұлар сол бұрынғы жауабынан қайтпады:

— Жылқы жасырған жоқпыз, тақсыр.

Офицер топ ішінен үш солдатты қасына шақырды.

— Мыналарды тырдай жалаңаш шешіндіріп, етпетінен қатар жатқызыңдар. Әрқайсысына жүз-жүзден дүре соғыңдар. Егер жазаға шыдамай жылқыны қайда жасырғанын айтамын дегендері болса, дүрені тоқтатып орнынан тұрғызыңдар. Әйтпесе өліп кетсе де қарамаңдар, аямаңдар. Бұйрықты орындаңдар.

Солдаттар келіп үшеуін көкпарға берілген серкедей домалатып, жұлмалай бастағанда Бекті өз жайын ұмытып Бекболыс отағасы жаққа қинала қараған. Елінің абыройындай айтулы жанның жасы алпыстан өтіп, жер ортасынан асқан шағында мынандай азапқа, мазаққа кез болғанына жаны ауыра қынжылған. Әлі күнге өзі жүзіне тура қарап көрмеген, пайғамбардай сыйлайтын ардақты

кісісін жұрт алдында аппақ тәнін жарқыратып, жетесіз біреудей жалаңаштап жатқанда бетінен оты шыға, ұяттан өртеніп, қарауға дәті бармай көзін жұмып алды. Сол сәтте ауадан ащы, суық ысыл естіліп, жон арқасын әлде не жұлып алғандай қарып түсті. Тістене сілейіп, мұның не екенін енді зерделей бергенде жаңағы ысыл тағы да тіліп өтті. Арқасы от тигендей дуылдап бара жатты. Ысыл үсті-үстіне үдей берді. Бекті енді басқа дүниені мүлдем ұмытып, ауырсына ыңырсып жіберді. Сол сәт құлағының түбінен бір лебіз естілгендей болған. Көзін ашса ауыр соққыға шыдай алмай жанындағы жігіт те ыңырсыған екен. Оның арғы жағында жатқан Бекболыс отағасы екеуінің осы қиналғанына көңіл аударып, байлауда тұрып құлынын қасқырдан арашалай алмай шырқыраған арғымақтай күйзеле күңіреніп:

— Шыдаңдар, шырақтарым. Шыдаңдар! Тағдырдың жазуы шығар. Шыдаңдар,— дейді. Үні құлағына майдай жағып, алақанымен маңдайынан сыйпағандай сезініп, бір түрлі сүйеу көріп, ол кісі жаққа, мына апас-қапастың арасында, бір сәтке назар салған. Тіксініп көзін қайта жұма қойды. Етшең, жалпақ арқасы жоса-жоса қан екен. Қайтып көзін ашуға Бектінің шамасы келмеді. Сәлден соң есінен танып кетіп еді. Мұның жағдайымен жұмысы шамалы жендеттер дүресін жүзге жеткенше тоқтатқан жоқ. Ақыры сол есінен танып жатқан күйінде баяғы киіз үйге сүйреп әкеп тастаған. Сонан соң ғана қасына туыс-тумаларының баруына, ауылдарына алып кетуіне рұқсат етілген. Бекті сонан кешке қарай ғана өзіне-өзі келіп, көзін ашқанда қара көлеңке үйде бас жағында отырған Серәліні көрді. Тап бұл күйінде көлікке мінгізіп ауылға алып жүруге жарамайтын болған соң, бірер күн осы үйде бағып жатып, сонан кейін ғана ауылға алып қайтқан. Бірақ Бекті көпке дейін түзеле алмады. Төсек тартып жатты. Және өзіне осыдан бір айықпас кесел жабысқанын сезген. Кейде шаршаса, қатты ренжісе, әлде қандай ауыр нәрсе көтерсе, ішінен қан өтіп жатып қалатын әдет тапты. Енді мына күйіктің қапасы осы ескі ауруын да қозғаған тәрізді. Сол жатқаннан әрең бері қарады.

Бұл кезде бұл төңіректе де аудан құрылып, өкімет орнап, жұрт ғасырлар бойы қалыптасқан баяу ырғақты, бұйығы, марғау тірлігінен күрт басқа ағысқа бұрылып, екпіні қатты тосын ағысқа бой үйрете алмай талайының бір батып, бір шығып малтығып, абыр-сабыр сабылыста жүргендей кейпі бар-ды. Күнде жаңалық, күнде бір әңгіме, қым-қиғаш оқиғаларға елендесіп, гу-гу дүркіреп жүрген

ел. Көптің ішінде не кездеспейді, бірі жақсы айтады, бірі жаман айтады. Қайсысына құлақ асып, қайсысынан бой тарту керегіне де бәрінің бірдей тап басып тани білуге зерделері жете бермейді. Қате басып, қапы соғу, адасуға пенде осы білместіктен барып шырмалады. Дүние шіркіннің бір қиыны — кейде бірдің қатесі талайды қарақтайды. Нелер жақсылығың мен жайсаңдығың көлденең өткен көк атты жамандықтың бодауында кете барады. «Бірдің залалы — мыңғаны осындайдан айтқан да. Жалпақ жатқан момын ел жаңа қоғам, жаңа өкіметке жатырқамай, жақсылық дәмете қарағанымен, бұл өзгеріс, бұл дүбірді түптеп тани алмай, тосырқай үркектеген асаудай ерін бауырына ала қашқандар да кездеспей қалмаған. Соларды төбеге түртіп, іріктеп, қағып шығаруға, оңаша айдап салуға танымы, төзімі жетпеген кейбіреулер қалың жұртты күстәналауға, бәріне күдік пен секеммен қарауға, соның салдарынан барып көрінгеннің қотанына ат ойнатуға, оның аяғын әр түрлі есеп пен бәсекеге айландыруға айылын жимады. Елдің берекесін ер кіргізеді, ез кетіреді ғой, әсте.

Ұлы дүбір, ұлы өзгерістердің жолына қара тас болып жатқысы келген қарау күштер мен бірге кейде жақсылыққа сүйінші ала шыққан адалдықтың ақ періште көбелегіндей нәзік шындықтар да қалың нөпір дүрмекте екшелінбей, тарихтың алып диірменіне тартылып кете беретіні табиғаттың бұлжымас қатал бір заңы ма екен, әлде. Ащылытұщылы не түрлі, сан-сапалақ оқиғалар осы көшпенді ауылдардың да талайына жазылған тағдыры болып кездескен еді. Алдымен ірі байлардың мал-мүлкін конфискедеу дүрмегі жүріп өткен. Мұнан кейін оларды басқа жаққа жер аудару шаралары іске асты. Енді бай-құлақтың тұқымдарын бөлектеу басталды. Бұлардың санатына бай, кедей, орташасына қарамай, жазықты, жазықсызына қарамай әкесі, ата-бабасы бай болған; бір кездерде би-болыс болғандарды жаппай қосақтауға құлшынғандар шықты. Тіпті обал-сауапты керек қылмағандар шықты. Серәлінің жолын тағдыр Жылымбектермен міне осы кезде түйістірді. «Мықтының тұқымы», «құлақсың» — деген тұртпектеу, қағажудың салқынын Серәлі мен оның бауырлары да тітіркене сезініп, тапа-тал түсте өгейсуді, шеттеуді бастан өткеріп жатты. Мал-жанға шақса бұлардың орташаның қатарына қосыла қоюы неғайбыл. Аз ғана күнелтісі бар. Оның бәрі осы жұрттың көз алдында. Ал бай-құлақтың сүреңіне ілестіріп, бірге қосақтатып тұрған — кешегі атасының дақпырты, ел арасындағы абыройы.

«Ой, бұлар атақты Бектібай бидің тұқымдары ғой.

Шонжардың ұрпағы. Бұлар жаңа өкіметке тілектес болмайды. Бізге жау бұлар». Азды-көпті ел бас қосқан жиында Жылымбек жұлқынып шығып осылай деп айқайлап тұрғанда айтар уәж, қарсы сөз таба алмай, біреу тап бір маңдайға соққандай аңтарылып, тайсақтап, қарадан қарап пұшайман күйге түседі екен кісі.

Кей-кейде шыдамай кетіп:

— Бізден не жаулық көрдің? Неге бүйтіп қыр соңымыздан қалмайсың?— деген жан шырылына еліріп алған Жылымбек құлақ аспақ түгілі екіленіп кетеді.

— Ел билеген мықтының тұқымы екенің өтірік пе еді!? Әкең Тырнақбай би болмап па еді?! Нағашыларың, қайын-жұртың кәмпескеленіп, жер аударылған жоқ па?! Осы айтқандарымды өтірік деші, кәне,— деп омыраулайды.

Ол омыраулаған сайын бұл төменшіктеп күмілжиді. «Өтірік» деп қайырып айта алмайды. Айта алмаған соң кінәлы жандай жүні жығылып, кімге ренжірін, неге ренжірін білмей құсаланып, қапалы күйге түседі. Енді Жылымбектің көзіне ілігуден тасаланып, ығысады. Өзінің онан неге қашқақтайтынын түсінбей, іштей қорланып, жігері жасып, налиды. Мұның осы күйін ол байқайды, байқаған сайын айызданып, асқақтап, жемін, тіміскілей төңіректеген қара құстай талтандап, иықтай сүйкеніп, нықырта жүреді. Бірте-бірте онан бұл ұрыдай қипақтайды енді. Ананың байғұз тілеу болмысынан, жыланкөз сұғынан қаймығып, үрей ұялаған көңілін күдік пен секем жайлайды. Сөйтесөйте мынау кең әлем, салқар дала көрер көзге тарыла түскендей; мынау жұрт өгейленіп, салқын тартқандай; тәубесін айтып, ел ортасында тып-тыныш өзімен-өзі жүруге жағдай қалмай бара жатқандай қыстығып; бұған деген дүниенің жылуы, мейірімі азайғандай үрпиіп; өзінен-өзі кісікіктеніп, саяқси бергендей. Жалғанның қорлығы — бәлеқордың зорлығы екен. Ол сезім өтіп тұр деп жазықсыз біреуді әйгәпірлеп жатқанда кешегі сәлемі түзу қайсыбір ағайынның араға түспек түгілі табалай кететіні қандай ауыр. Кеше өзің азаматтығын, адамгершілігін мақтан тұтқан қасиетті атаңның есімі бүгін біреудің аузынан шыкса ұрының не бір бұзықтың атын естігендей қорқып, шошитының жаныңа батады екен; кеше оның атын, қадыр-киесін, кісілігін аңыз ғып айтатын талайдың бүгін келіп сені соның ұрпағы екенің үшін шықбайтал етіп, көзге түрткені қинайды екен.

Осындай қиянат пен налаға төзе алмай дені қатты, мінезді, бір бет Бекті бұл жерден көз көрмес, құлақ естімес алысқа қоныс аудармақ болды. Бәрінің бас ие үлкені ретін-

де әлгіндей-әлгіндей ауыртпалықтың соның арқасына түсетіні; суық сөз, сызды жанардың салқыны алдымен соны қаритыны белгілі. Оның жан-дүниесін бұл түсінді. «Қайда барасың, қой» дей алмады. Ал өзі ілесіп кетуге, қалай дегенде де, ел ішін қимады. Бірі жақсы, бірі жаман — бірде жақсы бірде жаман ағайынды қимады. Сонан соң:

— Мына қаңқу сөз, әңгіме басылғанша бой тасалай тұрамын десең өзің біл. Ал бәріміз бірдей ел ішінен аударыла көшіп, безіп кеткеніміз болмас. Қылмысымыз жоқ, кісі өлтіріп, біреуге қол көтерген жан емеспіз. Елге сүйкіміміз кеткен жері жоқ. Өкіметке қарсы іс-әрекетке араласпақ, бізде несі бар. Мен осында бола беремін. Тәуекел, көппен көрген — ұлы той, — деді.

Осыдан кейін ағасы жасы кішілеу екі-үш інісін алып, Түркістан үстіне қарай жылыстап кеткен.

Өмірі бір ұядан, бір ұйымнан бөлініп, ажырап көрмеген ағайындылар үшін бұл екі жарылу оңайға соқпады. Олар ірге бөлгелі бері жылға таяу уақыт хабарсыз қалған бұлар тықыршып, шыдай алмады. Отау көтергеніне екі-үш жылдың жүзі болған, өзіне тете інісі Сейітжаппарға Серәлі:

— Барып жағдайларын біліп қайт, не күйде екен? Қолда бар мына үш-төрт түйенің біреуін өзің көлік ет, бірін біз сауын қылайық, екеуін соларға апарып бер. Біз әйтеуір ел ортасындамыз ғой. Көппен көрерміз бұйырғанын. Олар бөтен жер, бұрын көрмеген жұрттың ішінде. Жүктерін артып кеткен бір-екі түйеден басқа айдап кеткен малы, қалтасында қаражаты жоқ еді. Не тіршілік, не күнкөріс етіп жүр, — деді.

Әр түрлі мәнәйі себеппен мұның ағасы тәрізденіп елден жырақтап кеткен басқа да біраз үйлер болатын. Солардың кейбіреулерінің туысқандарынан екі-үш жігіт Серәлінің інісімен серіктесіп, әлгі ағайындарына барып қайтуға олар да бел буған. Солардың бірі Қаратаудың Түркістан асар «Торланның ауызы» атты қойнауында жол тонайтын бұзақылармен байланысы бар кезбе екен. Анда-санда сахара жұртынан түрлі қаракет-қаммен солай қарай шыққандарды әлгі бұзақылардың торына түсіріп беріп тұрған. Аңқау ел оны аңғармаған. Серәлінің інілері де осыларға олжаланған. Өздерін тау ішінде жайғап тастап, киім-кешек, ат-көліктерін апарып Түркістанның базарына салып тұрған сәтінде Бекті әлгінің елде қалған, өз үйінің қара атанын саудалап жатқанының үстінен түскен. Өз түйесін де, оны ұстап тұрған кісіні де тани кетіп, күтпеген кездесуге аң-таң күйде:

— Әй, сен қайдан жүрсің? Елден қашан келдің? Мынау

біздің кара атан ғой. Мұны кім мініп келген? Сен қалай ұстап тұрсың?— деп жабыса кетеді.

— Өзіңіздің кездескеніңіз жақсы болды-ау. Қалай іздеп тауып хабарласамын деп уайымдап тұр едім. Елден бір топ кісі келгенбіз. Олар осы базардың ішінде жүр. Атанды Серәлі «ақыр базаршылап барасыңдар ғой, сатып қаражат қылып әкеп берші» деп өтініп, қосып жіберіп еді. Енді өзіңіз саудасын шығарып, өткізсеңіз. Сонан соң келіп пұлын алармын. Мен қазір айналып соғамын. Елдің әңгімесін, ініңнің сәлемін сонда айтармын, осы жерде күтіңіз,— деп түйенің бұйдасын мұның қолына ұстата сала, асығыс жылыстай берді. Әлі еш нәрсені аужайлай алмаған бұл мән-жайды дұрыстап сұрамаққа:

— Әй, тұра тұршы. Қайда асығып барасың?— деп соңынан ілескенше ол жып етіп, ығы-жығы көптің ішіне сіңіп, табан астында көзден тасалана берді. Бұл әлде неден секем алып, көңіліне суық ой кіріп, енді бір нәрседен күдіктенген бойы:

— Әй, әй, тоқтай тұр,— деп түйені тастай салып, оның кеткен бағытына ғарай тура жүгіргенімен адасып, айырылып қалды. Базарды қанша айналғанымен қайтып қарасын көре алмайды. Бір сұмдықтың болғанын сонда барып сезген.

Қайғыдан адам өлмейді екен. Кісінің бетіне жел болып тимейтін қыз мінез, ақ жарқын, жайдары, мәйектей бауырмал, уыз ажар, қалтқысыз көңіл, құлыншақтай сүйкімді інісі Сейітжаппарының сүйегі таудың қай қойнауы, қай тасының түбінде қалғанын да біле алмай, күптілікпен күнді өткізе берген. Сол оқиғадан кейінгі келер жылдың қысы бұл ауылдарға төтенше қырын тиіп, кісі ауызы барып айта алмайтын ауыртпалыққа душар етті. Бұл — әйгілі отыз екінің қысы еді. Енді қалған жұртты аман сақтаудың шұғыл шарасын қарастырған өкімет бұл ауданды тез арада егін егіп, отырықшылық жасап, күнелтіп кетуге қолайлы қонысқа жайластыру керек деп тауып, көктем шыға Бетпақтың төңірегінен Қаратаудың қойнауына қарай көшірді.

«Бұлт ала, жер шола» жаратылыс қой, сексеуілдің қалыңын тасалаған кейбір ауылдардың тұсының қысы алғаулау болып, кей үйлердің қолында қалған бірен-саран кара-құралары аман шықты. Соның бірі Серәлінің жалғыз қараша інгені еді. Оның от басының талғажу етер ішіп-жемі таусылмағанымен «жұт жеті ағайынды» дегендей аштыққа араласқан сүзек, қызылша ауруларынан төңірегін бұлар да тақырлап, әйелі Қалима екеуі ғана қалған. Енді жалғыз-жарым көлігі бары көлігімен, қалғандары жаяу-

жалпылап Қаратауға қарай шұбырған елге ілесіп, басына тігіп отырған алты қанат ақ үйін жұртына тастап, туырлық киіздерін тіліп, алып жүруге жеңіл, ықшам, екеуі емін-еркін сиятындай қос көтеріп, оның сүйегін қараша інгенге артып, шағын ғана өздеріне жетерлік төсеніш, киім-кешектерін буып, теңден: «Ал, Қаратау қайдасың» деп жүріп берген.

Аш-арық қиналып келе жатқан жұрттың алдынан бұл жақтан азық-түлік жөнелттіріп, белгілі революционер Ораз Жандосов тәрізді өкімет адамдарының өзі жол ортадан қарсы алып, жай-күйлерімен танысып, бастап әкеліп жаңа қонысқа жайластарып, мемлекет тарапынан тағы көмек шығартып, мүмкіндігінше азық-түлік, қаражат бөлдіртіп, жаңа аудан болып құралуларына, жаңа ел болып қаз-қаз тұрып, қатарға ілесіп кетулеріне қамқорлық жасады.

Қаратаудың етегіне қоныс тепкен жұрт ауыл-ауылымен колхозға ұйымдаса бастады.

Ел көшіп келе жатқанда алдарынан ұн, бидай, арпа, алып шығып, жан басына шағып кеселеп, тостағандап өлшеп үлестіріп отырған кездерде, әйтеуір, өздерінде жансақтауға жарайтын, өлмес талшығы болған соң «маған да үлесімді бер» деп тілемсектеніп еш нәрсе сұрамаған.

Қоржынның бұрышындағы сүрін, қапшығының түбіндегі ұнын тыққыштап, жасырып қойып, шын аштар мен нашарлардың үлесіне қолын созған кейбір аш көздерді қорғенде қайта:

— Ой, құдайдан қорықпағандар-ай, көріп тұрып, қалай дәті барып, шын кәріптің талғажуына таласады екен,— деп жағасын ұстап налитын.

Әйелі Қалима кейде:

— Жұрттың бәріне күнде кеселеп, аяқтап үлестіріп жатыр ғой, біз де неге алмаймыз,— деп күңкілдейді.

— Әй, «аштан өлген сәудегердің қойнынан бір таба нан шығыпты» деген. Тіске басарсыз отырған жоқсың ғой. Көзі қарауытып келе жатқандардың аз ғана нәпақасынан дәмеккенің не, тәйірі. Осы қатар келе жатқандардың көбінің күйі бізден төмен ғой, солардың аузынан жырып жемекпіз бе, тамағымыздан қалай өтеді,— деп басу айтады.

— Жазған-ау, аяқ қаптағы аз ғана талшығың таусылмайтындай көретінің не? Шым-шымдап, тек өзек жалғап жүрген соң ғана шыдап келеді әзір. Оның да түбі тықырлады. Бітіп қалса қайтесің сонан соң.

— Бұйырған несібесі бар шығар. Тәуекел де. Өкімет енді елді өлтірмеуге қам жасады. Жақсылықтың нышаны

бар. Енді ашыққанға тамақ тауып береді, қам жеме, ден сау болсын де, бастың амандығын сұра.

Осылай деп Серәлі көшіп келе жатқандарға үлестірілген азық-түлікке қол созбаған. «Бірақ сен де осы жұрттың бірісің ғой, үлесінді неге алмайсың» дегенді бұған ешкім айта қоймады. Әйелі де, өзі де жілік майы үзіле қоймаған, дилылау еді. Елмен бірге жаяу жүріп, жетегіндегі інгенге қайта жол бойы әлсіреп аяғынан тұра алмай қалғандарды кезек-кезек мінгізіп, селбесіп отырды. Сөйтіп сүйеніп жеткен көп ағайынның ортасынан мұнда келген соң тағы тұртпектеп, көзге шыққан сүйелдей шетке қаққаны-ақ сағын сындырып жерге қаратты.

Екінші тарау

Біресе милиция, біресе жандайшап белсенді болып, ұйтқытып, борандатып, нақақ жұртқа едәуір зығыр еккізген, сонан өзі де жоғарыдағы кейбір парасатты азаматтардың көзіне түсіп қалып, өкіметтің жұмысынан шеттетіліп, басылыңқырап жүрген Жылымбек мұнда келген соң жаңа жердегі ауыс-түйіс, сапырылыстың бір тұсынан сына тауып қайта құтырынып шықсын.

— Бай-құлақтың тұқымы колхозға мүше болмайды. Серәліні колхозға кіргізбеу керек,— деп айқайға бассын келіп.— Құлақтар ортамызда отырмасын, бұларды ауылдан бөлек қондыру керек.

Бір-біріне жапақ-жапақ қараған жұрттан оның сөзін қайырған ешкім көріне қоймады. Қайта бірен-саран кеу-кеулеп қоштаушылар табылды.

— Көпшіліктің шешімі солай. Сен елден бөлек отырасың. Көш, үйінді анда апарып тік,— деп дігірлеген соң Серәлі лажсыздан қосын жығып, ауылдан бірер шақырымдай қашыққа оңаша жылыстап қонды. Көзге шыққан сүйелдей қалың ауылдан бөлініп, жалғыз шошиған мұның қосының кебін тағы да екі-үш үй киді. Оның бірі баяғы мұның ағасы Бекті мен бірге Колчактың дүресіне жығылатын Орақбайдың қосы еді.

— Таяу отырмандар, бір-біріңе қатынаспаңдар, ақылдасып, колхозға жаулық жасауларың мүмкін,— деп бұларды ауылдың әр шетіне бөлек-бөлек қондырған.

Серәлі ойлай-ойлай еш нәрсенің байыбына жете алмай дағдарды.

Бұлар колхозға, елге не жаулық жасаулары мүмкін. Неге сонша құбыжық көреді?! Өздеріне жетер күнкөрісі

бар еді демесе бұрын да бай дейтін бай болған емес бұлар. Ал қазір осы қалт-құлт еткен көптің бірінен асып тұрған күйі жоқ. Ағайыннан ажырағысы келмей, ел қарасынан қалмай, ілесіп келгендеріне жазықты ма? Бай десе байларды кәмпескеге жатқызған жоқ па еді. Осы елде де алдымен ірі байлар деп, онан кейін орташа байлар деп іріктеп-іріктеп, екі-үш дүркін кәмпеске жүргізіп, жер аударған, малы барлардан онан қалған ешкім жоқ. Енді бұларды неге жатқызады. Кімге қосады? Өзінің — Серәлінің кімге, не жазығы бар, осыншама көзтүрткі қылатын?! Банды емес, баспашы емес, мұнан неге қорқады?! Бұл елге не зиян жасайды? Шынында да не зиян жасауы мүмкін?! Елге зиян келтірмек түгілі біреуінің мұрнынан шертейін деп жүрген Серәлі бар ма екен?! Жоқ, бұл өзәзілдік әрекет. Бұзылған Жылымбектің бұзықтығы, істеп жүрген іріткісі. Қара ниет зұлымдардың қарап жүрмей жамандық шақырып, бәле қарақтаған байғұз пиғылының әрекеті. Ойпырм-ой мұндайда у төккен, ылаң тілеу, қара ниет жандар бола береді екен-ау. Әкесінің құны жоқ еді ғой мұнда. Неге сонша өшігеді... Жаксы елді бүтіндеймін деп әуре, жаман елді түтіндеймін деп әуре деген осы шығар. Ақыры сыйғызатын түрі жоқ. Күн көрсететін емес. Ал бұл кеткенінен жері кеңітін болса кетеді. Өлмес қамын жасайды. Түркістан жаққа қоныс аударған ағасы мен екі інісін іздеп табады. Сол жаққа ірге тебеді. Ел, ел деп емексігеннен не қызық көріп отыр. Бүйтіп жүріп босқа арам қатар. Басқа не лажы бар мұның?! Сөйтеді енді. Уа, құдыреті күшті жаратылыс сенікінің бәрі жөн екен-ау. Дегеніңнің бәрі мақұл екен-ау. Пендеңе көрсетпегің аз емес екен ғой. Көнгеннен басқа пенденің қолынан не келеді?! Ал көнді бұл да. Бойдағы қуаттың қалғанын ашу мен ызаның ырқына беріп қолын қандағанда не опа табады. Нақақ қиянаты мен қысасы үшін тәуекелге басын тігіп, байғұз ниет Жылымбекті жастығына ала кетер еді, бірақ атаның атына кір, сүйегіне таңба салып, қанішер атанбақ па?! Затында жоқ жамандықпен енді келіп қоңсы қонғанда көсегесінің көгерер жайлауы сол болмақ па?! Жаманмен қораң қотандас болғанымен өрең бөлек тартылмаса айырмаң қайсы. Сенде сол иттің бірі болғаның да. Жоқ, жан жаралы, көңіл ұлып тұрғанымен ес санасы бүтінде өзін-өзі иттікке жетелей алмас. Жамандықтан кісі баян таппаса керек. Бұйырғанын көрер, бастан өткізер. Көнді. Шыдады. «Жалғанның қорлығы ақиретке кетпейді» деген бұрынғы өткендер. Кісі назасы кісіні жібермесе керек. Ақиқаттың ақ таразысына тапсырды. Қолын қандап, жанын ластамай-ақ қойды.

Көнді!
Шыдады!
Тәуекел!..

Өзін-өзі осылай ақылға жеңдіріп, әліптің артын баға тұрайын деп жалғыз қоста етпетінен жатып алып біразға шыдап көрген. Тұрмыстың тауқыметі ырыққа жіберер емес. Тақыл-тұқыл күнелтіп үнемдеп келе жатқан асауқатының түбі тықырлануға айналған. Колхозға мүше болмаған соң бұған жұмыс істеуге рұқсат жоқ. Не арық қазып жүргендердің, не балшық құйып там салып жатқандардың қатарына барып қосыла алмайды. Жұмыс істемеген соң елге тиесілі, мезгіл-мезгіл таратылып тұратын ұн, арпа, бидайдан бұларға бір қасық та татырмайды.

— Жазған-ау, бұл жатысың не? Не ойың бар? Таптал түсте қарап отырып өлгеніміз бе? Бір характер жасамайсың ба?— деп әйелі Қалиманың қыңқылдағаны да жанын жейді.

— Әйтеуір аман-есен деген хабары бар ғой, Жәкемдерді іздесейші. Сол жаққа кетейікте. Әрқайсымыз әр жақта өстіп жүреміз бе?— дейді енді бірде.

— Солай қарай жолы түскен жүргінші біреулерге ілеспесек жаяу-жалпы қалай жетеміз. Екі ара құс қанаты талғандай кілең елсіз дала,— деп бұл тығырыққа тіреледі.

— Қараша інгенді алып келіп, бір түнде білдірмей көшіп кетсек қайтеді?

— О, сорлы, ешкімнің ала жібін аттамай, біреуге қылдай қиянат жасамай, өзіңмен өзің жүргенде көріп отырған қысастығың мынау. Ал қараша інгенді алып келіп көшіп көр, бәле іздеп отырғандар не істер екен. Артыңнан қуғыншы шығарып, жолай ұстап әкеліп: «Колхоздың түйесін ұрлап қашып барады, ұры, жау» деп абақтыға отырғызсын.

— Құдай алдында сұраусыз ақы адал малымыз емес пе, колхозына кіргізбесе басымыз ауған жаққа кетейік, жалғыз түйемізді неге бермейді? Неге барып осылай деп кеңсесінің босағасын тоқпақтап отырып алмайсың? Атса атып тастасын, асса асып тастасын, мына ел-жұрт көрсін, қайта. Қайсысының қорасынан шығып ең, қайсысына әйгәпір болып ең? Не істеген жаманшылығың бар еді осыншама шет қақпай етіп табалайтындай?— деп шыр-пыр болады әйелі.

Серәлі өзінің істер лажы жоқтығына, дәрменсіздігіне төменшіктеп қынжылады, қапаланады. Сөйтіп отырып әйеліне басу айтады:

— Сабыр, батыр, сабыр. Бұл да бір зауал шығар, шыдайық. Кісі тіршілігінде ақ үйде, қара үйде тігеді деген.

Тағдырдың жазуы шығар. Жазмыштан озмыш жоқ. Жалаң ашу — жанға қас. Кісіні көзсіздікке итермелейді. Ойланып істейік. Сенің өстіп ашуменен арандап, бір нәрсеге ұрынғаныңды іздеп, аңдып отырғандармен шаруаң бар ма.

Өзін колхозға кіргізбегенімен мұнда көшіп келісімен Серәлінің қолындағы мал дегеннен жалғыз қараша інгенін колхозға жүк тасуға керек деп, орталыққа алған болатын. Ол енді колхоз малының есебіне кіріп кеткен.

Мұнан бұрын кетуге бел байлап, толқыған бір сәтінде:

— Бұл жерден кетемін, түйемді беріңдер, қосымды жаяу арқалап жүре алмаймын,— деп колхоз кеңсесіне барғанда бұйдасын да ұстатпаған.

— Секе, колхоз малын таратып жатыр деген сөзге қаламын, бере алмаймын,— деп өзіменен жамағайындығы бар, осы ауылдың баласы, басқарма жігіт Біржан мұның жүзіне тура қарай алмай назарымен жер шұқыды.

Мұның кеңсеге қарай келе жатқанын үйінің алдында тұрып байқаған Жылымбек іле-қаба ол да ілесе кірген. Әңгімені естіген бойда:

— Бұл қайда көшпек. Жоқ, мұны жібермеу керек. Көшуге рұқсат қағаз берілмесін. Бір жерге жасырын қонып алып, колхозға қарсы топ құрайын деп жүрген шығар, кім біледі. Банды болайын деп жүрген шығар. Мұны көз алдымызда ұстауымыз керек. Қырағылық керек, жолдастар. Тап жауларына ымырашылдық жасағандарыңды көреміз. Түйесін де бермеу керек, ешқандай куәлік қағазда берілмесін. Қағазсыз көшіп байқасын, кез келген жерде колхоздан қашып жүргендер деп ұстап алып, отырғызады... Кетіп көрсін...

Жылымбектің көзі шақырайып, тұздай бозаңытып бара жатты. Саз бет сұрғылт жүзіне безеуі бөртіп шығып, көз алдының ойма еті жыбыр-жыбыр тартып, жақ жүндері үрпиіп, долылықтан бет-аузы қисаңдап кетті. Отырғандар оның осы сұрынан сескенгендей әлдене деп тіл қатуға тайсақтап, күйбеңдеп, шапандарының етек-жеңін қаққыштап түрткіленіп, қыбыжықтасып қалды.

Өзінің осы үстемдігін жазбай байқаған ол сол сесін төмендетпеген күйі екілене етігінің қонышын қамшысымен тартып-тартып жіберіп, отырғандардың төбесінен оқырая бір қарап шыға жөнелді. Мына ала құйын, ақкөз әуейінің мейманасы тасып, сонша асқақтағанына зығырданы қайнаған Серәлі қалш-қалш ашу буып, өзін-өзі ұмыта «әй, бүйткен тіршіліктің ішін...» деп тұра ұмтылып барып, кеңірдектен ала кетпекке оңтайланған. Абырой болғанда сол сәтте есік сарт жабылып үлгерді. Тура маңдайына

соққандай есіктің сарт еткен дыбысы мұның да есін жиғызды. Өзін-өзі тәк-тәкке келтірді. Бірақ дәрмсіздігіне сонша қорланып, түңіліп, жігері күм болып келген үйіне... Сонан кейін етбетінен жатып алған. Енді жата берудің де қисыны келетін емес. Тірліктің қамын жасау керек тәрізді.

— Мен ана кірекештерге ілесіп Әулиеата барамын. Онан әрі қарай Түркістанға поезға отырамын. Түркістанға жеткен соң сол төңіректе ғой аға-інілерімді тауып алармын. Олардың жай-күйлері дұрыс болса, сені келіп көшіріп әкетемін. Әзір осында бола тұр,— деді әйеліне.

— Сөйткенің дұрыс. Бекерден тәңірім безер — бұл отырысымыздың жөні болмас енді. Әрі олардың да өлітірісінен хабар алайық. Жүремін десең кешікпе?

— Онда, мен кетсем, сенде не ақылары бар бөлек отырғызатын. Қосты ауылдың ішіне апарып тігіп беріп кетемін. Мына айдалада жалғыз қалай қаласың?!— деп ертесін қосын көп ауылдың шетіне апарып қондырып, жолға жүруге бекінді.

Елден жиналып колхоз меншігіне өткен он шақты түйемен екі жігіт мезгіл-мезгіл облыс орталығынан құрылысқа зәру заттарды кейде жұрттың тиесілі ұн-астығын таситын. Серәлі соларға ілесіп кеткенді жөн көрген. Екі ара екі жүз шақырым елсіз, сусыз ми дала. Әрі жалғыз әрі жаяу бір өзі жүре алмайды. Солармен селбесіп жетіп алмақ. Кіреші екі жігіттің ересегі Бескен мұнымен жақын ағайын, қатар-құрдас болып келетін. Қой аузынан шөп алмайтын момын, бейнетке бола жаралғандай шаруа торы жан иесі. Көп сөзі жоқ, кісінің алдынан қия өтпейтін ізетті, кішік мінезі үшін Серәлі іш тартып жақын көретін. Сол Бескен «мен сендерге ілесіп, қалаға бірге жүрейін» дегеніне қошуақ ыңғай танытпағаны. Оның қабақ бермей сүлесоқтанған ыңғайын өз басына бұлт үйірілген қазіргі мүшкіл халінің салдарына жатқызып, «адам дегенде бір ит мінезді жаратылыс-ау, нашарлағанын мүсіркеудің орнына жабылып талауға бейім тұрады. Мұның да сырт берген түрі ғой» деп топшылаған. Бірақ оның бәріне мән беріп, кіділеніп жататын күй қайсы. Еш нәрсені елемеген сыңаймен ілесе берген. Былай шыға жетектегі өзінің қараша інгеніне мініп алды. Ұзақ жол үнсіздіктен зерігіп, бір мезгіл әңгімелесіп қатар жүрейін десе Бескен сол бұдан бой тартып, бүге-жектеп таянғысы келмейді. Тілдесуге де зауқы жоқ. Бір түрлі үркектеп, сезіктене қарайтын тәрізді. Жанындағы жігітпен екеуі арасын мұнан алыс салып, гүрің-гүрің әңгімелеседі, бұл жақындаса қоя қояды. Бір көңілсіз күй орнады.

Ауылдан сары сәскеде аттанған бұлар тоқтаусыз жүріп отырып бесінге таяу ас-су ішіп демалып алмаққа сәл сәт аялдады. Түйелерді отқа қоя беріп, мосыға іліп жіберіп қара шәугіммен шай қайнатты. Үйлерінен ала шыққан нан, талқандарын ортаға салып, бірге отырып үн-түнсіз шай ішті. Сол үн-түнсіз күйде аз дамылдап алып, қайта жол тартты. Кеш қарая қара жолдан шығыңқырай барып, түйелерді бір жерге жинап шөгеріп, түнемелдің қамын қамдады. Сол сәт Бескен тағы да Серәліге түсініксіз тіршілік жасады. Қараша інгенді мұның қолынан алып, түйелердің ортасына шөгерді де, төсегін соның алдына салып, өзі інгеннің бұйдасының ұшынан ұстаған бойы қисая жан-тайды.

— Бескен мұның қалай, маған сенбегің бе?— деген Серәлі ренішін жасырмай.

Бескен жатқан қалпынан басын көтеріп, тіктеліп отырғанымен күйбектеп, жан-жағын сипаланып, тұғжыңдаған бойы үн қата қоймады.

— Бескен тілге келмейтінің не? Екеуміздің ішшай дескен жеріміз жоқ еді ғой, осы сенің көрсетіп келе жатқаның не қыр,— деді енді бұл зілін жасырмай, ашық әңгімеге кетіп. Сонан соң орнынан тұрып келіп, оның жанына жүрелей отырып жатып, сұраулы назармен жүзіне зер сала үңілген.

Бескен ыңғайсызданып, қозғалақтады. Әлде не айтуға оңтайланғанымен тәуекелі жетпегендей қиналып, біраз кипақтады.

— Бескен, сенің ойыңда бір нәрсе бар ғой. Жасырма айт,— деді бұл.

— Серәлі,— деді үні тұтығырлана, кібіртіктеп Бескен.— Сен маған ренжіме. Өзің айт деп тұрсың ғой, несін жасырайын... Шынымды айтсам, мен сенен қауіп етіп келемін. Саған сенбей келемін. Сен біз ұйықтап жатқанда білдірмей ұрлап алып кетесің бе, жоқ өлтіріп тартып алып кетесің бе, әйтеуір, қараша інгеніңе бола ілесіп келе жатқан сияқтысың. Менің уайымым сол. Сен бірге жүремін дегелі менің жүрегім орнына түспей қойды. Ішкен асым бойыма сіңетін емес. Серәлі, сен мені кешір, түсін, имандай шыным айтып отырғаным. Саған жала жабайын, жаныңа тиейін, бәлеқорлық жасайын деген ойдан аулақпын, бір тәңір куә...

Серәлі үстіне біреу мұздай су құйып жібергендей тіксініп, дағдарып отырып қалды. Үш ұйықтаса түсіне кірмейтін мына әңгіменің тосын естілгені сондай жөппелдемеде не деп ақталарын білмеді. Сәлден кейін барып:

— Әй, Бескен, сен мені кім дегенің? Басқа-басқа сенің мен туралы жаман ойлайтын жөнің жоқ еді ғой,— дегенді қынжыла айтты.

— Серәлі, мен сенің жағдайыңды түсінемін. Қанына қараятындай ретің бар. Саған жасалған қиянатты көрмей, сезбей жүргеніміз жоқ. Жаным ашиды, бірақ қол ұшын беретін дәрменім шамалы. Саған кінә қоя алмаймын. Дәл қазір түйенді бұйдасынан жетелеп алып жүре берсең таласуға қақым жоқ. Ақы адал малың, жалғыз күнкөрісің. Не деп таласамын. Бірақ, Серәлі, сен қараша інгенді, мейлі бізді өлтіріп алып кет, мейлі қазір көз алдымызда жетелеп алып кет, онда менің ғана емес маған аузын ашып қарап отырған ана оншақты жетім-жесір, кәріптердің де түбіне жеткенің. Осыдан бір түйеден айырылсам — мен айдалып кетемін, сөз жоқ. Бәрі өзіңе бес саусақтай белгілі ғой, Серәлі, мен кетсем оларға кім қарайласады, кім асырайды. Басқа өлгенім, жоғалғаным аз ба еді. Енді олардан айрылсам мүлде тақырланғаным да. Біздің әулеттің біткені де. Бөтен, бөгде емес өз қаның ғой, Серәлі, соларды ая, райдан қайта... Ренжіме маған, Серәлі...

Бескен ағыл-тегіл жылап отыр.

Серәлінің төбе құйқасы шымырлады. Момын байқұсты шын аяды. Бескен жеті-сегіз ағайынды-тын. Бәрі де үйлі-баранды болып кеткен. Әр үйінде топырлаған бала-шаға — қоралы ауыл, қыруар жан еді. Сонан қазір қарайып жүргені димкәстәу екі келіні мен үйелмелі-сүйелмелі бес-алты жалаңаяқ бала. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген. Аптал азаматтар өзін-өзі сақтай алмай баудай түсіп жатқанда бір-біріне сүйенген осынау қара-торы қотыр қызылшақалар, көрер жарығы бар да, көшкен елдің сілемінде Қаратаудың етегіне аман-есен жеткен. Бірін арқалап, бірін жетелеп, барын ауыздарына тосып, жолда қалдырмай жеткізген де осы Бескеннің өзі. Қазіргі бас иесі де, оларға ас-ауқатын тауып беретін асыраушысы да өзі екені рас. Солардың қамы үшін түнде ұйқы, күндіз күлкіні ұмытып, қай жерде еңбек ақы, қай жерде ас-ауқат беретін жұмыс болса соған алдымен жегіліп жүрісі осы.

Серәлі алдында егіліп отырған еңгезердей еркекке таяна түсіп қамыққан үнмен тіл қатты:

— Әй, батыр, мұның қалай, мені жау санағаның ба? Өйтетіндей не ниетімнен түңілдің? Менің бар мақсатым — сендермен серіктесіп, дайын көлікпен қалаға жетіп қалу ғана еді. Неге жамандыққа жорыдың сонша?

— Серәлі, айттым ғой, мені бір үрей биледі. Онан айыға алатын емеспін. Басымнан әлгі жаман ой кететін

емес. Сен мені ая, бір жолға жалынғанымды тыңда. Менің жаным тынсын десең, сен бізге енді ілеспе. Осы жерден кейін қайт. Ауылға жететіндей ас-суың бар ғой. Өзімдікінен де берейін. Алда-жалда қалаға барғың келсе — осы жолы қайтып оралған соң кіре тартуды қоямын. Басқа адамға тапсырар. Соларға ілесіп барарсың. Оған дейін шыдай тұр. Осы айтқанымды істе, Серәлі, мың болғыр...

Серәлі енді сөз шығындап керегі жоғын сезді. Айтқанымен сенетін түрі байқалмайды. Ақталып, қарғанып, аяғына жығылып жатпақ па енді. Оның қажеті қанша. Тағдырдың мына тәлкегіне налып, қапаланғаны сонша күпті күйде үн-түнсіз орнынан тұрып, төсенішіне келіп қисая кетті. Күні бойғы дамылсыз жүрістен шаршағаны жайына қалды. Көзі ілінетін емес. Қай-қайдағы ойға оралып, көңілді жүдетіп, жүректі сыздатады. Мына наласы басым тіршілігіне жұбаныш етер үмітті ештеңенің елесін ұстай алмай, айдалада адасып жалғыз қалған жандай құлазып, әрі-сәрі күйде дөңбекшиді, күрсінеді. Кеуде толған қапасы оған жеңілдемек түгілі қайта ауырлап қыса түскендей тынысы тарылып, тұншығып бара жатқан соң ауық-ауық басын көтеріп, түрегеліп отырып, ауа қарманады. Байқайды Бескен де ұйықтамай жатыр. Бұл басын көтерсе болды елең етіп жалт қарайды. Шынымен уайым жұтып, қауіптеніп, аңдып, көз ілмей жатқан тәрізді. Жаңағы ағыл-тегіл таусыла жылағаны көз алдына елестеді. «Көрген жаманшылық, кешкен қиындық кісінің пейіл-құнын өзгертсе керек, тіршілікке, төңірегіндегілерге деген сенімін азайтып, секемін көбейтетін болуы керек. Табиғаты момын жазған көрген ауыртпалықтан әбден запыстанып, шайлығып қалған-ау. Бұған не деп кінә артарсың. Шынын айтты. Қой бұлардың да мазасын май ішкендей етпейін, мына байқұстың «ішкені ірің, жегені желім» болып келеді. Жалғанның жазымы көп, өстіп келе жатып бір нәрсеге ұрынса мен жазықты болармын. Не қылса да өздерінен көрсін. Кесірім тимесін. Азанда кейін қарай қайтайын. Ауылға барайын. Бұлар бір апта, әрі кеткенде он шақты күнде қайтып оралады ғой. Сонан кейін қалың жұрттың алдында түйемнің бұйдасынан жетелейін. «Колхозға кіргізбесең, басқа жаққа көшемін. Міне, түйемді өзім аламын, жүгімді артамын, қайсыңның ақын бар бермейтін» дейін. Сонда келіп таласқаны болса көрейін. Біржолата қолында өлейін. Айдаса айдап жіберсін, атса атып тастасын, көрдім, тәуекел!..»

Осы оймен шириғып жатып таң алдында қалғып кеткен екен, түйелердің бақылдаған дауысынан оянды. Күн шығып қалыпты. Бескен түйелерді тұрғызып, жетекке тізіп, жүру-

ге дайындалып жатыр екен. Серәлі орнынан көтерілді. Ол бұл жаққа жалтақтап екі-үш мәрте көз салғанымен тіл қата қоймады. Күйбеңдеп, түйелерді айналшықтап жүр. Сонан соң бұл өзі қасына келді.

— Әй, төбет, сенің көңілің орнына түссін. Мен осы жерден кейін қайтамын. «Қорыққанға қос көрінеді», алжасайын деген шығарсың, мені жау санадың ғой... Ал жүре бер,— деп қоржынын иығына салып кейін қарай бұрылған. Бескен қолындағы түйенің бас жібін тастай салып, шекпенінің екі шалғайы жалпылдай мұның соңынан борыс-борыс жүгіріп жетіп, қалбалақтап қолынан ұстап алып:

— Серәлі, кешір, кешір, бауырым. Кісіні қара басқанда өститін шығар, қайтейін. Менде бір далбасалап қалған сорлы емеспін бе. Бәрін өзің білесің, оның саған айтатын несі бар. Кешір, ренжіме,— деп көзі жасаурап, қолынан қайта-қайта сүйді.

Мұның да көңілі босап кетті.

— Жарайды, батыр, жарайды. Бұл да бір кезең шығар! Көрешегіміз да. Маңдайға жазылғаннан пәнде қашып құтылмаса керек. Сондай бір тағдырдың тауқыметі ғой. Мұны да көрген жөн шығар. Көрмеймін дегенде лажың қайсы. Несіне ренжиін саған. Жарайды, жүре беріндер. Жолдарың болсын.

Серәлі сол бойы кідіріссіз аяңдап отырып, күн батар алдында ауылдың қарасына іліккен. Келсе кеше өз қолымен тігіп беріп кеткен қосы орнында жоқ. Аң-таң күйде тұрды да қалды. Кешкілік қара көлеңкеде аңдамай қалдым ба деп ауыл ішін тағы да аралап қарап шықты. Қосы көрінбейді. Сонан соң жұрттан сұрастырды.

— Сенің қосыңды егіншілерге тігіп береміз деп таңертең жығып, тауға алып кеткен. Қалима осы ауылдан артық ауыс жатқан қос ағаш, қалған-құтқан құрым киіз, алаша жинап, күрке тұрғызып жүр еді, сол анау тұрған сендердікі болар,— десті олар ауыл шетіндегі ескі күрке жаппаны нұсқап. Бұл үн-түнсіз аяңдап сонда келді. Әйелі қалған-құтқан қомыт-қомшадан жауып, күрке дейтін күрке емес, қос дейтін қос емес, әйтеуір, көлеңкелік жаппа, баспана тұрғызып алыпты. Ішіне от та жақпаған. Қараңғы қуыста бүк түсіп, бүрісіп жатыр. Келген мұны танып, орнынан тұрды.

— Оу, бұл қалай. Басыңдағы қосың қайда?— деген Серәлі кіріп отырған соң басқа айтар сөздің ретін таппай.

Қалима жауап орнына үн-түнсіз егіліп жылай берсін. Әйелі көнтерлі, көмпіс, шыдамды жан еді. Бастан бірге өткеріп келе жатқан қиындыққа, тапшылыққа көп сыр

бере бермейтін. Тіпті, шиеттей бала-шағадан айырылғанда да тап бұлай таусылып, егілмеген тәрізді еді, әбден шағылғанын, қажығанын, көрешегінің шектен шығып кеткенін сезді бұл. Қой деп жұбату да айта алмады. Жер болып езіліп, құр сұлдері отырып қалды.

Қараңғыдағы осынау ауыр сәттің қаншаға созылғаны белгісіз, бір уақытта Қалима жасын тыйып, сүртініп от жағудың қамына кірісіп жатыр екен.

— Жақпай-ақ қой, — деді бұл.

— Неге? Ыстық бір нәрсе ішпейсің бе? Шай қояйын да.

— Керегі жоқ, еш нәрсе ішпеймін. Әуре болма.

Екеуі қайтып тіл қатысқан жоқ. Сол киімшең отырған күйлері қисайып-қисайып, жантая кетісті.

Екеуі де көпке дейін ұйықтай алмаған. Ояу жатқандарын сезгенімен бір-біріне ләм-мим дескен жоқ. Қасындағы Қалима ара-тұра өксіп, күрсініп қояды. Оның жабырқаған қапалы көңілін жұбататындай жағдайы қайсы. Өз жандүниесі де астан-кестен, қарашаның желіндей азынап, аш күшіктей қанжылап, ұлып жатыр. Жартылай жалаңаш жаппаның төбесінен Қаратаудың жұлдыздары үзіліп піскен жүзімдей жыпырлаған қара торғын жұмсақ аспаны мөлдірей, төніп көрінеді. Қасиетті өңірдің қайырымды табиғаты азалы көңілді аялағысы келгендей мейірбан кейіп танытып, жылы-қоңыр ауасын жанға шипа, тынысқа жай себезгілейтін сияқты. Жабырқау жүрек көңілшек, жетім баладай жылу іздеп шағынуға, мұңаюға жақын тұрады. Табиғат ананың аяп-аялағандай осынау пейілі Серәлінің де көңіліндегі бір кіпірді, сағынышты оятып жібергендей. Өкініштің уын жұтқыза өткеннің не бір елестері ойға оралмасы бар ма...

Бір атасының өзінен тараған үрім-бұтағы қалың елдей — қоралы жан еді. Төрт ауыл болып бөлініп, қонсы қонып отыратын. Қайда бәрі? Кім қалды?! Қайта сәл ертерек қоныс аударып кеткен ағасы Бекіті мен екі кенже інісі тірі жүр деп естиді. Мұнда өзі жалғыз. Көрген күні мынау. Осы да тіршілік пе?! Іші алай-түлей. Көңілінде күдік пен күптілік басым. Тартпасы бар қара судай үйірілген қарау ойлар тұңғиығына қарай сүйрейді. Бұл үшін мына өмірдің түк қызығы, керегі қалмағандай. Бірақ сонда да артында қимайтын, қарайлайтын бір нәрсесі бардай-ақ әлденеге емексиді. Жүректің түкпірінде өшіп-жанып, өшіп-жанып бір үміт сәулесі жоғалмай тұрған тәрізді. Сол сәуле — түстен мұның да көз жазып қалғысы келмейтіндей. Сол үшін жеме-жемге келгенде «таңғы нәсіп тәңірденге» мойынсұнып, тиесілі тауқыметін көтеріп, өмір сапарын

жалғастырып, қияметті соқпағымен тоқтаусыз тарта беруге пейіл.

Бұл не, өлермендік пе? Жансебілдік пе? Әлде адам баласын көзі жұмылғанша арманмен алға сүйрейтін киелі сиқыр құбылыстың елес-әуресі ме? Жоқ әлде өмір атты ұлы дүрмекке құштарлық па?! Әсілі осы соңғысы шығар. Өмір шіркінге деген құштарлық болар.

Ұйқылы-оюу, мең-зең күйде ұшығына шыға алмаған сан-сапалақ ойдың иіріміне малтып, малтығып жатып қалғып кеткен... Түс көріп оянды. Түсіне әкесінің құрдасы, сыйласы, әрі жақын ағайыны Бекболыс отағасы кіріпті. Жүзінен нұры төгілген қызылшырайлы, әдемі кісі еді. Ішкі ақылы да кісіні көріктендіріп, айбаттандырып тұрады-ау, әсілі. Көп жылқының алдындағы ойқастаған сәйгүліктей жалт-жұлт етіп, төңірегіндегілерді әңгімесіне үйіріп, ертіп, жағасы жайлау, емін-еркін есіліп, құлпырып, түлеп отыратын. Жүзі мейірімді, әзілі мол, көңілді жан еді. Жомарт, мырза, дастарқаны ағыл-тегіл, үйінен кісі үзілмейтін, қазаны оттан түспейтін, көпшіл адам болатын. Тірісінде сөзін кісі қайырған емес. Жасынан-ақ жұртқа отағасы атанған, осы өңірдің ең бір сыйлысы-тын. Тек сонау «Колчактың дүресінен» кейін күрт қартайып, шөгіп кетті. Алғашқы ірі байларды конфискелеу науқанына ілікпегенімен кейінгісіне жатқызылып, жер аударылған. Сол бойда айдалып бара жатып науқастан қайтыс болыпты.

Жарықтық, Серәліні еркелетіп, жақсы көретін. Қасына көп ілестіретін. Жасынан шаруаға тындырымды, икемділігінен бе, бір ісі болса бұған тапсырып, Серәлі, барып келші, біліп келші деп жұмсап отыратын. Ал сол кісінің осы қызылды, осы өкіметті мақтап отырғанын Серәлі өз құлағымен талай естіп еді. «Ой, мұның ісі әділ. Айтқаны пайғамбардың қағидасындай. Әмме жұртты теңгеремін дейді, нашарға, кедейге қол ұшын беремін, көмектесемін дейді. Біреудің ақысын біреуге жегізбеймін дейді. Момынды озбырға қанатпаймын дейді. Әркім табанақы, маңдай терінің жемісін теріп жесін дейді. Мұнан бұрын мұндай сөзді жер бетінде еш патша айта алған емес. Мұндай әділдікті орнатуды ойға алған емес. Тірі жүрсеңдер көрерсіндер, түбі әбден кемеліне келген кезінде, ең тоқшылық, баршылық, теңшілік осы патшалықта болады. Бұл өкіметтің қолға алып отырған ісі әділ. Шыдай тұрындар, осы айтқанымды әлі өздерің көресіңдер» — деп отыратын. Солай деп отырып, не бірауыз айтқан жаман сөзі жоқ, не қарсы көтерген қолы жоқ, айдалып кете барды. Не кінәсы бар еді, неге олай етті, мұның бәрінің себебін пайымдауға Серәлінің миы

жете бермейді. Тек мынау аласапыран дүрбелең кезеңде кейбір жазықсыз жандардың да қиянат шегіп кеткенін ғана зерделейді...

Сол Бекболыс отағасы түсіне кіріпті. Тап сол баяғы тірі күнгісіндей жарлы, көңілді, жарқылдап отыр. Төрдегі оны қаумалай жайғасқан бірқыдыру кісі бар маңайында. Отағасы алдында үлкен астау, астау толы жаңа ғана қазаннан түсірілген, буы бұрқыраған семіз ет. Оны өткір пышақпен турап, жанындағыларға кезек-кезек үлестіруде. Есіктен кіріп келген мұны көзі шалған бойда «Серәлі, бері келші-ай, мә»,— деп қолындағы қойдың құйрығынан қалыңдау жапырақтап кесіп алып, өз қолымен ауызына асатты. Сонан соң дәл әлгіндей етіп турап тағы да асатты. Бұл майдың дәмін алып тамсанып, жұтып бола бергенде үшінші рет жаңағылардан гөрі жұқалау етіп турап тағы бір білемін ұсынсын. Ауыз толтыра толғап-толғап құйрық майдан үш рет жұтқан соң табан астында мұның шөлі де, аштығы да басылып, тоғайып орнынан тұра берген, сол сәтте оянып кетті... Бірақ әлденеге елендеп, қуанып оянды. Басын көтеріп жан-жағына алаңдай көз салды. Әйелі екеуі ескі-құсқымен жартылай жабылған жаман жаппаның астында жатыр. Шығыстан таң бозаңытады. Қара көлеңке күркенің ішінде жаңағы көрген түсін есіне қайта түсіріп, аң-таң қалыпта біраз отырды. Анық неге жорырын білмесе де, әйтеуір жақсылықтың нышанына жатқызды. Бір түрлі еңсесі көтеріліп, бойы жеңілейіп, көңілденгендей сыңайы бар. Мына кереметті қараңыз — жаңағы түсінде жеген майдың таңдайына татыған дәмі әлі ауызында тұр. Кеше күні бойы нәр сызбай қалжырап, шөлдеп келгенімен, алдынан шыққан тосын жағдай мен әйелінің ренішінен кейін, тамағынан ас өтетіндей күйі болмаған соң қырыстанып, қапаланып аш қалпы жатып қалған. Сол жатқан бойы шөлдегеніне, жүрегінің сазғанына да қарамаған. Енді байқаса шынымен жаңа ғана тамақтанып алған кісідей қаталағаны қайтып, аш құрсағының ұлығаны басылып, сергек тартып, өзін қунақ сезінеді.

«Жарықтық, неге көрінді екен?! Әлде неге аян беріп жүрген тәрізді-ау. Жақсылыққа болғай. Жақсылық шығар. Жақсы түс қой. Несібе ғой беріп жатқаны. Тіршіліктің түбі қайыр, дұрыс болады екен. Әумин. Жарықтық, баласындай жақсы көретін еді, тарыққанда желеп-жебеп жүргені-ау. Түсіме тегіннен-тегін кірмесе керек. Құда қаласа бір жақсылық болады екен...»

Серәлі өз ойына өзі толқып, балаша қуансын. Сол қуанышын бөліскісі келгендей тұрткілеп әйелін оятты.

— Қалима, түрегелші!

Ұйқылы ояу әйелі мұның жүзіне таңдана, үрпие қарады.

— Ол не, жазған-ау? Таң атпай неғылып еліріп отырсың?!

— Құдай берді, бір жақсылық болады.

— Не? Не, не дейсің? Не жақсылық?— Әйелі енді бұған сезіктене қарағандай түрегеліп отырды.— Не болды саған? Не деп отырсың?

Бұл асыға-аптыға әлгі көрген түсін баяндаған.

— Бұл тегін емес, қандай бір жақсылықтың нышаны,— деп көңілін демдей, кәдуілгідей дәмелене әңгімелеген.

Қалима үндеген жоқ, сүлесөк тыңдап алып, біреу қолына ат басындай алтын ұстатып кеткендей көрген түсіне осыншама мәз болып, емексіп отырған күйеуінің бейшара күйіне аяныш білдіргені де белгісіз, әлде әпенде дәмесіне ызасы келіп, ашуланғаны да белгісіз, теріс қарап тым-тырыс жата кетті.

Серәлі оған ренжімеді. Еліге қоймағанына қиналған жоқ. Иә, қазекең көңіліне жақпаған кезінде түлкінің боғына теңеген бұл сиқырлы елес — көрген түсі қазанына ас болып салынып, көгеніне қозы болып байланып қалғандай әйелін жұлқылап оятып сүйінші сұрағанына ол несіне қуанып, жетісе қойсын.

Алайда Серәлі ерте ме, кеш пе, әйтеуір, өзіне қарай жақсылықтың желі соғатынын сезгендей күйді бастан кешкен.

Қайтып, қисайып, жантайып көрген, байқайды енді ұйқысы келетін тәрізі жоқ. Әрі аунақшып бері аунақшып, дөңбекшіп жатты, жатты да, тұрып кетті. Мұның ұйықтамағанын сезген соң әйелі де түрегеліп, шай қайнатты. Оны мұны тиіп-қашып әңгіме ете отырып шайларын ішті. Серәлі неге жол ортадан кейін қайтқанының мән-жайын түсіндірді. Әйелі қосты Жылымбек екі жігіт ертіп келіп, өгізге артып кеткенін айтты.

— Әй, басымыздағы баспананы жығып алатындай не жазып едік, бұл қай басынғаның,— дегеніме бетсіз неме шылып етпей: «Алты қанат ақ боз үйде керілген күніңді көксейсің-ау, ә. Әлі көкіректерің қалмайды-ау. Егіншілер далада жауынның астында баспанасыз, жалаңаш. Ал сен жалғыз өзің сарайдай қоста жатпақсың. Керек пе, орталыққа аламыз, көнбей қарсыласып көр, қане...» деп жын ұрғандай қалш-қалш етеді. Үмітсіз жігіт қой. Елді де ала тайдай бүлдіріп болды. Осылар кісі болып, жұрт осылардың аузына қараған соң не дерсің... Қараша інген аман-есен

келсе көрпе төсегінді теңдеп алып, бір түнде тайып кеткеннен басқа лаж қалмады... Енді соның ретін ойластыр.

Әйелінің үнінде торығу, түңілу, дүниеден баз кешу бар еді.

Күні бойы екеуі де күркесінен аттап шықпады. Түнге қарай ақшам жамыраған апақ-сапақта алдарына кешкі шайларын ала бергендері сол еді, ауыл сыртынан дүрсілдете келіп, бұлардың қосының іргесіне таяп тоқтаған ат тұяғының дыбысы естілді. «Бұл не» дегендей елеңдесе қалған. Сөйткенше әлде нендей ауыр нәрсе жерге дүрс ете түсті. Онсызда аң-таң күйдегі Серәлі далаға атып шыққан. Тыста аттылы біреу тұр.

— Әй, бұл кім?— деп жақындап қасына келгенде ғана таныды, колхоз бастығы Біржан.

— Секе, ассалаумалейкум!

— Біржаңбысың? Әликімсалам. Беймезгіл неғып жүрсің, жайшылық па?

— Секе, мына бір қапты көзден тасалау жерге жасырыңызшы. Сонан соң асықпай әңгімелесерміз.

— Мұның не?

— Бидай ғой.

Серәлі әңгіменің байыбына түсіне алмай, дау-жаласы бар, ұрлықы бірдеңе ме деп секем алып:

— Оны неге маған жасыр дейсің? Кімге беретін бидай еді?— деген.

— Секе, абыржымай-ақ қойыңыз. Бұл елге бөлгеннен артылған азын-аулақ дән еді. Сіздің үйге алып келдім. Астықтарыңыз таусылған шығар. Әзірге алданыш ете тұрыңыздар. Көрсетіп беруге дауға қаламын, түн жамылып келіп тұрғаным сол. Колхоз мүшесі болмаған соң сізге ел қатарлы астық бөлінуге тиесілі емес. Сонан соң еш көмек жасай алмаймын. Менің бұл қап өңгеріп келгенімді біреу-міреу сезсе ертең-ақ «құлақтармен шыбайласып жүр. Соларға бүйрегі бұрады. Ағайынгершілік жасайды» деп айқай көтеретіндер табылады. Ешкімге сездірмессіз,— деді.

Орта қапқа таяу бидай екен, Серәлі көтеріп кіргізіп, күркенің іргесіндегі киіздің астына жаймалай тастап, үстіне көрпе-төсеніштерін жинап қойды.

Біржан аттан түсіп, ішке кіріп, бірге отырып шай ішті.

— Секе, таудағы егіншілер апарған екі қосқа сыймай жартысы далада жатып жүр. Жауын жауса қиын болатын түрі бар. Соған не істейміз деп сасқан соң Жылымбек: «Талай адам сиятын, бұл ауылдағы ең үлкен қос Серәлінің қосы. Әрі киізі де бүтін, жаңа, жауын өтпейді. Серәлінің

өзі де кетіп қалды, жалғыз әйелі қай жерге болса да сияды, бір басына соншама үлкен қостың керегі қанша, соны егіншілерге босатып беру керек деп қоймаған соң, Қалекен уақытша көлеңке жасап ала тұрар деп, бірер айға шыдар деп, қосыңызды алуға келісіп едім. Ренжімеңіз, амалым жоқ болды. Шыдай тұрарсыздар. Егін жиналып бітісімен қосыңызды жеткіздіріп беремін.

— Біржан, шырағым, көңіліңе рақмет. Ит көрген ешкі көзденбей, жау жоқта жау шаптыламай, өстіп бар, жоқ жағдайды айтыссақ реніштің жарасы жеңіл ғой. Тіршіліктің ығытын түсінбейтін кісі мен емеспін. Бірақ осының бізге несі өтіп, несі батып еді деп таразыламай, шетқақпайға салғандарың жанға батады. Ағайынға менің бөтен ісім, зәбірім болған жоқ еді,— деген Серәлі көңіліндегі қаяуын жасырмай. Біржан мұның сөзіне қысылғандай басы салбырап бір сәт үнсіз ойланып отырып қалды.

— Секе, сізге қиянат жасалғанын сеземін. Сіздің жағдаятыңыз менің де жаныма батады. Мен сіздің кім екеніңізді білемін ғой. Бірақ жағдайыңызды түзету менің қолымнан келмейді. Оған шамам жетпейді. Сізді қорғап бір ауыз сөз айтсам бас салады. Анаған да, мынаған да теліп, өзімді жаудың, құлақтың қатарына апарып қосып қояды. Осында кейбіреулер қип еткен сөзіңді іліп алып, ауданнан бірақ шығады.

— Сонда маған не ақыл қосасың? Не істеуім керек,— деді Серәлі Біржанның өзіне деген ниетін байқаған соң ағынан жарылып.— Осылай күн өткізе беремін бе?! Әлде ауданына барып арызданып көремін бе?

— Менің келгендегі өзіңізбен әңгімелеспек шаруамның бастысы осы мәселе еді,— деді Біржан дауысын бәсеңдете, бұған қарай таяна отырып.— Ауданға барғаныңызбен еш нәрсе өнбейді-ау деймін. Сіз есігін қағатын кеңседегілердің біразы жағдайыңыздан хабарсыз емес. Білуге тиіс. Олардың қолындағы теріс тізімде жүруіңіз мүмкін. Қаралап жеткізушілер және бар. Олар істі сап-салғыдай етіп шеше қояр ма екен?!

Бастық жігіт әлде неге ойланғандай аз-кем үнсіз қалды, сонан соң әңгімесін қайта жалғастырды.

— Осы жақын арада біздің жаққа Республикадан үлкен қызметтегі бір белгілі кісі келеді деген хабар бар. Ауыл-ауылды, жаңа құрылып жатқан колхоздарды түгел аралап көреді дейді. Елдің жай-жағдайымен танысатын тәрізді. Олай болса біздің ауылға да соғады. Сол кезге дайын тұрыңыз. Қалайда жолығып жай-жапсарыңызды, өмір тарихыңызды, қазіргі жағдайыңызды жасырмай

түп-түгел мәлімдеңіз. Колхозға мүшеге кіргізбей отырғанын айтыңыз. Аянатын неңіз бар, тартынбаңыз. Барыңызды салыңыз. Бір көмектесе сол кісі көмектесуі тиіс. Осы өкімет үшін құрбан болған Бабырдың туған ағасы екеніңіз өтірік емес қой. Тым болмағанда соны ескерсе керек.

* * *

Біржан кеткен соң Серәлі қаптағы бидайдың әзірге жетерлік шамалысын бөлек алды да, қалғанын ескі құрым киізге орап, есіктің алдындағы отынның астына көміп тастады.

— Үй артында кісі бар деген, әлде кім байқап, тінтіп, тауып алып, жүрсе Біржанды ауызға алушы болма. Мен арқалап келген, қайдан екенін білмеймін дерсің. Жауабын өзім беремін. Жаласын өзім көтерейін, кісіге зиянымыз тиіп жүрмесін,— деп тапсырды.

Біржан келеді деген үлкен кісінің сонан үш-төрт күн өткен соң-ақ бұлардың ауылына жолы түсті. Ол отырған үйді төңіректеп, үстіне кіре алмай көп жүрді. Төңірегі толған адам, ауданның бұл танитыны бар, танымайтыны, сыртынан атын еститіндері бар басшыларының бәрі соның маңында көрінеді. Маңайдағы колхоздардың белсенділерін шақыртып жинап алып, жиналыс өткізіп жатты. Соның қалт еткен сәтінде, аңдып отырып, сәлем беріп кіріп барған. Әйтпесе жолыға алмай қалатын сыңайы бар.

Сәлемін алған соң:

— Сізге айтатын арызым бар еді,— деп әңгімені төтесінен бастады.

— Келіңіз, келіңіз. Отырыңыз. Не айтпақ едіңіз,— деді үлкен кісі мұның біреу қуып келгендей асығыстап баса-көктеп кіргеніне кіділенбей жайдары қалыппен жүзіне назар салып.

«Түсі игіден түңілме» деген ғой. Қабағы ашық жан екен, алды кең кісі болар» деп топшылап үлгерген. Оның жылы сәлемдескені де бойына қуат бергендей болды. Көптен іште шемен болып, кернеп келе жатқан құсасын ақтарды-ай келіп. Ол кісі де сөзін бөлмей, бұл әбден айтып біткенше төзіммен тыңдады. Тыңдап болып төңірегіндегілерге ренішпен жағалай көз жүгіртті:

— Осындай қиянат, асыра сілтеу, мәселенің байыбына жете зер салмау әр жерлерде орын алған. Онан жазықсыз жандар жапа шегуде. Бұл өте зиянды нәрсе. Революция ісіне пайдасын тигізбейтін таяз әрекеттер. Мұндай сыпыра қосақ, айдап сал, шолақ белсенділікке жол бере

бермеу керек. Ақ пен қараның шекарасын ажырата білуге үйренуіміз керек. Жау мен жазықсызды шаттастырып алмау үшін зерделілік танытуымыз қажет. Мына кісінің колхозға кірмейтіндей қандай жазығы бар?!

Жағалай отырғандардан тырс етіп үндеген кісі болмады. Бір-біріне қарап алып, бастарын сипасып, назарларымен жер шұқысты.

— Ал айтып отырған әңгімелерінің өтірігі бар ма?! Неге үндемейсіңдер, жолдастар!

Өтірігі бар еді деген де ешкім жоқ. Қайта:

— Өтірік емес, рас, рас айтқандары,— деп күңкілдескен дауыстар естіліп қалды. Серәлі қоштаушылардың ішінде Біржанның да барын дауысынан аңғарды.

— Онда қазірден бастап колхозға мүше етіп кіргізіңдер, ел қатарлы жұмыс беріңіздер. Бұдан былай өйтіп соңына түсіп, қудалаушы болмаңыздар. Жалпы ешкімге жазықсыз зәбір жасамаңыздар. Ей, жолдастар! Біз қазір аштық пен өлімнен жұртты қалай сақтаймыз деп киналудамыз. Ең алдымен соның шарасын қарастырудамыз. Ал сендер кісіні қолдап өлтірейін деп отырсыңдар ғой. Жұмыс істеймін, колхозға кіремін деп құлшынып отыр ғой. Колхоздың жұмысын атқаруға күйі бар, күші жететін адам емес пе, мына отырған жан. Мына қалыптарыңмен мұны өлтіресіңдер ғой. Колхозға кіргізбесеңдер, елге бөлінген астық-дәннен татырмасаңдар, басқа жаққа кетуге жібермесендер, жалғыз түйесін орталыққа алсаңдар бұл енді қайтіп күнелтпек. Бұл не қысастық. Болмайды, жолдастар, ондайды қойыңдар. Мен біраз күннен бері ауданның жағдайымен мұқият танысып келемін. Бұл көшіп келген аудан халқының құрамында колхозға кіргізуге рұқсат етпейтіндей, тап жауларының тобына, бай-құлақтардың қатарына жатқызатындай ауқатты немесе кезінде жаңа өкіметке қарсы зиянды әрекеттерімен көзге түскен адамдардың хабары білінбейді. Қай-қайсысы да колхозға мүше болып, сіңіп, тыңғылықты еңбек етіп кете алатындай, қарапайым шаруа сапындағы көпшілік тәрізді. Орынсыз күдікшілікке жол беріп, өздеріңе-өздерің жаманшылық жасамаңдар.

Жақсының алды — кең жайлау. Серәлі сыртқа арқабасы кеңіп, үстінен талайдан бері тұла бойын жаныштап, еңсесін көтертпей қойған зіл батпан ауыр салмақты сілкіп тастағандай жеңілдеп, көңілді шықты. Шығарын шығып алғанымен енді не істерін білмей, «үйіне кете бере ме, жоқ әлде мына жиналыстың тарқап, келген кісілердің аттанып кетуін күтіп, Біржанға біржолата жолығып алғаны дұрыс

па» деп аңтарылып тұрған. Сәлден кейін Біржанның өзі көрінгені. Жуас жүзі жадырай түсіп, жұмсақ жымып келіп:

— Секе, әңгімені естідіңіз ғой,— деді.

— Не деген ақылды кісі. Жақсы адам екен,— деді бұл шын ризалығын жасырмай.

— Көпті көрген, үлкен адам ғой. Бар жағдайды біліп, сезіп отыр,— деді Біржан да мұның сөзін қоштап. Сонан соң күліп:— Ал, Секе, қосыңызды тауға білгендей көшірген екенбіз. Қалекеңді ертіп алып, енді артынан өздеріңіз барыңыз. Мұнда қарайлайтын шаруаңыз жоқ кой, жүріп кетіңіздер. Таудағы егіншілерге қосылыңыз. Екеуіңіз де бидай орасыздар,— деді.

Таудың жан баспаған, тусырап жатқан жалпақ жонына егілген егін ырғалып, бітік піскен екен. Келе ораққа кіріскен. Аз күнде екеуі де екпінді атанды. Әрқайсысы екі кісінің үлесіне тиесілі жерге дейін орып кетіп жүрді.

* * *

Күзде колхоз мемлекетке тиесілі астығын өткізіп біткен соң, қалған дәнді жан басына таратқанда үлестеріне бөлінген үлкен екі қап бидайды екеулеп қайыса көтерісіп босағадан әрең кіргізіскен. Қаптың аузын шешіп, қос қолдарын бойлата сүңгітіп, баданадай-баданадай ақ бидайды уыстап алып суырып, табан астында тойынып шыға келгендей мәре-сәре болып қалған. Сонан бастап от басына қайтадан тоқшылық кіргендей сезінген.

Жаңа құрылып жатқан колхоздың жұмысында ұшықиыр бар дейсің бе? Кілең қос пен күркемен, кейбіреулері, тіпті, баспанасыз келіп жетіп, Қаратаудың етегіндегі елсіз жазыққа қоныс тепкен жұртқа жылы үй керек, тұрғылықты жай болатын там салып, қоныстану тұрғызу керек. Ол үшін балшық айдап, кесек құю, екі-үш күншілік жердегі таудағы тоғайдан үй жабуға керек ағаш қырқып оны тасып жеткізу; жер жырттып, егін егу, егіндікке арық тартып, су жеткізу; елден құралған азын-аулақ малға шөп жинау; осыларға қажет соқа, сайман, арба, шана жасау — осы тіршіліктің бәрі алақандай колхоздың азынаулақ адамының мойнында. Қысы-жазы дамыл жоқ.

Қай жерде шұғыл науқан, қауырт жұмыс болса Біржанның:

— Секе, енді өзіңіз барасыз,— деп тұрғаны.

Серәліде бас тарту, жалтару деген болмайды. Не шаруаны да тап-тұйнақтай етіп тындырады. Жаратылысын-

дағы елгезектігі, икемділігі, неге болса да жаны ашитын, табиғатынан обал-сауапқа жақындығы, шаруаның ығытын тауып істейтін ұқыптылығы, елден ерек көзге түсіріп, жұртты тәнті етіп, олардың арасында қайтадан «Серәлі, Секе» атана бастаған. Екпінділерге сыйлыққа деп жоғарыдан қиынды мата, қант-шай тәрізді зат жіберілсе алдымен алатындардың бірі де бұл. Мұның былай қатарға қосылғаны Жылымбектің жамбасын мұзша қаритын сияқты. Соны көре алмаған, соған шыдай алмаған Жылымбек ақыры бір жиналыста Біржанмен жағаласып қалсын.

— Сен әдейі істейсің, ағайыншылық жасап бұрмалап тұрсың. Бар жақсылықты осының басына үйіп-төгіп, мұнан басқа кісі құрып қалып па еді. Басқаларды неге көрмейсің. Өкіметтің тәртібін бұзып жүрсің. Рушылдық, байшылдықты көксейсің сен де,— деп езуінен көбігі шашырап, екі иығын жұлып жеп, қалшылдасын келіп.

— Маған осы жұрттың бәрі бірдей. Қайсысы жұмысты жақсы істесе, сыйлықты алдымен соған беремін. Серәлі озат емес деп кім айтады, қане, осы отырғандардан. Серәліден мен артық істеймін жұмысты деген кісі болса қолын көтерсін қазір. Көпшілік өзі айтсын сыйлықтың кімге тиесілі екенін. Сен осы неге бір езулеп көлденеңдей бересің... Неге бәле теріп, дау іздейсің де жүресің. Өкімет осы колхозды сенен емес, алдымен менен сұрайды. Асқақтап басына берме,— деп өмірі кісіге дауыс көтермейтін мінезі тұйық, біртоға, сөзі аз Біржан ашудан құлағына дейін қызарып, барт болып дірілдеп кетті.

— Тілің шығайын деген екен. Көреміз... Осы сөздерінді ұмытпа. Бәле терген керек болса, асықпа. Жылымбекті танымай жүр екенсің. Танисың әлі. Ендігі ісім сенімен болсын.

— Тіреп тұрған аспаның болса тастап жібер. Бар, аяма. Онсыз да осы сенің ылаңдатқан, улыған-шулығаныңнан құлақ сарсылып бітті.

— Сенің де түбің белгілі. Әкең байдың құйыршығы болған. Ауылнай болып атқа мінген бір кезде. Оны ұмытпа.

— Әкеден садаға кеткір, баяғыда жер астына түскен әкемде жұмысың болмасын. Ал керек десең менің әкем сенің әкең тәрізді ұры, қанішер болған емес. Кісінің ауызын қышытпа.

— Тарт тілінді,— деп Жылымбек жұлқынып келіп, Біржанның алдындағы столды жұдырықпен бір қойды.

— Тарт қолыңды,— Біржан түтігіп ұшып тұра келді. Араға ел түсіп екеуін екі жаққа ажыратты.

Жылымбөк өзін ұстап тұрған жұрттан итермелей босанып, кіжіне жүгірген бойы атына мініп:

— Сенің түбіңе жетпесем бе?— деп, ауданға қарай шаба жөнелді.

Ел абыр-сабыр болып барып басылды.

Мына даудың шығуына өзін кінәлідей сезініп Серәлі қатты қысылды. Бір жағы соны жуып-шайғандай, бір жағы мәмілеге себі бола ма дегендей табан астында шұғыл шешімге келіп, көптің ортасына шығып:

— Біржан, шырағым, еңбегімді елегендеріңе рақмет, мен мұнан бұрын бір рет алдым ғой осы озаттарға жіберілген сыйлықтан. Енді артық сөз болмасын, басқалар да ренжімесін. Осы отырған көптің ішінде жанын салып, шын-тінімен жұмыс істеп жүргендер аз емес. Солардың біреуі алсын. Мен ризамын,— деп өзіне тиесілі бес метр, көйлектік кездемені басқарманың алдына әкеліп қойды.

Жұрт:

— Жөн, жөн.

— Онысы дұрыс.

— Кісілігі бар адам ғой,— десіп күбірлесіп қалды.

Біржан да ашуы қайтқандай, жүзі жылып:

— Секе, онда кімнің қалай жұмыс істейтінін жақсы білесіз ғой. Осыған ылайық деген біреуіне өзіңіз тапсырыңыз,— деді.

Мұны күтпеген Серәлі абыржып қалды. Өзіне қарай қадалып, самсаған жанарларға мұның қайсысына бердім дегендей сасқалақтап қарай берген.

Көзіне көптің арт жағына сала бұйығы тасаланып отырған Жаңабике дейтін жас әйелдің түсе кеткені. Үн-түн жоқ, бір момын жан болатын. Ал қара жұмысқа ер жігіттей қайратты, ерінбейтін, шаршадым-ау деп қабақ шытпайтын, терісі кең адам еді. «Жас-жаста бір көнтерлі, бейнеттен жеркенбейтін кісі екен» деп Серәлі өзі ісіне риза бола жүретін. Сол Жаңабикені шақырып:

— Келін осыны сен алшы, сенің еңбегің бар,— деді.

Жұрт:

— Дұрыс!

— Дұрыс!— деп қол соғып гуілдесіп кетті.

Әйел әрі қуанғанынан, әрі ұялғанынан көзіне жас үйіріліп, бұл қолына ұстатқан кездемені сипалай берді.

Жаңағы тұнық суға тас түскендей оқыс болған келеңсіз жайдың көңілсіздігі сейіліп, жұрт қайтадан кеу-кеулесіп, онан кейінгі озаттарға үлестірілетін кездеме, орамал, қант-шайларын кезек-кезегімен бөлісіп жатты.

Елдің жаңа тұрмысқа көзі қанып, еті үйреніп, есін жия бастады. Қаратаудың бір қойнауындағы жазықта «Жаңа-жол» атты колхоздың қоныстануы бой көтеріп, жылдан-жылға қанатын кең жайып, үлкен елді мекенге айналып келе жатты. Маңдай алды колхозшылардың санатына еніп, ел қатарлы там салып кіріп, біржола орныққан соң Серәлі хабарласып, Түркістан жақта жүрген ағасы Бекті мен екі інісін ел ішіне көшіріп алды. Олар да колхоздың жұмысына араласып кеткен.

Болдыртып, тұралап келе жатқан жанның сәл сәт тыныс алып, дамылдағанының өзі дәтке қуат, көңілге медеу емес пе. Сол тәрізді мына жарық дүниеде аман жүргендерінің басы қосылып, «көппен көрген ұлы той» деп, ауырлы-жеңілді ел қатарлы тіршілік кеше бастағанына Серәлі мың да бір шүкіршілік айтып, ес жиып, еңсесі көтеріліп қалған еді. Бірақ әлі күнге дейін ойына алғысы келмейтін, сонда да жан дүниесін тітіренткен ызғарлы елесі көңілден өшпейтін, төркіні мәлімсіз тосын бір жай — оқыс кезіккен оқиға жүрегің тағы да шайлықтырып кеткен. Ол — Біржанға қатысты хикая еді.

Соңына түсіп, ақыры түбіне жетіп тынған осы Жылымбек екенін Серәлінің іші сезеді. Бірақ ол жағдайды кімге айтып, кімге төрелететіндей реті бар. Ауызыңды ашып сөз етпек түгілі ойға алуға тәуекелің жетпейтін, дәтің бармайтын, қатпары қалың, кісі бойлай алмайтын түпсіз, үрейлі жылым тәрізді жолауға, маңайлауға болмайтын түсініксіз бір кеп қой. Бұл жалғанда кісінің санасына сыймайтын тіршіліктер кездесе береді екен ғой. Серәлінің әлі күнге дейін сол оқиға, сол кезеңді ойға алғысы келмейді. Мәнәйі себеппен кейде есіне түсе қалса, жүрегі дір етіп, ту сыртынан қадалып тұрған әлде кімнен селк еткендей бойын жинап ала қоятын.

«Ой, не бір күндер өткен екен-ау... Жарайды... Құрысын... Несіне есіме алдым. Беті аулақ. Ендігілерге тәңірім ондайды көрсетпей-ақ қойсын... Қайдағы қайдан еске оралады осы», — деп өз ойынан өзі ат-тонын ала қашып, әлекке түседі. Сөйте тұрғанымен Серәлінің өміріндегі тайға таңба басқандай, өшіріп тастай алмайтын, ұмытуға шамасы жетпейтін, көңіліне мәңгі өшпестей үрейдің көлеңкесін ұялатқан қиын бір оқиға сол Біржан оқиғасы. Қиын бір кезең сол кезең...

Жұрт алдындағы сол әлгі қатты қақтығыстан кейін Жылымбек Біржанға көріне ашық өшігіп алған-ды. Біржан-

ның сыртынан әр түрлі алып-қашпа әңгімелер айтылып, колхозға да жоғарыдан уәкіл, тексеруші дегендер жиі келгіштейтін болған.

Бірде кешкісін, ел орынға отыра, Біржан Серәлінің үйіне келді. Шаршаған, қажыған сыңайын бұл шаруашылықтың ауыртпалығынан, өзінің дамыл таппайтын, аттан түспейтін, бейнетқорлығынан көрген де қойған. Шай ішіп, оны-мұны әңгімелесіп көп отырды. Сонан кетерінде әлденеге қобалжығандай кейіппен:

— Секе, маған бір «құпия тапсырмамен жүрміз» деп бөтен адамдар келіп қайта-қайта мазалайды. Не ойы бар екенін білмеймін. Әр нені түртпектейді. Қай-қайдағыны қопсытады. Болмаған шаруаларды айтады. Өмірі мен білмеген, көрмеген бір кісілерді сұрастырады. Ниеттері өзіме ұнамайды. Жоғарғы жақтарда кейбір жауапты қызметтегі белгілі-белгілі кісілерді жаманатпенен жалалы етіп жатыр деген суық сыбыс та бар. Білмеймін бұл не жағдай екенін? Қандай заман болатынын, — деді.

Тап сол сәтте Серәлі оның уайымына бәлендей мән беріп байыбына жете қоймаған. Тек сонан көп кешікпей ат басындай азамат, себеп-салдары белгісіз, бір түнде жоқ болып шыққанда ғана маңдайға ұрғандай шошына есеңгіреп қалған.

Мұндай жағдай қазір елге таңсық та емес-тін. Осы төңіректе әр жерде кездесіп жатқан. Және бұлай шұғыл кеткендердің қайтып қатарға қосылмайтынын ел де зерделеп қалған.

«Кісіге болсын дейтін, ниеті түзу жан еді. Тірі жүріп ешкімге жасаған қиянаты жоқ шығар. Не кінәсы болды екен?! Жігіт-ақ еді. Есіл азамат-ай! Кісінің миы жетпейтін, шешуі қиын, түсініксіз бір дүние ғой бұл. Бүгін бар да, ертең жоқ қу тіршілік. Ешнәрсені түптеп ұғып ажырата алмайсың. Не істерсің. Сен басыңды қатырғаныңмен өнетін шаруа емес, қайтерсің. Маңдайына жазылғаны сол шығар», — деген ішінен шын күйініп, жаны ашып. Бірақ өлген емес, жытқан емес, не жазалы болып жұрт көзінше атып, асылған емес, не ел алдында қылмыс кінәсын айтып, көрсетіп айдап кеткен емес, кеше ғана жайраңдап шаруасын шаруалап жүрген ардагер азаматтың бір түнде не аспанға ұшып кеткендей, не жерге кіріп кеткендей хабар-ошарсыз ұшты-күйлі жоқ болып шығуы, ол туралы не қатын-бала, не жақын жуық бірде біреудің ештеңе білмеуі, «тыс» деп дыбыс шығарып, жақ аша алмауы — аса үрейлі, тылсым құпиялы, адамның жаны түршігетін ызғарлы, түпсіз үңгір сияқты қорқынышты болмыс еді. Оттан ба,

судан ба, тәңірінің тиесілі ажалымен қыршын кеткен небір боздақты өз қолыңмен арулап көму мынаның қасында тіпті өкініш, қайғы емес тәрізді.

Артында әйелі мен ес біліп қалған екі ұлы қалды. Бар қолынан келген жақсылығы баласын көрген жерде іші елжіреп, мейірлене маңдайынан сипайтын. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма», жеткіземін десе тәңірге қиын ба. Ұлының ер жетіп бертін келе балалы-шағалы болғанына, азаматтың артының жоғалмағанына, өсіп-өніп отырғанына шын тілеуқор көңілмен «өткенге салауат, барға шүкір» дейтін оларды көрген жерде.

Жамандықтан жанданып, нәр алатын, құлпырып түлейтін адамдар болады екен. Біржан үшті-күйлі жоғалған осынау үрейлі кездерде Жылымбектің жалыны бет қаратпай шалқыды-ай дейсің. Ажарланып, сестеніп, алшаң-алшаң басты. Бірді-бірге айдап сап, аңдытып, алақандай ауылдың адамдарын алакөз етіп, ыру-дыру қылды. Біреулерді ұйтқытып, еліктіріп, ертіп алды, түн баласы тың тыңдайтынға шықты. Оның ақ сайтан, эзәзілдігі мықты ма, жоқ әлде пенде шіркін қиын қыстау күн туғанда жаманшылыққа бейім, таяу тұра ма, бұрын өзімен-өзі, шаруасымен жүрген, бәлелікпен ісі жоқ, қайсібір оп-орнықты жандарды ала құйын Жылымбек өзіне ілестіріп, әлгіндей шаруаларға оп-оңай жегіп алады. Кімді-кімге айдап салуды жақсы біледі. О тоба, адамның басын айналдырып алатын бір бәлесі бар-тын. Талайларды көзбе-көз арандатты. Олардың кейін өкінгендері де аз болған жоқ. Серәліге де талайларды қайрап салған.

Басқасы басқа өзіне бала күнінен туған інісіндей саналып кеткен Досбай жазғанды айдап салғанын айтсайшы. Әй, эзәзіл еді-ау. Кісіні құйқылжытып табан астында сабындай бұзатын. Досбай жазған, топырағы торқа болсын азаматтың, кете кеткенінше мұның жүзіне тура қарай алмай қысылатын сол ісі үшін...

Кісінің алдынан кесе өтпейтін, жуас, адамға сөзі жоқ, елгезек жігіт болатын. Мұнан жеті-сегіз жас кішілігі бар әрі жақын ағайын, ағалап жаны қалмайтын. Сол кішіпейілділігі үшін бұл жақсы көріп, қасынан тастамайтын. Кішкентайынан көз алдында өсті. Бертін келе отау көтерген соң мұның үйімен қоңсы қонып, ілесе көшіп жүретін. Сол үрдісімен арқадан Қаратауға қарай босығанда да әйелі мен екеуі осылармен селбесіп жеткен. Олар көліксіз жаяу ілесіп, көрпе төсегін Серәлінің қараша інгеніне артты. Жоллай Досбай өзі ауру, әлсіздіктен жүруге жарамаған соң күйі барлау Серәлілер жаяу түсіп, көбіне соны мінгізіп

отырған. Сөйткен Досбай қарадан-қарап жүріп, бір күндері қырын мінез танытсын. Көпшілік бас қосып отырған бір жиында әй-шәй жоқ:

— Мына Серәлінің үйінде, сандығының түбінде атасы Бектібайдың би болғандағы алтын мөрі сақтаулы. Бидің мөрін неге сақтайды? Өкіметке білдіру керек,— деп қарап отыр.

Серәлі үстіне мұздай су құйылып кеткендей тіксінді. Ойда жоқта шыққан мына әңгімеден сасқанынан жерге кіріп кете жаздады. Әбден запыста, үркек болып қалған жүрек су-су етеді. «Бидің мөрін сақтап жүр деген кінә тағып, әлдеқандай жазаға тарта ма қайтеді» деген қауіптен зәресі зәр түбіне кеткенімен қарап қалмай, жан сауғаның қамымен дөң айбат жасап:

— Әй, оттама. Сен қайдан көрдің. Біздің үйде ондай зат жоқ. Баяғыда арқадан көшерде жоғалып қалған. Не танып отырсың,— деп сыр бермей өзіне дүрсе қоя берді.

Ол мұның бастырмалатқанынан тайсақтады ма қайтып шапылдап дауласа жөнелген жоқ. Үндемей қалды.

— Сен өз көзіңмен көрдің бе? Қашан көрдің? Көрген жеріңнен тауып бере аласың ба?— деп Жылымбек орнынан ұшып тұрған.

— Көргенмін, көргенмін...— деп күмілжіді Досбай. Бірақ тауып беремін деп сыбана қоймады.

— Көрсең баяғыда көрген шығарсың. Онан бері не жоғалып, не қалмады.

— Арқада емес, осында келген соң көрдім деген жоқ па едің?— деп тақымдады Жылымбек.

— Сол мөр қазір біздің үйде болса осы отырған жұртты ертіп барып, тінтіп тауып алыңдар,— деді бұл енді шешінген судан тайынбастың кебін киіп. Не де болса өстіп бетін қайырмаса тінтеміз деп әурелеп жүре ме деген уайыммен, ышқына түсіп.

Мұның бұл сөзінен кейін Досбай төменшіктеп үндемеді. Жылымбек те басылып қалды. Әңгіменің беті басқа жаққа ауды.

Бәледен құтылғандай болғанымен оттың үстінде отырғандай терлеп кетті. Жиналыс аяқталғанша іші қылпылдап әрең шыдады.

Мөрдің үйінде, сандықтың түбінде жататыны рас-тын. Ол мөрді кезінде атасы Омбыда құйдыртып әкелген екен дейтін. Оны бұл алтын, асыл бұйым ретінде емес, атасының бір тұтыңған заты, көзі сияқты, қастерлі мүлік ретінде жоғалтпай сақтап жүретін. Енді сол біреудің қимасына тиеді, мұндай әңгімеге қалдырады деп кім ойлапты.

Күнде үйме-үй араласып жүрген Досбайдың оны көруі кәдік-ті. «Құрысын, енді көзіне түссе айрылмас. Сол жоқ деген күйі жоғалтайын»,— деп түйді. Үйіне келе сала әйеліне болған жайды айтты:

— Кім біледі бұл пейілі бұзылғандарды, бірде болмаса бірде тінтіп, көріп, сөзге іліктіріп жүре ме қайтеді, сол мөрді сен кешке қарай үй маңынан аулаққа көміп тастасаң. Әңгіме басылған сол кейінірек қайтып аларсың,— деп тапсырды.

Қалима шүберекке түйіп, сыртынан киізге орап тігіп, үй сыртындағы шағыр жусанды алаңқайға апарып көміп қайтқан. Кейін бірақ қараңғыда қай жерге көмгенінен шатысып, ақыры таба алмай қойды.

Жасынан пысық, алғыр, басынан сөз асыра қоймайтын, бір кісідей шамшыл мінезі бар Серәлінің кейінгі кезде адамға өкпелеуді, таңғалуды қойған сыңайы бар-тын. Тіршілікке деген самарқаулық бойын дендегендей еді. Не іске де, тағдырдың бұған тартқызуға тиіс тауқыметіндей қарап, көнбістікпен көтере беретін ыңғайда-тұғын. Досбайға да зіл сақтап, өкпе айтқан емес. Кездескен жерде қипақтап, жерге қарайтынын бұл аңғармаған қалыппен ештеңеге мән бермей:

— Аман ба? Балалардың дені сау ма?— деп сәлемдесе салатын.

Бейшара, ауылдың жігіттерінің алғашқы тобымен әскерге аттанып, сонан қайтпай қалды. Армияға кетерінде құшақтап алып, ағыл-тегіл жылап тұрып қоштасты. Серәлі де оның көңілін түсінген.

— Өз жұрағатыңыз ғой, мына жетімдерге көз қырыңызды сала жүрерсіз,— дегенде мұның да сай-сүйегі босап шын езіліп көріскен. Көңілінде кір қалмаған қалыпта қошсаулық сұрасып еді. Кейін онан қара қағаз келгенде «шіркін, дүние-ай, есіл ер-ай» деп қыршын азаматты қимай, опына есіне алған. Артында қалған үш-төрт кішкентайын азамат болғанша өз балаларындай еміреніп маңдайынан сипады. Реті келген жерінде қол ұшын беріп тұрды. Обалы нешік, олардың да көңілінде қалтарыс жоқ, күні бүгінге дейін көрген жерде «көке, көкелеп» тұрады. Азаматтың артында «қара-құра» қалып, түтін түтетіп отырғанына, оты өшпегеніне, өмір желісінің жалғасып келе жатқанына бұл да тілеулес. «О шіркін, бәрінен де бар жақсы, жоқ жаман, жоқ жаман» деп толғана тебіренеді.

Қарасы өшкір, сонау соғыс ауыртпалығы бөле-жара емес, әмме жан біткенге бірдей алапат ауыртпалық әкелген сұрапыл болды ғой. Қара жерді теңселткен қасіретті қара дауылы алақандай «Жаңажол» ауылының да жаңа өркен жайып келе жатқан жас шыбықтай әлі қатая қоймаған қабырғасын қайыстырды-ақ-ау.

Соғыс басталған алғашқы жылы-ақ бұл ауылда әскер жасына жарамды деген жан біткеннен некен саяқ кісі қалған. Басқасының бәрі екі-үш дүркін шақыртуда-ақ түгесіле аттанып кеткен. Қалғандардың бірі осы Жылымбек. Шақыртумен екі рет ауданға әскери комиссариатқа барған жерінде аузынан ақ көбігі бұрқырап, ұстамамен талып қалып, «аурулығынан» әскерге жарамсыз болып қайтқан. Сонан кейін оны ешкім қозғамаған. Оқыстан пайда болған шын науқас па, көзін тапқан әрекеті ме, ол жағы бір өзіне, сонан соң комиссиядағы дәрігерге мәлім жай.

Жаңағы Досбайлармен бірге алғашқы шақыртуда-ақ Серәлінің екі інісі қоса аттанған. Үлкені Откен барған бойы жөнелтілетіндердің қатарына қосылды да, сол кезде колхозға бастық болып қызмет атқарып жүрген ең кіші інісі Қунақ облыстан қайтып келіп, бір айдай ауылда жүріп, келесі кезектегілермен тағы шақырылды.

Соғыстың аты суық, төбеден жай түсіргендей тосын, үрейлі естіледі де, жұртқа бірден қатты әсер етті. Ә, дегеннен-ақ елдің ғазабат ауыртпалықтың салмағын сезгендей тіксінген сыңайы барды. Бірақ соның өзінде де көпшілігі кейін бастарынан кешуге тура келетін сұмдықты — мынау қазір қимай, жылап-еңіреп шығарып салып тұрған ет жақын бауырларының, бетке шығар ең асыл азаматтарының, бірен-сараны ғана болмаса елге қайтып оралмасын зерделей қоймаған шығар. Сол мезгілде тап соны күтпеген болар. Алайда Серәлінің жүрегі түскір әлдене жаманшылықты сезді ме, кіші інісімен қоштасарда қимай, бордай езіліп, ат үстіндегі жігіттің қолынан ұстаған күйінен ажырай алмай ілесіп, жылап қоймай қойды.

Інісі мұны өзіне-өзі келсін деді ме:

— Мұның не, Серәлі, қойсайшы, қал енді, қайда ілесе бересің, — деді. Сонда барып байқады қоштасқан елдің бәрі ұбақ-шұбақ сүйрегіле созылып, аттанып бара жатқандармен аралары бірте-бірте алыстай бөлініп, кейіндеп қалған екен. Бұл сонда да солығын баса алмай, қолынан босатпай, біраз қапталдасқан.

— Қой, Серәлі. Күллі жұрт кетіп бара жатқан жоқ па?!

Менің басыма жалғыз келген зауал емес қой. Аман-есен көрісуге жазсын де. Күйрей бер ме. Өзіңе-өзің мықты бол. Жәкемнің жағдайына, қас-қабағына қара. Аман болыңдар енді, құдайға тапсырдым,— деп дауысы толқи дірілдеп, атын шұғыл бұрып «шу» деп тебіне жөнелді. Бұл сол тұрған жерінде қала берді. Сәл ұзай түсіп, қалт тоқтап артына қарады. Сонан аттылар алдағы белден асып, көзден тасаланғанша артына қайта-қайта қарағыштаумен болғанын бұл көріп тұрды.

Ақыры екі інісін де қайтып көруді тағдыр жазбады. Алғашқы жылдары бірер рет хат алды. Сонан кейін қара қағаздары келді. Қырық екінші жылы Серәлінің өзі жұмысшы батальонына алынып, Сібірге ағаш кесуге жол тартты. Содан екі жылдан кейін ғана оралған.

Бұл кеткенде колхозда Жылымбек бастық болып жүрген. Жасайтыны қызойнақ, көрсететіні жетім-жесірлерге қысастық. Әбден шектен шығып кеткен соң жақында аудан орынынан босатыпты. Енді соғыстан жараланып қайтқан Жақсылық деген жігіт колхозда бастық болып жүр екен. Жасынан көз алдарында өскен ауыл баласы, орнықты, бір тоға, адал жігіт екенін білетін. Жарасының әлі айығып жазылмағанына қарамастан колхоздың шаруасы деп тынбай шырылдап, ойға-қырға шапқылап жүргеніне жаны ашыды. Әрі риза болды. «Ерді кебенек ішінде таны». Кісінің кісілігі осындай қысылтаянда көрінеді де. Мына күйреп тұрған тіршілікті қайтып жөнге келтіремін деп ышқынып жүр-ау. Қайтсын, өзін адам деп сеніп жұмыс тапсырған соң, мына жетім-жесір, кәрі-құртаң қыруар жұрт бетіне қарап отырған соң, өстіп жүгірмегенде ше. Ықыласы дұрыс екен. Кісінің ниетіне береді ғой. Түбі іс шығаратын, елге береке ұялататын тіршілік қой мұнысы»,— деп топшылаған. Сол тілектес көңілмен алдына келген.

— Ал, шырағым, мынау адам қолы аз, кем-тар кезде, шаруаңның қай жағына қол қабыс етейік? Не жұмыс тапсырасың?— деген.

— Сәке, осы колхозда ірісі-майдасы аралас үш жүздей ешкі тұқымының есебі бар. Әр қой отарының ішінде отызжиырмадан бөлініп-бөлініп жүргеннен соң ба басы көбейетін емес. Маңдымай қойды. Бағуы келіссе негізі өсімтал түлік қой. Соларды жинап алып, өз алдына бір қора етіп ие болсаңыз. Басына бас қосылып, молайса келешекте осы орталықтағы жұртқа сауынға пайдалансақ па деймін. Азын-аулақ сиырдың сүтін мемлекетке өткіземіз. Онан дәметуіміз қисынсыз. Шілдеде жасы бар, кәрісі бар, бейнет тартып жүргені бар, кім-кімге де айран, шалапсыз, шай

қатық сүтсіз обал-ақ. Күйі болса ешкі деген майда тұяқтың сүттісі емес пе. Қалай ойлайсыз, Секе,— деп әңгіменің түйінін мұнын өзіне арта ақыл салғандай сыңай танытты.

Айтып отырғанының қисыны бар, жөн білетін адамның сөзі. Құптамағанда ше.

— Мақұл,— деген.— Биылша сауынға жарай қоймас. Қазір басын қосып бағып, күз күйекке түсірейік. Келер көктемнен барын барынша сауынға пайдаланармыз.

— Онда жақсы, бүгіннен бастап жағалап жинап алыңыз. Қонысқа қай жерді қолайлы санайсыз?

— Онда енді тәуекелге бел байлап, «Шешенбайдың» қалыңына көшемін. Мал бағамын деген кісіге бұл төңіректе онан шұрайлы жайылым табылмайды. Күзде күйекке күйлі түсу үшін ешкіні жаздың мына қалған екі-үш айында соның шүйгініне жайған жөн. Елден жырақ, мойны қашық жер. Жалғыз үйліктің тауқыметін тартуға тура келеді. Бірақ бас аман болса оқасы жоқ. Қайтеміз енді, шаруаның ыңғайы солай.

— Рақмет, Секе!

Қырғыздың аспан тауларынан басталып, арындай, жайқала ағып, оңтүстіктің кең даласының теріскейіне сала бір пұшпағын тіліп өтетін Талас өзенінің Мойынқұмның жиегіне барып сіңетін аяқ тұсы «Шешенбай» аталатын өңір еді. Қазір соға айналып, құм басып кеткен; шөлден ұшып өлген аруанадай кесперсіз кезеріп жатқан бұл өлке ол кезде аңыздардағы көк ніл дарияның жағасындай ғажайып көрікті-тін.

Құмның әр жалының асты мөлдіреген айна көл. Көлдің асты тайдай тулаған балыққа, беті жыртылып-айрылған құсқа толы. Ол шеті мен бұл шеті аттылы кісіге жарты тәулік қана жол болатындай осы аймақтағы «Шешенбай» өңірінің өзінде жүзге тарта көл, көлшік бар-ды. Топырағының түгін тартсаң майы шыққан жерұйығы. Құмның шөлге өсетін қуатты, күшті сан алуан кермек оты, шүйгіні өз алдына; көл-көлдің жағасы, арасы желегі желбіреген жасыл құрақ, қалың жыңғыл, шеңгел, сексеуіл; ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа мал баспаған, адам ізі түспеген ну сонылық. Изен, жусан, еркек, селеу үзегілікке таяп; түйе сіңір, теріскені, түзгені дүлейдей арасынан кісі өткізбейді. Төрт түлік малға қажет шөп атаулының шықпайтыны жоқ.

Жан баспаған осы тыңға келіп жайылған аз күннің ішінде-ақ малдың түгі, ажары өзгеріп сала берді. Шаршау дегенді білмейтін қайрат күштің мол кезі, күндіз алысы-

рақтағы, көлдің төңірегін қуалай өрістетіп, кешке қарай үй маңына айналдырады. Айдың жарығымен түн ортасына дейін түнемелге алып келмей, қаптата қайыр-малап жайып жүреді. Қораның қотанына айдап әкелген соң таң атқанша әйелі Қалима мен майлыаяқ атты адамдай есті, жануар, қызыл төбетке тапсырады. Елсіздің ит-құсы қатты. Ең қиын жері сол. Бірақ, әйтеуір, «сақтансаң — сақтаймын» деген ғой, осы шешініп бел жазып, алаңсыз көз ілмеген еңбектерінің есесіне қарай көлденең бәледен аман болды. Бір шыбыштың да қылшығы қисайған жоқ. «Шешенбайға» көшіп келген екі-үш айдың ішінде семіздіктен бітіп қалды. Сол күйі күйекке күйлі түсті. Қыста құм ішінің шүйгін жайылымды, биік жалды, ықтасыны мол, жылылау тұсындағы ескі көңдердің бірін қонысқа таңдап алып, жыңғылдан биік, әрі қалың етіп албар қора тұрғызды. Қораның астының қиы өссе малдың күйі төмендейтінін, буазының іш тастайтынын шаруа баққан жасынан жетік білетін Серәлі аптадан асырмай белді шарт буынып, қиды аударып, сыртқа күреп тастайды да тұрады. Ашық қорада жатқанымен асты үнемі қыз-қыз қайнаған қорда болған соң, жайылымы келіскен соң, күйлі мал қысты қаперіне алмайды екен. Жүні жылт-жылт еткен ажарынан тайған жоқ. Көктемге салым байқаса алдындағы ешкінің тіпті шыбышына дейін қысыр қалғаны жоқ. Бәрі буаз. Көбісі егіз тәрзіді. Күннен-күнге іші жер сызып, шермендеп барады.

Серәлі «ой, жануарым-ай» деп әрқайсысын маңдайынан сипағандай аялап бағып күтсін. Көктемде алдындағы ешкілері үшемнен, егізден лақты төгіп берсін. Күйлі малдың төлдеуі де қиын емес екен. Әрі үшеміне дейін лағын өз сүтімен мол жарытып асырады. Адал еңбегінің құдіреті шығар сонан соң-ақ Серәлінің өмірінде ертегі дерлік бір хикая басталған.

Төлдеу аяқталып, санақ жүргенде бағуындағы үш жүздей ешкіден жеті жүзге таяу лақ алып, өсіріп отырғаны мәлімденіп, бұл хабар аудан түгілі облыстың құлағын елең еткізген. Рас-өтірігін Серәлінің өзі де білмейді «енді Серәліге мына еңбегі үшін қыруар лақ бәйгеге беріледі екен» деген сөз ауылдың ішінде гу-гу тарады. Сол әңгіменің әсері ме Жылымбек: «Бұл жалған нәрсе. Ешкіден ондай көп лақ алынған жоқ. Колхоз бастығының Серәліге бәйге әперуі үшін жасап жүрген әрекеті», — деп ауданға, облысқа арыз айдаған. Серәлі мұнан да хабарсыз. Тек ауданнан келіп алдындағы ешкіні, лақтарды қайта-қайта санап кеткен. «Осыншама төл алды дегенге күдік-

теніп, растығына көздерін жеткізейін деп жүргендері шығар» деп оған онша мән бермеген. Естіген ел түгілі өзі де түс көргендей. Олардың сенбестік танытқанына қынжылған жоқ. Сонан біраз өткен соң колхоз бастығы Жақсылық ара-тұра ауданнан колхозға келіп жүретін уәкіл екеуі қасында жастау орыс жігіті бар сәске түсте ауылдың маңайында мал жайып жүрген бұған соқты.

— Секе, мына жігіт жоғарыдан келген кісі, облыстық зоотехник,— деді Жақсылық.— Малды ауылға айдап жүріңіз, санаймыз.

Ауылға келген соң ешкіні санап иіріп қойды да, қорадағы лақты санады. Сонан соң зоотехник жігіт:

— Енді лақтарды енелеріне жамыратыңыз,— деді.

Серәлі де оның ойын түсіне қойған. Лақтарды бөлек-бөлек алып шығып, енелеріне жамыратып, жағысқандарын әрі қарай айдап шығара берген. Бәрін жамыратып болған соң облыстан келген кісі қошуақ, риза қалыпта малдың ішін аралап, күйіне зер салып, көп жүрді. Кішкентай шыбыштардың бауырына дейін егіз лақтан жабысып, еміреніп тұрғанын, кексе ешкілердің үшемдерін мүйізімен қақпайлап, кезек емуіне, біреулерінің шеттеп аш қалмауына жағдай жасап жатқанын көргенде жүзіне күлкі үйіріліп келіп, Серәліні құшақтап бетінен сүйді.

— Настоящий герой!— деп арқасынан қайта-қайта қаты.

«Әй, орыстың баласы кесапаты жоқ, қарапайым келеді-ау осы. Әділ-ау. Қарашы мынаның тура мен әкесіне жақсылық жасағандай риза болуын»,— деп ойлаған бұл да көңілденіп.

Ал жыл аяғы болғанда өзіне бәйгеге тиесілі деп тауып, колхоз елу лақ бергенде сенер сенбесін білмей аңтарылған. Мына кереметті қараңыз — бұл баққан ешкі отары тап осылай қатарынан тағы екі жыл төгіп төл берсін. Келесі екі жыл ішінде елу лақтан жүз лақ тағы бәйге алсын.

Кісі сенбейтіндей жағдай. Жұрт та таңқалған. Өзі де аң-таң. Бірақ көзбен көріп, қолмен ұстап тұрған шындық.

— Балаларының несібесі шығар.

— Еңбегінің жемісі де. Алсын. Қалай бақты дейсің ол ешкілерді. Мал жарықтық баға білсең береке де. Күйін келтірсең ауызыңды ақ майға шыламай ма.

— Мұның да басынан өткізбегені жоқ. Сол көрген көп қиындығының қарымтасы да. Дүние кезек деген осы да. Тәңірі пендесіне кілең тауқымет тартқыза берсін бе?

— Ағайынға ниеті бөлек, кісіге қайырымы мол, пейіл-құны адал жан ғой. Сол ниетіне көрінгені шығар. Елдің

алғыс-батасының шарапаты болар,— десті көпшілік.

Ал Жылымбек үсті-үстіне жоғарыға арыз айдап, жыл сайын мұның алдындағы ешкі-лағын қайта-қайта санатып жатты.

— Тұу, құдайдан безген дауасыздың өзі екен. Көзі көріп тұрған нәрсеге осыншама бейбалам жасап, елді әуреге салып, неге басын қатыра береді. Бәле қуған адамға сөз жоқ екен-ау,— деп түңілген де қойған жұрт.

Табиғатынан жамандыққа жоқ, дау-дамайдан аулақ жүргісі келетін Серәлі әсте Жылымбекпен кездескісі келмейтін. Сонадайдан қарасын байқаса, көрмеген сыңайда бұрылып кетуге тырысатын. Ел іші, ара-тұра кейде біреудің қуанышы, біреудің батаоқыры дегендей жиын, бас қосуда кезіге қалса сәлемдескеннен артық тіл қатысуға бармайтын. Кейде оның қатар тұтып, базына, наз айтқысы келгеніне де, кейде тиісіп, қағытқанына да мән бермегенсіп, өткізіп жіберуге тырысатын. «Құрысын, пәлеқор немемен ілініспей-ақ» деп бойын аулақ ұстайтын. Осы кейінгі тұстарда екі-үш мәрте «жарайды, ренішті тастайық. Өткен өтті ғой» деген сыңаймен жанасқысы келгендей де рай аңғартқан тәрізді еді. Серәлі оған да елпілдей қоймады. Көңілі түскір әбден қалып қойған ба қалай «осы аққөт торғаймен әмпейлесіп, кісі опа таппас» деген түйткіл тарқамай тұрып алған.

Сөйтіп өмір бойы айналып өтіп келе жатқан Серәлі Жылымбекпен ақыры бір бетпе-бет кезікпей кете алмапты.

Мал басы өсіп, егін көлемі ұлғайып, жаны нанға тойынып, жылдан-жыл ілгерілеп келе жатқанымен колхозды ауылдың әлі де соғыстан кейінгі жылдардағы шаруашылығының қоңторғайлау кезі. Жұмыс қолының аздығы, күшкөлік, арба-соқаның тапшылығы өз алдына сол барының өзіне қамыт-сайман, үзеңгі-жүген, ер-тоқым дегендер жетіспейді. Әсіресе солардың бау-шуына қажет қайыс таптырмайды. Алайда таптырмайды деп қарап отыра ала ма. Тірі жан тіршілігін жасайды, әр түрлі қам-қарекет қылады. Әрекеті бар колхоз бастықтары түрлі-түрлі жолдармен көзін табады. Өйтпесе, аузын ашып қарап отыранымен әкеліп беріп, қамтамасыз ететін ешкім жоқ. «Сельхозснабтың» жағдайы белгілі. Аты бар да, заты жоққа таяу. Ол азғантай затты аудандағы отыз шақты колхозға шашқанда жұлықтарына жұғын да болмайды.

«Жаңажолдықтар» көктемде лақтап болысымен қылын қырқып алардың алдында ешкіні түбіттейтін. Күйлі малдың қыртысты терісі түкті келеді, әрине. Кейінгі жылдары әр көктемде өкіметке тең-тең түбіт өткізіп, аса қымбат баға-

лы бұл жүн түрінің жоспарын колхоз жүз елу, екі жүз процентке дейін тапсыратын.

Бірде көктемде Жақсылық ешкі түбіттеп жатқанда келіп:

— Секе, мен бір алып-сатарлықпен айналыспақпын,— деп күлді әдеттегі жуас жымиысымен жадырай түсіп.

— Е, ол не?— деген бұл да күліп.— Алып-сатарлық та кісіге керек кәсіп. Әрі сенің оған қисының бар. Нағашың кезінде кірешілерге ілесіп базарға мал айдаушы еді. Сөйтіп жүріп «жаяу саудагер» атанған...

Серәлінің оны өзімсініп, жасы кіші демей-ақ жарасты жерінде әзілдей беретін әдеті бар-тын.

Жақсылық шек-сілесі қата күлді.

— Әй, Сәке-ай, сізде қайдағыны ұмытпайсыз. Табан астында ол қайдан ойыңызға түсті...

«Бұралқы сөз күлуге жақсы». Екеуі өстіп әжік-күжіктесіп алған соң Жақсылық шаруасының орайын әңгімелеген.

— «Сельхозснабта» экспедитор бір жас жігіт бар. Үйі қалада тұрады. Сіз көрмеген шығарсыз. Танымайсыз. Мен облысқа жиналысқа қатынасып жүргенде, таныс жігіттермен ілесіп, үйінде болғанмын. Сонан білемін. Қолынан әр нәрсе келетін жытқыр жігіт көрініп еді. Мейлі онысы өз шаруасы ғой, бізге келер-кетері шамалы. Соған жақында аудан басында кезігіп қалып: Осы біздің колхозға қайыс бермейсіңдер, қайдан қалай табамыз, әбден зәру болдық деп еді. Ешкілі колхозсындар ғой, екі қап түбіт бер, базарға саттырайын да, ақшасына екі жылға жететіндей қайыс әкеліп берейін. Қайыс болғанда да қандай, нағыз высший сорты» дегені. Тәуекел деп соған уәделесіп келгенім.

— Уәделессең түбіт бар ғой. Колхоздың өз мүлкін өзіне жұмсағанның қылмысы жоқ шығар.

— Қылмыс болсын, болмасын негізі бізге бұлай жасауға рұқсат жоқ. Біле қалса жоғары жақ маңдайымыздан сипамайды. Түбіттің бір талын да қалдырмай, пашау шығармай мемлекетке өткізу керек деген қатаң нұсқау бар. Оған бағынбауға хақымыз жоқ. Бірақ мына қайысы түскірдің зәрулігі өтіп барады. Оны табудың мұнан басқа жолы көрінбейді. Түбітті өткізудей-ақ өткізіп жатырмыз ғой. Былтыр екі жүз процент тапсырдық. Биыл да онан көп болмаса аз өткізбейміз. Бірақ сол үшін екі тілім қайыс берейін деп тұрған ешкім жоқ-ау... Өзі ешкіні түбіттеп болып қалдыңыздар ма?

— Таяп қалдық.

— Қазірге дейін тапсырған түбіттеріңіз жоспардың жүз елу проценттіне жақындады. Әлі өткізілмей жиналып қалғаны қанша?!

— Төрт-бес қанар. Бүгін жөнелтеміз.

— Онда, Секе, екі қанарын есепші жігіттен кешке қарай, жұрт көзінен таса кезде, арттырып жіберіңіз. Керек жеріне сол жеткізіп берсін. Ал қалғанына мұқият боларсыз. Түбіттеп жатқандардың ішінен кейбір ашкөздер шығып, қойны-қонышына тыққыштап, рәсуа етіп жүрмесін. Қалғанын дұрыстап өткізейік. Берекесін берсе сол да аз болмас.

— Мақұл, жарайды,— деп Серәлі тапсырғанын тап-тұйнақтай жасаған.

Айтқандай-ақ сонан айға жетер-жетпес шамада қалып-қалыбымен тілініп, қатталған; ұстап көрсең шүберектей жұп-жұмсақ етіп иленген; шаруа адамына етене таныс судай жаңа тері иісі бұрқыраған; кісінің көзі қызыққанда тілімен жылауға бар буда-буда буылған бір қап ақ қайыс колхоз қоймасының төрінде жатты. Оның қашан, қалай келгенімен шаруасы қанша колхозшылар айыл, тартпа, үзеңгі бау, жүген-тізгін, қамыт, қамшыға бір жарып қалған. Бірақ қысы-жазы тыным жоқ, колхоздың шаруасына не шақ келсін, өстіп әжептәуір бүтінделіп қалған құрал-сайманы аз уақыттан соң қайтадан өрім-өрім, алқам-салқам бола бастаған. Сонан соң Жақсылық биыл да әлгі тәсіліне көшпек-тін. Тап ешкі төлдеп бітіп, енді түбіттей бастаған кезде колхоздың есепшісімен екеуін облысқа бір айлық оқуға шақыртсын.

Жүрерінде Серәліге жолығып:

— Секе, түбітті өткізіп болған соң, соңына сала былтырғыдай екі қабын алып қалып, көзден тасалау жерге сақтай тұрарсыз. Келген соң реттермін,— деп тапсырып кетті.

Теңкиген екі қап түбітті, келген-кеткен көз бар, бадырайтып үйінде сақтап отыра алмады да сол жер сенімді болар деп колхоздың қоймасына апарып қойған. Қоймашы жігітке мән-жайды түгесілеп жатпай-ақ:

— Мынау Жақсылықтың тапсырмасы еді. Өзі келгенше осында тұрсын. Ешкім тиіспесін,— деген де қойған.

Сонан екі-үш күн өткен соң, көзі алақтап қоймашы жігіт жүгіріп келсін үйіне:

— Ойбай, Секе, құтқар бәлеңнен?!

— Ой, не дейді, мынау? Не бәле. Түсіндіріп айтшы.

— Әнеукүнгі екі қап түбітті көріп алып, Жылымбек бүлік салып жатыр. «Бұл ұрлық зат. Өкіметке өткізуге тиісті

түбітті жасырып алып қалып, сатып пайдаланбақшысыңдар. Заң орнына мәлімдеймін қылмыстарыңды»,— дейді.

Серәлінің де зәресі ұшып кетті.

— Ой, не дейді, мынау? Не дейді? Оны қайдан көрді?— дей берді сасқанынан.

— Білмеймін, мен қойманы ашып ішіне енгенім сол еді, қайдан сап ете түскенін, кіріп келді де, қуыста тұрған екі қап түбітті бас салды. «Мынау қайдан жатыр, неге тығып отырсың?» деп.

— Сен не дедің?

— Не дейін. Серәлі әкеліп қойды. кімдікі екенін білмеймін дедім. «Онда солай деп, Серәлі әкеліп тықты деп қолыңнан қағаз бер» дейді. «Әйтпесе мына актiге қол қой да, мына екі қап түбітті маған бер, ауданға алып барамын» дейді. Басымды қатырды, әбден. «Мен түкті де білмеймін, қағаз да бермеймін, Серәліден барып сұра, сонан біл» десем, тыңдамайды. «Онда сен де Серәлімен сыбайлассың. Ұрлықтарың бір. Бірге көрсетемін» дейді. «Жан керек болса, өз басыңды арашалаймын десең, Серәліні көрсетіп жазып бер, сенде жұмысым жоқ, онда ісім сонымен болады» деп жаналқымға алып барады. Айналайын ағатай, мына бәлеңнен құтқар. Өзің үйіңе алып кетесің бе, Жылымбекке бересің бе. Тез жүре гөр.

Серәлі де ес жоқ. Тура төбесінен жай түскендей болды. Не істерін білмей аңқиып отырып қалды.

— Жүр де жүр,— деп қоймашы жігіт желкелеп барады.

Сасқалақтап:

— Әй, ол менің затым емес қой, Жақсылық айтты ғой. Колхоздікі ғой,— дейді.

— Мен сізден сұрағаным жоқ қой кімдікі деп. Оны сұрап тұрған кісіге айтыңыз кімдікі екенін.

— Өзі қайда?

— Сол қойманың алдында тұр. Түбітті алмай кетпеймін дейді. Мен иесін ертіп әкелейін деп жалынып-жалбарынып әрең босандым.

— Түбітті алғаны несі? Ондағы шаруасы не? Ол колхоздың түбіті ғой,— дейді бұл далбасалап.

— Ұрланған затты өз қолыммен заң орнына апарып тапсырамын дейді.

Оның түбітке жабысып тұрған түпкі есебін бұл да сезбейді емес, сезеді. Соны сезген соң сасқанынан не дерін білмей айтып тұрғаны. Жылымбектің әрекеті белгілі. Бидай орып жүріп күніне белбеуіне үгіп, үйіне қос уыстап дән ала қайтып, соларды жинай келгенде бір-екі пұт болып қалған жесір әйелдердің үйін көрсетіп тінткізіп, бидай

ұрлады дегізіп, акт жасаттырып, әуре-сарсаңға салып қойғанда, ал мына екі қап түбіт үшін, жамандыққа бет алып, іс насырға шапса сөзге келмей айдалып кетуге болатынын сезеді. Соны ойлағанда жон арқасынан жылан жүріп өткендей қалтырап, мұздай тер шып-шып шықты. Бұл бәледен өзін арашалап алар жалғыз кісі — Жақсылық қана. Ол болса қазір мұнда жоқ. Әлі жарым айсыз келмейді. Оған дейін істің қиынға айналып кетуі кәдік қой. Кәдік емес Жылымбек мына екі қапты өңгеріп апарып дүрс еткізсе, мұны сөзге келмей отырғызар. Не куәсы жоқ. Құр айтқанына кім сенеді.

«Қой не де болса Жақсылық келгенше екі қапты кісінің қолына тигізуге болмайды. Айырылмауы керек. Сонан соңғысын көре жатар».

Осы оймен қойманың алдында ойқастап тұрған Жылымбекке жуаси сәлемдескен.

Келе жатып қоймашы жігітке де мән-жайды түсіндірген. Ол ойлағандай түбі шикі іс емес екеніне, босқа үрейленбей қайта Жылымбекті сабырға шақыру керегін айтқан.

Жылымбек мұның сәлеміне жауап қатқан жоқ.

— Ә, ақыры ұсталдың ба? Кім екеніңді енді көрерміз. Тоныңды айналдырып киіп әшкереленбей жүре беремін деген шығарсың. Мә, жүре бересің.

Жылымбек оң қолын екі бұтының арасына қарай жүгіртті.

Серәлі намыс пен ызадан күйіп тұрса да ұстараның жүзіндей қылпыған мына беймәлім сәтте мінез көрсетуге бара алмай, дәрменсіздіктен тұсалып, кібіртіктей тіл қатты:

— Әй, Жылымбек, неге сонша табалап, асылық істеп тұрсың. Қай ұрлығымның үстінен ұстап алып едің. Менің кім екенімді осы жұрттың бәрі біледі. Тон айналдырып кигенің не. Өйтіп нақақ күйдірме.

— Ұсталмасаң, мынау немене? Бұл ұрлық емес пе?

Қамшымен шаңын бұрқ-бұрқ еткізіп, екі қапты тартып-тартып өтті.

— Оны саған ұрлық деп кім айтты. Колхоздың түбіті. Колхоздың қоймасында тұрған нәрсе.

— Колхоздың түбіті болса өкіметке өткізбей, мұнда әкеліп неге тығып қоясың?

— Тығып қойғаным жоқ, колхоз басқармасының тапсырмасы бойынша әкеліп қойдым.

— Ол неге мұншама түбітті өзіне алып қалады.

— Өзіне алып қалған жоқ, колхоздың шаруасына керек деп қалдыртқан.

— Ол қандай шаруа?

— Оны енді соғысқа кеткен жоқ қой, бірер аптада келер, Жақсылықтың өзінен сұра. Анықтарсың. Ал қазір бүйгіп артық әңгіме жасап, улыған-шулыған етпейік. Бір-біріміздің бет-жүзімізді қайтып көрісетін адамдармыз ғой.

— Сен өйтіп мәймөңкелеме. Өкіметке өткізілуге тиісті түбітті жасырып, қымқырып алып қалғансың, енді уақыт оздырып ізіңді жасырмақшысың. Оныңа көнетін адамды тапқан екенсің. Қазір түбітті ауданға алып жүремін. Қалдырмаймын бұл жерде.

— Әй, жасырғаның не, қымқырғаның не? Колхоздың қажеті үшін Жақсылық қалдыртты деп отырмын ғой.

— Онда екеуіңнің ұрлығың бір. Сыбайластыңдар.

— Кімді ұры қылып тұрсың сен. Жақсылықты да, мені де білмейді емессің ғой. Неге қасақана қиянатқа барып, жала жауып тұрсың?

— Кім жала жапқан? Ұрлығың қолға түсіп тұрған жоқ па?

— Бұл ұрлық емес.

— Неге ұрлық емес. Ұрлық емес екеніне қандай айғағың бар?

— Колхоздың мүлкі, колхоздың қоймасында тұр. Апарып қой деген колхоздың бастығы, енді келіп неге ұрлық болады.

— Колхоздың бастығының осы затты қоймаға апарып өткіз деген нұсқау қағазы бар ма қолыңда? Көрсетші қане?!

Серәлі күмілжіп, ештеңе деп жауап қата қоймаған. Жылымбек сол бастырмалатқан қарқынымен:

— Колхоз қоймашысының «бәлені күні осы затты қабылдап алдым» деп саған берген рәспискесі бар ма?— деді.

Амалы құрыған Серәлі қолға жаңа түскендей жүні жығыла:

— Жоқ,— деп мойындай қипақтады.

— Енді не дейсің? Ұрлық емес екені қане?

Сонан соң қоймашы жігітке бұрылды.

— Ана екі қапты арт қазір менің атыма.

Серәлі сасайын деді.

— Әй, Жылымбек, ұрлық емес екеніне бала-шағамның өмірімен ант етейін. Сәл шыдасайшы, аз күнде Жақсылық келер, ақты-қарасының түбіне жетерсің. Қоя тұрсайшы дүрліктірмей,— деді шын тарыға.

Мұның мысы басылған сайын арқалана түскен қарсыласы мәмілеге шақырған, өтінген сөзін құлағына ілетін емес:

— Арт дедім ғой атқа мен саған. Алып шық ана екі қапты,— деп қоймашы жігітке шүйілді.

— Жылеке, Жақаң келгенше қоя тұрсаңызшы. Бір жолға шыдасаңызшы. Бұл кісі қарғанып, жалынып тұр ғой. Секең өтірік айтатын кісі емес еді ғой. Бір жағдайы бар шығар. Ешқайда кетіп қалатын адамдар емеспіз ғой. Сәл асығыстамай байқап көріңізші,— деп ол да ара ағайыншылық жасап басу айтып жүр.

Бірақ оны да тыңдайтын емес.

— Жоқ сендердің бәрің жең ұшынан жалғасып жатырсындар. Ұрлықтарың бір. Мен бұл түбітті бұл жерде қалдырсам — ертең жым-жылас жоқ қылып, көргеміз жоқ, білгеміз жоқ деп ұстатпай кетпексіңдер. Тастамаймын мен, алып кетемін,— деп қапқа қарай өзі ұмтылды. Оның қимылын бағып тұрған Серәлі де жетіп барған. Екеуінің қолы қапқа бірге тиді.

— Ә, ұры неме. Ұрлығың әшкереленетін болған соң ышқынайын дедің бе. Кім екенің енді әйгіленетін шығар. Озат, екпінді болып көріңгің келеді. Қайдағы озат, қайдағы екпінді сенде жүрген. Сен жаусың. Ұрысың. Қоя бер қапты қазір, жаныңның барында. Бәрі бір құтыла алмайсың, Қоя бер деймін.

Серәлінің де төзімі түгесіліп, енді шегінер жері қалмағандай. Қалш-қалш буған ашу толқыны сабырын жұтып қойғандай, қалыптан шығып, өзін-өзі ұстай алмады:

— Бұзылған төбет, әлі қанға тойған жоқсың ба? Өмір бойы бәлеқорлықпен кәсіп етіп келесің. Қаншама адамды қанқақсаттың. Қаншама жанның көз жасы бар мойныңда. Сол жетпейтін бе еді. Аз ба еді. Енді ел аман, жұрт тыныш, осы бейбіт заманда жайыңа қарап жүрсең болмайтын ба еді. Неге жұрттың тыныштығын бұзып, бәле іздей бересің?! Қоя бермеймін қапты. Алып көр қане. Мені өлтіріп барып аласың.

— Жібер деймін!

— Жібермеймін!

— Тапа осың үшін жауап бересің.

— Мейлі қолыңнан келгенін аяма. Есіңде болсын, саған айтатын соңғы сөзім — аштан өлгені бар; айдаудан оралмағаны бар, соғыстан қайтпағаны бар, сол кеткен талай боздақ, талай қыршын, талай жақсының ешқайсысынан жаным артық емес. Солардан әулие емеспін. Ендігі қалған өмірім — садақа! Тура сенің жолыңа тігемін. Сені жастығыма ала кетемін. Қара да тұр, осыдан бәлеқорлығыңды маған тағы жасасаң — аянбаймын! Тап мына екі қап түбіт үшін біржолата келмеске жібермес. Ақты-қара-

сын шешетін адамдар бар шығар. Тіпті, жалалы болып кеткенде де қайтып оралатын күн туар. Тірі келсем көресің... Ажалың өзімнен... Әкеңнің құны жоқ еді ғой менде, нең бар соңымнан қалмайтындай... нәлетті!...

— Жі...жі...жібер!

— Жі...жі...жібер...мей...мін!

Қапты әрі тартқылап, бері тартқылап арпалыса, жұлқыласа келе ақыр соңында оны тастай беріп, екеуі жұдырықпен ерсілі-қарсылы салысып өтті де, ұмар-жұмар айқаса кетті.

Бір тізерлей кеудесіне мініп қалған екен, қоймашы жігіт:

— Ойбай, Секе, ағатай, бұларыңыз не? Қоя беріңіз,— деп шырылдап жүріп әрең ажыратты.

Қойма ішінің толарсақтан келетін шаңына бөгіп шыққан үсті-басын қаққыштай орнынан сүйретіле тұрған Жылымбек табиғатындағы ызақорлықпен долылық буып ықылық ата селкілдеп, әрі кісі астында қыстығып қалған ентігі бар, тамағы қыр-қыр сырылдап, жаралы жыртқыштай кектене ыңырысып:

— Өмір-темірімде мұныңды ұмытпаспын, Серәлі. Алдыңа келтірмесем Жылымбек атым өшсін. Қап сені ме?!— деді.

Қан-сөлсіз қарсұр жүзі тотияйындай көгістеніп, байғұз жанары қанталай шытынап, тұрпаты кісі шошитындай әлем-тапырықтанып кетіпті. Теңселе басып атына барып мінді де, үйіне қарай шаба жөнелді.

«Қолмен істегенді мойныңмен көтер» деген. Енді не де болса бұйырғанын күтіп алуға көнген пұшайман күймен Серәлі де орнынан тұрды. «Бұл бір улы жылан ғой, ерте ме кеш пе қайырылып келіп шақпас дейсің бе» деп ойлаған. Және «қай жағымнан келіп тиер екен» деген қауіп-сақтығын әсте есінен шығарған емес-ті. Бірақ осы оқиғадан кейін екеуі қарама-қарсы, бетпе-бет кездесіп қалса да бір-біріне назар салып, сәлемдескен емес-ті. Теріс қарап өте беретін. Ал Серәлі бертінге дейін оның сонадайдан қарасын көрсе де тіксінетін әдетін тастай алған емес.

Бұл әдеті, тіпті, бірге жасасып, баяғыдан бойына ұялап, ілесіп қалмай келе жатқан қара көлеңке іспетті десе де болғандай еді. Табиғат — тәңірдің кейбіреулердің жұлдызын әу бастан қарсы жарататыны несі екен. Осы Жылымбекті алғаш көргеннен суқаны сүймеген-ді...

Жылымбектің әкесі кезінде ұрлықпен айналысқан, көрінгеннің барымтасына жүрген кісі екен. Сонан жалалы болып басы үлкен дауға шатылған соң елінен қашып кө-

шіп, әр жер, әр жерге сырғақси, пайыз таппай жүріп, осы төңірекке келіп сіңген кірме еді. Жылымбектің өзі де есейе келе әр кім, әр кімнің жылқысын бағысты, сөйтіп жүріп көрші отырған, жапсарлас ауылдың арасында ара-тұра кездесіп тұратын дау-шар, суық қолдылықтан бойын аулақ салмайтынын аңғартып қалған. Өкімет алғаш орнап, кедей-жалшыны қолдап, сүйей бастаған шақта өмірі кісі есігінде жүрген еті тірі пысық жігіт болып, көрініп айқайлап шыға келген.

Кейде айдарыңнан жел есіп, өмірде жолыңның болуына білім-парасат та, тіпті, ақыл-айла да емес, кеуделеген көк жыңды мінез бен еш нәрседен шімірікпейтін жан кешті арсыздық керек пе қалай?! Жаратылысынан сауаттан да, салауаттан да жұрдай, құр осы кеудем соқ мінезбен ақ Жылымбектің талай жыл наны жүріп келді... Ол ол ма, бетіне тірі жан жел болып тимей, дөңайбатымен жұртты зығыр еткізген заманын қайтерсің...

О, тоба! Талай күндер өтіпті-ау. Талай бейнетті белшеден кешіп, талай дауылға төтеп беріпті-ау.

Тәңірдің көрсетемін десе жақсылығы аз ба?! «Өлмеген құлға келді жаз» деп көрген көп қиыншылықтарының өтеуіндей жақсылықтың жағалауына бұлардың да қол артатын күні жетті... Табан ақы, маңдай терлерінің есесі қайтатын кез бар екен. Кіп-кішкене «Жаңажол» ауылы келе-келе облыстағы алғашқы миллионер колхоздың бірі атанды. Даласында трактордың дауысы естіліп, көшесінде машина зулады. Ешкіші Серәлі аудан, облысқа, қайта-қайта депутат сайланып, жоғары жақта жиналыс шақырылса қалмайтын, жұрттың төрінен орын берілетін сый-құрметке кенелді. Үш-төрт балалы болып, бағып-қағып ер жеткізді. Жасы сексенге таяп мал соңынан қалған соң ауыл ортасының сыйлы ақсақалына айналды.

О, ғажап сырлы табиғат! Серәлінің тіршіліктің киесіне тағы бір тәнті болған нәрсесі — бертін келе елдің ажары кіріп, тұрмысы түзелген шақта Жылымбек шалыққа ұрынып, көрінген жерге, кейде өз киіміне өзі от қоятын ауруға душар болды. Сөйтіп жүріп ақыры өртеніп өлді. Тіфатіфа, беті аулақ. Күлейін, табалайын деген ойы жоқ. Қайта есіне түссе «о, сұмдық» деп түршігіп жағасын ұстайды.

* * *

Дүние шіркін әу бастан алма кезек, тірі пенде әсте қиындығын да, қызығын да көре бермек. Адамзат баласы «қайырын бер» деп тілегенде өмірдің қорытындысын, нәтижесін жақсы ете көр дейді екен ғой. Сонда бастан өткен бар сан-сапалақ ауыртпалық бір күнгідей болмай қалатын тәрізді-ау! Пенденің өткенге салауат, барға қанағат айтып шүкіршілік етіп шыға келетіні де сонан болар. Серәлі де қартайған шағында шүкірлігін аузынан тастаған жан емес. Және де шын пейілімен айтып отырар еді. Осынау ауыл, осынау жұрағаттарының өсіп-өнген, тұрмысты, дәулетті мына болмысына дән риза, тілеуқор ниетпен көңіл-жай қалпын танытар еді...

Бірақ қиянат шіркін, ұмытылмайды екен-ау. Адам санасына сіңіп қалған үрейдің сызы өшпейді екен ғой. Жамандық антұрғанның жаны не деген сірі бәле еді...

АЛТЫН КЕЗДІК

ТАУДАҒЫ КЕШ

Мынау шексіз-шетсіз көк теңіз аспаннан байыз тауып байырқай алмағандай, мұңлық күй кешкен жалғыздай сарсыла сабылған қалпы Қаратаудың құбылысына қонақтаған батар күн қатпар-қатпар қойнаулар мен жыраларға тылсым қою қараңғылық ұялата түсіп, ендігі сәт өртенген кемедей жалындап, отқа оранып, көкжиектің көк белес, күлгін жалына ауыр батып бара жатты. Өртенген «кеменің» жалыны күлгін толқындарға жұтылып, сұлбасы бірте-бірте тұңғыыққа сіңе, көзден тасалана берген сайын қыртысқыртыс тау іші, жоталы жондары элемтапырықтанып, көрер көзге дүниенің бояуы өзгеріп, төңірек сапырылысып кеткендей алас-күлес бір ағын-шеру жүріп жатқан. Бұл әрі-сәрі шақ та әп-сәтте өте шықты да, енді апсиған адырлары өлген айдаһардай сұп-суық, сұп-сұлық түсіп, төңірек жансызданып, түн түнегі тұмшалай бастаған. Тау іші салқындап жүре берді.

Таудағы осынау кештің көңілсіз суретін бала жігіт Бекбосын көптен бері зіл басқан, мұң жайлаған өз көңілінің түнегіндей ауыр сезінді. Кеші байырқаласа сызы теуіп шыға келетін салқын тау ауасынан ба, әлде іштегі ызғардың табынан ба бойы тітіркенді. Қара көлеңкеде нобайы ғана қарауытқан ауыл жаққа зер салды. Жақын арада ораққа бола Жонға көшіп шыққан егіншілердің алтыжеті қараша — қосы. Бірі — бұлардікі. Жаңа кешкісін арбадан босатып қос қаракер атты жетелеп келіп, бұлақтан суарып, шідерлеп, жайылымға қоя берген бойы өзі сол орнында әлі тапжылмай тұрған. Біреуді күткендей сыңайы бар. «Күт, келемін» деп айтқан ешкім жоқ. Бірақ түйсігі біреудің келетінін сезетін сияқты. Әлде құлазыған жабығыңқы көңілдің әлде не жылу іздеген емексуі ме, кім білсін?! Қалай дегенде осы жерден жібермей тұрған бір кепиетті сезімнің шырымталы бар. Әлде кімді аландай күтулі. Мұның

көңілін қобалжытып, бұлай елеңдетіп кеткен Сырғаштың манағы сол құпия сырлы, жұмбақтау көзқарасы еді...

Біржан ұсталып кеткен соң бұл ауылға бастық құтайғанды қойған. Көрші ауылдардан не аудан басынан колхозға бастық болып жаңа кісі келеді. Жыл, жыл жарымға жетер-жетпестен қайта көшіп жатқаны. Не бүлдіріп қойғаны былайғы жұртқа беймағлұм. Әр түрлі жорамал айтып аң-таң күйде қала береді. Әйтеуір, білетіндері жаңа бастық келген бойда қанжығаласып Жылымбектің ертіп жүргені. Әмпей-жәмпей ауыз жаласып жүргені. Сонан соң не кетер қарсаңда, не кетіп жатқанда бір-бірімен жүгірісермен қалға жетіп, әке-бабадан түк қоймай боқтасып, салғыласатындары.

Жақын күнде тағы бастық ауысыпты деп естіген. Жаңа адамды кешікпей Жондағы егіншілерге Жылымбек ертіп келді. Келесау пошымды, дүңкиген дөй қара екен. Табанының астында қара жер бар екенінен хабарсыз жан тәрізді, мүттем аспанға қарайды. Кісінің сәлемін алуға ықыласы жоқ. Төңірегінде адам тұр-ау, олармен тілге келіп, жай-жапсар сұрасу керек-ау деген ой қаперіне кіріп-шықпайтын сияқты. Құлақ, зейіні тек сөзді астын-үстің сапырып, жанында құнжыңдап жүрген Жылымбекте ғана. Көпшілік қауымға жаңа бастықтың кейіп-кескіні, мына мінез болмысы алғаш көргеннен ұнамағандай.

— Бұл, жазған, айтар шаруасы, білер жай-жағдайы болмаса мұнда несіне келген. Не мақсат мына жүрісінде?!

— Қоқи, біздің де төбемізге тышпағаны қалмады-ау. Осы ауылда адам құрығандай мынаны қайдан іздеп тапты екен?!— десіп; енді біреулері:

— Оқасы жоқ, тым жанасып, жақындасқан жайы бар екен Жылекең кешікпей-ақ жайғастырар. Сонан кейін сапсалғыдайы келе қалса. Қайтесіңдер оны, шаруаларыңды шаруалай беріңдер. «Су ағады, тас қалады»,— деп басу айтып, түскі шайға қосқа қайтуға бет алған егіншілер өзара кеу-кеулесіп қалған. Сол кез егістікті аралап көріп жүрген қос атты бұларға қарай бұрылды. Олардың өздеріне қарай бет алғанын көрген соң иіріліп күтіп тұрды.

Егіске орақтың алғашқы түскен күні еді бұл. Әуес көріп, ырым көріп жас қыздар, келіншектер «үйге апарып қуырып жейміз, егін басы, жаңалық ас қой»,— деп орамалдарына, белбеулерінің шетіне қос уыстан үгіп қызыл дән түйіп алған. Жылымбектің қызыл көзі ә дегеннен соған түскені.

— Орақ басталмай жатып, ұрлыққа кіріседі. Шетінен бау кеспе, әкеңнің... Төгіңдер бәрін мынаған,— деп ат дор-

басын ұсынып омыраулай тоқтаған.— Түгел үйлерін тінтіру керек бұлардың милиса шақыртып.

Қолында түйіншегі бар төрт-бес қыз-келіншек болмашы дәнді дорбаға ақтара-ақтара салып, тапа бір сұмдық ұрлықтың үстінде ұсталған жандардай зәре-құттары қалмай үрпиісіп-үрпиісіп шыға келді.

— Әлден өстіп таси бергенде шақ келтіре ме?— деген өзінің осы ісін мақұлдатқандай қасындағы жаңа бастыққа бұрылып.

— Дұрыс,— деп дүңк етті ол танауының астынан леп шығара сол аспандаған қалпынан өзгермей.— Қырманшыға тапсыр, күнделікті қадағаласын. Сол жауап береді. Мұнан былай мұндай іс болмасын.

Тұрғандардың ішіндегі кекселеу, аузының оты бар, адуынды әйел:

— Әй, Жылымбек, осы елдің бәрін ұры-қарыға шығарғанды қашан қоясың? Балалардың қызық көріп: «алғашқы бидай, қуырып жейміз»— деп жаңа ғана үгіп алған қос уыс дәнінен кімнің қамбасы ортаяды. Қарашы, әне, бір шөкім атдорбаңның жартысынан да келген жоқ қой сол төктіргенің. Е, құдай пейіліңді алғыр,— деп салған.

Жаңа бастық әйелге бөжей көргендей оқшырайып қараған, бірақ ләм-мим деген жоқ. Оның есесіне Жылымбек ат ойнатып, ақиланып кетті.

— Әй, тарт тіліңді, әкеңнің...

Әйел оның доғына айылын жия қоймады.

— Әкеден садаға кеткір. Әкеден тумаған қасиетсіз. Осы елдің әкесінің бәрі сенің құрдасың ба еді, қит етсе саптап шыға келесің. Обал-сауапты білмеген, айуан.

Жұрт күтпеген мына жанжалдан шошынысқан кейіпте бүрісіп-бүрісіп төменшіктеп қалған. Ал Жылымбек ат бауырына алып, тартып-тартып өтпекке оңтайланып, қамшыны көтере ұмтыла берген. Сол кезде жағдайдың барысын пайымдап тұрған, қолында ұзын сапалағы бар Бекбосын топ ішінен атыла ұмтылған бойы аттылы мен әйелдің арасына көлденеңдей қыстырылды. Түрі өрт сөндіргендей түтігіп кеткен:

— Жақындама, тиіспе,— деді Жылымбекке ызбарлы айбат көрсете. Еш нәрседен тайынбайтындай мынаның дүлей, түйілген ашулы кейпінен тайсақтады ма ол енді киіп кете алмады. Бетінен сідігі шыға қалш-қалш дірілдеп:

— Ә, күшік, жетіліп қалған екенсің,— деді ызалы тістене.— Тұра тұр, бәлем.

— Бұ кім?— деп күңк етті дөй қара Бекбосынға ұнатпай қарап.

— Бөрінің бөлтірігі. Халық жауы Біржан Жылқыбаевтың үлкен баласы. Көрдіңіз бе істеп тұрғанын. Осы ғой бұлардікі. Түп-тамырына балта шаппай болмайды ғой, бұлардың.

— Жарайды, көрерміз. Жүр, кеттік,— деді дөй қара атының басын өздері келіп түскен қырманшының үйіне қарай бұрып.

— Әдіре қалғыр, құдайында көз жоқ, әкімінде мейірім жоқ, қаңыраған тас дүниедей меңіреу бір заман болды-ау. Кімнен әділдік, кімнен қайырым күтпексің. Кімге жылап, кімге шағынарсың. Тірілер жерің Жылымбек болған соң бұл дүниеден не опа. Қос қолыңды төбене қойып қаңғырып, тентіреп кеткен дұрыс қой,— деді әлгі әйел таусыла, тарыға, қара жондағы қара жолды шаңдата ереуілдеп бара жатқан қос аттының соңынан қарап тұрған бойы.

Ойда жоқта берекелері ұшып, үрпе-сүрпе иіріліп қалған егіншілер олардың қарасы ұзаған соң барып ауылға қарай қозғалған. Түскі шайларын ішіп, жантайып дамылдап алып, күн ауа жұмысқа қайта шыққан. Осыдан енді қас қарайғанша тыным жоқ, әрине.

Жалпақ жонда ырғалып тұрған егістікте орақшылар орып баулап тастаған бидайды арбамен қырманға таситын Бекбосын кешкілік соңғы қатынағанында, әр жердегі дестелерді тиеп жатқан өзінің қасынан Сырғаштың шырғалап екі-үш рет жүріп өткенін байқаған. Әлде не айтқысы келгендей оқталып-оқталып барып тайсақтағандай ыңғай танытты ма, қайтты. Бірақ жылыұшырай жәудіреген жанары сыр аңғартқандай. Бір айтпағы бар тәрізді ме, қалай. Әлде бұған солай көрінді ме?!

Бірақ бағанағы күтпеген жанжал, жайсыз әңгіменің табы көңілінен өшпей енжар, сүлесөк жүрген Бекбосын ә дегенде оның қас-қабағындағы сырлы нышанға зер салып жатпаған. Соның салдарынан қызға тіл қатып сөйлесу қаперіне кіріп шықпаған. Ол ұзап кетіп қалғаннан кейін барып артынан ойланып, санасына әлдене жеткендей болған. Ендігі күтісі сол ойдың тұспалы.

Сырғаштың өзіне деген жылы көзқарасы, ықыласы басын бұл кейінгі кезде там-тұмдап сезе бастағандай еді. Осының әсері ме кейде оқыстан бетпе-бет жүздесе кеткен сәттерінде қысылып, қызарақтап қалатын. Сондай күйді қыздан да аңғаратын. Бірақ әлі күнге сәлемнен басқа артық-ауыс тілге барып көрген емес. Қыздың бүгінгі күнгі ыңғай-ниеті бұған тосын, жұмбақ жайдай әсер етті. Енді міне белгісіз бір сезімнің шырмауымен мына бұлақ басынан кете алмай тұрғаны.

Иә, сезімі алдамапты. Бұлақ төңірегiнiң қалың шалғынын сусылдата сыдырып, бұлың-бұлың қарайған қараң еткенде жүрегі лүп-лүп алып ұшып, қаны басына шапшығандай жүзі ду ысып қоя берді. Қараңғылық жамылып, айдалада жалғыз тұрған жігітке жақындауға жасқанғандай қыз аралары арқан бойы қалғанда қалт тоқтады. Жігіт не істерін білмей әрі-сәрі күйде қарақшыдай қалқиған қалпынан қозғалмаған. Сәл сәтке ыңғайсыз бір үнсіздік басты. Сонан кейін екеуі де ілгері қарай екі-үш аттап басып барып қайта тоқтады. Әлгі сәттегі еңсені езгендей үнсіздік қайта орнады. Бекбосын қарадан қарап қысылғанынан бұлауға түскендей. Бар тапқаны шып-шып терлеген маңдайын сап-салқын алақанымен қайта-қайта сұрткілейді. Осынау қысылшаң сәттің қанша уақытқа созылғанын білмейді, әйтеуір, есін жиғызып құтқарып алған Сырғаштың өзі болды.

— Бекбосын, сен кімді күтіп тұрсың?

— Сені.

Бұл сөздің аузынан қалай шыққанын өзі де аңғармай қалды.

— Менің келетінімді қайдан білдің?

— Білмеймін... Әйтеуір, келетін сияқты көріндің.

Қайтадан үнсіздік орнады. Төңіректі қаусырмалаған қараңғылық қоюлана түсті. Мұңды әуенін сызылтып шілделік шырқырады. Түнгі құстардың бірі әлдеқайдан сенделе далпылдап келіп, екеуінің арасынан соқтығып өтердей сүйкене зу етіп, лезде көзден ғайып болды. Кеші ертерек байырқалайтын кең аңғарлы ойпаттың аясы тарылып, ақшам жамырап-жамырамастан түн көрпесін мықтап қымтанып үлгергендей. Жұлдыздар әлі жана қоймаған. Тіршіліктің еш ара жігі ажыратылмаған, төгілген сиядай бояуы бір түсті, көз тұтқан бұлыңғыр қараңғылық көңілді құлазытқандай. Бекбосын енді бұлай үн-түнсіз тұра берудің реті жоғын сезген. Әңгімені қалай бастаудың да қисынын зерделей алмай әлек. Сол абыржулы қалпы:

— Неге келдің?— деп сұраған. Даусының қатқылдау, оспадар шыққанын соңынан барып аңғарды. Өзі де іштей «қап» деп өкінгендей.

— Келмеуім керек пе еді?— деді қыз ұяң үнмен жылап жіберердей даусы дірілдеп.

— Жоқ, жоқ... Мен...— жігіт сасқалақтап не дерін білмей қыздың жанына жетіп барды.— Сырғаш, мен... Бір нәрсе айтпақ па едің дегенім ғой...

— Өзің ешнәрсе айтпайсың ба?!

— Жоқ...

Бұл сөз де абдырап тұрып аузынан қалай шығып кеткенін аңғармаған. Іштей тағы «қап» деді. Қателігін табан астында түзете қоятын жағдайы қане. Үнсіз қалды.

— Бекбосын,— деді сол сәт даусында әлі діріл табы бар қыз.— Мен мына затты саған берейін деп едім. Жоғалтпай сақтап ұстарсың. Ескерткіш болсын. Әкемнің айырылысар алдында қолыма ұстатқан мүлкі еді. Біздің үй, біздің ошақтан қалған жалғыз зат. Әкемнің көзіндегі көретін дүнием еді. Сен ер азаматсың ғой, саған лайық деп ұсынып отырмын.

Мүйіз сабының алқымдығы мен түбі құйма алтынмен ұстатылған ұзындығы қарыстай ғана алмас кездік екен.

— Рахмет, Сырғаш, бұл ықылас-пейіліңді өмірі ұмытпаспын,— деді жігіт толқи.— Ер азамат еді деп бір артқан сенімің шығар, тірі жүрсем осы көңіліңнің үдесінен шығуға тырысармын.

Бекбосын өлім жоқ, жітім жоқ, атпай шаппай, тападай тал түсте, бір-ақ күнде әкеден айырылған сол қаралы сәттен бері жыл жарым мезгілде өліп-тірілгендей, меңзең тосын күй кешіп келе жатқан. Дүние өзгерді ме, жоқ дүниеге деген мұңын зейін, зердесі өзгерді ме, әйтеуір, тіршілік ағысы басқа арнаға ойысып кеткендей. Бұрын пайымдамаған көп нәрсенің аңғарына енді зер сала бастаған. Бұрын сезбеген көп нәрсені енді сезе бастаған. Соның бірі жұрттың қас-қабағы, ниет, пиғылы еді. Тіршіліктің қырысырын кісіге аңдататын осы қос жанардан аңғарылатын қилы-қилы емеурін, тұспал, ызғар, сес, мейірім, шапағат тәрізді, тек түйсікпен ғана болжамдауға болатын, әйтпесе адамдардың жан дүниесінің қатпар-қатпарында жасырылған толып жатқан сезім иірімдері мен пейіл-күн екен де. Бұл да адамдардың өзіне деген неше түрлі көзқарасын көңіл таразысымен таразылап, ара-жігін ажыратуға төселіп қалған. Кейбір кекеген, ықтырған, жек көрген суық назарлардың сұғын тітіркене сезінсе, өзінен үрке, жатырқай қарағандарды түсінбей қиналатын. Сол сан алуан сұқ, жанарлардың ішінде өзгешлеу, жанына жақын қабылдайтыны осы Сырғаштың қараған көзі шығар. Оның жанары қайсы бір кісілердің аяй, мүсіркей, жаны аши қарағанынан да бөлек, жылылыққа толы. Айырықша пейіл таныта, тілектестік сездіретін. Сол Сырғаштың мына тосын мінез тартуына Бекбосынның әрі қуанып, әрі қобалжыған сыңайы бар. Әйтеуір, қолындағы іске татыр тәуір затын сыйлап, мұның жабырқап жүрген көңіліне қарлығаштың қанатымен су сепкендей демеу бергісі келгені ме; жоқ ер азамат деп есептеп, ес көріп, лайықтап тартқан тартуы ма; жоқ сұлу

бойжеткеннің астары бар сырлы құпиясы ма, мейлі, қайықыласын да құлдық ұра жігіт қабылдауға дайын еді. Бірақ соның қиюын келістіріп, ойын сөзбен өрнектеп жеткізуге, көңіліндегі қалтқысыз ризашылығын, алғысын білдіруге мұрсаты келмей қиналды. Бар болғаны іштей рақметін айтып тебірене толқыды.

Жігіттің осы күйін қыз байқағандай. Екеуі бұлақ басындағы тақтай тастың үстіне қатар келіп отырған. Түн астында қарауытқан нобайлары қараңғыда бүрісе қонақтаған қос көгершін тәрізді еді.

Қыздың көкейінде оған айтсам деген талай сөз сайрап жатқан. Тек аузын ашып, тілінен шығаруға әлде қандай тылсым үрей еркіне жібермейді. Айтпақ түгілі ойға алудың өзі қорқынышты тәрізді. Қыз сонда да қайсарлық жасағандай, әлде неге ерегіскендей, айтпағын іштей қайталауға батылдық таба білген.

«Біржан аға қайырымды, жақсы кісі еді ғой. Мен сенбеймін ол кісіні жаман дегенге. Мүмкін ақ-қарасы шешіліп, аман-есен келіп қалар. Қамықпашы, сен ер азаматсың ғой. Сен жігітсің ғой. Ер азаматы аман болса елдің кеткені келіп, кемтігі толмас па?! Сендер аман болыңдаршы. Өзің аман болшы...»

Сырғаштың айтпағы осы еді, осыны айтуға келіп еді. Дауыстап айта алмады. Жүрегінің лүпілімен айтты. Бірғажабы оның осы ойындағысын жігіттің түйсігімен қабылдап, түсінгендей кебі бар-ды. Сол сәт ол қой көзді, жұмсақ жанарлы, жуас, орнықты қимыл; жылы қоңыр үнді әкесінің «Бекен-ай» деп тұратын мейірімді жүзін сағына есіне алған. Ол кеткеннен бергі өз үйінің шешек шыққандай елден сырт орайланған өгейлігін; елсізде адасып қалған қаріптей пұшайман күй кешіп, шилаңдай жұрттың ортасында отырып-ақ тартқан жалғыздықтың тауқыметін: күйікті көңіл, құлазыңқы тұрмыстарын ойлап күрсініп салған.

— Жеңешем іздеп қалар, мен қайтайын,— деді Сырғаш орнынан сыпайы көтеріліп, мұнымен қош айтысқандай, рұқсат сұрағандай сыңаймен.

— Сау болып тұр, Сырғаш. Рақмет. Кездікті әр ұстаған сайын Боташ атаны еске алып жүрермін.

— Рақмет, алла разы болсын.— Қыз тамағына түйіліп келіп тоқтаған өксікті қинала қайыра жұтып, дауысы дірлдей үн қатқан.

Аспанда аярлана жымындап жұлдыздар жана бастапты. Көк пен жер снші бөлісіп, шекара ажыратқандай. Жоғары жақ сәл бозамық тартып, мақпал, қараторғын күмбезі кеңейе түсіпті. Жаңа әзірдегі көз байлаған тұтас бұлың-

ғыр, қоймалжың қараңғылық тапталып жер бетіне ғана тығыздалып қалған тәрізді. Әудем жердегі ауыл қарасы көзден тасаланыпты. Жер бедері біркелкі қарақошқыл түске енген. Сол қараңғылыққа сіңіп, белгісіз бір дүниеге бет алғандай алыстап бара жатқан қыздың соңынан жанарын талдыра қараған жігіт көз алдындағы қара ноқат ұшықиырсыз қарақошқыл түспен араласып, еріп, жым-жылас көрінбей кеткенде көңілі тағы қабаржып, құлазып жүре берген... Кеудесіне әлдеқандай өкінішті сезім себезгілей еніп, жан дүниесін сыздатып, шықпай қойған...

БОСҚЫН

Өз басында мұны жоқ жан басқаның зарын сезбесе керек-ті. Сырғаштың да қаршадайынан тағдырдың тәлкегіне ұшырап жетімдіктің қамытын киген жарым көңілділігінен бе екен жұрттың жарасына жүрегі ауыратын сезімтал жан болып өскені...

Боташ өмір бойы тәуір ат мініп, құс салып, ит жүгіртіп, аңшылықты кәсіп еткен жан еді. Жасынан байлық, билік қуып әуестенбеді. Ол шіркіндердің маңдайына жазылған жан болмаса қуғанның бәрінің қолына түсе бермейтінің ерте зерделеді ме, жоқ жанын салып қызықпады ма, ел алдына шығармайтын, көш соңында қалдырмайтын, бірақ, әйтеуір, ешкімге алақан жайдырмайтын, тәңріден басқаға тәуелсіз, еңбегіне жалынған осынау кедей қолды тіршілікті қолайлады. Қазығынан үнемі бір тәуір ат кеткен емес. Ал бала-шағасының несібе-нәпақасы дерлік есігінің алдындағы майда жандықтары он-он бестен артқан кезі шамалы. Онан бөлек не мүйізді, не тұяқты, не шудалы мал басы бітіп көрген жоқ. Шалап-сусын — ағайыннан, қаужақ-қужақ — даланың жүгірген аң, ұшқан құсынан. Бірақ жұртқа қадірсіз, ауыл үйге сүйкімсіз жан атанбады. Өз тіршілігіне өз шүкіршілігі жетерлік, тәубесі түгел от басы саналатын. Төңірегінде кара-құра, туыс-тумасы да баршылық. Жастай жер астына жөнелткендерін «өзі бергенін — өзі алдыға» сайғанда, сабаудай төрт ұл, бір қыздың қарасы қарайып ел қатарына қосылды. Балаларының алды әжетке ілігіп, қолқанатқа жарады.

Замананың құйыны қалай соғады дерің бар ма. Осы ұйып отырған тіршілік көзді ашып-жұмғанша ұйпа-тұйпа болды. Әп-сәтте көрген түстей елесі ғана қалды. Құдайдың кәріне ұрынды ма, жоқ әлде қамшысы шошаңдай ауыл айнала шапқылаған белсенділердің зәбіріне ұрынды

ма, қайсысынан көрерін білмейді, оңдырмастай болып мойынға түскен тағдырдың тауқыметі «аһ» ұрғызды да кетті.

Алғашқыда мыңды айдаған байларды кәмпескелеп, дәулеттілерді ғана қырына алған белсенді өкілдер келе-келе жарлының жалғыз торпағына да ауыз салуға айылын жимады. Табиғатында әмір айтса көнген момын жұрт «мұнысы қалай» деп аңтарылғаннан басқа қарсы қайырымға келмеді.

Сол зауал Боташтың көзінің қарасындай, жалғыз Ақтабан атына да таянды. Қалың сонарда қасқырды сойылмен соқтыратын әккі жүйрік қазанат жігіт ағасынан өтіп, шау тартқан кексе аңшының тұрмыста күн көрісі, тіршілікте қанаты еді. Соны: «Өкілдер мінеді, орталыққа аламыз»,— деп келген шабарманды Боташ:

— Кеудемде жаным тірі тұрып жалғыз атымнан айрылмаймын,— деп айдап салған.

Сонан кешікпей мелиса — белсенді болып «туу» деген түкірігі жерге түспей арындап тұрған, атын естігенде жылаған бала қоя қоятын әйгілі Жылымбек, қасында екі-үш атқосшысы бар, мылтығын шошайтып сау ете түссін.

— Өкіметке қарсы әрекет жасап отырған контрсың. Айдап алып кетіп қамаймыз. Жан керек болса атыңды өткіз,— деді.

— Алсаңдар байдың малын алыңдар. Менің жалғыз атымда кімнің әкесінің ақысы қалды,— деп бір кісілік қайраты бар, мінезді Боташ шарт кеткен.

Айқай қайдан шығады деп елеңдеп, оң иығын беріп тұратын Жылымбектің қоламтасына май тигендей маздамағанда қайтсін. Әңгіме жанжалға бет алған.

Жаны күйген Боташ ашына-ашына айтқан.

Атының омырауымен қайта-қайта қақтыра кимелей айналып, аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып, езуі көбіктене еліріп, қамшы үйіріп, бұрқырата сыбап жүрген Жылымбек ара-тұра:

— Тіліңді тарт, контра. Кедейдің тонын жамылып жүрген байдың құйыршығысың сен. Ойың арам, артың былғаныш. Сендерді әшкерелемей, көзін құртпай өкіметтің жұмысы оңға баспайды. Қамау керек, айдау керек сендейлерді,— деп өзеурейді.

— Қамамақ түгілі, атып таста, әкенді... Кедейді бүйтіп жарылқағандарыңның ішін ұрайын...

— Ә-ә, солай ма?! Бәсе, бәсе... Айт, тағы не айтарың бар.

— Солай, тіреп тұрған аспаныңды тастап жібер.

— Міне, көрдіңдер ме, нағыз жаудың сөзі. Ауданға алып жүру керек. Еркімен жүрмесе байлап алып кетеміз.

Осы сәт есіктің алдындағы өренің астында, көлеңкеге қағылған ашада, тұғырда отырған сарала бүркіттің әлденеге шаңқ-шаңқ шақырғаны. Жылымбек тамыр талшықтарына дейін қанталап, шарасынан шыға адырайып, айналып кеткен жасыл, шегір көзі жау көргендей ойнақышып, еліре, тұғырдағы құстың қасына жетіп барған.

— Бәйге ат мініп, бүркіт салғың келеді, әлі бұрынғы байлардың заманын аңсайсың, ә. Аңсарсың. Аңсатармын саған. Иә, енді аңға саларсың. Қызыл алтайы түлкіні қанжығаңа байларсың,— деп келіп бүркітті мылтығымен тартып салды.

Аяғы ашаға байлаулы қыран екі-үш рет қанатымен жалп-жалп сабалады да болат шеңгелдері тарбая сіресіп, төмен қарай салбырап, асылды да қалды. Орақтай өткір имек тұмсықтың астынан, ездуден жылбырап қан ағып, жерге тырс-тырс тамды.

Мына көрініс, мына оқиға аңшының жанын табаға қарығандай ышқындырып жіберді.

— Затсыз, тексіз әкеңді... Ол заманда бұл заман адам баласы, қыран құсқа оқ кезеген бе еді. Байлауда тұрған құстың не жазығы бар. Не әкеңнің ақысы бар онда,— деп айқайлай ұмтылып, үйдің босағасына таяу белдеуде қыстырулы тұрған қайың сойылды ала салып көзді ашып жұмғандай жылдамдықта ат үстіндегі Жылымбекті ұшырып түсірген. Бірақ оның арты өзіне бәле болып жабысты. Өкіметтің адамына қол көтеріп, заңға қарсылық жасағаны үшін екі жылға абақтыға отырып шықты. Онан босанып, жадап-жүдеп, азып-тозып елге әрең жетсе — «жылап келіп, еңіреп отырғанға тап болғанның» кебін кісін. Ол әйгілі отыз екінің қысының қарсаңына іліккен еді елге. Малдан ада, тіске басардан жұрдай от басына еш қылар қайран, дәреметі болмады. Аштық араласты, сүзек араласты көктемге дейін әйелі мен азамат болған үш ұлын өз қолынан жер астына жасырды. Көктем шыға жалғыз қызын жетелеп, жаяу-жалпы Қаратауға қарай ауған елдің қарасына іліккен.

Сырғаштың тоғыз жасқа шыққан кезі.

Бұл төңіректегі майханадан аман қалған көпшілік ел бірен-саран аяқ артар көлігі бар жұртты сағалап, соларға ілесіп, мол қосын болып, алдыңғы шұбырған топпен бірге кеткен. Оларға қосылуға кеудесінде жаны бар, көзі әлі жұмылмай бозарып, мөлііп жатқан үлкен ұлын не көте-

ріп жүре алмай, не тірідей жұртқа тастап кете алмай соның үзілуін күтіп, қарайлап байланып қалған. Керексіз жанның шығуы да қиын ба, мүскін бейшара созылып көп жатты. Ақыры кәлимасын айтып, бетін топырақпен жасырып, мұсылманшылық парызынан құтылған соң:

— Ал, қызым, «өлмейтінге өлі балық кездеседі» деген, ажалың алыс, көрер жарығың таусылмаған жан болсаң тіршілік етіп кетерсің. Қолымнан келсе сені бір қараға жеткізіп тастайын, жүр,— деді.

Әлгіндей, әлгіндей мәнейі себептермен елдің соңында қалып қойған, ажынан жүруге жарайтын біраз жұрт жиналып, алғашқы кеткендердің ізімен Қаратауға қарай бет алуға ыңғай қылған екен. Боташ соларға қосылуға ниет еткен тәрізді. Өзінің де халі төмендеу, жүдеу. Ұзақ жүріске жарар-жарамасы неғайбыл. Осы күйін шамалайтын сияқты. Алайда қаршадай жалғыз қызын ел қарасынан айырғысы келмеген ықылас, үміт; жаны кеудесінде тұрғанда ұмыта алмас әкелік парыз орнынан кирелеңдете тұрғызып қолына ақ таяқ ұстатқан.

Бос салақтаған бір жағын шекпенінің белбеуіне қыстырып, бір жағын иығынан асыра арқасына тастаған шағын ала қоржынның түбінде қайдан қалғаны, қайдан алғаны Сырғашқа беймәлім қос тостағандай бидай талқаны бар. Екеуінің бар жүгі сол. Көбіне әкесін Сырғаш қолынан жетелеп демеп отырады. Боташ кеудесі сырылдап, жиі алқына береді. Сонда да, әйтеуір, сүйретіліп ел сілемінен қалмай келеді. Демігіп қиналған сеәттерінде қызы:

— Көке, қоржынды беріңіз, мен арқалайын. Сізге ауыр ғой,— дейді.

— Жоқ, балам, құдай қуат берсе өзім алып жүрейін,— деп ұстатпайды. Бала неме қолында болса әп-сәтте жеп тауысып нәрсіз қала ма деген қауіп барын Сырғаш қайдан білсін. Ұйықтағанда да қоржынды бас жағына жастанып жатады. Күніне екі-үш мезгіл әлгі талқаннан жарым уыстайын суға шылап, қызына береді. Ал өзінің шымшып тілінің астына салып талғажулағаны болмаса ауыз толтырып бір малжаңдағанын көрмепті.

Елдің дүрмегінен қала алмай кеудесін сүйретіп ілесе шыққан талай күйсіздер аштық өзегіне түсіп кетті ме, ұзақ жүрісті көтере алмады ма, жолай ұбақ-шұбақ, батпаққа жығылған малдай тұралап қалып жатты. Тірі адамды көмуге кісінің дәті бармайды. «Мені қайтесіңдер?» деп жәудіреп мөлиіп жатқан көздеріне тура қарауға дәттері шыдамай, назарын алып қашып төменшіктеген қалыптары:

— Хош, сабазым! Құдай, өзі кешірсін. Қолдан келер

қайран жоқ. Әркім өз шыбын жанын алып қашып бара жатқан далбаса заман. Бақида кездескенше. Хош! Сөге көрме,— деп жылыстай бергеннен басқа шаралары жоқ.

Қүдекең құлдыратса пенде шіркін айуанға айналып жүре бере ме қалай, мал екеш малды өлейін деп жатқанда арам тастамайтын қазекең ет бауыр туыстың өзін бір қап тезектей-ақ теңкітіп тастап артына мойын бұрмай кете баратын болды. Өйтпеске не ылаж. Тағдыр талайдың кезіктірген бұл опатына қылар басқа не қайраны бар.

Шудан өтіп, Мойынкұмның қалың жалының ортасына кіргенде Боташ жүруге жарамай қалды. Күйі жоқ қажып келе жатқан жұрт мезгіл-мезгіл тоқтап дем алатын. Сәске түс кезінде үлкен жалдың теріскейіндегі қалың сексеуілді көлеңкелей жапа-тармағай дамылдаған жұрт су қайнатып, таңдай жібітіп, тіске басарларын қаужақтап, ептеп жан шақырған соң қара жолға қайта түскен. Боташ сол отырған орнынан тұра алмай қалды. Дыйы барлау екі-үш кісі қолтықтап тұрғызып, сүйемелдеп көріп еді, алға қарай талпынбады. Кирелеңдеп қайта құлады.

Жығылып жатып қасындағыларға мені енді әуреле-мендер, біттім дегендей қолын сілтеп ишаратты жасады.

Бірге келе жатқандардың ішінде Боташқа ет жақыннан немере інісі Қоңырбек пен оның әйелі Күлмесжан бар еді. Қасына ымдап екеуін шақырды. Әлде не айтуға оқталып, соған демі жетпегендей, әл жинағандай сазарып біраз жатты.

— Оһо, көз жанары кетіп қалған екен ғой. Енді қатарға қосылмас, Қайран ағакем-ай! Мына опасыз тіршілікті осылай аяқтағаның ба,— деді Қоңырбек күрсіне түсіп, жатқан мүскінмен тілдескендей жүзіне тура қарап.

Боташ та оның айтқанын айна қатесіз түсінгендей, басын изеді. Сонан соң қырылдаған қарлығыңқы үнмен:

— Мына бейбақты әуелі құдай, сонан соң өзіңе тапсырдым. Тірі болсаң көз қырыңды сала жүр. Маған енді алаңдамаңдар. Жолдан қалмаңдар, елден қара үзбөңдер. Мына қалтаның түбінде мына балаға үш-төрт күндік талғажу бар. Сәтін салса енді әрісі төрт күнде алдағы кеткен елдің ортасында болсарсыңдар. Оларды өкімет иелігіне алып, азық-түлік беріп асырауда деген. Оларға ілінсеңдер аман қалғандарың. Кешікпеңдер, жүріңдер. Хош,— деді.

Осыны айтқан соң қалтыраған қолдарын жайып қасына қызын шақырды.

— «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі». Талқаның таусылмаса жүре бересің. Пендеге қара жердің үстінде қалқайып тіршілік кешкеннен артық ештеңе жоқ.

Жақсы ма, жаман ба бұйырғанын көрерсің. Ол алланың жазуында. Ешкімнің ақылымен, сұрауымен, пәрменімен болатын іс емес. Тәңірім тек саған өмір берсін. Қалт-құлт етіп, үзіліп жанған шырағынды сөндірмесін. Хош, қошаканым,— деп маңдайынан иіскеді.

Көзінде жас жоқ, қаны суалып қалғандай жүзі сұп-сұр, боп-боз, тірі аруақ кейіпте. Қызын шашынан сыйпалай, қисайып жатқан бойы қойнынан қарманып бір нәрсе іздеді. Былғары қынапты кішкене кездік екен. Сырғаштың үстіндегі жеңсіз, қара барқыт пешпентінің жан қалтасына дірілдеген әлсіз саусақтарымен өзі апарып салды.

— Жоғалтпай ұста,— деді қажып, сыбырға ауысқан үнмен.— Бар енді, бар. Қоңырбек ағаңнан қалма. Соның айтқанын тыңда. Мен кейін артыңнан қуып жетемін. Қазір жүруге шамам келмей жатыр. Кішкене әл жинаған соң арттарыңнан барамын. Сен жүре бер... Бара ғой, жарығым...

Бұл кезде елдің алды қара жолға түсіп қыбырлап бара жатқан.

— Көке, мен сенің қасыңда қаламын. Сені тастап кетпеймін. Сен демалып тыңайған соң Қоңырбек ағамдарды артынан бірге қуып жетеміз ғой,— деп шырғалап, айналшықтап әкесінің жанынан шықпай жүрген Сырғашты Қоңырбек қолынан ұстап:

— Жүре ғой, қалқам, енді кешігеміз,— деді.

Баланың санасына сұмдық үрей ой сонда барып сап ете түскен.

Білегін қолынан қалай жұлып босанып кеткенін Қоңырбектің өзі байқамады. Қыз шырқыраған бойы әкесін құшақтай құлады.

— Көке, сені тастап кетпеймін. Кетпеймін ешқайда. Сенің қасыңда қаламын.

Қыз тас қылып әкесін құшақтап алған, айырылатын емес. Без-без етіп шыңғырғанда құлын даусы аза бойды қаза қылады. Аз күнде-ақ мұндай сұмдықтың талайының куәсы болып, көзі үйреніп, еті өліп кеткен жұрттың қайсы бірі үрпиісе қарап тоқтап тұр. Қайсы бірі ештеңемен ісі жоқ жолға түскен бойы мәңгіп, ілбіп барады.

— Кетпеймін, көке, кетпеймін, кет демеші. Сен қалай жалғыз қаласың. Ағатайлар-ай, көкемді тастап кетпеңдерші...

Қыз ұшып көкке, ұшып жерге түсіп шыр-пыр. Көзін тарс жұмып алған Боташ кемсеңдеп, жылауға шамасы келмегендей күйзеле екі-үш лоқсып, ыңырси үн қатты:

— Қоңырбек, қинама мені, алып кет баланы.

— Кетпеймін, ешқайда кетпеймін. Сені тастап кетпеймін...

Қоңырбек тік көтеріп қызды арқасына салып алған бойы теріс қарап жүре берді.

— Ойбай-ай, ағатай-ай, жіберші мені. Тастап кетші көкемнің қасына.

Қыз аласұрып, арпалысып, босанудың әрекетін жасауда. Мұның енді жібермес сыңайын аңдаған соң:

— Ойбай-ай, көке-ай, қалғаның ба?! Өлесің-ау енді, жалғыз өзің,— деп боздады...

Қыздың құлақ түбінен жылаған, жалынған даусы төбе құйқасын шымырлатты... Жаңағы аялдаған жерде Боташтан да басқа екі-үш кісі тұра алмай қалып қойған. Жал асып солардың қарасы көзден тасаланған бойда Қоңырбек Сырғашты арқасынан түсіріп, «уһ» деп демін алып, қолынан мықтап ұстап жетелеп:

— Сырғаш, айналайын, көкең өзі айтты ғой, тынығып біраз демалған соң арттарыңнан барамын деп. Келеді. Жылама,— дейді.

Есін біліп қалған бала оған иланбайды:

— Келмейді ғой, ағатай, келмейді ғой. Айдалада қасқыр жеп кететін болды-ау, көкемді,— деп артқа қарай кетпек болып тартыншақтайды.

— Айналайын айтқанды тыңда,— дейді ылажы таусылған Қоңырбек. Менен қалмай ілесіп отыр. Біз елге, ауылға бара жатырмыз. Оларда бізге береміз деп сақтап отырған көп нан, тамақ бар. Тезірек соларға жетуіміз керек.

— Онда неге көкемді тастап кеттіңіз. Сол тамақтан жесе өлмес еді ғой көкем. Барып ертіп келейікші, ағатай,— деп мөлт-мөлт өксиді.

Артына қарай-қарай, аңырай тартыншақтап қыз келеді, онсызда сенделген басты шайқай түсіп, кезерген ерінді тістелгеннен басқаға дәрмені жоқ, қылар қайраны жоқ, бар қолынан келгені ку тағдырға нәлет айтып Қоңырбек келеді. Мұң мен азап жайлап алған шерменде дүниенің ішіне сыймай шығарған шеріндей құлазыңқы қоңыр үнді, сары даланың сары желі тынымсыз ызыңдайды. Ыңыршағы айнала ыңылдай қозғалып, бір үміт, бір күдікпен қалт-құлт күй кешіп Қаратауға қарай жал асып келе жатқан босыған жұрт. Тағдырдың тәлкегі ме еді? Тауқыметі ме еді? Не зауал еді бұл? Оны кім сұрар? Кімнен сұрар? О, ку жалған! Жалған десе жалған шығарсың!

Босыған жұрт ертесіне кешке салым жалдың шетіне шыққан. Тап сол жерде бұларға қарай азық-түлік, азын-

аулақ аяқ артар көлік алып қарсы келе жатқан бір топ кісіге кезікті. Бұлардың бері қарай шұбырып шыққандарын естіген өкімет адамдары көмекке шағын керуен аттандырған екен. Көбісі таныс, өз аулының адамдары. Бір-бірімен жылап көріскен жұрт. Ішінде Біржан мен Жылымбек те жүр.

Жағдайды сұрастырып біліп, кімнің қай жерде қандай күйде қалғанын, жол бойы қанша кісінің, кімдердің жерленгенін анықтаған соң Біржан жүруге дыйы барлау, әрі адамдардың қай тұста, қай жерде жатқанын білетін Қоңырбекті ертіп, арғы жағына бармағанымен осы екі-үш күн ішінде қалып кеткендердің шамасын шолып қайтпаққа ыңғай танытты.

— Ой, қалғандар енді қатарға қосылар дейсің бе? Босқа әуре болып керегі не? Міне, елдің көпшілігін кезіктірдік. Осыларды аман-есен алып барсақ та жетер. Ұшы-қиырсыз далада шашылып қалғай қай өлікті түгендеп таусуға міндеттіміз. Өкіметтің бос жатқан басы артық көлігі жоқ. Әйда, доғар, олай қарай баруды,— деп Жылымбек жатып келіп қарсы болды.

— Әй, әрі — Бетпаққа дейін барамыз деп тұрғанымыз жоқ қой. Ботекеңдер кеше ғана мына жерде тірі қалса әлі үзіле қоймаған шығар. Қасына келіп отырып қалай тастап кетуге дәтіміз шыдайды. Екі-үш күнде қайтып ораламыз. Осы жуық шамада қалғандарын қарап шығайық. Кеудесінде жаны барын қалдырмаймыз, елге артып апарармыз. Демі біткендерінің бетіне топырақ салайық. Адам баласы емес пе, обал ғой. Сендер бізге қарайламандар, жүре беріңдер,— деп Біржан көнбей екі ат, бір түйемен суыт аттанып кетті.

Екі күннен кейін ел шетіне іліккен бұларды қуып жеткен. Боташты түйеге теңдеп алып келіпті. Әлі демі үзіле қоймаған, санасында еміс-еміс саңлауы бар екен. Түйеден түсіріп жерге жайластырып жатқызғанда көзін ашып, жан-жағына қарауға жарады. Айнала тұрған жұртты танығандай ишара аңғартты. Қызы келіп «көкелеп» басын сүйегенде ерні қыбырлап: «шүкір»,— деп күбірлегендей болды. Сонан көзін ашып, тілге келген жоқ. Кешікпей дүние салды.

Балалары тегіс шетінеп, әйелі мен екеуі сопа бастары қалған Қоңырбек Сырғашты маңдайынан шертпей-ақ өсірді. Әйелі Күлмесжан да «еркем, еркем, еркежан» деп туған қайынсіңлісіндей еркелетіп бақты. Сонау босып келген ел колхоз-колхоз болып ұйымдасып, қоныстанып алған. Қоңырбек пен Күлмесжан колхоздың қайда жұмысы болса сонда көшіп-қонып жүреді. Елдің етегі жиналып, қабырғасы бүтінделе бастаған. Осы кезде тағы да күтпеген тосын жай жұртты үрпитіп, зәресін алып кетті.

Үлкен мен кішіге бірдей қайырымды, жаны жұмсақ, көпке жаққан аяулы азамат, осы елді ел етемін деп күндіз-түні тынбай сабылып жүретін елгезек жан, колхоздың бастығы Біржан бір күнде ойда жоқта, үн-түнсіз ұсталып, қолды болды. Не қылмысы, не бүлдіргені барын айтқан да ешкім жоқ, білген де ешкім жоқ. Есін енді жиып келе жатқан жұрт маңдайға соққандай аңтарылып, жасыды да қалды. Біреуден біреу сұрауға, біреуге біреу ауыз ашып айтуға қорықты. Әр көңілде бітеу жарадай сыздаған тылсым үрейдің табы ұялады.

Көптің көкейіндегі осынау кеп есейіп, оң-солын зерделеп қалған Сырғаштың да басында бар еді. Ол да аң-таң күйде күйзелген. Ол да ешкімнен сұрай алмай пұшайман болған.

Бірде жұмыстан келіп, түскі шайларын ішіп отырғанда Күлмесжан үй сыртында әлдекім тыңдап тұрғандай-ақ қаймыға сыбырлап әлдеқандай әңгімелердің шетін шығарған.

— Бастық қайнағаны халық жауы деп ұстапты ғой. Өкіметке қарсы, теріс пиғылдағы кісі дейтін көрінеді. Ой, сұмдық-ай, сенейін бе, сенбейін бе?!

— Оттамай отыр!— Көп сөзі жоқ, жуас Қоңырбектің ашуланғанынан бет-аузы қисайып, түсі бұзылып, күлгін тартты. Қолындағы кесесін лақтырып төңкере салып, теріс қарап іргеге бетін беріп жатып қалды. Әйелі сасқанынан дастарқанды біресе бүктеп, біресе қайта жайып абдырап әлекке түсті.

Сырғаш Қоңырбектің неге сонша ашуланғанын түсінбей жаутаң-жаутаң етті. Әйеліне бейсеубет сөйлеме дегені ме, әлде Біржанды ондай жаманатқа қимағаны ма соның байыбына бара алмады. Ал өз көңілі Біржан ағаны ондай жаман адам дегенге мүлде сенгісі келмейді.

Біржаннан кейін кешікпей-ақ осы шағын ауылдың өзінен әлгіндей жолмен онға тарта кісіні ұстап әкетті. Елді

алапат үрей басып, сарыуайым жайлады. Ұйқы-күлкіден тағы айрылды. Еш нәрсенің ақиқатына көзі жетпей дал болды. Еміс-еміс жалғыз ғана ақиқатты тұспалдаған. Ол — осыларды көрсетуші Жылымбек екен деген сезік еді.

Біржанның тете өскен Бекбосын, Есбосын атты екі ұлы бар. Бекбосын шаруаға жарап қалған, колхоздың егін, шөбін жинауға қатысатын. Әкесі ұсталған күндерде шешесі ай бойы үйінен далаға шыға алмады. Інісі Есбосын ойын балаларына барып қосылуға табы болмай бүгежектеп, шешесін айналшықтайды. Мойнында міндетті жұмысы болған соң жер бауырлап жата алмай, ертелі-кеш арбасын жегіп есік алдында Бекбосынның ғана қарасы бой көрсететін. Ол үйге кіріп-шығатындар сап тыйылған. Ол үйден көршілерге қатысатын тағы ешкім жоқ. Ауыл үйдің арасын тым-тырыс салқындық сызы жайлап алған-ды. Осынау жатырқаушылық, қолайсыз оңашалық жыл аралағанымен Біржан үйінің босағасынан сейілмей қойғандай. Соны сезген Сырғаштың жүрегі сыздайтын. Ертелі-кеш есігінің алдында жалғыз күйбеңдеп жүрген Бекбосынды аяйтын. Күйеуі кеткен соң аурушаң тартқан Үміт жиі жатып қала беретін. Ондайда үй арасы жақын, хабар алып, шай-суын дайындап беруден Сырғаш тартынбайтын. Бұл үйге көбіне кіріп шығатын сол ғана. Бірақ Бекбосынмен сөзге келмейтін, ұялып, тартыншақтайтын. Тұйық мінезді Бекбосын да қызға қарап тіл қатайын деген ыңғай танытпайтын. Қыздың бар жоғын елемегендей тоң-торыс жүретін. Сол Бекбосынға кездікті берген күннен бастап, екеуінің арасына үйірсектік орнағандай, кездескен жерде тілдесіп, бір-біріне деген жылы шырай, оң қабақтарын танытып, көңілдерін жасырмайтын. Кейде әзілдесіп, күліп-ойнап қалатын сәттері жоқ емес. Осындай жолығысу кезегінде Сырғаштың:

— Апаңа келін түсіруді қашан ойлайсың? — дегені бар.

— Сенің өзіңнің біздің үйге келін болғың келмей ме? — деді бұл әзілге әзілмен жауап беріп.

— Менен басқа қалайтын адамың бар ма еді, — деген қыз шынымен сұрағандай.

— Жоқ, жоқ, — деген бұл сасқалақтай. Мұның осы абыржығанына қыз мәз қалыпта сықылықтай күлген.

Дегенімен осы әңгіме жігіттің ойына түрткі, қозғау салған тәрізді.

Осы әңгімеден кейін Бекбосын шешесіне сөздің орайында:

— Апа, келін түсірдіңіз келмей ме? — деген.

«Қорыққан мен қуаңған бірдей» деген ғой, шешесі еш

нәрсе айта алмай аңырайып отырып қалыпты. Бұл үйге қуаныш та өгей нәрседей жүзінде сенімсіздік, дұдамал, жалтақтау бар.

— Апа, неге үндемейсіз, келін түсірдіңіз келмей ме?

Үміт сонда барып есін жиғандай болды. Екі ұлының иықтаса ер жетіп қалғанын енді аңғарғандай еді. Құдай қызығын тауыспаса өзінің әлі алда көрер тойы, қуанышы барын есіне алғандай. Көзіне үйіріліп келіп қалған ыстық жасты жаулығының ұшымен сорғытып:

— Неге, қарағым, неге келін түсіргім келмесін. Біз құдайдың пендесі емес пе екенбіз, келін түсіріп қуаныш көрмейтіндей. Жақсы ықылас, жақсы ырым ғой айтқаның, қалқам. Шын ниет алып па едің?— деді.

— Апа, сіз мақұл десеңіз осы жаздың аяғына қарай, егінді жинап біткен соң, Сырғашты үйге кіргіземін.

— Мақұл, жаным, мақұл. Қабыл болсын. Дүрілдетіп той жасайтын күн кәне? Отқа май тамызып, ақ батамды беремін де. Қабыл болсын, қалқам.

Бірақ егінді жинай алмады. Егін ырғалып пісіп, толысқан шақта қырық бірінші жылдың алапаты басталған. Ауылдан алдымен аттанғандардың ішінде Бекбосын мен Қоңырбек бар еді. Сонан дүркін-дүркін шақырыстан алғашқы жылдың өзінде-ақ бас көтерер еркек кіндіктен Жылымбектен басқа адам қалмады. Жолын тауып Жылымбек қана босанды әскерге барудан. Онымен қоймай колхозға бастық сайланды. Иесіз, панасыз елге жынойнағын салды дерсің сонан соң...

Бақташысы соғысқа аттанған иесіз отарды Момын деген жасы келіп қалған қарияға тапсырып, «көмекшісі әрі түнгі қарауылы сенсің» деп Жылымбек Күлмесжанды қосып берді. «Бармаймын, қолымнан келмейді» деген әңгіме айтылмайды, әрине. Амал жоқ, ел ішінен жырылып, елсіз таудағы жайылымға қосын өгізге артып, Сырғашты ертіп көшіп барды.

Астында ауыздығымен алысқан ақ сұр сәйгүлік Жылымбек апта сайын таудағы малшыларды аралайды. Аралаған сайын, бару, қайтуда, асу жолдың бойындағы Момынның отарына соғып өтеді. Соғып ғана өтпейді, тау қойнауында торғайдың ұясындай бүрісіп отырған жұпыны шағын ауылды — екі қараша қосты дауыл болып шайқап, өрт болып қуырып, үскірік болып қарып өтеді. Қойшы шал, Момын десе момын байқұс, Жылымбектің қарасын көзі шалғаннан сауысқан көрген жауыр аттай қайқандай бастайды. Заты жуас, жасқаншақ Күлмесжанның қарадан қарап берекесі ұшып, зәресі қалмайды. Кісіні иықтарда

Жылымбектің таппайтын бәлесі, тақпайтын кінәсы жоқ. Қарсы сөз айтса үлкен демейді, кіші демейді қамшы сілтейтін әдеті және бар. Оған жұрттың бәрі көнген. Кей күндері бұлардың ауылына қонып қалады. Ондайда Күлмесжанды шақыртып алып, шай құйдырып, шалдың үйінде жатады. Түнге қарай:

— Әй, шал, бүгін қойды өзің күзет,— деп бұйырады.

Сонан Сырғаш түн ортасында Күлмесжанның үйге қайтып келіп, мұп-мұздай болып қасына, төсегіне, кіріп жатқанын байқайтын. Сол жатқаннан теріс қарап алып өксіп-өксіп жылайтынын аңғаратын. Қоңырбектен барысымен қара қағаз жеткен. Соны ойлап, соған жылайтын шығар деп топшылайды Сырғаш.

— Жеңеше, жеңешетай, қойшы енді,— деп шашынан, арқасынан сипалап жұбатады. Күлмесжан онан сайын егіледі.

— Бүйтіп бейшара, бүйтіп тап-тақыр, бүйтіп мазақ болатындай бұл құдайға не жаздым деп солқылдайды.

Үнемі бұрық-сарық қайнап, бетінен сідігін шашып, жұрттың апшысын қуырып, көгеріп, сазарып жүретін Жылымбек кейде Сырғашқа табан астында өзгеріп, көңілдене қылжақтайды.

— Әй, балдыз, бойжетіпсің ғой өзің. Баяғының балдыздары жезделеріне емшегін ұстататын еді. Сен қыз өйтпейсің де. Не істесем екен осы өзінді,— деп арсыз ыржалақтайтыны бар.

Әкесіндей адамның тап бұлай қалжыңдағанын тұла бойы түршігіп ұнатпайды-ақ. Қарсылық жасауға дәрмен жоқ. Бетіне қарауға қаймығады. Кейде «мен сіздің құрда-сыңыз емеспін ғой, дардай адамсыз, мұныңыз не бассыздық» деп айтып тастамаққа оқталып-оқталып жүзіне зер салса жайшылықтағы жыландай ысқырған, көкдолы, шегір көз, шұбар бет әзірейілдің орнында екі езуі құлағына жеткен, мәз қалыптағы, арқа-жарқа, әжептәуір кісі отырады. Сонан кейін: «Құрысыншы, ашуына тимей-ақ. Тағы да борандай бұзылып шыға келер мына жұрттың апшысын қуырып»— деп үндемей қоя қояды.

Жасының екі мүшел үлкендігіне қарамай Момын үнемі Жылымбек келгенде аттан қолтықтап көтеріп түсіріп, кетерінде қолтықтап аттандырады. Ауылда Момын болмай қалған кездерде:

— Әй, қыз, кісі аттандырмайсың ба?— деп Сырғашты шақырады. Ол жоқ дей алмай амалсыз қазықтан атын шешіп, үзеңгіге аяғын салған Жылымбектің қолтығынан демейді. Бірде ерге жайласып отыра беріп шылбырын

әперіп жатқан Сырғаштың төсінен уысын толтыра мытып кеп қалды. Қатты қысқаны сонша қыздың ауырсынғаннан көзінен жасы ытып кетті.

— Тостағаның толған екен, әй қыз, байсырап жүрсің-ау,— деп қарқ-қарқ күледі жанарында өзеуреген арсыз жылт ойнап.

«Айуан, нәлеті» — деді қыз іштей жиіркене түңіліп.

Сонан кейінгі келгенінде аттандыр деп шақырғанында: «Өлтірсе де бармадым», — деп үйден шықпай сазарып отырып алған. Тұрып-тұрып өзі мінген Жылымбек:

— Қап, сен қызды ма, тұра-тұр, — деп атын бауырлап, тасырлата шаба жөнелген. Сонан көп кешікпей бұлар бағып отырған отардан бір ісек үшті-күйлі жоғалды. Келген сайын:

— Малдарың түгел ме, өлген-жытқан, жоғалғаны жоқ па?! — деп сұрайтын Жылымбектен болған жайды жасыра алмай шындарын айтқан. Сол сол-ақ екен ауылдың үстіне атты ойнатты-ай келіп. Айтпағаны жоқ. «Тап та, тап, қайда құрттыңдар» — деп алқымдап барады. Зәре құты қалмаған Момын шал мен Күлмесжан далбасалап бірінен-бірі көреді.

— Түнде күзеттен жоғалған шығар, — деп күмәнданнады қойшы шал.

— Өрістен жоғалған шығар, — дейді Күлмесжан.

Екеуінің басқа айтары жоқ.

— Үш күнде қайтып ораламын, ісекті тауып қосып қойыңдар, әйтпесе, екеуіңді де соттатамын. Кемі он жылдан кетесіңдер, — деді Жылымбек өз қолында тұрғандай кесімді түрде. Оның айтқанын істейтініне бұлардың да күмәны жоқ-тын. Бір қой түгілі, бір уыс бидай үшін кесілгендерді көздері көрген. Өздерін енді сотталдыға жорыған. Үш күн түгілі үш айда отарға бір ісек қоса алатын күйлері кәне. Момын шал да бүрісіп, шөгіп кетті. Күлмесжан бұрынғы жылау жылау ма, үкімі кесіліп қойған адамдай езіліп орнынан тұра алмай қалды. Сырғаш қалай жұбатамын деп асты-үстіне түсіп бәйек.

— Құдайға сыйыныңызшы, тәуекел дейікші, жеңешетай. Бұлай күйрей бермеңізші, — дейді бар айтары сол.

Түңілген күйдегі Күлмесжанның үнлеген лебінен жалын атады.

— Еркем-ай, сол құдайда көз бар дейсің бе?!

Сырғаштың оған қайырап уәжі қайсы. Ал Күлмесжанның орнына өзі-ақ сотталып кетуге пейіл. Күлмесжанды кесуге келгендерге «оны қалдырып, орнына мені алыңдар» деп айтуға, жалынуға іштей әбден бекінген шешімде.

Үш күннен соң, айтқандай-ақ, кешке қарай Жылымбек келді. Әдеттегісіндей шалдың үйіне бармай бұлардың қосына түсті.

Жайшылықтағы едіреңдеуі жоқ, өңінде тосын бір сабыр, маңыздану бар. Не сұмдық, не сөзді күтіп үрпиісіп, әмір етсе тарының қауызына кіруге даяр ыңғайдағы бұлар оны жаңа көргендей, таңдана жапақтасып қалған.

— Иә, жоғалған малды таптыңдар ма?— деді сәлден соң сол сабыр сақтаған қалпы.

— Жоқ.

— Жоқ,— деп миңгірлесті Момын мен Күлмесжан жанарларымен жер шұқып.

— Енді қайтесіңдер? Сотталып кете бересіңдер ме?!

— Мынаның үнінен, сыңайынан қайырым күткендей шал еңкілдеп жылап қоя берді.

— Қайдан, қалай кезіккен жазым екенін білмейміз. Бар тапқанымыз бірімізден біріміз көреміз. Әйтеуір, қара басты бізді. Енді не қылсаң да өзің білесің, батырекесі. Тірліктің бар тетігі өз қолында. Қаусаған шал, жесір қатын... аяй көр, тақсырекесі. Тағдырымыз өз қолында тұр енді... Екі жалғанда тілеуіңді тілеп өтейік...

Күлмесжанда үн жоқ, төмен қараған бойы пырс-пырс етеді. Бастық пенделердің мына мүшкіл қаліне айыздана қарап алып, салмақтана ыңыранып:

— Жарайды, не жолын табуға болады екен, ойластырып көрейін. Сен шал күзетіңе бара бер,— деді. Момын қауқалақтап тұра жөнелді.

— Сен қатын, байың жаңа өлгендей бода-бода бола бермей ана ердің артындағы қоржынды алып келші. Күлмесжан қоржынды әкеліп берді. Қоржынның басынан шүберекке оралған бір асым сүр ет шығарып:

— Мынаны тездетіп асып жібер. Ұндарың бар ма еді нан илейтін,— деді.

— Азын-аулақ бар еді.

— Онда мен сәл мызғып алайын, тамақ піскен соң оятарсың.

Жылымбек жастыққа басы тиген бойда қор еткен. Тамақ түскенде Күлмесжан түртіп оятқанда «а-аһалап» тапырақтап, жау қудылап оянды. Қанталап кеткен екі көзі құтырған иттің жанарындай ойнақшып жан-жағына үрке қарап алды, сонан соң барып есін жиғандай:

— Тұу, қатты ұйықтап кетіппін ғой. Күні-түні дамыл жоқ, әкеңнің көрін...— деді өзінің ерсілеу оянысын жуып-шайғандай.

Тамаққа отырар алдында қоржыннан ішінде мөлдіреген

сұйық толы көк шыныны суырып Күлмесжанға ожаумен су алдыртты. Кесе сұрады. Алдына үйдегі құрсаулы екі шыныаяқтың бірін қойып еді:

— Тағы екі кесе әкел,— деді.

Олардың бәрін қайтеді дегендей аң-таң күйдегі әйел қалған кесені тағы әкеліп қойды да:

— Кесенің бары осы еді, тостаған болмаса,— деді.

— Мейлі, әкел.

Күлмесжан көже ішетін тостағанды және қойды.

— Өздерінде келіндер тамаққа, таянып отырындар,— деді әрі бұйрықты дауыспен әрі мырзалық таныта.

Осының ыңғайынан қалай шығамыз деп жанын шүберекке түйген екеуі еріксіз, таянып, табаққа қол созған болды.

Жылымбек көк шыныны үш ыдысқа бөліп құйып, шалаптағандай үстіне су араластырды. Бір кесені өз қолына ұстады да:

— Ал екеуің де менімен соғыстырып ішіп қоясындар,— деді бұлардың ішетініне еш күмәны жоқ көңілмен.

— Ойбай-ау біз ішпейміз ғой,— деп ыршып түсті Күлмесжан.

— Неге ішпейсің. Мен іш деп отырмын сендерге,— деп Жылымбек оның бұл бас асаулығын ұнатпағандай оқшыраря қараған.

Күлмесжан қылмыс жасап қойған кісідей пұшайман болып, жасып қалды.

— Өмірі татып көрмеген нәрсем еді,— деді жалынышты үнмен.

— Татпасаң татасың. У беріп отырғаным жоқ. У болса өзім ішемін бе?!

— Сонда да... құдай үшін қинамаңызшы.

— Әй, сен қыз алсайшы ендеше.

Сырғаш зәресі ұшып ат-тонын ала қашты. Тіпті, табақтан безіп кетті.

— Жарайды тамақ ішіп алайық. Сонан соң көреміз. Онда тамаққа келіндер. Әй, сен қыз, таян. Аузыңа жығып құймаймын, қорықпа. Ал, ішпесеңдер,— деп өзі шай кесе аз толмаған мөлдір сұйықты дем алмай тартып салды да ашырқана тыжырына көзін жұмып, келеге түскен бурадай оқыс ыңыранған үн шығарып, басын сілке шайқады. Сонан соң мол шеңгелдеп, тамақты асады келіп. Табақты еңсергенше басын көтеріп жан-жағына зер салған жоқ; Күлмесжан мен Сырғаш тамақтың шетінен шымшып қана ауыздарына апарып жеген қалып аңғартуда. Табақ тықырлана бастағанда барып, еңсесін жазып, қолын дастарқан-

ның шетіне сұрткен күйі қызара бөртіп тершіген жүзін қасындағы әйел мен қызға бұрды.

Жаңағыдай емес қоқиланған Жылымбек қалпын қайта тапқан сыңайы байқалады. Көзі ойнақшып:

— Екеуің мені мазақ етейін деген екенсіңдер ғой,— деп бастаған әңгімесін.

Күлмесжан жік-жаппар болып, шыр ете түсті.

— Ойбай мазағыңыз не? Ол не дегеніңіз. Садағаңыз кетейік. Сізді ренжітейік деген ойымыз жоқ.

Бұл сөзге талағы тарс кетті:

— Онда айтқанымды неге тыңдамайсыңдар!

Ішкіліктің буы бойына әбден жайылып, жайшылықта кеудемсоқ елірме жан онан сайын арындап арқаланып көтеріліп келе жатқан жайы бар. Екеуі енді қайттік дегендей бір-біріне жапақ-жапақ қарасып, торғайдай қалтыраған.

— Жылымбектің сөзін аяқ асты етіп, жерге тастағандай, кімсіңдер, сендер. Көздеріңді ашып қараңдар. Әкелеріңді танытып ертең соттың алдынан шығарайын ба?! Әй, қатын, сенің жаның менің қолымда екенін білесің бе?

— Білемін, білемін. Не істе дейсіз? Не істейін?

— Ісінді сотқа өткіземін. Обалың өзіңе.

Жылымбек мәселені шешіп қойғандай қолын бір-ақ сермеді.

Күлмесжанда зәре қалмады.

— Ағатай, азаматсыз ғой, еркексіз ғой, аясаңызшы...

— Ә, солай ма?! Онда азаматтың, еркектің сөзін жерге тастамау керек.

— Қай сөзіңізді жерге тастап едім?! Не істе дейсің? Не қылайын?

— Мынаны неге алмайсыңдар ал дегенде.— Жылымбек иегімен мөлтілдеп, шүпілдеп тұрған тостаған мен кесені нұсқады.— Әй, қыз, жеңгең соттала берсін деп отырсың ба?! Саған керегі сол ма?!

— Егер осыны ішсем соттатпайсыз ба?— деді Сырғаш ызадан ба, үрейден бе, дауысы дірілдеп. Әлде амалы таусылып айтты ма, әлде ерегіспен айтты ма, әлде шынымен Жылымбектен қайыр күтіп айтты ма ол жағын өзі де пайымдай алған жоқ. Тіпті, сол сөзді қалай айтып қалғанын да аңдамады.

— Соттатпаймын,— деді Жылымбек қағып алғандай шапшаң жауап қайырып.— Түгел таусып іш, соттатпаймын. Мә,— тостағанды қолына ұстатты.

— Азаматтық сөзіңіз ғой!— деді Сырғаш тәуекелге бел буған үнмен.

— Азаматтық сөзім. Ант етемін. Әй, қатын, сенде ішесің,— деді. Сырғаш қалай ішіп тауысқанын білмеді, тостағаны босағанын ғана аңғарған. Ә деп жұтқаннан-ақ удай бір өрт өңеш-қолқасын өртей, ішін жандырып, жалап кеткенін сезген. Сонан тостағанның түбіне жете алмай өліп кетер ме екенмін деген, өлсем өлейін деген, дем алмай жұта берген. Енді міне қолында бос тостаған, өліп-тірілген адамдай есеңгіреп отыр. Қасында қақалып-шашалып, лоқсып Күлмесжан әлденені сылып-сылып жұтқан тәрізді. Жаңағы қылкөпірден өткендей қиямет сәттен аман-есен қалғанына тәуба етіп, енді есін жыйып, өзіне-өзі келмек болып сәл сабыр сақтап отырмақ еді, бір кез басы айналып, жарға құлап бара жатқандай жүрегі төмен тартып, есі ауып жүре берді. Сонан түзеле алсайшы. «Енді қайтті, ұят-ай! Өз бойына өзі ие бола алмай былқ-сылқ етеді. Көз алды бұлдырап үй ішіндегілер жүзіп жүрген тәрізді. Әлде өзі жүзіп жүр ме денесі жеп-жеңіл, қол-аяғы жерге тимейтін сияқты. Жанындағылардың да даусы күңгір-күңгір алыстан жеткендей. Бір сөзін естіп, бір сөзін естімейді. Естігендерінің өзі санасында қорытылмайтындай. Үй ішіндегілер күле ме-ау, жылайма-ау, түсініксіз шымшытырық.

«Маған төсекті қайынсіңліңмен бірге салып бер»— дейме-ау Жылымбек.

«Қайынсіңлісі кім, төсегі не?»

Біреу умаждап жұлмалағандай ма. Біреу құшақтады ма? Әлденеге қытығы келіп сықылықтап күлді ме қайтты. Онан кейін бір жаман түстер көріп жылады ма, ию-қию түсініксіз дүние. Әлден уақытта жүрегі айнып лоқсып құсты. Сонан кейін ұйықтап кетті ме, есін білмеді.

Таңертең сал болған кісідей тұла бойын ала алмай, дел-сал, мең-зең күйде ояғанда өзінің айра-жайра қалпын көріп «құдай төбемнен ұрған екен» деп тұла бойы түршігіп, шошынып кетті. Өзінен-өзі безіне, өзінен-өзі жиіркеніп, мына дүние, мына тіршілікті сұмдық жек көріп, қаңғып, тентіреп, қара жердің тесігі болса кіріп кеткісі келді. Түпсіз тұңғыық болса түсіп кеткісі келді.

— Мендей сорлы, мендей сұмырайды алатын құдай бар ма екен, алса екен,— деп егілді.

Тумыс табиғатында адамның өзін-өзі өлтіргенін көрмеген, естімеген, бейкүнә, мөлдір жаратылыс азаптан арылудың ондай да сұмдық жолы бар екенінен бейхабар еді. Бар қолынан келгені өзін-өзі жеп, өзін-өзі жерлеп басын

тауға ұрды, тасқа ұрды. Апталап жер бауырлап жатып алды. Күлмесжанның жұбатуы да, жалынуы да «құдай-ау, енді қайт дейсің» деп күйіне жылауы да әсер еткен жоқ. Мейіздей қатып, безірейген қалпынан өзгермеді.

— Адамға дүниеде іштей тынған жаман деуші еді. Сен мына беталысында күйіктен өлерсің. Босқа обалыңа қалармын. Осында енді біздің қарайлайтын неміз қалды. Басымыз ауған жаққа кетіп тынайық, бүйткенше,— деді Күлмесжан.

— Сөйтейікші, жеңеше. Кетейікші осы жерден. Қарамызды батырайықшы.

Осыдан көш жерде соғыстың алдында темір жол келіп, шахта ашылып, қала тұра бастаған. Соғыс басталғанда тоқтап қалған. Енді сонда құрылыс қайта жанданып, жер-жерден жұмысқа адам іздеп жүр деп еститін. Екеуі ақылға сала келе сонда қоныс аударуға шешті. Сырғаш барған бойда жақында әйелі өлген салт бас, мосқалдау жұмысшыға күйеуге шығып кетті. Тағдыр — талайдың бұйрығына дауа бар ма. Мынау мұң жайлаған шерлі, баянсыз, қиянаты үстем тіршілікте тағы да бір махаббат гүлі мезгілсіз үзіліп, тағы да бір арман үміт өрісін таппай қиылған. Тағы да бір балауса жастық үсік ұрған қызғалдақтай ерте солған.

ҚОРҚАУ БҰҒЫЗ

Көптің басына түскен нәубет пен қайғы дауылы қалтыратпайтын, әсер етпейтін; жұрт түршіккен мамандықтың өзінен нәр алып, семіретін заты қорқау жандар болады. Жер астынан шыққан құбыжықтар емес, олар да ет пен сүйектен жаралған адамдар. Олардың да мақсат-мүддесі, қуаныш-күйініші бар. Олардың да «кісі» болып, «жақсы» болып дәуірлейтін кезі бар, кезеңі бар. Ол кезең — елдің аруағы аяқасты қалып, азаматын жау алған жетім, панасыз сәті; берекесі қашып, рухы төмендеген сәті. Осы кезде бәтуасызы бас, қырқылжыңы жас болып шығады. «Дуалы» сөзді жұрт солардың аузынан естуге «құмбыл». Солардың айтқанына көніп, айдағанына жүруге мәжбүр. Тағдыр басқа салған соң қиянаты мен қасақанасына бірдей көнеді. Жылымбекке де көнген, Жылымбекті де көтерген, жақсысы мен жайсаңынан айырылған бұл момын жұрт.

Тексізі тектісіне өлердей өш табиғат әу бастан жақсысын жіңішкелеп, жамандықтың жолын кең, молынан

пішкен бе; қайырымы шектеулі, қараулығы шексіз, қиянат тартқанның арашасыздығы несі екен. Колхозға бастық болып, ел үстіне ат ойнатқалы Жылымбектің тағы бір қырына алғаны баяғы Біржанның от басы. Өзі дімкәстеніп жүрген Үмітке: «Балаң бақташы, сен қарауыл боласың, қой бағасың»,— деп біраз қиғылық салған. Үміт денсаулығының жоқтығын айтып:

— Есбосын он төртке енді шықты. Жасы толмаған балаға қыруар малды тапсырып, ертең олай-бұлай болса жауапкершілігін кім арқалайды. Қыруар малға ол қалай иелік етпек. Егер өлім-жітімге ұрынса жауабын өзім көтеремін деп тілхат бер,— деп көнбей отырып алып, әзер құтылған. Сонан кейін-ақ баласы мен екеуін қайдағы ауыр жұмысқа қуды. Ара-тұра қилы-қилы мінез көрсетіп қоятын. Қыз кезінде ақ Үміт, айдай Үміт атанған бойжеткенге сөз салған, қырындаған бозбалалар аз емес. Соның бірі — Жылымбек болатын. Ол кезде «Жынды Жылымбек» атанатын осы бәтуасызды кісі деп қарап па екен-ау Үміт. Соны ұмытпағандай Біржан кеткелі әредік-әредік ойқылы-тойқылы сөздер шығарып қалатын. Үміт онысына мән бермегендей, керек қылмағандай, аңғармағандай салқын сынай танытып, керек аулақ салатын. Өзін суық, қашық ұстаған жатыңғай әйелге кимелеп кетуге тәуекелі жетпей тосылатын.

Оның үстіне Жылымбектің әйелі Әйкенмен Үміттің төркіндерінің жамағайындығы бар, екеуі бір ауылдың қызы, жастайынан қатар өскен. Әйкен жазғанның бұл көк соққанға тиейін деп тимегенін; алашапқын дүбір, астын-үстің тіршілікте әлі оң-солын танып білмеген; айдалада адасып жалғыз қалған, сүйенері жоқ бейшара бойжеткенді бұл жанкешті жауының торына тағдыр, шіркін, өзі әкеп шырмағанын Үміт те, басқа жұрт та білетін. Оның бұл жайдан хабардарын Жылымбек сезбейді емес. Қанша бетсіз болғанымен, қараулығын жасырып бақтым дегенмен, соны сезетін ел бары есіне түссе ол да іштей тайсақтайды.

Жылымбектің толып жатқан алақүлік әрекеттерінің аңғарған ел жағасын ұстап, үн-түнсіз басын шайқаған сойқанды сұмдығының бірі осы оқиға десе болғандай...

Бұл ел аштыққа ұрынып, Арқадан Қаратауға қарай шұбыра көшерден аз жыл бұрын колхоз-колхозға ұйымдасып, егін еккен. Жұрттың бәрі колхозға жаппай кіріп жатпаған кез. Қайсыбіреулерді «сен кеше бай болғаның» деп белсенділер жолатпаса, қайсыбіреулер өздері бой тартып «әліптің артын баға тұрайықпен» сырттай бақылау жасап, колхозға бірігіп ірге тірестіре қонған ауылдардан

қара үзіп те кете алмай, араласа да қоймай үйлерін оңашалау-оңашалау тіккен күйлері қадау-қадау сырторай отырған. Сондай оңаша отырғандардың бірі Ақжігіт шалдың үйі-тін.

Ақжігіт бұрын-соңды бай санатына қосылмаған кісі. Осыдан аз жыл бұрынғы ақсүйек жұттың алдына орта дәулеті бар, кеудедегі жұрттың қатарындағы жан еді. Ағайынға сөзі жүретін, қадір-кісіліктен құр алақан болмағанымен тәңірі басқа тапшылау жаратыпты. Перзент біткеннен Әйкен атты жалғыз ғана қызы бар. Бірге туған ағайыннан ада, етжақын жоқтың қасы. Осыдан екі-үш жыл бедерінде кемпірі ескілікті науқасынан дүние салды. Аңыраған алты қанат үйде бойжетіп қалған қызы екеуі қалды. Төсек жаңғырта қоятын жастан өтіп кеткен. Оның үстіне заманның ағымы мынадай өзгерді. Сонан соң басқа түскенге көніп жүріп жатқан. Жұттан қалған азын-аулақ қара-құраның денін өкімет алды. Өзіне күн көруге жетерлік бес-он тоқты-торымын үй төңіректеп бөлек қайырып, күн өткізуде. Колхоз болған көптің ортасына кіремін десе мұны ешкім қуа қойған жоқ. Әлденеге өзінің көңіл табы тартпады. Өкімет кісілері атанып жүрген таныс, бейтаныс белсенділердің іс-әрекет, мінез-құлқын ұнатпады. Әсіресе олардың ержетіп отырған жалғыз перзенті Әйкенді төңіректеген, торғай арбаған жыландай сыпсың, сылтың мінездерінен қатты іш жиып, ешкімдермен араласпай бөлек отыруды қол көрген.

Солардың ішіндегі жоқты барды сылтауратып үйіне жиі келгіштейтін, меліса атанып, ат үстінен түспей екілене шапқылап жүретін Жылымбек белсендіні шалдың суқаны сүймейтін-ақ. Қарасын көргеннен кірпіше жиырылатын. Сонысы бекер бой тарту болмағанына көп кешікпей өзінің көзі жетті. Аздаған майда малын қайырып келіп, құдықтан суарып, есігінің алдына жусатып тастап түс кезінде үйінде дамылдап жатқан. Көзі ілініп кеткен екен, тасыр-тұсыр асығыс келген ат тұяғының дыбысынан басын көтеріп алды.

«Бұл қайсысы екен, тағы?»— деп ойлап үлгергенше қонышына қыстыра салған қамшысы сартылдап ішке Жылымбек кіріп келді.

— Ассалау!

— Әлекесалам... Жоғары шық.

Шал танаурай, екпіндей келіп қол ұсынған жігіттің сәлемін салқын алып, жүзіне көз салмаған күйі тыжырына жиналып, төрден орын босатқандай ыңғай танытты.

Төрге шығып қоқырая отырған жігіт жан-жағына қораздана көз тастап қойып, тамағын қырнай бөстекі

жөткірініп барып, сәл кішірейгендей дауыспен үнін сыпайылап жай-жағдай сұраған болды.

Шал оған да салқын ғана жауап қатты.

Үй иесінің қалпын жігіт те танығандай. Тілінің ұшынан сөйлеп қырыстанып отырған шалға қиястанды ма, әлде табиғатына бітпеген сыпайылыққа бұдан әрі шыдамы жетпеді ме:

— Қария, мен бір шаруа айтқалы келіп едім,— деп дүрс еткізді.

— Ол не шаруа еді?— деді шал қонағының жүзіне енді ғана назарын туралап, бас-аяғына байырқалай көз тоқтата.

«Осының өзі шектен шыққан тентек пе, әлде осылай тентек бол деп қайрап құтыртып қойған біреу бар ма екен?» дегендей сыңаймен сынай қараған.

Жігіттің бастаған тосын әңгімесі шалдың әлгі ойын зерделеп тұжырымдауына мұршасын келтірмеді. Шәт-шәлекей етті.

— Қария, мен қызыңызға сөз сала келдім. Әйкенде көңілім бар.

«Мына жынды қайтеді?! Не деп отыр тәңірі-ау?» деп шал аңырайып қалыпты. «Болашақ күйеуінің» мұның қасқабағымен шаруасы жоқ тәрізді. Еш нәрседен айылын жиятын жанның сиқы байқалмайды. Көрші үйден қоламта сұрай келген қатындай беймарал.

— Әйкенді маған беріңіз. Екеуіміз қосылған соң кейін өзіңізді қолымызға аламыз. Кемпірің де жоқ, жалғыздан-жалғыз қалай отырасың. Біздің қолымызға келмегенде.

Ақжігіт тілі байланып қалғандай үндей алмады. Киізі түрүлі ашық есіктен далаға қарап меңірейіп, сілейіп отыр.

— Неге үндемейсің? Мені менсінбей отырсың ба?— дегенде барып есін жиғандай селк ете түскен.

«Қап, мына иттің баласының қылып отырған қорлығын-ай. Әкел де қанжығама байлап бер деген сөзі ғой. Торсық па ол қанжығасына байлай салатын?»

Шалдың қаны басына шапшыды. Ашудан көз алды тұманданып, бұлдырай жөнелді. Бірақ жеме-жемде өзін сабырға шақырды. Мұнымен жанжалдасып, айқай-ұйқайға барғаннан ешнәрсе өнбейтінін, пайда жоғын зерделей алды. Өзін сабаға түсіріп, жөн сөзге көшті:

— Шырағым, мұның қазақ рәсімінде жоқ әңгіме екен. Ата-баба жолын сақтамаған күнде де кісінің кісіге тән сыпайыгершілігі, ілтипаты болса керек еді. Бұрын-соңды жауласқан жұрт болмаса мәміле іздеген жан қызыңды қанжығаға байлап бер деп ат ойнатпаса керек еді. Бұл не, басыну ма? Жүгенсіздік пе? Замана ағымы өзгергенмен

ата мен бала арасы өзгеретін бе еді? Әйкен менің көзімнің ағы мен қарасы, бетіне қарап отырған жалғыз перзентім. Кісі жанына тиетін іс істеме, қарағым.

Ақжігіт әңгімені осымен доғарамыз деп есептеген. «Атқа мініп, кісі болып жүрген жігіт қой, сөздің парқына зер салар, оябын аңғарар»— деп санаған. Ал Жылымбектен ол күткен мінез байқалмады.

— Сіздің айтып отырған рәсіміңіз не, ата-баба жолыңыз не? Оныңыз баяғы қазақшылық, ескілік сөз ғой. Байманаптардың дәуірінің әңгімесі ғой. Сіздің көкsep отырғаныңыз сол ма? Ол болмайды, ақсақал. Ол дәуіріңіз қайтып келмейді,— деді тапа бір мұның үстіне қона түсуге ыңғайланғандай теке көзденіп, ежірейе қарап.

Оның мына сыңайын көрген соң: «Ой, найсапта түйсік, шым еткен ұят жоқ екен-ау. Пәтшағар-ой, ақ сайтанның нағыз өзі болмаса нетті. Қой мұнымен тәжікені ұзатпайын. Бетін біржола қайырайын. Күдерін үзіп аулақ жүрсін»— деп түйген шал.

— Шырағым, мен ешкімді, еш дәуірді іздеп отырғаным жоқ. Келмесе керуен ұрсын. Ал кіндігімнен шыққан баламда кімнің таласы бар?! Жалғыз қызыма иелігім жүретін шығар. Заман ақыр болып кетпесе өз балам өз айтқанымды тыңдар.

— Сонда қызыңызды бермеймін дейсіз бе?

— Жоқ, бермеймін. Саған баратын қыз жоқ бұл үйде.

— Байқаңыз, ақсақал! Ойланыңыз әлі де. Мен далада жүрген көрінген біреу емеспін. Үлкен басымды иіп өзім келіп тұрсам... понимаешь, түсінбейсіз ғой... Олай болса көрерміз...

— Көрсең көре бер. Не көрмей жатырмыз.

— Ақырғы сөзіңіз осы ма?

— Осы. Көзім тірі тұрғанда баламды саған жібермеймін. Әтірет жинап келіп тартып алып жатсаң, осы мынау шиландай ел ғой, көретін шығар. Араша түсетін бір мұсылман баласы табылар.

— Жарайды, онда.

Жылымбек орнынан жұлқына тұрып, табалдырықтан екпіндей аттап, атына мінген бойда тасырлатып шаба жөнелді. Оның атының тұяғының әр дүсірі өңменінен тепкілегендей жүйкесін тоздырып, мазасы май ішкендей рәсуа болып, өзінің осы істеген ісінің дұрыс-бұрысына көз жеткізе алмай Ақжігіт шал қалды шоқиып.

Екі арадағы осы әңгімеден кейін он-он бес күн өткенде, бұрыннан ойында жүрген айласы ма жоқ әлде табан астында тапқан шешімі ме Жылымбек бір іс істеді.

Жұрт егін жинап бастырып жатқан. Ауыл-ауылдың ортасындағы оңашалау алаңқай — айтақырды қырман басы етіп, қызыл дәнді сонда суырып, сонда қаптайтын. Ертең ауданға жібереміз деп қаптап қойған отыз-қырық қаптың біреуін, осы астықты дайындап, жөнелтуге ие болып жүрген Жылымбек таң алдында келіп түбін бармақ сиятындай етіп пышақпен тіліп жіберді де, арқасына салып алды. Сол көтерген бойы ауыл сыртындағы Ақжігіттің жалғыз отырған үйіне қарай аяңдады. Үйдің есігінің алдына барды да, қырманға қайта оралды. Сонан соң қаптап дайындап қойған қаптың екі-үшеуін жуас сары атанға артып алып әлдеқайда салып ұрып жөнелді. Ертеңіне қырманнан астық ұрланғаны, жөнелтуге дайындап қойған екі-үш қап бидайдың жоғалған хабары бүкіл жұртты аяғынан тік тұрғызды. Жан-жаққа шолғыншы шапты. Қырманды айнала із кесті. Сол кезде құмырсқаның сүрлеуіндей сызылып қырман мен Ақжігіттің үйінің арасында шашылып қалған қызыл дәнді елдің бәрі көрді. Іздеушілер «ұрының» үстінен түсті. Енді тек жоғалған қап-қап бидайды «тап та таптың» астына алды. «Ұры»:

— Олла-білла, білмеймін. Көргенім жоқ. Бұларың не, ағайындар-ау?!— деп жатып-тұрып қарғанды, жалынды, ашу-айқайға басты. Оның ешқайсысына құлақ асар, керек қылар ешкім жоғына көзі жеткенде есі ауған жандай меңірейіп отырып қалды. Мына тіршілікке сенер-сенбесін білмей, не айтарын білмей, ел аңтарылды. Табан астында «ұрының» үстінен акт жасалып, ауданға айдалды. Онан әрмен үлкен қалаға абақтыға әкеліпті деп естіді ауылдағылар. Сонан жарым жылдай өткенде:

«Қаладағы ол барып түскен абақтыдағы жұрт қирай іш ауруына ұрынып, баудай түсіп жатыр екен, солардың сүреңі алып кетіпті. Қайтыс болыпты»,— деген хабары жетті. Жалғыз үйде жалғыз қалған қыз ақыры Жылымбектің отын жағуға көнбегенде қайтсын. Іс осымен тынғанда барып, аңқау көптің алды әлденені сезгендей ішегін тартқан. Көзбен көріп, қолмен ұстаған шаруасы емес, сонан соң тырс деп үн шығарған ешқайсысы жоқ, сезген-сезгендерінше іштей тынған да қойған. Әйкен жазғанның онан хабары бар ма, жоқ па, жұрт сезгенді сезді ме, сезбеді ме ол жағы жаратушыға ғана мәлім. Жанын жаралап табалағаннан басқа не пайдасы бар деп жұрт бұл әңгімені Әйкенге сездірмеуге тырысатын.

Бұрын осындай-осындайдан бой тарта ма Үмітпен көп сөйлеспейтін, таяна бермейтін Жылымбек енді «әй дер әже, қой дер қожа» жоқ, әбден мейманасы тасығандікі ме

кейінгі кезде қайта-қайта қыжырттап мұның жүйкесін қажыта бастаған еді.

Шабындықтағы шөпке шалғы түсетін болған соң «пішеншілерге тамақ істеп бересің, әрі үйің жатар орын болады» деп Үмітті жайлауға көшіріп әкеп тастаған. Баласы арба айдап жұртпен бірге шөп тасиды. Елдің бәрі жұмыста. Үміт үйде жалғыз еді. Бір күні кешке салым, апақ-сапақта, ат ойната сумаң етіп Жылымбек жетіп келді. Үміттің әлдене сезгендей жүрегі дір етіп, өрекіп қоя берді. Бойы тітіркеніп, қаймығып, аттылы кісіге қарауға дәті бармады.

«Мезгілсіз жүрісі неқолай екен күйдіргі неменің. Не жаманат қарақтап келді екен» — деп тіксінді.

— Әй, қатын көз қырынды да салғың келмейді ғой, өзіңнің. Адам екен-ау, ит екен-ау деп тұрған жоқсың ғой, тіпті. Келген кісіге аттан түс, үйге кір деген сөз болмаушы ма еді. Паңдығың қалмаған-ау әлі.

Үміт тайсақтап, жасқана ығысып тұрғанымен кезекті сөзін жібере алмады.

— Неге кекетіп, мұқата бересің, Жылымбек, бізде қалған қайдағы паңдық, кісілік. Суылдап қалған жүрек. Бей-мезгіл суыт жүргенге сескеніп, сасқалақтап, аттан түс дей алмағаным сол. Менің рұқсатым кімнің шікәрәсі. Оны неге іздей қалдың. Кіремін десең үй де, шығамын десең төр де қазір сенікі емес пе?

— Қарашы тілің әлі мірдің оғындай-ау, сылқым қатын,— деп Жылымбек аттан түсіп, үйге енді. Енген бойда төрге шыққан да жоқ, отырған да жоқ, тікесінен тік тұрған күйі:

— Аудан Қарағандыға ФЗУ-ға баратын кісі іздеп жатыр. Балаңды сонда жіберемін,— деді.

Үміт біреу маңдайынан ұрғандай есінен танып қала жаздады. Әскердегі Бекбосыннан көптен бері хат-хабар келмей уайыммен қабаржуда еді. Сол қобалжып жүрген жүрегі енді біз сұғып алғандай шаншып-шаншып кетті. Жүйкесі босап, әлі құрып, қол-аяғы дірілдеп, отыра кетті.

— Жас қой... Жас емес пе... жасы жеткен жоқ қой,— дегенді үзіп-үзіп әрең айтты.

— Жасы жетпесе жеткіземіз,— деп айыздана күлді Жылымбек.— Жас дейді. Соқталдай жігітті.

— Сорайған бойы ғана ғой соқталдай көрсетіп тұрған,— деп уәж қайтарған болды.

— Оны кейін сенен сұрай жатар. Ал қазір ФЗУ-ға мені жөнелтуі керек пе, бұларды жібермегенде.

Үміттің амалы таусылған:

— Әй, Жылымбек, ең ғұрмаса қатар туған төл емес пе едік. Кіндік қанымыз бір топыраққа тамып, жөрегіміз бір өзеннің суына жуылған еді ғой. Менің де жетіскен, кісі қызғанатындай не жағдайым бар. Аясаңшы,— деді үгіліп тарыға. Үрейден көзінен жас та шықпай қалды.

— Ә, солай ма?! Онда базыналығымды көтер,— деді Жылымбек білегінен шап беріп ұстап.

Әлдекім үстінен мұздай су құйып жібергендей тіксінген Үміт алдындағы еркекке аңтарыла әрі үрейлене қараған. Сөйтсе ұятсыз, ессіз бір құмарлық пен арсыз күлкі жайлаған жүзінде селт еткен қытық жоқ екен. Озбырдың дегеніне жетпей тынбайтын жыртқыш пиғылын анық аңғарған соң бұл енді өзінің құтылмасын, күнәға батқанын, қалтқысыз сезді. Ұяттан жүзі күйіп, өртеніп, жанарына мөлт-мөлт жас үйіріліп, ернін тістелеп, төмен қараған бойы сілейіп отырып қалды...

Сонан көп кешікпей біраз төсек тартып жатып, Үміт те ол дүниелік болды. Жападан-жалғыз қалған Есбосын өзі сұранып, Қарағандыға ФЗУ-ға аттанды.

ЖАН ЖАРАСЫ

Қатты ұрыста қоршауда қалып, өліспей беріспей, атыса-атыса қатары әбден сиреген шағын әскердің құрамында түн ішінде есебін тауып, қашып құтылып, аз ғана жолдастарымен орман-орманды тасалай қаңғи-қаңғи Югославия партизандарының ортасынан келіп шыққан Бекбосын соғыстың соңғы жылдары елден, ауылдан хат-хабарсыз қалған. Жеңіс күнін сол жақта шет жерде жүріп тойлаған. Алыстан ауылына оралудың сәті сөйтіп жеңістен бірер жылдай өткенде барып түскен. Аңсап жеткен ұясы есігінде қара құлып, қаңырап, құлазыған күйде қарсы алды. Шешесіне Жылымбектің жасаған қиянатына тәңірдің өзінен басқа куә жоқ, ел ішіне ол жайлы суық сөз тармаған.

— Күйіктен жабысқан науқасы асқынып барып, ақыры алып тынды ғой,— десті шешесі жайлы айтқан ағайындары.

— Есбосыннан анда-санда хат келіп тұрады осындағы өзі қатарлы балаларға. Жағдайы жақсы, дені сау көрінеді. Хат жазған сайын сенен хабар бар-жоғын сұрастыратын тәрізді, айналайын, қайтсін. Е, «орнында бар оңалар» деген осы. Құдай жеткізсе жеттіңдер, міне, сендерде. Ел болып кетесіңдер әлі-ақ. Қапаланып, қабыржыма. Басы бүтін

пенде жоқ. Өткенге салауат айт. Шүкіршілік ет,— десті көздерін шылай отырып жанашырлары. Өздері осы айтқандарына қол қойып, құлдық ұрған қалыпта. Көнген, келіскен сыңайда. Енді, тек «барына береке берді» сұраған пейілде.

Елдің күйі төмендеу көрінгенімен көңілі пәс емес. Жұрт жанарындағы ұзаққа созылған ауыр қыстан кейін күн көзі жылт еткенде дүние тіршілікте байқалатын мейірім шуағындай себелеген үміт сәулесі кісі жанын жылытқандай.

Отбасының хабарына қанғанымен Бекбосынның көңілінде әлі алаң, түйткілі тарқамаған жайы бар. Әлдекімді елегізе іздеген сияқты. Азаматтың ат-көлік аман жеткеніне шын қуанған тілеуқор пейілдегі ауыл адамдары ол отырған үйге ағылып кіріп шығуда. Кеткендері қайтпаған олардан біржола күдер үзіп, көңілдерін суыта алмаған, тіпті, күдер үзгенімен, тағдырдың тауқыметіне көнгенімен, жүректегі сағыныш күйігіне шипа таба алмаған, іштегі қайғының алай-түлейі бас көтергенде құсалықтан сенделіп кеткеннен басқа лажы жоқ жаны жаралы жандардың қайсы бірі айқай салып көрісіп, қайсы бірі басу айтып, сабырға шақырып дегендей абыр-дабыр сапырылыстың ара-арасында да есік жаққа қарайлап, үй сыртында тысыр еткен аяқ дыбысына елеңдей күтетін тәрізді ме қалай. Сан-сапалақ келіп жатқандардың арасынан оны көрмегеніне аң-таң. Жүздесу, сәлемдесу рәсімін жасаған жұрт саябырсып, сирей бастағанда әлдене салқындықты сезгендей жайсызданған ыңғайда еді. Өтті-кетті талай әңгіме айтылып, шай ішіліп, тамақ желініп, гу-гудің екпіні басылған тұста сөз арасында көңілдегі дітін туралап шығара алмай жақаурата сұраған:

— Осы бүгін Күлмесжан жеңешем көрінбеді. Ауылда жоқ па? Қоңырбек ағаның барған бойда қаза болған хабарын соғыстың алғашқы жылы-ақ ауылдан алған хаттан оқығанмын. Ал, жеңешем қайда?

— Ей, айналайын, «жұт жеті ағайынды» депті ғой бұрынғылар. Қоңырбек жазғанның оты өшті. Сабазым-ақ еді-ау, шіркін, Қоңырбектер. Жігіттің төресі еді-ау. Тағдырға не дауа. Артында не тұяқ, не түтін қалмады,— деді бұларды қонақ етіп отырған үй иесі кемпір шын күйзеле, шын жоқтай.— Қоңырбек қайтыс болған соң Күлмесжан бұл ауылда көп отырған жоқ, рудникке көшіп кеткен. Сол жақта жүріп біреуге тиіп кетіпті деп естідік.

Осы сәт үй ішіндегілердің бірі кемпірдің сөзін бөлді:

— Ол байқұс отырмайын деді ме? Елден кетейін деді ме? Отырғызды ма жөнімен. Кетпесіне қойды ма?!

— Е, ол сорлыны кетті деп мен кінәлайын деп отыр

дейсің бе. Сұраған соң жай-жапсарын айтып жатқаным ғой.

— Отырғызбағаны несі? Кетпесіне қоймаған кім?

— Ей, Бекбосын, айналайын-ай, кім дерің бер ма?! Пенде басына түскен зауал-дағы. Ол бір керегі жоқ, ұзақ сүрей әңгіме. Дені-басың сау, аман-есен ел ортасына келдің, міне. Осыдан басқа ештеңенің керегі жоқ. Осыған разы бол. Бұдан артық қуаныш бар ма?! Аман бол, айналайын. Бақытты бол.

— Ал, Сырғаш қайда? Сырғаш та бірге кеткен бе?

Бекбосын Сырғашты сұраған кезде жағалай отырғандардың күмілжіп, кібіртіктеп, назарларымен жер шұқығанын байқағанымен әңгімесін аяқсыз тастай алмай, әрі көңілін күпті етіп тұрған жайдан хабар білгісі келген ниетпен:

— Сырғаш қайда, сонымен?— деді тағы.

Төңірегіндегілер не айтамыз дегендей өзара аңтарыла қарасқан қалыптары, тосылған күйде, жөппелдемеде ештеңе жауап қайтара қоймады. Өзіне жақын отырған ауылдың ересектерінің ыңғайсыздана қозғалақтап, құрғақ жөткірініскендерінен әлдеқандай ылажсыздықтың сыңайы сезілгендей. Соны аңғарған соң Бекбосын енді бұл әңгімені қазбаламағанды жөн көрді.

«Ел іші емес пе ертелі-кеш біле жатармын. Несіне алқымдай беремін. Сырғаштың бұл ауылда жоғы, тіпті, бар болғанда да маған жоғы түсінікті тәрізді ғой».

Жігіт санасында осындай түйсік ояғанда тағдырдың салғанына көнімпаздық, мойынсұнудан гөрі сонау көңіл түкпірінде қыжылдаған өксік, әлденеге наразылық бой көтеріп, жан дүниесін құлазыған жалғыздық жайлап алғанын байыптады. Соның салдарынан ба, көңілі жабырқап, қабағы кірбің тартты. Оның ажарындағы осы өзгерісті аңдап қалған әлдекім сұрағын аяқсыз еткенге ренжіп қалды деп ойлады да:

— Сырғаш та жеңгесімен бірге кеткен. Сонан қайтып бұл жаққа ат ізін салған емес,— деді.

— Қайдан ат ізін салсын, байқұс бала, жылай-жылай көнгенде тағдырдың бұйрығына,— деді осы сәт үй иесі кемпір әрі Сырғашты қорғаштай сөйлеп, әрі Бекбосын хабардар бола отырсын дегендей әлдеқандай әңгіменің шетін қылттып.— Кімді зар жылатпады, кімді қаңғытпады бұл қу соғыс. Замананың үкіміне, патша-әкімнің қаһарынан соққан дауылға кім қарсы тұра алған. Ондай зауал келгенде қойдай ығып жүре береді екен де пенде шіркін.

— «Адамның басы — алланың добы» деген сол да, бәйбіше,— деді үйдегі ересектердің бірі.

— Иә, сол қаңбақтай домалаған бейбақтың бірі болды Сырғаш бейшара да. Соры ашылмаған бала екен, айналайын. Қаршадайынан аштықта әке-шешеден айырылды. Онан тірі қалып енді есейіп, адам санатына қосыла бергенде мына қу соғыс килікті... Е, мұны, айта бергеннен ешнәрсе өнер дейсің бе. Құрысын. Қолдан келер не бар? Әркімді құдай аясын. Әйтеуір тірі жүр деп естиміз. Біреумен түгін түтетіпті, екі-үш баласы бар дейді. Аман жүрсін жазған.

Кемпір даусын көтере, ширай түскендей, сестене аяқтады әңгімесін. Үнінде «енді осы сөзді доғарайық» дегендей әмірлі үкім бар тәрізді. Онсызда таянғысы келмей отырған көңілсіз хикаядан орағытып өтуге ықыласты жұрт бұл емеуірінді құба-құп қабылдағандай. Сөз арнасы басқа жаққа ойысып жүре берген.

Бекбосын жұрттың тегін қашқалақтамағанын, мұның арғы жағында әлдеқандай хікәят жатқанын қалтқысыз сезген. Сырғаштың жайдан-жай тұрмыс құра салмағанына, солай етуге мәжбүрлік жасаған кілтипан барына шүбәсі қалған жоқ еді. Бірақ ол әңгіні бұл да қазір қайтып қозғамады. Кеу-кеу жұрттың ортасына қарай мойын бұрды.

Әркім-әркімдердің: «Біздікінде-ақ жүре берсейші. Жалғыздан-жалғыз жатпай-ақ»,— дегеніне қарамай өз үйінде болуды жөн көрген. Сонан соң ауыл әйелдері көптен бері есік-терезесі жабулы иесіз тұрған үйді ашып төсеніштерін желдетіп, қағып-сілкіп қайта салды. Кешінде Бекбосын жатар орынға осында келген.

Шілде туып қалған шақ. Бұл жақта жазды күні түне-мелге балшық үйді қапырық санайтын ел кешке қарай шайын есік алдында ішіп, сол далада ұйықтағанды қос көреді. Бекбосын да осы ескі әдетпен төсегін далаға — терезенің тұсындағы кешқұрым қайта-қайта су сеуіп, сыпырып, тазалап қойған тақыр жерге әкеп салған. Шілденің тымырсық түнінде әлдеқайдан ауық-ауық соғып өтетін самал лебіне кең тыныстай дем алып, жұлдыздары үзіліп түсердей шүпір-шүпір мөлдіреп, тас төбеде төңкеріле төнген қара торғын аспанның жұмбақ, тылсым бейнесінен көз алмай, соның түпсіз тереңіне сүңгіп кеткендей қалың ой құшағында жатыр. Тап осы жатысы, тұңғыық түнгі аспанның тап осы таныс көрінісі, қай-қайдағы сағынышты сәтті еске салғандай...

Тура осылай аспан суретінің түнгі сиқырлы әлемін қызықтап, қиял-ғажайып күй кешіп, алаңсыз, асығыссыз

жатып көрмегеніне талай жыл болған екен-ау. Талай жыл дейді. Тіпті, онан бері Бекбосын көз алдында, басынан кешкен сан-сапалақ сергелденді ойымен шолып байқаса, екі арада ғасырға пара-пар уақыт өткендей десе сенгендей. Сол өткеннің елесін қайта ақтарып шығып өзіне зер салса мұның орнында отызға әлі жете қоймаған қылшылдаған жас жігіт емес, асарын асап, жасарын жасаған, дүниеден баз кешуге жақын көнекөз қария жатқан тәрізді. Осы сәт өзін қартайып қалғандай сезінген. Иә, тым алыстан қол бұлғағандай елестер екен. Сонан бергі жылдарды таразысына түскен тауқыметпен есептеп, пішше қазіргі бұл өлшемнің еш жалғандығы, әбестігі жоқ та сияқты. Иә, ол қай заман еді. Онан бері не өтпеді, не өзгермеді?.. Жоқ, өзгермеген бар екен. Өзгермеген мынау пенде, шіркін, тәңірінің ұясы деп табынатын ұлы көк, ұлы аспан. Сонан соң да ұлы да. Өзгере берсе не ұлылық сақталмақ. Оның сол баяғы күйінен аумағанын, ауыспағанын анау жымыңдаған жұлдыздарына қарап танығандайсың. Таныған бойда көкейінде көне сурет тірілгендей, сол суреттің әсерінен әлдеқандай сағыныш сазы жүректі шым-шым сыздататындай. Әр жұлдызы ертегі, әр жұлдызы хикая осынау жұмбақ жаратылысты көзі талғанша қызықтап қарай беретін; сол ертегі хикаяларды емірене шертетін шешесінің үнін елжірей тыңдап, ойдағы-қырдағы колхоздың қыруар шаруасының ыңғайымен кейде үйге түнемейтін, кейде кешетіп келетін әкесін елегзи күтіп жатып ұйқыға кететін сонау түндер елесі көңілін тап қазір мұңға батырып, көзіне жас үйіргендей сағындырды.

Көңілінде екі ұдай сезім кезек алмасып, толқып жатыр. Сұрапыл соғыстан бас-аяғы бүтін, аман-сау елге оралған, алыста жүргенде сүйіктісіндей аңсатқан туған ауылдың ортасына келген қуаныш; мынау елдің маңдайынан сипағандай ықылас, пейіл, жылы қабағы; мынау жаздың жайлы түнінің анасының құшағындай мейірімді лебі жанын жадыратқанмен, ет жақын іздегендерінің ешқайсысының алдынан шықпағаны бір бүйіріне инедей қадалып: «Бұл қалайды» еріксіз ойға оралтады. Шешесі мен інісінің хабарына қанғанымен Сырғаш туралы ешкім еш нәрсе ашып айтпады. Санасы сан-саққа жүгірді. Жатқа қия алмай қиналды.

«Қой, бүйтіп, бітеу жара қылып күпті болмай, сұрас-тырып көрейін, не жағдай, естиін», — деген тоқтамға тірелген. Естімей-ақ қоятын әңгімесі екен, оны кім білген. Сұрап алған ауруға не дауа. Естіп білгенше дегбірсізденген жағдаятты өзін ақыры абыройсыздау тіршілікке ұрындырып

тыңандай. Бұл келгеннен кейін кешікпей, араға екі-үш күнді салып, осы ауылда өзі қатарлы әскерден аман-есен оралған жас жігіттің үйлену тойы өтсін. Жоқ-жұқаналығына қарамай тойға деген ел пейілі ағыл-тегіл. Соғыстың алдында той-домалаққа, жастардың жиын басқосуларына ептеп араласа бастаған ішкілік салты қазір дендеп еніп үрдіске айналғандай. Қатар көрші отырған екі колхоздың ортасындағы жалғыз сауда дүкенінің жалғыз есік, жалғыз терезелі жалғыз бөлмесінің босағасында тұрған темір қара дүңгірден тойханаға торсыққа құйып алып келген арақ дегенің ағын-төгін. Қалай шайқап ішсең жетіп жатыр.

Әйелдер жағы татып алмағанымен еркектер қауымы — әрине кем-тары бар, сауы бар, соғыстан қайтқандар мен жігіт болып қалған жастары ғана — тізгін тарту дегенді білмейді. Алдына қойғанды ақтап тауысып отыру шарт. Қызған жұрттың ду-дуы тойдың жарастығы тәрізді. Осы кеу-кеудің сүреңіне жығылған әйелдер ішпесе де ішкеннен әрі. Топталып алып әнді аңыратады-ай дейсің. Бұл әндерде сағыныш пен мұң, өткеннің өкініші, бүгінгінің қуанышы, ертеңнің үміті — бәрі-бәрі бар. Зерделеген жанға өмірдің сырын ұқтырғандай даналық, тұжырым — тоқтам аңғартады. Көңілде алуан түрлі күй туғызып, толқытып, тебірентеді. Қай-жайдағыны қозғап мұңға батыратындай. Соның бәрінен де қымбат, бәрінен де аяулы мына жарық дүниенің шаттығы екенін паш етіп, осы тіршілікпен тыныстағаныңа шүкіршілікке жүгінтіп, енді бір сәт жан дүниеңе жайдарылық енгізгендей. «Иә, келер таңың, көрер қызығың көп болса екен, таусылмаса екен жасампаз жарық дүние» деген тілекке ғана саятындай. Пендеге сенен құдіретті не болсын. О, киелі, сиқырға толы ғажап тіршілік.

Тойдың төрінде, жұрт ортасындағы Бекбосын осындай алай-түлей сезім ағынының жетегінде. Жаңағы әзірде құлағына тиген, жанын жаралап, намысын қорлағандай жайсыз әңгіменің бойына жайылған ащы запыран уытын арақпен қайтарғысы келгендей тоқтаусыз сілтейді. Ол әңгімені ұмытуға әрекет жасап, көңіліндегі дықты тойдың қызық қошаметімен қуып шыққысы бар. Кесе тола мөлдірей шүпілдеп құйылған заһарды тамшы тастамай тартып салады. Былайғы жұрт« елге аман-есен келгеніне қуанып отырға» жорыған да қойған. Өзінің де қалауы көңіліндегі қайғыны осы ду-ду қуанышпен жумақ, ұмытпақ еді. Қасақана қырсық қылғанда тойдың әбден қызған шағында, төбеден түскендей сап етіп, Жылымбектің жетіп келе қалғанын қайтерсің. Оның бұл келісі, өзі солқылдап, дүбәрә күйде баз кешкендей толқып, томырықтанған сыңайдағы

кекті жігітті сыздаған шиқанының аузын тырнап өткендей ышқыntyп жібергені...

Жаңа осы тойдың бас кезінде далаға желдеп қайтуға шыққан сәтте өзі қатарлы ауыл жігіттерінің бірінен:

— Әй, осы сен Сырғаштың жағдайынан хабардарсың ба?! Не болған, қалай кеткен бұл ауылдан?— деп сұрамасы бар ма.

Ішкіліктен арғы жағына желік кіріп желпініп тұрған жігіт білгенін жасырмаған.

— Сырғаш жақсы қыз еді ғой, шіркін. Естігенде қимай мен де өкіндім. Ауылдың көркі еді-ау. Атаңа нәлет, мына қанішер Жылымбектің кесірі ғой. Әйтпесе сенде бүгін өстіп той жасап жатар ма едің?..

— Жылымбектің кесірі дейсің бе?! Ол не істеген? Оның қатысы не? Түсіндіріп айтшы.

— Нәлеті, түбіне жеткен осы көрінеді. Басынып ойына келгенін жасаған. Осының масқаралығына шыдай алмай елден шығып кеткен Сырғаш. Иттің баласы, өзінің қызындай жастағы адамға соны істеген... Обшем, құдайдың да көзі жоқ қой деймін, осындай айуанға...

Бекбосын табан астында іштей лықси көтерілген ызалы толқынның суық лебі соғып өткенлей тұла бойы қалтырап қоя берді. Ұяттан ба, намыстан ба, әлде тосын хабардың жайсыз әсерінен бе жүзі ду етіп, құлағы шыңылдап, теңселіп кетті. Қасындағы серігі мұның бұл күйін аңдамады ма, әлде өзі сұраған соң, бастаған әңгімесін аяқтауды жөн көрді ме болған жайды түгесіп айтып шыққан.

Бас-аяғы сүт пісірімдей мезгіл өткенімен жігіттің мына әңгімесі азапты ауыр сапардай-ақ таусылып бітпейтіндей, біткен кезде тұп-тура ғасырға созылып, өзін шаршатып, діңкелетіп тастағандай көрінген Бекбосынға. Әрі-сәрі күйде қапалық кешіп тұрып оның асыға-аптыға сапырған сөздерінің бірін ұстап, бірін ұстай алмағанымен оқиғаның барысын, жеңгесі мен Сырғаштың көрген қиянатын байыптап-бажайлауға зердесі жеткен. Сонан соң да көңілге қайтып сейілместей көлеңке ұялап, соның салмағы еңсесін езгендей ұнжырғасы түсіп, сұлық тұрып қалды.

— Әй, жарайды, денің сау болса қыз табылар! Оған ренжіме. Осы төңіректегілерінің маңдайынан шертіп жүріп, таңдағаныңды алмайсың ба?! Қой, ренжіме? Өзің сұраған соң білгенімді айтқаным ғой... Тек Сырғаш жазғанға обал да... Жарайды бұл әңгімені ұмыт енді. Жүр, қайтайық. Аз тұрғанымыз жоқ далада,— деп жігіт қолтығынан ұстап үйге қарай бастаған. Соның ыңғайымен ілесіп келіп, көңілді көптің ортасына қайтып оралған. Алғаш кір-

ген бойда сол соққы тигендей дел-сал қалпынан айыға алмай бір қауым уақыт сүлесоқ күй кешкен жайы бар-ды. Бірақ көптің екпіні оңай ма, тасқын судай лепірген көңілдердің иірімі ыңғайына икемдемей қоймады. Келе-келе солардың дүрмегіне ілесіп, манағы көңілді қалпын қайта тапқандай болып отырған. Енді сол алдамшы, жалған күйдің; өзін-өзі алдаусыратып, өтірік жұбатқандай көлгір көңілділіктің тас-талқаны шыққандай. Оны көрген кезде үстіне әлде кім мұздай су құйып жібергендей денесі тіксініп, жан дүниесінде оқыс оянған ашу-кектің ызасы тұла бойын буып бара жатты. Не істерін білмей, іштей бой көтерген дүлейдің әсерімен алас ұрып отырған орнында тыпыршып, қозғалақтап кетті. Осы қысылшаң неғайбыл, өзін-өзі ұмытқан ашулы сәтте де, ақылға жығып емес санадағы әлде қандай түйсіктің әсерімен ес жиғандай, өзін-өзі жоғалтпай, табиғатындағы сыпайылық болмысын таба білді. Өзін-өзі іштей арпалыста жеңе білді. Неде болса сабыр сақтау керегін пайымдады. Мына көптің ортасында мінез көрсетпегенді мақұл көрді. Мына жұрттың ақ тілеу қызықшылығының шырқын бұзбағанды жөн санады. Бірақ түбі бітімшілік болмайтынын, қалайда кездеспей тынбайтынын, әйтпесе бұл жер, бұл ауылда бұлай тып-тыныш жүре алмайтынын іштей анық сезінген. Сонан соң да сырттай сыр бермей сабырлы қалпын танытқанымен іштегі ызаның уыты қос жанарына ызбар болып жиналып, жауына кектене қараған. Мұның қалпын ол жырынды аңғармай қалмады. Екеуінің ә деп назарлары ұшырасқанда мұның мына қарасынан қауіп алғандай, әлденеден сескеніп, тайсақтаған кейпін бұл да қалт жібермей бажайлап үлгерген. Сонан кейін-ақ екеуі бір-біріне қайтып көз салмауға тырысқан. Бір-біріне сыртын бергендей қырыстанып, іштей аңдысқандай сыңайға көшкен. Тұнығына тас түсіп, тыныштығы бұзылған алау-жалау көңіліне медет таба алмай, ақысын сонан алғысы келгендей, алдына қойған арақты тоқтаусыз тастап жібереді. Жанары тұманданып, әбден қызып алған сыңайы байқалады. Көзіне қан толып, ашықтанашық кектене, өзіне құсы түсе, қиястана қарағанынан Жылымбек мұның бұзық ойын анық сезген. Сезген соң-ақ тойдың тарқауын күтпей, елеусіздеу сәтте жылыстап кетудің қамын жасаған. Оның осы ойын масаң жігіт те іштей тоқып отырған тәрізді, орнынан көтерілгенін байқап қалып, ілесе шықсын. Ауыл іші үй-үйдің арасымен асығыстай басып бара жатқан Жылымбекті қуа соңына түсіп берген. Мұның өкшелеп келе жатқанын білген ол жүгіре басып үйіне таяп қалған.

— Әй, Жылымбек, тоқтай тұр. Сенімен сөзім бар,— деп масаң даусы барлығы айқай салды. Жылымбектің тоқтар түрі жоқ. Қайта даусын естіген заматта, тапырақтап тұра қашты. Бұл тұра қуды. Жатаған тамның алдына тігілген киіз үйге кіре беремін дегенде дәл табалдырықта бас салып келіп ұстаған. Екеуі арсалаңдап алыса түскенде араларына біреу келіп килікті. Әлгі келген бойда:

— Бекбосын, мұның қалай, ақылың бар еді ғой. Ақылға келші. Сәл сабыр етші,— деп Бекбосынның ананың жағасындағы қос қолына оратыла асыла кетті. Осы сәтті пайдаланып жұлқына босанған Жылымбек үйге зып етті. Соңынан өршелене ұмтылғанымен қапсыра құшақтап алған әлгі жігіт босатар емес. Сонан босанамын деп алысып жүріп, жанталаса ышқынған күйде аузынан ащы-ащы балағат сөздер шығып кеткенін өзі байқамаған:

— Әй, әкеңнің аузын, Жылымбек! Шық бермен! Бәрі-бір бүгін сені бауыздамай тынбаймын! Қаныңды судай шашпасам жер басып жүрмейін! Бес жылғы соғыста фашистің оғынан аман қайтқан жанымды сен иттің баласының жолына тіктім. Мойныңдағы әкемнің қанын арам қаныңмен жуып кегімді алмасам еркек болып туғанымға нәлеті! Шық үйіңнен иттің баласы!..

Үстеріне Жылымбек кіргенде мұның түсінің бұзылып жүре бергенінен кіпір алып, сонан кейін-ақ қас-қабағындағы өзгерісті бағып отырған манағы жігіт ойында осындай бір шатақтың барын сезіп, бұл орнынан көтерілген сәтте іле-шала ол-дағы түрегелген. Сонан байқатпай соңына ілесе берген. Қазір үйге кіргізбей арпалысып, арашалап жүрген сол еді.

— Бекбосын, тоқтай тұршы? Бекбосын мұның қалай? Елден ұят қой. Сәл сабыр етші,— деп жалынады. Арыстандай шабынған, өзінен гөрі әлеуетті жігітпен жұлқыса төтеп бере алмай.

— Жібер! Қоя бер деймін!

Ытырына бұлқынған сәтте жармасып жүрген жігітті шиыра ұшырып жіберіп, босанып алған. Сол бойда белін қынай бұған сұр гимнастеркасының бос делдиген етегінің астында жасырулы, мықынында, қында жүретін қарыстай кездікті жарқ еткізіп суырсын.

Бұл кезде айқай-ұйқайды құлақтары шалып қалған тойдағы жұрттың біразы жетіп үлгерген еді. Мұның қолындағы пышақты көріп шу ете түсті. Қарымдылау ересектері киіз үйдің есігінің алдына топтала тосқауылдасты. Мұның таянғанынан ығысып серпіле қоятын, жібере қоятын ыңғай танытпады. Бейбітшілік тілеп арашаға түскен бейкүнә

көпке ұрынуға дәті бармай не әбден шегіне жетіп өрекіп еркінен шығып кеткен, тұла бойын жындай буып алған елірме ашуын табан астында тоқтата алмай қыстығып, ызалы ыңырана, шабына ұмтылған бетте туырлық кигізді керегеден жоғары тұстан кіріш-кіріш тілгіледі. Сол кезде кісінің төбе құйқасын шымырлатқандай ащы зарлы үнмен дауыс салып, үйден Әйкен шыға келді.

— Құлыным, Бекбосын-ау, мұның не? Көрер қызық, атар таңың әлі алда емес пе, жарығым?! Бұл құтырынған төбеттің, бұл бұзылғанның қанын ішкенде қай мұратыңа жетпексің? Қай кемтігіңді толтырмақсың? Қай дүниенің орнынан келмек? Жас өміріңді өксітесің ғой босқа. Мұның не, байқұс бала-ау! Осы жұрттың төгілген қаны аз ба еді? Бірінің қанын бірі жүктегені аз ба еді. Қанға қарығатындай болған жоқсыңдар ма? Тоқтат мынауыңды, құлыным! Қан көрмей тоқтамаймын десең мені өлтір. Мына мені өлтір!

Қараңғы түнде қаралы жандай қара шашын жайып жіберіп, омырауын айыра ашып, жанұшыра күңіренген Әйкеннің мына кейпі Бекбосынды әлде кім тура маңдайына соққандай қалт тоқтатты. Өз ісіне өзі енді есеп бергендей жан-жағына аңтарыла қарады. Үстерінен құйын жүріп өткендей берекелері қашып, үрпиіп-үрпиіп тұрған ауыл адамдарын көрді. Сол сәтте ұят атты сезімнің түйсігі шым етіп санасын шағып алған. Қалт бұрылып үйіне қарай салды. Енді оны тоқтатқан ешкім болмады.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Үңірейген қараңғы үйде жалғыздан-жалғыз қыстығып, ал кеп, солқылда. Мастықтың әсері ме, жоқ жігіттік қайратын қайрап, намысқа тырысып, өзін-өзі тәк-тәкпен әрең ұстап жүргені болмаса, көңіл толған нала, қапалықтың ішке сыймай лықсып шығар, ақтарылар орайы осы ма, жер бауырлап дөңбекшіп, басын жастыққа түйгіштей шайқап; кімге неге тістенгені өзіне де белгісіз; кімді нені кінәларын өзі де білмейді; әйтеуір, бір қиянаттың, әділетсіздіктің өктем озбырлығы жастай жанын жаралап әлі соңынан қалмай келе жатқанына құсаланып, егілді-ай келіп, егілді...

Солай жатып көзі ілініп кеткен екен, есін жиып оянды. Таң әлі ата қоймаған. Қораштау, төрт көз жалғыз терезеден қорғалап туған ай сәулесі себелеп үй іші алагеуім тартыпты. Төр алдына етігін де шешпеген бойы, киімшең күйі

құлай кетіпті. Оң қолындағы кездігін де тастамапты. Сол сабынан қыса ұстаған қалпы. Пышақтың жүзі айдың күлгін жарығына шағылысып ағараңдайды. Соған көзі түскенде барып мұнда қашан қалай келіп жатқанына ой жүгірткен. Бағанағы шым-шытырық жайдың бәрі санасында қайта ояңған. Әлгі істегендері дұрыс па, бұрыс па онысын таразылай алмады. Өзін ақтарын да, кінәларын да білмеді. Көңілінде, әйтеуір, өкініш пе, әттеген-ай ма, опық жеу бар. Әлденені бүлдірген, қылмыс жасаған жандай қуыстанудан құр алақан емес. Ел бетін көруге зауқы жоқ тәрізді.

«Бұл жерден кетіп тынған жөн шығар».

Ең алдымен ойына оралған шешім осы. Сонан кейін көңілінде:

«Қайда?!— деген сұрақ көлденеңдеді. Енді ішкі дүниесінде екі ұдай сезім бой көтеріп, бір Бекбосын екі жарылып, өзімен-өзі айтысып кеткендей.

«Шынында қайда? Қайда кетеді? Іздеп келген ауылы, елі, жұртты осы емес пе? Неге кетеді онан? Кім қуып отыр?»

«Жарайды, қуып отырған ешкім жоқ делік. Ал қарайлайтын кімі бар? Нең қалды мұнда қимайтын?!»

«Кімге өкпелейсің?! Елді кінәламақпысың? Олардың жазығы не? Келгелі бері «жатып жастық, тұрып төсек болып» мейіріммен маңдайыңнан сыйпауда емес пе? Сенің тартқан қасіретіңдей қасірет олардың әрқайсысының басында жоқ па екен?! Елге өкпе артпа. Азаматпысың ауыртпалықты бірге көтеріс. Шыда».

Бұл уәжге алғашқы Бекбосын қарсы дау айта қоймады. Дегенімен алған бет, жиналған сапардан қайтқысы да жоқ. Ойлана келе өз байламын айтқан:

«Елге, әрине, өкпесі жоқ. Елді кінәлай алмайды. Бірақ мұнда қалай қалады. «Көз көрмес, құлақ естімес» дегендей әлдеқайда кетіп көңіл суытпаса, жегідей жеген жан жарасы жүнжітіп бітпей ме. Бәрін қалай ұмытып, көңілінен өшіріп тастап, сап-салғыдай жайбарақат жүре алады. Жүре ала ма, өйтіп? Кісі бір қалыпта тұра бермейді. Күндердің ащысы бар, тұщысы бар. Кейде шаршап, кейде шалқып жүресің. Бірде болмаса бірде кезігіп, ашу әзәзіл иелік бермей соның дегенімен кетпесіне кім кепіл? Қой, біраз уақытқа болса да қоныс аудара тұрған жөн шығар».

Өстіп саралай, сараптай келе Бекбосын Қарағандыдағы Есбосынның қасына кетуді жөн санаған. Соған бекінген соң, енді ел көзіне түспей-ақ ертелеп жолға шығып кетуді мақұл көрді. Өзінің түндегі тіршілігінен қысылатын, төмен

шіктейтін сияқты. Әйтеуір, жұрт көзіне көрінуге ықтияр емес. Осы шешіммен жатқан қалпынан басын көтеріп алғанда қолындағы кездікті көзі қайта шалды. Сол сәт кісіге пышақ кезенгені, жасаған дүрбелеңі есіне тағы түсіп, ойына әлденелер оралып не істерін білмегендей аңтарыла отырып қалды. Көңіліне күдік, сақтық кірген:

«Жылымбек неғып жайдан-жай қоя береді? Әрекетсіз қалмаса керек. Әлде өз кінәсын өзі біліп «жабулы қазан жабулы» дей ме? Әй, қайдам. Оның не істеп жатқанынан мұның хабары жоқ қой. Түнде ауданға шауып кетіп, милиция ертіп келмесіне кім кепіл. Милиция келсе алдымен мына кездіктен айрылары сөзсіз. Мұны кісі көзінен жасырған дұрыс шығар. Қазір бойында сақтамағаны жөн».

Ең қымбат көретін, киелі мүліктей санайтын заты еді Бекбосынның бұл. Бес жыл не түрлі қым-қуыт оқиға, қуғын-сүргінді басынан кешкенде қалай айырылып қалмағанына, жоғалтып алмағанына, үнемі жанынан түспей жүргеніне кейде таң қалатын. Қысыл-таяң қажетті тұстарда талай рет әжетіне жарады. Тіпті тәнті болған жері де бар еді...

Бұл сон-ау соғыстың алғашқы жылындағы өте ауыр, тауқыметті күндер-тін. «Қырық жыл қырғын болса да — ажалды өледі» деген. Нелер сұрапыл қан кешуден өтіп жүріп, ара-тұра жеңіл-желпі жараланған кездерін сөз етпегенде Бекбосын соғыстан дін аман қайтқандардың санатына жататын. Рас нелер, өлім мен өмірдің арасында қалтқыдай қалт-құлт етіп, қас қағым сәтте үзіліп кетуі кәдік күмәнды шақты бастан өткеріп, сонан кейін өзінің тірі қалғанына таңданып аңтарылған сәттері жоқ емес. Соның бірі осы оқиға-тын.

Немістердің қол астындағы үлкен қалаға барар жолдағы шағын қыстақты жаудан үш күннен бері үш рет тартып алып, үш рет қайтып беріп, қазір тағы жоғарыдан: «қалайда қыстақ біздікі болуы керек» деген соңғы үкім тәрізді пәрменді бұйрық жетіп, өлген-тірілгендеріне қарамай шабуылға шыққан. Қаншама кісіні жолда қалдырып, кешке қарай ақыры бұлар қардай бораған оқтың астында қыстаққа кірген. Алғы қатарда жан ұшыра жүгіріп келе жатқан Бекбосын мықын тұсына тырс етіп тиген оқ дыбысын анық сезген. Алас-күлесте байыптап қарауға дәрмені жетпей асығыс зер салған. Тыз етіп, тәнін қарығандай еш нәрсе байқалмады. Сол бойы алға ұмтыла бергенде оң жақ білегі от тигендей ашып кетті. Артынша саусағына қарай жылбырай жылжыған қанның ізін көрді. Қолын қозғап байқады. Өз иелігінде. Қауіпті дерлік емес, жеңіл жарақат

екенін сезген. Тоқтамай тарта берді. Астын-үстін аласапыранның қалт еткен сәтінде қан тамшылап келе жатқан жарасына қарауға мұршасы тиді. Білегінің бұлшық етіне таяй сызып өтіпті оқ. Мықтап таңып байлап тастап, қайта ұрысқа кірісіп кетті. Кеш түсе қыстақты дұшпанның бір-жолата тазартып барып бас-аяқтарын түгендескен. Сол кезде Бекбосын есіне алып, жаңа әзірдегі белдеу тұсынан тигендей болған оқтың ізін іздестірген. Көрген кезде өз көзіне өзі сенбегендей сілейген қалпы шұқшия қарасын. Оқ кіндіктің сол жақ тұсынан сәл төменіректен, гимнастеркасын тесіп өткен. Гимнастеркасының жалпақ белдіктің астынан делдиген етегінде сұқ саусақ сиятындай тесік үңірейіп тұр. Оқтың жыртып кеткен орны.

«Япыр-ау, мынау тура іштен тиген оқ қой, арғы жаққа қалай дарымай қалған»— деп аң-таң күйде белдігін шешіп алып, үсті-басын ақтарып, сипалап тексеруге кіріскен. Тәні жарақаттан сау... Мына кереметті қараңыз! Тура біреу қағып өлтірген қара шыбындай мыжылып, қындағы қыстырулы кездік саптың бармақ түп тұсындағы тығырық орнына ұстатқан құйма алтынға бір түйір күйген қорғасын жабысып қалған.

— Әй, сен немене, қойныңа қоңыз кіріп кеткендей тінтікіленіп,— деп әзілдеген жолдастарына көрсетіп:

— Жігіттер, мына қызықты қараңдар,— деді. Олар көрген бойда кездікті қолдан-қолға жүгіртіп, дуылдай жөнелген:

— Ой, Бекбосын, бір ажалдан қалыпсың.

— Оқ қағарың бар екен.

— Мына оқтан аман қалған, сен енді өлмейсің. Қорықпа.

Енді біреулері кездікті қайтадан орнынан, қынға салып, оқтың тиген тұсымен мұның дене мүшесін салыстырып өлшеп көруде. Таңдайларын қағып, бастарын шайқасады:

— Жігітім, мына кездік сап болмаса оқ бір жақ бүйрегіңді талқандап өткендей екен.

— Бүйрекке тисе бітіп жатыр да онда.

— Иә, ғайыптан аман қалғансың ғой, тәуәп ет мына кездігіңе. Әдемі пышақ екен.

— Дегенімен қасиетті зат болды-ау. Кім беріп еді өзін?

Жолдастары айтса айтқандай, туралап келген ажал оғынан тәңірінің мына арашасына өзі де ғажап қалған. Алтын сапқа жабысқан қорғасынды нан кесетін лөкет пышақтың ұшымен түртіп түсіріп, сәл кетіле ішке қарай шұқырайған, шешектің дағындай ойық болып қалған оқтың ор-

нын біреу сипат кездікті қынына сұқты. Сонан сыртына сығымдай ұстаған саусақтарын ажыратпастан ойы алысты кезіп кеткен... Ол кезде үш ұйықтаса түсіне кірмейтін, өмірі естіп көрмеген жер түбіндегі мынау орыс орманында, жартылай жалынға оранып өртеніп жатқан мынау орыс қыстағында отырып осы кездікті берген Сырғаш қызды, сонау таудағы кешті сағына есіне алған. Таудағы сол кездесуді ес біліп, оң-солын тани бастағалы өмірінде кезіккен алғашқы, қимас, бақытты сәтіндей, қуанышындай сезінген еді. Сол сезімінің ұмытылар, көнерер түрі жоқ. Көңілінде тайға таңба басқандай сақталып қалған елестің — өмірі өшпес ыстық суреттің куәсі, белгісі осы қарыстай кездікті ең аяулы мүлкі, мүлкі емес-ау, жан серік жолдасындай көретін...

«Кейін қайтып айналып соққанда алармын. Қазір бір белгілі жерге тығып кетейін», — деп түйді Бекбосын қайда, қалай жасыру керегін іштей ойластырып.

Терезеден түскен ай сәулесі көмескіленіп, ажары қаша бастапты. Бұл таңның таянған хабары екенін аңғарған. Асығыс жолға жиналудың қамына кірісті. Ел аяғы қыбырламай тұрып ауылдан шығып кеткісі келген. Сенектегі бір кездегі алты қанат үйдің сүйегі жиналған бұрышты түртінектеп жүріп, тоқымдай құрым кигізді қолтығына қыстырып шықты.

Бауырынан қара жол өтіп жатқан жатаған құмақшаның беткейіндегі бырдай бейіттердің тұсына келгенде бұрылып анасының мүрдесіне қарай жүрді. Жер ошақтың орнындай ғана төмпешіктің қасына тізерлей отырып жұп-жұмсақ майда топырағын қос алақанымен сыйпалай, көз жанарын жас тамшылары кіреукелей басын иді.

— Топырағың торқа болсын, жан анам. Жатқан жерің жайлы болсын, апаян, — деп күбірледі.

Аз уақыт солай аялдаған соң орнынан түрегеліп мүрденің төмпешігінің аяқ жағына таяу жерден құмдауыт құмақшаның бос топырағын қолымен көсіп шұқырлап қазды. Кездікті жаңағы, үйден ала шыққан құрым кигізге мықтап орап, шұңқырға көмді. Топырағын таптап тегістеді. Мүрденің бас жағына қайтып келіп:

— Хош, анашым! Амандығымызға тілеуқор бола жатарсың, — деп көзін сығып-сығып алып, көкірегі қарс айырыла күрсініп, етектегі жолға қарай бұрылды.

Есбосынды табу қиынға соқпады. Мұның келетінін біліп күтіп тұрғандай алдынан шықсын. Алдынан шыққан жоқ-ау, поездан түскен бойда вокзалда кезіктірсін...

Күтушілер залындағы ығы-жығы адамдардың арасынан

сыналай өтіп, қалаға шығатын есікке беттеп бара жатып көптің ішінен көзіне шоқтай басылған таныс бейнені байқап қалып қалт тоқтады. Ерсілі-қарсылы сенделген арадағы жұрт әлгі бейнені біресе көрсетіп, біресе тасалап, үзілдіріп, назарына анық іліктіре қоймаған соң есікке таянған жерінен солай қарай кері бұрылды. Әлгіде шырамытқан жігітті билетке кезекте иін тірескен қалың көптің бір шетіне сала оқшаулау жеке тұрған жерінен көрген. Бұл қасына таяна бергенде аржақтағы бөлмеден жайраңдай күлімдеп, жас қыз шығып, оған ұмсына қол беріп, екеуі ешкіммен шаруасы жоқ өзді-өзі мәз-мейрам болып кетті. Жаңа төңірегіне қарастаған сәтте жалт еткен жүзін бір көрсеткен жас жігіт енді бұған сыртын бере теріс айналған. Қасында бейтаныс қыз. Көңіліне: «Ол емес, басқа ма? Соған ұқсас әлдекім болып жүрмесе» деген күдік кіріп аңтарыла тоқтаған. Жігітке қарама-қарсы осылай қарап тұрған қыз Бекбосынның бұл күйін андағандай. Оның өздеріне көз қарасы, қастарына келіп таңдана тоқтағаны жайдан-жай емесін шамалаған парқы бар. Соны серігіне сездірген тәрізді, кенет қасындағы жігіт артына жалт бұрылған:

— Есбосын!

Бекбосын қолындағы жүктерін тастай сала ұмтылды. Есбосын көзі шарасынан шыға, есінен танғандай бақы райып сілейіп қалған. Бұл келіп құшақтағанда барып санасына жетіп, ағасын танып:

— Бекбосын! Бауырым!— деп арсы-күрсі бас салды

Інісі бір күледі, бір жылайды, пора-пора. «Осы рас па өзі» дегендей құшағын жазып, қоя беріп, ағасының жүзіне, бас-аяғына қайта көз жүгіртеді, қайта бас салып сүйеді. Иесіне еркелеген дөректтей арсалаңдап жүр. Ағыл-тегіл қуанышқа кенелген түрі бар. Қыз екеуіне күлімсірей қарап қалған. Көзі шырадай жанып қуаныш белгісін сездірген жүзінде жағдайды түсінген жанның кейпі аңғарылады. Кімде болса бөтен, бөгде емес Есбосынның таныс кісісі екенін пайымдаған Бекбосын інісінің құшағынан босаған сәтте:

— Амансыз ба, қарындас,— деп сәлемдесті.

Есбосын сонда барып есіне түскендей, қыз жаққа мойын бұрды, асыға-аптыға таныстыра бастады.

— Сара, бұл Бекбосын... Армиядағы хабарсыз кеткен ағам... Жалғыз туысқаным... Өзіңе талай айттым ғой...

— Білемін, білемін. Айтқансың... Ой, қандай қуанышты...— Қыз шын ықыласты пейілмен жадырай келіп сәлемдесті.— Сәлематсыз ба? Ат-көлік аман-есен жеттіңіз бе?

— Бекбосын, бұл Сара... Менің... танысым. Танысып қой...

— Жақсы, жақсы. Ал, Сара қарындас, танысып қоялық,— деп Бекбосын қайта қол ұсынды.

— Не тұрыс, жүр кеттік үйге, мамамнан шүйінші сұрайық,— деді қыз Есбосынға қарап.

— Киноны қоямыз ғой онда,— деді Есбосын да бұл ұсынысты құп алғандай.

— Ой, мынандай күні, мынандай кездесу сәтінде қандай кино. Айда кеттік мамама...

Сара қыздың қазақша жатық сөйлегені мен татарша тіл сындырған кісіге тән сөз саптауы аңғарылады. Түрі бидай өнді, құбаша, таза қазақы келбет. Орта бойлы, талдырмаш денелі, жинақы сыпайы қимыл; келісті құлын шипат; ажарлы жан екен. Адамға елжірей, жылыұшырай қараған қарасы да жайлы, жұғымды, кісіні өзіне тартып тұрғандай. Бекбосынға бірден ұнады. Көңіліне көргеннен-ақ жақындық ұялаған.

— Үй вокзалдан қашық емес, жаяу баратын жер, жүріңіз. Есбосын жүктерді сен ал,— деп Сара ашық-қарқын өзімсінген сыңайда жолбасшылыққа көшті.

Бекбосын сабыр сақтап «қайда, кімге барамыз» деп сұрай қоймағанымен сол бір сұрау ағасының көңілінде келтіліп алаң етіп келе жатқанын інісі, әрине, аңғарғандай. Сонан соң жол бойы мән-жайдан хабардар еткен.

Келе жатқан үйлері Сараның шешесі Сәния апайдікі. Сара ол кісінің жалғыз қызы. Сараның әкесі, үлкен ағасы ағыста қаза тапқан. Сәния апай Есбосындар оқыған ФЗУ-дың жатақханасында комендант болып істейді. Апаймен сол жатақханадан таныс. Есбосынды баласындай санап, іштартып жақын тұтады екен. Бұл ФЗУ-ға алғашқы келген жылдары үйіне ертіп апарып, тамақ ішкізіп, жағдайына қарасып жүрген. Сарамен сол кезден таныс. Сара қазір осы теміржол вокзалында жолаушыларға билет сататынын кассада жұмыс істейді. Бүгін екеуі киноға баруға келісіп, Есбосын жаңа билет алып келген сәтте бұл ұшырасқан. Бекбосынның еш ыңғайсызданбай жүре беруіне болады. Сәния апай бауырмал, кішіпейіл адам. Сөз жоқ Бекбосынның келгеніне қуанады. Сәния апайдың оны қуана қарсы алатынын әңгімені тыңдап келе жатқан Сара да қуаттап, қоштап қойды.

— Бекбосын аға, қара да тұрыңыз, сізді ертіп келгенімізге мамам бек риза болады. Есбосыннан «еліңнен хат алдың ба, ағаңнан хабар келіп пе» деп үнемі сұрайтын. Сізді біледі мамам.

Қыздың ибалы, кісі жатырқамайтын, елгезек сыңайынан тәрбиелі от басында өскені сезіледі.

«Жақсы адамдар болды-ау, тәрізі»,— деп ойлап қойған.

Сәния апай шынында мұны туған баласы келгендей көңілмен қарсы алды:

— Ой, айналайын, аман-есен жеттің бе?! Бұл дүниеда азаматтың амандығынан, саулығынан артық ешнәрсе жоқ. Бақытың бар жігіт екенсің. И-ий, бұ қарғыс атқыр соғыстан қаншама боздақтар қайтпай қалды. Қаншама төредей азаматтар қор болып, кембағал күйге түсті. И-ий, несін айтарсың, шырағым. Не болмай жатыр бұ дүниеда. Осыншама уақыт хабарсыз кеткенге мен сені, алла күпірлік етпесін, көңіліңе алма, қалқам, тірі емес пе екен жазған, деп ойлайтынмын. Ол ойымды Есбосынға сездірген жоқпын, әрине. «Қара қағаз келмесе күдер үзбе, бір жерден хабары шығып қалар» деп жұбататынмын... Ауылыңа бардың ба, Есбосынның бұл жақта екен хабарын қайдан білдің?!

— Иә, апай, елге соқтым. Есбосынның адресін сол жерден алдым.

— Е-е онда, шешеннің иманы саламат болсын. Көре алмапсың. Сен әскерде жүргенде қайтыпты дүниеден, жазған, уақыты сол-дағы. Алдынан жарылқасын де. Өздерің аман болыңдар.

— Рақмет, апай.

Сәния апай жаны қалмай барын алдына жайып, шайсуын беріп, әбігерге түсуде. Ауызы әңгімеде. Ара-арасында мұның енді алдағы жоспарын не істемек ойы барын сұрастырды.

— Мұнда біржолата келдің бе, әлде Есбосынды алып ауылыңа қайтасың ба? Есбосын ФЗУ-ды бітірген, қазір шахтада жұмыс істеп жүр. Жұмысы жақсы. Табыскер азамат болып тұр. Өзі мұнда әбден үйреніп кетті. Жолдастары көп. Мен де туған баламдай көремін,— дейді мұнан шет жағалай сыр тарта.

Кісі көңілін зерделей алатын Бекбосын оның көкейін сезгендей. Байқайды Есбосынның бұл жерден кетуіне ықтияр емес. Бауыр басып алған жандай.

— Апай, ол жағын әлі шешіп-пішкенім жоқ. Ақылдасып, ойластырып көрерміз. Жұмыстың, жағдайдың реті келіп жатса өзімде осында тұрақтап қаламын ба, қайдам. Есбосынды да үйренген жерінен қозғамай-ақ.

— Ой, жаным, осың сөз-ақ. Ақыл-ақ. Есің бар жігіт тәріздісің, бәсе. Ауылда қарайлап байланатын ата-анаң жоқ. Қазір жұрттың қолы қалаға жетпей жүр қайта. «Жі-

тікке үш жыл тұрған жері мысыр шапаны» деген. Тиреннің кетесің, әлі-ақ. Үлкен қала, жақсы қала бұл. Сендей азаматқа жұмыс деген шаш етектен мұнда. Таңдап жүріп орналасасың. Жұмысқа кірген соң үй береді. Ал әзірше осында-ақ тұра тұрасың. Симай жатқан басымыз шамалы. Сара екеуіміз ғана. Есбосын әлі сол ФЗУ-дың жатақханасында.

Сәнияның бұл сөзін Есбосын мен Сара құлшына құптады. Бекбосынға келіспеуге жол қалмаған тәрізді. Ертесіне жұмыс жағдайын ақылдасып ортаға салғанда Есбосын:

— Алдымен белгілі мамандық алғаның жөн. Менің шахтадан тауып тұрған табысым әзірге екеуіміздің киім-тамағымызға жетеді. Зәрушілік көрмейміз. Сен, осында алты айдық шоферлар дайындайтын курс ашылмақ, соны оқып бітір,— деді.

Бекбосын бұл ақылды теріс көрмеді. Сөйтіп қалалық болуға бел шешкен. Кейін жұмысқа түсіп жатын-жай алғанша Сәния апайдікінде бола беруге келісті. Жалғыз басты болғанымен тұрмыссыз емес. Үйлері кең, жиһаз-жабдықтары жеткілікті. Бірақ үй иелерінде әдетте қаланың тұрмысты кісілерінде кездесетін кесір-кесепат, мұрын шүйірген паңдық жоқ. Қарапайым, құдайына қараған жандар. Есбосын күнделікті келіп кетеді, осы үйдің бір кісісіндей араласып тұрады. Үйренісе қеле Сәния апай Бекбосыннан еш әңгімесін жасырмайтын ыңғайға шықты. Ересек, басалқы кісі санай ма азды-көпті шаруасын осымен ақылдасатын әдет тапқан. Басынан өткен тіршілік тауқыметін, азды-көпті тарихын айтып отырады.

«ДҮНИЕ БІР ҚИСЫҚ ЖОЛ»...

— Ей, қалқам-ай, — дейді Сәния апай терең күрсіне, — тірі пенде көре береді, көре берсе көне береді-дағы. Енді біткен шығармын, енді бұл өмірдің маған не қерегі бар деп сан рет баз кешкен сәттер бастан өтті. Бірақ онымен кісі өліп қалмайды екен. Пенде шіркінге дауа жоқ, артынша-ақ арсыз тіршіліктің қамымен сабылып жүргенің. Арсыз күлкі, арсыз ұйқының тағы да құлы болып жүргенің...

— Апай, өмір соңысымен өмір де. Бір қалыптан аумап тұратын дүние бола ма. Бір кезіккен қайғыдан өле беретін адам бола ма. Онда жер үстіңде кісі қада ма.

— И-ий, Бекбосын оның рас. Ажалы жетпесе кісі қайғыдан өлмейді екен. Саған өстісін, білсін деп айтамын.

Откен тәп қой. Ішке сыймаиды. Кейде айтып, шер тарқатқың келеді. Мылжындай береді деп ойлама, шырағым. Ұлғайған сайын адам сөзуарланып кететін сияқты. Сөкпе, қалқам...

— Жок, не деп сөгемін, айта беріңіз. Өткенді әңгімелегеннің не айыбы бар. Ғайбат, өсек емес айтып отырғаныңыз. Көрген, білгеніңіз. Басыңыздан өткен жайлар.

— Әлбетте, әлбетте, ғайбат, өсек емес, әрине.

Сәния апай кейде күрсіне, кейде жаулығының ұшымен жанарының аңғалағын қайта-қайта сұрткілей өмір тарихынан сөз қозғайды.

Әкесі Жетісуда үлкен дүкен ұстаған көпес-саудагер — жиырмасыншы жылы өз ажалынан дүние салғанда Сәния жаңа бойжетіп келе жатқан қыз екен. Дүкен де, басқа мал-жан иелік те үлкен ағасының пәрменіне көшкен. Кіші ағасы алыс қалада оқуда жүрген. Өздері үш ағайынды болған. Әкесінің артынан екі жылға жетер-жетпес уақытта шешесін жөнелткен. Осы кезде кіші ағасы оқуын бітіріп келіп, қалаға жаңа өкіметтің қарамағына қызметке кірген. Осыдан бастап ағайынды екі жігіттің арасына араздық енген. Байлар мен саудагерлерді, ауқаттыларды қырына алып тұрған «қызылдың» сойылын соғып, қызметін істеген інісі мен келініне ағасы наразылығын жасырмаған. Ақыры екі үйі әкеден қалған хан сарайдай кең жайға сыйыса алмай кіші ағасы жұмысшы лашығына бөлініп тынған.

Алғаш байларды кәмпескелеу хабары шыққан кезде кіші ағасы үлкен ағасына келіп:

«Дүние-мүлкінді еркіңменен өкіметке өткіз. Өзің қара жұмысқа кір. Қазіргі саясатқа бағын. Қыңырлықты қой. Сенің әмпейлесіп жең ұшынан жалғасып жүрген адамдарың дұрыс кісілер емес. Түбі басыңды бәлеге шатасың. Олардан іргеңді аулақ сал. Айтқанымды тыңда» — деп ақыл қосқан.

Ағасы оның сөзіне құлақ асар сыңай танытпаған. Шалқасынан түскен.

«Сен маған ақыл айтып қамқорсымай-ақ қой, өз жөніңді-ақ жөнде. Ешкімнен ұрлап, тартып алған дүнием емес, әкемнің жинап-теріп беріп кеткен мүлкі. Неге оны бас жоқ, көз жоқ, өз қолымнан сендердің жалаңаяқтарыңа беруім керек. Не үшін? Иман сұрамақпын ба, олардан?»

«Айтқанды түсін. Құр қараулықтан пайда таппайсың. Жалғыз сен емес, күллі жұртқа ортақ заң. Онан қалыс қала алмайсың, бөлініп кете алмайсың».

«Кету керек болса кетемін. Бөлініп кете алмайтын кіл елірген, қызыл көз гүлдектерге бауырымнан байлап қо-

йып па?! Қимайтын нем бар сондай-ақ. Бірге туған туыстың түрі мына сен. Жаттан әрмен, жаудай жағаласқан. Бұралқы иттей құйрығыңды бұлғандатып жаңа өкіметке жағынғандағы тапқан дұшпанның мен — жалғыз ағаң. Әке тұрғызған ақ орда мен мал-мүлкіңнен без, көрінгенге бер дейсің. Неге беземін, неге беремін? Қай қарызым үшін беруім керек? Әділет орнатамыз. Ең әділетті өкімет біз боламыз деп кеуделеріңді соққанда кереметсіңдер. Біреудің мүлкін, малын бермесе тартып аламыз дейсіңдер. Сол да әділеттілік пе? Кіші үлкенге қарап сес көрсетеді, тіл тигізеді, сол да тәртіп пе?!»

«Сенің мұның жаңа саясатты бұрмалап, сан-саққа жүгіртіп жүрген контрлардың аузындағы сөз».

«Контрың мен бе тапқан?!»

«Мен сені контрсың деп тұрғаным жоқ. Бірақ бүйтіп контрлардың сөзін тірілтпе. Менің алдымнан көлденең тартпа. Ойланып сөйле. Бұл жаңа саясатқа жала жапқысы келгендердің айтып жүрген жыры. Жаңа өкіметтің жүргізген ісін түсініп қолдағандарды ешкім күштеп зорламайды. Сонан соң да мен өз еркіңмен қадам жаса деп отырмын. Сен мынаған назар аудар. Қазіргі саясаттың басты шарты — енді бай, кедей деген болмайды. Жұрттың бәрі тең, бірдей өмір сүреді. Біркелкі тұрмыс құрады. Сол үшін байлардың мал-мүлкін алып кедейлерге үлестіреді. Бай мен кедейді теңгереді. Бұл қазір қолға алынған, қалай да орындалуға тиіс негізгі шара. Онан ешкім еш қайда қашып құтыла алмайды. Көну керек».

«Сен мынаған ой жіберші. Әу баста табиғат бес сау-сақты неге бірдей жаратпаған. Құдай теңгермегенді адам теңгере ала ма?! Біреу ақылды, біреу ақымақ. Біреу пысық, біреу аңқау. Әркім өресінің жеткенінше іс істейді, қызмет қылады. Сонан кейін біреу тұрмысты, бір қоңторғай күн кешуі заңды емес пе? Жұрттың бәрін бір қалыпты етемін деу ақылға симайтын әрекет қой. Соған қалай малданып, қолымда барды көшеге шашуым керек. Ал, оған көнбегенді жау санайтын өкіметке қалай ықылас білдіріп, құлдық ұрып, алдына түсуім керек. Рақмет ондай өкіметіңе, бағынбай-ақ қойдым. Бұйырғанды көріп алдым. Бұл саясатыңның маған керегі жоқ».

«Саған керегі болсын, болмасын — көнесің. Бағынасың. Бағынбай аспанға ұшып кетпекпісің?!»

«Аспанға ұша алмасақ та қарамызды батырар жердің бір пұшпағы табылар. Бүйтіп үйде отырып, қалың елдің көз алдында талапайлағанша көз көрмес, құлақ естімеске ауа көшіп кеткен артық шығар».

«Босқа арандама. Өкіметтің құрығы ұзын. Теріс бет-алыста қолға түссең оңбайсың, өкінесің. Өзіңе-өзің қастандық жасама. Онан соң кеш болады. Қазір ойлан. Көрінгенге ілесіп, елікпе. Елдің ортасынан ауамын дегенді ойдан шығар. Ешкім қуып, кет деп жатқан жоқ. Не зауалмен қашқын болмақсың».

«Әй, бұдан артық не зауал керек? Барыңды талапайға түсірейін деп жатса».

«Ел ортасында аштан өлмейсің. Зар-замандай бер ме. Артық мал-мүлкін өткізетін жалғыз сен емес. Айтқанға құлақ ас. Өзіңе тиесілі үлесіңнен басқасын еркіңмен апарып тапсыр. Мен саған зиян ойлап отырғаным жоқ. Түсін».

«Достығың мынау болса, ішін ұрайын. Бар, білгеніңнен қалма. Сенімен енді сөзім жоқ».

«Айтқанды тыңда».

«Тыңдаймын. Тіреп тұрған аспаныңды тастап жібер. Сенсіз де жөнімді табармын».

«Екі сөзіңнің бірі «кетемін, жөнімді табамын». Қай жақтағы жөн. Қай жақтағы өріс ол — қой арқасына бозторғай жұмыртқалаған. Кетіп көр осыдан... Көрейін... Енді көп тәжікелесетін уақыт жоқ. айттым, ескертемін — жақын күнде комиссия мүшелеріне барып, өз еркіңмен артық мал-мүлкіңді тапсыратыныңды мәлімдемесең — өзім келіп конфискулеп, қаттау жүргіземін. Аяйды деп ойлама».

«Сенен жақсылық күтпеймін өзімде».

Екі ағасының ат құйрығын кесіскен жандардай қошсау бол айтыспай, жауыға тарасқаны Сәнияның жас жүрегін шошытып, жанына қатты батқан. Қолынан келер дәрмен жоқ, екеуіне кезек-кезек жаутаң-жаутаң қарап көз жасын мөлт-мөлт төкті. Олардың мұның жан дүниесімен шаруасы қанша. Орға жығар ашудың өзімшіл жетегінде қайырылыспай, қалшиған қалыптары кете барды. Мұның арты жақсылыққа апармайтынын, әлдене сұмдыққа тірелерін сезгендей шыбын жаны шырқыраған. Өзін қоярға жер таппаған. Іштей шыр-пыр еткеннен басқа жасар ылажы жоқ. «Соңы не боладыны» уайымдай күткен. Сөл күні үлкен ағасы түнімен жоғалып кетті де ертеңіне ашуды оралды. Мүшел жасқа шыққан жалғыз ұлы мен әйелін, Сәния үшеуін оңаша шақырып алып:

«Буынып-түйініп, дайындалыңдар. Бүгін түннен қалмай таңғы ұйқының шағында, қаладан көшіп, шығып кетеміз. Қашып, Қытай асып бара жатқан жұрттың тобына

қосылып арғы бетке өтеміз, мұнда бізге енді қарамаңның еш нәрсесі жоқ»,— деді.

Ағасының мына сөзі Сәнияның жүрегін су еткізді. Елді, жұртты тастап, кіші ағатайымен қоштаспай өмірі білмеген, көрмеген белгісіз жаққа қалай кете береді. Қайда барады? Кімі бар ол жақта? Қыз бұл сапардан шошынғандай сыңайда. Онысын айтайын десе ағасының мінезі белгілі, жақтырмай қала ма деп сескенеді. Әйткенімен өзін-өзі қайрап, тәуекел етіп:

«Тым алыс жақ қой, ағатай, өмірі көрмеген бөтен ел ғой. Қалай барамыз? Сонан соң бұл жаққа қайтып келмейміз бе?»— деуге дәті жеткен.

«Бұл жақта нең бар жау талап жатқан. Неңді қимайсың. Бос сөзді тоқтат. Артық әңгіменің кереті жоқ. Және бұл әңгімені өздеріңнен басқа тірі жанға сездіруші болмаңдар. Тістеріңнен шықпасын. Ешкімге, ешқайда бармаңдар, жолықпаңдар. Үйден аттап баспайсыңдар. Айтқанымды істемегендеріңді оңдырмаймын. Барыңдар, үн-түнсіз жолға жиналыңдар».

Ағасының бет алысы қатты, еш нәрсеге илікпейтінін аңғарды. Енді мұны ешқайда шығармайды да, жібермейді де, ол айдан анық. «Шынымен-ақ бұлардың бұл өлке, бұл жерді қалдырып басы ауған жаққа лағып жүре бергені ме? Ең құрмаса кіші ағатайын көрмей қалғаны ма? Ол ғой мына жайдан бейхабар. Ертең білгенде қайтер екен? Сұмдық-ай, не заман бұл? Не тіршілік болып кетті? Енді қайтты? Не істейді?» Қыз шарасыздықтан далбасалап, сенделіп, қыстыға жылады. Қалып бара жатқан, енді қайтып көрер көрмесі белгісіз кіші ағасын қимайды. Мынау кір жуып, кіндік кескен туған жерді қимайды. Түнде ертелеп қозғалып кетуді межелеген соң жолға жүрер алдында азда болса тынығып алудың қамымен жарықты сөндіріп ерте жатып қалған қараңғы үйдің ішінде ойы оңға бөлініп, санасы сарылып, амалы таусылып, тынысы тарыла дөңбекшиді. Толқи, толғана келе тәуекелге бел буған: «Бүгін түн қалайда кіші ағасына хабар салуы керек. Білмей қалмасын. Мүмкін ретін, ыңғайын тауып ағасын мына сапардан тоқтатып, алып қалар. Сөйтіп, бұлар, беймәлім, жат елге беталды қаңғырмас».

Түннің қай мезгілі екені белгісіз, ел тым-тырыс ұйықтап кетті-ау деген сәтте қыбырсыз тұрып, үйден жылыстай шықты. Сол бойда екі өкпесін қолына алып, ұшты-ай келіп. Мезгілсіз уақытта жау қуғандай өң-түс жоқ ентіге жеткен мұны көрген ағасы тегін жағдай емес екенін сезгендей.

«Сәния, айналайын, не болды, мына жүрісің қалай?» — деп құшағына ала берген.

Үрейден, уайымнан, қатты жүгірістен қалжыраған қыз ағасының бауырында, дір-дір егіліп тұрып, мән-жайды мәлімдеген.

«Жарайды, сен осында бола бер. Ешқайда шықпа. Уайымдамай, алаңдамай жатып дем ал, — деді ағасы. Сонан соң әйеліне бұрылды: — Сәнияға қасыңа төсек салып бер. Мен келгенше ешкімді дүрліктірмей үйде отырыңдар. Хабар өзімнен болады».

Осыны айтты да апыл-ғұпыл киініп шыға жөнелді. Жеңгесімен екеуі ұйқы жоқ, тырс еткен дыбысқа елеңде-сіп, түнімен үрпиісіп отырды. Шаршап, діңкелеп таң алдында қалғып кетіпті. Әлде кімнің тұрткілегенінен көзін ашқан. Уақыт сәске түске таяпты. Оятқан жеңгесі екен. Ол да мызғып жаңа тұрған сияқты. Көзін ашқан бойда жан-жағына елеңдей қараған қыз:

«Әтейім қайда, әлі келген жоқ па?» — деп мазалана сұрады.

«Жоқ келмепті. Енді не істейміз? Издейміз бе?»

«Бұл кезге дейін кешікпесе керек еді ғой, іздейік, жүр».

«Онда жанымызға кісілер ертейік» — деді жеңгесі. Сөйтіп екеуі олар қызмет істейтін кеңсеге соғып, қастарына екі-үш адам ілестіріп үлкен ағасының ауласына келіп кірген. Қаңырап бос тұр. Сыртқы есіктің құлпын бұзып ашып, бөлме-бөлмені түгел тінтіп қарап шықты. Иесіз қалған мүліктер қарғысқа ұшыраған елдің жұртындай құлазып көрінеді. Тірі жанның исі сезілмейді. Үйден еш нәрсенің белгісін кезіктіре алмаған соң ілесіп келген жігіттер кең ауланың түкпір-түкпірін, қора-қопсыларды тінтікілей бастаған. Бұл екеуі де солардың соңында жүр. Кіші ағасын қасына шөп маялаған, мал қораның қараңғы бұрышынан тапты. Аузын шүберекпен тығындап таңып, қол-аяғын матап буып, сол арқанның бір ұшымен қазыққа байлап кетіпті.

Арқанды пышақпен қиып, аузындағы шүберегін шешіп босатқан бойда ол ұйып қалған қол-аяғын жаза алмай есеңгіреп аз кем отырды. Қолтығынан демеп, орнынан тұрғызған жігіттердің сүйемелімен біраз сүйретіле, тәлтіректеп барды да, далаға шыққан соң, бойына қан тарата сілкініп, отырып-тұрып, жер тарпи екі-үш рет тепкіленіп барып денесін тіктеді. Сонан соң үсті-басының шаңын, жабысқан шөптің қиқымдарын қағып тазартты. Өзін ретке келтіріп алған соң:

«Жігіттер, қазір осы бойда қалалық милицияға тарттық. Тез жүріңдер. Басқа шаруа кейінге қала тұрар. Ал сен екеуің үйге бара беріңдер»,— деді бұларға.

Жеңгесі: «Түсіндіріп айтсайшы, бұл не жағдай? Өзің үйге соғасың ба? Қашан келесің?»— деп еді, ағасы қайырып тастады.

«Кейін білерсің. Айттым ғой, үйге барыңдар деп, Мен кешіксем алаңдамандар. Үйден күтіңдер. Қауіптенетін түк жоқ. Қасымда енді өзіміздің жігіттер болады. Барыңдар».

Ағасының даусы соңғы бұйрықтай естілген соң, мұнан әрі әңгімені созбады. Жеңгесі екеуі үн-түнсіз жолға түсті. Сонан тырс еткен сыбыс болмады. Ақыры шыдамай кешке қарай жеңгесі қалалық милиция басқармасына хабарласып күйеуінің он шақты милиция, солдат ертіп, шекараға қарай ауып қашып бара жатқан елдің соңынан қуып кеткенін біліп қайтқан. Екі оттың ортасында қалғандай күйдегі Сәнияға бұл әңгіме аса жайлы естілмеді. Көңіліне мазасыздық ұялап, әлде неден күдік алып, үрейленгендей тағат таппайды.

«Милиция қуып жетсе не істейді, ата ма?»— деп сұрайды жеңгесінен.

«Жоқ, атпайды, олардың өздері оқ шығарып, қарсылашып көнбей жүрмесе».

«Онда оларды неге артынан қуып кетті».

«Барып, кейін қарай алып қайтады».

«Ұрыс болмайды ғой, әйтеуір».

«Кім біледі, қайтпаймыз деп қарсылық жасаса қақтығыс шығып кетуі кәдік».

Сәния үлкен ағасын есіне алды. Оның кейінгі кездегі мінез-құлқы, қас қабағы, іс-әрекеті, әлденеге мықтап бел буған қырыс ыңғайын ойымен топшылайды. Өз дегенінен сынбайтын қасарыспа мінезін білетін. Аса дейі қатты жан. Ол кісінің мәмілеге жығылып, кейін қайтуға келісе қоймайтынын ойлап, уайымға батады.

«Қайтуға көнбесе қоя бере салмай ма. Кете берсін. Ол үшін неге ұрыс шығарады».

«Тәртіп солай. Олар осы елдің адамдары, рұқсатсыз басқа елге өтуге хақысы жоқ. Әрі өздерімен бірге бұл мемлекеттен көптеген мал, қыруар байлық алып кетпек. Оған жол беруге болмайды».

«Әкетсе өздерінің байлығы, өздерінің малы емес пе. Ешкімнен ұрлап бара жатқан жоқ қой».

«Сен оны түсінбейсің. Қазір мал біткен де, жан біткен де — мемлекеттікі. Соған тиесілі бәрі. Жеке меншік, жеке байлық деген болмайды енді. Ол түбірімен жойылады».

Тәртіп, заң деген жұрттың бәріне бірдей ортақ, кім-кімде бағынуға тиіс, әркім басының ауған жағына кете берсе онда қандай тәртіп, онда қандай мемлекет болмақ. Біздің ең басты қағидамыз — темірдей тәртіп білдің бе? Сондықтан ешкімді бетінен жібере алмаймыз. Жарайды өскен соң түсінерсің оның бәрін. Қазір саясатты қоя тұр. Маза бер. Онсыз да басым ауырып шаршап отырмын».

Екеуінің арасындағы әңгіме осымен тынған.

Ағасы сол кеткеннен екі күнге дейін оралмады. Бұлар ұйқы, күлкіні ұмытты. Жанын шүберекке түйіп, күтуден, елендеуден жынданып кете жаздады. Екінші күні кешке қарай қажып, дінжелеп, өң жоқ, түс жоқ, түрі өрт сөндірген кісідей қарау тартып, қабаржып келген ағасының мына пошымын көріп, тіпті тіл қатып, жағдай сұрауға дәті бармады. Ол үйге кірген бетте үлкен ожау толы мұздай суды дем алмастан ішті де, сол ләм-мим демеген бойы теріс қарап жатып қалды. Сәния қанша алаңдап тыпыршығанымен үлкен ағасының хабарын біле алмаған қалпы, күпті күйде амалсыз төсекке қисайған. Сонан ағасы азанда жұмысқа кетейін деп жатқанда оянған. Түрегеліп қасына келді. Ағасы көңілсіз, жүдеу кейіпте, бұған салқындау назар салғанымен сөйлесуге ыңғай танытпады. Жиналып тезірек кетудің қамын жасады. Қолына сумкасын ұстап есікке беттей бергенде, Сәния ақыры шыдамай:

«Әтей, ағатайға кездестіңіз бе? Жолықтыңыз ба? Не болды? Не хабар білдіңіз?»— деп сұраған.

Ағасы бұған бұрылып қарамай, қырын беріп көзін есіктен алмаған қалпы:

«Білмедім... көргенім жоқ. Арғы бетке өтіп кетіпті. Қуып жете алмай қалдық»,— деді. Соны айтқан соң бұл енді не дер екен деді ме, үн-түнсіз біраз тосылып тұрды.

«Сонда біржола кеткені вой. Енді бұл жаққа қайтып келмей ме?»

Ағасы неге екені белгісіз ауыр күрсінді.

«Келмейтін шығар. Келмейді... Кеткен адам қайтып келуші ме еді...»

Даусында бір діріл бар жарықшақтанып шықты. Әрі осы сөзді ол Сәнияға мұның көңілін суытып, күдерін үздіру үшін әдейі айтып тұрғандай көрінді. Қыз көңілі бұзылып ағасына құлази қараған. Оның әдеттен тыс тұйық, тұнжыраңқы, көңілсіз кейпінен түсініксіз өзгерістер аңғарғандай. Табиғатындағы тәкаппар, сырбаз жігіттің қазіргі болмысынан соншалықты төмендеу, пәстік сезілгендей еді. Ешнәрсеңіз мәнісін бажайлап үлгермеген Сәния оның мына түріне қарап:

«Әтей, бір жеріңіз ауырып жүр ме, неге сонша жүдегенсіз»,— деп сұрады. Жігіт қарындасының бұл сұрағынан іш жиып, дереу өзін-өзі қолға алғандай ширап, еңсесін көтерді. Қабағын ашып, жайдары қалып танытқандай болды.

«Кейінгі күндері жұмыс ауырлап кетті. Шаршап жүрмін. Соныкі шығар. Әйтпесе денсаулығым дұрыс.— Ағасы осыны айтты да, есіктен бері таман екі-үш аттап, мұның қасына таянып, оң қолымен қапсыра құшақтап, өзіне қарай икемдеп, маңдайынан иіскеді.— Айтпақшыдай, Сәния, сенімен сөйлесетін әңгіме бар еді. Школыңды бітірдің. Өкіметтің кез келген кеңсесінде қызмет атқаратындай сауатың бар. Үйде босқа отыра бергенді қою керек. Жұмысқа орналас. Жұртпен аралас. Кісі киік тіршілікті тастап өмірге, мына ортаға бейімдел. Өзің қатарлы жастармен таныс. Бірге жүр. Солай етейік жарай ма?!»

Сәния бұл ұсынысқа қуана келіскен. Айтқандайын ағасы, жеңгесі бірге қызмет атқаратын қалалық комитетке хат тіркеушілік жұмысқа орналасты. Сонан көп ұзамай әтейін осы Қарағандыға үлкен жауапты қызметке ауыстырып, табан астында салт басы аттанып кетті. Бұл жеңгесімен асықпай соңынан жиналып, көшіп баруы керек-тін. Ағасы, жеңгесі үшке шыққан ұл баласын екеуі бірдей қызметте жүрген соң, қала төңірегіндегі ауылда тұратын қайын енесіне беріп жіберген. Бала солардың бағып-қағуында. Енді алыс қалаға ауысатын жағдайда оны мұнда қалдырғылары жоқ. Жеңгесінің барып алып қайтуы қажет. Бұлардың осындай-осындай шаруаға қарайлаған қисыны бар еді.

Сәния өз көңіліндегі арманы, тілегі сол болған соң ба, үнемі үлкен ағасын кешікпей қайтып келетіндей сезініп, алаңдайтын да жүретін. Іштей сағына күтетін. Буыныптүйініп көшеміз деген қарсаңда жеңгесіне әлгі ойын білдірді.

«Мен осында бола берсем қайтеді?! Ағатайымды күтсем деймін. Мұнда қайтып келсе, бізден адасып қалар. Адресіңді алған соң барып, қатынасып, хабарласып тұрармын. Хат жазамын үзбей. Осы жұмысымды істеп жүре беремін. Мұндағылардың бәрі таныс кісілер. Далада қалып бара жатқаным жоқ. Мені тастап кетсең».

Жеңгесі күтпеген әңгімеден аңтарылып дағдара қараған. Сәлден кейін өзін-өзі келіп, үзілді-кесілді қарсылық білдірді.

«Жоқ қалмайсың! Ол не дегенің? Әтейің рұқсат етпейді. Бізден бөлініп жалғыз қаламын дегенің қай сөзің?»

Сәния енді жалына бастаған:

«Жеңеше, жалғыз қалып бара жатқаным жоқ қой. Ел ортасы. Мұнда туыс, тумаларымыз баршылық. Менің осында болғым келеді. Әтейіме түсіндіріп хат жазып жіберемін. Ренжімейді. Өтінемін, жеңеше».

Жеңгесі тығырыққа тірелгендей ойланып отырып қалды. Сәлден кейін орнынан тұрып терезенің алдына барды. Жүзін теріс бұрып, әйнектен далаға көз жіберіп, сазара телмірген қалыпта шарасыз бір өкінішті үнмен:

«Еркем, ағатайың енді қайтып келмейді, әуре болма-сайшы»,— деді. Оның мына сөзінен қыз оқыс шошып кетті.

«Неге? Неге олай дейсің?»— Қасына жүгіріп келген. Жеңгесінің жүзі сұрланып, боп-боз, қаны қашып тұр екен. Мұны есіркей, аяй, жұбата сөйлегендей ыңғайда үзік-үзік түсініксіз әңгіме бастаған.

«Еркем, ақылың бар ғой, сен бізді түсін. Әтейіңді ая...»

Қыз ештеңенің байыбына жете алмай аң-таң: «Нені түсін дейді? Не деп тұр? Әтейіңді ая дегені не? Әтейіме не болған?»

Жеңгесі төркіні салқын, жұмбақ тақылеттес әңгімесін жалғастыра берді:

«Оған да оңай соғып жүрген жоқ. Құр білдірмей іштен тынады. Кейінгі кезде жүдеп өзгеріп кеткенін байқайсың ба. Сол ішкі құсаның әсері. Мен сеземін, білемін онысын. Енді сен мінез танытсаң оған ауыр соғады. Жақсы көрсең, жаның ашыса ая оны. Бұл туралы әңгіме қозғай көрме».— Жеңгесі жанарында мөлтілдеген жас, бұған өтіне, жалбарына қарады. Сәнияның жүрегі әлде не сұмдық-ты сезгендей су ете түсті:

«Жеңеше, түсіндіріп айтшы, бұл не сөз? Не жағдай? Не деп тұрсыз?»— Қыз алдындағы келіншекті жалынып келіп жабыса құшақтаған. Екеуі оңаша үйде ағыл-тегіл көріссін. Сол қалыпта қанша тұрғаны белгісіз, солықтай тыныс алған бір сәтте жеңгесі болған жайды, жасырмай шындықты айтқан.

Шекарадан ары қарай өтуге қам жасаған жалғыз мұның ағасы емес қауымдасқан қоралы ел екен. Айдаған малдарын, қатын-балалары бар көштерін алдымен жөнелтіп жіберіп, қару асынған жарамды жігіттері салт бастары, соңдарынан қуғыншы шыға ма деген қауіппен, жол тоса олардың арттарынан торуылдай еріп отырған. Қуғыншы отряд көшкен ел шекараға таянған тұста қараларына іліккен. Сайланып, жарақтанып, күтініп келе жатқан артағы топ бұларды көшке қарай өткізбеген. «Қайтыңдар»

дегеніне құлақ аспаған. Сол жерде ұрыс басталып, атыс шыққан, кісілер оққа ұшқан. Қуғыншы отряд екіге жарылып із кесуде екен, соның бірінде қиыстау келе жатқан інісі мылтық даусы естілген жерге шауып жеткенде кім атқаны, кімнің оғынан жазым болғанын белгісіз ат жалын құшып жатқан ағасын таныған. Босқын топ кісі өліміне де қарамай сол ұрыс салған күйінде қайырылмай, шекарадан өтіп кете барған. Бұлар сөйтіп ақыры, көшкен қалың елге қолдары жетпей кейін қайтқан. Ағасының денесін оқ тиген жердегі төбенің басына өз қолымен жерлеген. Бұл оқиғаны Сәнияға айтпай жасырған. Әтейі солай еткен дұрыс шығар деп санаған.

Сәния өксіктен ықылық ата:

«Ал, әйелі, баласы, баласы... іе болды екен? Қайда екен?» — деп еңіреген.

«Олар алдыңғы көшпен әрі өтіп кеткен. Кім біледі не болғанын, қайда екенін. Еркем, ақылың бар ғой. Қой енді. Есіңді жи. Өткен іс өтті, қайтып орнына келмейді. Өзінді-өзің езе берме. Ақылға кел. Тағдырдың салғанына көну керек. Жылай бергеннен еш нәрсе өнбейді. Қой енді. Сен бүйтіп қайғырып, уайымдай берсең әтейіңе қиын болады. Онсыз да қажып жүрген адамды жер қыласың. Әтейіңнің көңіліне қара, қалқам».

Жеңгесі осылай деп әрі ақыл, әрі өтініш араластыра отырып жұбату айтты. Тындамасқа шарасы қайсы. Іші-бауыры күйді, жанды. Жылады, еңіреді, аһылады, үһіледі, ақыры басқа түскен тауқыметке көнген, көндіккен күйде, Қарағандыға қарай аттанып кете барған. Мұнда келген соң көп кешікпей шахтада істеп жүрген, салт басты, өзі қатарлы жас жігітпен көңіл қосып, отау көтеріп, бөлек шыққан. Жас жұбайлық тұрмыстың өзіне тән қызығын, қиындығын қатар өткеріп, өмір атты тіршіліктің ағын-әуенін енді тапқандай сәттерінде бұлардың тағдырына қасақана аңдып тұрғандай тұтқиылдан отыз жетінші жылдың оқиғасы тағы килікті.

Табан астында, оқыстан, түнде ағасын үйінен ұстап әкетті. Оның бұл тұтқындалуы жай түсіргендей есеңгіретіп кетуі өз алдына, Сәнияның әлі күнге дейін көңілін күпті етіп шешуін таба алмайтын дүдәмал жағдайы бар. Ағасы сол оқиғадан үш-төрт сағат бұрын мұның үйіне он екі, он үшке шыққан ұлын ертіп келді. Әйелінің осыдан екі-үш күн бұрын үлкен қалаға жиналысқа кеткенін білетін. Қыдырыстап жүрген шығар деп ойлаған. Дереу қазан көтеріп, шай қамына кіріскен. Ағасы керегі жоқ деп тоқтатты.

«Сәния, мен ертең командировкаға кететін тәріздімін. Мына баланы саған тапсырдым, осында болсын»,— деді. Сәнияның ойында ештеңе жоқ, бар айтқаны:

«Жеңешем қашан келеді, оның келуіне қарай алмайсыз ба?— деген.

«Оның оралуына әлі үш-төрт күн бар. Күте алмаппын»,— деді. Деді де бұған әлде не айтқысы келді ме, жоқ өз-өзінен ойланды ма, үн-түнсіз тұнжырап, едәуір уақыт отырды. Соған соң орнынан тұрды да:

«Ал, аман-есен болыңдар. Жақсы»,— деп сыртқа беттеді.

Ертесіне сұмдық хабарды естігенде Сәния:

«Ойпырым-ау, кеше командировка дегені сол болғаны ма? Сонда өзі білгені ме? Білсе бір ауыз сөз сездірсе нетті. Әлде білмей қапылыста қалды ма? Құдай-ау не жазығы, не кінәсы болғаны? Бұл не жұмбақ, бұл не сыр? Не сұмдық, құдай-ау?!»— деп дағдарған. Сол дағдарғаны дағдарған. Ақыры шенуі табылмаған жұмбақ күйінде қалды бұл оқиға. Жиналыстан қайтып келген бойда жеңгесінің ұсталуы, онан көп кешікпей өз күйеуінің қамалуы қосылғанда тылсым сыры, тіпті, тұңғыш тартып, үрейін ұшырын есінен танып қала жаздады. Енді оны ақылға салып, таразылап, байыптап, бажайламақ түгілі ойына алуға дәті бармайтын халге келген. Құдайдың қарі тәрізді қарсы тұруға ешкімнің шамасы, тәуекелі жетпейтін төтенше зауал екенін түйсігімен сезгенде қойған.

Тұңғыштары осы Сараның онға шыққан кезі, мұнан кейінгі нәрестесі екі-үш жасында шешектен шетінеді де, перзенттен жалғыз еді. Сәнияның ендігі бар ойлағаны, бар қамы үйдегі екі баланы аштан өлтіріп алмау. Уақыттың талшы кезі, жалғыз өзінің азын-аулақ айлығы тым тақыл-тұқыл, үш жанның киімі мен тамағына жетпеген соң күндіз кеңседегі қызметін атқарып, кешке теміржолда жүк түсіріп, жүк тиен қара жұмыс істеді. Еркек кіндік емес пе, шаруаға ілігіп қалған інісі, бұған ілесіп қолбабыс жасайды. Сөйтіп селбесіп күнелтіп келе жатқанда соғыс басталды. Он сегізге енді толып тұрған шағында інісі әскерге аттанып кете барды. Алғашқы кезде аз уақыт хат алып тұрған. Соған соң хабар үзілген. Сол жоқтан жоқ. Өлдіге жорып күдерін үзейін десе көңілі құрғыр қимайды, әлі күнге емексіз өтіп жатқан күн.

Сәния апайдың ендігі үмілі, тірегі — Сарасының ең мырлы болуы. Дұрыс адамға кезігіп, теңін тауып, жарасын, аяқтаның кетуі. Бұйырғса соның қызығын көрсе. Сол тілекпен ФЗУ-ға келген жетім балаларды зерттеп тексеріп,

болашақ күйеу бала болуға ылайық-ау дейтін жан іздестіретін өзіне ғана аян сыры бар. Есбосынды алғашқы көрген-ұнатқан; ізетті, тәрбиелі бала екенін аңғарған. Сыртынан бақылап, зер салып жүріп, өзінің қателеспегеніне көзі жеткендей. Ара-тұра әңгімеге шақырып, сөйлесіп, байқап, өмір-тарихын, жай-жапсарын біліп алған. Сонан соң ішке тартып, әр кез үйіне ертіп әкеп жүріп, жақындарындай бауыр басып кеткен. Қазір Сарасы мен екеуін егіз қозыдай санайды. Ал екеуінің шығарда жаны басқа. Жақын күндерде, құдай қаласа, тойларын жасасам деп жүрген.

— И-ий, Бекбосын айналайын, сүйтіп бұйырса туыс боламыз. Кісіге кісінің жаттығы жоқ, әсте. Тек, бұл аз күн тіршілікте сіз-бізден айырмасын. «Тайдың жайын тай біледі» деген. Тағдырымыз, басқа түскен тауқыметіміз ұқсас екен. Селбесіп ел болайық.

Сәния апайдың жүрек сырына, ықылас пейіліне Бекбосын толқып, ризалық білдірді.

— Ой, айналайын апатай, сөзіңізден садаға, рақмет. Ниетіңіз қабыл болсын. Есбосынға ана болсаңыз, мен де өзіңізді шешем деп есептеймін. Бөтен көрмеймін. Екі жас өзді-өзін ұнатса батаңызды беріңіз. Қосылсын, ағасы ретінде мен ақ тілек тілеймін.

— Оның дұрыс, шырағым, сен екеуіне аға ғана емес, әрі әкесінің орнындағы адамсың. Үлкені, бас иесісің. Бірақ мен екеуінің үйлену тойын сәл кейінге қалдыра тұрамын.

— Неге?

— Құдай жеткізсе қызықшылық еш қайда қашпас. Жарты жылдың әрі-берісі не. Аман-есен келіпсің, алдымен сен үйлен.

— Ой, ол не дегеніңіз, апай? Менің белгілеген дайын адамым бар ма. Келген бойым. Мұныңыз тым шұғыл тапсырма ғой,— деп әрі күліп, әрі ат-тонын ала қашқан Бекбосын.

— Ой, қалқам-ай, қандай маржандай қыздар бойжетіп өрісін таба алмай сарғайып отыр. Қарап жүріп, қалағаныңа моншақ таға бер тек. Әйтпесе өзім таңдаймын. Тартыңғаныңды қой. Жас емессің.

— Апай-ау, жата-жастана бұйырғанын көреміз де, мұншама тығыз-таяңдатқаныңыз не? Есбосын мен Сараның тойын жасай берейік те, әзірге.

— И-ий, Бекбосын қалқам-ай, алдында сен тұрғанда ініңнің бұрын үйленіп жатқаны мұсылманшылық ырымға қиын да. Күте тұрар олар. Айтқанға құлақ ас. Ата-баба дәстүрі ғой. Онан да саған қалыңдық іздейміз енді.

Бекбосын Сәния апайдың көңілін қалдырмай үлкендігі, тілектестігі шығар деп:

— Жарайды, апай, іздеп көрейік,— деп келіскен. Ал қалыңдық, қызық қылғанда, бұларға іздетіп әуреге салмай-ақ, сап етіп өзі келген...

ТҮНГІ КЕЗДЕСУ

Сәния кейде, жатақханада кезекшілік жасаған кездері, үйге түн ортасына қарай, кеш оралатын. Ондайда көбіне Бекбосын барып ертіп қайтатын. Не келетін шамасында вокзалдың алдынан кездесіп күтіп алатын. Үйлері вокзалға таяу тұрғанымен теміржолдың бойына шүпірлете салынған быжырқай тамдары иін тірескен бұлың-бұлың көшеде еді. Беймезгіл уақыт жалғыз-жарым кісіге жүруге жолы қиындау. Бірде түнде Сәния апайы екеуі үйіне жақындап қалғанда неқолайлау абыр-дабыр дауысты, әлде қандай жас қыздың жыламсырай шыққан үнін естіп қалт тоқтаған. Қараңғы көшеде әлде кімдердің қарасы қарауытады. Нобайы үш-төрт кісі тәрізді. Жаңағы жыламсыраған үн тағы естілді. Бұзақы біреулер қызды ұстап жібермей тұрған сияқты.

— Не қылған адамдар екен, білейінші, апай, мен қазір,— деп Бекбосын солай қарай бұрыла берген:

— Бекбосын, байқашы, қалқам, аса таянба, өзіңмен ілінісіп жүрер. Ішіп алған адамдар ма, кім біледі?— деп Сәния да оның соңынан ілескен.

Бұлардың дауысын естіген болса керек әлгілердің тұтқынындағы қыз:

— Ағатайлар-ай, құтқара көріндерші,— деп шыбын шіркейі шықты.

Бұл жүгіріп жетіп барған сәтте айнала қоршаған үш жігіттің біреуі тартып алмақ ниетпен қыздың қолындағы сандықшасы мен жүк салған торға жабыса беріп, екеуі мұның жолын тоса көлденеңдеді. Қараңғыда жобалары әрі мына әрекеттерінің сиқына қарағанда балаң жігіттерге ұқсайды. Табиғатынан қайратты, шымыр Бекбосын әскерде қысқа мерзімді десанттық курсты бітіргені бар, төбелес пен күрестің әдіс-айласынан жақсы хабардар-тұғын. Бұлардан үшеу екен деп сескенген жоқ. Бірақ ешқайсысына соқтықпай-ақ қызды босатып алып кетпек оймен тосып тұрған екеуді айналып өтуге қам жасап, аржағындағысына:

— Ей, жігітім, қоя бер қызды, тиіспе!— деп дауыстады.

Сол кезде екеудің біреуі бұған қарай жұлқына ұмтылып, таяп келіп:

— Әй, ақымақ, жан керек пе өзіңе, тай қазір бұл жерден,— деп қалтасынан шаппасын суырып алды. Сол-ақ екен шаппасын кезенгенше мұрттай ұшып түсті. Кездейсоқ жолыққан жаннан мұндай тосқауыл, қайрат күтпеген қасындағысы абыржып қалса керек әрі қарай жылыстап шегіне қашты. Сол сәтті пайдаланып қызды ұстап тұрған жігітті желкесінен алған бойда шиырып, сонадай жерге лақтырып жіберді. Тұра беремін дегенде солдат етіктің тұмсығымен тағы қондырып:

— Қазір табандарыңды жалтыратыңдар! Бұдан былай бұл төңірекке аяқ басқандарыңды көрмейін,— деді әмірлі үнмен. Үшеуі артына қарауға шамалары келмей бет-бетімен тырағайлап, қараңғы бұрылысқа қарай тайды.

Қыз байғұс та зәре-құты қалмаған, дір-дір қалтырап құлап түсуге шақ тұр.

— Ойбүй, байқұс балам-ай, жүрегің жарылып кете жаздапты-ау,— деп аяушылық білдіре қолынан ұстап арқасынан сипай берген Сәнияның қойнына інге қашып келіп тығылған қояндай қойып кетті. Тапа бір қоя берсе айырылып қалатындай жабысып, қысып жібермейді.

— Апай-ай, апа-тай-ай,— дегеннен басқа сөзі жоқ.

— Қалқам, қорықпа енді, ешкім тимейді. Есіңді жый, жүрегіңді басшы Ту-у, тамырының тепкілесін-ай, қатты шошынған тәріздісің, ауырып қалмасаң неттің, бейшара бала,— деп Сәния апай да бәйек.— Жазған бала осыншама бейуақытта, қасқырдың үңгіріндей бұл қараңғы түкпірде неғып жалғыз жүрген жансың?— дейді қызға енді бірде.— Қайда бармақсың? Кімдерді іздеп жүрсің?

— Іздеп келген кісілерімді таба алмадым,— дегенді қыз үзіп-үзіп айтып, әйтеуір, ұқтырған.

— Таба алмасаң ертең жарықта іздерсің. Енді қайда қаңғырмақсың мына түріңмен, жүр бізбен бірге, бүгінше біздікіне түнеп шық. Есіңді жый, жүре ғой, қалқам.

Сәния қызды қолынан жетелеп алды. Бекбосын жүктерін көтеріп соңдарынан ілесті. Үйге кірген соң оларды күтіп отырған Сараға:

— Мына балаға бір кесе мұздай су берші, ішіп, жүрегін бассын. Сонан соң тамағыңды дайында,— деп тапсырма берді де, өзі жұмыс киімін тастап шешініп, жуынып келіп, су ішкен соң кішкене ес жыйып өзіне-өзі келе бастаған бейтаныс қонағының жай-жапсарын сұрастыруға көшті.

Қыз биыл, жақында, оңтүстіктегі, көрші облыстағы есеп-санақ техникумын бітіріп осы қалаға жолдама алған.

Мұнда шешесінің сіңілісі тұрады екен. Күйеуі шахтер. Олардың үйі де қаланың осы ауданында, теміржолдың бойына таяу. Бұрын келіп көргені бар. Адресін біледі. Сол бетінше іздеп келсе жездесі демалысқа шығып үй-ішімен елге кетіпті. Есіктері жабық тұр. Басқа ешкімді танымайды, енді қайтып вокзалға барып отырайын деп келе жатқан бойда жаңағы уақиғаға тап болып бұлармен кезіккен. Қыздың сапарының қысқаша тарихы осы екен. Елде үлкен әпкесі мен қарт шешесі бар. Әкесі ертеректе дүние салған, ағалары соғыстан қайтпаған. Аты — Әсем. Жасы он тоғызда.

— Е-е, Әсем, қарындас, сіз маған жерлес болып шықтыңыз, — деп күлген әңгіменің ұзын-ырғасына құлақ түріп отырған Бекбосын.

— А-а, солай ма? Ағатай, сіз қай жерденсіз, — деп қыз оның сөзін іле қағып алып жүзіне қуаныш ұялап, жақынына жолыққандай елеңдеп, жәудірей, күлімдей қараған. Жігіт келген ауылын, ауданын айтқан.

— Білемін. Естуім бар ол жақты. Біздің облыстан екенсіз ғой, ағай, — деді қыз онан сайын ілтипат сездіре елпілдеген сыңайда.

Әсем десе әсем дейтіндей-ақ, қара торының көріктісі. Бетінен мәйегі шыққан жылы, ұяң жүзі моп-момақан; кісіге құрақ ұшып тұрған елгезек жанның қалпын аңғартады. Жаңағы төтенше бәледен аман-есен құтылғанына, құдайына қараған дұрыс жандарға кезіккеніне тәубесі түгелденген сыңайда өңіне қан жүгіріп, шырайы енген түрі бар. Сәния мен екеуіне ризашылық, алғыс толы жанарымен кезек қарап:

— Сасқанымнан есім шығып сіздерге рақмет айтуды ұмытып кетіпшім ғой. Рақмет. Сіздер болмағанда жаңағы бұзақылардың не істейтінін кім білсін. Жалғыз өзім не қылар едім. Ой, апатай, тіпті, ойға алуға қорқынышты... — Әлгі зәресінің ұшқаны есіне түсіп кетсе керек сөзінің аяғын жұтып, күрсініп отырып қалды.

— Е, қызым, рақметіңді мына Бекбосынға айт. Осы болмаса мен не қайрат жасамақпын, — деді Сәния апай шын көңілімен ақтарылып. — Айналайын, біздің Бекбосын дегендер жігіттің жігіті екен ғой. Нағыз ер екен ғой. Көке-жаным-ау, жүрек жұтқансың ба, мына қараңғыда қолдарында пышағы бар үш бірдей бұзыққа жалғыз өзің шабуыл жасап. Әй, өздерінің сазайын тартқыздың, бәлем. Шыбын құрлы санамадың-ау. Күштің нардың күшіндей екен ғой, қалқам. Рақмет. Өмір жасың ұзақ болсын. Жігіт болса сендей болсын.

— Шынында, аға ер екен, азамат екен. Рахметет, ағатай. Жалғанда жамандық көрмеңіз,— деді қыз да әрі тәнті, әрі риза пейілде.

Сәния апай осы түс ойда жоқ оқыс әңгіме бастап қалды:

— Е-е, қызым, мұндай жігіттердің етегінен ұстасаңдар есте қор болмайсыңдар. Жас бала сияқтысың ғой, басың бос шығар.

Қыз жауап қатудың орнына қызарақтап, ұяла қымсынып, ыңғайсызданған күйі танытты. Жалын шарпығандай ду етіп алаулап шыға келген жүзің жасырып, назарың төмен салды.

— Ой, апай, сізде баланы ұялтың,— деді Бекбосын әрі өзі ыңғайсыздана әрі қызды арашалағандай ниетпен.

— Қалқам, «ұлы сөздің ұяттығы жоқ» деген. Сұрағанымның ешқандай айыбы бар ма. Жай әшейін білейін дегенім ғой... Ал, тіпті, шындығына көңіле, айт айтпа, сендей жігітке кезіккен қыздың маңдайында екі елі бағы болатын шығар.

Сәнияның шегінер райы байқалмайды. Қыз байқұс торға түскен торғайдай бұрісіп барады. Бекбосын әңгіменің бет алысын басқа жаққы аударудың әрекетін жасады.

— Қарындас, жолдамаң қай жерге, мамандығың бухгалтерлік қой?!

— Шахтауправлениеге жіберген. Қандай жұмыс беретінін қайдам. Ертең барып көремін.

— Бухгалтерлік жұмыс көп қой, қай жерден де табылады. Өзің оқуың бітіріп жолдамамен келіп отырсаң оның үстіне,— деп Сәния сөзге қайта араласты.— Мұнда іздеп келген жақындарың демалысқа қашан шыққан? Қай кезде қайтып оралады екен? Жұмысқа кірген соң солардікінде тұрасың ба, әлде жатақханаға орналасасың ба?

Бұл сұрақтар қыздың өзіне де беймәлім тәрізді.

— Білмеймін, апай. Әпкемдер елге жақында ғана келіпті, қашан келетінін. Тұрғылықты орынды сол кісілер келген соң ақылдасармын. Әзірге, ертең жұмысқа орналассам, жатақ сұраймын.

— Аз күннің несіне жатақхана сұрайсың. Алысың емес, туғаның екен, әпкеңдікінде тұрғаның жөн ғой, жатақханадан гөрі, өзің ауылдан келген қыз баласың. Ал әпкеңдер қайтып оралғанша біздікінде бола бер. Бәріміз мұсылманның баласымыз, бөтендігіміз жоқ.

Қыз Сәнияның бұл ұсынысын қуана қабыл алғандай, ажары ашыла түсіп көңілденген сыңайын жасырмады.

— Ой, апай, ондай мүмкіндік бар ма, тіпті, жақсы болар еді. Әпкемдер келгенше тұра тұрсам. Жаңа жолықсам да

сіздерге туысымдай бауыр басып қалдым, неге екенін қайдам соншалықты жақын кісілер тәрізді көрінесіздер,— деп риясыз күлген.

— Қалқам, сен де бізге ұнап отырсың. Тәрбиелі, жібектей есілген, сап-салдарлы бала екенсің. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» деген. Осы үйдің бір адамы болып жүре бер, тегі, көпсініп ауырлайтын біз жоқ. Тәңір сәтін салып, таныса, үйренісе келе жарасып кетіп жатсақ әжеп емес. Басқа бас қосылып ел қатарына іліну біздің де құдайдан тілегеніміз. Әлдененің нышаны шығар, ойда жоқта бүйтіп ұшырасып, шүйіркелесе кетуіміз... Осыны ырым етіп көңілім сүйсініп, жақсылықтың жоралғысына жорып отырмын,— деп әрі сәуегейлік жасай әрі көңілдегі кебін сездіре үй иесі әйел жас қонағына ықыласы құлай шырғалаған ыңғайда еді.

Сәния апайдың омыраулай кіріскен әрекетінің нәтижесі ме, екі арадағы дәнекерлік, дел-далдығы себепші шығар, қалай дегенде де осы таныстық қыз бен жігіт үшін зая кетпеген шаруа болды.

— Жасың жас емес, үйленетін кезің нағыз. Осыдан артық қандай қыз керек. Үріп ауызға салғандай әп-әдемі. Оқыған десең оқыған. Ойпаң-тойпаң, не жеңілтек мінезі байқалмайды. Сып-сыпайы жан,— деп қалт еткен сәтте жігіттің құлағының құрыш етін жеп мақұлға мойын сұнбасына қоймаған.

Ал қызға қандай әңгімелер жаңбырдай жауғанын тәңірінің өзі біледі. Ә дегеннен-ақ, әйтеуір, бұл екеуі бір-біріне кет әрі емес ыңғай — қабақ танытқан қалыпта болды.

Есбосын мен Сара Әсемді алғаш жүздескеннен-ақ өз жұптарына қосып алып, байырғы таныстарындай аралары ажырамайтын дос-жаран күйге көшкен. Шынында бір үйдің жандарындай қалтқысыз араласып кеткен жақындық сезімі бұлардың тағдырын мықтап түйістіріп, қосақтағандай еді. Көп кешікпей Сәния Бекбосынның да, Есбосынның да үйлену рәсімін бірге өткізуге шешім жасаған. Сол байламмен «таңғы нәсіп тәңірден» деп, қолында барын аямай ортаға салып шама-шарқынша «дуылдатып» той өткізді.

Бекбосын шоферлік курсты бітіріп, жұмысқа түсіп, Әсем екеуіне қазнаның барағынан бір бөлме тигенде азынаулақ төсек орынын, кесе-шыныаяғын беріп бөлек үй етіп шығарды...

Азды-көпті өмір жолының үстінде жақсыны да, жаманды да бастан өткізген; дәулеті шалқыған байдың, ештеңеден алаңсыз бұла өскен, жалғыз қызының да дәуренін көрген; тұлдыры жоқ жалғыздықпен масқара жесірліктің

азабын да аз тартпаған; шынардай бой түзеген қос ағаның сәулетіне мәз болып, сая-көлеңкесінің қызығын таусылмастай тамашалап; сол құламайтын бәйтеректей санаған, өмірі бойы өзіне пана сүйеу деп таныған қос бауырдың тағдырдың сойқан дауылына ұрынып жас жүрегіне мәңгі жазылмастай жара салып кеткен күйдіргі күйігінің тақсыретін тартудай-ақ тартқан; барлықтан төбесі көкке жетпеген; жоқтықтан ажалы жетпей жерге кіріп кетпеген; бірақ соның бәрінен сабақ алып, пәни-тіршілік туралы өз түйінін түйе білген, зерделі жан бұлар бөлек отау тіккеннен соң да, обалы нешік, аналық пейілінен жазған жоқ. Есбосын екеуін ала-құла санамады. Ынтымағы түзу, бірлікте болуына ақыл қосып отырды. Бертін келе, жасы ұлғая «қыл-тамақтан» кетті. Бұлар қолынан келгенінше арулап шығарып салды. Дүние саларынан аз күн бұрын Бекбосынды шақыртып азын-аулақ аманат білдірді. Сондағы негізгі айтқаны:

— Бекбосын, мына бала-шағаның ендігі үлкені, ақылшысы сенсің. Көргенің, түйгенің бар есті жігітсің. Менің тілегім — осы сыйластық ұйымдарыңнан құдай айырмасын. Өздеріңнен кейінгілерді де соған тәрбиелеңдер. Дүниеде көңілден қымбат еш нәрсе жоқ. Соған қаяу түсірмеуді ойлаңдар. «Бірге тұмақ бар, бірге өлмек жоқтығы» тәрізді бір қанадан шыққанмен бір көңілден шыға бермейсің. Ағайынның алалығына сабырға жеңдірген ақыл мен кішілік-кешірім ғана арашашы бола алады. Кісіні араздастыратын, кетістіретін орынсыз шолақ өкпе мен көзсіз ашу, сонан сақ болғайсыңдар. Адамзаттың тіршілігінің мәні ынтымағында ғана... Мен көп ұзамаспын...

Бір жағы шын ниетімен қимай, бір жағы көңілін аулай:

— Ой, Сәния апай, бұл не дегеніңіз... Сіз әлі...— дей беріп, еді, дірілдеген әлсіз, жұп-жұмсақ саусақтарымен мұның қолын қысып, тоқта дегендей ишарат сездірді.

— Әрине, асарымды асап, кәрілікке ат басын тіреген жастамын деп отырғаным жоқ. Сүйегім де жасық болмаса керек еді. Сол көрген бейнет, тартқан қайғылардың зардабы шығар. Жиналып келіп ұстаған жері осы да. Оған енді не дауа? Тәңірінің кезекті бұйырығы ғой. Бұған өкпе жүрмейді. Хош! Сендер аман болыңдар. Сендерді бәле-жаладан аулақ қылсын тәңірім,— деп өлшеп, пішіп, бәрін апайқын сезіп жатып кешу айтысқан еді марқұм...

Бекбосынға араласып-құраласып қатар жүретін ажуақой танысы айтатын: «Бұрынғының адамдары бір күні өткен сайын «өмірім қысқара түсті» деп жылайды екен. Біздің күн түгілі аптамыздың, айымыздың қалай жылжып өтіп жатқанымен жұмысымыз шамалы. «Иә, құдай-ай, айдың аяғын тезірек жеткізе көр, жылдамырақ айлық алатын» деп асығып, жалаңдаймыз да отырамыз. Қайсымыздың жағдайымыз жақсы болғаны сонда? Қайсымыздың уайымымыз күштірек?» — деп.

Расында өзекті жан иесіне тән тіршілік ауаны иіріміне түсіріп ала жөнелгенде алды-артына қаратпаған ағын-толқыны қай кезде қыр асып қалғаныңды аңғаруға да мұрша бермейді екен-ау. Әуре жалғанның кеудеден демі үзіліп түскенше таусылмайтын қым-қуат, тауқымет — сүргінінен қалт еткен сәт тауып кейінге көз салса бұрылыс бұралаңы, қараңғы, жарығы, қуаныш, қайғысы да жеткілікті болған; шыр-шырғалаңды сүрлеу, соқпағы ұзақ та, күрделі көрінген мына дүние — пәнидің жер ортадан қас қағымдай мезгілде, теп-тез өте шыққанын; сапар соңы — мәреге ат басын тіреуге таянғанын сонда ғана барып пайымдайды екен-ау пенде шіркін.

Күнделікті қам-қарекет, күн көріс күйбеңмен шырматылып, бас көтеруге мұрсаттана алмай жүргенде самайды ақ шалып, сақал-мұрты буырыл тартқанын байқамай да қалыпты Бекбосын. Кісінің тірлігінде шаруасы түгенделуші ме еді. Әйтпесе, тұрмыстары тоқ, шүкірі түзу, ұйым — ұясы бүтін дейтіндей жандардың санатында. Ағайынды екеуі де ұл өсіріп, қыз өсіріп, пендеге тән қызықшылықтан құр алақан емес. Бекбосын үлкен ұлын биыл үйлендіріп аяқтандырып отыр. Осындай-осындай тіршіліктермен арада талай жылдар өтіп кетіпті. Бекбосын елге, ауылға барып, азды-көпті тірі жүрген ағайынға сәлемдесіп, өлгендерінің орнына кіріп шығып, зиянат қылып, шешесінің басын қарайтып, белгі салып, азаматтық парызымды өтеп қайтсам дегенді көптен ойлайтын. Әні-мінемен әлі мойнын бұра алмай келе жатыпты.

Шахтада, ауыр жұмыстарда істегеніне сай өткен жылы жасы алпысқа толмағанына қарамай пенсияға шығарған. Құдайға шүкір, қуат-күші әлі қайтпаған, денсаулығы мықты, менмін деген жігітпен пар түсетіндей әуселесі күзірлі жағдаятта. Ецбекке үйреніп қалған дағды, күн көрістен таршылық көрмегенімен жан тыныштығын күйіттеп үйде қарап отыруға зауқы жоқ. Екі қолы алдына сыймайтын-

дай. Осы жағдайын білдіріп, әйелі Әсемге ақыл салған:

— Үйренген тіршілікті кісі іздей ме қайтеді. Жұмыссыз отыра алмаймын-ау. Екі-үш ай демалып, ел-жұртты аралап қайтсам. Келген соң ыңғайлы жұмыс болып жатса соған қол артсам деймін.

— Отағасы, жағдайыңа қара. Шүкір, алып отырған пенсияң шай-суымызды айыруға жетеді. Азды-көпті жиган-тергенің бар. Балалардың алды әжетке жарап қалды. Өз киім, тамағын өздері таба алатындай күйде. Тұрмыстан қысылмаспыз. Аз еңбек еткен жоқсың, демалғаның да жөн. Ал енді, тіпті, қарап отыра алмаймын десең істе. Тиын-тебені балаларға нәпақа. Қу дүниенің кісіге артықтығы бар ма?— деп Әсем шешуін мұның өзіне тастаған.

Бекбосын алдағы шаруаны осылай жоспарлауға ниет жасап отырғанда үлкен ұлының үйлену хабары құдағына тиді. Басқа тіршілікті жинап тастап сол жағдайдың қамына кіріскен. Ауырлы-жеңілді әр тойдың өзіне лайық дайындығы, атқарып салуы тәрізді дүрбелең-дырдуы; жаңа құдалықтың танысу, араласу қызығы тәрізді тірліктердің иінімен талайдан көңілдің түкпірінде жүрген елді аралап қайтсам-ау деген аңсары есінен шығып кеткен жағдайы бар еді. Бірде ойда жоқта өзін таңқалдырған әрі оқыс шешімге — тәуекелге жетелеп, осы байламға келуіне түрткі салған тосын, қызық түс көрсін.

Түсіне сонау соғыстың алдындағы таудағы егіншілердің бес-алты қостан тұратын шағын ауылы кіріпті. Бұл өзі сол ауылдың ортасында. Таныс сурет, таныс жандар. «Ойпырм-ау, бұларды көптен жоғалтып алып, таба алмай іздеп жүр едім ғой. Іздеп таптым-ау, кездестім-ау» деп қуанғысы келеді, бірақ қуана алмайды. Өзі көріп тұрғанына өзі сенбейтін сияқты ма, қалай. Сенбейін десе тура алдында жайып салған картадай ап-анық, қолымен ұстауға болатындай жап-жақын, соншалықты шынайы көрініс. Мына кереметті қара — тура жанында Сырғаш тұр. Бағанадан бері бұл қалай байқамаған. Шаруаның қамымен қарбаласқан ауылдың адамдары анау. «Бірақ бәрі неге салқын, бәрі неге алыс тәрізді. Бұл неге оларға өлгенше үздігеді, неге сонша аңсайды. Кісі қасындары жанды сағына ма, кісі көзімен көріп өзі ортасында жүрген ауылды да сағына ма екен? Мұныкі не?»— деп өзін-өзі түсінбей аң-таң күйде. Бірақ көңілін сыздаған сағыныш кернеп барады. Әлдененің әбден зары өтіп, күйігі жанға батқандай. Оған жасар еш дауасы жоқ, амалы таусылған, дәрменсіз жандай шарасыздықтан тұншырып, қиналуда. Жылайын десе жылай алмайды, айқайлайын десе айқайлай алмайды. Қарадай қа-

рап тұрып өксікке толы көңіл жасына, құлазыған бір мұңлы дүние тылсымына батып бара жатыр. Ешкім қарайлап қол ұшын берер түрі жоқ. Сөйтсе мұның шыбын жаны текке шырқырамаған екен. Тап соған бола көрінгендей мына айнала ауыл да, адамдар да жылыстай көшіп, алыстап, көз алдында жоғалып, өшіп барады. Бұл олардан қалмайын, адаспайын десе орнынан қозғалуға мұршасы жоқ. «Айдалада осылай қалғаным ба, бекерге өлгенім бе?» деген үрейлі ой билеп жан-жағына жан ұшыра алақтай қарайды. Сол сәт қайдан сап ете түскені белгісіз дәл қасында тағы да Сырғаш тұр.

«Сен жаңағылармен кетіп едің ғой, қашан келдің мұнда? Бәрің қайда кетіп барасыңдар?»— дейді бұл. Ол мұның «қайда барасыңдар» деген сұрағына жауап қайырмайды.

«Мен мынаны саған тастап кетейін деп қайтып оралдым. Жақында немерең дүниеге келеді ғой. Соның кіндігін кесуге керек қой»,— дейді. Қолында үнемі мұның белдігінде қыстырулы жүрген алтын сапты кездік. «Осы кездік менде баяғыдан бар емес пе?! Бұл қазір қалай беріп тұрмаған?»— деп үлгергенше қасындағы қыз жоқ. Тағы жалғыз өзі. Дүние шым-шытырық әлденеге айналып кеткен бе, басы қатып еш нәрсені түсінбейді. Сезетіні тек жанын жегідей жеп бара жатқан жалғыздық, манағы сол шиқандай сыздаған сары уайым сағыныш. Сол сағыныштан тау інген болып боздайды; жел өз анасы болып аңырайды; табанының астындағы қара жер әкесі болып ыңыранады; өзен мұның өзі болып ағыл-тегіл жылап ағып барады.

«Тәңірім-ай, не деген көңілсіз көшкін еді?! Не деген мұңлы дүние еді?!»— деп тұншығып, қыстығып оянған. Көзі шыланып жастығы суланғанын байқады. Келесі қырына аунап түсіп, терең тыныстай дем алды.

«Таңғажайып бұл не түс? Ненің шырымталы?»— деп көргенін неге жорырын білмей ұйқысы шайдай ашылған. Таң қылаңыта бастапты. Терезеден бозаңытқан сыртқа көз жіберіп қайтадан ойға кетті. «Кісінің түсіне қай-қайдағы кіре береді, ә. Дегенімен көңілді қобалжытқандай елестер екен. Сырғаштың түсіне кіруі... Ойында жоқ нәрсе Рас, ертеректе, соғысқа алғаш барған жылдары жиі-жиі енетін түсіне. Сонан кейін ұмыт болып кеткен жай. Қазір, тіпті, өлі-тірісінен хабары шамалы, қаймана қазаққа айналып кеткен жандар емес пе?! Әлде жазған, мені әлі ұмытпаған... Есіне алатын шығар... Қай жерде, қандай жай-күйде екен, бейшара?! Бір жүздесіп, хабарласып, есен-саулық айтысып, жағдайын білуім азаматтық борышым ба еді, әлде?! Қалай ойламағанмын?..»

Әлгі түстің әсері ме, көңілі ілік жармаланып, алағызып, жабырқау ойлар иектеп, тұла бойы қорғасындай ауыр тартып, хошы кетіп дөңбекши берген соң, енді ұйықтай алмайтынын сезіп, киініп далаға шыққан. Таңғы таза ауада едәуір қыдырыстап жүріп ауладағы оңаша орындыққа аяқ суытуға отырған. Сол кезде Әсем келді. Мұның төсектен тұрып кеткенін байқаса керек:

— Оу, отағасы-ау, неғып ереуілдеп жүрсің?

Әсемді көргенде ойына әлдене түскендей болды:

«Балалардың үйленгеніне жарым жылдан асыпты-ау. Бұйыртса аз уақыт емес қой. Мен аңғармауым мүмкін, әйел ғой, Әсемнен білейінші, еш нәрсе байқамады ма екен?»

— Әсем, келіннің бір нәрсесі жоқ па? Ешқандай өзгеріс аңғармайсың ба?

Мұның сауалының нені меңзегенін әйелі қалт баспай таныған.

— Бар тәрізді. Жобасы үш-төрт айлық-ау! Оны неге сұрадың?!

— Жай, әшейін. Жарайды бара бер үйге. Шайынды дайында.

Оңаша қалған соң ойға қайта беріліп, түндегі түстің мәніне асықпай зер садып, тиісті қорытынды шығарғандай, іштей түйінді шешімге тірелгендей күйде орнынынан тұрған. Азанғы шайдың үстінде үйдегілердің түгел басын қосып ойындағысын ақтарған. Алдымен өз өмірінің бұларға білген теріс емес деп тапқан елеулі-елеулі кезеңдерін шолып өткен. Сонан соң ата тек, ел-жұрт деген әңгіме төңірегінен сөз қозғай келіп, ендігі тоқтап отырған байламын білдірген:

«Итті иесімен қинасын» дегендей қанша шет жүріп қол үзіп кеткенімен көңілдің түкпірінен елесі, сағынышы өшпейтін сол ауыл, сол ағайынның ортасына барғаны дұрыс шығар. Құдайына қараған пенденің, адамзаттың баласының бір-біріне бөтендігі жоқ, әрине. Сөйте тұрғанымен өз қаның, өз туысыңның жөні бөлек те. Әу баста солай жаратыпты да табиғат. Шүкір, мұнда жақсылықтан басқа көргені жоқ. Ел қатарына ілікті. Өсті, өнді. Қаншама жақын дос, таныс, қиыспас жекжат-жұрат тапты. Өмір бойы бұл жаққа рахметін айта жүрер, келіп-кетіп жүрер. Алайда тәңірдің бұйырығымен, күн көрістің қамымен көптен сырттап кеткен ағайынын қайта тапқаны жөн болар. Мына балалары, келер ұрпағы оларды, тіпті, танымай, білмей кетер. Қаймана қазақ болып кетер. Әкенің сүйегі қай жерде қалғаны белгісіз, анасының денесі сол топырақта жатыр ғой... Бәрінен де бұрын іштей сыйынар,

іштей табынар ата-бабасының рухы сол ел-жұрттың ішінде, шаңырақ, төрінде, солардың береке, ынтымағымен бірге болса керек-ті. Сондықтан да ол — ел, сондықтан да ол — ағайын атанады да. Сонысымен қымбат, киелі де. Ендеше ата-баба рухына бас иіп, аруағына сыйынып ырым етіп, құдай қос көрсе, алғашқы немересінің кіндігін сол жерде кеседі. Тәуекел деп көшіп барады. «Көп ойланған қыз қаша алмайды» деген, ырғалып-жырғалып созбақтайтын ештеңе жоқ. Бұлар жиналып, дайындала берсін. Өзі әзірге салт барып, ол жақтан қолайлы үй-жай дайындап келеді. Сонан соң біржола көшеді. Кейінірек Есбосындарды қастарына алдыртады».

Әкесінің әңгімесінің төркіні, ниет, пиғыл, бет алысы бұл шешімді талқылап, дауысқа салып жатудың орайы жоғын аңғартқандай. Осыны алдын-ала сезген әрі күйеуінің мінезін жақсы білетін Әсем ә дегеннен Бекбосынның ыңғайына жығыла, сөздің арнасын мәмілеге бұра, балалардың қайсыбірі қарсылық білдіріп қала ма деп қауіп ойлап, іле дәнекерлікке жүре сөйледі.

— Енді өзін солай шешсең, жарайды, мақұл. Бөтен жаққа барайын деп отырғанымыз жоқ. Ауыл-ағайыныңның ортасы екен. Менің де туып-өскен жерім, төркін жұртым сол жақта. Балалардың институттағылары бітіргенше Есбосындыкінде жүре тұрар. Мектеп қай жерде де бар. Бірақ енді дайын тұрған үй жоқ шығар. Алдымен дұрыс қоныс, жайдың ретін қарастырғаның жөн. Қазір қай жерде де жан тоқшылық қой, күнкөрістің уайымы болмас.

— Е-е, әрине, тұрмыстан тапшылық көрмеспіз. Түбіміз шаруаның баласы емеспіз бе, біз де ел қатарлы тіршілік жасармыз. Екі қолға бір күрек. Ыңғайы келер жұмыс ол жерден де табылар. Ал сатуға үй шығады ғой. Қаладағыдай емес ауылда арзан. Нарқын ауыр-жеңіл демей-ақ, тұрғылықты жан болатындай, ертең-бүгін ешқайда көшіп кетпеспіз, көңілге ұнағанына тәуекел етемін.

— Соның дұрыс,— деген Әсем де.

Әңгіме осыған пісәндаланған соң Бекбосын ауылға келген еді. Құдайға шүкір, ел тұрмысы түзелген, ажары жаңаланып өзгерген, өсіп-өнген, «Өткен күнде белгі жоқты» осындайдан айтқан шығар бұрынғылар. Бекбосынның бала кезіндегі, жас кезіндегі бұл ел көрген, басынан кешкен қиындық, қасірет елесі көнекөздердің санасында сақталған шығар сақталса. Ал қазіргі мына жауқазындай жаппай гүлдеген жаңа қауым үшін ол күндердің келер-кетері шамалы, ілкіде ести қалса ертегідей ғана қабылдап, иек көтерер орайы бар. Ол енді жаратылыстың

заңы шығар. Кешегіні неге ұмыттың деп келер ұрпаққа кінә артып жату сыйымды ма?! Тақсіретті тартқан ғана ұмытпайды. Алайда, дүние — дауылдың аласапыранын бастан өткерген пенде тіршіліктің өзі куә жақсылық, жамандығын сабақ етіп, кейінгі ұрпақтың зердесіне сіңіруі де парыз-ды. Өтеусіз алғыс, жазасыз жауыздық кетпесе керек қой... Дей тұрғанмен өскелең өмір, жалғасты болашаққа не жетсін, шіркін. Тіршілік керуенінің тоқтамай алға жылжи бергенінен артық не бар?

Іздеп келген аулының таныс, бейтаныс мына келбетінен Бекбосын толқи, толғана отырып, осылай ой түйген. Жапырақ жайған бәйтеректей бой көтеріп келе жатқан көркіне көз жіберіп қуанған, сол қуаныш үстінде өткен өмірдің ащы, тұщысы ойға оралып, көзге жас үйірген.

«Ел, айналайын, кең құшағында көңілге қымбат, киелі жылылық, мейірім бар-ау! Сонымен қасиеттісің де қайран жұрт», — деп тебіренген.

Мұның тамырын тап басып, жандүниесіндегі осы даусын естіп, білгендей қаумалаған ағайын, көз көрген қатар, замандастар:

— Қайран, Біржан ағатайдың қара шаңырағын қайтып әкеп қасымызға тігемін дегенің азаматтық-ақ Бекбосын. Көп жаса, рақмет. Балаларыңның игілігін көр. Ортамызды толтырғандай болдың, — деп пейілденді.

— Үй-жай, ас-ауқаттан, ат-көлік жайынан қам жеме, оны өзіміз көтеріп аламыз, тек көшіп келсең болды, — десті шын көңілдерімен.

Алғаш келген күндері ауыл-үйлерді түгел аралап, есен-саулық айтысып ағайыншылық парызын өтеген соң, ауылдағы қатары сиреп қалған көнекөз қариялардың бірін ертіп шешесінің басына барған. Сонау кездегі жусанды, жалпақ, қоңыр төбенің үстіне қалашық орнаған тәрізді. Ел тұрмысының, шүкір, қазіргі күйлі болмысының келбеті мұнан да байқалғандай. Қария төбеге таянғанда етектегі құмдауыт сусыма алаңқайға жүрелей жайғасып, бұған да отыр дегендей ишара танытты.

— Бүкіл жатқан жамиғатқа арнап, дұға оқып жіберейін, — деді. Онан кейін түрегеліп, екеуі төбенің басына қарай көтерілді. Қария бұл біледі-ау деген кісілердің атын атап: «Анау бәленше марқұм, мынау түгенше марқұм», — деп сілтеме жасап, таныстырып келеді..

— Ана тұрған Жылымбек, — деген бір кезде көп мұрденің шетіне сала көрінген, қызыл қыштан көтерілген биік төрт құлақты мезгеп. Сонан соң шоқша сақалын сыйпай түсіп, салмақпен: — Е-е, шырағым, бұл пәниде кім келіп,

кім кетпеген,— деді.— Мұсылман баласының парызы — құдай рақмет қылсын айт, қалқам,— деді өтініш еткендей. Әркім істеген ісіне ақтық алдында жауап береді. Ол соттан ешкім құтыла алмайды. Кім-кім жасаған күнәсын өзі көтереді. Жазасын өзі тартады. Бәріне төреші — жаратушы жалғыздың өзі. Тірі кісі өлі аруаққа кешу айтқаны сауап дейді, шырағым.

Екеуі жағалай күмбездеп соққаны бар, төрт құлақтап соққаны бар, биіктеп атбесік тұрғызғаны бар еңселі құрылыстардың ортасында жермен-жексен төмпешік болып жыпырлап жатқан көне қорымдарды аралап жүріп шешесінің мүрдесін әрең тапқан. Қария қайта дұға оқуға кірісті. Мұның шешесіне бағыштаған құранын бітірген соң, өз көңіліне жақын-жуығына; белгілі-белгілі: ел-жұртқа қадыры өткен дейтіндей жандардың бас-басына арнап жекелеп тағы дұға оқыды.

— Шырағым, енді асықпайық, келген соң,— деп қояды келиманы қайырып отырып ара-арасында.— Жиі жол түсе бермейді бұл жаққа. Әдейілеп соғуға қу тіршіліктен мойын бұра алмайсың. Тірі адамның шаруасы бітпейді екен бұл дүниеде. Балалар да, балалардың баласы да бет-бетімен, бірі жұмысым, бірі мектебім деп мұрынына су жетпей жүреді. Есіктің алдындағы қозы-лақтың тауқыметі әлі біздің мойында. Енді қайтесің, далаға қаңғыртып жібересің бе? Сонымен-ақ діңкелеп құлайсың. Әйтпесе, шырағым, өлгенге құран оқып, құдай рақмет қылсын айтып отыру тірінің мойнындағы міндет. Бұлар бізден соны күтіп аңсап жатады. Ертең өзімізде өлеміз... Ой, ой, боқ дүние-ай...— Қария басты шайқап алып «құлқуаллаға» қайта кірісе жөнеледі.

Мінәжат жасау рәсімін қария ет пісірімдей уақытта барып аяқтап, орнынан көтерілуге ыңғайланған. Сол кезде Бекбосын шалға сөкеттеу, тосын көрінбесін деп:

— Мұнда менің бір тыққан қазынам бар еді, қария, рұқсат болса соны қазып алсам,— деп алдын ала ескерткендей сыңаймен күлді.

— Ол не, шырағым?— деді шал мұның сөзіне сенерсенбесін білмей.

— Қазір,— деп бұл мүрденің аяқ жағына сала осы-ау деген тұсты шалдың таяғының істік темір ұшымен осып қаза бастаған. Құмақтың жоғарғы беті сусылдаған құмдауыт, бос топырағын аршу аса қиынға түспеді. Ә, дегенше тізелікке таяу жер шұқырайып шыға келген. Енді Бекбосын тізерлей отырған күйі еңкейе тұқшындап, қазылған шұңқырдан әлдене оралған затты суырып алды. Сыртындағы

топырақ су-су төгілген ескі қомшасының бүктеуін жазып былай тастағанда ішінен қарыстай жан кездік жарк еткен.

— Ой, Бекбосын-ау, мынауың немене?— деп серігі әуестене таянған. Қасына келіп, мұның жерден қазып шығарған қазынасын қолына алып, айналдыра қарап көріп:— Батыр-ау, мынауың Ботекеңнің кездігі ғой. Бұл қайдан жүр сенде?— деген ішін тарта таңданып.

— Қария, жазбай таныдыңыз ғой.

— Танымай, шырағым-ау, неге танымайын. Бала кезімде осы кездікпен турап талай ет асатқанда Ботекеңнің қолынан көріп жүрген затымыз емес пе. Белгілі бір мүлік еді ғой ауылдағы. О, шіркін, дүние... Қайран, Ботекеңдей кісі қайда. Сөйткен Ботекеңдердің өзі қайда?! Ой, ой, ой, боқ дүние-ай!.. Өтіп бара жатқан тұрлаусыз заман-ай. Бекбосын шырағым, бұл мүлік сенің қолыңа қалай түскен? Бұл жерде қалай жатыр? Соның жағдайын айтшы енді?— деп шал мұның мәнісін білмекке ықыластана бұрылған. Бекбосын кездіктің тарихын қысқаша баяндап берген.

— Е-е, солай де. Әңгіме-ақ,— деді шал әлденеге толқи, таңдайын тық-тық қағып, іштей ойға бата. Сол қалпы аз кем үнсіздіктен кейін басын көтеріп қайта сөзге келген:— Ботекеңнің де артында қалған жалғыз қара сол Сырғаш қана. Әлгі үлкен рөдникте тұрады екен. Өткен жылы ауылға төркіндегенім деп арнайы келіп, әкесінің басына бір мал құдайы қылып, құран оқытып, аунап, қунап қайтты, жазған...

— Жай-жағдайы қалай екен? Бала-шағасы бар ма екен?— деп сұрады Бекбосын тілеуқор көңілмен.

— Шүкір, тұрмысы түзу, қара-құра бас саны бар тәрізді. Тиген күйеуі, сыңайы, өзінен көп ересек кісі, ертеректе дүние салған. Балалары есейіп азамат болған. Солардың қолында көрінеді. Кімге дәм-тұз қай жақтан тартады дерің бар ма. Түлкінің жымыңдай дүние соқпағы қай жерден шығаратынын қай пенде болжап біліпті... Міне, шырағым, кездігің, игілігіңе тұт. Ескінің көзі, қымбат бір мүлік қой бұл. Шын асылды тот баспайды екен-ау.

Шал кездікті тағы бір айналдыра көріп шығып, бұған ұсынған. Сабы алтын, заты таза асыл болат, алмастығы ма, әлде қалың етіп ораған құрым қомша ылғал, су өткізбей сақтаған ба, пышақтың шынында тот басқан жері жоқ. Қолына алып қарап тұрғанда Бекбосынның ойына өткеннің кейбір елестері оралып, көңілі қобалжығандай болды...

Самайын қырау шалып, ақсақал жасқа иек артып қалғанына қарамастан, бақса, көңілінде орны толмайтын опық,

сағыныш, мәңгілік мауқы басылмайтын жетімдік табы қалып қойғандай екен. Көрген қиянатын таразы тарта алмайтындай, жоғалтқандарына сан жетпейтіндей. Олардың өтеуін кімнен сұрамақ... Мына асыл мүліктің төл иесі, ел сыйлаған, ер мінез, қадірмен қарт Боташтың өмір соңын солай өкінішпен аяқтауы көзі көрген кісінің жүрегін сыздатпас па?! Осы кездікті өзіне ұсынған ғазиз жан, бетпібет кездескен сәтте наздана тастаған көз қарасы жан дүниесіне қуаныш сәулесін себелейтін сол сұду бейжеткен қайда?! Қайырымды қоңыр үні бойына қуат пен сенім ұялататын, дүниенің тұтқасындай көрінетін асқар тау — әкені кімнің бодауына берді?! Ажары күн шуағындай, алақаны мейірім мен жылылыққа толы абзал ананың — қасірет пен құсадан кеткен шешенің — орны толар ма?! Әсіресе, тауқыметпен, бейнетпен өткен жастығы үшін кім жауап береді?! Уайымсыз, қамсыз жайма-шуақ көктемдей жадырап өтуге тиіс балауса шағын долы соққандай ұйпатұйпа өткен тағдыр дауылы қайдан, қалай тәп болды?!

Санасында андыздаған сұрақтар. Көңілінде күптілік, жүректі шымшылаған мұң. Ал қолындағы алмас кездік жарық дүниеге шыққанына қуанғандай күн көзіне шағылысып, жарқ-жүрқ сәуле шапсады.

Сон-ау алыста мұнарға батып, аспан астындағы дүниенің жарты көкжиегін түгел алып, созыдып жатқан Кәрі Қаратаудың тұтасып көрінген жалпақ жомы күрсіне ойдынып қалған қариядай бас көтермей мұлғиді...

ДҮНИЕ, ШІРКІН...

Жаз жауынсыз, құрғақ болып тұр. Шілденің шығар аузына таянса да аптаған ыстықтың беті әлі қайтар емес. Күн көтеріле-ақ қызулы көрігінен қуатты жалын шашқандай, көлеңкелі орман, көк шалғыннан кенде қалған мына сары даланы аңызға жайлап алады. Талма түстің шағында айналадан жалпақ даланың ыстықтан алқынған демі дерлік құлазыңқы ызың-үн естіліп тұрғандай болады. Сол ызыңнан кісінің құлағы шыңылдап, басы айналар тәрізді. Таңғы алагеуімнен тұрып, шаруа қамымен ала тыныс, ала өкпе болып арпалысып жүрген жұрттың қыбыр-жыбыры да дәл осы мезгілде пышақпен кескендей сап тыйылады. Жан-жануар көлеңке сағалап, солықтап кетеді.

Қазір де ауыл маңында қара-құра сиреп қалыпты. Көшеде кісі аяғы азайған. Шабындықтан тиеген жоңышқасын маяға апарып салып қайтқан шөпшілердің машинасы жарыса ызғытып кеп үйді-үйдің арасына сүңгіп кетті. Гараждан жаңа шыққан топ кісі бірте-бірте шашырай түсіп самарқау аяндап барады. Қыр басынан ауыл жаққа көз салып, ине-жіптен жаңа шыққандай кіршіксіз, ақ шайы кимешегінің мол өңірі мен етегіне малынып оранып тұрған ұзын бойлы қара сұр кемпір:

— Жаңағылардың ішінде Болатжанның машинасы да бар ма?— деп сұрады қасындағы немересінен.

— Бар. Алдымен озып келген папам ғой,— деді бала насаттана.

— Оны қайдан таныдың?

— Папамның машинасының кабинасы сарымен боялған. Басқа ешкімде жоқ ондай.

— Садағаң кетейін, зердесі бар өзінің. Соны аңғарып жүргенін қара,— деді кемпір ризалықпен мейірлене.— Рәтжан, жүр қайтайық, ендеше. Келін қымызды суға салып салқындатып қойды ма екен әлде есінен шығып кетті ме? Шөлдеп келді ғой, күннің түрі мынау... жүре ғой. Атаң мен

кіші әжеңнің қай жерде жатқанын ұмытпайсың ба енді?

— Ұмытпаймын. Білемін.

Ауылдың құбыласындағы қоңыр төбенің жалпақ жонында бырдай болып жатқан қорымнан шығып, кемпір мен немересі еңістегі жолға келіп түсті. Қара жолдың май топырағын толарсақтан кешіп келеді. Төбеден күн шыжғырады. Жол жиегіндегі шағыр жусан, есек мия шаңға тұнып тұр.

Рыстың өнімсіз аяңына ықтияр болмағандай немересі Рэт:

— Әже, тезірек жүрсейші,— деп тартқылайды. «Осы шөлдеп келе ме» деп қаттырақ жүріп еді сәлден кейін еңтігіп қалды.

— Әже, мен үйге жүгіріп бара берем, шөлдедім,— деді Рэт.

— Бара ғой, қалқам. Бұзауды көлеңкеге әкеп байласын деп айт. Су берсін.

— Мақұл.

— Құлыншағым, кішкентай, бүлкілдеген түріңнен айналайын.— Рыс жолдың шаңын аспанға көтеріп томпаңдай ала жөнелген жеті жасар немересінің соңынан сүйсіне қарап аяңдап келеді.

Екі ара едәуір жер. Жарым ортаға келген соң, жолдан бұрылып құлаған албардың орнында шоғайына болып қалған үйінді кесектің біріне отырып тыныс алды.

— Топырақтарың торқа болсын,— деді сонан соң іштей күбірлеп, артындағы төбе жаққа қарап отырып. Біріне арнап айтты ма, бәріне бағыштады ма оны өзі де айырып бөлген жоқ.— Бұлар да өз алдына үлкен бір ауылдай болып жатыр ә, ой дүние-ай!— Осы сәт көңілі кілт толқып кеткендей еді. Іші елжірегендей жұмсақ бір күйде күрсініп, кимешегінің ұшын көзіне апарды.

Рыс біресе алдындағы ауылға, біресе құбыласындағы қорымға көз жүгіртіп көп отырды. Бойында оның бірін жатсынып бөтенсіген күй жоқ. Мына ауылдың тіршілік-тұрмысына қазір қандай қанық болса, ал өткенге сәл ой жүгіртсе осы қорымда жатқандардың әрқайсысы сондай таныс болмысымен көз алдына келері сөзсіз. Осы жұртқа қай кезде қазық қағылып, алғашқы үйі қашан тұрғызылғанынан бастап, мына думанды, үлкен ауылдың бары мен жоғы, ауыры мен жеңілі өзіне етене таныс.

Қоныс аударып келіп, осы бір елсізге ірге тепкен елдің жігіт ағасы болған, көпке түскен ауыртпалықты қайыспай көтеріскен нелер абзал азаматтары — Рыстың көз көрген, қадірмен замандастары қазір осы төбенің үстінде жатыр.

Байқасаң адам баласының өмірінің мәні тірлігінде таусылып бітпейтін, дамыл таптырмайтын іс характерінде сияқты. Ал өмір бойы құмырсақдай тырбанып өтетін осы мазасыз тіршілік алдағы ұрпақтың қамы, солар үшін жасалатын игілік тәрізді. Өз ісінің жемісін тастамай, жинап-теріп арқалап ала жөнелген жан жоқ шығар. Бәрі де кейінгінің нәсібі болып қалады. Сонау Адам-атадан бері әкеден балаға мирас болып келе жатқан қасиетті дәстүрдің айнымас заңы ғой бұл. Мұнда қолыммен құрғанымды қалдырмай ала кетем деген өзімшілдіктің болмайтыны осы құдіретті сезімнің ықпалы-ау.

Көзі тірісінде байыздап отырып, рақатын көрмеген ауыр бейнет, ащы терінің мәуесін қазіргі мына ұрпаққа сыйлаған өз қатарларының көбі бұл күнде анда жатыр. Олардың үлкені де, кішісі де, жақсысы мен жайсаңы да бар. Бірақ қай-қайсы да адам баласына тиесілі әлгі абзал борышын өтеп кетті дерлік.

Осы сәт кемпірдің көңіліне көп елес оралды. Санасында өткен күндердің сағымы толқыды.

Рыс жаратылысынан уайымшыл, күйреуік жан емес-ті. Алайда қартайған соң кісі босаң тарта ма, кейінгі кезде өткен-кеткенді жиі ойлайтынды шығарды. Қатарының азайып бара жатқаны жанына бататын болып жүр. Өз тұрғыласы қалмаса кәрі де жетімдей кәріп болады екен. Бұл да көңілшек тартты.

Міне қазір де ойына қай-қайдағылар оралып, жаңа ғана барып, бас-басына дұға жасап қайтқан көппен қайта кездескендей болып отыр. Осылармен бірге ертегідей есте қалған нелер қызығы мен қиыны аралас күндерді бастан өткерген екен. Өткен күнде қабырға қайыстырар ауыр елестер де, небір қимас сәттер де аз емес.

Рыс толқып отыр...

Қазіргі мына шаруасы шалқыған совхозға айналған ауылдың осы елсізге келіп қоныс тепкендегі алғашқы тұрғызған баспаналарының орны осы өзі отырған жұрт. Көлеңке болар көгергені, қараусыны жоқ, жан баспаған ен далада, жусанды жазықта жер кепелер мен жатаған балшық үйлер бырдай болып бөртіп шыға келген сол бір жаз; сол жаз бойы осы далада ұя салған қарлығаштай тыным таппаған, аш-жалаңаш болса да салы суға кетпей, жаңа арман, жаңа өмірге талпынып, ойын күлкісін қайта тапқан жан себіл, еңбекқор жандар көз алдына келді. «Ауыр жылдар еді ғой, Ой қиын-ақ болды-ау».

Малдан басқа тіршілігі жоқ, соның әуенімен көшіп-қонып, шұбап жүрген елдің қыс құмға құлатып, жаз арқаға

айдап жүрген алдындағы кара-құрадан өзге күнбағысы шамалы-тын. Киіктей босып жүрген кезбе жұрттың ірге тепкен тұрақты қонысы, тиянақ етер өзге шаруа жайы жоқ екенімен ісі болмапты-ау. Ел ғасырлардан бергі сүйегіне сіңіп кеткен бейнетті тіршілікке әбден көндігіп алған. Тұрмыстың онан басқа түрін іздеп көрген емес. Осы самарқаулықтың тақсіретін талай тартса да онан сабақ алып, айналаға көз жүгіртіп, жай-күйіне өзгеше зер салып қарауды ойламай, күн көрістің үйреніскен осы арнасымен тарта берген. Алайда жадағайлықтың құсырына тағы кезікпей қалмады.

Бейқам жұрт жүнін киім, етін тамақ етіп, жан сақтап келген төрт түлік мал біткенді алдымен кәмпескенің науқанына өткізіп, онан қалған азын-аулақты қырына алған қыстың үстемелей соққан ақ боранына беріп, кемесі суға кетіп, салт бастары сопиып елсіз жағаға малтып шыққан жолаушыдай сенделіп қалды. Тіске басар талғажаудан жұрдай болған көпке оның үстіне сүзек келіп араласты. Кей ауылдар отырған-отырған жұрттарында жусап қалды. Енді кенеуі кеткен көшпелі елдің күйін көтеру үшін тұрмысына соны леп әкелетін берекелі әрекетке қам жасалды. Көпшілік егін егіп, мал өсіре алатын, отырықшы жұрт болатын қоныс іздеп, Қаратауға қарай жосыды.

Бұл да сол қырғын қыстың көктемінде еді. Зеркүл марқұм:

— Жеңеше, ел Қаратауға қарай көшетін көрінеді. Біз қайтеміз. Жер аяғы кеңіді, жаратқан жалғыз, лайығы осы деген шығар, басымызды шағындап, қол-аяқты жеңілдетті,— деп жүдеу жүзі мұңға толып, жас үйірілген жанарымен бұған қинала қарады. Айтарын аяқтамай, толқыған көңілдің әсерінен бе, іркіліп қалды.

Уылжыған қызыл шырайлы жүзді, дөңгелек бет, бота көз, қарақаттай мөлдіреген жанарынан ұяндық пен жылылық есіп тұратын, жүріс-тұрысы майда, жинақы, бипаз Зеркүлдің мына кісі танымастай өзгерген сынық жүзін көргенде Рыс аяп кетті. «Қайғыдан мүжіліп, шөгіп кетіпті-ау, жазған»,— деп мүсіркеді. «Қол-аяғымызды жеңілдетті ғой» дейді, байғұс, күйгеннен айтқан сөзі де, қайтсін енді. Тете өскен бір ұл, бір қызын осы айдың ішінде бірінен соң бірін оң жаққа салып, соқа басы қалды. Қолғанатқа жарап қалған қос құлынының қайғысы қатты батып кетті. Енді қарақан басын қалай қақпайларын білмей дал болуда екенін сезді Рыс.

— Не айтпақ едің, Зеркүл, қандай ойың бар?— деді.

— Жеңеше-ай, не ой бар дейсің менде Сандалған күй

ғой. Қандай ақылыңыз бар беретін. Қай жаққа бет аламыз? Қалай жүрсек те бір Мәліктен басқа жүгіміз жеңілдеді ғой.

Рыстың зерек көңілі Зеркүлдің неге толқып отырғанын енді аңғарғандай. Екеуі бір елдің қызы болатын. Төркін жұрты кейінде, қонысы шалғай. Зеркүл солай бет аламыз ба, әлде осы көппен бірге кете береміз бе дегенді мезгеп отыр. Өз шешімін айтпай мұның көңілін байқағалы отыр.

— Зеркүл шырағым, бұйрықты іске дауа бар ма, пешенеге осылай жазылған да. Мен не айтам, кімге ақыл бере алам. Енді бұл үйде нені күзетіп, неге қарап отырам деген ойың болса, кім оны теріс дей алады. Өзің білесің де. Басың жас, менің еш өкпем жоқ, ешкім де саған кінә қоймас. Ал мен тәуекелге бел будым. Осы елдің ортасына күшігімнен келіп едім, онан шығып қайда барамын. Қолымда мына бір жаман тағы бар. Осы ауылдың жұрағаты ғой бұл да. Біреуге көз түрткі етпейін, ел-жұрттың ортасында болсын. Ал өз көңілінде не бар? Жасырма, жасқанба, айт.

— Жеңеше, ендігі тіршілігіміз не болады деп ақыл салғаным ғой. Менде басқа бөтен ой жоқ. «Келіннің бетін кім ашса сол ыстық» емес пе. Тайынан келіп қосылған үйірін жылқы да жатсынбайды. Алғашқы аттаған босағам, келген ауылым, оны тастап кету маған да қиын. Кішкентайымнан қолыңда өстім. Сыртқа қақпай сіңліңдей көріп, бас-көз болдың. Мынау қиын-қыстау жалғыз қалған шағымда жанашыр жақыным да, арқа сүйер ақылшым да өзің деп шырғалап отырмын. Маңдайға жазғанын көремін де, қасыңызда бірге қалсам деймін. Бір-бірімізге сеп, сүйеу болармыз. Тағдырдың салғаны шығар. Уайымдай бергеннен ештеңе өнбес, елге ілесіп тірлік етеміз де,— деді Зеркүл, әрі өзіне әрі бұған басу айтқандай, осыған өзі белін бекем бұған сынаймаймен.

* * *

Көшкен ел Қаратаудың етегіне жазға қарай ілікті. Іркіс-тіркіс созыла жеткен олар таудың теріскейіндегі шөлейт далаға келген келгенінше қостары мен жаппаларын жамырай тігіп жатты. Көп адам жүк артып жүрер көліктен ада болған соң киізін кір шалмаған нелер алты қанат ақ үйлерін тігулі күйінде тастап, қос арқалап келген. Әзірге баспанасы сол болмақ. Кешікпей осы төңіректен жаппай қоныстану салып, мына жұрт колхоз-колхозға ұйымдаспақ. Бәрі бірігіп жаңа аудан болып құрылудың қамын жасамақ. Қазір-ақ бұл іс қызу қолға алынған. Алдымен қыс түспей жылы жайға кіріп алу — елдің бәрінің қамы сол. Жоғары-

дан қос-қосынан өкілдер келіп, қайта-қайта жиналыс құрады, ауыл басшыларын сайлайды. Ру-руымен көшіп келген жұртты колхозға бөледі.

Осы күндердің бірінде теміржол бойындағы станциядан колхозшыларға киім, тамақ, құрылысқа керек құрал-жабдық әкелуге керуен жүретін болды. Керуен баратын станцияға тақау үлкен қалада Рыстың сіңлісі тұратын. Естуінше сіңлісінің күйеуі мұғалімдік қызметте, өзі тігінші болып істейді. Жүрейін деп тұрған дайын адамдармен бірге барып қайтсам деп аңсары ауды.

— Қайтарымда өздері әкеліп салар. Мына дайын керуенмен жетіп қалайын. Бізге не ақыл, жәрдемі болар екен. Көптен көріспеген едік, іздеп, жай-күйін біліп, маңдайынан бір иіскеп қайту парызым да ғой, — деп ақыл салып еді, бұл ойын Зеркүл теріс көрмеді.

— Барып қайтыңыз. Ел орналасып, жайласқан соң келерсіз. Алда-жалда осында қолымда қал десе хабар айтарсыз. Бұйырса бір жерде болайық, — деді.

Керуен күні-түні тынбай жүріп отырып, керекті станцияға төртінші күні келіп жетті. Олар осы жерден жүгін тиеп алып, тоқтамай қайта жүріп кетудің қамын жасады. Қалаға дейін түстік жер екен. Поезд деген ағылып жатыр. Рыс мұнда көп қарайламай, жеті жасар ұлын жетектеп, соның біріне мінді.

Іздеп келе жатқан жақындарының әйтеуір осы қалада көрінеді деген сырт хабары болмаса, қайда істеп, қайда тұратынын білмейді. Адрес атаулыдан бейхабар. Сұрай-сұрай табармын деген үміт бар.

Қалаға күн еңкейе ілікті. Ағылған халықтың сүреңіне ілесіп отырып орталықтағы базардан келіп шықты. Аумағы шағын ауылдың қотанындай базар алаңы ығы-жығы сапырылысқан адам. Көп аяқтан көтерілген шаң-тозаңнан базар үстінің аспаны ақ шулан тартып көрінеді. Іші қапырық, қайтар күннің ыстығы күйдіріп тұр. Алаң төңірегіндегі ретсіз, бей-берекет салынған ескі үй жайлар да көрер көзге көңілсіз, оңған дәкедей сұрғылттанып кеткен. Ал өзінде бас-аяғы жинақы қала адамынан гөрі жан-жақтан жиналған жүдеу өңді жүргіншілер көп сияқты. Жұрттың у-шуы, абыр-сабыр жүрісі кісі елігіп қоян-қолтық араласып кететіндей арқа-жарқа емес. Бұрын көрмеген базар тіршілігі Рысқа түсініксіз терең иірім тәрізді әсер етті. Осы иірімге малтығалы бара жатқандай базарға ол тосырқай, өгейсіне кірді.

Көріп-біліп алайын дегендей асықпай аяндап, базарды

түгел аралап шықты. Мың сан адамның бірінің мұнда шаруасы жоқ. Біреуі сен кімсің, қайдан жүрсің деген жоқ. Мына құжынаған көптің ішінде айдалада жалғыз жүргендей елегізіп келеді.

Базардағы жемісті, неше түрлі тәтті тағамдарды көрген соң кішкентай Мәлік қыңқылдай бастады. Бала неме әрқайсысына көзін сатып тамағы бар жерді айналсоқтай береді. Тартыншақтап жүрмейді. Баласының қарны ашқанын сезді. Өзінің де өзегі талып тұр. Жағалап жүріп кіре беріске таяу жерде самса сатып отырған өзбек келіншегінің қасына келді. Баласына самса әперіп, өзі жол қалтасынан талқан алып суға шылап жеді. Жүрек жалғап, аздап тынығып, жан шақырған соң кеш болып қалғаны есіне түсті. Барар жерін түнде іздей алмайды. Ертең таңертең сұрау салғаны жөн. Енді кешке қайда түнерін білмей дағдарды. Сонан соң санасында әлдеқандай үміт оты жылт еткендей болып, орнынан тұрды. Өзбек келіншекке қарай жүрді.

— Шырағым, мұсылман баласы екенсің, рақым ет, мен бір жөн сұрайын деп едім,— деді.

— Иә, айтыңыз!

— Рақымәлі деген мұғалімді білмейсің бе?

— Жоқ, естіген кісім емес. Ол кім еді?

Рыс осы қалада тұратын туысы екенін, іздеп келгенін, қалай табарын білмей отырғанын айтты.

— Ой, тұрған жайын білмеген соң бұл қаладан қалай іздейсің, табу қиын ғой. Мұғалім дейсің бе?

— Иә, мұғалім болып істейді деген.

— Онда мектептерден барып сұрастырып көрген жөн. Сол жерден білетіндер кездесер.

Келіншек қаладағы мектептердің қай жерлерде екенін ежіктеп, әбден түсіндірді. Оның санасына бірі жетіп, бірі жетпей жатса да түсінген сыңай танытты. «Мектеп дегені қарқарадай үй емес пе, сұрай-сұрай табармын» деп тұр.

— Өзіңнің үйің қайда, осы маңда тұрасыңдар ма?— Сөзі жылы болған соң «бүгінше үйіңе қонып шығайық» деп өтінбек еді.

— Біз қаланың сыртында алыста тұрамыз,— деді келіншек.— Қазір күйеуім келіп алып кетеді, ертесімен әкеліп тастайды. Шетте тұрамыз.

— Кеш түсіп қалды. Қайда барарымды білмей тұрмын. Далада қалуға бұрын көрмеген жер жүрегім дауаламайды. Бұл маңда қайда түнеп шығуға болады?

— Қайдам, білмедім,— келіншек басын шайқады.— Жатын орын қиын. Кешке қарай қалада ешкім бөтен кісіні үйіне кіргізбейді. Әртүрлі адамдар бар, сенбейді.

— Енді қайттім?

— Қазір қалаға келушілер көп, осындай жатын орын таппағандардың көбі базардың айналасында түнеп жүр. Ішінде әйел де, еркек те бар. Кейбіреулер семьясымен солардың қасына қонып шығарсың.

Келіншектен әлгі айтқан түнемелі жайдың жөнін сұрап алып, жарық барында соған келді. Бұл базардың ішіндегі ескі, үлкен, қазір иесіз қалған, керуен сарайы екен. Алдындағы бастырманың асты мен зәңкиген кең залында толған кісі көрінеді. «Көп адамның ішінде ғой, ешкім тимес, бір түн қонып шығармын» деп өзін-өзі жұбатып қояды. Карта ойнап гүжілдесіп отырған саяқ топтан айналып өтіп, екі-үш мосқалдау кісінің қатарына келіп орналасты.

Түнімен ұйықтаған жоқ. Көңілі ілік-жарма болып, шымшытырық ойлар мазалай берді. Бауырына тығылып, бұйыға пысылдаған ұлын құшақтаған күйі көз ілмей шықты. Ерте-лей тұрып қалаға кетті. Екі күн табанынан таусылып мектеп атаулыны адақтап шықты. Ешкім хабарын білмеді.

«Ағарту мекемесінен сұраңыз, бұл қалада істеген мұғалім болса солар білуге тиісті» деген соң біреулер, үшінші күні оны іздеді. Облыстық ағарту бөлімінен хабарын естіді ақыры. Күйеу баласы бұрын мұнда тұрған, қазір алыс ауданға қызметке ауысып кетіпті. Үйін де көшіріп әкеткен.

«Бұл да әурешілік болды. Кездесуді тәңірім жазбаған екен. Қой енді есім барда елімді табайын»,— деп қайтудың қамын ойлады.

Базарда босып жүрген ел көп. Талайы кешке қарай соның төңірегіне, түней салады. Бұл да келгелі бері солармен бірге. Күндіз елге қарай бет алатын жолсерік біреулер кездесер ме екен деп іздеп қаланы кезіп-кезіп келіп, қоналқыға керуен сарайының маңындағы жұртқа қосылады. Түн баласына елегізіп ұйықтай алмайды. Көбіне күндіз бір мезгіл мызғып алатын. Бұл жолы да табанынан таусылып шаршап, енді елге қалай жетудің уайымымен қажып, күйзеліп кеп, самса сататын келіншектен жүрек жалғар алып жеген соң, керуен сарайдың көлеңкесіне қисайып, сәл сәтке дамылдаған. Көзі ілініп кетіпті. Ояна келсе қасында баласы жоқ. «Осы төңіректің бірінде ойнап жүрген шығар» деп, әрлі-берлі қарап еді көрінбеді. «Тамақ іздеп сонда кетті ме» деп самса сататын келіншекке барған:

— Ойбүй сорлы, сорлап қалдың-ау. Ұлыңды панасыз балаларды жинап жүрген арбаның үстінен көрдім жаңа біразда. Япырай, сенің балаң емес пе екен деп едім. Тап соның өзі болды,— деді келіншек.

— Ойбай, не дейді, қайда, қалай қарай кетті?— деді есі шыққан бұл.

Келіншектің басқа не айтқанын ұққан жоқ, «міне мынамен» деп базардың алдынан күн батысқа қарай кетіп жатқан тастақ жолды сілтегенін ғана біледі. Өкпесін қолына алып, жүгіре жөнелді. Қайда неге бара жатқанына ой жіберіп, ақылға салатын қалде емес. Сәлден кейін алдыңғы жақтан бір ат арбаның нобайы көрінді. Солай қарай жан ұшыра ұмтылды. Етек-жеңі жалп-жалп етіп безіп келеді. Үрейден бе, қатты қапылыстан ба қара суға түсті. Жас шылаған жанарына ащы тер құйылып көз алды бұлдырап, басы айналды. Бұл таяп келгенде арбакеш еркек «бұл кім, неғылған адам?» дегендей атының басын тартты. Кимешегінің екі самайынан бұрқырай шыққан шашы тершіген жүзіне айғыз-айғыз жабысып, елбе-делбе ентігіп тұрған әйелге секемдене, үрке қарады. Оның бұл көзқарасын байыптай қойған Рыс жоқ. Келе арбаның жақтауына сүйене берді.

— Балалар мінгізген арба көзіңізге түскен жоқ па?— дегенді аптығып әзер айтты. Табан астында кезіккен мына әбігерден осы кісі құтқаратындай көріп, қайырым күткен жалынышты жанармен жасқаншақтай қарады. Арбакеш «жоқ» дегендей басын шайқады. Самарқау қалпы мұның бас-аяғына тағы да біраз көз жүгіртіп алып әрі бұрылды. Жон астаудай, жұп-жұмыр, семіздіктен түгі жылт-жылт еткен, төрт тағанына тостағандай-тостағандай таға қаққан жуан торы атты сауырына шып еткізіп:

— Шуу!— деп қалды.

«Мына кісіден де айырылып қаламын ба, онан соң кімді іздеймін, кім қол ұшын береді» деген уайыммен жақтаудың кенересінен ұстаған күйі қосыла ілесіп қалмай:

— Көп жасағыр, мейірбан болыңыз. Қайырым ете көріңіз. Баламды жоғалтып алдым. Көмектесе көріңіз,— деп шыр-шыр етті.

Арбакеш лықсып қозғала берген атының басын қайта тежеп, сәл кідіре түсті де:

— Сізге не керек? Менде не шаруаң бар,— деді.

— Ағатай,— деді өзі құралпы кісіге абдырап аптыққан күйі оның жас шамасымен де жұмысы болмай. Сонан соң мән-жайды асыға-үсіге баяндап берді.

— Маған не істе дейсіз? Мен оларды көргенім жоқ. Кім екенін білмеймін. Өз шаруаммен жүрген адаммын. Ізде, сұрастыр, Жарайды, жұмысым бар, жолымнан бөгемеңіз.

Рыс тап кеудесінен итеріп жібергендей состиып, аңта-

рылып тұрып қалды. Қайтып тіл қата алмады. «Япыр-ай, бірінің басына іс түскенде пенденің пендеге мүсіркеуі болмаушы ма еді. Не деген қату жан еді» деп көзінен ыстық жас ыршып кетті. Көңілі құлазып қоя берді. Сол сәтте таяу маңдағы көшенің қиылыс-қиылысынан үстінде адамдары бар жайдақ арба қылаң етіп, бұрылып кетті. Көзі шалып қалған Рыс екі өкпесін қолына алып қуа жөнелді. Өліп-талып жетіп еді іздегені олар болып шықпады. Сонан далбасалап беже берді. Не көп ол кезде қалада арба көп, көшеден көрінген арба біткенге жүгіре-жүгіре ақыры талып жығылды.

Іші бір жамандықты сезіп езіліп күйіп-жанды. «Енді қайттым, енді қайда барамын. Тірідей айырылғаным ба шынымен» деп шарасыздықтан аһылеп-уһілеп, аласұрып шықты түнімен. Ертеңіне кезіккен жөн-жоба білетін біреулер:

— Қалада Балпықтың сарайы дейтін жайда балалар үйі бар. Соған барыңыз, бір хабарын сонан аласыз,— деп жол сілтеді.

Баласын мұнан да кездестіре алмады.

— Көшеден жиналған біраз панасыздарды жаңа әзірде басқа қаладағы балалар үйіне жөнелтіп жібердік. Бұл жерде болмаса сонда кеткені,— деді тәрбиеші әйелдер.

— Поезд әлі жүре қойған жоқ шығар. Тездетіп вокзалға бар. Сол жерден кезігіп қаларсың балаңа,— деді бірі.

— Онда қалай барамын? Барған соң қай жерден іздеймін? Кімнен сұраймын?— Әлдене үміттің ұшығынан ұстатқандай болған әлгі әйелге жалынышты жүзбен жақындай түскен.

— Тиын-тебенін бер де көшеде кетіп бара жатқан кез-келген арбакешке апарып таста десеп жеткізіп салады. Барған соң вокзалдың кезекшісінен, не сол жердегі милиция бөлімшесінен балалардың қай поезға қай вагонға отырғанын сұрасаң тауып береді,— деді әлгі әйел мұның қалаға тосын, сырттан келген, ешнәрсенің жөнін танып, білмеген мүсәпір болмысын сезгендей ұғынықты түсіндіруге тырысып.

Әйелдің айтқаны зердесіне еміс-еміс ұялап, жағдайды байыптаған соң енді әлгі поезд тап қазір өзін күтіп тұрғандай, сәл кешіксе қалып қоятындай аптықсын.

Көшірге ұстата салатындай қалтасында теңге жоғын біледі. Сасқанынан сонау қыз күнінде, Рыс басқа ауылға келін болып ұзатыларда, шешесі өзінің қолынан алып бұған таққан, сонан бері анасының көзіндей көретін зерлі, алтын жүзiкті етегіне оратыла сүріне-қабына жүгіріп келе

жатып, саусағынан суырған. Көшеде өтіп бара жатқан арбакешті айқайлай тоқтатып, жүзікті ұстата берді. Арбакеш шал баратын бағытын естіген соң бұған бір жүзікке бір қарап алып, жымың етіп:

— Мін, мін!— деп асыға құнжыңдап қолтығынан демеді.

Вокзал маңындағы арадай ызындаған жұрттың ішін есеңгіреп кезіп жүріп сұрай-сұрай, әйтеуір, кезекшісін кезіктірген. Сүзетін бұқадай алакөзденіп қарайтын өңкиген гүжбан қара екен. Мұндай-мұндай тосын жайлар мен оқиғаларға әбден еті үйреніп кеткен кісінің қалпымен мұның таусыла жырлаған мұңын самарқау тыңдап, самарқау жауап берді.

— Енді қайдан іздеп, қайдан табасыз?— деді.— Әкелінген балалардың бәрін жөнелтіп жібердік. Соңғылары жаңа ғана жүрген поезбен кетті. Бүгіннің өзінде екі қалаға екі топ балалар жөнелттік.

— Қай жаққа, шырағым? Қандай қалаларға? Оған қалай жетуге болады?

— Қайда барасыз? Баланың қай жағына кеткенін қайдан білесіз? Бүгін Семейге, Қызылордаға — екі жаққа жөнелттік. Кеше кешкісін келген біраз балалар Ақтөбеге кеткен. Соның қайсысының ішінде екенін білесіз бе?! Біреулері поезға әкеле жатқанда, енді біреулері поезға мінген соң да ұрланып қашып түсіп, ұстатпай кетіп жатады,— деп кезекші жігіт, жүзіне реніш жинай кіржиді.— Бейзабраз, біз оларды аш-жалаңаш қаңғып жүрмесін деп әуреміз. Ал, ол сумұрындар, өздерін-өздері сорлатып, босқын тіршілікке құмар. Жаңа да екі-үшеуі тура поезд қозғала бергенде қарғып түсіп, безіп көше-көшеге сіңіп, көз жаздырып кетті.

— Ойпырым-ай, шырағым, байқамадың ба, қашқандардың ішінде менің балама жобасы келетіні жоқ па екен?— деп Рыс тағы да ұлының түр-түсін, киген киімі, жас шамасын ежіктей бастаған.

— Шорт знайт, кім зер салыпты сол жалаңаяқтарға. Ересегі де, кішкентайы да бар-тұғын. Между прошым, жеңгей, сол балаңыз поезбен жөнелткендердің ішінде жоқ шығар. Сіздің қай жерде екеніңізді білетін көрінеді. Әлгіндей жырылып қалып, қалада өзіңізді іздеп жүрмесін,— деді кенет бадырақ көздері шарасынаң шыға алайып, бұған үңірейе қарап.

Рысқа тағы да үміт сәулесі жылт ете түскендей болған. «Тәңірім-ай, әлгі алыс жерлерге кетіп қалмай, осы қаланың бір бұрышында жүрсе игі еді. Ертелі-кеш, бұйрық жазса, тауып алар едім ғой. Құлыным-ай, көрінгенге екі көзің

жәутендеп мені іздеп, қай төңіректе жүр екенсің. Мына шет-шегі жоқ ығы-жығы қаланың қай жерінен іздедім енді. Қой, қайтадан базарды төңіректен көрейін. Мәлік, әйтеуір, менің сол жерде екенімді біледі ғой. Бұл қалада жүрсе сонда барса керек қой. Сөйтейін. Әйтпесе кеткен поездың қайсысының артынан қуады. Сұрастырып байқаса аты аталған қалалары мұның көрмек түгілі өмірінде естіген жерлері емес. Әрқайсысы аттылығы айшылық жол болатын қашықта тәрізді. Оларға бұл көнін сүйретіп жеткізе ала ма. Ертіп апаратып кісі қайда? Жолға жұмсайтын қаражат қайда? Тіпті, солай қарай баласының жол тартқан тартпағанының өзін кім біледі».

Осы ойға бекінген Рыс кейін қарай қайтуға бет алып гүжбан қараға рахметін білдіріп, қоштасып жатып:

— Шырағым, қазақтың баласы екенсің, бөтендігіміз жоқ қой, мен өстіп сорлап жүрген бейбақпын, жағдайымды білдің, енді балалар әкеліп жатса зер салып, хабардар бола гөр, құдай үшін. Баламның аты, айттым ғой, Мәлік, түрі-түсі,— деп тағы да киген киіміне дейін ежіктей жөнелген.

Осы кез гүжбан қара алдындағы әйелдің қажып-шаршап, сағы сынып, жүдеулеу, пәстеу көрінгенімен табиғатындағы сырлы аяқтай ажарлы, келісті кейпін жоғалтпаған көрікті келбетіне жаңа көз тоқтатқандай кенет аңтарыла қарап, назары байланып тұрып қалды.

«Мынау өзі сұлу әйел ғой. Қалай байқамағанмын?» деген ой осы сәт көңіл түкпірінде қылаң етіп, әйелге қарай икемделіп таяна түскен. Сол ойдың әсерімен ойланбай-ақ:

— Жарайды, іздестіреміз,— деп салды. Мен өзім осындағы милиционерлерге тапсырайыншы,— деді тапа бір бұл шаруаға қазір-ақ бел шешіп кірісіп кеткен кісідей қоразданып.— Сондай баланың жоғалғанынан хабардар болсын.

— Көпжасағыр-ай, сөйте көріңізші,— деді Рыс құрақ ұша, жүзіне қан жүгіріп, манадан бергі тоң-торыс, самарқау, сыз қабақ жігіттің құдай иіп, мына табан астынан жіби қалған пейіліне садаға болуға ықтияр ыңғайда жапақ-жапақ етіп. Гүжбан қара оның бас-аяғына сүзіле зер салып, кілегейленген сұрғылт жанарында жылт оянып, өзеурей сұқтанған қалыпта. Мұның бұл көзқарасының ә дегенде байыбына бара қоймаған Рыс қайта сонан әлдене жақсылық күткендей, қайралақтап кете алмай байланып тұр.

— Қазір қайда бармақшысыз?— деді жігіт үні жұмса-ра.

— Базардың айналасынан басқа қайда барамын. Сол жерден іздеймін де. Келгелі бері түн баласына сол төңіреккегі босқын жұрттың ішін паналайтынбыз.

— Қазір жүріңіз менімен бірге. Шай ішіңіз. Отырып біраз әңгімелесейік. Кешке қарай кезекшілігім бітеді. Сонан кейін бір танысымның үйіне ертіп барамын. Жүріңіз.

Рыс бұрын көрмеген, білмеген бейтаныс жанның «жүріңіз» дегеніне бірден ілесіп кете алмай қорғалақтаған. Шақырғанына бармауға тағы дәті шыдайтын емес. Жүріңіз деп тұрғанда безірейіп қалып қоюдың реті жоқ тәрізді.

«Шақырғанының несі әбес? Жай-күйімді біліп тұр. Ер-азамат, мүсіркегені шығар. Шай ішіңіз дейді. Шай ішкеннің несі айып»,— деп ойлаған. Әсіресе, осы сөз көңіліне сондай жылы тиген. Елден шыққалы бері маңдайы жіпсіп отырып бір шыныаяқ шай ішпегені; тіпті, тап қазір күні бойғы ала-шапқын жүгірістен қаталап таңдайы кеуіп тұрғанынан да емес, осы сөздің табиғатындағы сүйекке сіңген, құлаққа үйреншікті дағдылығы жанына жақын көрінген.

Бұлар тең-тең жүк пе, жәшік пе, жиналған қойма тәрізді кең, қаракөлеңке бөлменің есікке таяу бұрышындағы сықырлаған ескі қос орындық пен ауыр емен үстел қойылған бұрышына келіп жайғасты. Бұлар кіргенде мосқалдау бір әйел отыр еді, жігіт әлдене деген соң ол сытылып шығып кетті. Гүжбан қара айтқандай-ақ ыс пен тот басқан зілдей қара темір шәйнекпен шай қайнатып әкелді. Үстел үстіне нан мен қант қойды.

Рыс мынау жұрт көзінен қажау бөлменің оңашалылығынан, шілденің шыжғырған ыстық күнінде кісіге ызғар тепкендей салқындығынан бой тартып, әрі жігіттің ішіп-жеп, өңіркендей сұқтанған назарынан әлдене сезгендей қысылып, тайсақтап, секем ала бастаған. Бірақ тілі аузына жабысып, қатты шөлдеген бейбақ екі-үш шыны аяқ ыстық шай ішіне барған соң балбырап терлеп ажарына әр жүгіріп, өңі кіргендей кейіпте еді.

— Өзің байдың қызы, не келінісің-ау осы,— деді гүжбан қара оның мына шырайы ашылғандай келісті қалпына «хошуақ» көңілмен.

«Байдың» деген сөзден секем алып үндемеді. Төменшектеп назарымен жер шұқыды. Әйелдің бұл күйін жігіт те аңдаған. Әлгі сөзден іш жиған ыңғайын аңғарған соң, сұрағына жауап күтіп жатпай-ақ омыраулай сөйледі.

— Бейзабраз, бұрын маңайлатпайтын байдың қыз-келіншектерінің қазір талайының мықынынан мытудай-ақ мы-

тып жүрміз,— деп парықсыздау мінез таныта қарқ-қарқ күлді.— Жан-жаққа қашуда ғой қазір. Бірі — Тәжікстанға, бірі — Түркменстанға бірі — Өзбекстанға дегендей. Бәріне поезға міну керек. Билет деген қат. Жүргінші көп...—«Енді түсіндіңіз бе» дегендей гүлжан қара астындағы жылауық орындығын ойбайлата насаттана шалқайды.— Заманыңның барында, ойна да, күл деген емес пе. Жеңеше-ә. Дегенімен келісті адам екенсіз, жеңеше, кісі бір көргеннен қызығатындай.— Жігіт ыржалақтап астындағы «мысығын» мияулата, бажылдата жадырай күлді.

Рыс ләм-мим демей, әлдене албастыдан қорғана ығысқандай тұғжиып төменшіктей берді. Шайды да енді ықылассыз ұрттаған сыңайда.

— Күйеуіңіз жоқ шығар, әлбатта, күйеуіңіз болса бұлай жалғыз жүрмейсіз ғой. Кәмпескелеп жіберді ме, аштан өлді ме?— деді түйеден түскендей.

— Кәмпескеге жатқызған,— деді Рыс енді жалтара алмай.

— Бәсе өзімде солай ойлап едім. Бай екен ғой. Бай болған соң жер аударған ғой. Байларды жаппай жер аудардық қой,— деді осы сәт өзінің өкімет кісісі екенін сездіргісі келгендей салмақтана қалып, тамағын қырнай жөткірініп.

«Қайта-қайта «бай» деген сөз аузынан түспейді, мұның да бай біткенге тісін қайраған қаратаяқтың бір-ау сыңайы. Не аласысы, кеткені болды екен? Құдай-ай не аласысы бар дейсің. Заман тудырған зауал-дағы. Бай біткеннің бәрі қотанға шапқан қасқыр емес еді ғой. Бірі өзінің атасы күйеуі Дәулеттің әкесі, Өкен қажы емес пе. Кімге қысастық, жаманшылық жасады сол кісі. Басқаға зәбір көрсетпек түгілі ешкімнен шарапатын, жақсылығын аямаған шығар қайта. Қайрымды адам еді, жарықтық. Күллі жұртқа да қадырлы, сыйлы еді. Не жазығы болды?! Не жазығы бар еді деген кісі болды ма? Кетті ғой әне, «кім жаман — элем жаман» дақбыртпен».

Өзі кіріптар күйде жалтақтап отырса да көңіл түкпірінде мына жігітке қарсы осындай наразылық нышаны бас көтергендей. Бірақ сыртқа шығарып айта алмады. Үндемей тағы қала алмады.

— Аулыңызда байлардан теперіш көргенсіз бе өзі,— деді сыпайы ғана.

Гүлжан қара күтпеген оқыс сұрақтан күмілжіп қалды.

— Жоқ... Енді... Байлар жалпы қанаушы таптың өкілдері ғой. Кедейлерді сорып келді өмір бойы. Өкімет енді

теңдікті кедейлерге әперді. Дұрыс істеді. Ну-у, чорт сыным, осы әңгімені қояйық, жеңгей. Бай-май оларыңның маған қажеті қанша. Сазайларын тартты. Түгел жер аударылды. Біздің жақтан да талайын Сібірге шұбыртты.

— Сол жер аударылғандардың ішінде өзіңіз танитын кісілер бар ма?!

— А-а, неге танымаймын. Бәрін танимын.— Жігіт кенет ойына әлдене сақтық кіргендей сөзін үзіп, әйелге бажайлай көз жүгірте отырып, әңгіменің сарынын басқа жаққа аударуға қам жасағандай қалып аңғартты.— Бірақ олардың маған қатысы не. Ешқайсысымен ауыз жаласқан жоқпын. Құйыршығы болған емеспін. Оны неге сұрайсыз менен?!

— Жай, сөздің реті келіп қалған соң, сұрағаным ғой. Көзіңіз ашық оқыған азаматсыз. Біз қараңғы адамдар ешнәрсенің байыбына жете бермейміз. Сонан соң өзіме некүмән кей жайларды сұрап білсем деп едім. Сол аулыңыздан аласталып, жер аударылған кісілердің бәрі елді сорған, зар жылатқан, жаман адамдар ма еді, танысаңыз білесіз ғой кімнің кім екенін.

Гүжбан қара мынау әйелің қара жаяу емес-ау осы дегендей енді жүзіне зер сала, аңдай қараған. Ар жағында осының өзі кім, қалай деген сезіктен де құр алақан емес тәрізді. Бірақ Рыстың жүзінен әлдеқандай жымысқылық, бүкпе байқалмайды. Өзінен шын жауап күткен қалтқысыз қалып аңғартады.

— Кім біледі. Біз несін біліппіз. Өкімет жаман деді. Жаман шығар... Ол өзі біздің шаруамыз емес қой, жеңгей,— деді жігіт те өз көңіліндегі шынын жасырмай...— Между прошым, сол жер аударылғандардың ішінде біздің ауылдан Бәйдібек деген бай да кетті. Расын айтқанда, жаман адам емес-тұғын. Ел мақтайтын. Талайымызға жақсылық жасады. Обалы нешік, менің осы адам болуыма шарапаты тиді. Әкем ертерек дүниеден қайтып, жастай жетім қалдым да, ауылда әркім-әркімнің қозысын бағып жүрдім. Он төрт он бестегі кезім ғой деймін, бірде қалаға жолы түскенде мені ертіп ала келіп, орыс мектебіне оқуға кіргізіп кетті.

— Ауылдарыңыз, елдеріңіз қай жақтан еді,— деп сұрады Рыс орайы келген осы тұста. Ассалаумағалейкумнен кейін жөн сұрасатын, ру, ел сұрасатын қазақ рәсімімен қай жақтың, қай елдің адамы екенін білгісі келіп күні бойы қаншама мәрте оқталғанымен ретін таба алмай тұсалып отырған.

— Ауыл қашық емес. Осы қала төңірегіндегі елденбіз,—

деді Жігіт әңгімесін жалғастырып.— Обалы нешік, сол Байекеңдер жаман кісі емес еді. Ауылдағы жетім балаларды қалаға қатынағанда пәуеске арбасына мінгізе кетіп, оқуға орналастырып жүретін. Қалада беделі бар-тын. Сөзін жерге қалдырмайтын. Ол кісінің базар сайын қалаға келгені бізге — оқып жүрген ауылдың балаларына майхана-мереке болатын. Базар төңірегіне тігілген үйлердің ол кісі түскеніне топырлап жетіп келеміз. Әй, бір кенелеміз. Ауылдың қымыз, еті дейсің бе, қаланың неше түрлі ащылы-тұщылы, қуырма, шыжғырмалары дейсің бе, тұмсықты емін-еркін сұғамыз, сонан кейін ілестіріп жүріп базар аралайтын. Қайсымызға киім-кешек әперіп, қайсымызға тиін-тебен тастап кетеді. «Ішінді ұрайындар, оқыңдар әй»,— дейтін.— Бірің болмасаң, бірің осы қаланы сұрайтын әкім болып шықсаңдаршы. Біз оқу дегеннің не екенін білмей қараңғы қалдық. Сендер оқыңдар»,— дейтін. Сол балалардың ішінде қазір айта-айтпаса да ірі қызметте жүргендері бар. Менің өзімнен болды, балалық жасап,— деді Гүжбан қара өкінішті күйде өзін-өзі кінәлағандай бір кездегі безеудің орны шұбарлаған талақтай бетін тыжырайта.— Бастауыш кластан кейін оқуды тастап кетіп. Ақымақ болып...

— Қайда кеттіңіз онан кейін?

— Ешқайда, осы теміржолға жұмысқа түсіп кеттім.

— Үй-жай болған шығарсыз. Осы қалада тұрасыздар ма?!

— Болғанда қандай. Қатын да, бала да бар. Нешауа, тұрмыс жаман емес. Жағдай жақсы. Тіпті тоқал аламын десем де мүмкіндік бар. Оның үстіне қазір тоқалды қалыңсыз-ақ табуға болатын,— деп өз күйіне өзі риза кейіпте кеңк-кеңк күлді.— Әттең өкімет рұқсат етпейді. Заңға қарайлайсың. Өкімет тоқал дегенге тыйым салды ғой.

Гүжбан қара өкіметтің тоқал жөніндегі саясатын аса құптамай наразылық нышанын аңғартқандай жау қабақ шот маңдайдың жирен терісін қатпарландыра жиырып, қасын мағынасыз кере, мекірене ыңыранды. Астындағы жылауық орындығын тағы да бажылдата қозғалақтаған оның жүзіне байыптай зер салған Рыс не күлкі, не реніш табы деуге келмейтін дүбәра, көлпалсыған көлгір, сиықсыздау жымпиған келесау пошымынан өзеуреген өлермен пиғыл, арсыздау ашық ниетті аңдап тіксінгендей болды.

— Мейлі, тоқал алдырмаса алдырмасын. Мына өзіңіздей ақ жеңгелерім тұрғанда оған өкінбей-ақ қойдым. Солай емес пе, жеңеше,— деп тарқ-тарқ күлді бір кез.

«Бәсе, бәсе»,— деп ойлады Рыс назарын онан алып қашып, төмен салып, әлденеге өкінгендей ернін тістелей, енді мұнан қалай хош айтысып сытылып кетудің амалын таба алмай. Оның тұғжиып төменшіктеп кеткенін сол баяғы уайымы, баласының қамы деп жорыса керек Гүжбан қара:

— Оқасы жоқ, жеңгей; уайымдамаңыз. Амалын қарастырамыз. Қорықпа, балаңды тауып беремін,— деді тап бір қолында тұрғандай нығызданып. Рыс сенерін не сенбесін білмей жауаңдай, аңтарыла қараған. «Жақсы сөз — жарым ырыс». Әжептәуір емексіп, әлгіндегі күдікті, көңіліндегі ыңғайсыздықты ұмытып, өңіне шырай жүгірді.

— Рас па, қайным-ау. Ойпырым-ай мың болғыр-ай, аузыңа май. Ой, тәңір-ай, ондай атты күн болса қане,— деп дегбірі қалмады.

— Ой, ақ жеңеше, жасаймын бәрінде. Бәрі қолдан келеді. Тек бұл қайныңның бір көңілін тапсаң болды. Бар шаруаң реттеледі. Керек десең, осы жерге жұмысқа кіргіземін. Маңайымда жүресің. Жағдайыңа өзім зер салып, қарайласып тұрамын. Не керек басқа саған. Тамағың тоқ, киімің бүтін...

— Ой, алла разы болсын. Ықыласыңа рақмет. Бәрінен де балам табылса екен. Балама қолым жетсе аулыма, елге кетер едім. Айналайын-ай, құдай үшін, соған дәремет ете көрсең.

— Балаңды іздестіремін дедім ғой. Тек қайныңның қолқасын қайырмаймын деші. Ойпырым-ай, не деген балажан адамсың. Баланы, тіпті, жақсы көрсең тағы біреуін туып алмайсың ба онан да,— деді көзі кілмие күлімдеп, бұған қарай икемделе түсіп. Жігіттің мына соңғы сөзі өрекіп, лүпілдеп тұрған көңілін су сепкендей етті. Әйел табан астында әлденеге қамығып, көңілсіз тартты.

«Біресе адам құсап жақсы сөзін айтып, кісіні емексітеді. Біресе жөн-жосықсыз қылжақтап, басынғандай мұнысы несі?! Мені құдайдың табалағаны аздай-ақ енді бұл мазақ еткені ме? Басына тауқымет түсіп, тақсірет тартқанды келемеждеуші ме еді?! Обал, сауапты білмейтін жетесіз, затсыз болғаныма соншалықты»,— деп дағдарды. Айтып-айтып қайырып тастауға «балаңды тауып беремін»,— деген сөзіне байланып, соны айнала шырғалап шыға алмай, ендігі тірлігінің тетігі осыған тіреліп тұрғандай қарайлап, қорғалақтайды.

— Ой, қойыңызшы, жеңеше, кісінің көңілін салқындатып жабырқай бермей. «Оралыңның барында ойна да күл» деген емес пе. Еңсенді көтеріп отыршы. Балаңызды

іздестіремін дедім ғой. Бүгіннен бастап-ақ айналысамын. Кешке қарай менің кезекшілігім бітеді дедім ғой. Сонан кейін қолым босайды. Күліп қабағыңызды бір көрсетіңізші.

Жігіт ойнақтаған түйедей қойқалаңдай орнынан түрегеліп, қасына жанаса таянды. Еркектің тершіген тұлабойынан танауына жағымсыздау шуаш иісі ұрғандай сезініп, тыжырына бойын жия бергені сол еді анау әукесін сала өңмендей келіп, бұғағына тұмсығын тыға жабыса түссін. Үстінен әлдекім мұздай су құйып жібергендей жүрегі су етіп, үрейі ұшып кетті. «Ойпырым-ай, ойы бұзық адам екен-ау»,— деп ойлап үлгерген.

— Ой, қойыңыз, қойыңыз... Жақсы жігіт, мұныңыз қалай... Бұл неткеніңіз?— деп барынша қарсылық жасап босанып үлгерді. Тынысын әрең алып алқынған күйі шын жалбарына:— Тілеуің бергір, бүйтіп қорқытпаңызшы. Қорламаңызшы. Адамның баласымыз ғой. Құнымыз түсіп қадырымыз кеткенімен, бағамыз төмендегенімен ақыл-есіміз әзір орнында ғой, адамшылықтан кетпейікші. Қиналып тарыққан соң, басқа ылажым құрып, өзіңізден шарапат күтіп азамат қой деп, қазақтың баласы ғой деп, артыңыздан ілескенім сол еді. Қызойнақ іздеп желігетіндей жағдайдағы жан емеспін. Көп жасағыр, қалымды түсіне көр, өзің көріп-біліп тұрсың ғой,— деді.

Жігіт алабұртып құлқыны бұзылып, өзеуреп алған сыңайда. Дегеніне жетпей тынғысы жоқ.

— Ой, қойыңызшы, сізде қыздай сызыла бермей. Өмірі шымылдығыңыз ашылмағандай үркектеп. Менен артық қандай еркек керек саған,— деп тәніндегі қытықтылау тұсқа қолды салып, алпамсадай денесімен ұмар-жұмар бүктей жөнелді.

Рыс шын шошынып ышқына қимылдады. Өліспей беріспейтін ыңғайда тегеурінді қарсылық танытып, жаудай арпалысып жүріп:

— Қойыңыз, енді ұятқа қаласыз. Мен айқай саламын. Жұртты шақырамын,— деді.

Мұның осы «айқайлаймын» дегені әсер етті ме, жоқ әлде әйелдің жанұшырған қарсылығынан бой тартты ма, гүлжан қара оны еркіне қоя бере салып ойында ешнәрсе жоқ адамдай жайбарақат қана:

— Ойпырым-ай, жеңгей, қарулы екенсіз. Молодец,— деп арсыз ыржиды.

«Ойбай-ай, мынауың айуан екен-ау,— деді Рыс амалы таусылғандай тығырыққа тіреліп:— Мұнан енді қалай

құтылдым. Қой, мынау ештеңені оңдырмас. Түрі жаман екен. Кетейін, мынадан аман-есенімде құтылайын».

Осы кезде сырттан әлдекім бұлар отырған жайдың есігіне таяу тұстан:

— Кезекші, перронға поезд келе жатыр,— деп айқай салды.

— Замандас болған соң жастықты еске түсіріп, балалық кезді аңсап, біраз алысып ойнадым. Айыпқа бұйырмассыз. Ойлап қалмаңыз мен бір бұзық адам екен деп. Жеңге тұтып еркелегенім. Түсінетін шығарсыз. Ал шаруаңыздың жайын қазір қайтып келген соң ақылдасамыз. Көмектесемін. Сеніңіз маған. Осында күте тұрыңыз. Мен ана поезды жөнелтіп келейін. Есіңізде болсын, сізге бұл қалада менен басқа ешкім қол ұшын бермейді. Босқа қаңғып қаласыз. Айтқанымға құлақ асыңыз,— деді сыртқа бет алған жігіт бұған мұқият тапсырып.

Ол кеткен соң манағы әйел қайтып кірген. Бұған ұрлығының үстінен түскен жандай-ақ кекесінді жымысқы пиғылмен көзінің астымен зер сала қарайды. Рыс ұяттан жерге кіріп кете жаздады.

«Қой, жаңағы айуан қайтып оралғанша қарамды жоғалтайын. Келсе тағы жібермес. Құтыла алмай қалармын. Қараптан-қарап тұтқын болып осым не?! Жаңағыдан жақсылық шығады деп отырған менде ауып қалған шығармын. Құдай кісіні әуре қыламын десе өстиді екен-ау. Мынаны адам деп қара көріп, қап. Құрысын. Беті құрысын, кәпірдің. Осыларды да мұсылман деп. Қазақтың баласы деп. Мейлі құдайдан тапсын. Бір құдай бар шығар. Түптің түбінде әділеттің ақ таразысына өлшенбей ешкім кетпес. Жағдайымды біліп жаны ашыған шығар десем, мені әурелеп мазақ қылмақ екен ғой. Ақымақ етпек екен ғой. Өзінің алдынан келсін. Нашарды иықтап, табалағанды әсте құдай жазалаған. Мұндайларға да бір зауал болар. Құрысын енді онымен кездеспей-ақ қояйын. Көзіне түспегенім жөн. Бәрібір мынау ешнәрсені жетістірмес, оңдырмас. Жарылқаймын деп ақымақ қылып, біраз әурелеп, әуейленбек — бар ниеті сол найсаптың. Қой, тез кетейін, бұйырғанын көрермін. Не де болса тағдырдың жазуы шығар. Баламды қолына ұстап тұрған осы емес қой, Құдай кезіктіремін десе бір жерден кезігер. Тәуекел!»

Осы ойға бел бұған Рыс вокзал маңындағы бұлың-бұлың көпті тасалай жылыстап, Гүлбан қара соңынан тап қазір қуа шығатындай артына жалтақ-жалтақ көз тастап, қаланың ішіне қарай ұзай берген. Сол келген бойы табанынан таусылып, тағы да базар кезген.

Күніне қырық айналып шығады. Ара-тұра елден сұрап алып қаланың басқа да кісі аяғы көбірек жүреді деген тұстарына соғады. Ол жерлерге бара қалса, тап сол кезде баласы мұны іздеп базарға соққандай көрініп, жаны тынбайды. Сабылып базарға қарай қайта жөнеледі. Бірақ еш хабар-ошар жоқ. Үміті үзілуге айналды.

Өң мен түстей бір күйде сенделіп қалды. Барар жер, басар тауы таусылып, лажы құрыған соң далбасалып айналып келіп баяғы келіншекке мұңын шағады. Келіншек мұның аз күнде шөлмектей болып жүдеп, қарайып кеткен түрін көріп аяп:

— Сен енді уайымдай берме,— деді,— бүйте берсең қайғы жеп қояды өзінді. Онан да басыңның амандығын ойла, балаңның өмірін тіле. Ол өлген адам емес қой. Бағып-қағамыз, оқытамыз, тәрбиелейміз деп алып кетті ғой. Адам етіп шығарады оны. Көрерсің әлі мынандай деген қызметкер, азамат болып өседі ол. Бұйырса кездесерсіңдер, табысарсыңдар. Сен бұл ебіл-себіл теңселісті қой. Есінді жи, ақылға кел. Еліңе қайт. Адам тәңірден бала сұрағанда аман-есен жүрсе, қарайып артымда қалса деп тілемей ме? Сенде баланың келешегін тіле... Есің бар адам тәріздісің. Ойлан. Солай ет,— деп ақыл айтып ұзақ әңгімелесті.

«Жақсы сөз, жанға азық» деген, келіншектің жылы-жылы сөзі мұның көңілін жібітті. Үміт сәулесін ұялатты. «Үкімет өлтірмес, асыраймыз деп алды ғой, бұйырған бала болса қайтып көрермін, бүйтіп сенделіп жүре бергенде не істеймін, босқа қаңғырып»...— деген тоқтамға келді. Өмірі көрмеген мына үлкен қаланың тұрмыс күйі бұған жат, қорқынышты... Сеңдей соғылысқан жұрттың у-шуынан басы айналып, төңірегіндегілердің әр ісіне сезіктене, секемдене қарайды. Аз күннің ішінде үрей мен жалғыздықтан безер болды. Есіл-дерті ауылы болып жаны тынбады. «Мына даңғазаға қайдан келіп кірдім, енді қалай жөн тауып шығамын. Елге қалай жетемін»,— деген мазасыз ой жоғалған баланың қайғысын да ұмыттырып жіберді.

Жалғыз кете берейін десе жол тауып жүре алатын емес, әрі жан шіркін тәтті, қорқады. Екі арада екі жүз шақырым елсіз дала бар. Қос білегіндегі алтын, күміс білезік, шашбау тәрізді біраз асыл бұйымдарын жанын шүберекке түйгендей тығылып жүріп, айырбастап, әрекеттеп, жолда талшық етуге жарайтындай жетім қоржын ас-ауқат жинап алған. Түйіншегін қолтығына жасырып, жол аңдуға шықты. Елге қарай жүретін жолаушы табылып қалама деп таңның атысы, күннің батысы үлкен жолдың бойында болады.

Қаланың күн батысындағы шыға беріс көшеде ауылдарға жөнелтетін темір-терсек, ағаш жиналған үлкен баз тұратын. Баздың кең ауласында жолаушылар үшін түнемел үй бар. Жан-жаққа жүретін жүргіншілер көбіне осы жерде тоқайласатын. Түнемел үй мен баздың қарауылы бір адам. Жасы алпыстың үстіне шығып қалған, сақал, шашы аппақ құдай, шегір көзді, қуақы, сөзшең татар шал, қарап отырған кісіге әңгіме керек, баздың төңірегіне келген адамды сөзге тартып, бет алысын, шаруасын, аты-жөнін қалдырмай, сұрастырып, жолаушының жайын білген соң көбіне жөн сілтеп, жол-жоба айтып, қамын жеп, тірлігін бірге реттесіп отыруға пейілді-ақ.

Өзіне серік іздеген Рыс та осы баздың төңірегін ториды. Жүргінші біткеннен жөн сұрайды.

— Шырағым, кім боласың, қайда бармақ едің?— деді шал Рыс мұнда алғаш келген күні. Оның таңертеңнен бері дамыл таппай әрлі-берлі өткендерге зыр жүгіріп, бірге жүретін ешкімді кездестірмей, кеш таянған соң, енді қайда барарын білмей көңілі құлазып, баздың іргесіне арқасын сүйеп, ойда отырған беті еді. Алғашқыда «бұл қандай адам, менде несі бар?»— деп секем алып, сезіктене қарады. Бой тартып, шырай бермеді. Шал да онысын сезе қойды.

— Кеш болса түсіп келеді, жарық барда жатын жеріңе жетіп алмайсың ба? Бұл отырысың не? Түнге қарай бейсеубет адамдар жүреді. Далада түнеуге болмайды,— деді шал.

Лебізі жылы, құдайына қараған кісі сияқты. «Түсі игі жан көрінеді, бекер шошып отырмын ба?»— деп ойлады.

— Кешке қарай жолға шығатын жолаушылар болмайды. Таңертеңнен аңды. Қайда бармақ едің?— деді шал.

Амалы таусылған Рыс енді сезіктенгенін қойып жөнін айтты.

— Ой, барар жерің алыс екен. Ол жаққа жолаушылар көп бола бермейді. Қатынас сирек. Көп күтіп қаласың-ау, шырағым. Ол жаққа жекжат аулап барасың ба? Тұрағың қайда еді өзіңнің?

Келгеннен бері үркектеп, ешкімге жоламай, кісі киік боп жүрген ол біреумен дені дұрыс әңгімелесіп, жай-жағдай сұрасып көрген жоқ еді. Шешіліп әңгімелесіп шерін тарқататын адам таба алмай құса болып жүрген. Тосыннан кездескен бейтаныс шалға басынан өткеннің бәрін ақтарып салды.

— Ой, мүсәпірім-ай,— деді шал аяушылық білдіре.— Қажыма, шырағым. Көп қиындықтың да бір қуанышы болады деген. Тірі жанның жақсы үміттен күдер үзбегені

жөн. Заман түзеліп келеді ғой, көрген азап бір күнгідей болмас әлі.

Шалдың осы баздың қарауылы екенін естіген соң:

— Көпті танитын кісі көрінесіз, құлақ қағыс боп, бізге қарай жүретін адам білсеңіз мені қалдырмаңыз,— деп өтінді.

— Қалада жатын жерің болмаса, кеткенше осындай паналай тұр,— деді қария.

Жол торумен бір апта өтті. Таңертең ертелеп жолға шығып, ұзақты күн сенделіп жүреді, қараңғы түсе түнемел үйдің бастырмасы астындағы ағаш сәкіге қисаяды. Жуық арада жол серік болар ешкім кезіге қоймай екі көзі төрт болып, салы суға кетіп жүргенде бірде шал:

— Шырағым, еліңе қарай баратын адамдар табылды,— деді сүйінші сұрағандай мұнымен бірге қуанып.— Жүремін десең бұлардан қолайлы кісі кездесе қоймас. Осыларға ілес.

— Кімдер екен? Қашан жүрмек? Қайдан кездесем мен?— деді бұл қалып қоятындай аптығып. Шал асықпай мән-жайды түсіндірді:

— Олардың жолы біраз бұрыстау, тура сендердің ауылдарыңа соқпайды. Бірақ барар жері сол төңірек. Кілең тау аралап отырып, Көсегенің көк жонынан шықпақ. Сол жердің тау-тасын зерттейтін көрінеді.

— Көсегенің көк жоны дейсіз бе? Ол біздің ауылдың тұсы. Япырай оған жетсем ел шетіне іліккенім ғой.

— Ендеше сонда барады.

Рыс бұлардың сапарының қисынына түсінбей тәптіштей бастады.

— Барады дейсіз бе? Бұлар кімдер өзі сонда, не шаруамен барады? Көсегенің көк жоны елсіз жатқан аймақ. Ол елсізде не бар?

Шал асықпай қайта түсіндірді.

— Шырағым олар геологтар. Тау-тасты кезіп, кен іздейтін инженерлер. Тастарды зерттеп, алтын, күміс, қорғасын, темір шығатын жерлерді табады. Оны тапса кейін бұл жерлерге зауыт салынады, қала орнайды. Қаратауға мұндай адамдар қазір жыл сайын шығып жүр. Бұлар үкіметтің адамдары. Жақсы адамдар, қорықпа. Олар саған тимейді. Мен бастығына жолығып, жағдайыңды айттым. Барам десе алып кетейік деп отыр.

Рыс тәуекелге бел буып, неде болса осыларға ілесейін деді. Кен іздеушілердің көлігі қос-қос ат жеккен екі арба. Біріне әр түрлі құрал-сайман, толып жатқан сандық, буыншақ-түйіншек артылған. Екіншісінің жүгі жеңіл. Ас-ауқат,

ыдыс-аяқтарын ғана тиеген. Жүргіншілердің бас-аяғы жеті-сегіз кісі. Олар екі-үшеуден жаңағы жүгі жеңіл арбаға кезек-кезек мініп аяқ суытады. Қалғандары жаяу ілесіп отырады. Алғашқы күннен-ақ топтың басшысы Рысты алдыңғы арбаға мінгізген.

— Сіз түспей-ақ отыра беріңіз,— деп ықтияттаған. Ол айтарын айтқанмен: «Қалжаға оранып отырғандай масыл болып осым не. Денім сау, аяқ-қолым бүтін. Қой, ұятты»,— деп өз-өзінен қысылады.

— Келіндер, біреулерің отырыңдар, кезектесіп мінейік,— деп түсуге ыңғайланса:

— Жоқ, жоқ,— деп басқалары безек қағып түсірмейді.

Тамағы да солардан. Бұл бір мезгіл шай қайнатып, ыдыс-аяғын жуады, әйтеуір. Елге қарай шыққан кісі болса қарасына жаяу ілесуге құлдық еді, енді қоралы жанның күтіміне тап болды.

Топтың бастығы зор денелі, қасқа бас, қауға сақал, орта жастарға келген кісі. Аздап қазақша білетіні де, көбіне Рыспен тілге келетіні де сол. Түсініспеген соң қиын ғой, басқалары мұнымен көп шүйіркелесе қоймайды. Бірақ, әйтеуір, жат мінездері жоқ. Жүздері жылы, ықыластары түзу. Таянып кетсе «апа, апа» деп жандары қалмайды. Бастықтың өзі де «апалап» тұрады. «Жазған-ау, менен үлкен болмасаң кіші емессің ғой. Апаң не?»— дейді бұл ішінен, өзінің қырыққа енді жеткенін есіне алып. Сонан соң: «Әй, мейлі, не десе о десін. Пейілдері жақсы, бір мың болғыр, әйтеуір, өздері»,— деп қояды.

Таудың табиғатының әбден мәйектеніп, кемеліне, келіп, ажарының ашылған шағы екен. Тұнып тұрған сонылық. Жұмақтың суретіндей көз ұялтқан сұлулық. Айналадағы осынау, жайсаң көрініс, жұпар ауа Рыстың көңіліне жылылық себелеп, жабырқау жанын жұбатқандай әлдилеп, көптен бергі селт етпеген сезіміне шуақ құйылғандай еңсесін жазып, жалғанның жарығын жаңа байқағандай төңірегіне еріксіз көз жүгіртіп: «Уа, жарықтық нұрлы дүние, кім келіп, кім кетпеген киелі тіршілік. Қасиетіңнен айналайын, өмір — Ана, перзент — пенденді жақсылық нышаныңнан — үміт тізгінінен айыра көрме. Бәрінің артын береке — қайырымға жазғай»,— деп толқыды.

Кең сахарادا туып-өскен Рысқа алғаш көрген тау ішінің табиғаты ертегідей әсер еткен. Оның үстіне сонау бала күнінен, ес біле бастағалы бері осы тау, осы өлке жайлы естіген аңыз, әңгімелері қаншама. Соның өзінен-ақ көрмей тұрып бұл өңір туралы санаға сіңген, көңілде қатталған

елес, ұғым; бір киелілікті қасиеттілікті аңғарта кісіні табындырып тұратын рух — болмысты жастайынан сезіп өскен тәрізі бар-ды. Қашан, қалай естігені, зердесінде қашан, қалай сақталғаны әрине қазір беймағлұм, бірақ ана сүтімен қанына бірге сіңіп, ана әлдиімен санасына алғаш ұялаған сырлы, мұнды саз — бала жүрегіне әу бастан мейірім мен сағыныш ұрығын сепкен «Қаратаудың басынан көш келеді» исі қазаққа ана әуен, бесік жыры емес пе?! Дала желімен табиғаттас осынау құлазыңқы үн — қоңыр сарында, жан біткен өсе келе уын жұтып, запыранын татып барып түсінетін, әсілі басы жұмыр пендеге тән опық, өкініш тәрізді күйі басым есіл әуенде саңлауы бар кісінің тұлабойын шымырлатып, жүрегін сыздатар құдіреті сыр жоқ па?! Сол көштің осы таудың басынан құлап келе жатқаны алаштың қай баласының көз алдынан елестеп өтпейті.

Әлгі аңыз-ертегілердің ішінде Ата — Таудың шежіре тарихымен құпия сырлы құдіретін тым әріден, адамзат дүниесімен жан-жануар әлемінің бастау бір кезеңімен сабақтастыратын: «Қазығұрттың басында кеме қалған, әулиесі жоқ болса неге қалған», — деп басталатын әңгімені естімеген қай қазақ бар дейсің. Сол әңгімені есіл-дерті ауа тыңдаған баласы:

«Апа, сонда, Қазығұрт қай жақта?» — деп сұрағанда анасы бауырындағы балапанын маңдайынан мейірлене иіскеп қойып:

«О, жарықтық Қазығұрт» Қаратауда көрінеді ғой», — дер еді.

Есейіп, бой түзеп, қыз санатына қосыла бастағанда болашақ келін, болашақ жастарға әдейі үлгі-өнеге тұтқандай аналары айтатын «Келіншектау хикаясы» қандай әсерлі, сырлы еді.

«Келіншектау» қай жақта, апа?» — деп әуестене сұрағанда: «Келіншектау Қаратауда көрінеді, ғой, жарықтық» — дер еді.

Сол Қаратау осы!

Неге Қаратау атанғанын қайдан білсін. Осы елдің қара жұрты болған соң осы атты лайықтады ма әлде? Ал енді өзі жердің шұрайлысы екен. Жалпақ жондары жабағыдай ұйысқан бетеге, боз, селеу, шайыр, жусан, жуа — жайқалған көк майса. Қойнау-қойнауудың, тау етектерінің шалғынына кісі бойламайды. Жыра-жырасын өрлей біткен тобылғы, тал, шілік, тораңғы, қара ағаштары ит тұмсығы өтпейтін ну орман. Жабайы алмасы, өрігі, жидесі төгіліп жатыр. Бармақтай-бармақтай қаңқызыл шиесінің дәмі тіл

үйіретіні сондай Рыс бұрын-соңды дәл мұндай тәтті жеміс татып көрген емес. Және, жарықтық, осыншама жалпақ таудың тұла бойына бырдай болып өсер ме. Қай жырасын кезсең де тұнып тұр. Не деген байлық. Не деген береке. Арбадан түсе қалып әп-сәтте етегін толтыра теріп алғанын түшіркене отырып азын-аулақ қаужаса болды, сапырып-сапырып, саптыаяқпен салқын қымыз ішкендей шөлің басылып шыға келетінін қайтерсің.

Аяқ аттаған сайын бұлақ, бастау, тұма. Қайнары бүлік-бүлік бүлкілдеп сылдырап, сықылықтап жатқаны. Ылдилаған сайын тасқа соғылып, маржан тамшыларын аспанға атып салдыр-сұлдыр жөңкіліп береді дейсің. Суы қандай балдай, тап-тастай, мөп-мөлдір. Жыра сайын сарқырап жатқан өзен. Жол бойы ұшқан құс, жүгірген аңның кезікпейтіні жоқ. Бөдене, бұлдырығы бозторғайынан көп. Ана қалыңға да мына қалыңға да бүкектей жүгіріп, жалп-жалп ұшып сіңіп бара жатқан құр мен шіл. Көлшік біткеннен үйректері сымпылдай ұшса сары ала қаздары тұсынан өткен жолаушыға маңқия қарайды. Әріректегі жалпақ жондарда қойдай жайылып тырналар жүр. Бұта түбінен қалбалақтай ытқып, қаңбақша безген ор қоян, сұр қояндар. Жақпар-жақпар жартасты тау беткейлеріне ерегескендей өршелене ұмтылып, сатыр-сұтыр жөңкіліп, арттарына көшкін ілестіре арқарлардың үйірі өтеді. Барып-барып шың басына жеткен соң жүргіншілерге қасқайып-қасқайып қарап тұрады. Жолға шығып, тау сілеміне іліккелі қанша күн, ал осы көріністер Рыстың көз алдында күн сайын, сәт сайын қайталанады. Оған қарауға қызықтауға жалығатын Рыс байқалмайды.

«Жарықтық-ой не деген жұмақ жер»,— деп кәрі тасбақаның қабығындай қатпарланған тастарының өзі ертегі тәрізді, қилы бейне, қилы суреттегі жар-құздары әлдене құдіреттің қолынан жасалғандай таңғажайып, қызық құбылысты тау келбетіне тәнті бола әрі табына қарай береді.

Бұлар екі жағын қабырғаланып, керегедей созылған тау жоталары қаусырмалаған, күннің шығысынан батысына қарай созылып жатқан, таусылып бітпейтін, шегі жоқ, ұзын, кең бір жалпақ аңғардың ортасындағы ескі сұрлеумен келеді. Мезгіл-мезгіл дамылдар сәттерінде арбаны жол жиегіне тоқтатады. Түнемелеге де солай жасайды. Аратұра жол үстінде кідіріп көшті Рысқа қалдырып, серіктері жапа-тармағай маңайдағы тау-тауды, жыра сайды кезіп кететіні бар. Сонан қай уақта еріндері кезеріп, шаршап-шалдығып ұшып оралады. Олардың солай ораларын шамалап, Рыс шайын қайнатып дайын отырады. Талтүсте

шөлдеп келіп суатқа бас қойған жылқыдай сапырылысып, арқа-жарқа болып жатқаны жазғандарын:

— Апа, рахмет!

— Апа, спасибо!

— Апа жақсы,— десіп ризашылықтарын білдіріп, жадырай арқасынан қағады.

— Сендерге де рахмет. Ішіндер, қанып алындар,— дейді Рыс та шын пейілімен шайын еселей құйып.— Сендерге кезіктірген құдай мені де бір мүсіркегені шығар.

Өздері дала адамындай-ақ аңсақ. Кейде құр, шіл, кейде бұлдырық, бөдене ұстап әкеліп жүреді. Бірде жастау біреуі тостағандай домалантып қол дорбасына кірпі салып алып келсін.

Рыс тіксініп қалған:

«Құрысын, мынасы несі? Мұны қайтеді? Жейтін бәле емес пе. Солай шығар. Ойбұй, мына тең-тең тамақ тұрғанда, мына молшылықта онысы несі қай-қайдағыны, бастап. Әлде әдеттерінде бар нәрсе ме екен? Қой құрысын, қарамай-ақ қояйын. Нем бар»,— деп теріс айналған. Деуін дегенімен ара-тұра жаңағы кірпіні алып келген жігіт жаққа не істеп жатыр екен дегендей қарағыштап қойғанын өзі де байқамаған. Жігіт кісі бойы биік тобылғының жіңішке шыбықтарын уыс-уыс қиып әкеліп, кереге көздеп, себет тоқып отыр. Тоқып біткен соң көлемі, жобасы, бақыр шелектей, әлгі тор ұяға астыңғы жағына шөп төсеп, кірпіні орналастырды. Айналасына нанның үгіндісін, әр түрлі тамақтың қалдығын шашып, сөйтіп әкеп Рыс отырған арбаның үстіндегі жүктердің арасына құлап кетпейтіндей жайпауыттау, сыйымды тұсына орналастырды.

Арба тастақ жолда салдыр-сұлдыр аяндап келеді. Рыс ауық-ауық жаңа қоңсы қонған қасындағы тобылғы торға зер салып қояды. Кірпі тас түйін жиырылған күйінен ажырап емес. Сонымен бір түнді артқа тастаған. Таңертең шайларын ішіп, кен іздеушілер төңіректегі тау ішіне жапа-тармағай тарай бастады. Сол кезде әлгі жігіт арбадағы тобылғы торды көтере ұстап төбесіндегі қуыстан қолын сұғып, кірпіні әрі домалатып, бері домалатып көрді. Сонан соң төңірегіндегі тамақтың қиқымын жаңалап салып, торды орнына қойды. Қойып жатып Рысқа қарап ыммен түсіндіріп, қолын аузына тыққылап, шайнандап «тамақ жемей ме» деген сұрақтың ишаратын жасады.

— Жемейді, жемейді,— деп басын шайқады бұл.

Жігіт мойнын қылқындатып, көзін алақтатып «басын сыртқа шығармай ма, жан-жағына қарамай ма» дегенді аңғартты:

— Жоқ, жоқ, басын шығармайды. Қарамайды,— деді бұл да без-без етіп, қолынан келгенше түсіндірген болып. «Бәлесін қара өзінің» дегендей жігіт ыржалақтай иығын қиқаң еткізіп жөніне кете барды.

«Е, бәсе,— деген Рыс та көңілі орнына түскендей,— мен де қай-қайдағыны ойлап. Жейін деп жүр ме деп жаманшылыққа жорып. Бәсе, бұлар ондай адам емес. Арам мен адалды, обал мен сауапты білетін кісілер. Бірақ бұл байғұсты қайтейін деп жүр екен? Асырамақ па? Оны асырағанда не істейді? Кірпікшешеннің баласы асырағанға көне ме?! О, құдая құдуанда, әуресінің түрін. Еріккеннің ермегі де. Босқа өлтіреді ғой сорлыны, кешелі бері нәр татқан жоқ, Жатысы мынау. Біреудің өмірін біреуге ойыншық етіп қойған тәңір».

Рыс өстіп өзімен -өзі бал ашып отырғанда кенет төңіректегі абыр-дұбыр басылып, жұрт аяғы саябырлады-ау деген кезде көз алдындағы кірпі домалаңдай қозғалып жаңа ғана төңкерулі жатқан жарты доптың бір тұсынан біздііп, әлдене қылаңытып, жыбыр-жыбыр етті де артынша сүйрік тұмсық суырылып көріне берді. Сөйтіп, басын жайлап шығарып, моншақтай көзін жылт-жылт жүгіртіп, жан-жақты байқақтап алып барып жанындағы Рысқа кадала қараған.

«Мына, байғұс, жұрттың аулақтағанын аңдып жатып, менің зиянсыз екенімді сезіп жарық дүниеге енді шықты-ау, мүшәпір»,— деп аяныш білдірген Рыстың мылқау мақұлықтың көзіне-көзі ұшыраса кеткенде жүрегі дір ете қалғаны.

«Біссімллә, біссімллә, ойпырым-ай, қалай-қалай қарайды, бейшара. Тапа бір есті жан иесісі тәрізді. Мына қарасында қолға түскен халы мүшкіл тұтқындай уайым кешу, үркектеу, құлазу, пұшаймандық бар. Жетім нәрестедей аянышты күйді сездіргендей ыңғайда еді. Құдая тоба, тапа осындай мұңлы көзқарасты бұрын бір кезіктіргені бар-тын. «Қашан, қай жерде еді? Е-е, топырағы торқа болғыр, абысыны Ақмәликенің үйінде көрген екен ғой. Иә, иә, сонда көрген. Уа, пәруардагер, соншалықты ұқсасын. Тіпті, айнымайды».

Рыстың ойына сол оқиға еріксіз оралғандай болды...

Тап осыдан екі-үш ай бұрын, көктемнің бас кезінде, бұлар Қаратауға қарай ауа көшердің аз-ақ алдында еді. Елдің қырғын қыстан сиреп, қалғанының өзі тұралап шыққан беті. Есік алдындағы тамызық бітіп қалған екен, ауыл сыртындағы қалыңнан отын жинап арқалап келмек ниетпен Рыс үйден ұзап әріректегі шоқ сексеуілдің ішіне

кіре берген. Сол сәтте топ күшігеннің далпылдап, шүйіле әлденені қуалап, жүргенін көзі шалды. Жандары қалмай сабылдарына қарағанда жемтіктерін олжалауға таянған сыңайлы.

«Соңына түсіп жүргендері не екен?— деп Рыс әуес көңілмен солай қарай бет бұрды.— Майда-шүйде тышқан, жәндіктерге бола бұлай құжылдасып, ақ тер көк тер шабуылдаспаса керек. Ал қасқыр, түлкі бұларға алдыртпайды. Соны шамалаған соң шығар оларға өздері де өңмендеп ұмтыла қоймайды. Ал қоянға түседі. Жабылса алады да. Осысы, шынында, қоян болып жүрмесін».

Осы ойға ат басын тіреген ол алға қарай асыға басты. Екі ара едәуір жер-тұғын, бұл ол тұсқа таянғанша аспанды бөрліктіріп жоғарылы-төменді сапырылыса ұшып, үре-сүре сүргіндетіп жүрген қарақұстар көзден тасаланып тым-тырыс қалды.

«Ә, ұстады білем. Олжаларын ортаға алған тәрізді. Тұмсықтары жемтігіне тиген бәлемнің сап тыйылуы ғой мынау»,— деп енді ентелей, жүгіріске ауысқан. Сексеуілдің шырпылары бетіне, қолы-басына шып-шып ұрғанына қарамай, алқына, ентіге, кешіксе, үлесінен құр қалатындай ышқынды-ай келіп. Әйтеуір, жаңа күшігендердің шүйіліп жүрген тұсын байыптап алған. Сол бағыттан жазып қалмауға тырысты. Адаспапты. Сүт пісірімдей жүгірген соң қалыңның ішіндегі бір ашықтау алаңқайда құж-құж болып отырған күшігендердің үстінен шыққаны. Екпіні қатты, далпылдап, тұра салып келе жатқан мұны көріп, өздеріне таянған кезде қарақұстар амалсыз үркіп, самарқау шегініп, жалп-жалп көтеріліп әрі таманға барып қонжия-қонжия қонды. Екі көзі, есіл-дерттері енді ғана бас қоя бастаған олжаларында. Шоңқая-шоңқая шоқиған күйлері екі аяқтарымен айнала жортақтап, мазасыз тыпыршиды. Орасан зор имек тұмсықтары онан сайын имиіп, ұзын мойындарын өңмендей қылқылдатып епетейсіз үлкен қанаттарын «қап-қап» дегендей жалпылдата қағады.

Ұстағандары даланың зіңгіттей ор қояны екен. Әр жер, әр жерінен шұқып, жұлқып енді ғана боршалай бастаған. Кеудесі, бөксесі, басы сатал-сатал қан. Денесінен әлі ыстығы кете қоймаған. Сұлабасы бүтін.

«Біссімiлла, біссімiлла. Адал ассың, адал ассың,— деп жерден көтеріп алды. Бұйрықтыға дауа жоқ. Алланың рахымын қараңыз. Қалай дерің бар ма. Тап осы мезетте мені отын әкелуге шығартып, кезіктіруін жазымыштың. О, тоба. Талқан, кебекті талшық етіп, таңдайға сорпа тимегелі қашан. Үшеуіне мынау үш күнге қалжалы а

қой», — деп табан астында жартылай байып, отынын арқалап ауылға қайтқан.

Келе апыл-ғұпыл терісін сыдырып жіберіп, қан-жынын тазалап, жартысын қазанға салды. Қара құлатқандай болып Зеркүл мен Мәлік қосыла шапқылап жүр. Қазан қайнап, үй ішіне жас сорпаның иісі жайыла бастағанда Рыс жалғыз қалған жақын абысыны Ақмәликені есіне алып «ыстық ішіп, таңдайын жібітсінші» деп ойлаған. Біреуге, біреу қарайтындай, біреуге біреу қолұшын беретіндей заманнан қалған. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» дейтін қияметті шаққа кезіккен кезең еді. Төңірегіндегілердің бәрінен жұрдай болған абысынының соңғы күндері талғажауын түгесігенін жүрген сиқынан-ақ сезген-тін. Оған қарайласар бұлардағы күй қайсы. Сонда да өздерінің күндік талшығынан жырымдап кеше түсте уыс толы қуырған дән, жарты құрт апарып берген. Шәугімге су қайнатып соларды қорек еткенін көзімен көрген. Онан басқа қайрыларға тәуекелі жетпеді. Қайта-қайта өз тамағындағыны қалай бөліп бере алады. Қалт еткен сәт сайын қыңқылдап тіске басар сұрап қинайтын қаршадай баласы анау. Сонан соң:

«Қайтеді, бұйырғанын көрер. Менің қолымнан келер не бар? Бауырымдағы бөбегімнің жан сақтарын енді оған қалай беремін. Құдай өзі кешіреді де. Бақастық жасап, қайыр қылмайын деген ниетім жоқ. Кім өлмей жатыр көз алдымызда. Қайсысына пида болатындай жағдайдамыз. Өркімнің пешенесіне жазғаны шығар», — деген де қойған.

Ақмәликенің бүгін таңертең ертелеп, есігінің алдында сүйретіліп тұрып жүргенін, ілби басып ауылдың сыртындағы жаңағы сексеуілдің ішінен азын-аулақ отын арқалап келгенін байқаған. Сонан қайтып, үйінен шықпай, көрінбей қойды.

«Өзегі талып, орнынан тұра алмай қалды ма, сормаңдай! Мына ыңғайда бұл да қатарға қайтып қосылмайды-ау тәрізі», — деп құлаш тастам жердегі, тіршілік нышаны сезілмей, құлазып тұрған оның алты қанат ақ үйіне қарай аяндады.

Есігін ашып ішке енгенде үйдің тура ортасында, оттың орнына таяу, шөкесінен жатқан Ақмәликеге алдымен көзі түсті. Қасында шамасы шағын құшақтың жобасына таяу, таңертең арқалап келген шөпшек отын. Оның ортасынан бір бұған байлау жібі де шешілмеген. Сол күйі тұр. Жүріп кеткеннен сау ма деген қауіппен:

— Ақмәлике, Мәлике-ау! — деп ұмтыла келіп басын

көтерген. Жоқ, тірі! Ес-санасы бүтін сияқты. Мұны танып, кеудесін түзеп, тұрып отырудың қамын жасады.

— Ә, Рыспысың?! Біздің күйі осы болды,— деді.

Рыс енді аңғарды, кенеуі кетіп қалған жайы бар. Ақ-жамбыдай жарқыраған ажарлы жүзін көлкілдеген ісік жайлап, өңі көгістеніп, сиқы бұзыла бастапты. Жанарын бозғылт мұнар тұмшалаған. Бояуы лай тартыпты. Тіпті ұзақ қарауға дәті шыдамады.

— Ақмәлике, ыстық сорпа жасап жатыр едім, біздің үйге барып сонан ішші. Бойыңа кішкене әл болсын,— деді. Сонан соң көңілін алдандырайын деп ол сорпаның қайдан шыққанын, бүгін өзінің қалай олжаға кезіккенін әңгімеледі. Бірақ абысыны ол әңгімеге селт еткен ыңғай танытпады. Өзін бір жат, тосын самарқаулық иектеп алғандай. Мұның жүзіне де туралап зер салмайды. Төменшіктеген басын көтермейді. Солай отырып кенет:

— Рыс, мына отынды шешші,— деді иегімен қасындағы буманы меңзеп.— Адам баласы басына түссе айуанға айналып кетеме қайтеді. Осы буманың арасында бір бейкүнә мақұлық бар. Өліп қалмаса соны босатып, қоя берші. Өлсем жөніммен өлейін. Оныменен енді қыр аспасын... Жазу осы екен ғой, келіп тұрған ажалдан қайда қашып құтылмақпын. Осыным енді не далбаса. Бірақ көргеніңді ешкімге айта көрме. Мен табалайтын кісің емес едім ғой.

Ақмәлике осылай деп кемсеңдеп, күйзелген күйде теңселіп, құлаққа жайсыз, жағымсыз үнмен ыңыранды келіп. Осынау азалы үннен тұла бойы тітіренген Рыс басқа істерлажы құрып жалма-жан ошақ басындағы отынға жабысты. Байлауын шешіп буманы жаймалап-жаймалап жібергенде ішінен отын арасына салып қоса буылған, тостағандай домаланып жатқан жалғыз кірпі шықты. Оны көрген сәтте тіксініп қалғанымен сыр бермеді. Қазір қу жанның далбасасымен кірпікшешен, тасбақа, қолға түскен тышқан басқа жәндікті де қорек ете бастаған кейбір мүскіндердің бары таңсық емес еді.

— Рыс,— деді абысыны, қарлығыңқы бәсең даусынан торығу, жасқаншақтық анық сезіле.— Жиіркеніп, табалай көрме. Мұнан бұрын әдет қылып, кәсіп еткен нәрсем емес. Аштық шыдатпай, жүрегім тартып, көзім қарауытып, бара жатқан соң әлдекімдердің өстіп те күнелтіп жүргенін ойлап «мен немене ме паңсыймын, көрейінші» деп таңертең алып келіп едім. Дәтім барып, қолым жүрмей қойды. Сонан ол райдан қайтып: «ең құрымаса адал өлімін бұйыртсыншы» деп жатқан қалпым осы. Енді онан басқа күтетін де, тілейтін де ешнәрсе қалмады білем. Өз күйімді

өзім пайымдаймын. Тек сенен өтінішім — кәлима қайырып, бетімді топыраққа жасыра гөр.

Рыс ештеңе де жұбату, не «жарайдыны» айта алмады. «О, есіл Ақмәлике-ай»,— деді ішінен күйіне.

Осы жұртқа келін болып қатар түсіп еді. Абысынының жас күніндегі, онан бергі сымбат, салтанаты, жүріс-тұрыс, шаруа ыңғайы, араларындағы сыйластық — бәрі-бәрі көз алдына келіп тұра қалғандай. Сөйткен падишадай жанның ақмандай сұлудың ендігі түрі мынау. Жаңа әзірде отын арасынан тас түйіндей домаланып жалғыз кірпі түсе қалғанда абысынына жалт бұрылған Рыс оның талақтай көгістеніп көлкілдеп кеткен кеспірсіз жүзінің өзінен сол сәтте шым еткен ұяттың ізін анық байқаған. Сол кейпін есіне алып:

«О, есіл Ақмәлике-ай,— деді тағы.— Затыңа болайын. «Көн тартса — қалыбына». Асылдың белгісі бір жерінде қалса керек еді, бәсе. Дұрыс-ақ. Алдыңнан жарылқасыннан басқа не айтайын»,— деді. Деуін дегенімен тап қазір қасында сайрап тірі отырған кісіні өлдіге шығарып, кесімін айтып қойғанына ыңғайсызданып, ұрлық жасаған кісідей қипақтап, не істерін білмегендей қыбыжықтап, жан-жағына қараған. Сол кезде әлденеге оқыс көзі түсіп кеткені. Жүрегі дір ете қалғаны.

Жаңа отынның арасынан босатып, домалатып тастай салған бойы онымен жұмысы болмаған, сөйтсе әлгі кірпі жорғалап барып дәл босағаның түбінде жабулы есіктен әрі өте алмай соны ашып шығарып жіберші, дегендей бұған мәлие қарап тұр екен.

Құдая құдіретіңнен, кірпінің көзіне бұрын кім зер салыпты. Нәрестенің жанарындай бейкүнә мөлдіреп тұрады екен-ау. Мына моншақтай жанар, көзқарас жабайы мақұлық, жәндіктікі дейтіндей емес, әлдене зердені аңғартқандай. Сана-сезімнің нышанынан хабар бергендей. Кенет, о, тәңір, жуалдыздың жіптігіндей ғана жылтыраған әлгі титімдей көз — жанар бұған жәудіреген мұңның бір тамшысындай көрініп кеткені. Жүрегі шым етіп, назарын тайдырып әкетті. Жалма-жан есікті ашып, кірпіні, оттың орнында жатқан қалаққа салып далаға қарай ала жөнелді.

Ақмәликенің халінің төмендегенін, атының басын бөтен ауылға қарай бұрғанын көріп, сезіп отырғанымен Рыс ыстық сорпадан ішкізу ниетінен қайтпады.

«Тым құрмаса қоштасу асым болсын. Көңілі үшін. Құдай, әруақ үшін. Бізге де сол жарты қоянның сорпасы өмірлік үнем емес шығар. Жанымыз соған қарап тұр ма, жоқ па тәңір біледі де. Өлтірмеймін десе тағы бір несібесі

бар шығар. Бейшара, өмірінің соңында таңдайы татып ас ішіп кетсінші»,— деп ойлады.

Өз аяғымен соңына ілесетіндей ұмтылып тұрған қалпы байқалмайды.

«Несіне сүйрелеп әурелеймін. Сол жарты тостаған сорпаны осында-ақ әкеліп берейін»,— деп шешті. Әрі ісіп-кепкен, кенеуі кеткен қорқынышты ұсқынын үйдегілерге, әсіресе, қаршадай Мәлікке көрсеткісі келмеді. Барып, ыстықтай сорпа, қоянның жамбас етінің жұмсақ талшығынан кішкене түйір ет алып келіп алдына қойды.

— Ақмәлике, мынадан ішші. Таусып іш, бойыңа әл-куат кірсін,— деп тықпалағандай, зорлағандай етіп өзі қасында отырды.

Абысыны тамақты көргенде әлдеқандай бөгде затты кезіктірген жаңдай не таңданғаны, не үрейленгені, не қуанғаннан дегбірі ұшып апырақтай аңтарылғаны белгісіз алдындағы тостағанға көзін сүзіп, түсініксіз күйде оқшырайып бір сәт отырды. Сонан соң ебедейсіз қозғала, алдындағы асқа өңіреңдей еңкейіп, апыл-ғұпыл шашып-төгіп сорпаны қасықпен ұрттай бастады.

Оның осы қимыл, іс-әрекетінің бәрін көзімен бағып отырған Рыстың таңқалған нәрсесі тостағанға бас қойған абысыны тамақтың дәмін татып, талғап, тұщынып-түшіркену, сүйсіну тәрізді сезімнен махұрым сияқты. Қатты ашығып келіп, асқа кіріскен кісінде болатын ләззәттан жұрдай. Ындыны құрып тамақ ішіп отырған кісі тәрізді емес. Тапа бір жіп кектеп, не жамау жамаған кісі сықылды. Жұтып жатқаны кебек пе, күл ме, тіл үйірген сорпа ма онымен жұмысы жоқ. Әйтеуір әлденендей соқыр сезімнің ырқымен алдындағыны ішіп тауысуды міндет санайтын ғана сыңайы байқалады.

«Жазған-ай, ең құрмаса дәмін алып, сүйсініп ішсейші. Тұла бойына нәр болып тарап, маңдайы жіпсір еді ғой. Қатқасқығаны қайтар еді ғой. Қандай сорпа мынау. Тіпті, дәмін де білмеді-ау обал-ай»,— деп өкінді Рыс. Жаңа қазанды түсіріп жатып қасықпенен ұрттағандағы татымы өзінің әлі таңдайында тұрған. Нағыз балдай сорпа деген осындай-ақ болар.

Ал абысыны сол селт етпеген күйі сораптап отырып, тостағанды тауысты. Жалғыз түйір сан етті де тарамыс тістегендей шайнаған.

«Тамақтың татым, тұщымын ажыратудан да қалған-ау»,— деп түйген Рыс.

Ақмәлике сонан кейін көп ұзамады.

Мына мақұлықтың жәудіреген жанары ойда жоқты ойға салып, сол оқиғаны есіне түсіргені...

Соңыра серіктері қайтып оралғанда шайын қайнатып дайындап отырып Рыс әлгі жігітке жалынғандай ыңғаймен ымдап ұқтырып, тордағы кірпіні «мынаны қоя берейінші» деп өтініш білдірді. Кешелі бері ешнәрсе татқан жоқ, босқа өліп қалады енді дегенді де түсіндірген болды. Мұның неге соншалықты жік-жаппар болғанын жігіт, әрине, қайдан зерделей қойсын. Бірақ, әйтеуір, шынтінімен сұрап жаны қалмай тұрғанын сезді. Сезді де «мейлін» дегендей қолын сілтеді. Рыс қуана-қуана, алғысын айта жүріп, тордағы кірпіні аулаққа апарып тастаған...

* * *

Бұлар тау ішін аралай жүріп отырып Көсегенің көк жоны аталатын үстіртке екі аптадан асқанда жетті. Бұл тұстан теріскейде, төменде отырған Рыстың ауылының қарасы қыр басына шыққан кісіге көрініп тұрар-ды. Елге жеткенше елегізіп, тыншымаған көңілі ауылының қарасына іліккен соң-ақ бір сәтке байыз таптырмады. Түнде кештетіп келіп, тау бұлағының сағасына жетіп жығылған жүргіншілер оянар-оянбастан, таң алагеуімнен Рыс кетудің қамына кірісті. Бәрімен хош айтысып, рақметін жаудырып жүр.

— Біздің ауыл анау,— деп қыр басынан қол сілтейді.

— О, әлі көп жер екен. Екі арада ел жоқ па дейді олар.

— Ел жоқ. Бірақ қазір ертелетіп шықсам күн кешкіргенше жетемін,— дейді бұл.

Жол қапшығына қант, шай, нан салып берді олар.

— Күн ыстық, жол ұзақ, мынаған су құйып алыңыз,— деп бірі ауызы бұрандалы қалайы шелегін ұстатты.

— Не деген қайырымды жандарсыңдар. Мұндайда жақсы адамдар болады екен-ау. Тәңірден қайтсын. Өмір жастарың ұзақ болсын. Өздерің де елдеріңе аман-есен жетіңдер. Бала-шағаларыңмен аман-есен қауышыңдар. «Үйінен қырық қадам шыққан кісі кәріп» деген. Сендер де алыс жолда жүрсіңдер, қыдыр шылауларыңда болсын,— деп көзіне жас алды.

«Қоянды» қырқасының етегіндегі кең жазықта күрке тігіп, қос тігіп, киіз үй көтеріп бырдай болып отырған ауылына намаздыгер-намазшам арасында жетті. Бұл кетерде ел баспана тұрғызудың қамына кірісіп, жаппай кесек құйып, алды қабырғаларын қалай бастаған. Енді қазқатар тізілген балшық үйлердің қараусыны едәуір көбейіп

қалыпты. Біразының төбесін жауып үлгірген. Үстіне қамыс төсеп, балшық жатқызған біркелкі қоңыр үйлер көше-көше болып қатарласа салыныпты.

Биіктігі тізеден келіп қалың өскен шағыр жусан мен жантақтың арасынан сыздықтап ұрлана жетелеген жалғыз аяқ төтемен өз қосына таянғанда есік алдында жүрген Зеркүл сонадайдан мұны көріп, мына жүрісіне таңданғандай аңырайып, қарап тұрып қалды. Жақындағанда қарсы жүрген оның:

— Жеңеше-ау, Мәлік қайда? Қайдан келесің?— деген дауыс естігенде:

— Мәлікті өзім де білмеймін адасып қалдым,— деп айқай сап көрісуге үні де шықпай тығыла өксіп, буын-буыны босап, сылқ етіп отыра кетті.

— Не дейді! Жеңеше-ау, не дейсің?— деп жан даусы шыққан Зеркүл аңырап келіп бас салды.

— Жеңеше-ау! Қоралы елден қалған жалғыз еді ғой. Қалай ғана көз жазып қалдың. Ел-жұртқа енді не бетімізді айтамыз,— деп әшейінде мінезсіз, көнгерілі, жуас Зеркүл, жан ашуы ма, іште сыздап жатқан қасіреттің запыраны керней-керней келіп, оқыс ақтарылып кетті ме, шыдамның шегінің жеткен жері осы болды ма, әйтеуір, басын олай, бір, бұлай бір соққылап дауысты қоя берді. Үндемегеннің ішінде жатады деген рас екен, сай сүйекті сырқыратып, жүректі тілгілейтін нелер жоқтауды сыңсытып, сұңқылдасын келіп. Өзі де жер болып келген көңілін мына жоқтау онан сайын құлазытып, бұл да ағыл-тегіл айғайға басты.

Бұл кезде батыстағы тау жоталараның ар жағына әлдеқашан жасырынған күннің көк жиекті жалқындатқан қызыл шапағы семіп, аспан қара торғын тартып, көз байлана бастаған. Осы апақ-сапақта беймезгіл шыққан ащы дауысқа елең еткен жұрт қос айналасына жиналып қалды. Бір-бірінен сұрастырып мән-жайды білді. Иіріліп дағдарып, қалған көптің ішінен алдымен басу айтқандардың бірі ауыл кеңестің бастығы Жақан болды.

— Қойыңдар, шырағым, бұларың не жаман ырым бастап. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген. Бұйрық болса әжеп емес, әлі-ақ тауып аласыңдар. Үкімет қарауына алған адамын асырап, сақтайды, бағып-қағып ер жеткізеді. Ол баланың жағдайы мұндағыдан гөрі дұрысырақ болады. Қайта қала тәрбиесін алып, оқып, көзі ашылып адам болып шығады. Оған ренжіме. Қойыңдар бұл бейуақта дауыс салғанды. Рыс сенің есің бар еді ғой. Зеркүлге ақылыңды айтып, үлкендік көрсетудің орны-

на мұның не?! Түрегел шырағым...— деп салмақ сала сөйлеп, екеуін тоқтатты.

Жақан Рыстың алдынан көлденең өтіп көрмеген қайнағасы еді. Ағайынға, елге қадірі бар, сөзі бәтуәлі, сыйлы жан болатын. Сонан соң да жасы елуге келгенімен «көзі ашық, көкірегі сергек, елге сөзі өтеді, сыйы бар жан» деп жоғарыдан келген өкілдер оны ауыл кеңестің бастығы етіп сайлап, бұл жұрттың жай-жапсарын сонымен ақылдасып тұратын.

Енді сол Жақан сөйлегеннен кейін Рыс жаулығының ұшымен көз жасын сорғытып, суық сумен бетін шайып, басын көтерді. Зеркүл орнынан тұрып, іштен киіз, төсеніш алып шығып қостың алдына жайды. Состиып, түрегеліп тұрған кісілер жайласып отырды. Сөзді тағы да Жақан бастады.

— Рыс, шырағым, өзің жоқта кіші келін қарап отырмай тырбанып, біраз кесек құйды. Ертең бәріміз жабылып, соны қалап, төбесін жауып береміз. Тірі кісі тіршілігін істейді. Ертең қылышын сүйретіп қыс келеді. Осы бастан қамданып отын-су жинап алыңдар. Шүкір, елдің күйі түзеліп келеді ғой жетпей жатқандарыңа қол ұшын береміз. Асарын асап, жеріне жетіп отырған жан емессіңдер. Әлі жассыңдар. Алда өмірлерің бар. Әлі де берерін, қызығын, қуанышын тауыспасын деңдер. Босқа күйрей бермеңдер, шырақтарым, — деп ұзақ жұбату айтты.

Кісілер кеткен соң қоста қатар жатқан екеуі де көпке дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады. Бар есіл-дерті ауылға жету болып, жол бойы басқаны таусылып ойламаған екен. Баласының орыны енді білініп, ішті өртеген күйіктен ет бауыры езіліп, тұла бойы қызып, уһілегенде аузынан жалын шықты.

Рыс арқа жайлаған елдің қызы еді. Көшіп-қонып ауылымен араласып жүрген көрші рудың бір байының баласы Дәулет деген жігіт мұны жастайынан айттырып, келін етіп түсірді. Бертін келе Дәулет жалғыз інісіне де қалыңдыққа қайын жұрты жақтан құрық салды. Сондағы айттырғаны осы Зеркүл еді. Қалың малын төлеп енді әкелеміз деп отырғанда көкпарда шауып жүріп аттан жығылып інісі қайтыс болсын. Сөйтіп он жетіге жаңа толған Зеркүл оң жақта отырып-ақ жесір қалды. Әйелге ақыл салған заман ба ол, інісінің жылын өткізген соң Дәулет Зеркүлді жасауымен ауылға алып келді.

Тағдырына жылай-жылай мойынсұнған жас қыз қырыққа иек артқан Дәулетке тоқал болып бөлек отауға кірді. Рыс табиғатынан сабырлы, көнімпаз, бір тоға жан

еді. Үстіме әйел алдың деп күйеуіне сөз шығарып, шу көтермеді. Болған іске көк айыл қылық танытпай төзім көрсетті. Жас күндесі де жеңешелеп, алдынан көлденең өтпеді. Енесінің бауырынан жаңа шыққан қозыдай біреудің әлі оң солын танып білмеген боз өкпе баласы. Діні жуас, жеңілтек мінез, жел сөзге үйірлігі жоқ жан екен.

«Маңдайының соры бар бейбақ та. Қай жетіскеннің тірлігі дейсің. Несіне табалап, қысастық көрсетемін. Осымен бақаспай-ақ қояйын»,— деп бұл да оны кеудеге теппеді. Ер жетіп, қалған екі қызынан кейін баласы тұрақтамай жүр еді, бұл келгеннен соң Рыс осы Мәлікті көтерді. Күйеуімен отасқан бес-алты жыл ішінде Зеркүл де бір ұл, бір қызды болды. Сонан кейін Дәулет әкесі Өкен екеуі «кәмпескеге» жатқызылып, жер аударылғанда бұлар ел ішінде қалған. Өткен жылғы аштық пен сүзектен Мәліктен басқа балалардың бәрі шетінеді. Екеуінің арасында қарайып жүрген жалғыз сол еді. Бұл тағдырдың ісіне не дерсің.

Рыс іші қызып, өртеніп бара жатқан соң үстіндегі жамылғыны сергіп тастап, түрегеліп отырды. Аунақшып ұйықтамай жатқан Зеркүл де басын көтеріп:

— Жеңеше, мазаңыз болмады-ау,— деп қасына таянды. Сол-ақ екен екеуі бір-біріне сүйене кетіп, үнсіз егіліп, көздің жасын қоя берді.

* * *

Қыс көппен бірге жаңа салынған қоныстануды қыстап шықты. Көктемге қарай колхоз тауға егін егетін болды. Бірде таңертең бұлардың үйіне Жақан келді. Амандық-есендік сұрасқаннан кейін көп сипақтамай асығыс кісінің әдетімен шаруасының бетін білдірді:

— Соқашыларды жонға жөнелтпекпіз. Солармен бірге көшетін екі-үш үй іздеп жүрмін. Әрі жұртқа жатын орын керек, әрі өздері де егіске қатысатын, жұмысқа жарамды кісілер болса деп едік. Соның біріне өздеріңді қолайлап келдім.

Не айтасыз дегендей Зеркүл бұған қарады. Бұл бұлақтатпай жаубан берді:

— Мейлі, қайнаға. Көптің барып жатқан жұмысы. Соның біріндей қолымыздан келгенді істерміз. Үлкен басыңызбен сіз келіп отырған соң жоқ демейміз ғой.

Мұның жауабына Жақан ризалық білдірді:

— Рақымет, шырағым, көп жаса. Үлкенді сыйласаң

сені құдай сыйласын. Дайын болыңдар. Ертең ертелеп жүресіңдер. Бірің соқаға шығып, бірің елдің тамағын пісірсендер ме деп едім. Барған соң ақылдасып, ыңғайларыңа қарай көрерсіңдер.

Жақан қош айтысып орнынан тұрар сәтте екеуіне қарап:

— Амандық болып биыл егін бітік шықса күзге қарай еңбек ақыларыңа жетерліктей етіп астық бөліп береміз. Қарық болып қаласыңдар әлі, — деді көңілдеріне демеу жасағандай. Оның өзінің іштей солай болса деп тілеп, армандап отырғанын Рыстың зерек көңілі бірден байқады. «Әй, жақсы адамды қойсайшы бұл, елге болсын деген жан-ау. Бір от басына нан тауып бере алмай қаламын деп отырған жоқ қой, сірә. Көптің адамы деген осы ғой», — деп ойлады.

Егіншілер соқаға жегетін аттарға қостарын артып келіп таудың үстіртіндегі Ақ бұлақтың басына жетіп түсірді. Айнала жатқан бетегелі жалпақ қоңыр жондарға — ғасырлар бойы ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тұяқ ізі түспеген тың далаға түрен салып, жаңа ұйымдасқан «Жаңа-жол» колхозының алғашқы дәнін сеппек.

Таудың терең жыра-сайларында әлі де қар бар. Кешке қарай әжептәуір ызғар еседі. Күндіз үстірт үсті жылы, шуақты. Күнге арқасын төсеп қыздырынып жатқандай рақаттана керілген жота-жондардың топырағы жіпсіп, бусанып, бетінде тіршілік бейнесі біліне бастаған. Келген күні жұрт қостарын тігіп, іргесін көміп бастырып, баялыш шауып, отын жинап, жаңа жұрттың шаруасын шаруалады. Ертеңіне сәт деп іске кірісті.

Рыс ер жігіттей қайратты, жұмыстан жерінбейтін еңбекқор еді.

— Соқаға мен шығайын, Зеркүл сен, елдің тамағын пісіріп үйде бола бер, — деді.

— Ой, жеңеше, мен барамын ғой, үйде өзіңіз-ақ қалмайсыз ба дегеніне:

— Шаршасам кейін кезектесерміз, бола бер, — деп кесіп айтты.

Егіншілер түс кезінде үйге келіп бір мезгіл тамақ ішкендері болмаса таңның атысы, күннің батысы далада. Ә дегенше-ақ Ақ бұлақтың төңірегіндегі жайпақ жондардың беткейлері туралған құйрықтай тілгіленіп атыз-атыз айдау болып қалды.

Ауылда салт басты Сәтім деген ұста жігіт бар еді. Жонға шыққандардың ішінде келген ол да бір соқаның

соңында, Рыс екеуі қатар жүр. Жатын орны да осылардың қосы.

Бірде азанда Рыс шай ішіп отырғанда Сәтімнің үстіндегі ақ сұрып жейдесінің термен сауыстанып, кірлеп, жаға-жеңі қасаңданып кеткенін байқады.

— Әй, ұста жігіт, көйлегің кірлепті ғой, Зеркүлге тастап кет,— деді.

Сәтім түйе жүн шекпенін етіне жалаңаш киіп көйлегін шешіп берді. Бұлар түскі шайға келгенде Зеркүл бұлақ басында тобылғының үстінде жаюлы тұрған кірді қолмен жаймалап қаттап, бүктеп әкеліп берді. Оларды киіп алған жігіт Рысқа:

— Ойпырмай, жеңеше-ай, көйлегім етіме жұп-жұмсақ тиіп қалды-ау,— деп ыржиды.

— Е, соны өзің айтып жудырып алмайсың ба?— деді бұл.

Зеркүл жымыып төмен қарады.

Осыдан екі-үш күннен кейін азанда төсектен тұрып далаға, үй сыртына шыққан беті еді. Қолында екі шелегі бар Зеркүл бұлақтан су алып жатыр екен. Ар жақтан түнде тұсап жайылымға қоя берген соқаның көліктерін жинап, айдап келе жатқан Сәтім оны көріп жайдақ мінген атын тебіне түсіп жылдамдата қасына келді. Жерге түсіп атының ауыздығын алып суға қоя берді де, Зеркүлге таянып барып тұрды. Екеуі бірқауым әңгімелесіп қалды. Үй артындағы қалың тобылғының тасасынан мұны байқамады. Ел әлі ұйқыда сыртта жүрген ешкім болмаған соң, екеуі де жалтақтамай емін-еркін әңгімеге кіріскен тәрізді. Сол көрінбеген күйі бұл қосқа қайта келіп кірді. Киініп, беті-қолын шайған соң тұтатқан тамызыққа отын әкеп салмақ болып далаға шықса, олар әлі сөйлесіп тұр екен. Мұны көріп екеуі жалма-жан екі жаққа шеттей жөнелді. Сәтім атына міне сап су ішіп болып қырға қарай қайта жайылып бара жатқан жылқыларға тұра шапты. Зеркүл де ауылға қарай асыға басты. Бұл ештеңе байқамаған бола салды.

Кешкісін жұмыстан қайтқан соң шаршап жүрген жұрт асын іше сала жату қамына кірісе бастаған. Сыртқа шыққан Сәтім есік алдында тұрып:

— Зеркүл, отының бітіп қалыпты ғой. Айдың жарығымен біраз баялыш шауып тастайын тасып аласың ба?— деді.

— Жарайды шаба беріңіз, біраз жиналған соң тасып алайын. Кетпен қостың іргесінде жатыр,— деді үй ішінде қазан-аяғын жинап жүрген Зеркүл.

Сәтім ауылды айнала жүріп баялыш шабуға кірісті.

Қарш-қарш сілтеген кетпенінің дыбысы көктемнің мау-жыраған тымық түнінде анық естіліп тұрды. Сәлден кейін жібін шумақтап Зеркүл де үйден шықты. Рыс біразға дейін елегізіп әлде неге алаңдағандай көз іле алмады. Зеркүлдің анда-санда арқалап келген отынын үй сыртына әкеп дүрс еткізіп тастаған дыбысына құлақ түріп елеңдеп жатып бір кезде талып ұйықтап кетіпті. Сонан таңертең оянды.

— Жеңеше, соқаға біраз күн мен шығайын, сіз үйде болсаңызшы,— деді шай үстінде Зеркүл. Рыс қарсылық білдірген жоқ.

— Мейлі,— деді.

Сәтім мен Зеркүл жұмысқа бірге кетті. Далаға шыққан сайын егіншілерге көзі түседі. Жалпақ жонның ұзына бойына қос-қостан жұптасып алып соқа салып, құмырыс-қаша тырмысып бара жатқан жұрт. Бір шетін ала Зеркүл мен Сәтім жүр. Тырна сирақ, серейген ұзын бойлы, еңкіш келген Сәтім өз жұмысын тоқтата салып Зеркүлдің қасына жиі-жиі барып, біресе соқасын шұқылап, біресе атын төңіректен күйбеңдеп жатады. Бұрын істемеген кәсібі Зеркүлге соқа жүргізу оңайға түспей жүргенін сезді.

«Мейлі,— деді.— Мен бар дегенім жоқ өз қалауы, өз дегенімен болсын». Кейінгі кезде Сәтіммен әңгімелесе бастағалы бері Зеркүлдің мұнан бүгежектеп, қайсақтаңқырап жүргенін байқағанымен аңғармағанситын. «Бір ойлары бар шығар нем бар араласып, өзі білсін. Бала жоқ, бай жоқ неге қарайлап, неге байланып отырмақпыз. Жөнін тауып кеткісі келіп жүрсе соныкі дұрыс. Айналып келгенде пенденікі бір басының қамы емес пе. Әлі жас, отызға да жетпепті. Кім кінә таға алады. Бағымды байлап несіне отырамын деген шығар. Өз дегенін істесін, мен кедергі болмайын. Көлденеңдеп нем бар». Осы ойға келген Рыс ешнәрсе сезбеген, байқамаған қалыпта Зеркүлмен де көп сөйлеспей тоң-торыс қалды. Бірақ көңілі әлденеге күпті болып, құлазып, тағдырына қарғыс айтқандай қапалық күйден арыла алмады.

Күн бата соқадан ағытқан аттарына мініп үйге қайтқан елдің соңына сала кешігіңкіреп келген Зеркүл мен Сәтім сырт көзден жасырғанымен іштей көңілді кейіпте еді. Жүздерінде шырай бар. Жұмыстан шаршап, езіліп келген жандай қажып, таусылу жоқ, сергек. Рыстың сұлық жүрген кейпін аңғарған Зеркүл қипақтап, қорғалақтағандай болды. Келіп қазан-аяғына көмектесті.

— Жеңеше, науқастанып қалған жоқсыз ба, өңізіз неге сынық?— деді жанашыр пейілмен.

— Білмеймін қарадан қарап мазам болмай жүргені,— деді Рыс шынын айтып. Екеуі де сонан соң үнсіз қалды. Төсекке жатқан соң да шым-шытырық ойлардан арыла алмай көзі кеш ілінген еді. Бір күтпеген түс көріп оянды. Түсіне баласы кіріпті. Аппақ әп-әдемі, ажарлы-ақ. Үсті-басы тап-таза. Ақ көйлек, қара костюм-шалбар, басында тік маңдай шәпкі. Түймелері алтындай жарқырайды. Сонадан бұған қарап тұр, жанына келейін демейді.

— Қуатым-ау, Мәлік-ау, мен сені әлденендей күйге душар болды деп жүрсем, аман-есен екенсің ғой. Қайда жүрсің? Кім пана болып қанатының астына алған? Үстіңдегілерді қайдан алдың? Кім киіндірді?— дейді бұл баласына қарай ұмтылғысы келіп аптығып, аласұрып. Қол-аяғы бос тұрса да қимылдауға шамасы келмейді, жаны кетіп қалған сияқты.

«Қорыққан мен қуанған бірдей» деген қатты қуанғаннан есім шығып қол-аяғымды жинай алмай тұрмын ғой. Қазір көңілім орныққан соң қалпыма келемін сонан соң барып бауырыма басамын ғой. Шыбын жаным-ау, қарайып тұрған түрін қара. Көрдім-ау, әйтеуір»,— дейді бұл өрекіп. Баласы сап-салмақты. Қақаң-соқаңмен ісі жоқ, бала болып еркелеп, шолжаңдап көрмеген, тойған қозыдай монтиып отыратын, сол баяғы жуас, сүп-сүйкімді қалпы. Бұған да көптен көрмеген жандай зарығып, алып-ұшып бара жатқан пейіл байқатпайды. Жай ғана жымыып күледі.

— Кімдікі дегенің не, өзімнің киімім ғой, апа,— дейді жайбарақат қана.

— Құлыным-ау, қарның ашып қалған жоқ па? Жалғыз өзің қалай күнелтіп жүрсің?

Баласы мұның сөзіне мәз болғандай езу тартып күледі. Көңілінде ишедей уайым-қайғы жоқ.

— Қасыңда кім бар, жалғызсырамайсың ба?

— Апа, қасымда жолдастарым көп, қорықпай-ақ қой, дейді Мәлік.

— Қандай жолдас? Қайдағы жолдас оларың?

— Бірге оқитын, бірге жүрген балалар ше...

«Е, мұны әлгі балалар бағатын үйге алып кетті деп еді-ау» деп ойлады Рыс. Сонан соң баласына қарайды:

— Жаным-ау, мені осынша әуреге салғаның не? Қайда кетіп қалдың? Жер көкті шарқ ұрып сені таба алмадым ғой.

— Апа, бізді базардан арбаға салып алған ағайлар көп балалардың ішіне әкеп тамақтандырды да поезға отырғызды. Мен сізді қашан келер екен деп жолға қарай бер-

дім. Көп күттім. Келмедіңіз ғой.— Баласы өкпелегендей екі ұрты томпайып бұртия қарады. Рыстың жаны кеудесінен шығып кете жаздады.

— Жарық сәулем, сенің қайда екенінді білсем оттың ішінде болсаң да бармас па ем. Білмей лажым таусылған жоқ па мен бейбақтың.

Баласы үндемейді, жаңағы орнынан тапжылған жоқ әлі.

— Шырағым-ау, состиып тұрғаның не? Жатырқап қалғансың ба? Бері таянсаңшы. Мен мына аяқ-қолымнан қалып отырғанымды көрдің бе? Апам өзі неге жақындамайды деп ойлайсың-ау. Бармайын деп тұрмын ба.— Рыс өз дәрменсіздігіне ашуланып, ышқынып «мені не қара басып қалды» деп жұлқына ұмтылғанда оянып кетті.

Қараңғы үйде басын көтеріп түрегеліп отырды. Жастығы шыланып қалған екен, аударып салды. Денесі дел-сал. Әлгі түстің әсерінен арыла алмай көңілі алай-түлей. Өкпесі аузына тығылып, тынысы тарылып, алқынып бара жатқан соң далаға шықты. Таң қараңғысы ұйыған төңірек тылсым қарауыта түсіп, жым-жырт мүлгіп тұр. Ауыл алдындағы бұлақ жақтан бөбектің күлкісіндей былдырлаған бір сарынды ойнақы үн естіледі. Көктемнің шыққа малынған салқын күні жылы төсектен тұра салып көйлекшең шыққан Рыс-дың денесін тоңазытып, бірден сергітіп жіберді. Есін жиып, қалпына түскен соң жаңағы түсіне қайта оралды.

«Бейшара тірі екен-ау. Тірі ғой. Жаңағы тірі адамның кейпі ғой. Ажары жақсы, қабағында кірбің жоқ. Көңілі шат. Тамағы тоқ, үсті-басы бүтін. Күйі бар жерде жүрген тәрізді. Қалай түсіме кірді. Әлде, хабары шығып қала ма?! Кім біледі жаратқанның жақсылығы аз ба? Жарылқаймын десе қиын емес. Көріп тұрып екеуміздің бір-бірімізге бара алмағанымыз қалай? Мұны неге жоруға болады? Қасыма келмейді, алыс жерде жүр-ау, сірә».

Үйден біреу шыққандай болған соң есікке қараса Зеркүл екен.

— Жеңеше, неғып тұрсыз, жалғыз өзіңіз, беймезгіл уақытта,— деп қасына келді.

— Бір түс көріп оянғаным.

— Жақсылық па?

— Білмеймін,— деді Рыс дел-сал күйде. Сонан соң көрген түсін, өз жорамалын айтып берді.

— Қайда екенін кім білсін, бірақ аман-есен жер басып жүр әйтеуір. Тірлікте көрісуді жаза ма тағдыр жазбай ма қайдам? Тек бәле-жаладан аман, өмір-жасы ұзақ болғай, бейшараның,— деді күрсініп.

— Жеңеше-ау, жақсы түс қой. Ойнап-күліп шапқылап жүр ғой, айналайын. Амандық болса бір күні хабарын да естірміз. Көресіз әлі. Кездесесіз.

— Айтқаның келсін!

— Ертең бір жеті нан таратайықшы.

Шығыстан бозарып таң көрінді. Ұйып тұрған қараңғылық байқатпай жылжып жасырынып жатқандай сайсала өзгеше қарауытып, үстірт үстінің түні сейіліп, төңірек бозаң тартты. Сынаптай жылтырап Ақбұлақтың бастауы ағараңдады. Таңғы салқыннан жаурай бастаған екі әйел үйге кірді.

Осының ертеңіне түскі шайдан кейін үшеуі оңаша қалған сәтте Сәтім қипақтай отырып әңгіме бастады.

— Реке, мені жастайымнан білесіз. Осы ауылда өстім. Артымда қарайлайтын ешкімім жоқ, салт бас жігітпін. Рұқсат етсеңіз қолдарыңызға келіп кірейін. Сіздерге де сырттағы шаруаларыңызға қарауыл, бас ие біреу керек емес пе? — деді.

Рыс күтпеген әңгімеге елең етіп алдындағы жігітке антарыла қарады. Бас-аяғына байыппен көз жүгіртті. Ат жақты, орақ мұрын, шегір көз, шықшыты шығыңқы құс мойын, кең маңдай, зор жүзді, ұзын сары жігіттің жанары жуас, қабағы ашық. Қауқалақтаған ақ көңіл, терісі кең, көңерлі жан екенін бір көрген кісі де аңғарғандай. Малдас құрып, кеудесін еңкіш салып отырған күйі бұған тура қарамай көзін жерден алмайды. Бала мінез, ар жағында еш-нәрсесі жоқ, тұрған бойы осы Сәтімнің мына әңгімені шын пейілмен ақтарыла айтып отырғанына күмәні болмады.

Зеркүл де не айтасыз дегендей төмен қарап бұған құлақ түріп қалған. Өзі үндемей отырғанымен бұл әңгіменің бір ұшығы сонан шығып жатқанын Рыс сезді. Не дерін білмей тосылып қалды. «Жоқ» деп қайырып тастамады. «Мені қайтесіңдер өздерің-ақ бас құрап жараса беріңдер. Бақ-талайларың ашылсын. Алдарыңнан жарылқасын», — деп кесіп тағы айта алмады.

— Қайдам өздерің біліңдер. Ақылдарыңа салындар. Сендер лайық десеңдер мен қайда кетемін, — деді ақыры келіскен сыңаймен.

Тусырап жатқан топыраққа тасталған дән тез-ақ бөрітпін бырдай болып шыға келді. Жаз ортасына қарай үстірт үстінде сап-сары егін теңізі толқып жатты. Қырманға түскен қызыл дән құмның шағылындай жал-жалға созыла, молшылыққа жұрт бір кенеліп қалды. Күзге салым егінді жинап ылдифа түскенде, ұста жігітті орталарына алып, қоныстанудағы үйіне бұлар үшеу болып оралды.

Сәтім тиіп-қашып ұсталық жасайды. Қала берді колхоздың қара жұмысын істейтін. Рыс пен Зеркүл де қарайлап жатқан бала-шағалары жоқ салт басты, сабау қамшылы адамдай колхоздың қайда тіршілігі болса сонда жүретін. Көктемге сала Жақан келіп қолқа салды:

— Малға шықсандар қайтеді. Үш бірдей жансыңдар. Қой бағу қолдарыңнан келеді сендердің. Мал іші береке, өздеріңе де қол ғой,— деді.

Ақылдаса келе бұлар да мұны мақұл көрді. Колхозда ойдан-қырдан жиналып, бір қора қойдың басы құралып қалған екен. Соны алдына салды. Жайылымның ыңғайымен жаз жонға шығып, қыс құмға құлап, қоныстануды тастады енді. Таяғы құтты болып бір қора қой төрт-бес жылда мыңғырған малға айналды. Орталықта отырғандарды мал бағуға шығара бастады. Малшылардың қарасы он-он бес үйге жетті. Өстіп көшіп-қонып жүргенде Зеркүл екі ұлды болды. Алды апыл-тапыл басып, алданышқа жарап қалды. Емшектен шыққан соң-ақ Болатты Рыс бауырына салды. Сонан бастап баланың шешесімен жұмысы болмады. Осымен бірге жатып, бірге тұрады. Зеркүл жазғанның да көңілінде қалтарысы жоқ еді. Кішкентайларын осыған икемдеп, бөлектемей өсірді. Екі сөзінің бірінде «жеңеше-ау, мына балаларыңыз...»— деп отыратын.. Күні бүгінге дейін Болат та, онан кейінгі Серік те мұны «үлкен апа» Зеркүлді «кіші апа» деп атайды.

Соғыс басталғанда Болат төрт жаста, Серік емшектен шыға қоймаған еді. Жүзіне шырай кіріп, күлкісі келісе бастаған тіршілікке соғыс алапат дүрбелең салды. Аз уақыттың ішінде-ақ ауылдағы ер-азаматтардың қатары сиреп қалды. Олар дүркін-дүркін майданға аттанып жатты. Ойын-күлкі тыйылды. Алғашқы бір-екі шақырудан «кейінге қалдырды» деп қайтып оралған Сәтімге екінші жылға қарағанда жаз ортасында тағы да шақыру келіп ауданға жүрді.

Екі-үш күндей аялдап, үйге кешігіп қайтқан оған бұл жолы Жақан ілесе келді. Есік алдында үн-түнсіз аттан түсіп жатқан олар үйге кіргенше ләм-мим деп тіл қатқан

ешкім жоқ. Төрге шығып жайғасқан соң «әлде қайтты» деп екеуі екі жақтан жәудірей қараған әйелдерге:

— Жөнелтетін болды,— деді Сәтім хабарын айтып.— Жұмаға ауданға бару керек. Бүгінгі күн сәрсенбі.

Екі әйел тұғжиып, бүрісіп отырып қалды. Сәтім де қайтып еш нәрсе демеді. Үй ішіне бір сәт ауыр тыныштық орнады. Бұл үнсіздікті Жақан бұзды:

— Елдің бәрінің басындағы зауал ғой. Ала бөтен жағдай емес. «Көппен көрген ұлы той» деген. Уайымдамаңдар, шырақтарым, арты қуаныш болсын деңдер.

— Біз қайтеміз, қоныстануға көшеміз бе онда? Қайнаға, қойды кімге өткізесіз? Сәтім кетсе малда отырмайтын шығармыз,— деді Рыс шаруа ыңғайын сөз етіп.

Жақан оның сөзін аяқтатпай киіп кетті:

— Рыс-ау, көшкенің не? Қайда бармақсың? Малды өткіземін дегендерің не, кімге өткізесіңдер? Кім бағады. Қойшыны мен қайдан табамын. Бәленше отыр ғой анау деп айтыңдаршы. Елдің бәрі көз алдарыңда ғой. Бұл не деген сөзің?

— Қайнаға-ау, Сәтім кетсе біз малға қалай ие бола аламыз, екі әйел, екі жас бала?

— Рыс-ау, сендер ие бола алмағанда мал бағу қолынан келетін кісіні қайдан іздеймін? Ер жігіттей екі жансыңдар. Өздерің бағып келе жатқан мал, үйренген шаруаларың. Күйеулері әскерге кеткен қойшылардың үйіне жәрдемшіге орталықтан бір-бір әйел әкеліп, теліп, селбестіріп отырмыз. Елдің бәрі осындай.

— Қайдам, қайнаға?— деді Рыс бетпақтыққа бара алмай, ыңғай да бере қоймай.

Жақан енді бастырмалатпай салмақты өздеріне арта жуаси сөйледі;

— Рыс, түсінігің бар еді ғой. Менің де лажым таусылған соң асылып отырмын. Сендерге жамандық ойлайды дейсің бе. Қайтейін. Қиын екенін де білемін. Бірақ елміз ғой, бір амалын істемейміз бе. Түсін, шырағым, ойлап-ойлап өздеріңнен лайықты адамға тоқтай алмадым.

— Тәуекел етіп көріңдер. Жақаң өзі зер салып, жағдайларыңды біліп тұрар. Енді қайда жіберді ол малды,— деді, көп үндемейтін бір тоға Сәтім осы тұста сөзге араласып.

Рыс мойынсұнып қалды. Шай ішкен соң хош айтысып Жақан қайтып кетті. Кір-қоңын жудырып, жолға оны-мұны дайындатып Сәтім екі күн үйде болды да жұма күні таң алагеуімнен жолға шықты.

— Малға өзім ие бола тұрармын. Сен ауданға бірге барып шығарып салып қайт. Балаларды ала кет,— деді Зеркүлге. Сөйтіп жапырақ сары атанға жадының үстіне текеметтен қоршау жасап, екі баланы екі жағына отырғызып, Зеркүлді ілестіріп жіберді. Ертеңіне кешке қарай ауылдан алып кеткен артық-ауыс киімдерін, заттарын салған алақоржынды теңдеп, торы атты атанның жетегіне алып қайтып оралды.

— Бүгін азанда жүріп кетті,— деді.

Сол жылы, сол жұртта, екі таудың ортасындағы терең жырада, тас бұлақтың жағасындағы жалғыз қараша үйде қара күзге дейін отырды.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей елдің күйі кетіп жүдеп, жабырқағанына қарай сол жылы таудың қасқыры құтырынса болар ма. Алдындағы малға тал түсте шабатынды шығарды. Кейде қора-қора болып, қаймықпай, төңіректеп, торуылдап жүреді. Күндіз балаларды үйге қамап, есікті сыртынан таңып, екеуі малдың екі жағынан қалмайтын болды. Түн баласына кезектесіп күзетіп шығады. Әйтпесе көз жазып қалатын түрлері бар. «Бәлен жерде бәленшенің отарын қасқыр қырып кетіпті...» деген тәрізді қауесетті естіген сайын имандары бір уыс болады. Майдандағы жар, үйдегі баланы ұмытып, құдайдан әуелі алдындағы бір қора қойдың амандығын тілейді. Түнде «тілсіз мақұлыққа сенім бар ма, өріп кете ме әлде қайтеді»,— деп малды далаға жатқызбай тас албарға қамайды. Әрі таң атқанша күзетіп отырады.

Құмға қарай әні құлаймыз, міне құлаймыз деп буынып-түйініп бірге көшетін басқа елді күтіп, қарайлағандарына біраз болған. Сүмбіле туған соң-ақ салқын тарта беретін тау ішінің қара суығы едәуір. Үйге от жақпаса отыра алмайды. Малды қамап, кешкі тамақтарын ішкен соң, бүгін кезегі еді, Зеркүл күзетке шықты да бұл екі баланы қасына алып жатып қалған.

Ұйықтап кеткен екен. Түсінде атасын, бұрынғы күйеуінің әкесін көрді. Берекелі, кең, қайырымды кісі еді. Келінін баласындай санап жылы қабақ танытып, тең ұстайтын. Бұл да алдынан өтіп көрген жоқ еді.

«Ойпырым-ау, мынау атай ғой, бұл кісі баяғыда қайтыс болған жоқ па? Қайдан жүр?— деп аң-таң болып, бір жағынан қылмысты жандай-ақ тайсақтап оған тура қарай алмай бүгежектей береді. Ол кісінің ойында еш нәрсе жоқ тәрізді. Бұған салқын рай танытпайды. Сонадайдан тұрып:

— Келіні!— деп дауыстап, ар жағына қарашы дегендей

қолындағы ақ таяғын күннің батысына қарай сілтейді. Ол кісі нұсқаған жаққа жалт қарайды. Сөйтсе бұл биік бір таудың түбінде тұр екен. Жоғарыдан күркіреп аласапыран тасқын құлап келеді. Зәресі ұшқан бұл көмек сұрағандай жалынып, атасы жаққа қараса ол кісіні енді көзіне түсіре алмайды. Не істерін білмей жанұшырған Рыс:

— Сұмдық-ай, ананың астында қалғанымыз ба, мына екі баланы қайттым?— дей бергенде оянып кетті. Тұла бойы ұйып қалыпты. Жүрегі дүрсілдетіп әкетіп барады. Есін жия алмай біраз жатты, сонан соң өзіне өзі келіп: «Атам жарықтық түсіме қалай кірді, бұл қалай?» деп ойлай бергенде даладан әлдене дүр ете түскендей болды.

— Ойпырым-ау, мынау не?!— деп бас жағында жастанып жатқан шапанын алуға да мұршасы келмей үйден ата жөнелді. Күнде қолына ұстап жүретін, белдеуде қыстырулы тұратын жыңғыл шоқпар есіне түсіп, әйтеуір, соны тастамауды ұмытқан жоқ. Қораның алдына қалай жетіп келгенін өзі де білмейді. Іште апалаң-топалаң.

— Зеркүлші, Зеркүл!— деп аттан салды. Албардың ығына сүйеніп отырған күйі мызғып кеткен екен, қалбалақтап ұшып түрегелді ол да.

Жүрек тоқтатып астын-үстін ала сапыран болып жатқан қораға зер салып еді. Байқағаны шымқай қара қойлардың ортасында әлде қасқыр, әлде ит екенін ажырата алмады, бозалаңдаған бірнәрсе ойран жасап жүр.

— Ойбай, секір! Қораға түс. Қырды!— деп өзі жүрген бетте албардың таудың беткейіне тірей салған, сырттан үстіне кісі аттап көтеріле беретін аласалау жағындағы жарынан ішке қарғыды. Жан қысылғанда адамның өлермен болып кететін әдеті. Қорқу, үрку деген ойына кіріп шыққан жоқ. Тек бірінің үстіне бірі шығып бейберекет жөңкіген малдың аяғының астында қалып қоймайын деп, жан-жағына жіті қарап, сақ қозғалып, құтырғандай алас ұрып, ана қойға бір шауып, мына қойға бір шауып, ойрандап жүрген жыртқышқа таяна берді. Бұл кезде адамды байқап қалған қасқыр қораның төрін тастай салып, албарға қарай тұра жөнелді. Сол келген бетте секірді. Албар іш жағынан кісі бойы биік қаланған еді, бірден ар жағына асып кете алмады. Алдыңғы екі аяғы жоғарғы кенерге ілініп, тырмысып, шыға бастағанда бұл да жетті. Қос қолдап көтерген жыңғыл шоқпармен бар пәрменімен бастың тұсы осы-ау деп періп өтті. Сылқ етіп құлаған жыртқыш аунап тұрып қайта қаша жөнелді. Бұл кезде қасына қолында бесақасы бар Зеркүл де жеткен еді.

— Айрылып қалмайық енді. Сақ бол. Құтылып кетпесін. Бір жағына шыға бер,— деп тапсырды өзі айнала қуып жүріп. Екеуі екі бүйірден қыспаққа алғанда жан таласқан жыртқыш арс етіп, таяп келіп қалған Зеркүлге тұра атылды.

— Ойбай!— деп жан дауысы шыға жығылып қалған оған да қарамай Рыс өкшелей жетіп, албарға ырғи берген қасқырды тағы періп өтті. «Ар-р» еткен ащы даусы шығып іргеге солаңдап құлап түсті. Сонан кейін-ақ бас көтертпей үсті-үстіне пергіледі. Жыртқыштың шоқпар тиген денесі былқ-сылқ етіп, үні өшіп, тіршілік белгісін білдірмеген соң «енді өлген шығар» деп тастай салып, анадай жерде отырған Зеркүлге жүгірді. Ол үрейленіп қалыпты. Жанына келген мұның:

— Не болды? Амансың ба?— дегеніне дір-д етіп жауап бере алмады. Шапанының бір жеңі жоқ. Білегінен дірдектеп қан ағып тұр. Қасқырдың тісі бұлшық еттің едәуір жерін жырып кетіпті.

Оны сүйемелдеп үйге алып келді. Даладағы дабыр-дұбырдан оянған болу керек екі бала түрегеліп төсектің үстінде бір-біріне ұйлығып, бүрісіп отыр екен. Көрген соң қыңқылдап, жылап бұларға қарай жүрді. Қорқып қалама қайтеді деп, оларды төсегіне әкеліп салып, орап қымтады.

— Ой, айналайындар, кішкентай, неге тұрдыңдар? Біз малды қарап келдік. Жата ғойындар. Ұйықтаңдар,— деп аймалай, арқаларынан қағып жатқызған соң, от жағып, су жылытып, Зеркүлдің жарасының қанын жуып, құрым киіз күйдіріп басты. Сонан кейін барып қорадан әлгі бәлені сүйреп келіп, үйдің жанындағы қомыт-қомшалармен бастырып тастады. Ертеңінде қидалап отырып терісін түсіріп алды, әйтеуір. Серектей болып жетілген көктемгі бөлтірік екен.

— Тұқымың өспегір, үлкендігі тайыншадай арлан болайын деп тұрған бәле екен-ау,— деді сойып жатып денесі түршігіп.

Түнде қараңғыда қораны аралап шығып, тартып кеткені болмаса, әйтеуір, өлгені жоғын байқаған. Азанда шығарда мұқият қарап, жарадар болған он шақты қойды бөліп алып қалды. Көбісінің құйрығынан бір-бір тартып кете беріпті. Екі-үшеуі жеңіл тамақтанған. Бағып-қақса мал болатын. Біраз көлденең бейнетін айтпағанда, әйтеуір, өлім-жітімге ұрынған жоқ. Қатарға ілесіп кетті ақыры.

Ал Зеркүл шошымал болып ауырып, жарасы жазыл-

май көп азап тартты. Оған сездірмегенімен өзі іштей қауіптеніп: «құтырған қасқыр емес пе екен? Сондай бәле болып сорлатпаса»,— деп талайға дейін уайымдап жүрді Рыс.

* * *

Кейінірек жарасы жазылып, есін жиып, өзіне-өзі келген соң Зеркүлдің бірде:

— Жеңеше, сол күні, тап сол сәтте қалай ояна қалдыңыз. Сіз оянбағанда ана бәле тіпті малдың бықпыртын шығарып, майып қылып кеткендей екен ғой. Ойбай-ай, ондай болғанда ендігі күніміз не еді?! Мына екі бала қайда қалар еді?!— деп сұрағаны бар.

— Е-е, Зеркүл, құдай көз жасымызды көрген де. Осы балалардың несібесі шығар. Біздің де иесіміз бар екен... Жарықтық, желеп-жебеп жүреді екен ғой. Тіпті, көріне көзге түртіп оятқандай болды-ау,— деген Рыс.

— Жеңеше, иесіңіз не? Түртіп оятқаныңыз кім?! Не деп отырсыз? Түсіндіріп айтыңызшы,— деді Зеркүл мұның жұмбақтағандай әңгімесіне таңданғандай аңтарылып:

Рыс түн ортасында шырт ұйқыдан қалай ояңғанының мән-жайын баяндаған.

— Жарықтық-ай, ә. Жақсы адам еді-ау, атай,— деді Зеркүл толқи.—«Туған жерден топырақ бұйыра ма, бұйырмай ма» деп еді-ау сол кетерінде. Сонда білген екен ғой, шіркін, бұйырмайтынын. Айналайын, әруақ, қай жерде қалды екен сүйегі. Әй, опасыз дүние, «адамның басы — алланың добы» деген сол-дағы. Елден аластайтындай не кінәсі, не ісі бар еді сол кісілердің. Жарықтық, иманды болсын.— Зеркүлдің мына сөзінен кейін Рыс та ойына әлдене өкініштері оралып, жүрек түкпірінде шөмен болып жатқан шерді қозғап жібергендей өткеннің бір көңілсіз елестерін кезіп кеткендей күйде еді...

Жиырма сегізінші жылдың жазғытұрымғы шағы. Ел арқаға шығып, жайлауға жеткен мезгіл. Бұрын бұл уақытта бұл елдің ажар келбеті айдыны толған шалқардай шалқып, кемеліне келіп жататын кезі. Сән-салтанаты жарасып, той-томалағы жалғасып, ән-күйі аспандап, Бозкөлдегі сұңқылдаған аққу үніне араласып, мына пәни тіршіліктегі бір мезгіл барлықтың, берекенің, елдіктің белгісін танытып көшпенді жұрттың арқа басы кеңітін, мәре-сәре болатын уақыты еді. Бірақ биыл ондай желпініс жоқ сияқты. Жұрттың қабағында көлеңке бар. Ел ішінде салқындық-

тың сызы, белгісіз әлденеден үркектеу, аңтарылыс байқалады. Әлде Рыстың өз көңілі солай ма, биыл бастарына бұлт үйірілгендей, еңсені басқан ауыртпалықты түршіге сезінеді. Біраздан бері үрей болып ұялап, санасын шағып, маза бермейтін, бітеу жарадай сыздап, еңсесін жаздырмайтын түйткіл күйден айрыла алмай-ақ қойды. Алда әлдеқандай тауқыметті тағдыр тосып тұрғанын түйсігімен ұққандай кебі бар-ды.

— Байлардың мал-мүлкін кәмпескелеп, өкіметке алып, өздерін көз көрмес, құлақ естімес, итжеккенге жер аударды екен,— деген суық хабар жеткелі біраз болған. Сонан бері ел іші гу-гу. Нешетүрлі алып-қашпа әңгімеден құлақтары сарсылғандай. Әр хабарға елендеп, әр сыбыстан үркектеп, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрыла бастаған. Жаманат тегін шыға ма, кешікпей-ақ бұл хабардың аныққанығына көздері жетті. Жоғарыдан нақты нұсқау келіпті.

— Алдымен ірі байлар жер аударылады. Алғашқы кәмпескеге бұл төңіректен тоғыз адам жатқызылады. Олар бәленше-төленшелер!... Жақын күнде комиссияның адамдары барады. Аты аталған байлар буынып-түйініп дайын отырсын!

Ақыры бұл хабарды да естіп тынды.

Аты аталған тоғыз байдың біреуі Рыстың атасы Өкен қажы еді. Кешікпей әлгі айтқан комиссиясы да сау ете түсті ауылдарына. Келген бойда олар Өкенге қарасты әулетті жинап алып, үкімін естіртті:

— Мал-мүлкі түгел қатталып орталыққа өткізіледі. Өкен Дәулет екеуі бала-шағасымен Оралдың арғы жағына жер аударылады.

Атасы зор ақсұр жүзі сақарға салып алғандай қуарып кеткен екен, қалтыраған саусақтарымен омырауына дейін төгілген салалы, ақселеу сақалын тарамдай отырып:

— Шырағым, бір сауалым бар еді,— деді.

— Сұраңыз,— деді тапанша асынған комиссия бастығы.

— Жаза, сот негізінен байға тиесілі үкім емес пе? Онда бұл кесім маған қатысты болса керек қой. Бұл төңірекке әйгілі Өкен бай мына мен ғанамын. Ал анау келінкепшік, әлі күнә жасына жетпеген балалардың кінәсы не? Оларды да қаңғыртып, жер аударатындай не қылмысы, айыбы бар?

— Айтпағыңыз не сонда?

— Айтпағым жоқ. Бір ғана өтініш білдірмек едім.

— Не, өтініш?

— Мына бала-шағаны шұбыртып, әурелемей, осында қалдырудың реті бар ма? Сол еді сұрамағым.

— Ол үшін қатындарыңыз сіздерге ілеспейміз. Ажырасамыз. Мұнан былай бұлардың әйелі, баласы емеспіз деп арыз беруі керек. Сөйтіп сіздерден бас тартса ғана олай етуге болады.

— Әп, бәрекезде, ол да мақұл екен,— деді атасы әлде кекегені әлде құп алғаны белгісіз.

— Бірақ балаңыз Дәулетті қалдыра алмаймыз. Ол сізбен бірге жер аударылады. Шешім солай,— деді уәкіл жігіт бұл туралы қайта әңгіме қозғап керегі жоқ дегендей кесімді түрде.

— Сіздерден ажырап біз қайда қалмақпыз? Не бар мұнда бізге? Өлсек те, тірілсек те бірге болайық. Бізде кетеміз,— деген Рыс атасына қарап.

Қария өңі күреңітіп, басы салбырап, сәл сәт үнсіз қалды. Сонан соң даусы қобалжи, үні қалтырап шыққанымен назарымен берік байлам аңғарта:

— Е, балам,— деді,— мен де бұл тоқтамға кәрі жүректі сыздата, қабырғаны қайыстырып, сан ақылды сарсылтып, амалды тауысып барып тіреліп отырмын.

— Ата басқа түскенді бірге көрмейміз бе? Сіздерден жанымыз аяулы ма?

— Балам, бәріңді сандалтып қайтеміз. Бәріміз түгел қаңғығаннан біздің жүгіміз жеңілдейді дейсің бе. Қайын жұртқа қыдырып бара жатқан жоқпыз. Алда не күтіп тұр? Не жазу бар? Ол бір тәңірге ғана аян нәрсе. Мына шиеттей балаларды қайда шұбыртамыз. Ел ортасында болыңдар. Тәуекел. Не де болса осы көппен бірге көрерсіңдер. Рыс, шырағым, ақылың бар еді ғой, ендігі бұлардың бас көтерері өзіңсің. Бір-біріңе сеп, қара серік болыңдар, лажы болса ынтымақтарыңды бұзбаңдар. Балаларды бір-бірінен бөлмеңдер. Жат қылмаңдар. Біз енді маңдайға жазғанды көрерміз. Орайы келсе, хабарларыңды алып тұрудың қамын жасармыз. Дәм-тұз жазып елге оралудың сәті түссе — аман-есен қайтып көрісерміз. Тәңірім лайым солай еткей. Біз Дәулет екеуіміз басымызға бір үй алып, қазан-ошағымызды артып, салт аттанамыз. Кемпірді де, әуелі құдай, сонан соң өздеріңе тапсырдым. Сүйегін қай жаққа артып жүрмекпін. Кетсе балаларының, сендердің алдарыңда кеткені дұрыс шығар.

Өкеннің әйелі, Дәулеттің шешесі, соңғы кезде төсек тартып жатқан науқас еді. Енесінің күтімін, ас-ауқаты, кір-қоңың, бәрін Рыс өзі мойнына алған. Осы күтіп-баға-

тын. Атасының айтып отырғаны сол. Шынында енесінің көшке ілесіп жүретіндей халі де жоқ-тын.

Атасы уәкілден екі күнге мұрсат сұрады.

— Жолға екі күннен кейін аттанайық. Оған дейінге кеншілік жаса, шырағым. Жұртқа әйгәпір көрінген жерім жоқ еді, кетейін деп жатқанымды естіген соң хош айтысу үшін арнайы ат басын бұрып келетін ел болса керек. Солармен жүздесейін. Бір екі күн сол ағайын, жамағаттың ортасында болайын,— деді.

Уәкіл бұл тілегіне рұқсат етті.

— Хоштасатындар осында өздері келсін. Осы жерден жолығысасыз. Ал сіз бұл ауылдан ешқайда аттап шықпайсыз,— деді.

Атасының айтқанындай бар екен. «Бүгін ертең Өкенді жер аударады» деп естіген төңіректегі елден келмеген кісі жоқ. Кейбір қадірі өткендері сойысын жетекке алып, қосын артып келіп, осы ауылдың ішіне тігіп, қона жатты. Атасын кезек-кезек шақырып, екі күн қонақ етті. Тапа бір ас бергендей-ақ ауыл үстін екі күндей жан-жақтан жиналған жұрт дүмеп жатты. Күнді күнге, таңды таңға ұрып, талай әңгімелер сапырылды. Талай тарих, талай шежіре шертілді. Қатын-бала, жастар жағы ара-тұра қамығып жылап алса, көнекөз қариялар жағының сөзінің тірелер төркіні — болған іске болаттай берік болу, алланың рахымынан күдер үзбеу; пендеге жақсылық та, жамандық та тәңірінің өзінің бұйрығымен; оған күпірлік жасап таусылғанмен, алас ұрып, басты тауға ұрып жанталасқанмен, жанды жаралап мүжілгенмен, жаратушы жалғыздың пәрменінсіз, ештеңені орнына келтіре алмайсың; ең дұрысы — төзім мен шыдамға ден қойып, тәуекелдің қайығынан ажырамау.

Бұл өсиет, тілек, жұбату, жер ауғалы отырған Өкенге де, артта қалғалы отырған бала-шағаға да ортақ, тиесілі ықылас, ниет, қайрау, қуаттандыру болатын. Тіршілікте сыйласқан қимас ағайынның алды болжамсыз, екі талай мына зауал шақта шыбын жандары отқа түскендей шырқыраған бұларға — Өкен әулетіне жасаған бар қолынан келер жақсылығы дәрмені осы еді. Уа, шіркін, ағайын, сонысымен ағайын да. Қайран бұрынғының адамдары. Заты бүгін екен-ау. Осы жылы сөз, жылы қабақ, шын жанашыр ыңғай — ықыластарының өзінен осы екі күнде бұлар қандай демеу, сүйеніш тапты десейші. Кететіндері артында әрдайым есіне алар, жақсы жаманын таразылар іргелі елі барын, қалатындары арқа сүйер, есіркеп маң-

дайынан сипар жұртының ортасында екенін сезініп, бір ауық шүкірлігін де ұмытпағандай-тын.

Пенде шіркін, әрдайым жақсылықтан дәм етеді-ау. Үмітпен, емексумен өмір сүреді ғой. Әлгі екі күнде мына ығы-жығы жұрттың ниет-пейілінің әсері ме, Рыс уайымы сейіліп, еңсесін жазып, алдағы күнге жаманат жалғамай, үміт арта қарағандай күйде жүрді. Тіршіліктің кейінгі кезіктірер зобаландарынан хабары болсайшы. Үш ұйықтаса түсіне кіріп пе мұншама тауқымет тағдыр. Әсілі кеткені келетіндей, кемтігі толатындай, түбі бәрі қайыр болатындай, біраздан соң атасы мен де, күйеуімен де қайта табысатындай ой көңіл түкпірінен өшпеген. Дегенмен бас ие, ең ет жақындарынан ажырасу да оңайға түспеді.

Екі күн өтіп, үшінші күні азанымен уәкіл жігіт атасына:

— Өзіңе тиесілі жүгіңді буып-түйіп, енді кідірмей атанасың,— деп әмір берді.

Атасы онсыз да қара жамылғандай бастарын көтере алмай төңіректерін қоршаған үлір-шүпір балалардың ортасында бүрісіп, бүрісіп отырған екі келініне — Рыс пен Зеркүлге үйді жығып, жүкті артыңдар деп айта алмай; ауыл-үйдің басқа әйелдерін жұмсады.

— Шырақтарым, біз енді жолға шығайық. Бұйрық солай болған соң бұл отырыстың жөні жоқ. Мына тұрған үйлердің ана бір кішілеуін жығып, арбаға тиендер. Көрпестек пен жол азықты буып-түйіп сонда салыңдар.

Ол кісі осылай дегенде төңіректі қаумалаған жұрт демдерін іштеріне тартып, тым-тырыс күйде, үнсіз теңселіп кеткендей болды. Таңғы самал да лүп еткен лебін тоқтатып, ұшы-қиырына көз жетпей, теңіздей толқып жататын арқаның бетеге, бозды, ақселеу даласы да осы сәт тына қалғандай. Мына қан жұтқандай қабаржыған көппен бірге дарқан табиғаттың да қабырғасы қайысқандай ма, қалай. Осынау тылсым тыныштықтан тұншығып кеткендей, қыстығып барып Рыс:

— Оу, халайық! Қалың жұрт-ау! Тапа-тал түсте, тірідей бұлай жарылып, бөлінетіндей, қарашаңырақ шайқалып, ортасына түсетіндей не жаздық?! Не қылмысымыз бар еді?! Қарғысқа ұрынатындай не ниет-пиғылымыздан таптық?! Ел жұрт-ау! Бұл не зауал?! Орталарыңнан ит қосып қуатындай әкелі-балалы екеуінен не көріп едіңдер?! Не жамандық жасап еді сендерге?!— деп оқыс дауыс салып жібергенін өзі де байқамаған. Әрең шыдап отыр екен, Зеркүл іле аңырап берді. Ауылдың басқа қыз-келіншектері келіп олар қосылды. Ел еңсесі түсіп, күңіреніп кетті. Көптің

мына азасы жандарына батқан ауыл үлкендері оларды сабырға шақырып, басу айтып, амалдары таусыла бас шайқасты.

— Қойындар, қарақтарым, бұларың не, жаман ырым шақырып? Қойындар,— десті.

Дауыс салғандар мен оған сыңсып қосылғандарға Өкен қажының өзі:

— Тоқтатындар, шырақтарым! Тәңірдің ісіне дауа жоқ. Заманның ағымы, тағдырдың салғаны шығар. Қойындар. Өздеріңді өздерің босқа қажытпаңдар,— деген соң барып тоқтаған.

— Үйді жығындар. Жүкті буып-түйіндер енді,— деді сонан соң қажы төңіректегі әйелдерге жағалай бұрылып.

Бес-алты әйел самарқау басып, ықылассыз қозғалып, топтан бөлініп шығып, үйдің бау-шуына қол тигізді.

— Жығып, артындар тез, шырақтарым,— деді қажы тағы да.

Әйелдердің қимылы өнбей қойды. Үйді сәскеге дейін жығып бітпеді. Уықтың әр бауын сүт қайнатым айналдырып, әрең шешеді. Ара-тұра керегеге маңдайларын сүйеп өксіп-өксіп алады. Жағалай елде үн жоқ. Осынау іске әрқайсысы өзін кінәлы санағандай тұғжиып-тұғжиып қалған. Бастарын көтермейді. Осынша сылбырлыққа шыдамы таусылған уәкіл ашу шақыра бастады:

— Мен осы ауылда еріккенімнен жатқаным жоқ. Мыналардың көшін жөнелтіп, басқа жер ауатындардың тобына апарып қосуға міндеттімін. Соған жауап беремін. Онда күтіп отырған адамдар бар. Бұл не деген тәртіпсіздік. Таңертеңнен бері әлі жалғыз үйді артып бітпедіңдер. Давай, жылдамдатындар!

Әйелдер бұған да лып етіп, қозғала кеткен ыңғай танытпаған. Сонан кейін Өкен қажының өзі дауыстай бұйырды.

— Болындар енді, тез, шырақтарым! Бізді жолдан бөгемендер! Күн ысымай ертерек аттанайық. Сендер қимағанмен, мен қимағаныммен не лаж бар?! Қайтеміз?! Енді кешеуілдей берудің реті жоқ. Тез жығындар, артындар шырақтарым!

Жүк тиеліп біткен соң, Дәулет делебені қолына алып арбаға отырды. Өкен өзі салт атқа мінді. Шу деп олар қозғалғанда Рыс жүрегі бірге үзіліп кеткендей сезінді. Көз алды бұлдырап басы айналып бара жатқан соң, қасындағы әйелге сүйенген. Аттанар алдында кететіндер бұлармен де, бар жұртпен де қайта-қайта қоштасып, кешу сұрақанымен қалың көп арбамен қосыла жылжыды. Ұбақ-шұ-

бақ шұбырған елдің алды қозы көш жерге дейін қалмай, ілесіп барады.

Рыс балалармен бірге арбаны қоршай қалдайынан ұстап, жүріп келе жатқан. Ауылдың қарасынан едәуір ұзап елсізге шыққан кезде арт жақтан шыңғыра кісінеген ат дауысын естіп жұрт жабыла түгел қараған. Осылай қарай көсіле шапқан жалғыз жылқы, оны ілесе қуған екі аттылы кісі көрінді. Рыс көзі түскен бойда, жазбай таныды. Атасының Қарагер айғыры. Қажы тек ас-той, ел бас қосқан жиынға, алыс жолға шықанда ғана мінетін, басқа уақытта үйір ішінде жүретін мал басы, мал киесі саналатын, осы төңірекке әйгілі, айтулы айғыр еді. Қазір Өкеннен кәмпескеленіп алынған малдың ішінде, жылқыда үйірде болатын. Жануар иесінің алыс сапарға аттанғанын сезгендей артынан қуа шыққан күйі тәрізді.

Жұрттың бәрі:

— Ойпырым-ай, ойпырым-ай!

— Жануар-ай, жануар-ай,— десіп бөгелісті. Шырқыраған айғыр иіріліп тұрған көпке таянғанда шабысын бәсеңдеткен, осы кезде соңындағы құрық безенген қос қуғыншы қапталдаса қуып жетті. Көпке жанастырмай сол бетінше кейін қарай қайырмалай жөнелді.

Атасы Қарагердің даусын естігеннен-ақ бұрылып, елдің сол жақ шетіне қарай қағылып, екшеліп шыға берген. Жақындағанда ат басын тартып қарап тұрды. Рыс ойлаған: «Қарагер келген бойда атасы мінген торының шоқтығына жанасар. Ол кісі қоштасқандай жалынан, сауырынан сипар, «жануарым» деп еміренер»,— деп, бірақ екі қуғыншы қол созым жерден жеткізбей құрықтың астына алып жалт қайырғанда қажы әлденеге өкінгендей, әлденеге оқыс ұмтылғандай ұмсынып барып, оң қолымен атының жалына сүйеніп ошарылып еңкейіп қалды. Сөйте тұрғанымен екі қуғыншыға — кішкентайынан көз алдында, қолында өскен екі жылқышыға: «Әй, тоқтай тұрыңдар? Оларың не? Жіберіңдер»— деп дауыс көтермеді. Еңсесінен бір зіл-батпан салмақ түсіп бойын жаздырмай қалғандай ер үстінде шөгіп, екі бүктеліп кетті. Қуғыншылардың қарасы ұзағанда барып көш орнынан қайта қозғалды. Елдің біразы осы жерден тағы қоштасып, жылап-сықтап, кейін қалды да, біразы бөлінбей көшке ілесті. Арбаның қалдайына сүйенген бойы құр сұлдерін сүйреткен Рыс кенет көз алдында әлдене бұлаң еткендей болған соң, басын көтеріп айналасына қараған. Өз көзіне өзі сенбегендей таң қалды. Бұларға аулақтан орағытып, Майлыаяқ бүлкілдеп

келеді. Мана атасы алып қал деп тапсырған соң, Рыс өзі қылшылбырмен қазыққа мықтап байлап кеткен Майлыаяқ, мойнында жіптің үзіндісі, тісімен қиып босанып, кеткені көрініп тұр.

«Қап, бағана үйдің ішіне қамап, байлап кетпегенім-ай!» деп өкініп, енді қайта ұстап алудың қамын жасап: «Майлыаяқ, Майлыаяқ» деп шақырып таянып еді, төбет бұған айыбын мойындағандай жуас жалтақтай қарап қойып, қашқақтап, жақындатар ыңғай танытпады.

«Енді қайттім, қап мынаны-ай! Майлыаяқ, Майлыаяқ»,— деп соңынан ілесе қуған. Ит жылыстап, қашықтай берді. Сол кезде атасы:

— Шырағым, әуре болмай-ақ қой, жүре берсін,— деді.

«Ай, Майлыаяқ бізден сен де тәуір екенсің, есебін тауып атамдарға ілестің-ау»,— деп ойлады Рыс неге олай дегеніне өзі де мән бермей.

Сонан сәл жүріп алдағы кезеңге көтеріле бере көштің алдында келе жатқан атасы ат басын тартты:

— Ал, айналайын, ел-жұрт, үлкен-кіші жұрағат, осы көңіл, осы ықыластарыңа рахмет. Енді бізге рұқсат етіңдер. Осы жерден айрылысайық. Артқа қайтыңдар!— деді.

Келе жатқан көпшілік те бұл шешімге тоқтағандай қайта қол алысып, қайта қоштаса бастаған. Атасы жұрттың бәрімен ат үстінде отырған күйі қол ұстасып, құшақ қауышқан. Сол рәсім аяқталып болған соң Рысқа бұрылып:

— Шырағым, бір уыс топырақ алып берші,— деп қойнынан шаршы орамал шығарып, ұсынды. Рыс беткейдегі жусан түбінің құм қайырынан тырнағымен қазып-қазып жіберіп, саусағымен көсіп, уысын толтырып, орамалға салды. Орамалын түйіп, қойнына қайта тыққан соң, қажы дауысы күңірене толқып:

— Уа, қайран елім, қайран жерім, хош! Уа, шіркін дүние, туған жерден топырақ бұйыртасың ба, бұйыртпайсың ба,— деп аттың жалын құша екі жағына кезек теңселіп, көзінен екі тамшы жас ыршып шығып, сол күйі «шу» деп атын тебініп жіберді.

Өмірінде атасының қалыптан шығып қобалжығанын, күйзелгенін көргені осы шығар Рыстың. Соншалықты сағы сынып, рухы түсіп, буын-буынынан әлі кетіп, өзіне өзі ие бола алмай жүресінен отыра кетті. Көш ұзағанша орнынан қозғалмаған күйі екі көзі бозарып қара жолдың бойындағы қарайғаннан көз алмай телміріп қарай берді...

Сол жолы осы төңіректен жер аударылғандардан елге қайтып оралған кісі жоқ. Көбісі бара жатып-ақ жол азабы-

нан шетінеген сияқты. Солардың бірі атасы мен күйеуі Дәулет екенінің хабарын кейін естіді бұлар.

Оларды аттандырып салған соң, көп кешікпей енесі үзілді. Қысында қызылшадан Рыс есейіп, ер жетіп қалған, егіз қозыдай тете екі қызын қара жердің қойнына берді. Онан кейінгі тіршіліктің сүреңінің, тіпті, айтары жоқ. Кім біліпті адам баласының басына соншалықты зобалаң туа беретінін. Пенде шіркіннің соншалықты итжанды, өлермен екенін. Адам баласы қайғы мен бейнетке жансебілдікпен шыдай береді екен де. Атасы жазған артында қалса, ел ішінде болса өзінен тараған әулеті — балапандары аман есен жүретіндей, өсіп-өнетіндей көрген шығар. Соңы мынау болды. Өкен әулеті жоғалған жоқ, бар деп те айта алмайсың, бітті деп те айта алмайсың. Осыны ойласа Рыс өзін әруақтың алдында айыпты жандай сезініп пұшайман күйге түседі.

«Сонда ілесіп, неге бірге кетпедік. Жұрттың ортасында қалғандағы шыққан ұшпағымыз қайсы. Ақыр бір өлім екен бала-шағасы көз алдына өзімен бірге кеткені дұрыс еді-ау. Күйігі мен жаласын мен арқалағандай болмай», — деп те опынатын.

«Дүние шіркін, осы екен ғой! Бүтіндік жоқ. Пенденің есебімен болатын тіршілікті көре алмай келеді. Сонда да бұл жалғанды талқаны таусылмай тастайын деп жүрген жан жоқ. Әрнеге бір малданып, күн өткізе беретін тәрізді. Әуре тіршілік деген әсілі осы шығар», — деп те топшылайды кейде Рыс, ойлай-ойлай ешнәрсенің ұшығына шыға алмай дағдарған сәттерінде.

Ал өмір — өзен, әрине, өз ағысымен аға берген...

* * *

Жеңістің хабарын бұлар көктемгі мал төлдетудің бел шешпей түн қатып өткізген қым-қуыт науқанынан бас ала бергенде естіді. Ел құмнан шығып келіп малды осы қоныстанудың төңірегіне төлдететін. Сол дағдымен «Қоянды» қырқасының етегінде отырған. Түске таман орталықтан шауып шыққан салт атты кісі арадағы екі-үш малшының үйіне ат басын сәл аялдатып кідірді де, ерден түспеген қалпы бері қарай салды.

— Мынау кім өзі, қалай-қалай жүреді? — деді Зеркүл таңырқай қарап, Бәрі қораның төрінде тұрған. Рыс тегін шаңқылап жүрмеген адам екенін байыптады.

— Баяғыда тойшыкеш шабармандар өстіп жүруші еді,— деді күліп.— Мынау не сүйінші сұрап, не тойға шақырып жүрген біреу ғой.

Ә дегенше аттылып таяп қалды. Ауылдағы ересек балалардың бірі екен.

— Апа, сүйінші! Соғыс бітті! Біз жеңдік!— деді бала сонадайдан айқайлап, қуаныштан есі шығып кеткен. Тап бір өзі жеңіп қайтқандай масаттанып, масайрап сыймай келеді.

— Аузыңа май, айналайын!

— Көп жаса, қарағым. «Жақсы сөз жарым ырыс». Мұны еститін де күнге жеттік, шүкір! Шүкір,— деді тұрғандар көзіне жас ала толқып.

Рыс әлгіні айта салып, әрі жөнөп бара жатқан баланы тоқтатты:

— Қалқам, бұл хабар қашан келді? Сені кім жіберді мұнда?

— Жаңа келді, апа! Мені Жақан ата жіберді «Осы жақта отырған барлық малшылардың үйіне тез хабарла»,— деді. Міне, мынау сол кісінің аты,— деп бала қайта шаба жөнелді.

Рыс енді байқады, баланың астындағы Жақанның қызыл айғыры екен.

— Елді қуант деген ғой, қайтсын. Өзі міне салып шабатын шама жоқ. Көп тілеуі киелі ғой, жарықтық. Тілектері болды. Мұныша шүкір, жаратқан,— деп Рыс құлдырай шапқан баланың артынан ұзақ қарап тұрды.

Мына бала әлгі бір елең еткізген, өзі ала келген қуанышпен бірге көңіліндегі қай-қайдағы сағынышты да қозғап кеткендей. «Тәңірден сұрағанның ұяттығы жоқ» деген пенде, шіркін, қуанышқа тойған ба. Көппен бірге күткен ұлы жақсылыққа жеткен күні көңілі алабұртып, іште жатқан өшпейтін үміт отына жел тигендей шоқтанып, көкейді тескен арманды ой әр қиялға жетелейді. «Мәлігім жаңағы балалармен қатар еді қолымда болса өстіп әжетке жарап қалар еді-ау»,— деп толқып тұр.— Тірі болса қайда жүр екен? Қандай болды?» Баласының қазіргі есейген күйін көз алдына елестеткісі келіп әуреленеді.

Сәтімнен кеткелі бері хабар үзілген емес. Бірде: «Жараланып госпитальға түсіп қалдым» десе, бірде: «Жазылып шығып майданға жүретін болдым» деп жазады. Кейінгі кезде кілең: «Жауды қуып барамыз, жеңіс жақын» дейтін. Әйтеуір, амандығына кәмбіл бұлар.

— Дәм бұйырса келіп қалар,— деп отырарын.

— Ойпыр-ой, бұл неғылған бітпейтін ғазабат. Жердің де түбі жоқ екен, жарықтық. Әлі қуып барамыз дейді. Тіпті жететін емес қой,— деп кейде шыдамдары жұқара сарғаятын шақтары да бар.

Соғыс бітті деген соң сол күні келіп қалатындай елеңдеп, енді бір хабары болар деп күнде қарайлағанымен жуық арада Сәтімнен тырс еткен дыбыс естілмеді. Сол екі арада қозылар аяқтанып қалды да тауға көшті. Енді орталықтан жырақтап, хабар-ошары да кенделеп: «Япырай, бұл қалай болды» деп уайымдап күдіктене бастағанда ойда жоқта, жаз ортасында Сәтімнің өзі жетіп келді.

Үй таудың ішінде баяғы сол өздері жайлайтын бұлақтың басында отырған. Шілденің іші. Күн ысып, беткей, жондар сарғайып кеткен. Бұлақ төңіректері мен сай табандары ғана әлі, ойдым-ойдым, көк торғын түсін бермей дала реңі сары параққа шашыраған сиядай шұбарланған кез.

Әдеттегідей бүгін де малды ертелетіп өргізіп, салқында жайып келіп, күн қайтқанша бұлақ басына жусатып, дамылдап, түскі шайын ішіп отыр еді. Үй іргесінде, көлеңкеде жатқан ит шәу ете түсті. Артынша дүсірлеген ат тұяғының дыбысы естілгендей болды. Төменгі жақта отырған Зеркүл түрегеліп тұрулі есіктен басын шығарып, сыртқа көз жібергендей еді. Сол сәт үн жоқ, түн жоқ тұрып қалды. Оны байқаған Рыс:

— Зеркүл, ол кім, біреу келе жатыр ма?— деді елеңдеп.

— Жеңеше-ау, Болаттың әкесі — деді ол даусы дірілдей, өңі бозарып, босағаға сүйенген қалпы. Рыс:

— Қойшы, не дейді, қане?— деп ұшып түре келгенде есік алдындағы кішкене белеңнен бері асып келе жатқан екі аттылы көрінді.

— Жаным-ау өздері екі аттылы ғой, бірі кім?!— деді Рыс ә дегенде көзі түскен оң жақтағы сұр гимнастерка, сұр шалбар сол түстес мая жон телпек кигеннің Сәтім екенін жобалағанымен қасындағысын бірден ажырата алмай. Сол сәт тұла бойында ду еткен қуаныш толқынымен қабағат дүдәмәл бір үміт те көңіліне оралып елеңдей қалған. Тізелері дірілдеп, жанары бұлдырап, көз алдына сағым толқығандай болды. Аңғалағын алақанымен уқалап жіберіп қайта назар салды. Ересек кісі тәрізді.

— Е, ауылдан ілескен біреу болды ғой,— деді орта көңілденіп. Сонан соң өзінің бұл тұрысына қарадай ыңғайсыздана: «Ей, мұным не, ер азамат ат көлік амаң келе

жатқанда қуанбағаным ба? Баладан баяғыда айырылған жоқ па едім, ендігім, не, жаңа жоғалтқандай болып»,— деп бойын түзеп алды.

— Болат! Болат! Серік! Әкең келді! Әне қараңдар, жүгіріңдер алдынан!— деді өзі сыртқа шыға беріп. Сол-ақ екен екі бала таянып қалған аттыларға қарай құлдырай жөнелді. Олар жете бергенде Сәтім де аттан домалап түсіп, ұлдарын бауырына басып, кезек-кезек иіскеп, сүйіп көпке дейін құшағын жаза алмады. Жүгіре басып бұлар да жетті. Жанындағысы Жақан екен. Рыс пен Зеркүлге құтты болсын айтып, «көз айым болдыңдар ма» деп қуаныш білдірді.

Сәтім бір баласына пилоткасын кигізіп, бір баласына белдігін байлап, екеуін екі жағына алып, мәре-сәре болып үйге қарай жүрді. Зеркүл бұрынырақ бара бермек болып асығыс басып алға түсті. Рыс ат жетелеп Жақанмен әңгімелесе соңынан келе жатыр. Жақан жүдеулеу екен. Жөтелі шығып жүр деп естіген. «Қалайсыз» деп денсаулығын сұрады.

— Е-Е' Рыс шырағым, денсаулықтың несін сұрайсың, қайта жарадым, осы кезге дейін сүйретіліп келдім. Оған да рахмет.

— Өзі жасы келген кісіге бейнет те асып кетті-ау мүлде. Сізге не сын,— деді Рыс шын жанашырлық білдіре.

— Рас, шырағым, оның. Бұрын күтінумен жүрген жан ғой біздікі. Бала кезден қалған ескі ауру еді. Сол кейінгі кезде білініп, қозып кетті.

— Енді өзіңізге-өзіңіз қарамасаңыз болмайды ғой.

— Осы жолы қызметті өткізіп рұқсат алдым. Шүкір, елден дәм бұйырған азаматтар келді ғой. Адам табылмай отыр дейтін емес. Солар өзі басқарсын, қызметін істесін. Қиын кезде аянғаным жоқ, енді босат дедім. Сөйтіп ауданның ризалығын алып, жұмысын тапсырдым. Осы келгендегі ойым: «таудың ауасы жақсы, қаңғыр-күңгір әңгімелесіп отыратын мына Сәтім келді, өздерің бар, осында біраз жатып, ақ ішіп, аунап, қунап қайтпақпын»,— деді.

— Оныңыз жөн,— деп қошуақ алды Рыс.

Соғыстан кейінгі жаз елдің еңсесін көтеріп, ойын-күлкісі жарасқан жайма-шуақ жыл болды. Қызық сағынған жұрт тұрмыстың әлі де тапшылығымен санаспай сәл нәрсеге бола ду етіп той-домалақ жасап, арқа-жарқаланып қалады.

Сәтім келіпті дегенді естіген соң, осы төңіректегі малшылар сау етіп, жиналып қалды. Талай жылдан бері бүйремайы бітеу жүрген көк серкені алып ұрып, Сәтімнің ерінін басынан алынған ат дорбадағы төрт-бес шөлмекті ашып, салтанатты шағын ауылға бек жетерлік той өткізілді. Тіршілік ағыны кең арнаға түскендей бірте-бірте тынышып, сабырлы қалыпқа енді.

— Бәйбіше, балалар оқуға ілігіп қалды. Біз Зеркүл екеуміз-ақ мал соңында болайық, сен орталықта отырып, осыларды оқытсаң, — деді Сәтім күзге салым оқу басталар алдында.

— Болатжанға, тіпті, обал болды, жасы асып барады, — деп бұл да мақұл көрді.

Сонан Рыс балалармен қоныстанудан орын тепті. Күз құмға көшерде Сәтім отын-су, тамағын дайындап беріп кетеді. Жазға қарай оқу тараған соң жайлауға көшіріп алады. Сөйтіп жүргенде балалар мектепті бітірді. Болат шофер болып қолға қарайлады да, Серік үлкен қалаға барып оқуға түсті. Сәтім мен Зеркүл малдан пенсияға шыққан соң бір-ақ босанды. Орталықтан жаңадан шифрлап, үлкен үй салып сол біткен соң олар да көшіп келді. Оқудағы Серіктен басқасының бәрінің басы қайта қосылды. Болат аяқтанып, біраз жаман немелі болды. Кішкентайларды Зеркүл мұнан бұрын алып иіскемейтін, жазған.

— Үлкен әжеңе бар, үлкен әжеңе бер, — деп отыратын үнемі. Сонан құлақтарына сіңісті болып қалған. Немерелерінен біреу:

— Кімнің баласысың десе, олар:

— Үлкен әжем баласымын, — дейтін ылғи.

Осыдан біраз жыл бұрын екеуі де мезгілі жетіп дүние салды. Соның, аз алдында Зеркүл, топырағың торқа болғыр, басында отырған мұнымен кешу айтысып жатып:

— Жеңеше, көңіліңді қалдырған жерім болды ма? Алдыңнан шықпасам деуші едім,— деді.

Рыс елжіреп, қалай егіліп кеткенін байқамай қалды. Көзінің жасымен алысып отырып, науқастың қолын мейірлене сипалай берді:

— Айналайын, екі жалғанда ризамын саған!

Зеркүл мұның сөзін қошуақ алғандай басын изеп, күлімсірей езу тартты. Сақардан шыққандай боп-боз жүдеу жүзіне білінер-білінбес сәл ғана қызыл шырай жүгіргендей болды. Сонан соң төбеге қарап біраз ойланып жатып:

— Кәрі кісінің көңілі кінәмшыл болады. Балалар әлі жас қой. Жас адам кейде еш нәрсенің қадірін біле бермейді. Бір нәрседен ренжіткен сәттері кездессе қапа болмаңыз. Сізге бөтендігі жоқ еді ғой балалардың,— деді.

Рыс тыныштандыра сөйледі:

— Ол не дегенің, Зеркүл!

— Жай айтқаным ғой, жеңеше,— деді бұған қимас қабақпен жәудірей. Сонан соң:— Шіркін-ай, Мәліктің тірлікте бір хабарын білмедік-ау,— деп күрсініп әрі қарады.

— Кездесуге бұйрық болмай тұр да. Бір жерде тірлік етіп жүр ғой. Әттең, кім білген. Баяғыда-ақ адам қатарына ілікті ғой, жарығым. Ендігі үйлі-жайлы, балалы-шағалы болып өсіп-өніп кеткен шығар. Қайтейін, тірі жүрсе амандығын тілейміз де, соны дәтке қуат дейміз де. Бұл жалғанда жүздесуді жаза ма, жазбай ма, ол тәңірдің еркінде,— деп Рыс сыртқа шығара бермейтін сырының бір ұшығын сездіріп үндемей қалған. Осыдан көп кешікпей Зеркүл дүние салған.

Біреуге ерте, біреуге кеш деген. Олар жер бетінен көшкелі қашан. Бұл болса бұйрықты несібесін татып әлі жүр. Әлі жүрмін деп ренжімейді, бірақ. Жарық дүние шіркінге не жетсін. Бір күн де болса тірлік жақсы. Тек жатса, тұрса балаларды ойлап, тілейтіні: «Осылардың бірінің жаман атын естіртпей, алдында алса екен»,— дейді. Бар арманы осы.

Балаларының көңілінде де титтей кінәрат жоқ. Өзі

Болаттың қолында. Енді қара жұрттағы қара шаңырақтың иесі сол. Жеті-сегіз кішкентайы бар. Ал Серік баяғы үстіртке салынған заводқа оқуын бітіргеннен кейін инженер болып қызметке кірген. Сондағы жаңа қалада тұрады. Демалыс сайын «жигулин» жылтындатып «апалап» жетіп келеді. Оның да үш-төрт күшігі бар. Шүкірлігін айтып, айналып-толғанып Рыс отырады. Бар тілегі балаларының амандығы. Бар тілегі елдің амандығы.

— Бүгін күн жұма ғой, қалқам, атаң мен кіші әжеңнің басына зианат етіп қайтайық,— деп немерелерінің бірін ертіп алып, шырттай киінген, кимешегі қарқарадай қара сұр кемпір әр аптада ауылдың батысына қарай аяңдап бара жатады.

ӘНТІМ ЕНЕР



БАЛПАҚ ЖӘНЕ ҚОС ҚАЛПАҚ

Шілденің туысы күрт ыстық, аңызға аптаппен басталып он шақты күн болды, беті әлі бері қарамай тұрған. Қайтар күннің шыжғырындысы балшық қабырғаның өзін балқытып жіберердей күйдіріп, кеңсе ішінде отырып жұмыс істеуге мүмкіндік болмаған соң қос өкпелері қабырғаларын соққылап алқынған жұрт үйді-үйлеріне ерте жылыстап кеткен. Тоқсан аяғының есебімен басы қатып, ел соңында жалғыз қалып қойған Балпақтың кабинетіне осы кезде жайлап басып, жылмия күліп, Жанысбек пен Қамысбек кіріп келмесі бар ма.

Шаршап, мәңгіріп, көңіл-хошы жоқ Балпақ олардың бұл келісіне аса мән бермеген сыңайда сүлесок күйде.

— Әй, неғып жүрсіңдер қосақталып? Екеуіңнің шаруаларың түгел, әйтеуір, жылтырайсыңдар да тұрасыңдар. Біздің жағдайымыз мынау, не аспанға ұшып кете алмай, не жерге түсе алмай,— деп қабақ шытты.

— Неге? Не болды?

— Неге ренжіп отырсыз, Бәке,— деп екеуі жарыса жақындаған.

— Өмірім сендердің іздеріңді жасырумен өтетін шығар. Не болды дейді, тағы. Өтірік акт жасағаннан басқа қолдарыңнан келетіні жоқ. Мұның сұрауы болар, іздеп тексеретін кісі болар деп ойламайсыңдар-ау, сірә. Ой, саз беттер-ой, саз беттер-ой, шімірікпейсіңдер. Әй, кесіп алса қан шықпайды-ау сендерден.

Келген екеу әңгіменің сарынын түсінгендей бір-біріне жымындаса қарасып, Балпақтың бауырына кіріп кетердей итіне түсіп, жанаса отырды.

— Енді осы кейінгі тоқсанда көбірек шығып кетті, Бәке. Жазға салым келім-кетім кісі көбейетін әдеті. Оның үстіне өзіңіз білесіз, жоғары жақтан түрлі тапсырмалар, тілхат, қолхат көбейіп кетті. Сонан соң анадағы жүктеген шаруаларыңыздан да біржола құтылып алайық деп.

Осыны айтып Жынысбек бастығының жүзіне сынай көз тастаған. Соны сезе қойғандай Балпақ шұқиған қағзынан басын көтеріп, шақшия қарады. Сол сәтте Жанысбектің жүзіндегі жаңа әзірдегі селт етіп көрінген сес желге ұшқандай жоғалып көлгір күлкі қайта ойнап шыға келген.

— Ой, жанкештілер-ай, ара-тұра айтқан азын-аулақ шаруамыздың өзін салмақ етіп алдымызға көлденең тарта қоясыңдар, ә. Соны көзірге алып арғы жағында не жасап жатқандарыңды құдай білсін. Түйені түгімен жұтсаңдар да сездірмейсіңдер. Әйтеуір, өздеріңнен артылған сарқытты жалатып алдай саласыңдар. Мен сорлы соған да мәзбін. Әй, мендей ақымақ жоқ-ау.

Балпақ шын пұшайман күйде, басын шайқап, күйзеле қозғалақтады.

«Түйені түгімен жұтатын сіз бе, біз бе, тәңірге аян шығар» деген шып етпе ой санасында жүгіріп өткенімен Жанысбек ол бәтшағарды лып өшіріп, жалт беріп, ыңғайға жығылған.

— Бәке-ау, тап осы жолы бармақ бүгіп қалғаным болса, құдай ұрсын. Көктемгершілік, едәуір мал басы шығынға ұрынды. Көбею себебі содан.

Балпақ бұл жолы көңілдене күлді:

— Нандым, қалқам, нандым. Сен алдадың, мен алдандым. Нандым, қалқам, нандым.

Жанысбек те лажы таусыла күлген:

— Ойпырым-ой, Бәке-ай, кісіге сенбейсіз.

— Мынауыңа да сенейін бе?— Балпақ бұлардың сөзін қызықтағандай тышқан көзі жылт-жылт етіп, екеуін кезек аңдып, сұғанақтана елеңдеп, қозы қарынын құшақтай шартып отырған Қамысбекті иегімен меңзеді. Табан астында өзіне ауыз салар деп күтпеген ол селк еткендей бойын жия, төңкеріле қопандап, мағынасыз тырқ-тырқ күлді.

— Бәке, менен ши шықпаса керек еді. Тап-тұйнақтай жасаған тәрізді ем. Жанысбек тәрізді жатып атарымның жоғын білесіз. Менікі тек елдің шаруасы ғой, жәкөтай-ау. Таза ақ жүрегің мен ғой, ағатай-ау. Елге жем болғаннан басқам жоқ менің.

— Ой, жанкешті-ай, сайрайсың,— деді Жанысбек әрі түңіле әрі күлкіге булығып.— Ішінде ит өліп жатып шылп етпейтін сенен сақтасын, құдайым.

— Бәке-ау, мына жылымқұрттың маған айтып отырған сөзінің түрін қарашы,— деп шағынды Қамысбек қос алақанын жая, алшысынан шалқайып.

— Ай, қос кәпір, түрлерің жаман. Бір күні мені жеп

қоясындар ма, қайдам,— Балпақ шын шошынғандай оқшырая, орындығын кейін сырғытып шегіне жылжыды.

— Ой, қойыңызшы, қайдағыны айтпай. Құрысын, жаман сөз айтпаңызшы,— деп бәйек болды Қамысбек.— Сізді ренжітейік деген ойымыз жоқ.

— Бәке-ау, өстіп қалқайып ел қатарына ілесіп жүргеніміз сіздің шарапатыңыз емес пе? Құдай, құдай, өзіңіз аман болыңызшы, Неге қажып отырсыз. Қағаздардың қайта жасайтын жері бар ма, немене?

— Қайта жасағанда жасайтын сендер, жасалатын осы қағаз емес пе?— Бастықтарының дауысында зіл жоқ, қабағы ашыла түскенін байқаған екеуі көңілдене:

— Е-е, сөйдесеңізші,— деп қауқылдасып қалды.

— Иә, қосақталып жүрістерің жайша ма?

Қамысбек тымпия жымыды.

— Мына Жанысбек жаңа қалпағын жуамын деп...

— Осы күн ыстықта ма?! Ту-у, жүректерің шайлықпайды-ау.

— Енді кейін ескіріп кеткен соң қызығы бола ма,— деп Жанысбек те серігінің сөзін жерге тастамай қанжығаласқан.

— Ой, сендер де жоқ жерден.— Балпақ қынжыла пештенген қалыпта ойланғандай сыңай аңғартқан. Арғы жағы кет әрі емес, көмейі бостығы көрініп-ақ тұр.

— Отчетін бүгін сізге тапсырды. Ертең тауға қарай дәйт деп тайып кетеді. Содан соң бұл кеңірдек күзге дейін құйрығын ұстата ма,— деді Қамысбек бастығын әрі қызықтырғысы келгендей, әрі қолдағы олжадан айырылып қалмауға үгіттегендей уәж жүгіртіп.

— Қайда едіңдер?— деді Балпақ амалсыз, бұлардың сөзінен аттап кете алмағандай сыңаймен.

— Сол «штапта» ғой. Қашан шығасыз? Бірге барамыз ба?

— Ескертіп пе едіңдер?

— Е-е, айтып, дайындатып келгенбіз.

— Онда екеуің бөлек кете беріңдер. Мен алдымен гаражға соғып, сонан ары қарай барармын. Тал түстен топталып көзге түсіп қайтеміз,— деді.

— Жарайды. Құп,— дескен екеуі қол ұстасып жөнеле берді. Балпақ осы совхоздың бас зоттехнигі қызметіне отырғанда мектеп есігін жаңа ашқан балалар қазір институтта оқиды. Көптің бәріне бірдей кісі жаққан ба, осы уақыттардың ішінде Бәкең атанған Балпақ туралы жақсы да сөздер естілді, жаман да сөздер естілді. Бірақ соның

бәрінің қорытындысында жұрттың берер бағасы, тоқтар байламы былай болып келер еді:

«Бәкең іскер ғой, ненің де болса көзін табады»

«Бәкеңмен ойнамаңдар, қиын кісі».

«Тұңғиық қой».

«Тұңғиық па, жылым ба?»

Қалай дегенде де Балпақ үлкенге де, кішіге де Бәкеңтің. Кеуде қақпай-ақ жұрт алдында суырылып көрінуге тырыспай-ақ, «Бетегеден биік, жусаннан аласа» қалыппен жүріп-ақ осы ауылдағы көптің бірден-бір санасатын, санасатын емес-ау ығысатын кісісі болып алған жайы бар-ды. Кезінде «сен кім едің» деп омыраулаған талай бозымдар айналып келіп, бұл күнде боданында жүр. Мұны көрген жерде шылбырынан ұстап, аттан түсіріп, алуға құмбыл. Солардың өзіне сол сәтте артық сөз, артық мінез, артық көкірек сездірген жері жоқ шығар. «Ә, солай ма екен» көңіл түкпірінің сонау бір тереңінде өзіне ғана мәлім кепте бұлк ете түсетін де қоятын. Ал жүзінде еш белгі байқалмайтын. Бет бейнесі өзгермейді-ау, өзгермейді. Тұп-тура тынық күнгі тұйық судай-ақ айдыны жылы жылтырап қана, арғы жағы тылысымданып, сыр бермей тұңғиықтанған қалпынан айнымайтын. Талайдың ішін тартқызатын да сол ылай түстес сазарған, сұрғылт ажарлы саз кейпі болса керек.

Балпақ бас зоотехникке іліккелі жақсы араласқаны бар, жаман араласқаны бар бұл совхозға талай директор келіп, кетті. Солардың еш қайсысымен мұның ашық жүз шайысқанын көрген кісі жоқ. Ал аңдаған жанға ап-анық ақиқат — жаңа келген қай директордың болсын алғашқы жылдары Балпақ шылауында жүреді, онан кейінгі уақытта жаңағы директордың өзі мұның байлаулы бұзауы. Осы үрдіске жарықшақ түсті дегенше, яғни, «Балпақ пен директордың арасы онша емес» деген сөз қашты дегенше, артынша совхоздың бастығы жаңаланатын. Алайда осы кезге дейін «Балпақ айтысыпты, Балпақ арыз жазыпты» деген әңгіме шыққан емес. Ел іші арызсыз, айтыссыз тұра ма. Әсіресе бұл ауылдың ондай әдеттен кенделігі жоқ. Бірақ жаласы, жаманаты өзге кісілерде. Қысқасы Балпақты кінәлауға қисын табылмайтын. Сонан соң оның көзін шұқуға тәуекелі шыдайтын жанды ауыл түгілі ауданнан іздеп көр. Сөзінен ши, отынан түтін шығармайтын ептінің ептісі, ысқаяқтың ысқаяғы осындай-ақ болсын...

Қанша басқаға ішін бермейді дегенімен мұның да жанысып жақын жүретін, ара-тұра ақтарылып араласатын адамдары жоқ емес. Онысы Жанысбек пен Қамысбек.

Бірі орталықтағы № 1-ферманың, екіншісі № 4-ферманың зоотехнигі. Екеуін көрсе жібі босайтын бәлесі бар. «Тұяғы бүтін, тұлпар жоқ». Бұл да өзі сезеді, кілтпансыз емес. Мұнысы әу баста екі аяқты тірлік иесіне тән әуестіктен тамыр тартып, келе-келе сүйегіне сіңген әдетке айналып бара жатқан осал жері. Бәкеңнің бұл сырына қанық, көзі тірі куәлары, куә ғана емес, тіпті, соның себепшілері өз сөзімен айтқанда осы «екі ку».

Көпшілік бас қосқан той-томалақ, ырду-дырду жерде Балпақтың ішкілікке араласуы сирек нәрсе. Бірінің-бірі аузына зорлап құюға, жықпай тынбауға пейіл ал-кел қауым ортаға түс деп қаумалауға дәттері жетпегендей, мұнан тайсақтайтын. Сөйткен ердің өзінің ішетін кездері бар. Ол кездердің орайын білетін — «екі ку». Алда-жалда қапы қалған тұстары болса: «Әй, қос ку, тірісіндермені» айтуды айып санамайтын. Сол сол-ақ Жанысбек пен Қамысбек ұйымдастыру жұмыстарын тез-ақ реттеп тастап, Бәкеңді «штабта» жұтына күтіп отырар еді...

Мұндай шаруаның тұсында бұлар бір-бірінің үйіне қонақтап, қыдырыстауды құп санамайды. Сырт көзден таса «штабты» қолайлайды. Оңашада емін-еркін сілтеседі дейсің... Сонан таң алдында ма, түннің әлдеқандай шағында ма, аяғынан әрең басқан Балпақты екеуі қолтықтап әкеп үйінің есігінің алдындағы шарбаққа кіргізіп кетеді. Ертеңіне түс ауа бастықтарының қарасы көрінбесе шаруа ретімен іздеп жүрген ыңғайда кезек-кезек кіріп шығуды ұмытпайды...

Бұл бастаңғы кейде ай сайын қайталанса, кейде тоқсанына бірақ рет кезігетін. Қалайда бәрі де осы «штабта» өтетін.

«Штабтары» — совхоздың орталығының күн шығысында, әудем жерде оңашалау орналасқан «ЛТП» — аталатын қора-жай. Онда қысы-жазы көң аудармай, іріктеліп шығарылған, ақсақ-тоқсақ тоқты, қозыларды бағатын Арқарбайдың үйі жалғыз отырады. Басында Балпақ осы есеппен бөлек отар қондырды ма, жоқ шаруаның рет, ыңғайы солай болды ма, ол жағы бүгінге дейін беймәлім жай. Ал, ол жер «штаб» аталғалы төрт-бес жылдың беделі артта қалған.

«Штаб бастығы» Арқабайдың бағымындағы үш-төрт жүз бастың «жаман мал» аталған жалпы жаласы болғанымен обалы нешік, қоңы бүтін, құйрығы тоқ, асса сорпасы тілді үйірген, қуырса еті балдай, союға келетіндері аз емес, әрине. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалап», Бәкең әлгіндей бастаңғыға осы отарды қаужақ-қужақ

қылып жатады. Жартысын қазанға салдырып, жартысынан шапшаңдатып қуырдақ жасатып жіберіп, түнімен дүрілдеткен жан біледі-дағы Арқабайдың сырт көзге елеусіз қазынасының бағасын.

— Мырза ғой, шіркін, Арекеңдер, мырза ғой. Береке ғой, сабазым. Арекеңді берген құдай мені аштан өлтірмейді.— Бұл Балпақтың айызы қанған кезде аузынан шығатын сөз.

— Біздің Бәкеңдердің ақылы, көрегендігі... басқа жанға бітпеген-ау. Қиядағыны көзі шалып, кісі білмейтінді біліп отырады-ау. Осы «штабты» қайдан ойлап таптыңыз. Әй, данышпансыз-ау, Бәке. Құдай біледі данышпансыз. Аузымыздан ақ майымызды ағызып... Әй мың жасағыр, Бәке, мың жасаңыз.— Бұл Жанысбек пен Қамысбектің көңілденгенде қосарлана жарысып айтатындары.

Бір қызығы бұл екеуі қызып алған кезде үйдің отағасы Арқабайды кісің-ау деп менсінбейді. Арқарбай да ондай сәтте өзін мойыны озық ұстауды ылайық деп санайтын сияқты. Әсіресе Бәкеңе еліктеп, екеуіне «әй, қос қу» деп жоғарылап сөйлегенді ұнататын.

— Ей, мынаған не жоқ,— деп Қамысбектің шытынап қалатын сәттері кездеседі. Кейде шартандай түрегеліп келіп, әлімжеттік жасаған баладай, тұрқы қалыптағы кісінің екісінің біріндей аласа, қортиған Қамысбектің өзінің жарым-жартысындай ғана, китімек асықтай Арқарбайды желкесінен сығымдай жерге жаныштайды. Арекең айтулы шақар. Өлтіріп жібер, тілін тартпайды. Тіл тартпағанды айтасың, Жанысбек араға түсіп, астынан босанған бойда шегірткенің айғырындай едірейіп тұра ұмтылудан айылын жимайтынын қайтерсің. Қолыңда өлуге пейіл, беті қайтуға жоқ.

Берекелі бас қосудың шырқы бұзылып бара жатқан соң Бәкеңнің қабағынан жасқанып Қамысбектің өзі:

— Әй, қойдым, ағатай, қойдым. Қатармыз ғой, ойнағанымды көтермейсің бе?— деп жалынарман халге келгенде барып әрең басылады. Оның өзінде шай қайнатым уақытқа дейін қоразданған отырысынан төмендемей ауық-ауық қарсыласына жауыға көз тастап, сылтау, себеп табылса шатақты қайта бастап кетуге иық беріп, ереуілдеп отырып алатыны және бар. Дегенмен қай-қайсысыда түптің-түбінде ат құйрығын кесісіп кете алмайды. Бір қайықта келе жатқан жүргіншідей қосақтап қойған, араларын алшақтатуға жібермейтін белгісіз сиқыр күш бар, әйтеуір. Тіпті, қайтарда қалай тараса олай тарасын, көрісерде сағынысып көрісетіндері даусыз.

Әр нәрсеге себеп, сылтау, дәнекер болғаны ләзім есте. Бүгінгі бас қосудың түрткісі...

Совхоз орталығындағы ферманың зоотехнигі Қамысбек мал тұқымын асылдандырушылардың облыста өткен он күндік семинарына қатысып, оқып келген. Ауылға қайтарында көңіліне Бәкеңді алып лайықты базарлық іздеп, дүкен аралады. Дұрыс деп тапқаны жасыл түсті, мәуіті қалпақ болды. Өзіне, Бәкеңе алып тұрып, есіне Жанысбек түсті.

«Ол кеңірдектің де көңілін аулай салайыншы. Бағасы анау айтқан қымбат көрінбейді»,— деп ойлаған.

Үшеуі қатар кеңсе маңынан қара бергенде бұл жаңалық талайдың көзіне шоқтай басылған.

«Бастарың көгеріп қалған екен, қайырлы болсын, жумайсыңдарманы» әзілмен айтқандар да, шынымен айтқандар да жоқ емес. Сол әңгімелер қозғау салды ма, Жанысбек пен Қамысбек түс ауа Арқарбайдың үйіне соға кеткен.

Гаражды шарлап шығып, із жасыра, елеусіздеу жүріс танытып, асықпай аяңдап Балпақ жеткенде әбден пісіп, бұқтырылып тұрған қуырдақ толы шөңге ошақтан түсіріліп, үлкен, жайма, темір табаққа төңкерілді. Алас-күлес бұрқыраған буы жұғымды бір иіс тарата үй ішіне жайылып жүре берген.

Алғашқы аз толмаған стакандар үн-түнсіз алынып кеткен. Шөміштей ауқымды қалайы қасықтар табақтың жалтырақ бетін сыра үш-төрт рет көстендей қатынаған соң Қамысбек келесі кезекті құя бере сөз бастаған:

— Бәке, жаңа айтым ғой. Мына Жанысбек сенің жолдан келгеніңді жуамын деп, қалпағымды жуамын деп... Ит салақ қой, салақ, мен болмасам сол қырық жылғы, маңдайы түтеленіп, Арекеңнің қара ала күшігінің құлағындай салбырап кеткен боз шәпкесін тастамайды, әлі. Дегенімен өзін адам қатарына қостым. Өңі кіріп, қыз қарайтындай жігіт болып қалды...

— Ой, қойшы сен де,— деп күңк етті Жанысбек.— Мұнан үлкен нәрсең өтсе, тіпті, күн көрсетпессің.

— Ых-ых!— Қамысбек өз-өзінен мәз күйде шықылықтай күлді.— Әй, өтірік пе, ит-ау, кісі қатарына ілігіп қалғаның... «Дұшпан басқа қарайды» деген, осының өзіне сұғын қадағандар бар, Бәке-ау. Ең оңайы басымыздың жаңарғанын көре алмайды. Соның өзін көре алмайды ғой, Бәке-ау...

Балпақтың көзі жинаулы төсектің үстіне ернеулете қатар тізіп қойған үш мәуіті қалпаққа түскен. Неге екені...

белгісіз Арқарбай да солай қарап отыр екен. Соны аңдады ма, жоқ шынымен көңілін аулады ма:

— Арекеңе неге біреуін ала салмадың,— дегені. Оның осы сөзі Арқарбайдың сыздауығын шерткендей бір уыс бет ауызы онан сайын бүрісіп, шын өкпелеп, торсып қалды.

— Ондай адамшылық бұған қайдан бітсін... Кедейленіп қалады ғой... Бір қалпағының есесі бізден қайтпайды деп ойлаған шығар...— Арқарбай демалып-демалып, үстеп қосып, үдетіп бара жатқан.

— Ойбай-ау, бұл иттің басының размері табылмады ғой,— деді Қамысбек шылып етпей.

Арекең бұл уәжге қалт тоқтады. Ешқандай қалыпқа жатқызуға келмейтін өзінің мүше-мүшесінің сиық-сыры есіне түсе қойды ма, жоқ, әлде, Қамысбектің иманын қолына ұстағандай сеніммен ақталғаны әсер етті ме, бұл әңгіменің аяғы мәмілеге сайды. Отырыстың шырайы кіре берген.

Қуырдақ та, ет те, онан кейінгі шай мана жиналып біткен. Енді жалаң бетпе-бетке шыққан шақ. Ортадағы оймақтай шыны табаққа туралған құйрық пен тоңазыған етке тиісуші сирек. Кезекті стаканды төңкере босатқан бойда ауызды қолдың сыртымен құрғақ сүйкеп тастап, жаңа үзіліп қалған қызу әңгімені кеңірдектей жарыса қозғап, жалғай жөнелуге құлшыныс басым.

Қызып алған кезде Жанысбек пен Қамысбектің бірінен-бірі жақсы көрінгісі, жақын жанасқысы келгендей, бақаса жарысып, Бәкеңнің іші-бауырына онан сайын кіре түсетін әдеттері. Жайшылықта талайдың шәпкесін теріс кигізуге амал-айласы жететін «қос қу»— аузын шымшып тіккен қазақы қаптай, тып-тығыз, шып-шымыр, кеспелтек қара Қамысбек те; көкқұтан пошымдас, сорайған, сүйекті, қарасұр Жанысбек те мұндай сәтте түйір-түйіртпексіз езіліп, таза майлы ішекше айналып жүре беретін. Бәкең деген ниет, ықылас, пейілдерінде қалтарыс болмайды-ау, болмайды... Тап қазір Бәкең отқа түс десе — отқа түсуге дайын ғой, дайын...

Бұлардың осы «елгезектігі» жалғыз сырт көз Арқарбайдың өзіне ерсі көрінетіні сондай масайған жүзі балбырап, көзі кілмиіп кеткен ол езуіне әрең ие бола мысқылдай ыржиып, күлуге бар. Ал, Арекең, Арекең мықты ғой. Масайған сайын шымырлап, ширыға түседі. Ондай сәтте басынан, тіпті, сөз асырмайды. Тас құдайдың құйып жасаған қол басындай суреті тәрізденіп, сірессіп қалады-ау, сабазың, кейде. Алғашқыда біраз тартынбай ілескен соң, ішкен-жегендері әрине, алдымен Арекеңнің жүзінен шаң

бере бастайды. Соны байқаған Жанысбек пен Қамысбек қармақтары қапқандай жымыңдасып, екі жақтан қаусыр-малап, қатардан қалдырмай, қос өкпеден қыса тепеңдеп «ал, алдын» астына алып, ертерек қисайтып тастаудың қамын жасап бағады-ақ. Дегенмен Арекенді жығу оңайға түспейді. Ә, дегенде-ақ қызара бөртіп, шала буырланып, көкжиекке көтеріліп алған соң, құламай қалқып тұра беретінін қайтерсің.

«Киіктің асығындай сүйегі қатты, бәлекеттің» дегенді осындайда күйген соң айтады ғой Қамысбек. Оның үстіне Арекеңнің «бәйбішесі»— бес биенің сабасындай келісті, сауырынан жарыла тырс-тырс солқылдаған Гүлмәрия арашаға араласып, қисыны келген тұстан қақапайлап, әрекетсіз отырмайды ол да. Кей-кейде қалайда таусылуға тиіс, ішілмей қалып қоюға «қақысы жоқ» стаканды «мұның мына қалжасын байқадыңдар ғой, несіне қинайсыдар» дегенді қонақтарына қабағымен аңғарта:

— Ареке, осы кезегіңізді маған қиыңызшы,— деп оның рұхсатын күтпей-ақ өзі көтеріп тастайды. Ішкісі келген құмарлықтан емес, онсыз да жүгі ауырлаған күйеуіне сәл тыныс болсын деген есеппен.

Сөйтіп-сөйтіп той тарқарға, жол ортада қалып қоймай, Арекең де ілігетін... Бүгінде іліккен...

Бір-біріне қолтықтаса, сүйретіліп, бұлар үйден тысқа шыққанда жаздың қысқа түні таңға таяп қалған шақ-тын. Арекең есік алдынан қоштасып, қонақтары енді ұзай берген. Иті түскір сүйреп әкеліп тастаған ба, дәл жолдың үстінде жаңа әзірде өзі мүжіген қойдың бас сүйегінің қаңқасы жатыпты. Ортада келе жатқан Балпақтың аяғы соған дөп кеп сүрініп кеткені. Қалпағы май топыраққа бұрқ ете түскен. Керекті жерінде қырағылық таныта алмай қапыда қалған кінәларын сонымен жуғылары келгендей жанындағы екі серігі қабаттаса қалпаққа ұмтылған. Мәуіті түкке мұсатырдай жабысқан май топырақ оншама-мұншама қаққылағанға кетер қалып танытпады. Қараңғы түнде онан сайын қарамақпалдай тұнжыраған түс, әрінен айырылып, сайтан саңғып кеткендей ақтандақ алабажақтанып тұрып алсын. Қаққылай-қаққылай қыры түсіп мыжырайып, қалыбы да қисайып, сынынан тайып қалғандай.

Әсте, Бәкең сирек ашуланады. Ал, ашуланды, құдай бетін әрмән қылсын, тым қиястанып кетеді. Өзге жұрттай алдаусыратқанға, оны олқысынса әке-көкелеп аяққа жығылғанға оңайлықпен илікпейді, мінезі қиын... Қалпақтың күйігі ме, мастықтың өзімшілдігі ме, табан астында зілденіп, талағы тарс кеткені.

— Ойпырым-ай, Бәке, оқыс сүріндіңіз. Аяғыңызды ауыртып алған жоқсыз ба?— деп құрақ ұшқан Жынысбекке де:

— Иттің баласы, қас қылғандай үйін айналдыра сүйек шашып, бұл ергежейлі әбден тойынған. Алдындағының қоңы барының басын қырт еткізіп кесіп алады да, мүжіп-мүжіп үйінің іргесінен, керегегінің тесігінен лақтыра береді, далаға. Көзінің еті өскен әбден,— деп Арқарбайдың ішін кептіре бас сүйекті аулаққа қарай допша домалатып, айналдыра тепкілеп алаөкпеленіп жүрген Қамысбекке де кекете, ызбарлана үн қатқан.

— Қатты-ақ жандарың ашитын шығар. Арғы жақтарыңмен ғой мырс-мырс күліп, табалап тұрсыңдар. Осы сендерді кісі деп, қара тұтып, сеніп... Мен ақымақпын. Өзіме де сол керек...

Екеуінде жан қалмады. Қосарлана шыбын-шіркейі шықты:

— Ой, Бәке, бұл не дегеніңіз? Шынымен айтып тұрсыз ба? Неге ренжідіңіз? Сіздің көңіліңізді қалдыратындай не жасадық?!

— Басқа, басқа екеуіңнің ішіндегіні оқуға сауатым жетеді... Мені ақымақ қылғыларың келеді. Дәмелерің зор. «Атқа жеңіл құбашаны» тапқан екенсіңдер. Балпақты әлі танымаған сияқтысыңдар. Танытайын. Құрдымға жіберейін бе, сорларыңды қайнатып. Естеріңде болсын, екеуіңді жұту маған түкірігімді жұтқаннан қиын емес...

— Ой, жәкетай-ау, құлдығың болайық. Не жаздық?

— Бәке, ағатай, қатын-бала шағамыздың амандығынан бұрын осы сіздің тілеуіңізді тілеп жүрген жоқпыз ба, мұныңыз қалай, бізді жау санап.

— Сенбеймін екеуіңнің сөзіңе. Менің тілеуімді тілеп жүрсіңдер ме, сүрінгенімді андып, күтіп жүрсіңдер ме, құдай білсін, сен қулардың ойларыңда не барын, жолдарыңа шыққан жуа мен деп ойламайтындарыңа кім кепіл. Құтыла алмай, қапалысыңдар ғой, ә. Тілеулеріңді беріп, оқыста қисая қалсам, ә... Бас зоотехниктік көкейлеріңді теспейтін шығар, бәлем. Осы күйлерің тақияларыңа тар келіп жүр ме, байқаңдар. Бұған зар болып қалмаңдар...

— Ағатай-ау, қазір өл десең өлейік. Бұл қай күйдіргеніңіз?!

— Ойпырым-ай, өмірі ойымызға алмаған, үш ұйықта-сақ түсімізде жоқ сөз айттыңыз-ау. Енді не істейік? Мұнан гөрі басы-көзімізге тепкілеп осы жерде мына топыраққа көміп кеткеніңіз жақсы еді. Бар сенгеніміз, арқа, қорған

тұтқанымыз ба жазығымыз,— Қамысбектің даусы жылайтын кісідей жалынышты естілді.

— Бәке, айтып өлтіріңізіші не жаздық?— деп Жанысбек күйіне шұқшиып, жүзіне-жүзін таяған.

Шынында екеуін тап қазір кісі аяңғандай. Жайшылықтағы бір бастарына жетерлік қулық, сұмдық, сайқымазақ, жүре тарт мінезден ада, кіріптар күйде, ағынан ақтарылған сыңайда. Балпақтың да бұлардың пұшайман қалдерін аңғарғандай қалпы бар. Соны сезген соң осы сәт өзінің неге бұлан-талан ашуланып тұрғанына ой жібермек болып әуреленген. Әрі малтығып, бері малтығып, ештеңенің қисынын ұстай алмайды. Әйткенімен, көңіліндегі екеуіне деген әлдеқандай қыжыл қайта қоймады. Өзінің артық кеткенін жуып-шайып, оларға жанашырлық танытып, қабақ білдірудің орнына, қайта егескендей ақсайтын сезім бой көтеріп, табалап, жаншып, нықырта беруге аңсары ауып, құсы түсті де тұрды. Қос серігі көзіне албастыдай көрініп, қырық жылдық кегі кеткендей жауыға қараған. Қараңғыда қалпақтары қарқарадай ереуілдеп қарсы алдына сіресе қалыпты.

«Қалпақ киіп қалқайған түрлерінді ұрайын. Кісі болғысы бар бұлардың да. Ол не теңі екен-әй».

Әлдене деп сыбап жіберуге оқталып барып кенет тосын бір қыңыр ой көңіл түкпірінде жылт еткен. Масаң санасында соған деген құлшыныс, қызықтау тәрізді елігу сезімі бел алып, шалдуарлықты мәре тұтқан баладай тұрпайы бір тәкаппарлық иектеді. Соның ыңғайымен қасақана қиястанып:

— Осы маңырап тұрғандарыңның шын екеніне көзім жетсін, қайсың айтқанымды скі етпей тақ тұратыныңды білейін, қане ана қалпақтарыңды шешіп тосындар, соған шыдағандарыңа сенейін,— деді қос қолын ышқырына қарай созып.

Қанша мастықпен құрақ ұшып қалбалақтағандарымен екеуі түйсіктеріне жорықсыздау әлдене жеткендей үдірейіңкіреп қалған.

— Ә-ә, солай ма, мен үшін шейіт болуға бар емес пе едіңдер. Жандарыңды жолыма тосуға даяр едіңдер ғой. Айтқаныма құлдық емес пе едіңдер. Кәззаптар. Сенгенім, сендердің сөздеріңе. Жеме-жемде он бес сомның қалпағын қиғыларың келмей тұрып, маңырайсындар, еше...

«Құрысын, құдайы, осы қалпақпен құтылсам жарайды. Бәлені алдап-сулап, көңілін тауып, шарбағына жеткізіп салайыншы» деп ойлады ма, «әлде ондай иттікке бара

қоймас, жәй әшейін қырсықтығы шығар жасап тұрған» деді ме Қамысбек кенет:

— Ой, сөзіңіздің садақасы. Осы болса керегі, мә,— деп басындағы қалпағын жұлып алған. Оның бұл шұғыл шешімі Жанысбекті тығырыққа тіреді. Не істерін білмей селтиді. Қамысбек тәшбақ табан астында бұлай жол тауып кеткенде кісілік көрсеткендей безеріп, илікпей, сіресіп қалуға дәті шыдайтын емес. Мұның осы артының бостығын сезгендей Балпақ қасақана шүйілді:

— Сен өзін Қамысбектен гөрі күзірлі екенсің-ау, ә. Бұрын қалай байқамағанмын,— деп тиісе бастап:— Тос қалпағыңды мынаның қатарына!— деп бұйырды.

«Қашайын деп тұрған киік еді»... Енді не лаж. Ол да шешкен басындағысын.

Осы кезде қонақтарын сыртынан ұзатып салып барып, үйіне кіретін әдетімен есік алдында жүрген Арқарбай бұлардың ауыл маңынан алыстамай неге иіріліп тұрып қалғанына алаңдап әрлі-берлі қарайлады да, енді хабар алуға солай қарай аяндаған. Ол қастарына жеткенде Балпақ қос қалпаққа кезек сарып бітіп, «енді не қылсаңдар ол қылыңдар, менің шаруам жоқ» дегендей ышқырын көтеріп алып талтаңдап жүріп кеткен.

«Қос қу» қолдарында қорғасындай ауырлап шыға берген қос қалпақты «мұны енді қайтемізбен» дағдарып, бір қауым аңырып қалған. Арқарбай келіп:

— Бұларың не, ей!— деген сәтте екеуі екі жаққа атып ұрып, тұра жөнелді.

Мәселенің байыбын енді аңғарған Арқарбай қараңғы түнді жалғыз өзі бөрліктіре күлді-ай дерсің...

Арекеңнің қалт жібермейтін дағдысы — қашан да қонақтарын үйден шығарып ұзатып салғанша, қанша ішіп масаң күйде отырсын, қалғу дегенді, қалжырап жығылып қалу дегенді білмейді. Қандай болдырғанында әлде кіммен егескендей қалшыып сіресе береді. Құламайды-ау, сабазың, құламайды. Және соншалықты жүзіп, былқыған қалпының өзінде төңірегіндегілердің сөйлескен сөзінің, істеген істерінің бірде бірін ертесіне ұмытпайды. Түгел жатқа айтып беруге бар. Ал қонақтарының қарасы өшісімен, үйге қайтып оралған бойда, аяғы іліккен жерге — босаға ма, мейлі төр ме, тіпті ошақтың қасы ма шөкелеген қалпы қор ете түседі. Онан соң мәрелі уақытына дейін оятып көр. Басын шелектегі суға мал сезбейді... Қазірде ол табалдырықтан аттаған күйі қисая кеткен. Гүлмария — ту сырты ту биенің жонындай дір-дір ете туарылып, күйеуінің қасына жүрелей еңкейіп, астау жон, құнарлы бөксе мүше-мүшесімен серіп-

пеше қимылға еніп, Арекеңді жатқан жерінен «әуһ!» деп балаша көтеріп алды. Сөйтіп әкеліп төсегіне жатқызды...

Жол жиегінде көзге шыққан сүйелдей қарайған қос қалпақты азанымен, алдымен, Қыжым кемпір көрген. Қолға ұстап отырған он-он бес жандығын ертелеп ауыл сыртындағы өріске қарай айдап салып бара жатып таяғымен әрі түртіп, бері түртіп байқап, аң-таң күйде кеткен. Онан кейін гараж бен ауыл арасына қатынаған сан көз сұқтанып өткен. Күні кеше көзі шалған кейбіреулер, тіпті, олардың төркінін танып, шамалағандай да. Бірақ бұлай далада жатуының сырына түсінбей, таңырқасқан. Өзара көңкіл-шүңкіл әңгіме етісіп, шешуін таба алмай қойған.

Түсте су ішуге әрі көлеңкеге жусауға қайтып келген қой-қозысын күн ауа өріске қайыра шығарған Қыжым бұл жолы манағыдай батпақ-батпақ болып, топыраққа жартылай кіріп жатқан күйінен қағуланып, жеңілдеп, саңғырап қалған қос қалпақты жерден көтеріп таяғымен қаққылап тазартып:

«Кімдікі болса да керексіз тастаған дүние тәрізді ғой. Іздеп келіп алып жатса мейлі, әйтпесе бақшадағы қарақшыға кигізіп қояйыншы, шалдың ескі бөріктерін сұрап әлдеқандай қылғанша»,— деп ойлаған.

Қолына ұстап айналдыра қаран:

— Әлі киіс көрмеген жап-жаңа нәрсе, қалай тастаған. Мұнда қалай келіп қалған?— деп ерінді сылп еткізе екі-үш тартқан. Сол күні кешінде Қыжым кемпірдің әжептәуір түйнек салып, пәлегі жайыла бастаған қауындығының екі шетіндегі қамыстан бұған қарақшының басына, құдайы жарылқап, ойда жоқта, қос жасыл мәуті қалпақ жараса кетпесі бар ма. Танығандар кемпірдің пысықтығына бас шайқасты. Ал Қыжым қарауылды мықтап, көңілін демдеп, арқаны жарға тірегендей-тін.

Бұл хикая осымен ың-шыңсыз аяқталар ма еді, кім білсін. Сор түртіп Қамысбектің жатқан жыланнның құйрығын өзі басқаны. «Шығасыға иесі басшы» деген сол...

Малдың күзгі санағы жүріп есеп-қисабы басталғанда актіден шығарылуға тиіс бір-екі басқа Қамысбек пен Арқарбай келіспей дауласып қалды. Арадағы ішкі есеп бойынша сөз етпей-ақ жасай салатын малы еді. Қамысбектің жоқ жерден кісілігі ұстай қалғаны. Арқарбайды әурелеп, мөн-теңдетемін деп ойласа керек:

— Мына екі басты білмеймін. Өзіңнің жұмсағаныңды өзің төлейсің,— деп шалқайды.

— Әй, не дейсің? Ол...— Арқарбай шырылдап, әрлі-берлі түсіндіріп баққан. Бұл безірейіп илігер қалып таныт-

пады. Арқарбай күйіп-пісті, ашуланды. Қамысбекке керегі сол. Бұл ергежейліні қуырып, шыж-быж қылып, айыздан бір шығу. Тап сол кезде қас қылғандай үстеріне ферманың бухгалтері кіріп келгені.

От алып алған Арекең енді ештеңеге қарамайтын ыңғайда-тын. Әкесі болса да тыңдамауға пейіл.

— Әй, алаяқ, саған не керек өзі, Екі тоқты үшін мен саған жалбарынып-жалынады деп отырсың ба? Мә, жалынған...— Арекең уысты толтыра талтайды.— Оған бола мені ешкім соттамайды. Соттай қалса Арқарбай жалғыз кетпес. Тіпті, сол екі тоқтыны маған төлеткен күнде одан кедейленіп қалмаймын. Көзіңді ашып қара, жымысқы неме. Сориңды ұрайын, көрдің бе, мұны.

— Әй, боқтама, тіліңді тартып сөйле. Кім деп тұрсың, өзің? Қатыныңа айқайлағандай шіңкілдейсің,— деп Қамысбек жүзіне ызғар шаша тырсия қалған.

Оған айылын жияр Арекең бе:

— Кім деуші едім сені?! Құның көк тиын, боқты көт Қамысбексің. Көрмей жүрме едім сені. Қатының дейді ғой. Менің қатыным сенің қасында төре шығар. Артыңа қарамайсың ба, сорлы... Жанысбек екеуің Балпақты қалпақтарыңа тосып сигізіп алып жүріп кісі болған неңді алған сенің. Өйткен кісілігіңді...

Қамысбек «қап» деп тілін тістей алған. Амал не кеш қалды. Өтіп кетті. Ойда жоқта өзі жасады өзіне. Қайдағы бәлеге қайдан тіленіп ұрынды. Енді лажы жоқ. Болары болды. Арқарбайдың жаңағы қоқымасын естігенде құшыкеш бухгалтердің әкесі базардан келгендей көзі жайнап, сұғанақтана жымығанынан-ақ шошыған...

Айта-айтпаса да қос қалпақ хикаясы сонан шайқайна-тымға жетер-жетпес уақытта кеңседегілерді қыран-топан күлкіге батырған. Кешіне бүкіл ауыл құлақтанып шықты.

Жанысбек күйді-жанды.

«Ақылы тұратын жерінде боғы тұратын бір тұтам неме ғой, мұнан не мән, не өрелі іс күтерсің. Қараң батқыр қу тәшбақ-ай, қараң неге батпайды сенің онан да. Тапа тал түсте қалың елге масқара қылды-ау. Құдайдың тас кенесі — Арқарбайда не әкесінің құны бар екен? Аулақ неге жүрмейді. Албасты-ай, албасты, соны алдап сулауға шамасы жетпегені ме. Қап, мына сволштың қорлығын-ай».

Тап қазір көзіне түссе Қамысбекті түтіп жеуі сөзсіз.

«Қайдан ол көзіне түссін. Құдайдың құлағынан ұстағандай болып шортиып жүрген шығар орталықта. Бұл әңгімені жуық арада жайлауға қатынаған шоферлардан естіп үйден шыға алмай қалды ғой. Қап, ұят-ай! Қалпағының

атасына нәлет, соған мен қалпақ әкеліп бер дегендей...»

Жанысбек жөр бауырлап әрі дөңбекшіді, бері дөңбекшіді, басқа не істесін...

Ал бұл әңгіме құлағына тигенде Қыжым кемпір қос қолын отқа басып алғандай:

— Алда, ессіз қалғыр-ай,— деп ыршып кеткен. Екі қолына нәжіс жұғып қалғандай, тыжырынып, өз-өзінен жиіркеніп, әбден әбигерге түсті. Ыстық сумен, салқын сумен қайта-қайта сабындап шайды. Жауынды күні лайланып кетпесін деп есіктің алдына төктірген майда құмқайраққа ысқылап үсті-үстіне жуды. Әйткенімен көңілі жайлана қоймады. Бір түйткіл кетпей тұрып алды. Ыдыс-аяққа таянуға сақтанып, көпке дейін шәй ішетін кесесін ернеуінен ұстай алмай жүрді. Онан кейін де оқта-текте есіне түсіп кетсе:

— Тфа-тфә, ессіз қалғыр-ай,— деп екі қолын сілкілеп, етегіне сүрткілей жөнелетін. Сөйтіп тұрып қос қарақшының басындағы қос қалпаққа қос бүйірінен шаншу қадалғандай қинала, ұнатпай қарайтын. Жұлып алып лақтырып жібергісі келіп оқталып-оқталып:

— Құрысыншы, тағы қолымды былғап, ұстап жүремін бе, ессіз қалғырды,— деп қана райдан қайтады. «Бір күні жел ұшырып па, тозып па құрыр, өзі» деп көңілін демдейді.

Нар қамысты сыммен шарып буып, тізеліктен қазып көміп, басына, олқы болса жел ұшырып кетіп жүрер дең, ескі-құсқы шұлғау, шөлке, шүберектерді үсті-үстіне орап, құны қалғандай тығыздап отырып кигізгенімен жұмысы жоқ.

— Жау алғырды жау алмайды екен. Не деген жаны сірі бәле,— деп қояды көзі түскен сайын кіжініп.

Жамандығы құрғыр оңайлықпен ұмытыла ма, еріккен елдің қылжағына бұл оқиға қазірге дейін тұздық. Жанысбек шымбайына батқан соң шамданып орталыққа соққан сапарында екі-үш рет көзін құртуға әрекет етіп көрген. Жау түскірдің шарбағы мұндай ит тұмсығы өтпейтіндей болар ма. Сыммен торып, түбін көміп, биік етіп жыңғылдан тұрғызған албарға тісі батпады. Не үстінен қарғып түсуге келмейді, не бұзып өтуге келмейді, түн қараңғысында түртінектеп жүргенде, қолы-басын бұтаға тырнатып, босқа әуресі шықты. Ақыры кіре алмай қолын бірақ сілтеген.

Көше мен көшені жалғастыратын, кеңсеге қарай қатынайтын, жалғыз аяқ соқпақ осы Қыжым кемпірдің шарбағының түбінен өтетін. Енді «қос қу» ол түспен жүруді қойды. Басқа жақпен айналып барады. Балпақ та жайшылықта әрлі-берлі қатынағанда бұл жаққа көз қырын сал-

мауға тырысатын. Неге екені белгісіз қызып алған кездерінде тұсынан өтіп бара жатып әлгі қарақшыларға арнайы бұрылып қарап, өз-өзінен:

— Қос қудың тұрысын қарашы,— деп мырс-мырс күлетін.

Ал, ол түскірі, бәтшағар, керексіз нәрсеге өлім жоқ деген рас-ау, сонан бері талай уақыт өткенімен, не қыстың қарлы боранына, не шілденің ыстығына мәу демей, қалқайып әлі тұр. Қыжым кемпірдің жүйкесіне тиіп тағы қанша тұрарын құдай білсін.

АҒАЙЫН АРАСЫ

«Жат жарылқамайды, өз өлгірмейді».

(Халық мақалы)

Марттың аяғын ала берілетін оқушылардың көктемгі апталық демалысына шығып, құмда отырған үйіне келген Берден әкесі Серәлінің сәлемнен кейін:

— Иә, орталықта не әңгіме, жаңалық бар?— деген әдеттегі үйреншікті сұрағына бұл жолы қоржыны қомақты кісідей компия отырып, күні кеше құлағына тиген әңгімені ентелей түсіп, танаурай жеткізген:

— Көке, біздің колхоз совхоз болатын болды.

— Әй, не дейді? Бұл қашан шыққан әңгіме? Кімнен естідің? Жұрттың алып-қашты сөзі емес пе өзі?

— Жоқ. Рас, көке, бәрі айтып жүр. Біздің мұғалімдер де. Колхоздың бастығының өзі айтыпты.

— Ә-ә,— деді Серәлі аңтарылып, ойланғандай.

Өзінің жеткізгенше асығып, алып-ұшып келген жаңалығына әкесінің мақұл екенін, жоқ әлде, ықтияр болмағанын ажырата алмай тосылған Берден ақыры шыдамай:

— Көке, совхоз жақсы ғой,— деді.

Серәлі баласына бұрылып, оның мына жаңалыққа құштар, елпілдей құлшынған кейпіне күлімсірей назар салып:

— Жақсы екенін сен қайдан білесің? Совхозда болып көріп пе ең, әлде мектептерінде оқыта ма оны да,— деп қуақылана сұрады.

Берден бұл сауалға әзір емес еді, қысылып, ыңғайсызданып қалды.

— Жақсы деп айтып жүр ғой,— деп күмілжіді.

— Жақсы болса, жақсы шығар,— деді Серәлі келіскен сынайда, баласының көңілін қалдырғысы келмегендей.— Іләйім жақсы болсын. Көптің күні қарайтын нәрсе. Біздің жақтарда бұрын-соңды совхоз деген ұйымдасқан емес. Бірақ мен ертеректе, облысқа жиналысқа барған сапарымда бәрімізге қала маңындағы совхозды аралатып көрсеткені бар. Ой, олардың тұрмыс-тіршілігі өзгеше. Ондайға жете

қалсақ қанекей. Әй, айт-айтпа, қала төңірегіндегі аудандардың жері, суы мүлдем басқа ғой. Біздің жақ тәрізді шөл аймақ емес. Тұнып тұрған байлық-ау, шіркін...— Серәлі қуаң даладағы табиғатқа тіленіп, үнемі шөліркеп жүретін шаруа адамдарына тән мінезбен, қол жетпеске қынжылғандай сыңайда тамсана түсіп, сақалын сипап қойды.— Жарайды, қайырын тілейік... Заман тұзу, енді ел аш-жалаңаш болмас. Халыққа не жақсы, қолайлы — өкімет өзі білсе керек қой. Сол тиімді, дұрыс деп тапқан соң жасап отырған шығар.

Осы кезде Серәлінің әйелі Қалима сөзге араласқан:

— Ой, көкетайларым-ау, колхозбен, сол совхоздың ауыртпалығы әкелі-балалы екеуіңе келіп түскендей соншама қиналып, толғатасыңдар,— деп әжуалай күлді.— Қайсысы жақсы, қайсысы жаман деп біреу сұрады ма сендерден. Жоқ, ауыс-түйісте қызметтен дәмелерің бар ма?! Сендерге кім қызымет бере қойсын. Колхозда баққан қойынды сол совхозда да бағатын шығарсың. Шаршамай, шайларыңды ішіндер, суып қалды.

Серәлі әйелінің «қазылығына» аса ықтияр қабақ танытпады.

— Сөз екен-ау, шіркіндікі,— деп қиястана мырс етті.— Осы жерден басқа жаққа көшіп кетейін деп отырсың ба? Елдің әңгімесі, жұрттың қамының кімге бөтендігі бар? Сол селбесіп күн көріп отырған көптің бірі сенсің. Халыққа ортақ әңгімені қалай сөз етпейсің. Қатын деген де, боқ жеп, араласпайтын жерге араласады. Жөнін біліп, тыныш отыр-сайшы жайына.

Секең сөйтіп «сары кемпірді» нықыртып алған соң көңілі жайланып, енді шаруаның ыңғайына көшкен.

— Әй!— деген, әлгі сөзіне кінәлі саналып, соны өзі мойындаған кейіпте пұшайман күйде отырған Қалимаға қарап:— «Берден бар үйде, малды есекке мініп айналдыра тұрар. Мен екі-үш күнге орталыққа барып қайтамын. Не әңгіме екен мынау. Кіріп-шығатын өлген-житқан бар дегендей. Қатыспағалы көп уақыт өтті өзі.

Күйеуіне қарсы сөзі жоқ Қалима:

— Жарайды. Қыстың іші емес. Күн жылынды, әуе ашық. Тәуекел. Малға алаңдама. Барып қайт,— деген келіскен раймен.

Серәлі сонан соң сандықтағы бір киерді шығартып, желге қақтырып, мес қарын торының үстіндегі күнделікті шаруаға мінетін жаймауыт солдат ерді сыпырып тастап, керегенің басында ілулі тұратын құранды ерді ерттеген...

Шұғыл естілген әр жаңалықтың әуес құлақ жұртты

елең еткізер желпінісі мен бірге «арты қайтер екенді» қоса ойлататын аңтарылыс тосылысы, сонан соң біраз бой үйренгенше көңілден түйткілі тарай қоймайтын жатырқау, өгейсу тәрізді, пендеге тән, қобалжу сезімдері қабаттаса жүретін әдеті ғой. «Қатар отырған «Жаңа жол» мен «Бұлақты» колхозы бірігіп, совхозға айналатын көрінеді» деген тосын хабардың да бірқыдыру дүрбелеңі болмай қалған жоқ. Әрине, шаруа баққан көпшілік жақсылы-жаманды үйреншікті тұрмыс, тіршілікке құмбыл. Сол күй, қалыптарына соны өзгеріс, жаңару іздеп алаңдап, құлшынып, сабылған елгезектік байқата бермейді. Қойы төлдеп, егін жиналып жатса соған риза, соған шүкір. Ол деген — көйлектің көктігі, тамақтың — тоқтығы. Өздеріне салса сол «айналмай-ақ та», «қосылмай-ақ та» осы колхоз күйінде қала берер еді, ондай атты күн қайда?! Жоғарыдан шешіліп, пішіліп келген мәселе. «Аудандағы жиырма шақты колхоз жеті-сегіз совхозға бірігіп, жаңа шаруашылық болып ұйымдасады».

Осы әңгіме тиғысымен кешікпей-ақ «Жаңажолдың» кеңсесінде аудан басшыларының қатысуымен колхозшылардың жалпы жиналысы өтіп, «совхозға ұйымдасамыз» деп бір ауыздан мақұлданған қаулы қабылданды.

Бұл жиналыс көптен бері гу-гу жұрттың аузынан түспей, көңілдерін алаң, ұйқыларын шала етіп жүрген талай жайлардың, әйтеуір, бірінің басын ашып берді. Совхозға директорлыққа «Бұлақты» колхозының председателі бекітілген. Бұл шешімді «Жаңажолдықтардың» сүлесок, салқын қабылдауы ешкімге таңсық көріне қоймас, әрине. Бірақ, әлі де тілге тиік боларлық, сан зердені сансыратып, сан жүйкені шаршатуға жететін, шешімін таппаған жайлар шаш етектен. Және ол әңгімелердің негізі «совхоз активінің құрамы қалай іріктеледіден» өрбитін.

— Бас бухгалтерлікке қайсысы сайланар екен?

— Оу, біздікі отыратын шығар. Ана колхоздікі, әшейін, практиканың арқасында жүрген кісі ғой. Білімі жоқ. Біздікі оқуын бітіріп келген емес пе?

— Жеме-жемде оқу-шоқуыңа қарамайтын кездер бар. Айналып келгенде директор өзінің қолайына жаққан адамын алады.

— О, неге, ішінді ұрайын, директордың жекеменшік жұмысы дейсің бе? Оған да ақыл айтатын, араласатын кісілер бар шығар. Аудан не бағып отырады.

— Осы, қазақы түсініктерің қалмайды-ау, осы ауыздарыңмен орақ орып, қомпылдағандарыңды қашан қоясыңдар.

— Әй, қазақы түсінігің не, орақ орғаның не? Дұрысын айтқанға жазықтымыз ба?!

— Нең дұрыс деп отырсың?!

— Е-е, нем бұрыс?!

— Аудан совхозды кімнен сұрайды? Сенен бе, директордан ба?

— Енді, директордан сұрайды ғой, енді...

— Ендеше дымың ішінде болсын. Ауданда сол директордың айтқаны өтеді алдымен. Оған көңің келмесе еріңді баурыңа алып тулай бер, есігіңнің алдында. Үзеңгіге аяғың ілігіп, тоңқалаң асқаныңды бірақ білесің, ха-ха!

Уәжден тосылған жігіт шарасыздау кейіпте күмілжиді.

Бұлар үшін совхоз орталығы «Жаңажолда» болатыны жарты көңілге жарым демеу қызмет атқарып тұрған. Әлгі жігіт соны есіне алып, «суға кеткен тал қармайдының» кебімен:

— Әйтеуір, кеңсе осында қалады ғой, орталық бізде емес пе?— дейді.

— Сен, немене, мықтылығыңнан алып қалдым деп отырсың ба орталықты осында. Ол жақта орталыққа жай болар қоныс бар ма? Екі жыраның арасына қыстырылып өздері әрең сиып отырған жерге мұншама елді көшірмек пе?! Әрі біз ауданға таяу тұрмыз...

Қазіргі «ассалаумағалейкумнен» кейінгі әңгіменің арнасы осылай саятын. Қалай дегенде де бұл күндері кездесе кеткен сәттерінде сырттай сыр беріспегенімен екі жақтың кісілерінде іштей бәсеке, бақастық, аңдысу тәрізді мінездің ұшығы жоқ емес-ті.

«Ата қуған алыстайдыны» айтып отырып-ақ шежіре, тарихты жілікше шағып, кім-кімді де түптетпей тынбайтын қазекеннің бөліп-бөлшектеуіне салсаң, шындығында, бұл екі ауылдың жандары осы төңіректегі белгілі бір жұрттың бір тармағынан сабақталып өретін ағайынды атаның балалары. Ертеректе қыз алыспаған бауырлар екенін де өзді-өзі жоққа шығармайды. Сонан соң да талай елдің басы түйіскен, алқа-қотан жиындарда, сыбаға бөліскен сый тұстарда бөлінбей, Әліп-Жөгі делініп бірге атала салуға қошуақ, мақұл ыңғайда. Жөн-жолымыз басқа, бөліп-бөліп ата деп сөз араластырған кезі жоқ. «Бөтендігіміз қайсы, бәріміз бір атаның баласы емеспізбені» әрдайым-ақ шын көңілмен айтатын тәрізді. Ал енді онан төмендеп ауыл-үй арасына таянғанда, жасыратын не бар, тіршілік иттің иінімен, кей тұста, «анау ата», «мынау ата» болып өзара «жарылып» қалатын сәттері жоқ емес осылай. Соның бір көрінісі

осынау совхозға айналғалы тұрған өлара шақтағы дүрбе-лең кезде шаң беріп өткендей. Әсілі, жалпы көптің таласқа түсетіндей бөлісе алмай жатқаны шамалы. Бұл жерде тек долыққа күйу тәрізді тірлік. Ауыл жігітінің шашбауын көтеріп, сойылын соққандай ыңғай — қалып қана. Ауыл жігіттерінің де жағдайының төркіні түсінікті. Кімнің қолтығына қыстырған папкесті мен астына мінген атынан айырылғысы келсін. Айырылғысы келмеген соң әр әрекеттің басын шалып қам жасайды. Соның бірі ағайынның құлағын түріп, өзіне тілектес етіп, кісі басы қосылған жерде сөзін сөйлейтіндей етіп қою. Ол үшін өзіне осыдан қауіп бар-ау деп санайтын көрші ауылдағы бәсекелесін қисынды тұста қыжыртып, тілектес туысының көңіліне көлеңке түсіре беру үйреншікті үрдіс. Осындай-осындайдан келіп ірге қосқалы отырған екі ауыл жандарының арасына, қайта түсінісіп кеткенше, бір қауым уақыт салқындық сыз берері сөзсіз. Соның бір ұшығы Серәліні де сүйкеп өткендей...

Бұрынғы колхоз кезіндегі қалыптасқан үйреншікті тірлікке, біреулерге қолайлы көрінгені бар, біреулерге қолайсыз көрінгені бар, қалай дегенімен, едәуір жаңалық, өзгерістер болмай қалған жоқ. Ол жағдай малшылар тұрмысында да байқалған. Әсіресе, өріс-қонысы ауысып, араласып дегендей. Талай жылдан бері бауыр басып кеткен қысқы көң, жазғы жайлауын өзгерту малшы қауым үшін қиыншылықта ел-жұрттан бөлініп, шекара асқанмен бірдей. Табиғатында малсақ халықтың, тым жерсақ — жұртшыл болуы тиісті заңдылық па екен, жоқ бұл да әлде үйренген әдетіне көмбіс, жайтабан мінезінен туындайтын марғаулықтың салдары ма ол жағы жаратылыстың өзіне ғана аян, әрине. Ал әзірге ақитқат шындық — Серәлінің жазға қарай жайлау ететін «Домалақ көлден» «қоныс аударып, Жонға шығатын болғаны; оған өзінің қатты қынжылып ренжігені. Бұлай болатын себебі совхоздағы малдарды іріктеп ферма-фермаға қайта бөлгенде «Жаңажол» колхозының бұрынғы орталықтағы фермасына қарасты екі отар қой «бұлақты» колхозының малшылар тобына барып қосылған. Қосылайын деген жоқ-ау, апарып қосқан... Басшылық солай шешкен соң бас тартуға лаж не?

«Бармаймын, қойынды санап ал» деп айта алмайды. Күн көріп отырған кәсібі, оны тастап қайда кетеді?!

Ферма меңгерушісі Жылкен бұрын аса таныстығы жоқ, сырттай білістігі болмаса, өзімен көп кездесіп тілдеспеген де жігіті екен. Енді араласа келе байқаса — мінезі қисықтау, тоң-торыс, өзімшілдеу жан тәрізді. Түсінісуі қиынға соғатынын ә дегеннен-ақ сезген.

Серәліні бұрын істеп көрмеген жаңа фермаға ауысуы; үйреншікті жұрттан қоныс аударуы ғана емес, ең негізгі қинаған нәрсе басқа еді.

Бірге туған қыруар бауырдан қазір жер басып жүрген жалғыз ағасы Бекті орталықта отыратын. Жасы келген, сүт қатқан шай мен түйенің шұбатынан басқа қорегі жоқ. Сол үшін таяу қыстау — қора, жайлау — жұрттан ұзамайтын. Жақын жерден күнделікті сүтін, сусынын тасып беріп тұратын. Енді сонан алыстап кетпек. Тек аққа сүйеніп, әдеттеніп қалған қария кісіге, тіпті, қиын болатын түрі бар. Әлгіндей жағдайын айтып, ферма меңгерушісіне:

— Мен осы орталық маңындағы өз қонысымда отыра берсем қайтеді. Ақыры бұл төңіректе үш-төрт отар қалғалы тұр екен ғой, соның бірі болып,— деп өтініш білдіріп көрген.

Еңгезердей, қомпиған, бопса денесіне лайық жуан дауысымен гүрс ашуланғаны Жылкеннің.

— Сен, немене, бөлек мемлекет пе едің, ел көшіп жатқан жайлауға көшпейтін... Қалса ол отарлар қошқар мен тоқты отарлары... Бұл не сөз, не мінез? Әлде орталықтың жиналысын қимайсың ба?! Сондайың бар шығар. Оқасы жоқ, жиналысқа керек адамды совхоз өзі шақыртып алдырады. О, несі-ай! Көші-қонын әр қойшы өзі билейтін болса біз кімбіз, не керегіміз бар сонда. Қалқайып жүрген қарауыл болғанымызда...

Жасы мүшел кіші жігіттің екі сөзге келмей тап бұлай тарс кетіп, жөн-жосықсыз кекетіп-мұқатқаны табиғаты жуас болғанымен намысшылдау Серәлінің көңіліне шып ете түскен.

«Мемлекет болайын деп мықтылығынан, не жиналыс-құмар белсенділігінен мұнда қалғысы келіп отырған жоқ қой. Жағдайын әлгінде түсіндіріп-ақ айтты. Сақалды басымен кішірейіп, алдына келіп, өтініп айтты ғой. Бүйтіп асқақ мінез көрсететін не жөні бар?!»

Іштей осылай ширығып, лықсып келіп, тілінің ұшына оратылған сөздерді басып-басып айтып жібере жаздап, өзін-өзі сабырға жеңдіріп тоқтаған. Бірақ үнсіз қала алмай:

— Әй, Жылкен, бәрі совхоздың жері, бәрі совхоздың малы емес пе? Тоқты мен қошқарлардың ішіне жаққан шөп мен баққан отарды тышқаққа ұрындырмас. Жылдағы жайылып жүрген өрісі, әрі менің алдымдағы қозысы саналмай қалатын саулық емес, етке өткізетін кәрі қой. Мұнда қала бергені қай қисынға қырын келіп тұр. Оның үстіне жағдайымды айтып отырмын ғой,— деген.

Ферма меңгерушісі ендігі сөзді қысқа қайырды:

— Жағдай-мағдайыңды білмеймін. Ертеңнен бастап көш. «Шошқа бұлақтан» асып, «Үшбастың» жоғарғы иығына барып қон. Күзге дейін сонда боласың. Қыстау жайын кейін көрерміз ойластырып.

Осыны айтты да мендегі шаруаң бітті дегендей ол орнынан тұрып жүре берді. Серәлі аң-таң күйде аттанған.

«Ассалаумағалейкумді аяқтамай жатып бұл не қырын келіс?.. Терісі қалыңдау жігіт қой, дүңк мінезі бар шығар, жарайды. Бірақ мінез кімде жоқ. Мінез көрсетудің де орны болса керек-ті. Бұл оның шамына тиетіндей әңгіме айтып, іс істеген жері жоқ. Байқайтыны мұны көргеннен сәлемі салқын, әйтеуір. Тым менмен, тәкаппар, кісіні жаншып, төмендетіп, нықыртқанды тәуір көретін қалпы бар. Бұл жаман әдет қой. Әсілі атқа мінгендердің осы әдетпен ауырып шыға келетінін талай көріп жүр. Кейбірі сол астам-үстемдігін күнкөріс көзіне айналдырып алғандай сыңайы бар ма қалай? Өзінен жоғары, күні түсетін адамның ширатылып, иықтай бергенінен ығыры шыққан жуас қолдылау, қайсыбір шаруа жандар: «Кұрсыншы, осы бәленің көмейіне тастайыншы, қабаған итше ырылдата бермей, мазамды кетірді ғой» деп азды-көпті сый-сияпат жасап жүретінін де сезеді. Қанағатсыздары, тіпті, соған әдеттеніп кетеді. Ой, бұл қу құлқынға тию жоқ екен ғой. Бала кезінде кейбір би-болыстардың, ауылнайлардың осындай әрекетін аңғараны бар еді. Бүгінде мынау атқа мінерлерің де сол... Әлде жалпы пендеге тән, тіршіліктің орайы ма екен бұлдағы. Мынау да сөйтіп жүрмесін. Ойыңда сондайы болмасын... Е-е, ондайы болса бүйтіп кісімсімей-ақ сездірмей ме. Күнделікті араласып-құраласып жататын адамдармыз. Мал ішінде жүрміз. Жерге қарап отырған жоқпыз. Бірер қонағын атқаруға жарармыз. Онан ештеңеміз кетпес. Ағайынгершілік шаруа ғой, әйтеуір. Ал өзі ондай ешнәрсе айтпаса, қарызым жоқ, қауғам жоқ, жөн-жосықсыз немді ала жүгірмекпін мен. Әрі осы жасыма жеткенше істеп көрмеген кәсібім. Сақалым сапсып не деп сүмірейіп бармақпын. Ішінді ұрайын, шынымен мені қорқытып, кіріптар етемін деп жүр ме осы. Боқты қорқытарсың. Тапқан екенсің бейшараны. Тәуекел, көріп алдым...»

Ферманың кеңсесінен шыққан бойда «Домалақ көлде» отырған үйіне бет алған Серәлі жол бойы осылай ой қашырып толғана келе, тоқетерінде өзінің үйреншікті «тәуекеліне» ат басын тіреген. Сонан соң бойын тіктеп, жинала түсіп, асықпай, оттай аяңдаған мес қарын торыны бауырға камшымен тартып қалып:

— Шүү-уу!— деді.

Күйеуінің қабағын сонадайдан, ат үстіндегі отырысынан аңдайтын Қалима бұл таяна бергеннен алдынан шыққан.

— Немене, келіспеді ме?! Бәсе, қырсықтау жігіт қой, келіспейді-ау деп едім өзім де. Ойпырым-ай, қарияға обал болатын болды-ау.

— Буынып-түйініп дайындала бер, көшеміз ертелеп,— деді Серәлі көп сөзге бармай.— Шайың дайын ба, жасап жіберші, қазір...

Осы уақиғадан кейін көңіліне дық алып қалған Серәлі ферма меңгерушісіне кезіккен жерде, өзге малшылардай елпілдеп сәлемдеспейтін. Салқын ғана саулық сұрасатын. Мұның бұл шымырлауы табиғатында тәкаппар жігітке, әрине, ұнаған емес. Оның да мықтап түйіп қойғандай, кезеңді сәтін күткендей кебі бар-ды. Дегенімен бастықтың мысы ауыр емес пе, Жылкеннің әр жолыққан сайын жүрген жүріс, сөйлеген сөзінде Серәлінің жүйкесіне түсетін салмақ жататын. Салмақ иесі соны сезгендей нығырланып, мұның қай тірлігіне де қыдыя кететін. Сондай-сондайдан шаршап, қажалып, Серәліні де қыжыл меңдеп алған. Жарыларға шақ жүрген жайы жоқ емес.

Өстіп жүріп жазды өткізген. Таудағы малдың алды көшіп, етекке түсе бастады. Әні-міне дегенше күзгі қырқымның хабары шыққан. Қырқым пункті етектегі ферма орталығында ашылатын болыпты деп естіген.

Серәлі кешкілік өрісте тұрған. Жонның тастақ жолының шаңын аспанға шығарып, сонадайда ызғытып бара жатқан «водовоз» мұның тұсынан өте бере кілт кері қайырылды. «Малшыларды аралап жүрген мамандардың бірі шығар, мені көріп бұрылды ғой» деп жайылып жатқан малдың солар жақ тұсына қарай атын қамшылай түсті. Машина әлгі екпінімен қалың біткен бетеге мен жусанды жапыра сызып отырып, бұл жақындағанда, жерге бырдай болып жабыса қадалған отардың бір шетін жау тигендей дүр еткізе келіп кілт тоқтады. Көптер бері жауынсыз тұнып тұрған, шөп басын тұтқан тозаңнан көтерілген жұқалтаң шаң ат үстіндегі мұны бір қауып өткен. Кабинадағы ферма меңгерушісінің өзі екен:

— Ертең қойыңды қырқымға айдайсың,— деді.

Серәлі енді аз күнде етекке қарай көшетін шығармын. Малымды сол жақтан, жақын жерден, қырықтырармын деген есепте еді.

— Оу, батырым-ау, сенімен бір хабарласып, рұхсат болса төменге, күзеуге түсе берсем бе деп ойлаған ем. Осы жақтан айдамалдап жүргеннен гөрі қырқымға сонда барған соң-ақ салмаймын ба?!

— Ойпырым-ой, кілең кері сөйлемесең ішкенің ас болмай ма?! Неғылған адамсың?! Мен не айтып тұрмын. Ертең айда дедім ғой. Қырықтықшыларға келесі кезекте сенің отарың түседі деп кеттім. Енді олар сені күтіп қарап отыруы керек пе? Малды пунктке уақтылы жеткіз. Бір сағат та үзіліс болмасын. Қайшыны тоқтатып қойып жүр ме?!

— Ал, сонда менің көші-қоным қашан?! Күздей осында отырамын ба?!

— Отарыңды қырықтырып келген соң көшерсің. Қазір оған уақыт жоқ. Бір сағаттың өзі қымбат, білесің бе?!

Машина бұрылып алып, жаңағы келген ізіне түсе бере мұны өңменнен көздегендей бір уыс көк түтінді бұрқ еткізіп тастап жөнеле берді.

«Бұл да бір қиястығы-ау жасап бара жатқан,— деп опынды Серәлі.— Кеше мына екеуін шақырып алғаным абырой болған екен. Әйтпесе, табан астында қоралы малды қырқымға жалғыз өзім қалай айдар едім».

Күзеуге қарай көшу басталған соң онсыз да алаңдап, қопандап отырған Серәлі ертерек буынып-түйініп дайындала бастаған. Бірі өзімен серіктесіп мал айдасуға, бірі жүк артып-түсіруге керек деп, қатынасқан кісіден сәлем жолдап, ауылдан, орталықтан, жетінші класс оқитын, қазіргі қарайып, көз алдында жүрген балалардың ересегі Берденді; сонан соң айтқанына қалт демейтін, елгезек пейіл, әрі өзіне жақын жанашыр санайтын жамағайын ағасы Нұркені шақыртқан.

«Онысы дұрыс болыпты. Көші-қонды кейін көре жатар. Ертең үшеулеп малды қырқымға айдасын».

Ас-ауқатын дайындап, далада болса, түнемелге керек көрпе-төсеніштерін қара нарға артып, ертелеп аттанып кеткен. Бұлардың ізімен баяғы орталықтағы фермадан ауысқан екі малшының бірі Оңдастың отары келе жатты. Екеуі жаз бойы бұрынғы әдеттерінше қоңсы отырған. Жылкен жаудан көшіп келгендей оған да, қыжырттып, қырын қабақтау екенін білетін.

Оңдас құдай тәубесі түзу, таза шаруаның адамы. Кісіге артық-кем сөзі жоқ, мақұлдың кісісі. Жылкеннің қойқап мінездеріне шыпылдай қоймайды. Ат үсті зіркілдеріне мән бермейді. Сонысынан да шығар, аудан басында тәп-тәуір абыройы бар, санаулы жоғарғы қызметте жүрген баласы бұл жайдан бейхабар. Оған шағынып, нала айтайын деген ой Оңдаста да жоқ. «Ауф! Шүкір»,— деп қойып малын қайырып жүре береді.

Жолай арлы-берлі ағылып қатынап жатқан шаруа соңындағы кісілерден алдағы кезектегі отардың қашан қыр-қымнан шығатынын сұрастыра отырып, малды ырқымен қаптата, аяңдата келіп, ертең ертелеп жүріп кетсе қырқынға сәске-түске жетпей-ақ барып қалатындай аралықтағы үстірт үстінің баялышты жазығына тоқтап, аттарын арқандаған. Әрине, осы күйлерімен тоқтамай айдай берсе ел қонағаға отыра барып та қалар еді. Оған малдың жайын ойлаған. Қойдың көктемгі жабағы жүні осы ферма орталығындағы пунктте алынған. Әдетте қырықтық басы болған маңай айтақырланып қалады. Қайшыға түсуге кезек күтіп, қайшыдан шығып дегендей төңіректі айнала түнеп, жайылып жататын көп отардың сан мыңдаған тұяғы жердің отын түтіп жібереді. Оның үстіне қысы-жазы қоныс аудармайтын ферма орталығындағы ауылдардың аздықөпті жекеменшік қара-құрасының айнала өрісі тағы сол. Бұлар түнде жетіп қонғанымен ертең түске дейін ана отар шыққанша малды осы айтақырға босқа иіреді. Онан кейін екі күндей қорада тағы қамаулы тұрмақ.

— Мал аштан-аш бұралып қалар. Обал шығар. Бүгін осында қонып ертең сәскеге дейін жайымен жайып барайық. Ақыры ана отар түске қарай шығатын көрінеді ғой,— деді Серәлі Нұрекеңе.

— Е-е, мейлі, жаздың күні. Айдала деп алаңдайтын жайымыз жоқ, түнеше несі бар. Жақсылап Берденнің шайын ішіп алып, оранып жатамыз,— деп ақкөңіл, ашық-жарқын қалыпта жадырай күлді Нұрекең.— Қойды өзі күзетеді, жігіт емес пе бұл.

— Ал, онда сен мосыны құр да, баялыштардың қу бұтақтарын теріп, жинап әкеліп, атаңа шай қайнатып жібер,— деді Серәлі баласына.

Торсыққа, кішкене сабаға құйып алған айран, қымыздары жеткілікті. Бағланның етін тұтас асып, түнде тоңазытып, қалың етіп, орамал сыртынан киізге орап салып алған. Қоржынның бір басында сыртына майы шығып, иісі бұрқыраған шанаш толы, құйрық майға қуырылған, он күн жолда жүрсең де не құрғап, кеуіп, не иісі шығып бүлінбейтін сары бауырсақ. Жолазықтан кенделігі жоқ. Күні бойы екі-үш жерде бел шешіп, сусындап, тамақтанған. Қарындары аш емес. Дегенімен күніне бір ішкен күрең шайдың жөні басқа ғой. Ашық далада үстірт үстінің төбеңе тигендей төніп тұрған аспаны астында, ауық-ауық соғып өтетін кешкі самалдан түйе жүн тартқан шапанмен қымтана түсіп, екі шал маңдайдан шып-шып шыққан терін орамалымен сүрткілей, жолдан шаршаған өңдеріндегі қы-

рыс-тырысы жазылып, ажарлары ашылып, құдайлары жарылқап, кәйіп болып отыр. Берден шай құйып беруде. Шайды тауысып, терді басып алған соң, әйда, әңгімені соға. Берден балаға да өмірдің бір рахаты осы қариялардың бірін-бірі тоса, бірімен бірі жарыса, бірін-бірі толықтыра өткен күннен қозғайтын, мақамы жатық, бояуы қанық, ұзын сонар әңгімесі. Қисайып жатып құмарта тыңдайды. Тыңдап жатып ысынып, суынады. Қуанып, ренжиді. Көңілді кейде мақтаншықа кенеп, шаттантады, кейде қоңырайтып, құлазытады. Шым-шытырық, шытырман оқиғалар, тағдырлар, сан алуан адамдар, жақсылық, жамандық — тапа бір көп сериялы киноға кіріп кеткендей әсерге бөленеді. Сөйтіп жатып қалғи бастаған шағында әкесінің:

— Оу қария, әңгімемен отырып байқамаппыз қыруар уақыт өтіпті ғой. Түн ортасынын ауған-ау. Сіз Берден екеуіңіз ұйықтап дем ала беріңіздер, мен енді малды күзетейін,— деген дауысын есітіп көзін ашып алады.

— Жарайды,— дейді Нүрекең,— алла бұйыртса мен кішкене мызғиын. Таң алдында оятарсың, сонан соң мен күзетермін. Сен де көзіңнің шырымын ал, жолдан бірге қажып келеміз. Ұйқы — ұры деген, малдан айырылып қалмайық.

— О, құдай сақтасын, далаға жаңа түнеп жүрмін бе, бір түнгі ұйқыға шыдамай, жата беріңіз.

— Кім біледі, жалғанның жазымы көп, сақтық дұрыс. Ұзақ күнгі жүріс, түнгі ұйқы екеуі қосылса кісіні шаршатпай қоймайды. Ал, аллаға тапсырдым. Қажысаң оят.

— Жарайды, қалғитын ыңғайымды сезсем айтармын...

Екеуі түнде малды кезектесіп күзетті ме, жоқ па ол жағы белгісіз. Берден сілейген қалпынан азанда әкесінің кіш-кіштеп мал қайырған дауысын, атасының жөткіргенін, аттың ауыздығының шылдыры мен қара нардың күріс-күріс күйіс қайырған дыбысын бірге естіп оянды.

Мұның тұрғанын көріп Нүрекең:

— Ой, батыр, ұйқы қанды ма?! Түрегел енді. Сусын ішіп ал. Жүрейік. Серәліні «өрген малды сәл қайырмалай бер, құдай жолын салса уақтылы жетерміз. Берден кішкене ұйықтап алсын» деп жібермей тұр едім, өзіңнің ояңғаның жақсы болды,— деп төсеніш киізді қағып түйеге артуға қам жасай бастады.

Күн жаңа шығып келеді. Төңірек таңғы сағымның мұнарына батып мөлдiрей маужырайды. Үстірт үстінен төмендегі, етектегі елді мекендердің қарасы дүрбімен тартқандай ап-анық, жақыннан қол бұлғап көрінеді. Беріректегі ферма орталығының іргесінен ойық-ойық ақтаң-

дақтанып басталып, әрі қарай шұбалаңдай созылған бидайықты саз күнге жайып тастаған түлкінің жон терісіндей көсіле түсіп көз ұшында кедір-бұдыр қарауытқан шоқат құмға барып сіңіп жатыр. Әр тұста бөлек-бөлек қорақопсы, киіз үйлі ауылдардың нобайы бұлдырайды. Онан күн шығысқа сала мынау сайын, сары далада оймақтай ғана ауқымда «Домалақ көлдің» айдыны жарқырайды. Ал ана тұтаса көлбеңдейтін совхоз орталығының қоныстануы. Осы көріністердің өзі кісі көңіліне жылылық, жайдарылық ұялатқандай. Жайыла жосылған отар соңындағы үшеу солай қарай биік қоңыр қырқадан ылдилай түсіп келе жатыр.

«Үйдегі көңілді базардағы нарық билейді» тіршілік қой. Бұлардың алдындағы сәскеге дейін қырқылып шығуға тиіс отар «қайшы бұзылды дейді, ток беріп тұрған мотор тоқтап қалды дейді» түс ауа әрең біткен. Енді бүгін мұның малының жартысы қырқылып үлгірмесі айдан-анық. Топырлатып бәрін бірдей иіріп босқа ұстағанша жайылымнан қалмасын деп Серәлі екі жүз, үш жүздей ғана саулықты бөліп алып, қораға қамап, басқа көпшілігін Нүрекеңнің алдына салып берді. Ауыл айнала жая тұрсын. Берденді жүн жинауға керек деп, қасында қалдырды. Күн бата қорадағы саулықтарды қырқып болған соң айдап отырып өрістегі Нүрекеңе келді. Кешегідей далада отырып шайларын ішіп, тамақтанды. Бел жазып аз-маз дамылдаған Серәлі Нүрекеңе:

— Сіз Берден екеуіңіз осы көп малдың қасында болыңыздар. Күні бойы жайылды ғой, түнде өре қоймас. Дегенмен сақ жатарсыз. Өзім де зер салып тұрармын. Ал мен мына қырқылғандарын бөлек иіріп ұстайын. Түстен бері қамаулы ғой, айдың жарығымен біраз жайып келейін,— деп атқа қонды.

Нүрекең оның артынан қарап отырып:

— Шіркін, Серәлілердің бейнетке мықтысы-ай. Алла қуат берсін, жазғанға. Кей қойшылар «таң атқанша өлмейді» деп ана ескі бос қоралардың біріне қамай салар еді. Тағы да атқа мініп түнімен мал жаюға кетті-ау, айналайын,— деді.

Өзін өкшелеп жүрген сақалды кісіні баланы аяғандай мүсіркегені Берденге бір түрлі қызықты көрінген. Әрі Нүрекең атасының әкесін соншалық жақсы көріп жан ашыған пейіліне риза болып, жүрегі елжірегендей еді.

— Ал, Берденжан, сен жатын орынның қамын жаса,— деді Нүрекең өзі түзге қарай бет алып.

Берден астарындағы киізді қағып, қайта төседі. Ердің

үстіндегі көрпешені, тоқымды босатып әкеп екеуінің астына қатар салды. Желдікті өзіне жастықтың орнына қалдырып, нардың жадысының үстіндегі жабағы бөстекті атасының бас жағына тастады. Сөйтіп енді қандай тапсырмасы болады деп күтіп отырды.

— Сен жатып ұйықтай бер, қалқам,— деді Нүрекең қайтып келген соң.— Мен ояу отырып күзетейін. Үйренбеген жер, түнде малы түскір елегізіп, өргіш келеді. Сақтық жақсы. Кәрілік ит қажап, мүжіп, жеңген ғой біздіде. Баяғы қуат жоқ. Алда-жалда қажып, ұйқы шыдатпаса сені тұрғызармын. Шай қайнатым қисайып, көз іліп алармын. Сонан соң оят, өзім қараймын... Ал жата бер, қалқам.

Берден таңертең абыр-дабыр сөйлескен дауыстан бірақ оянған. Күн көтеріліп қалыпты. Нүрекең мен әкесі екен. Сөз ыңғайлары шаруа бөлісіп жатқан тәрізді.

— Сіз осында ана қырқылған қойларды қайырмалап жая беріңіз. Мына қайшыға түсетіндерін Берден екеуіміз айдап кетейік. Түс ауа бітсек бізде келіп қалармыз,— дейді әкесі.

Сонан дүркірете айдап әкеп малды қораға қамаған бойда қайшылар зіркілдеп, қырықтықшылардың айқай сүреңі құлақты тұндыра іс қарқынды-ақ басталып кеткен. Сәскеге дейін едәуір еңсеріп тастаған. Осы екпінмен, тіпті түске дейін болып та қалатындай ма еді, қалай. Бірақ...

Таңертеңгілік теріскей көкжиектен шөкім бұлт көтерілген. Қай кезде де әуеден жауын күтіп шөліркеп отыратын қуаң даланың жұрты мезгілдің бұл шағында жаңбыр жауады деп есептей бермейді. Жаз болса да ылғалсыз өтті. Күздің қоңыр жауынына әлі ертеректеу. Сонан соң ауа райына назар аудара қоймаған. Бас көтертпеген абылаңқы тіршілікпен жүріп аңдамапты сәске кезінде байқаса көк жүзін бұлт тұтас торлаған, аспан қарауытып, әлденені ойлағандай түнеріңкі күй танытқан сыңайда.

— Әй, мынауың жаңбыр болмасын, тым тұнжырап кеткен екен?!

— Ой, жауын қайда, дауыл болып жүрмесін.

— Жоқ жауынның бұлты тәрізді.

— Бұлты бұлт-ау, алайда, қазір жел тұрып, ыдыратып айдап кетеді ғой. Жаудырар дейсің бе!

— Шынында, кейнгі кезде сондай сұмдық шықты осы. Төбеңе бұлт үйіріліп жаңбыр тамшылай бастаса табан астында алай-түлей жел тұрып, қуып жөнеледі. Кезерген тандайынды тамсанып, шаң жұтып қала бересің.

Көпшілік жұмыстан сәл бас көтеріп, өстіп сәуегейлік жасап тұрғанда алғашқы тамшылар тырс-тырс тамып өтті.

— Ой, жарықтық, мынау жауатын түрі бар,— десіп ересектері алақандарын, жүздерін аспанға тосты, балалар тамшылармен жарысып асыр салып кетті. Ә, дегенше нөсер төгіп жөнелді. Жұмыс сап тоқтаған. Қырықтықшылар жатын үйлеріне қарай жүгірісті.

Қайшыдан шыққан-шыққанынша кең албар қораның бүйіріндегі ағаш шарбаққа бөлек қамап қарасы едәуір жиналған соң жаңа ғана қыркылған саулықтарды айдап апарып Нүрекеңнің алдындағы малға қосып қайтқан Берден сүмектеп жаңа жеткен.

Әкесі:

— Енді жауын басылып, жел қағып, жүні кеппей қайшыға түспейді. Қойларды қорадан шығарып, өрістетіп жая бер. Мен мына жүндерді жинастырып өткізейін. Күн ашылып қырықтықшылар қайтып орала қойса өзім барып хабар беріп бірге айдасып келемін. Оты бар жерге алып кет,— деді.

Бұл қой мен ешкіден ашқарақ, тойымсыз мал жоқ. Азаннан бері жайылмай қамаулы тұрғанның өзіне апталап нәр сызбағандай, өңмендеп, бұта-бұтаны қуа жер көкке тұрмай жосыды дейсің. Оның үстіне ауыл маңында да тіске ілінер түк жоқ. Солардың әуенімен Берден маңайдан алыстап кеткенін аңғармаған. Бұл кезде апыр-топыр төгіп өткен нөсер шайдай ашылып, күн көзі көрініп, далада салқын самал есе бастаған. Жауыннан кейін жасаңғыраған төңірек, жұтсаң тоймас таза ауа жан-жануарды жадыратып, өзгеше күйге енгізетінің қайтерсің. Берден де еш нәрседен қаперсіз, қиялшыл бір жаймашуақ көңілде, қуанышты еді. Ауыл жаққа алаңдай қойған жоқ. Әкесі өзі келемін деген. Сонан соң ат үстінде малдың ырқымен ілесіп жүре берген.

Бұл кезде жаңа ғана ат тұяғынан езіліп жатқан жер беті дегдіп, жауыннан кейінгі ылғал демі қайтып, жел лебі құрғап, күн қайта ыси бастаған. Кенет баланың құлағына әлде қайдан талып жеткен айқай естілген тәрізденді. Басын шұғыл көтеріп, айналасына жағалай көз тастаған. Арттағы ауыл жақтан осылай қарай шоқырақтатып келе жатқан аттылы кісінің қарасы көрінді. Басындағы бас киімі болар қарғадай жалпылдаған әлдене қарайғанды оң қолына көтеріп ұстап, дамылсыз бұлғайды. Малды қайыра айда деген әкесі екенін біле қойды. Атты қамшының астына көміп жіберіп:

— Ай-ай! Айт! Айт! Қайт!— деп бытырап жайылған қойдың алдына көлденеңдей шауып шығып, әп-сәтте шашырап жатқан отарды шоқтай қылып жинап алған.

Ауылға қарай бет алғанда әкесі де келіп жетті.

— Ту-уу, балам-ай, осыншама алысқа кеткенің-ай! Өсіп алаңсыз жүре бере ме кісі. Жауын басылып, күн ашылған соң-ақ ауыл жаққа ыңғайлай бермейсің бе?! Қашан айдап жетер екенбіз енді? Қырықтықшылар қарап, күтіп қалатын болды-ау!— деп ренжіді.— Бол енді жылдамырақ жүрейік.

Серәлі текке әбіржімеген болып шықты. Екеуі екі жақтап жан-тіндері қалмай малды қуалап айдап жеткенде күтпеген көріністің куәсы болды. Қырықтықтың албарына басқа бір отарды кіргізіп жатыр.

— Ой, мынауы несі?— деп маңдайға ұрғандай аңтарылып тұрып қалды Серәлі.

— Көке, Ондастың отары ана кіргізіп жатқандары,— деді Берден де аң-таң күйде.

— Бұл қалай?! Сен қойды осы жерде иіре тұр, мен барып білейін,— деп шаба жөнелді әкесі.

Әңгіме былай болған-ды.

Жауын басылып, күн ашылып, жер дегдігеннен кейін қырықтықшылар жинала бастаған сәтте «мен малды айдап келейін» деп қамданған Серәліге Жылкен жатта келіп ашуланды.

— Осы уақытқа дейін не бітірдің?! Қырықтықшылар келгенше малды қамап қоймайсың ба?! Бәріміз сенің ауаныңа қарап қол қусырып отырмақпыз ба?!

— Ойбай-ау мен кішкене қоя тұрайын, малдың жүні әбден кепсін дедім ғой. Қазір айдап келеміз.

— Кеппей жүніне мұз қатып қалды дейсің бе, керен-аулық қой сол...

Оның сөзінің соңын тыңдауға мұршасы болмаған Серәлі атқа міне салып шапқан. Баласы түскір де осыншама ұзатып жайып кетер ме... Бұл кешіккен сайын ұрынарға қара таппай отырған Жылкен қиястыққа басты.

— Мұнан кейінгі кезектегі қырқымға түсетін отар жақында болса айдап келіп қамандар,— деп қарамағындағы — ферманың екі-үш қызметкеріне бұйрық етті. Төңіректе тұрғандардан:

— Жылеке-ау, ана отар әлі қырқылып біткен жоқ қой, жарым-жартылай қалай енді...— деп күмілжігендер болып еді, ол бастырмалатып, сөзге құлақ асар ниет танытпады.

— Жарым-жартылай болса жатсын осы жерде. Қалғанын мына отар шыққан соң қырқады. Оның ырғатылғанына шыдап отыратын уақытымыз жоқ. Әр минут қымбат бізге. Айттым ғой, бол айдап келіңдер!

Келесі кезектегі отар Ондастікі. Екі-үш жігіт келіп

қырқынға жүріңіз деген соң апыр-топыр айдап жөнелген. Келе жатып әлгі жігіттерден Серәлінің отарының әлі түгел қырқылып бітпегенін естігенде аң-таң аңырып, әрі ыңғайсызданған. Қырқымның ауласының алдына жеткен соң Жылкенге барып:

— Менің алдымдағы қойшының қойы жартылай бітіпті. Арасынан киіп кеткенім ұят емес пе. Маған ренжиді ғой. Мен күте тұрайын. Малың айдап келуге кетіпті ғой, келіп қалар,— деген.

Оны тындамақ түгіл Жылкен шалқасынан түсті.

— Әй, осы жерде ферма бастығы мен бе, сендер ме?! «Бассыз үйдің иті осырақ» деп әр қайсың билік айтып, нұсқау беріп, бұл не қыр көрсету. Айда малыңды кіргіз. Жауабын өзім беремін. Әй, неге қарап тұрсыңдар, кіргізіңдер,— деп әлгі жігіттерге зіркілдеп ақырды. Ферма меңгерушісінің айбынынан сескеніп, амал жоқ, қаумалап жүріп отарды қораға қамап тынған сәтте Серәлі де жетті.

Ә, дегеннен-ақ бұл Жылкеннің жасап отырған қырсықтығы екенін сезген. Әйтсе де онымен сөзі жараспасын, бір нәрсе десе жанжалдасып қаларын пайымдап, оны айналып өтіп, Оңдасқа реніш білдірген:

— Әй, мынауың қалай, сенің, кимелеп? Мен жарты малым қырқылған, жарты малым қырқылмаған осылай сені күтіп далада жатуым керек пе?! Бұл не тіршілік, ұят-аят қайда?!

— Ойбай-ау, маған айдап келіп, қама, кіргіз, деп жанымды алған соң... Қайдан білейін,— деп шын кінәлы сыңайда бүгежектеп күмілжіп Оңдас қипақтады.

— Ой, сені де кісі деп. Шығар қазір қойыңды. Мен кіргіземін. Обал-сауапты ойламайсыңдар ма. Бұл не басыну? Бұл не қысастық...

Оңдас ақыры ұяттан аттап өте алмай қорадан отарын айдап шықпаққа қам жасай бастағанда Жылкен зіркілдеп, айқай салды.

— Әй, саған кім рұхсат етті қамаулы тұрған малды шығаруға. Тиіспе, қойға. Былай кет. Осы отар қырқылады қазір.

Қанша таянбай-ақ қояйын, жаманаттасып қайтемін деп, ар-ұят сақтап, қашқақтағанымен Серәлінің енді бұрылар жері қалмаған.

— Әй, Жылкен, осы істеп отырғаның адамның ісі ме?— деді.

Ашу буып өзін-өзі әрең ұстап тұрғанымен барынша шыдауға тырысып сабырмен айтқан. Ол да мұның әлде не деуін күтіп отырғандай-ақ, шап ете түсті.

— Не, сенен басқаның бәрі ит деп пе едің?!

Серәлі енді өзін-өзі ұстай алмады.

— Ит екенсің! Айтары жоқ, нағыз ит екенсің!

Жылкеннің талақтай сазарып отырған жалпақ беті ашудан түтігіп кетті.

— Әй, мына төбет не дейді-ей! Ой, әкенді...— Осыны айтып болар-болмастан ол көлеңкеге қойып отырған орындығынан көтеріле берген.

Ферма меңгерушісінің соңғы сөзі құлағына тигенде күйіп кеткен Серәлі көз алды ызадан түк көрмей бұлдырап, бір сәтке басқа дүниені тәрк еткендей еді.

— Сенің әкенді!..— деп ытырылып барып қалай жағасынан ала кеткенін өзі де аңдамай қалды. Сол бойда екеуі апыр-топыр алыса кетті. Май басқан денесі болмаса, қопалдау Жылкенді табиғатынан қайратты, шымыр, өмірдің ыстық суығы мен бейнетінде қатып, қайралған тарамыс Серәлі көзді ашып-жұмғанша атып ұрған. Кеудесіне қаршығадай қонжиып, қос қолы шықшытына барып қалған, сол кезде тұрған ел у-шу араға түсіп, екі-үш жігіт мұны:

— Оу, Секе, қойыңыз, қойыңыз,— деп қолтығынан көтермелей алып кетті. Екі-үшеуі Жылкенді сүйемелдей, үсті басын қағысты. Орнынан тұрған бойда ашу мен намыстан қалш-қалш еткен Жылкен төңірегіне қарап екі-үш жігіттің атын атап, шақырып.

— Әй, неғып тұрсыңдар, мына төбетті жүндей түтпей. Итше тепкілендерші, жауабын өзім берейін,— деп айқай салды.— Қап, мынаның қорлығын-ай, тал түсте... Жылкен жұлқынып қайта ұмтылды...

Жаңағы жанжалдан зәресі ұшып, не істерін білмей алақтап тұрған Берден енді Жылкен жігіттерін жұмсап, өзі қайта ұмтылғанда бәрі жабылып жалғыз әкесін сабайтын болды деген үрейден жүрегі аузына тығылып, шыбын жаны шығып кете жаздады. Енді бар үміт, мақсаты Нүрекең атасына жетіп, көмекке шақыру болып, атты борбайға сабалап, өріске қарай құлдырай жөнелді...

Бұл сәтте Серәліге қайта ұмтылған Жылкенді жігіттер сабырға шақырып, ұстап жібермей жүрген.

— Әй, тал түсте мені осылай сабатып қойғандарың ба, бүйткен сендердің ағайындықтарыңды,— деп балағаттайды жұлқынып жүріп.

Әлі ентігін баса алмай, ашудың ексiмiнде шөре-шөре қалдегі Серәлі де жағалай тұрғандарға қарап, ішіндегі жақсы танитын, осы ауылдың жігіт ағасы болып жүрген, жас жағынан өзін өкшелеп қалған, үш-төрт басалқалы кісінің атын атап бұл да қиястана айқайлайды:

— Әй, Сармантай, Садық, Қылаң, келіңдер, жабылыңдар, маған. Сабаңдар мені. Ақыларың кетіп барады ғой.

Олардың бірі келіп, күліп, мұны арқаға қағады:

— Әй, Секе, қой енді, сен, айғайға ақай қоспай, мына елден ұятты. Сені сабайын деп тұрған ешкім жоқ. Сабасақ осы уақытқа дейін қорқып тұр дейсің бе?! Қой, енді, сен.

Қайсысы Жылкенге басу айтуда:

— Әй, Жылкен, сен енді бөрліктіре берме, қой. Сабырға кел. Танымайтын, білмейтін бөтен біреу емеспіз. Бұларың не?! Мына жастардан ұят-ты. Жақсы өнеге емес мынау. Ашумен артық кетіп, жүз шайысқан шығарсыңдар. Енді бәріміз қырылысайық па?! Кісі өлімін де кешеді кісі бірбіріне. «Мал ашуы — жан ашуы», Серәлінің ренжитіндей орны бар. Сенің ісің терістеу. Өз кінәңді өзің біл. Қойыңдар енді, улыған-шулыған қылмай.

Мына сөзден кейін Серәлі «құр» дегенге тоқтайтын кәнігі бас білгідей жуаси қалған. Жылкен де «өз кінәсын» сезді ме, жоқ көптің тегеурініне қарсы келе алмады ма, ләм-мим демей, басын төмен сала аяндаған қалпы, үйіне қарай жүріп кетті. Ондас қойын қорадан шығарып оның орнына Серәлі әлі қыркылмаған екі-үш жүздей саулығын әкеп қамады. Қырықтықшылар орын-орынына барып, қайшылар қайтадан сырылдай бастаған.

Әсте, көпшілік ду-ду бар жерге әуес, шаруадан қолы бостау жұрт қырманға жиналғандай-ақ қырқым маңын төңіректтейтін әдеті. Көлеңкеге сымға қонған торғайдай тізіліп, отырып алып, гу-гу сөздің көрігін қыздыруда өзінше бір дәурен. Жаңағы Сармантай, Садық, Қылаңдарды ортасына алған осындай топ әдеттегі қызу әңгімеге кірісіп кеткен. Мезгіл түстен ауып бара жатқан шақ еді.

Бұл кезде Берден әрі көкесін уайымдаған қорқыныш табы бар, әрі әлдеқандай ызақорлық буып, әрі қалың «дұшпанның» ортасында жалғыз қалған әкесіне еш дәреметі, қаралығы болмағанына намыстанып, қыстығып, пора-пора егілген бойы Нұрекең атасына жеткен-ді.

Таянып келіп қалған салт аттыны көріп, «жанұшыра шапқылаған бұл кім» деп ол кісі де әлденеге елеңдеп, ереуілдей қараған. Ағыл-тегіл жылаған, «аталап» өксігін баса алмай тұрған Берденді танығанда шалдың тұла бойы тітіреніп кетті.

— Әй, не болды? Әй, не болды?— деп апырақтап қасына таяна берді.

— Ата, Ата-ау! Көкемді жабылып сабап жатыр. Тез бара көріңізші, ата! Жүріңізші?

— Әй, неғыл дейді, сабағаны несі? Кімді, Серәліні ме? Кімдер жабылып жатқан!

— Қырқымдағылар.

— Е-е, олардың несі бар, неге жабылады?

— Жылкен мен көкем төбелескен... Соған. Ата, жүрі-нізші, тез. Көкемді өлтіретін болды-ау!

Баланың шырылдап жер-көкке тұрмаған сыңайынан шал шошынып «мынау тегін нәрсе болмады» деген қорытындыға келген. Жылкенмен арасындағы қырғи қабақтықтан хабары бар-тын. Онысы есіне түскенде енді Серәліге жабылып жатқанына күмәні қалмаған. Сол сол-ақ екен жон арқасынан мың сан құмырсқа жүгіріп, «кәрі жыны» қозғандай ашудан селкілдеп кетті.

— Мына иттер кімді басынады-ей! Жабылғанды көрсетейін не қолдарыңда өлейін. Иә, әруақтар, қолдандар! Иә, Ерубайдың әруағы қайдасың?— деп шал күңірене күркірей қамшымен бауырлап, аттың басын қоя берді. Жалпылдап артынан Берден қосыла шапты...

Жақсы көргенінен еркелеп, кейде «дәу ата», кейде «далбақай» ата деп атайтын осы Нүрекенді бала көңілі айбар санап, таудай көріп келеді. Бұл кісінің көкесін жауға бермейтініне енді сенімді тәрізді-тін. Шынында да Нүрекеннің қазіргі ат үстіндегі тұлғасы баяғының қас батырындай елестейді Берденге...

Жасы жетпістің үстіне шыққанымен қайраты қайтпаған, нар тұлғалы, қапсағай қара сұр шал ат үстінде әлі кез келген жігіттерден мығым. Көзін ашқаннан бәйге атқа шапқан, кезінде барымтаның сойылын сүйреткен, балуанға түскен, өмірі көкпардан қалмаған, қазірге дейін туша тартқылап, жүрген топ аттыны көрсе делебесі қозып ортасына қойып кететін қызбалығы қалмаған, бала көңіл, қызық жан. Осыдан үш-төрт жыл бұрын қалың додада қамшы тиіп оң көзден айырылған. Соның әсері бар ма, әлде суық шалды ма, жоқ кәріліктің тиесілі тауқыметі ме кейінгі жылдары құлақ та сараң естуге айналған. Айқайлап айтқан сөзді болмаса ұға қоймайтын. Қатарлары кейде «керең» деп, кейде «соқыр» деп әжуалайтынға шыққан. Оның бәріне көмпіс, кеңкілдеп күледі де қояды. Қалай дегенде де, өзі өмірге мұқалмаған, тағдырдың талай тауқыметін бастан өткергенімен еңсесі түспеген, тәубесі бүтін, қалтарыссыз күлкісін, ақ жарқын аңқылдаған көңілін жоғалтпаған кісі. Тірлігінің көбісі батыр, еденшалыстау, тұрмыс қамын аса алаңдап уайымдай қоймайды. Сөйте тұра қалтқысыз бауырмал, жақынға қоң етін қыңқ демей кесіп беруге пейіл. Жанашырдың жамандығына егіліп кететін жұмсақтығы

және бар. «Ақ көңілдің аты азбайды, тоны тозбайдыны» бұрынғылар осындай жандарға қарап айтқандай.

Нүрекең мен Серәлілер кезінде батыр, би, әруақты кісілер көп шыққан әулетті тұқымнан тарағанын көне көздер біледі. «Жақсы әке балаға қырық жылға азық» болғанда, жақсы ата өмірге неге азық болмасын. Обалы нешік, кісілігі бар көз көргендер әлі күнге дейін «жарықтық бәленшекеңнің ұрпақтары ғой» деп, сонау өткен аталарын сыйлап, төрге шығарады. Ата-бабасының қадырлы, қасиетті болғанын жасырмаса, жария айтып мақтаныш ететін үрдіс жоқ, әрине, бұл күнде. Дегенмен іштей сыйынып, табынып жүруді ұмытпайды қай-қайсысы да. Ал кейде әлде кімге назаланып, ашуланса атаның аруағын шақырып, арқаланып кететін мінездері де жоқ емес-ті. Біліс ағайын бұларын ерсі де санамайтын. Қайта бұл ауылға жиен-жек-жат, нағашы жұрт тәрізді әзіл-қалжыңы бар жөн білетіндері:

— Ей, бұлардың ашуын келтірме. Бір көтерілсе қойдыруың қиын болады,— деп күліп, ыңғайға жығылып жататын.

Ағайын осымен ағайын да.

Ал бұл мінез Нүрекеңде, тіпті, мол болатын. «Көзі тірісінде аты елдің ұранына айналыпты» деп кейінгі жұрт аңыз ететін үлкен атасын ауызға ала, атқа қамшыны басқан бойы еліре шапқан шал әні-міне дегенше қырқынның маңайына таяп қалған.

Көлеңкеде қаздай тізіліп әңгіме қызығына кірген жұрт оны анадайдан байқап.

— Ой, мынау кім, айдаладан атойлап келе жатқан?— деп елендесе қарады. Орталарында отырған әлгі ересектері мұны танып, мәселенің барысын бажайлап та үлгергендей бір-біріне қарасып күлген:

— Нүрекең ғой,— деді.

— Атасы жауға шапқан ауылдың баласы емес пе, екпінді қара!— деді.

— Оу, қайран кәрі көкірек, қалмайды екен-ау, ә. Кімді қирататындай шамасы бар екен?— деп күлді бірі.

— Әй, күлкіні қойыңдар. Тұрайық, алдынан шығып, тоқтатайық. Бұл нойыс керең мына қарқынмен қайсымыздың басымызды жарып өтуі кәдік.

Ел орындарынан ду көтерілді.

Дүрсілдетіп, даланы бөрліктіріп келе жатқан аттылыны Серәлі де байқаған. Жаңағы әңгімелерді де құлағы шалған. Ағасының сыры өзіне мәлім. Нойыстығы бар екені рас. «Құлағы жарымдау, көзі кемшін, кимелеп келіп біреуді

қағып кетер» деп жүгіріп шығып, елден бұрын алдын тоса берген. Таяна түскенде екпіндеген аттың шаужайынан ала кетті. Оның кім екенімен қапері жоқ шал ақырып дойыр қамшысын көтере берді.

— Ой, мұның не? Тоқта!— деп айқай салды Серәлі.

Нүрекең алдындағы адамды сонда барып байқағандай. Тепсініп сілтей берген қамшысы орта жолда, ауада асылып қалды. Аттың тізгінінен ұстап қарсысында тұрған інісін көргенде ұйқыдан оянғандай аң-таң күйде.

— Әй, жаным-ау, Серәлімісің?— деді.

— Е-е, енді кім дейсің?!

— Әй, жаным-ау, аманбысың?!

— Е-е, не болыпты аман болмай?! Бұл жүрісің не таптал түсте қарадан-қарап дүрлігіп.

Нүрекең сойылға жығылып, қан болып жатыр деп есептеген інісінің дін амандығына әлі де сенбейтін тәрізді. Бөріктіре айқайлайды:

— Әй, жаңа сені... Кімдер ол өзі саған қол жұмсап жүрген?!

— Ой, құдай-ай, бұған не айтасың енді. Ойбай, маған ешкім тиген жоқ. Неге ереуілдей бересің?— деп Серәлі зілдене дауыстаған.

Нүрекең сонда барып тыныштық екеніне көзі жеткендей сабасына түскен. Айнала төңірегіне қараса мәз болып мұны мазактағандай, қыран-топан күлкіге батқан жұрт. Ішінде танитын кісілері де бар. Жанжал, реніш болған жер тәрізді емес. Елдің бәрі көңілді. Жау шаптылап, енгігіп тұрған бұл ғана. Сол күйін сезгенде дағдарып, ұялғандай төменшіктеп:

— Қап, баласы түскірдің сөзіне еріп... Мұнысы қалай болған-ей,— деп күмілжіп, ер үстінде ыңғайсыздана қозғалақтады. Сонан соң кінәлы кісідей-ақ сынып:

— Жарайды, тыныштық болса, мен онда малға қайттым,— деп Серәліге жуаси қараған. Сол кезде топ ортасынан ересектеу кісілердің бірі жадырай күліп келіп сәлемдесті.

— Әй, өрістегі малды балаға тапсыр. Сол-ақ айналдырар. Жүр үйге түсіп шай іш. Енгігінді бас,— деді.

— Ей, Сармантаймысың, үй-іш аман-есен бе?— деген Нүрекең келген кісіге ықыластана сәлем беріп. Сонан соң өз күйіне өзі түсінбей пұшайман болған жандай.— Оу, батыр, не болды өзі, бұл не?— деді. Әлі де аңтарылған қалыпта.

— Әй, не болғанында шаруаң қанша, жүр үйге,— деп

ол аттың тізгінінен жетелей жөнелген сол күлкіге батқан бойы.

Кешке салым, жұмыс аяғына қарай, Серәлінің қалған қойы қырқылып біткен.

— Бүгін аулына айдай қоймассың. Тым кеш шықтыңдар. Осында түнерсіңдер, малыңды балаңа тапсырып келіп, үйден дәм тат, ана ағаң да жатыр, ақыр,— деген манағы Сармантай атты кісі оған.

Серәлі келгенде үй іші толған адам екен.

— Төрге шық, төрге шық,— деп отырғандар ығыса, жоғарыдағы Нүрекеңнің қасынан орын босатқан. Үйдегілердің ішінде Жылкен де бар көрінді. Ол бұл көрпешенің үстіне жайғасып бола бергенде:

— Әй, жөлік шал, ақыры қойыңды қырқып біттің бе-ей,— деді. Жүзінен түйілген кекесін де, әлдеқандай күлкінің ізі де байқалғандай. Ал жамбастап жатқан қалпында қоңырайған қыңырлықтың да, ат құйрығын кесісіп кете қоймаған пейілдің де нышаны бар еді.

Серәлі шын ыңғайсызданды.

— Әй, Жылкен, өзі бізге жараспайтын бір тіршілік болды. Кісілікке лайық іс емес, әрине. Ашу иттің ырқында байқамай тіліміз де тиіп кетті бір-бірімізге. Әсіресе, маған ұяттау нәрсе. Көңіліңе алма, ағайын адамбыз ғой, кешір,— деді шын кішірейіп.

Үйдегілер ду іліп ала жөнелді:

— Серәлі, мұның жөн.

— Серәлінікі үлкендік. Дұрыс-ақ.

— Ой, бұл ит тірлік кімді ырың-жырыңға салмайды. Адамды әуре етіп қойған дүние ғой.

Осынау дабыр-дұбыр сөздер арадағы салқындықты шайып кеткендей ыңғайы бар-ды. Дереу дастарқан жасалып шай келді. Далада, есіктің алдында, жер ошақта, қара қазанда Сармантайдың қара тоқтысының басы буы бұрқырап, төңірегіне хош иіс тарата, бүлк-бүлк қайнап жатты.

Екі-үш күннен бері күн қақты, жол соқты болып, кенезесі кеуіп, қатқақсып қалған екі шал кешкі салқында сүт қатқан қоңыр шайды сораптап, шып-шып шыққан терден қырыс-тырыстары жазыла, жадырай түсіп, қалың Жөгілердің ортасында өткеннен-кеткеннен әңгіме қозғап, желпінісіп отырды.

АЯШТЫҢ «АБАЙҚӨГІ»

Адамның табиғаты деген күрделі, қызық, құпиясы көп жаратылыс-ау. Кісіні танып білудің, пейіл-құнын тап басып ажыратудың қиындығы да сонан шығар. Сонан соң да болар тірлікте, күнделікті қатар жүріп-тұрып та бірі туралы бірі өмір бойы қателесіп өтіп жататын жандардың аз кездеспейтіні. Кісі кісіге сырын ашып, жай-күйі, жан дүниесінен хабар беру үшін де тіршіліктің мына гөй-гөй әуенінде түрткі болар бір мәнәйі себеп керек. Бүгінгі сиыршылардың ауылында өткен тойдың Берден үшін сондай жаңалығы, әсері болған тәрізі бар.

Кеше кешкісін мал қоралап болып, қойға мінетін торысын суарып келіп, шөпке қоймаққа маяның жанындағы албарға кірген бұған атын жайлап жүрген Аякең:

— Әй, мына көрші сиыр ауылда ертең той бар көрінеді. Қойды бір күнге қарияның өзіне тапсыр. Екеуміз барып қайтайық, кешке қарай ораламыз ғой,— деген.

Шиландай құмның етегінде, оңаша қыстауда не бары екі-ақ үй. Бірі қой бағып отырған Бердендікі, бірі сиыр бағып отырған Аякеңдікі. Ауылда екі кемпір, екі шалдан басқа Берден ғана бар. Мектепті биыл жазда бітірген бойда мал бағуға келген мұның орталықтың думанды у-шуына үйренген көңілі жалғыздыққа көндіге алмай, елегізіп, құсаланып жүрген кезі. Онда-мұнда тартып кетуге жасынан жәутендеп бағып өскен әкесінің қабағынан аса алмайды. Әрі малдан шыға алмайды. Сөйтіп құлазыған жайы бар, оның үстіне үлкен басымен Аякең қолқа салып тұрған соң қайдан жоқ десін:

— Жарайды,— деп құлшына келіскен. Тіпті асыққан сыңайда.— Ертелеп кетеміз бе, қашан жүреміз,— деп сұраған.

— Таңертең малды өргізгеннен кейін шай-пайымызды ішіп, сәскеге қарай шығармыз. Елдің бәрі шаруаға бағып отырған жұрт қой, малын жайлап болып барар. Түссіз жиналар дейсің бе.

Онысына да мақұл деген ыңғаймен бас шұлғыған Берден.

Жасы алпысқа іліккен соң-ақ ер кісіні шал санатына қоса беретін ауыл әдетімен біраз жұртқа «қария» атанып қалғанымен Аякең сақал самайға әлі қылау ілікпеген; әу бастан түп-түзу, пішімді, қайратты, тарамыс денесіне кәрілік табы жүгіре қоймаған; сұңғақ бойы да әзірге теректей тіп-тік; қажыры қимылынан аңғарылып тұратын әлеуетті, сесті, сергек пошымды жан еді. Сақал-мұрты қапқара қою; атжақты келген ұзын, сопақша, зор жүзін шықшыт, самайдан кеңірдекке дейін қалың түк басқан, кавказдықтар пішіндес қара сұр өңі сырт қараған кісіге, бір көрмеге, сұсты, суық та болып көрінетіндей кейпі бар-ды. Даусы сәл қырылдаңқырай шыққанымен үні өктем, өзеурей естіліп, алға сала еңселене ұмсына түсіп отырып, дабырлатып қатты сөйлейтін. Осы екпінінен бе, әлде өзгеше-леу біткен, сұстылау түр-тұрпатынан ба, біраз жұрт қаймығыңқырап, ығыса жүрсе, біреулер даукес, тентек санап, ұнатпайтындай сыңайда еді. Өз дегені болмаса біреуге ықтияр бере қоймайтын өрлеу мінезі жоқ емес-ті. Алайда көлгірсіп екі сөйлемейтін, өтірік жарамсақтана қалатын жымысқы қылықтан аулақ, айтам дегенін тура, тік айтудан іркілмейтін қасиетін Берден ұнататын. Әрі сәл ажырайып шатынаңқырап тұратын өткір, отты жанарынан Берден қандай да бір жылылық, жайдарылылық аңғаратын. Және Берден өзіне оның жассынбай, бозөкпесінбей ықылас-пейілмен қарайтынын байқайтын. Кейде баласындай санап, қамқорсып жылы сөйлесе, кейде қатарындай-ақ келелі әңгімеге шақырып, әжептәуір кісі тұтып тілдесе. беретін.

Өзіне деген осы ниетін байқаған соң ба, Берден ол кісіге еркін-тін. Тілінің уыты бар, реті келсе әзіл-оспақты шек көрмейтін Аякеңмен сыпайы қағытысып, қалжыңдасып та кететін кездері кездесетін. Күнделікті аралас-құралас, бірге жүріп, бірге жұмыс жасаудың кейде кісілердің арасындағы жас айырмашылығын елетпей, қатар адамдардай жақындастырып жіберетіні бар ғой. Соның да салдары болар, әрі оның үстіне бірі қойшы, бірі сиыршы болып құмның елден қаға берістеу оңаша қойнауында күн өткізіп жатқан екеуінің таңның атысы, күннің батысы айтар әңгімелері де ортақ, қам-қарекет тіршіліктері де ортақ, мұң-мұқтажы да ортақ. Сонан соң бірін-бірі жас, кәрі деп менсінбеудің жөні қайсы. Тағдырдың өзі құрдас етін жіберген жандар.

Азды-көпті дұшпансыз кісі бола ма. Біреуге ұнап, біреуге ұнамай жатқанымен жалпы Аякеңнің жұрт сыйлағандай қалпы бар-тұғын. Қатар тұстастарының қай-қайсысы да кезіге калса «Аякелеп» тұратын.

Құм етегіндегі кең жазықтың қамысақты, төскейлеу бір алаңқайында отырған той болатын ауылға бұлар тұс ауа бере іліккен. Ауыл дегенде қыстаудағы малшылар ғой. Тек төрт-бес сиыршының үйі бірге қыстап, жиындау отырған соң төңірегінде қора-қопсы, қара-құрасы көзге молырақ шалынып елдей болып көрінеді. Бұлар таянып келгенде үйге кіріп-шығып далада жүрген той атқарушылар:

— Оу, Аякең келді!

— Ассалаумалейкум!

— Әй, аттан түсіріңдер. Атын анда апарып байлаңдар!

— Аяке, мұнда жүріңіз,— деген тақылеттес қошуақ лебіз танытып, дабыр-дұбыр дауыстап жатты.

Тұрпат-сұрқы біркелкі, қатар тұрған екі-үш тоқал, қоржын тамдардың біріне бастап келген жігіттер дәлізге енген соң шалқасынан ашық жатқан қарсы есік екі бөлменің біріне Аякеңді, біріне мұны кіргізді. Қоржын тамның бір жағына ересек кісілер, екінші жағына жастар бөлініп отырған екен. Ортадағы қылтадай дәліздің бөліп, қарық қылып тұрғаны шамалы, ашық есіктердерден аржақ бер-жағы бірдей көрініп, дабырлаған дауыстары араласып, бәрі бір бөлмеде отырғандай-ақ сапырылысып жатқан жағдайлары бар.

Аякеңді кірген бойда төрге шығарған. Жасаулы дастарқан сол жаюлы күйі, гу-гу бел алып қалған той қызуы сол дуылдаған күйі жалғаса берген.

— Аякеңнің сыбағасы қайда?!

— Әй, Аякеңнің сыбағасын әкеліңдер!— деген қоша-метшіл дауыстар естіледі. Онсыз да, әлгіндей айқай шықпаса да, сыбағалы табағы тартылатыны, тартылғалы жатқаны бесенеден белгілі, бірақ көңілді жұрттың ықылас-пейілінің бұ-дағы жарасымы.

— Қазір, қазір! Сыбағасы қойылады,— деп қаупалақ-тады енді біреулері.

Аякеңнің алдына табағы тартылған. Мүшелі сыбағасы қойылған. Енді кеу-кеулескен жұрт, әлдеқандай емеуірінмен жымыңдасып:

— Аяке, той ғой...

— Аякеңнің кейде тойда бір сілтері болушы еді...— дескен әуенге көшкен.

«Мен дайынмынды» сездіре, аяқшы жігіт құлшына түсіп:

— Аяке, қайсысы дұрыс?— деп ақ, қызылы аралас шөлмектерін сыңғыр-сыңғыр қағыстырады.

— Әй, онынды әрі жинап қой. Қой, бізге енді болмайды,— деп Аякең шалқалай қарсылық білдіріп-ақ жатыр. Кеу-кеулеушілер де қояр емес.

Отырған ересектерден әлдекім:

— Болмайды десе қойыңдар, қинамаңдар енді,— деп басу айтқандай еді.

Жаңа осындай кеу-кеудің құрығына түсіп қалып, бірекі рет алып қойған, көңілінде сонан дөңгелеген желік бар екі-үш қартаң сиыршы мұның да сол «күнәға батқанын» ыңғай көріп шаужайдан ала қаумалады:

— Әй, анда-санда осылай, қызықшылықта, амандықпен бас қосқанның өзі ғанибет емес пе.

— Ой, не дегенің, оған не жетсін. Бәрінен де соны айт.

— Аяке, қой, басымыз бір қосылып қалған екен. Аяке, той ғой!

— Әй, бізден бөлініп пейішке барғың келіп отыр ма. Бірге жүрейік, қайтесің.

Аякең қиналайын деді.

— Осы түскірді татпағаныма талай болып еді. Қойып кетіп едім. Енді бізге жараспас деп мүлдем қоюға ниет қылғанмын. Қайтесіңдер қинап. Кісі үйір болмайтын, эзәзіл нәрсе ғой бұл. Қайта бар болса бірер кесе қымыз ішейін. Осы ауылда қысырақтың қымызы бола беруші еді ғой,— деді.

— Бар, бар, қымыз бар,— деп аяқшы жігіт лып ете түскен.

— Е-е, онда сол қымызың дұрыс. Соныңды әкелсейші, бізде бірер кесесін ауыз тиіп көрейік,— десіп жаңағы Аякең тәрізді қоюға ықылас қылып, енді сол уәде аттай алмай, стаканға қол соза алмай, у-дудан сырт орайлау отырған біраз мосқалдау кісілердің де кейбіреуі қозғалақтасып қалды.

Қымыз әкеліп құйып беріп жүргендердің жымың-жымың көз қысысқандарынан, төрдегі қартаң сиыршылардың кейбіреуінің дауыстары дәудірлей шыға бастағанынан Берден:

«Әй, мына қулар бір нәрсе жасады-ау, қымызға араластырып жіберіп шалдарды қатырды-ау» деп ойлаған. Ауылда мұндай-мұндай қалжыңдар бола беретін.

Айт-айтпаса да қарсы үйдегілер тойдың қызығына енген сыңайда еді. Қағыта-қажасқан эзіл-оспақ, ду-ду күлкі көңілді отырыстан хабар беріп тұрған. Қымызға араласқан кексе сиыршылардың қайсысы:

— Оу, Аякең ән айтқызайықшы. Көптен даусын естіген емеспіз,— деп қалды. Сол сол-ақ екен жұрт Аякеңді ортаға алсын келіп.

— Ойбүй, өлеңнен қалдық қой,— деп қашқалақтап көріп еді. Оған құлақ асайын деп отырған ешкім жоқ сияқты.

— Аяке, ән салып жіберіңізші. Өстіп ілуде бір басымыз қосылғанда әніңізді естіп қалайықшы. Тірлікте бұл да бір дәурен ғой, Аяке. Қазір-ақ жөн-жөнімізге кетеміз, малдың соңынан салпақтап. Ертең кім бар кім жоқ дүние ғой, батыр екесі-ау,— деп әсіресе жаңағы сиыршы қадалып қоятын емес.

Аса бой салып тартынбай, сыпайылық үшін «жә қой-сандаршы» деп тұрғанымен Аякеңнің елдің ендігі қолқасына кет әрі емес сыңайы бар. Көмейі бүлкілдей бастағандай. Бір кезде:

— Қоймадыңдар ғой, ал жарайды, әй деп көрейік. Не дауыс қалды дейсің бізде, бірақ,— деп алып, ауылдағы ән айтатын жасамыс әйелдердің аузынан ара-тұра той-томақта естіліп қалатын қоңыр бір әуенді жайлап бастап, нәшіне келтіре созып бара жатты. Үні ә дегенде сәл қарлығыңқырай шыққанымен сондай жайлы, әсерлі екен. Жүрегіңнің қылын шертіп, кісінің көңіліне ұялай кететін әдемі сазды, сиқырлы үннің өзі кәдуілгі. Тынысын да кең, терең алып, демікпей, барлықпай, еркін шырқайтын машықты даусы бары сезіліп тұр.

Қызушылықпен дабырласып отырған жұрттың бәрі тып-тыныш тына қалған. Тек анда-санда:

— Пау, шіркін!

— Е, бәсе,— деп әншіні қолпаштаған қошамет дауыстар ғана естіледі.

Тағы, тағымен мұнан кейін де көпшілік екі-үш ән салдырған. Тыңдай отырып ықылас, қошаметін, алғыс ризашылықтарын аяңған жоқ-ты.

— Ой, жүз жаса!

— Көңілді бір көтеріп тастадың-ау!

— Қайран, кәрім.

— Ойнайсың шалмен.

— Аякең өзі әнші екен-ау! Бұрын кім біліпті.

— Бұл қайта қойған кезі ғой. Бұрын айтып жүрген уақтысында тыңдап көргендеріңде ғой.

Аякең өзі де сөзге араласып:

— Е-е, өлеңді қойғалы қашан. Бүгін мына сендердің көңілдеріңді қимай қайта. Сөйтіп-сөйтіп, бірте-бірте қала бермек екен ғой,— деген әлденеге жеңіл күрсіне түсіп.

— Оған сөз бар ма. Өмір озады, пенде тозады деген сол да,— деп сөз қыстырған отырғандардың қартаңдау бірі мұның күрсінісінің мәнін түсінген кісідей мақұлдап.

Сонан соң өмір туралы, пәнидің, өткіншілігі туралы, жағаға қол салып келіп қалған мына кәрілік туралы қыру-қыру әңгімелер шертілген. Өткеннің қайсы біріне өкінген, опынған, күрсінген. Сөйте отырып шүкіршілікке, тәубаға тоқтаған. Өстіп әңгіме саябырлай берген сәтте манағы алғаш ән айт деп қолқа салған сиыршы:

— Аяке, «Абайкөкті» айтыңызшы,— деп жалынғандай өтініш жасады.

— Ой, оған даусым жоқ қой қазір. Айта алады дейсің бе. Бір кезде естігенсің ғой. Ал қазір қайда айту,— деді Аякең шын қиналып.

— Аяке, енді біреу сынайын деп отырған жоқ қой, айттып көріңізші, сонда да,— деді әлгі жігіт қоярда қоймай.

Аякең қиналғандай, ойланғандай үнсіз отырып қалған. «Айтпаймын» деп әлгі сиыршының бетін қайыратындай да ниет байқатқан жоқ. Іштей ойланып, байқап көруге дайындалғандай сыңайда ма қалай. Әлі үнсіз.

Сол кез құрдас тұтып қалжыңдасқандай біреу:

— Әй, кілең жесір әйелдерді бір өзі иемденем деп жүріп, болдыртқан ғой, қасқа, дауыстан айырылған. Несіне қинай бересің мұны,— деп қалған.

Аякең әлгі сөзді естісе де естімегендей үнсіз қала берген. Бірақ отырғандардың ішіндегі басалқылау, ескі көздеу бірі әлгі әзіл айтқан сиыршыға ұнатпаған қабақпен қыжырта қарап:

— Сондай тексіз, бұралқы сөздің керегі не. Ауызға келгеннің бәрі қалжың бола бермек пе. Айтарын білмегеннің өзі кісіге үлкен ноқайлық-ау,— деп кекесін мен зіл аралас нықыртып тастаған. Оның сөзін басқа жұрт та қошуақ алғандай ыңғай танытты. Әлгі әзілді қай-қайсысы да сөлеттеу санаған қабақ байқатты.

— «Ойнай білмес — жеңгесін артқа шұқып ойнайды» осындайдан айтылған ғой,— десіп, біреулері ендігі әңгіменің бетін басқа жаққа аударған. Жаңағы әзірдегі үй ішін сәл сәтке жайлай қалған көңілсіздік жайына қалып, жұрт ду-ду қалпын қайта тапқан. Аякеңе енді «ән салыңыз» деп қолқалаушылар болған жоқ. Көпшілік гу-гу әңгімеге кіріскен. Күнделікті шаруа қамы, биылғы қыстың жағдаятынан бастап, өз құлақтары шалған жақсылық, жаманатты бір түгендеп тастап, сонан соң осы төңіректегі ірілі-уақты бұрынғы, соңғы оқиғалардың басын бір-бір шалып шық-

қан. Өткен күннің ауыр-жеңілі, ел аузындағы жақсылар — әңгіменің тақырып ауқымы әрқилы еді.

Мына ұзын сонар әңгіме киіп кетіп, жаңағы Аякеңе «Абайкөк» әнін айтқызамыз деген ықылас, ниет жол ортада қалып қойғанына қынжылған Берден отырған жұрт ол тақырыпқа қайтып оралмас па екен деп едәуір алаңдаған. Алайда үміті ақтала қоймады.

Аякеңді ән айтады деп бұрын естігені бар-ды. Тіпті кейде қатар, құрдас кісілерінің сыртынан Аякеңді «Абайкөк» деп атағанын да құлағы шалған. Алғаш құмда мал іздеп жүріп, бұған кезіккен, ауылының Аякеңдер құралпы бір кісісі:

— Әй, анау Абайкөк үйінде ме екен?— деп сұрағанда, бұл түсінбей қалып:

— Оныңыз кім?— деген.

— Аяшты айтамын,— деп күлген әлгі кісі.

Бұл мәнісін сұрағанда:

— Ол соққанның «Абайкөк» деп айтатын жақсы бір әні бар. Қатар болған соң кейде әзілдеп, солай атай беремін,— деп түсіндірген.

Сәті түсіп тұрғанда қандай ән екенін бүгін естіп қалатын еді. Жаңағы бір келеңсіз қалжыңның көлденең келгені ғой. Дегенімен сол әңгіме Аякеңнің тірлігінің ерекше, тосын бір қыры болып көрінетін Берденге. Мұны былайғы жұрт та сөлекет санап, пыш-пыштаған сыңай танытпайтын. Біреуде біреудің жұмысы қанша деген бәтуалы тоқтамға жүгінгендей, елеусіз қарап, ескермейтін. Сәл нәрсені ала қашып, сан-саққа жүгіртіп кететін ауыл арасының майда әңгімесіне де тиек болып, әшкереленіп жатпайтын. Дәл соған теріс қарап, жып-жып етіп, бетін шымшылап күліп тұрғандарды көрген емес. Қайта кейбір салықалы кісілердің:

— Әй, оның не әбестігі бар. Ұрыс жанжал, дау-дамайы жоқ. Мәмілемен болып жатқан тіршілік. Бөтені, бөгдесі емес. Өз адамы. Өз жақыны. Әркім өз жағдайын өзі біледі де. Ендігі сол әулеттің бас көтерері де Аяш. Қайта қоғамдап, қол ұшын беріп, селбесіп жүргені дұрыс емес пе. Несі айып. Аякең азамат ол,— деп жақтай, қорғаштай сөйлегенін еститін.

— Бұл жерде ешкімді кінәлайтын, сөз ететін реті жоқ. Кінәлі кешегі қу соғыс. Тағдыр,— дейтін сонан соң сөзінің тоқетерінде әлгі кісілер.

Бұл көрген кезде Аякең ет жақын ағайынға аса бай кісі емес еді. Кешегі өткен қиыншылықтар, қарғыс атқыр соғыстың алапаты кімдерді жалғыз қалдырмады, кімдерді

жетімсіретпеді. Ержетіп қалған екі-үш баласы көңілге медеу болмаса Аякең де бір әкеден жалғыз жүрген жан еді. Әлі үйленіп те үлгірмеген, желкілдеп өсіп келе жатқан екі інісін бірдей соғыс жұтты. Жақын-жамағайын, немерешөбере болып келетін біраз аға-іні де соғыстан оралмады. Солардың біразының орнында отаны бар, қайсыбірінің оты өшіп те кетті. Жалғыз, жарым жас қалған кейбір жесірлер тағдырдың айдауымен кезіккен әлде кімдердің етегінен ұстап кете барды. Дініне берік қайсысы сопа басы болса да әрі-сәріленбей қасарысып, бір үйде бір өзі от тұтатып отырып қалды.

Аякеңнің төңірегінде де осындай өзіне қарасты әулеттің, жақын-жамағайынның отанында отырған біраз жесір әйелдер бар болатын. Қайсысының қолында алданышы, бірді-екілі жас балалары болса, кейбірі жалғыз басты еді.

Соғыстан соңғы тапшы жылдар. Сайланып тұрған азаматы жоқ үйлерде отын-су, ас-ауқаттың әлі аздау кезі. Жаратылысынан қажырлы, қайратты Аякең үнемі тамағы, табысы бар мал ішінде болады. Көшіп-қонғанға керек, малға мінгенге керек, аты бар, түйесі бар қос-қостан көлік ұстайды қолына. Қыстың қыраулы күндері құмның сары жігер сексеуілін қара атанға қайыстыра теңдеп, үстіне бірлі-жарым жіліктеген ет салған дорбаны байлап, кейде қақпанмен алған қарақұйрықты, ақбөкенді бұзбай, бөлмей тұтас артқан күйі жаңағы келін, жеңгелерінің үйіне кезек әкеліп, түсіріп кетіп жүретін. Бір ол емес әрдайым сөйтіп, қолұшын беріп, қамқорлығын жасап, бас-көз болып, қарайласып тұратын. Солардың ішінде өзіне тым икемденкіреп жиірек қатынап тұратын үш-төрт әйелді бара-бара ел Аякеңе тели-тели сөйлейтін болған. Аякең де сырт көзден бүгежектемей, жайбарақат қалпы сол үйлерден кезек шығып жүретін. Елдің әлгі сөзін растағандай бертінірек солардың бір-екеуі босанып, нәрестелі болды. Бірақ ел ішінде кінә артқан, күстаналаған, бөтен сөз, қаңқу әңгіме естілген емес. Ешкім оған үрке қараған жоқ. Жаратылыстың бұйрықты ісіндей қабылдаған да қойған. Қайта кейбір көрші-қолаң, көңіл жақын жандар құтты болсын айтып, шашуын апарысқан.

Аякеңнің өз үйі үнемі малда. Оқуға іліккен балалары әлгі шешелерінің үйінде жатып оқитын. Балалардың да, әйелдердің де көңілінде бәлендей бөтендік салқындық жоқ, жақын адамдардай, бір үйдің жандарындай кірбіңсіз араласып тұра беретін. Балалар өгей шешелерін «бәленше апам» деп аттарын атап өзімсіне сөйлесе, шешелері «біздің

енше» деп өз балаларындай малдана айтатын.

Аякеңнің әйелі сабырлы, кең пейіл, көп сөзі жоқ, тақуа сінез жан тәрізді еді. Сол кісінің өзінің де кейде біреуге құтты болсын, біреуге көңіл айтуға дегендей құмнан орталыққа келген кездерінде осы үйлерге кезек түнеп жүргенінің ешкімге таңсықтығы жоқ болатын. Сол кісінің Аякеңнің басқа әйелден кішкентайлы болғанын естігенде ошағының күлін бұрқыратпақ түгілі:

— Қашаннан өз дегенімен жүріп қалған қыңыр қарашал ғой, оған не айтамын енді. Мейлі балаларымның амандығын тіледім. Керек десе, қайбір басымыз сыймай жатқан көп едік. Қайта қарғаларымның төңірегіне қара-құра. Ағалап арттарынан ілессе болғаны,— деген сөзін естігенде талайлар:

— Ойпыр-ай, ақылы бар адам екен. Не деген көнтерлі жан,— деп ризалық білдірген.

Жаңағы сиыршының қағытпасының жөні осы еді.

* * *

Тойдан бұлар күн бата тараған. Сарғайып жүріп анданда кезіккен у-ду қызықты қимағанымен мойынсұнған көндікпе тірліктің қамы, ертеңгі шаруаның жайы, бүгінгі қатын-балаға тапсырып кеткен мал-жанның жағдайы бұдан арыға тағат таптырмаған. Күн кешке айналғаннан-ақ ересек кісілер:

— Оу, ауылда мал бар, қарап тұрған тірлік бар, оны естен шығармайық. «Қонағым бұйырғанын шайнай отыр, бірақ та арт жағыңды ойлай отыр» деген бар. Бүгінге осы отырыс та жетер,— деп көпшілікке, әсіресе, жастар жағына ескерту жасап, қопаңдай бастаған.

Күн ұясына қонған сәтте солардың біразы:

— Ал, кел демек бар, кет демек жоқ. Рақмет. Тойтойға ұлассын. Осындай қызықшылықта кездесіп тұруға жазсын,— деп орындарынан тұрған. Сонан соң қалғандары дүр көтерілген. Жапа-тармағай атқа қонысып, дабыр-дұбыр қоштасып, екеу-екеу, жалғыз-жалғыз, жөн-жөніне бет алған.

Ептеп шым-шым аяз білінген, қаңтардың тып-тымьқ мүлгіп тұрған түні. Ай қорғалап туатын кез болғанымен аспанда жұлдыздар самсап, түн қараңғылығының өзінде төңірек көзге еркін шалынатындай көрініс береді. «Қазотының» ажырықты кең жазығын алақандандап қана жапқан жұқа қар бар жерде. Сүрлеу жолда тапталып, шы-

ңылтырланып жатқан қатқақ қар ат тұяғынан артқа қарай жентек-жентек боратылып, тып-тыныш төңірекке сыздана сықырлаған үн тарайды.

Қатты жүрістен бусана түскен аттар, ауыздықтаса қатар аяндап келеді. Үстіндегі екеуі де үнсіз, өз ойларымен өзі. Аякең аттың жүрісімен сәл толқи, ырғала түсіп, теңселіп келе жатқандай. Осы қалыпта бірсыпыра уақыт үнсіз қатар аяндасып отырып бір кез ол:

— Әлгі иттер бүлдірген-ау осы. Қымызға байқатпай араластырып жіберген бе, қалай. Басты айналдырып келеді,— деген.

Берден күлген.

— Күлесің-ей, сен бір нәрсе сезгенсің-ау. Қап иттер-ай! Қайсысы екен жасап жүрген,— деді зілсіздеу кіжініп. Сонан соң бұған бұрылып:

— Қарияға айтып қойып жүрме-ей, ұят болар, қартайғанда онысы несі дер,— деген шын ыңғайсызданған сыңайда.

Сонан кейін сөзден сөз туындап, әңгімелесіп кеткен. Өстіп келе жатып сөздің бір орайы келген тұста Берден манадан көңілінде күпті болып, қолқалар сәттің қисынын аңдумен отырған ойын айтып қалған:

— Аяке, осы бағанағы «Абайкөк» деген әніңізді айтыңызшы. Сіз сондай ән салады деп бұрын да естуші едім. Ол кісі:

— А-а, не дейсің?— деп бұрылып қараған. Үнінде тосындық жоқ, жай ғана сыпайылық үшін сұрағандай реті бар. Жалпы ыңғайының кет әрі емесін аңдаған бұл үстемелетіп қайтадан қолқалай жөнелген:

— Аяке, айтыңызшы. Жол қысқарсын. Қандай ән екенін естиік. Білгендіріңізді бізге айта жүрмейсіздер ме.

— Әй, сен ит енді оны тыңдамай қоймассың айтып құтылмасам,— деп күлді Аякең өзі де ықылассыз емес көңілде.

— Е, бәсе, сөйтсеңізші,— деп бұл масаттанып қалған.

— Білгендеріңізді айта жүрмейсіздер ме дегенің жөн. Оның ретті сөз,— деп ерге сәл шалқайыңқырай қозғалақтап қойды. Сонан соң:— Қазір насыбай атып алайын. Асығыс жоқ қой,— деді.

Ерніндегі насыбайды сұқ саусағымен шертіп тастап, қақырынып, түкірініп, ыңғайланып алды.

— Осыны осы елде бұдан бұрынырақта өткен Молжан деген әншінің әні екен деп естуші едім. Жас кезден көңілде жатталған, сүйекке сіңген әуен еді. Тыңда онда. Айт десең айтайын.

Аяке., әуелесе бір шырқаны, еке құрғақ өзенін, өзенін тіктеп алып бұрын бұл естімеген, бірақ сарыны жүрекке сондай жақын, халық әуені тақилеттес, әдемі бір шырғын сазды әуелете бастап кетті. Ән болсаң осындай бол. Әншінің әншісі ғана нәшіне келтіріп, жеріне жеткізіп айта алар, бою, сыры тым нәзік, кінәмшіл, сонан соң да екінші бірінің илеуіне келмейтін; ырғақ, нiрiмi қиын қайырылатын; бірақ қисынын келістіре, үйлесімін қапысыз тауып, кең тынысты сырнай үнмен шығандап шырқай салғанда жүйкені босатып, кісінің жан-дүниесін шым-шымдап, еріксіз баурап, еліттіріп әкететін сұлу, сиқырлы сазды; мұңға, сағынышқа, өксікке толы, арманға толы ғажайып бір әуезді ән екен. Айтушының дауысында да кінәрат жоқ. Қалай созсаң да жетіп, қалай шырқасаң да әуелей беретін ғаламат үн. Жүректі шымшылап, бойды шымырлатып еліктіріп бара жатқан әсеріне қара тас ерігендей.

«Ойпырм-ай, не деген дауыс, не деген ән».

Берден бұрын-соңды мұндай ән тыңдап, мұндай әншіні көрген емес-ті. Әнге бұлай құлай елітіп, құдіретіне тәнті болып табынған емес-ті. Мұның көз алдында тіршіліктің, мына дүниенің, тосын бір қыры есік ашқандай еді. «Ойпырм-ай, не деген ән, не деген дауыс»,— деп таңдана берген.

Аякең аңыратып келеді.

«...Абайкөк, өтесің жалған-ай, амал жоқ...»

Берден қыбыр етсе жаң дүниесінде тыныстап тұрған сезімнің бозторғайы пыр етіп ұша жөнелетіндей қимылсыз, сілейіп, қатып қалған. Тек санасы ояу, бар ықыласпейілі әнге ауған. Көңілін белгісіз бір сағыныш, мұң торлап алғандай. Тіпті мына әлем — түнгі аспанның астындағы «Қазотының» кең жазығы да мұңға, сағынышқа толып кеткендей. Бұл не сезім?! Әлде дүниенің, мына тіршіліктің өзі сағыныштан тұратын шығар?! Әйтпесе мына әнші шалдың жан-күйі өз алдына, ал өмірі өксіп көрмеген, әке-шешесінің аялы алақанының астында өскен, жастықтың ең бал дәурені — он сегізге енді ғана аяқ басқан мұның, мына балауса жігіт Берденнің, жан дүниесін баурап алған қандай мұң, қандай ынтызарлық. Жүрегі неге сыздайды?! Нені аңсайды?! Әлде алға ұмтылған арманы, көксеген болашағына деген сағыныш па?! Әйтеуір белгісіз бір тосын күйді бастан кешуде.

Солай келе жатып өзі бұрын ашық-жарқын, ақ көңіл, ардың-гүрдің, еден мінез, батыршалыс көретін; көңілді жан санайтын мына қара шалдың жүрегінде соншалықты нәзік

сыр, тәтті мұң, сары тап болған сағыныш барын; сол құпияларын осы кезге дейін жоғалтпай, аялап, сақтап келгенін сезгендей; соған тәнті болғандай сыңайда да еді.

«Адам ішіне қаншама сыр, салмақ сақтап жүре береді. Не деген күрделі, көнтерлі жаратылыс. Іштегі қапа, қаяудың сыртқа бірін байқатса, бірін байқатпайды. Тіпті еш сыр бермейтіндерді қайтесің. Жарқырап күліп жүрген тәрізді біреудің іштей қан жылайтынын, сыртқа қабағы салқын болып көрінгісі келетін әлдекімнің есебі түгел, бүтіндігін былайғы жұрт аңғара бере ме. Көз алдымызда көргенімізбен ғана өлшеп-пішіп, солай деп қорытынды жасай саламыз,— деп ойлаған Берден сонда.— Ал мына жайшылықта жаймашуақ, шаруасы түгел жүргендей көрінетін Аякең көңілінде табы кетпес арманы, әттеген-айы толып тұрмаса дәл мына әнді бұлай қастерлеп, бұлай айта алмаған болар еді».

Берден осыны анық сезген. Мүмкін қол жетпеген ғашығы болды ма екен, әлде өмірдің тарау-тарау, сан-сапалақ соқпағында кезіккен қиянат, көрген наласының ұмытылмас өкініші ме, әлде қайтып оралмас жастығын, соның қызығын іздеген сағыныш па, әйтеуір қандай да бір мұңлы сырдың әуенін аңғарған-ды. Сол сезіммен қасында келе жатқан қара шалды әлденеге аянғандай, бір түрлі бүйрегі бұрып, оның ел білмейтін құпиясына өзін ортақ жандай санап, бұрынғыдан да гөрі жақын тұтып, құрметтей түскендей де еді.

Осы күйдің бәрін сезіп ішіне бүккендей «Қазотының» кең жазығы тым бұйығы қарауытып, тылсым мүлгиді.

Ал «Абайкөк» әлі айтылып келе жатқан.

ЖАСАН МЕН ЖӘКЕТАЙ

Соғыс ауыртпалығынан бірте-бірте еңсесін түзеп, ес жия бастаған ауыл тұрмысы елуінші жылдардың қырқасына көтеріле дүрілдеп келіп берді-ай. Тапшылық пен таршылықтың тауқыметін аз тартпаған жұрттың табан ақы, маңдай терінің есесін бір қайырайын дегендей табиғат ана кеңпейіл танытып, ағын-тегін иіп бергендей ыңғайда еді. Өзендері арнасына сыймай, шабындықтары шалқар айдынға мелдектеп, егіндері басын көтере алмай ырғалып, сан алуан иісті, сан түрлі дала шөбі шүйгін тартып, малы семіз, төлі егіздеп дәулеттері шалқыды-ай дейсің. Колхоздары миллионер атанып, колхозшылары еңбек күн, еңбек ақы дегеннің ғұмырында тұңғыш рет тұщына дәмін татып; жаз алыс жайлау қуалап, қыс құм түкпірлеп, шаруаның қамымен жырақ жүрген, сол себепті айлықтарын жиып-теріп, анда-санда бір-ақ алатын малшылары ақшасын кеңседен қаппен арқалап шығатын күнге жетті. Солардың көбісі таңдайымен жұртты тамсантқан шешендер, суырылып озған жүйріктер емес, қақ-соқпен ісі жоқ, қатын-бала, қара қазанның қамы деп шаруа баққан еңбектің торылары еді. Бұл елдің басынан өткен жақсысын да жаманын да көрген, өмірден алған сабағы да, түйгені де мол тәуір қариялары елдің керегесінің кеңіп, шаңырағының биіктеген осынау келбетіне қуана толқып:

— Шүкір, шүкір! Тек ұзағынан сүйіндірсін. Өткенге салауат. Енді кейінгілерге жаманшылық көрсете көрме. Тыныштығыңды бер! Береке, ынтымағыңды бер!— деп отырар еді.

— «Жалғыз байып, жақсылықпен қоңсы отыра алмайсың. Халықта барға қуан. Көптің тілеуін тіле» деген ғой ата өсиеті. Шүкір, халық бүгінде жақсы ғой. Өкімет айналайын, еңбек еткенді жарылқап-ақ жатыр ғой,— деп қос-тар еді бірі алғашқысын.

— Жарылқағанда қандай, мұнан артық не істесін,—

деп қостар еді үшіншісі қолындағы кесе толы қымызды жұтып салып, құшырлана ашырқанып қойып, хошуақ көңілде әңгімесін созып.— Қазір малшыларыңның алдында айғыр үйір жылқы, көгенінде қой. Ішкені алдында, ішпегені артында. Осыдан аз жыл бұрын солардың қайсысының тышқақ лағы бар еді.

— Ойбүй, оның несін бізге айтып отырсың. Көрмеген біреуге болмаса.

— Жоқ-ә, әңгіменің реті болған соң айтамын да. Әнеүкүні ана жаман Жәукен алған ақшасын қойнына сыйдыра алмай қоржынына салып шығыпты. Байлық деген сол емес пе?

— Жәукен дейсің бе? Алсын бейшара, еңбегінің жанғаны да. Жетімшіліктің де тауқыметін көп тартқан жалғыз басты жігіт еді. Бейшара қыруар бала-шағалы болыпты өзі. Солардың несібесі де.

Әңгіме осылай өрістей берер еді. Соның көбінде мына жұрттың қазіргі көңірсіп отырған берекелі болмысы тілге тиек болар-ды.

Тұрмысы түзу елдің өмірі көңілді. Өмірі көңілді елдің кісілері жан дүниесі кең, қайрымды, ықылас-пейілі шынайы, мейірбан келетін тәрзіді.

Берденге өзінің бала кезіндегі аулының адамдары осылай елестейді. Олар басынан өткізген сан-сапалақ ауыртпалықты ара-тұра үлкендердің әңгімесінен ғана еститін. Ал өз көргені — әлгі бір сүттей ұйыған тіршілік, сол тіршілікке ие — санқилы мінез, болмыс бітімі бар, әсіресе ішінде ақ көңілі мен әпендесі молдау еңбекқор жандар еді.

Солардың бірі Жасан мен Жәкетай еді.

Екеуі де осыдан бірер жылдай бұрын аудан орталығындағы шоферлар дайындайтын курсты тамамдап келіп, колхоздың бір-бір ескі «газигіне» ие болған «ауыл арасының» жүргізушілері еді. «Ауыл арасының» аталатын себебі тәжірибесіздіктері, табиғаттарындағы ауым-сауымдау, ашық-шашықтығы, жайбасарлықтары ескеріліп екеуіне де жауапты-жауапты жұмыстарға, алыс-алыс рейстерге жіберуге сенім артыла қоймайтын. Сонан соң ауыл төңірегінің көші-қоны, әр түрлі науқандық жұмыстарына жегілетін. Онан «жоғарылауға» өздері де асықпайтын сияқты. Осы дәрежелеріне де дән риза. Өздері жас болғанымен машина ескі, үстеріндегі комбинезон ескі, оған жабырқап жатқан бұлар тағы жоқ. Таңның атысы, күннің батысы демейді, қайда жұмсаса да жоқ демейді, қолы-басы маймай, сылп-сылп, тыным көрмейді. «Тайдың шапқаны білінбейді» дегендей бұлардың істеген істері көрінбейді. Бірақ

бір демалыс жоқ, шаршадым-ау деген реніш жоқ.

Әсте, екеуінің де мен-мендігі жоқ, кісінің ала жібін аттамайтын адалдығы бар, ешкіммен алақоз, бақастыққа әуестенбейтін «барым әзір, жоғым жәй» тіршілікке мойынсұнған, кедей қанағат жандар болатын. Және бір қасиеттері — үлкенмен де құрдас кішімен де құрдас, зілсіз әзілмен араласып жүре береді. Өздері сезе ме, сезбей ме, ол арасы беймәлім, ал басқа жұрт анық байқайтын, әрі әуес көріп қызықтайтын бір «кемшіліктері» бар-ды. Ол — екеуінің іштей бір-біріне ептеген бәсекелестігі. Мүмкін соны алғаш байқағандардың бірі Берден шығар.

Бердендер оныншы класс оқып жүргенде, күзде сабақ басталған соң, бір аптадай жүгері жинауға, колхозға қолқабыс етуге шыққан. Орталықтағы бар машина, тракторлар осы жұмысқа жегілген.

Әдетте мұндайда балалар өздерін кіші санайтын ересек сақа кісілердің маңайынан гөрі жан-дүниесі біртабан жақындау, үлкенмін деп кісімси қоймайтын, қисыны келіп жатса әзіл-қалжыңы араласып кете беретін әпенде көңілдеу шофер-механизаторлармен бірге болғанды қолайлайды.

Класта бірге оқып, бірге жүретін Орынбек деген әзілкеш, қуақы бала екеуі Берден елден бұрын қамданып, Жасан мен Жәкетайдың машинасының кабинасын иемденіп алған. Берден — Жасанның машинасында, Орынбек — Жәкетайдың қасында істейді. Бірде сәске түсте машинаға тиелген жүгерінің собығын орталықтағы қырманға апарып төкпек болып егістіктен ауылға қарай келе жатқан. Азанда құп-құрғақ қара жолға оман арықтан су қашып, жүгеріліктің ішіндегі көлденең арықшаға лай толып қалыпты. Оны сонадайдан көріп келе жатқан Жасекең таяна бергеннен ұшатын бүркіттей қомданып, үлкен бір арпалыс алдында тұрғандай тәмпіш танауы қусырылып, баланың келбетіндей бір уыс, кішкене дөңгелек жүзі сұрланып, қатты бір дайындыққа көшті. Сол жолдан көз алмаған күйі Берденге қарап бұрылмай-ақ:

— Ал, бала, мықталып отыр, — деп ескертті.

— Ол не, Жасеке? — деді бұл аса мән бермей.

— Қазір көресің, — деді ұзақ сөзге қайырымға келмей. Мұнан артық әңгімеге алаңдатпа дегендей сүспен.

Соншама қобалжуына қарағанда Жасекеңе мынау арықша едәуір сын, уайым болып тұрғанын Берден де сезді, сезді де қасындағы серігінің халіне күлкісі келді.

Бұл өзі тереңдігіне машинаның дөңгелегі бойлар бойла-мас, кішкене ғана арық еді. Әрлі-берлі өткен машиналар шашыратып, арғы түйетайлылау беткейімен бергі жағына

су-лай шашырап, сәл тайғанақтау болып қалыпты. Басқа түк қиындығы жоқ. Алдында машиналар жүріп өткен. Тіпті, жазатайым тоқтай қалған күнде төңіректе қаптап жүрген трактор, машиналар мынау. «Айдалада қалатындай осыншама әбігерленгені несі». Осыны айтып күлкіге сайып алмақшы болып бұрылып еді, қасындағы серігінің жауға шабардай «аруақтанып» тас-түйінденген қалпын көріп «көңіліне келіп қалар» деп кідірді.

Арыққа жете бере газдың баж еткен даусы бір шықты да, дүние апалаң-топаландай жөнелді. Кабинаның маңдайына екеуі де бастарын қаншама мәрте ұрғылағанын андай алған жоқ. Тек арықтан аман өтіп, шекелерің сипалап отырғандарын біледі. Машина тоқтап тұр. Бір кезде Жасекең құнжыңдап, қысқа, қамшының сабындай келте қол аяғы шолтаңдап, қозы қарны бұлтыңдап, домаланып апыл-ғұпыл сыртқа ұмтылды. Сыртқа шықты да, арықтың ернеуінде аюдың баласының ойыншық суретіндей тәлтііп екі мықынын таяна, қодырайып тұрып алып, арыққа бір, машинаға бір қарасын келіп.

Берден «бірдеңе болды ма, машинаның әлдене тетігі үзіліп кетті ме» деген оймен басын сипалай жерге түскен.

— Ол не, Жасеке?! Аманшылық па өзі?— деп қасына таянған.

Жасекеңнің жүзінің насаттанып, шырайланғанын бір көргені осы шығар. Екі езуі құлағында, қуаныштан мұны құшақтап сүйіп аларға бар.

— Бала, қалай-қалай өттім, ә. Қарада тұр, Жәкетай осы жерден өте алмайды әлі,— деп мәз бола күлсін.

Дардай адамның осыншама әпенділігіне бұл да күлді.

Кешінде ауылға келген соң клубта, кинода кездескенде Орынбек бір әңгіме айтып, екеуі онан әрмен күлсін.

— Бағана жүгерінің ішінде жолдағы арыққа су жайылып кегіпті ғой,— деп бастаған әңгімесін Орынбек.

Сонан кейін көзінен жасы аққанша шиқылдай отырып, Жәкетай екеуінің қыл көпірден өткендей хикаясын айтқан. Арықтан өткен соң машинасын тоқтата салып, Жәкетайдың жерге секіріп түскенін, жерге түскен соң машинасына бір, арыққа бір қарап тұрып:

— Тура осы жерден Жасан болса дәл осылай өз бетінше өте алмайды,— деп масаттанғанын айтқан.

Берден де өз көргенін әңгімелеген.

— Әй, өздері бәл-ей, өлшемдерін біледі. Ауылдағы Төлеу, Мақатайларды ауызға алмай, өздерін олармен салыстырмай, уәделескендей бір-бірін атауын қарашы. «Тең-теңі-

мен, төзек қабымен» деген осы-ау,— деп шикылды үдете түскен Орынбек.

— Иә, шынында да,— деп Берден де қосылған.— Мақтанғысы келсе, өзін мықтымен салыстырғысы келсе, соларды қарақтар еді. Бірақ енді біздің Жасекең шындықтан аттап кете алмайды ғой. Олардың қандай шофер екенін біледі ғой. «Аяз әліңді» білді ұмытпауының өзі азаматтық.

Бұл екеуі әңгімелеп отырған Төлеу мен Мақатай осы ауылдың, осы ауыл ғана емес-ау, осы төңіректің айтулы шоферлары болатын. Екеуі де керуеннің қара нарындай тұлғасы да, атқарған қызмет, еңбектері де бөлекше жандар еді. Шаруашылықтың ең қиын, ең ауыр сапарларына алдымен аттанатын солар болатын. Ол кезде бұл ауылдың мыңғырып өскен төрт түлік малы жаз жайылым тарлық еткен соң колхоз орталығынан төрт жүз-бес жүз шақырым тұратын Сарыарқаға шығатын. Оған барар жолдың ауыртпалығын басынан өткізген жандар ғана біледі. Екі арада көлденеңдеп, ені жүздеген шақырымға созылып, Мойынқұмның жалдары жатады, онан әрі өткел бермей Шудың арнасы жатады, онан шыға бетпақтың шөлі басталады. Осының бәрін кесіп өтіп Сарыарқаның шетіне іліккенше жазды күндері жол бойы елсіз, әрі бір тамшы ауыз сусыз болады. Осы алыс Сарыарқамен ауыл-арасының хабары-қатынасы, көбіне, Төлеу мен Мақатайдың мойнында. Айлап айналып соғып үйіне бірер күн түнеп, бала-шағасының қасында аунап-қунап кеткеннен басқа өмірі далада, жолда. Шілденің аптабы, қыстың боран-шашыны, аязы демейді, осы қиын жолдарда жүректері дауалап, жалғыз асып жүре беретіндерін қайтесің. Біреулер құмға батып қалып, біреулердің машинасы сынып, біреулер батпақтан жүре алмай немесе боранға ұрынып, үсініп, қилы-қилы мехнатқа кезігіп жатқанда бұл екеуінің бірі жолда қалыпты, сөйтіп азап шегіпті деген тәрізді хабар естілмейтін. Астындағы машинаның да тілін біліп жансеріктей табысып алған; қалың құм мен Бетпақтың шөлінде жүрудің де әдісін әбден меңгерген; табиғаттың сан түрлі мінезін зерделеп, әбден бауыр басып алған; жарық күнмен қараңғы түнін бірдей серік етіп үйренген, жиһанкез рухты жандар еді. Тек машина айдау үшін, тек осы қиын-қыстау жолдарда сапар шегу үшін жаралғандай жандар еді. Елдің берекесі, несібесі үшін туғандай азаматтар еді. Қой бастаған серкедей о жар, ірі бітімдеріне орай істеп жүрген істерін ғана білетін, астындағы машинасын ғана білетін, өз дегендерімен ғана жүретін, өр, тәкаппар мінездері де жоқ емес-ті. Баладай аңғал, ақ көңіл, қолып етпе сәттері де аз емес-ті.

Қатар отырып та ауылдастары олардың осы істеген істерін, бөрідей жортқан жүрістерін, ертегідей етіп айтып отырар еді.

Ал енді соны біле тұрып, өздерін олармен таластыратындай Жасан мен Жәкетай бөспебай емес-ті, әрине. Қанағаты бар азаматтар болатын.

Жасан елгезек, бала мінез, қалтарысы жоқ, таза ақ көңіл, құлдыраңдап домаланып тыным таппайтын, елпілдеген жігіт. Пошымы — бойы ортадан аласалау, дембелшелеу. Бала айтса да, кәрі айтса да мақұлдың жаны.

Жәкетай — орта бойлы, сүйектілеу, шымырлау жігіт. Ептеп жатып атарлығы бар, сайқымазаққа жақындау... Асып-саспай, шәкпіні шекеге тастап қисая аяндайтын жайбасарлау.

Бірақ екеуі де басбұзар мінезден, кесір-кесепаттан, бәлеліктен аулақ, таза әпенде көңілдеу. Жұртқа ұнайтындары да осы мінездері. Бірі әзілдеп, бірі әжуалап сүйкенгілері келіп тұратындары да осыдан.

Ескі машинада жүріп-жүріп, екі-үш жыл өткен соң, ауылға келген жаңа «водовоздың» біріне отырудың Жасекеңе сәті түскен. Құстай ұшып, жұтынып тұрған жаңа машинаның руліне алғаш отырған айларда сыртқа сездіргісі келмей, өзін қанша сабырлы, салмақты көрсетпек болса да, ішкі қуаныштың дүмпуінен жымың-жымың етіп, қунақ қозғалып, оңашада көңілі лепіріп-лепіріп кетіп, мез-мейрам жүрді.

Азанда да, кешке де, жұмыс арасының қалт еткен сәтінде де машинасын қайта-қайта жуып, сүрткілеп жатқаны. Жаратылысынан үсті-басына салақтау, ілінгенін жамылып, кезіккенін ұрттап жүре беретін Жасекеңнің бұл әдеттен тыс «тазалығына» төңірегіндегілер күле қарайды.

— Жасеке-ау, оны сонша неге сүрткілей бересіз, онсызда жалтырап тұр ғой. Қайта бір мезгіл айнаға қарап алып, ана бет пенен қолдың майын тазартып, үсті-бастың шаңын қаққылап қоймайсыз ба, — деп зілсіз әжуалайды.

— Әттең, үйге сыймайды, әйтпесе Жасекең қара «водовозды» жеңгей мен екеуінің арасына алып жатар еді.

— Әй, оның рас, әрі жеңгейді емес, осыны құшақтап жатар еді, — десіп гу-гу күліседі.

Бұл күлкілерге айылын жиып жатқан Жасекең жоқ. Мұрынды бір тартып қойып, ыржалақтай домаланып, құнжыңдап, майы мен шаңы бес батпан ескі комбинезонымен тілімен жалағандай тап-таза кабинаның ішіне сүңгіп бара жатады.

Машина жолға шыққан соң-ақ Жасекең өзінің меншік-

ті, үйреншікті әніне басады. Ән болғанда қай халықтың сазы екені белгісіз бір ыңылды мұрнынан қайырып:

Жалтарасың қояндай,
Татулықтың белгісі
Қозыкерпеш — Баяндай,
Аянда, сәулем, аянда-ай!..

деп қайталайды да отырады. Оған жалықпайды да, шаршамайды. Өзге алып-қосары және жоқ. Бірақ өзіне жетеді, өзі риза. Қатты көңілденіңкіреп кеткен сәттерінде соңғы «аянда, сәулем, аяндайды» даусын шығара көтеріңкірей түсіп, орнынан қопандай-қопандай қозғалып қояды.

Бұл кезде Берден онжылдықты бітіріп ауылда шопан болып жүрген. Үйлері орталыққа таяу «Қоянбай» қырқасының бауырында отырған. Бірде кешкілік «Құрттыбұлақ» жақтан жазық төскейден едіске қарай судай жаңа «водовоз» құйғытып келе жатты. Берден машинаны сонадайдан ақ танып, «жалтарасың қояндайды» құйқылжытып, аңқылдап келе жатқан Жасекең-ау осы» деп тұрған. Бір кезде мидай жазықта, жолдың колхоз орталығына қарай шұғыл бұрылатын тұсына жете бере көз алдына бірдеңе кенет бұлаң етіп, зулап келе жатқан машина апай-топай аунап кетті.

— Ойбай-ай, өлді-ау! Мына жазғанға не болды, қарап келе жатып, — деп атын бауырлап тұра шапты. Екі арасы жақын-ақ жер еді, ә дегенше жетіп барды. Бір қызығы Берденнің жаңағы көргені түсі тәрізді, су жаңа «водовоз» сол еш жеріне қылау түспеген қалпы аман-сау, төрт аяқтап жол шетінде тұр. Кабинадан қылшығы қисаймаған Жасекең түсіп, машинаның ол жер, бұл жерін сипалап, айналып жүр.

Бұл келіп апырақтаған күйі аттан секіріп түсіп:

— Жасеке, не болды? Аман-саусыз ба, әйтеуір? — дей берген.

Ол ойында еш нәрсе жоқ.

— Аман-аман, — деп ыржалақтай күледі. Жаңа ғана машинамен аударылып түскен адам сияқты емес, әлденеге қуанышты кісі тәрізді.

— Аман-аман, дін аман-ей, — дейді машинасын айналып.

— Әй, мәшинесі құрсын. Қу темірді қайтесіз. Өзіңіз амансыз ба? Еш жеріңіз ауырмай ма? — деді бұл шатысып қалғаннан сау ма дегендей қауіп ойлап.

Бірақ жүзіне зер салса есі-басы бүтін сияқты.

— Әй, көріп тұрсың ғой, — деді ол. Даусында «мені

қойшы, жау алар дейсің бе» дегендей сарын бар.— Құдайдың жарылқағанын қарашы-ай, аман-ей. Тек кабинеттің қасындағы айнасы ғана сыныпты. Оны қойшы, ескі машиналардың біреуінікің ауыстыра саламын ғой. Ешкім аңғармайды да...

Берден не күлерін, не күлмесін білмеді. Жаңа ғана машинамен аунап түсіп, аударылып тұрғанымен, ажал-апаттың аузынан тек ғайыптың құдіретімен ғана аман қалғанымен, әйтпесе, көзді ашып-жұмғанша-ақ қайтпас сапарға аттанып жүре беретінімен ісі жоқ, тіпті, ол туралы ойланған жағдайы да жоқ, машинасының аман қалғанына мәз. Есі ауысқан ба дейін десең сап-сау. Құнжындап, құлдыраңдап тұрған баяғы сол Жасан.

— Сен өзінің тірі қалғанына шүкірлік етпей машинаның амандығына қуанғаны несі, жынды ма деп тұрған шығарсың,— деді бір кезде Берденнің көңіл күйін аңғарғандай байыпты сөзге көшіп.— Құдай сақтады ғой. Абыройым бар екен. Әйтпесе масқара бола жаздадым ғой. Мына судай жаңа машина жапырылып, не қаусап қалса — елге не бетіммен қарар едім. Мәжекеңе не айтар едім. (Мәжекесі колхоздың бас инженері. Қолды-аяқты баладай ұшып тұрған, қайда жұмсасаң қабақ шытуы жоқ елгезек пейіліне қарап, осы жаңа машинаны бекітіп берген сол кісі болатын). Онан гөрі өлгенім артық қой. Сен жансыз қара темір деп тұрсың ғой. Ал оның ұятын қайда қоясың.

Сөзінің аяғында бір түрлі толқып, даусы дірілдеп кетті. Жылы, жуас қоңыр жанарына мөлт-мөлт етіп жас үйіріліп шыға келді.

Өзі айтқандай қуаныштың жасы ма, жоқ қалай дегенде де жан дүниесін оқыс дүр сілкіндірген жаңағы бір апатты сәттің санасына ұрған үрей жасы ма, қиналыстан туған ұяттың жасы ма, мүмкін бәрі де бар шығар, не дегенде де әйтеуір шынайы көңілдің жасы еді.

Сонда барып Берденнің түйсігіне әлденелер жеткендей болды.

«Ойпырым-ай, мына кісі ұятын, намысын, өмірінен артық көріп тұр-ау, өмірінен жоғары қойып тұр-ау. Не деген адалдық, әпенділік, рухы қандай мықты» деп таңқалғанды.

Сонан соң машинаны айналып бұл да мұқият қарап шыққан. Шынында да дін аман дерлік. Мына машина бір аударылып тұрды десе, екеуі жабылып ешкімді сендіре алмастай.

«Ақ көңіл адамның аударылғаны да жеңіл болады екен-ау» деп ойлаған Берден сонда.

Араларында жас айырмашылықтары едәуір болғанымен, Берден мен Орынбек, өзі үлкенсіп, кеудеге итеріп тұрмаған соң ба, Жасанмен құрбы-құрдастай еркін-ді. Әңгімелері жараса кететін. Кей-кейде айлық алған күндері қатар адамдай бірге қыдырыстап кететін кездері бар. Сонан соң да Жасекеңе барғылары келіп тұрады.

— Ой, батырлар, жай жүрсіңдер ме-ей?— деп жымыңдай түсіп жайдары қарсы алар еді ол.

— Енді ағамызға келмейміз бе,— деп қуақы тымпиып бұлар тұрады.

Жасекең сол кез әлденені ойлағандай бүгежектеп бір сәт кібіртіктейді. Сонан соң қунақ құнжыңдап, қалтасына қол жүгіртіп:

— Әй атадан қалған мал жоқ. Барып келіндерші, мә, беттерің қайтпаған балалар едіңдер,— деп бес сомдық көк жапырақты суыра береді.— Кемпір менің қанша алғанымды кеңседен барып, сұрай қоймас,— дейді, өзін-өзі жайландырғандай, тіпті өзін әлденеден ақтағандай ыңғаймен. Әрі өзінің осы жомарттығына іштей бір тоғайып тұрған қабақпен бұларға енді көңілдене қарайды:— Жете ме-ей, әлде тағы берейін бе?— деп қопандап көтеріле сөйлейді. Бұлардың онан артық дәметпейтінін де, өзінің онан әрі қалтасына тереңдей түсе қоюға тәуекелі жетпейтінін де сезеді, әрине. Сезіп тұрса да солай деп бір қояды.

Жасанның үйелмелі-сүйелмелі қыруар бала-шағасы бар. От басы қоңторғайлау, жұпыны екенін бұл екеуі жақсы біледі. Жасекең ел қатарлы бірді-екілі ірі қара, бес-он тұяқ мал да ұстамайды. Өзі болса күні-түні машинаның үстінде, ол малға кім қарай қойсын. Әрі тапқаны тамағына тақыр-тұқыр жететін, азынаулақ айлыққа қарап отырған үйге оншалықты мал да қайдан құрала қойсын. Бұл жағдаяттан хабардар болған соң, екеуінің, әрине, Жасекеңе салмақ салмауы керек қой. Әрі өз қалталарында ешнәрсе болмай тұрса бір сәрі. Құдайға шүкір, екеуінің де ышқыр қалтасында мұқият бүктелген шытырлақтар жоқ емес. Онысын қимай сараңдық жасайтындардың да сойынан емес екеуі. Тек Жасекеңді кеу-кеулеп қажағылары келіп тұрады. Өстіп Жасекең бір бастап, үлкендік көрсетіп берсе болды, онан арғысын көтеріп алуға құмбыл...

Колхоздың сан-сапалақ шаруашылық жұмыстарында Берден талай рет Жәкетаймен де істес болды. Талай «қызығының» куәсі болды. Соның естен кетпейтін бірі — «Көкдаладағы» қора салып жатқан құрылысшыларға шифер, цемент артып барған сапарлары.

Сол жақта, алыс мал жайылымында отырған үйінен

орталыққа келген Берден қайтуға машина іздеп колхоз кеңсесіне соққан.

Есік алдына сылаңдаған ұзын көк айғырдан көлденеңдей келіп түсіп жатқан колхоздың бригадирі Әбілда мұны көріп жымың ете түсті. Өңі қалыңдау қарасұр жүзін түк басқан, құлаштай қара мұрты едірейіп, бұйра қасты қалың қабағы жарланып түсі суық, сесті көрінетін; зор келбетті, қапсағай ірі денелі бұл кісінің жымыып күлген сәтте түсі жылып қоя беретін. Және мұндай сәтте кісіден бірдене сұрайтынын, не бір жерге жұмсайтынын Берден білетін. Жақындап келіп сәлем берді.

— Әй, аулыңа қайтатын машина іздеп жүрсің бе? — деді Әбекең бірден мұның жағдайын танып. Жалпы бұл кісінің осы ауылда кім қалай басып бара жатқанына қарап қайда, не шаруаға, не жағдайменен жүргенін айнадан көріп отырғандай қапысыз танитын байқампаздығына шәк жоқ еді. Кісінің ішіндегісін арғы жағынан біліп тұратын. Мүмкін осы бір күні-түні ат үстіндегі беймаза, тынымсыз жұмысты өмір бойы шын-тінімен атқарып, ылғида аңдыған-баққаны сол болып, жұртпен жиі қарым-қатынаста жүргенінің әсері шығар соншалықты зеректігі.

Ол кісінің сұрағына бұл іздегені табыла кеткендей елп ете түскен:

— Иә, Әбеке!

— Жәкетайдың машинасы жүреді бүгін солай қарай. Ондағы құрылысшылар «цемент жоқ, шифер жоқ, жұмыс тоқтап қалды, қарап отырмыз» деп сәлем айтыпты. Бүгін соларды ауданнан барып баздан тездеп артып алып, жүріп кет дегенмін.

— Кетіп қалған жоқ па екен, қайдан іздейін? — деген бұл қалып қойғандай елеңдеп.

— Кете қойған жоқ шығар. Үйіне соқшы. Ауданға бірге мініп барып, әлгі заттарын тиесуге көмектес. Ол жалғыз өзі еді. Қасына қосып беретін кісі таба аламай тұр едім, сенің кезіккенің дұрыс болды ғой. Көмектесіп жібер. Жассындар ғой, еш нәрселерің кетпейді. Әрі жүкті тезірек тиеп алсаңдар аулыңа тезірек жүріп кетесіңдер. Сөйте ғой, жарай ма?

Жасы үлкен кісі айтып тұрған соң, әрі осы ауылдың колхоз бастығынан кейінгі иесі, бригадир айтып тұрған соң, Берден қалай жоқ десін.

— Мақұл! — деген.

Әбекен Жәкетайдың үйіне қарай жонеле берген мұшың артынан айғайлап:

— Әй, оған да айтқанмын, сенің де есінде болсыншы.

Ауданнан жүктеріңді артып келген соң завхозға соғып, бір-екі қап ұн, қант, шай салып ала кетіңдер құрылысшыларға, — деп тапсырды.

Әбекең мұны көргенде бекер жымың еткен жоқ екен.

«Әй, бәле адам ғой, бәле адам. Білдірмей ұстайды-ау. Сипап тұрып бұғалықтай салады». Бұл Берденнің ауданда баздың кең ауласында шыжыған күннің астында шифер тиеп болып, енді қағаз қаптағы цементті мықшыңдай тасып жүргендегі ойы еді.

Айтса, айтпаса да Әбекеңнің майда тіліне қарағанда, барып машинаға міне салатындай еді, сөйтсе қыруар жұмыс күтіп тұр екен. Кеше кештетіп келіп қойма жабық болған соң, әрі түсіретін кісі табылмаған соң, есіктің алдына қоя салған машина толы күйген қыш күтіп тұрыпты. Екеулеп түске қарай түсіріп, жинап бітті. Сонан машинаны босатып алып, аудан орталығына қарай жөнелген. Келсе түскі үзіліс дейді. Сол үзілісі бесінге дейін созылды. Онан керек заттарға рұқсат алып тиеп біткенше күн кешке айналды. Күн бата Жәкетайдың үйіне түтігіп, ұшып әрең жеткен. Шай ішіп, жан шақырып: «Қоймашы да есігін жауып кеткен шығар. Енді түн ішінде барып бізге ұн, қант шығарып бере қоймас. Таңертең алып, ары қарай жүріп кетерміз» деп келісіп, аяқ-қолдарын созып, еркін дем алуға ыңғайлана бергенде, іңірде асығыстап колхоздың инженері келді.

«Қазотыдағы» шөпшілердің шалғы тартып жүрген тракторларының ремені үзіліп тұрып қалыпты. Жаңа атпен барып көрші колхоздан тауып алып келген екен, соны апарып салып, тракторды жүргізіп қайту керек. Жиырма шақырым жерге осы түнде инженер атпен жүре алмайды ғой. Тап қазір осы сәтте, осы ауылда Жәкетайдың машинасынан басқа дөңгелеуге келетін дөңгелек жоқ. Шаршағанымен келіп демалар, азанда ұйқысын қандырып алып жолға шығар».

Инженер осылай деп тұрған соң, бармауға не сән. Жәкетай апыл-ғұпыл жинала бастады.

Түннің қай мезгілі екені белгісіз, машина гүр етіп келіп тоқтағанда Берден ұйқысын ашып, Жәкетайдың үйге кіріп, шешініп жатқанын байқаған. Сонан соң қайтадан көзі ілініп кеткен.

Қанша уақыт өткенін білмейді, бір кезде киіз үйдің жұқа қарағай есігін түсірлетіп, даурығып тұрған біреудің даусынан ояңды.

— Бұл кім-ей?

— Бұл кім-ей!— деп Жәкетай да әйелі де қатар дауыстай түрегелді.

— Аш! Ашшы, қарағым, есіктеріңді! Бұл мен ғой, Мүлкаманмын.

— Мулкаманы кім?— деді ұйқылы-ою Жәкетай күңк етіп.

— Мынау көрші үйдегі атай емес пе,— деді әйелі сыбырлай сөйлеп. Сонан соң төңірегін сипалап, сіріңке тауып алып, шырт еткізіп жағып шамды тұтатты. Барып есік ашты.

Қария үйге кірген соң, басқа ешкімді көрмей көзін көлегейлеп, шамға қарап тұрып сөйледі.

— Жәкетай, ояумысың, шырағым!

— Ояумын, ояумын, жайшылық па, қария?— деді көрпесінен кеудесін ғана шығарып, мәйкішең мәңгіріп отырған ол.

— Ойпырым-ай, сенің барың жақсы болды-ау,— деп қауқылдап алды шал.

— Түн ішінде неғып дүрлігіп жүрсіз?— деді әлі ұйқысын аша алмай керенау есінеген күйі шалдың тап осы жүрісін аса ұната қоймаған сыңайда.

— Ойпырым-ай, қарағым, келін мазаны алып барады. Іңірден безектеп еді, енді қиналып, үрейді алып тұр,— деді шал шын сасқан қалыпта.

Жәкетайдың да ұйқысы ашылып кеткендей.

— Не болды?

— Толғақ па қайдам, келін өзі екіқабат еді ғой. Шырқырап жер-көкке тұратын емес. Бала болса шөпте «Қазыотыда». Кемпір екеуміз сасып, не істерімізді білмей. Енді, айналайын, тезірек лөктірге жеткізейік. Жалғанның жазымы көп. Кемпірге «барып, сен шақырып келе ғой» деп едім. «Жұмыстан жаңа ғана келіп жатты, бара ма, бармай ма, өзің барып айтсайшы, сенің сөзіңді тыңдар»— дейді. Соған өзім келгенім. «Неге бармайды, адам аурып қиналып жатқанда. Мұсылман емес пе? Өзіміздің Есентайдың баласы емес пе?— Шалдың сөзінің аяғы сестеніп, ширай түсті.— Мәшине өкіметтікі болса, аурып жатқан адам да өкіметтікі, неге бармайды деп. Жүре ғой, қалқам, құдай тілеуінді бергір. Сенің үйде бола қалғаның мұндай жақсы болар ма?..

Жәкетай құрақ ұшып тұра қойған жоқ. Ыңыранып, қиналып ықылассыздау қозғала бастады. Бармаймын деуге тіл байлаулы, амалсыздан орнынан түрегелді. Өзі де жайбасарлау кісі, тіпті, ілби басып үйден шықты. Үкіметтің

адамын үкіметтің машинасымен апармауға болмайтындықтан ғана кетіп бара жатқан тәрізді.

Берден сонан оның таң алдында оралып, төсекке жатқанын көрген. Бір кезде даладан бригадир Әбілданың жуан қоңыр даусы естілді.

— Жәкетай! Әй, Жәкетай, ойбай-ау, әлі ұйықтап жатсың ба? Ойпыр-ай, алаңсызың-ай сенің. Не деген асықпайтын адамсың. Талтүс болды ғой.

Берден апыл-ғұпыл киініп далаға шықса, Әбекең көк аттың тұмсығын босағаға тірей келіп тұр екен.

— Ой, бұлардың не сендердің. Мана азанмен жүріп кеткен шығар десем.

Берден не дерін білмей жауаптан тосылып тұрғанда есіктен үрпе-сүрпе Жәкетайдың қауғадай басы көрінді.

— Оу, бұл жатысың не?

— Әбеке-ау, сағат сегіз жаңа болыпты ғой, соншама қараспанды суалтып... Қазір жүреміз.

— Әй, сендер қашаннан бері сағатпен жұмыс істейтін болғансыңдар. Сағатың не? Таң атқалы қашан. Сағатпен жұмысқа шығамын десендер, зауытқа барыңдар. Колхоздың жұмысы, шырағым, сағатыңа бағынбайды. О несі-ей.

— Әбеке, менде де жан бар ғой. Темірден жаралды дейсіз бе. Сенсеңіз төсекке осы таң алдында ғана...— деп Жәкетай шытыныңқырап, реніш табын сездіре түндегі жүрістерін баяндап келе жатыр еді, Әбекең оның бәрінен хабардар сияқты мәмілелі үнмен сөзін аяқтатпай киіп кетті.

— Жарайды, жарайды. Енді ана жақта қоралы кісі қаңтарылып қарап отыр ғой, қаншама жұмыс қалып жатыр. Шаршаған-ақ шығарсың, тәйірі, жас кісіге шаршаған деген не? Қирап қалпына келе алмай қалатын кәрі емессіңдер. «Көкдалаға» барған соң жақсылап бір ұйықтап түрегелсең, кетеді де шаршаған деген. Құдай-ау, жас кісіге бір мызғып алса жетпей ме. Ұйықтай берсең ұйқы қанушы ма еді. Ұйқыда ұят бар дейсің бе?..

Әбекеңді мақұлдан басқа сөзбенен жеңе алмайтынын білетін Жәкетай әңгімені созбауға тырысты.

— Мақұл, Әбеке, дұрыс. Қазір шәй ішіп аламыз да жүреміз.

— Е-е, сөйтіндер.

Бұлар орталықтан құм жиегіндегі «Көкдала» жайылымына қарай сары сәскеде, дәл күн ыси бастаған шақта, жолға шықты. Біресе құм, біресе май топырақ, кей тұста сортаң болып келетін, шұқыр, шұқанағы көп, табаны қазылып түсіп кеткен ескі қара жолда машинаның шоқақтап

жүрісі өнбейді. Адымын жаздырмайды-ау, жаздырмайды. Іш пыстырған мимырт жүріс. Төбеден шыжғырған күн берекені кетіріп, қажытып, екеуін мәңгірте бастады. Әсіресе Жәкетай былқ-сылқтау.

— Машина айдай алмайсың ба? — деп сұрады бір кезде Берденнен.

Мұның ондай өнері жоқ-тын.

— Осыны енді үйреніп алмайсың ба, балалардың біразы айдай береді ғой, — деп ренжіп алды. Сонан соң қалтасынан бір көзінің әйнегі ортасынан жарылып сынған сатал-сатал, қара қоңыр көзілдірікті тауып алып киді.

— Мына ұйқының қажытуын-ай, — деп ауызды кере есінеп алды.

Бұл кезде оны-мұны айтып тауысып, әңгімеден шаршап, екеуінің де сөзге зауқы жоқ, бей-жай күйге түскен. Машина ың-ың етіп әшейін ілбіп келеді. «Жүрісін неге сонша төмендетіп жіберді» деп Берден жанындағы серігіне қараса, Жәкетай басы бұлғаңдап, ұйықтап келеді.

«Бұл кісінің ұйықтап келе жатып машина айдағаны несі. Онан да тоқтай қалып, кішкене неге мызғып алмайды» деп ойлап, серігін түртіп оятты.

— Жәке! Қалғып келесіз ғой. Шаршасаңыз, тоқтап, біраз демалыңызшы.

— Қай жаққа тоқтап дем аласың, — деді есіней түсіп ол. — Мына құмда, мына ыстықта бір сәт тоқтап тұрып көрші. Тұншығып өлерсің. Онан да аяңдай берген дұрыс.

— Енді қалғып келесіз ғой, машина жүріп келеді.

— Е, еш нәрсе қылмайды, үйренген жол ғой. — Даусы, тіпті, жайбарақат, пәуеріне кіріп шығатын емес.

Берден енді не десін. Бірақ өзі сақтаныңқырап, жинақылана отырды. Қалғымай жолға қарап отыруға бекінді.

Жәкетай сәлден кейін қайтадан бұлғаңдай бастады. Бірақ екі қолы рульден, оң аяғы газды күшейткіштен айрылмайды. Анда-санда бір оянып, түсіп кеткен жылдамдықты екі кейде үшке ауыстырған болады. Машина сол күйі жайлап ыңылдайды да отырады. Не бұрылып жолдан шығып кетпейді, не тоқтап қалмайды. Анда-санда шұқанақтан тоңқып-тоңқып қалғанда Жәкең басын көтеріп алып, бір ықтиятталып отырады. Ол кезде машинаның жүрісі де өніңірейді. Сәлден кейін бірте-бірте даусы бәсеңдей береді де, үйреншікті ыңылын қайта табады. Сонан кейін анда-санда лоқ-лоқ етіп қойып, изеңдейді де отырады.

Бір ғажабы алдынан кесе көлденендеп жайылып өтіп

бара жатқан құм ішінде саяқ жүрген қара-құра мал кездесе, Берден:

— Жәке, алдыңызда сиыр тұр,— деп айтып үлгергенше:

— Е, көріп келе жатырмын ғой,— деп сезе қояды.

Қалай аңдайтынын. Жол бойы алдарынан құм ішінің бұралаң бұрылыстарында қарсыдан келе жатқан машина шыға келгенде, Берденнің зәресі ұшып кеткен.

— Ой, Жәке, машина!— дегенінше:

— Ә, байқап келемін,— деп жайбарақат қалпы бұрылып жол беріп үлгерді. Қалай біліп, қалай оянып, бұрылып үлгергенін. Берден таң қалып, тәнті болады.

Жолға құйып алып шыққан су да, шалап та жылымшы татып, ішуге келмей кетті. Қаталап, шөлдеп, сол ілбігеннен ілбіп отырып, бесін еңкейе «Көкдаланың» бергі шетіндегі ауылдардың біріне құр сұлделерін сүйретіп ілікті-ау, әйтеуір.

— Жеттік қой енді. Қазір барармыз. Мынау үйге кіріп шай ішіп, біраз көлеңкелеп алайық,— деді Жәкетай машинасын қара жолдың сұрлеуінен бұрып.

Берденнің де құр жаны келе жатқан.

— Сөйтейік, Жәке!— деп қосыла кетті.

Бұлар шайды енді алдына алып, көнтақа болып қалған таңдайлары жібіп, маңдайлары жіпси бергенде, сырттан дүсірлеген аттың аяқ дыбысы естіліп, үйге таяп келіп тоқтады да:

— Кім бар-ей!— деп дауыстаған қартаң кісінің үні естілді.— Мына машинаның шофері кім, далаға шығып кетші, шырағым.

Берден Жәкетайға қараса жаңа ғана жантайып жастыққа шынашақтай кесесін қолына ұстап, шай ұрттап отырған кісі сылқ етіп құлай кетіп, көзін үнсіз жұмып қалыпты.

«Осы дем арасында ұйықтап кеткені ме? Әлде кешелі бері дамыл жоқ, жолдан әбден қалжырап жеткен, жазған, талықсып бара жатқан жоқ па» деп бұл:

— Жәке!— деп сипай, білегінен ұстай берген. Ол сол сәт тиіспе дегендей қолын жайлап қағып жіберді. Бұл ойлағандай әлден кетіп жатқан адамның сиқы емес. Тіпті, ұйықтап та жатпаған тәрізді. Бұл түсіне алмай аңтаң күйде аңтарыла қарады. Жәкетайдың жатысы сұлық, қозғалар емес.

Іште бұл екеуі, үй иесі әйел — үш-ақ кісі бар-тын. Сырттағы шал «кім бар-айлап» дігерлеп күтіп тұр. Сонан соң далаға жауапқа бұл шыққан. Аттылы орталыққа қарай

жүретін машина іздеп жүрген осы төңіректегі сиыршы қария екен. Бұл жүрістерінің жағдайын, жөнін айтты. Шал хабарын білген соң жөніне кетті. Берден үйге қайтып кірсе Жәкетай қуақы жымыңдап шайын сораптап отыр.

— Шалды жөнелттің бе?— дейді бұған.

— Оу, Жәке, жайшылық па, жаңа сізге не болып қалды?— деді бұл әлі еш нәрседен қапері жоқ күйінде.

Ол тырқ-тырқ күледі.

— Өтірік ұйықтап қалдым.

— Е, неге!

— Ой, өліп-талып шайды енді ұрттай бергенде, оны тастап далаға шығуың керек. Шекеңді шықылдаған күнге тосып тұрып, оның әңгімесін тыңдауың керек. Ауыл-аймақтың хабарын түгендеуің керек. Сәлемінді ала салып қоя беретін шал жоқ болса да. Тұрамын ба сол тыпыршып. Мен бүгін орталыққа қайтпаймын. Машина іздеп жүргенін келгенде-ақ сезгенмін. Сонан соң ұйықтап қалған болдым. Бәрі бір сен оятқанмен тұрмайтын едім. Өзің шығып жөнелткенің жөн болды,— дейді жайбарақат қалпы терін сұрткіштеп қойып.

Үй иесі жасы егделеніп қалған бірақ сарт-сұрт, шапшаң мінез, жұлқар қимыл, қарашолақ әйел:

— Қу шешек, сенен шықпайтын бәле жоқ,— деп таңқ-таңқ күледі.— Мен де бұл байғұсқа не болып қалды десем. Әй, жүгірмексің-ау...

— Әй, Жәке-ай, әртіссіз-ау,— деп Берден де күліп жатыр.

Үй ішін әп-сәтте бір көңілділік жайлап алғандай.

* * *

Берден қазір ойлап отырса: бірі төредей такаппар, бірі ақ көңіл-әпенде мінез-құлықпен жүріп те не қоғамға, не ағайынға қылдай қиянат, қараулыққа бой ұрмаған; бірі нардың, бірі тайдың жүгін көтерсе де шамасына шақ артылған тіршілікке, қызмет, шаруаға ақ адал, бүкпе-қалтарысы жоқ ниетпен, ықыласпен кірісіп жанын жалдаған тынымсыз еңбегімен аулын сол кезде, сол байлыққа кенелткен, көсегесін көгерткен сол азаматтар екен ғой.

Кей-кейде беті күліп, көлгірси сәлемдесіп, арғы жағымен жаманшылық қарақтап, жылаусыз, жансыз, жымысқы жылт ойнаған шегір жанарларының сұп-суық сұғын қадап тіміскіленіп тұратын пысықай, жылымшы көңіл; тапа бір тау қопарып жүргендей мәз көкірек; толып жатқан «ширақ» ағайындарды көріп «тойғанда» сол бір баладай аңғал, қожанасыр, залалсыз сайқымазақ Жасан мен Жәкетайларды сағынғандай болады екен кісі.

ҚӨРГЕН ТҮСТЕЙ ДҮНИЕ

Әсем кеште айы күлген наздана
Болғам мен де әйбат керім бозбала.

С. Есенин.

Бұрын бір үйде көрші тұратын, әрі бұл жұмыс атқаратын бөлімде ғылыми қызметкер болып бірге істейтін Қайрақбай досы кең, тәуір пәтер алып, қаланың жаңа ауданына көшіп кеткелі жылға таяп қалған. Күнде таңертең кеңседе кездескен сайын Қайрақбай:

— Әй, қоныс тойын өткізуге әлі мұрша келмей жатыр. Бұрын ешнәрсені ескермей жүре беруші едік, мына жаңа пәтер дегеніңе анау керек екен, мынау керек екен. Тіпті, түгендеп болатын емеспіз, — деп әрі шағынып, әрі кешірім сұрағандай бір айтып қояды.

Бұрын ол осылай әңгіме бастағанда:

— О, жаңа пәтердің ішін қазіргі талапқа сай жасап шығу оңай шаруа емес, — десіп оның жағдайын түсіне, сөзін қосыла құптап, қуаттай жөнелетін кейбір келіншектердің өзі енді оған:

— Ой, сен бүтінделіп бітпессің. Жырың тым ұзаққа созылып кетті ғой. Дүниенің түбіне кісі жете ме? Жинай берсең таусылмайды ол. Адамда түгелшілік болушы ма еді? — деп қағыта әзілдей, күлетінді шығарды.

Қалтарысы шамалы, салдырлақ Қайрақбай мұндайда әжептәуір тосылып, қипақтап қалады:

— Жоға, дүниені түгендейін деп жүргеніміз жоқ. Дәметкен: «Үйдің ішін бірсыпыра бүтіндеп алып барып шақырайық жұртты. Арбиған, сарбиған, тыр жалаңаш төрт қабырғаға қонақ қамағанымыз ұятты» деп болмай қойған соң... — деп күмілжиді кінәлі кісідей.

Қайрақбайдың қоныс тойының қамынан кейінгі бұған айтатын әңгімесі көршілері туралы, әсіресе көршісінің әйелі жайлы.

— Әй, Жолдасбек, қазаққа құдай әйелді бере салады-ей, екең... — деп бастайды ол әңгімесін.

Сосын оның сұлулығы, сыпайылығы, кісіге бауырмал қарапайымдылығы, сіз-бізге жетіктігі тарау-тарау әңгіме.

— Күйеуі де қырыс-тырысы жоқ жайдары жігіт. Жалпы өздері сыйласуға тұратын әйбат жандар. Жақсы көршің болғаны да жақсы ғой. Сәтімен кездескен көршілер болды өздері. Құдай қаласа таныстырамын ғой, көрерсің өзің. Тамаша әйел,— деп үзіле аяқтар еді.

Жолдасбек оның салдырлаған көп сөзіне тыңдаған ыңғай танытып, ара-тұра басын ізеп қойып: «Иә, жарайды, дұрыс» деп мақұлдағанып отырғанымен құлақ қоя бермейтін әдетімен бұл әңгімесіне де бәлендей көңіл бөліп, назар аудара қоймағай.

Бірде ертеңгілік жұмысқа келген бойда Қайрақбай:

— Алдағы сенбіде біздің үйде жиналайық!— деген шақыруын салтанатты түрде жария етті.

Жолдасбек жұбайы екеуі гүл базарына, онан орталық универмагқа соғып жүргенде шақырылған мерзімнен кешігіңкіреп қалып, Қайрақбайдың үйіндегі қонақтар бұлар келгенде дастарханға отырып қойған екен.

Көптің ортасына кешігіп келген кісіге тән тосындық, ыңғайсыздық күй кешкен қалыптағы бұлар кірген бойда есік жақтағы бос тұрған орындарға ың-шыңсыз жайғаса кетпек еді, төменіректе отырған ерлі-зайыптылар:

— Жоғары шығыңыздар,— деп ығысып, орын босата берді.

Қайрақбай бұларды қағыта:

— Отыра беріңдер. Кешігіп келгендерге айыбы үшін төменгі жақтан орын беру керек,— деп жатыр.

Алғаш орнынан көтерілген толық, ақсары келіншек:

— Жок, біздің күнде келіп жүрген үйіміз ғой. Бұл кісілер қонақ қой. Жоғары шықсын,— деді сыпайылық үшін емес, шынайы ізетпен. Үні сондай биязы, жағымды естілді Жолдасбекке. Сол сәт әйелге назар тоқтата қараған. Ол да бұған шырамытқан таныс жанармен көз салған сыңайда екен. Бұл жалт қарағанда жүзін шұғыл бұрып кетті. Ажарында елеусіз ғана бір алау лып етіп қылаң беріп қалғандай көрінді Жолдасбекке.

«Өзі мені таныды. Япыр-ау, бұл кім болды?!» Жолдасбекке ә дегенде-ақ осы ой сап ете түскен. Бірақ табан астында есіне түсіре алмады. Әйелінің:

— Әрі таман жылжысаңшы,— деген сыбырынан өзін-өзі ұмытып, бір сәтке аңтарылып қалғанын аңғарып, тез бойын жиып ала қойды. Жағалай елмен амандасып-сәлемдесе бастады. Алғашқы кезектегі қалыпты амандық-саулық, жаңалық сұрасып, міндеттен құтылып шыққан соң да бірден басына келген ой:

«Япырау, кім еді?!»

Келіншек жаққа ұрлана тағы көз салған. Сол сәт сана-сының түкпірінде бір жарық сәуле жылт еткендей болған.

«Ә, сол»,— деді. Мына ойда-жоқта кезіккен жұмбақтың шешуін тапқанына қуанғандай тіпті даусы оқыс шығып кете жаздады. Өз күйінен өзі қуыстанып жан-жағына секем ала қараған. Ешкімнің мұның жан дүниесіне сұғанақтанып, сезіктене қоймағанын аужайлаған соң көңілі орнығып, орындығына шалқалай жайғасты.

«Иә, сол тәрізді»,— деді тыныс ала ойланып.— «Адамға адам кездеседі» деген. Алғаш танымай қалдым-ау. Мида кәрілік нышаны болмағай. Ұмытшақтық соның салқыны шығар. Әйтпесе өмірде кезіктірген осындай жанды танымай қалу...»

Алғашқыда өзін-өзі кінәлағандай осылай ой түйген. Артынша өзін-өзі ақтағандай қисынға жүгінді.

«Қайдан тани қоймақсың. Ширек ғасырдан аса мезгіл өтіпті. Сонан бері кезіктірген емессің, анда-санда есіңе алып, жадында сақтап та жүрген кісің емес. Жастықтың жалт еткен де жоқ болған елеске тән көп суреттерінің біріндей ғана гәп. Сонан кейін қайтып оны ойыңа да алған емессің. Өмірдің бірде қызық, бірде қиын, қиыр-шиыр тауқымет ағымының сан-сапалақ толқынының астында қалып ұмыт болған жәй. Оның үстіне ойда-жоқта, табан астында... қайдан есіңе сап ете түссін... Ал бірақ ол сені ә дегенде-ақ таныған тәрізді. Әйел қанша сабыр сақтап, байқатпаймын дегенімен бұл онысын аңғарып қалған. Иә ол алғаш көргенде-ақ таныпты. Санасы сондай зерек пе. Әлде ойында жүрген болдым ба? Ұмытпағаны ма?»

Жұрттың көзін ала бере ескерусіздеу бұрылып, әйелге көз салып еді, соны байқағандай ол да бұған жалт қараған. Қараторғын, пайымды, тұнық жанарының жайдарылығы жанына жылу құйып жібергендей бұл елеңдеп қалды. Әрі әйел тап мұның ойын оқып отырғандай, «ұмытқаным жоқ» дегендей сыңаймен жылыұшырай қараған. Жолдасбектің жүрегі лүп ете түскен.

Сол кез сонау кездегі көк бидайықтай солқылдап, ырғала майысқан тал бойы талдырмаш; жалғыз өрім білектей бұрымы мықынын ұрғылаған; жазық, ақша маңдайға жараса қонған қау кекілі желмен ойнаған; ақсұрып ажар, тана көз; ерке, ұяң, аусар, үркек балауса қыз көз алдында бұлаң еткен.

«Япыр-ай, аты кім еді?— деді қинала ойланып.— Өмірінде атаса бір-ақ рет атаған шығар, естісе бір-ақ рет естіген шығар, сонан кейін қайталап көрмеген есімі ғой. Енді

қалай жөпбөлдемде есіне түсе қойсын... Құдайым-ау, аты кім еді?!»

— Әй, сен немене, ұйқың қанбай келген бе? Мәңгіріп отырсың ғой өзің.

Қайрақбай екен бұған шүйіліп тұрған.

Бұл оның рас дегендей мойындаған сыңайда, басқа айтар уәжі болмай, жымыып күлді. Өзінің оқшаулау кеткенін сезіп, аттың басын көпке қарай бұрғансыды. Осы мезгіл құлағы шалып қалған әңгімеге араласқан қалып танытты. Ал санасының арғы түкпірінде жалғыз ғана сұрақ тұрды:

«Аты кім еді?»

Бұл кезде әңгіменің реті солай айналып келіп, Қайрақбай қонақтарын, әсіресе солардың ішіндегі бейтаныстарын Жолдасбектерге таныстыра бастаған. Төрден басталған таныстыру есік жақтағыларға қарай ойысып бара жатқан. Неге екені белгісіз Жолдасбекті ақсары әйелдің атын Қайрақбайдың аузынан естімей тұрып, өзім есіме түсірсем деген құштарлық биледі. Бар есіл-дерті соған ауды. Қайрақбай келесі кісілердің аты-жөнін айтқан сайын күні таянып келе жатқан жандай тықыршып, ышқына түсіп отыр. «Кім еді? Кім еді?»— Іштей бір қиналысты арпалысты бастан кешуде.— «Кім еді? Кім еді?»

Қайрақбай күйеуін таныстырып болып енді ақсары әйелге қарай бұрылған. Бұл: «Қап, шынымен-ақ есіме түсіре алмағаным ба», деп өкіне берген. Сол сәт кенет санасының ішінде бірдеңе жарқ еткендей болып, көңіл түкпірінен әлдекім «Әлия!» деп қалды. Жолдасбек өзі де қайран, іштей: «Әлия, Әлия, Дұрыс, Әлия болуы керек»,— дей берді. Сол кез Қайрақбай да:

— Жолдасбек, бұл біздің Әлия деген көршіміз...— деп әңгімесін бастап келе жатты.

Қайрақбайдың бұл таныстыруы үстінде енді келіншекке сырт көздерден именбей-ақ бұрылып, байыптап, назар салуға мүмкіндік бар еді. Бұл тұста ол қарасты ешкім әбестікке жорымас болар. Сонан соң Жолдасбек танысудың рәсімін жасап, басын иіп, келіншекке ілтифат білдірген. Ол да жарасымды, биязы бір қимылмен басын изеп, ықылас танытты. Екеуі де бір-біріне көз тоқтата қараған. Сырт көзге жаңа ғана көрген жандардай қалып аңғартқанымен, көңіл түкпірлерінде екеуіне ғана мәлім бір-біріне барлай, байыптай зер салған сырлы көзқарас бар-тұғын.

Жолдасбек оған осы жолы асықпай көз сала отырып келіншекті әу дегенде өзінің жазбай танығанына таңданғандай болды. «Адамның зердесі дегеннің өзі сыры сұмдық,

құпия жаратылыс-ау. Құдіретті нәрсе-ау. Қалай айнытпай тап басады десеңші. Қарап отырса мына ақсары әйел мен осыдан ширек ғасыр бұрынғы аққұбаша қыздың арасы жер мен көктей. Мынау әйел, салыстырып көрсе, ол қыздың қалыбына келмейтіндей. Сырт көрініс, түр-тұрпатында, тіпті, бір-біріне ұқсамайтын да тәрізді. Бөлек жандар сияқты. Бұл қалай ғана сол қызға ұқсатып тани қойды. Ұқсастық қай жерінде?!»

Жолдасбек сананың алғырлығына таңғалып, тәнті бола осылай толғанғанымен, түптің түбінде мынау әйелді өзінің зердесіндегі сол қыздан алшақтатпай, ажыратпай тұрған мықты бір ұқсастықтың құпия сырлы суреті бар екенін де мойындаған. Бірақ ол сурет қай жерінде — тап басып айтып бере алмас еді. Ол ұқсастық шар айнадай жарқыраған, әжім сызаты енді-енді қылаң бере бастаған жазық кең маңдайдың жоғарғы жағынан қақ бөліп тарап, қос бұрым етіп өріп, желкеге төгілте буып, жиыстырып қойған қара мақпал шашта ма; жан иесінің әдемілігімен, ақылдылығын бірдей паш етіп тұрған қараторғын тұңғиық жанарында ма; мейірім мен жылылық ұялаған, қалауetsіз үлбіреген ақсары ажарында ма; майда, жұмсақ саздылау, нәзік қоңыр үнінде ме; кісіге ілтифаты аңғарылып тұрған икемді, сыпайы қимылында ма — бұл енді оны жіктеп ажыратып бере алатын емес, бірақ әйтеуір, қалтқысыз ұқсастық бар екені анық. Оны Жолдасбек сезім түйсігімен қапысыз аңғарып отыр. Сол ұқсастық, сол аңғарыс мұның көңіліне әлденедей жылылық ұялатқандай. Мына ақсары әйелдің табиғатынан сонау кездегі аққұба, талдырмаш бойжеткенге тән мінез-құлық, қимыл-қозғалыс, көріністерді аңдаған сайын әлденеге еліге, қызыға құмартып, қарай бергісі келетін сияқты. Осы әйел бірте-бірте жылы ұшырап, жақын тартып бара жатқан тәрізді. Сонсоң да болар ол жаққа қарағыштай бергенін өзі де аңдамаған. Алғашқы кезде бұған таныған қабақ танытып, ықылас білдіргендей болған ақсары әйел, енді байқаса, мұның назарынан тартыныңқырағандай сыңайда екен. Бұл жаққа көз салуын да қойып, бейтаныс, қалыс қалып сақтағандай. Өзінің сәл артықтау кегіп қалғанын сонда барып байқағандай болды бұл да. Қисынсыздау, аусар елігуге ілесіп, әдетінде жоқ көрсеқызарлыққа ырық беріп алғандай ыңғайы бар екен.

«Бұл күйімді біреу-міреу байқап қалса, ыңғайсыз болды-ау, — деген ой келді көкейіне. — Әлия да соны сезген шығар».

«Әлия» деп оның атын іштей атап отырғанына алғаш өзі таңданып та, қуанып та, қуыстанып та қалған.

«Е, онда тұрған не бар,— деді сонан кейін өзін-өзі әлдене жаладан ақтап алғандай.— Атын атағанның не айып-шамы бар? Кісіге атасын деп ат қояды да «Өзін өстіп қайрап, бекітіп алған соң әлгі бір кінәмшіл, секемшіл сезімімен егескендей, соған қыр көрсеткендей асықпай, салмақтай: «Әлия! Әлия!» деп екі-үш рет іштей қайталады. Соңғы рет атағанда тіпті бір түрлі толғана, іштей аялай, әспеттей, жылы алақанымен маңдайынан мейірлене сипап тұрғандай толқи айтты. Неге олай еткені өзіне де беймәлім. Тағы да ауайы көңілдің ырқымен ауа жайылып бара жатқанын аңғарып, тізгінді тежей қойды. Жаңа бір әзірдегі ойына қайта оралды.

«Қой біреу-міреу сезіп қалса ыңғайсыз болар. Әлия да соны байқаған шығар. Тым сезімтал жан сияқты. Қазір сырт беріп отырғаны да сонан шығар».

Осы кез Жолдасбектің аржағынан, ішкі дүниесінен бәтшағар бір кереғар дауыс үн көтерген:

«Оу, сырт беріп отырғаны сонан шығар дейсің, өзіңнің нокталап жіберген меншігіндей. Саған үздігіп, емекси кететіндей не қисын, жөн-жосық? Өміріңде өң мен түстей бір-ақ рет кездескен жаның. Онан басқа араларыңда дәнекер болар не бар? Кескін-келбет, қызмет дәрежесі сенен артық болмаса кем емес қасында құдай қосқан қосағы отыр. Сыйлас, бір-бірінің қадірін түсінетін жандар тәрізді. Ол енді сенен не іздейді, не күтуге тиіс? Сенде не шаруасы бар?! Әуейі үміт, құр елеске елікпе. Қаңғыма, қарағым, жөніңді тап. Есіңді жый».

Жолдасбек ойлап отырса осы бәтшағардың айтқаны қисынды сияқты. Оған қарсы қояр дау, дәлелі жоқ сияқты.

Әлгі бәтшағар сөзінің тоқетерінде «Батыр-ау, сен, тіпті, өз тіршілігіңе ой жүгіртіп көрші, қасында міне...»— дей бергенде, бұл екі сөзге келмей: «Жарайды, болды, қойдым!»— деген.

Бірақ айтарға оңай да. Әйтпесе қасындағы сұлулыққа қызықпау, қимас бір дәуренінің қымбатты елесіне елікпеу басы жұмыр пендеге оңай ма. Жолдасбек «Жарайды, қойдымнан» кейін де ақсары әйел жаққа әлсін-әлсін көз тастап қойып отырған. Екеуі бірақ бетпе-бет тілге келіп, сөйлескен жоқ. Ондай сәттің ыңғайы да әрі қисыны, қажеті де болмаған тәрізді. Әйел сол сырт көзден сақтанды ма, әлде мұнан бойын аулақ ұстағысы келді ме, алғашқы сәттерден кейін бұған аса көп іш тартып, жылы қабақ байқата бермеді.

Отырыс, у-ду ұзаққа созылды. Қайрақбайдың келген қонақтарын жібергісі жоқ. Түнді орталап барып жұрттың

алды тарай бастаған. Жолдасбектің кеткісі келмейтін сияқты. Отыра бергісі бар. Осы дастарханның басында қимас бірнәрсесін қалдырып бара жатқан сияқты. Бүгін өз көңіліне жылу шуағын құйғандай болған осы сәтті күннің де өтіп бара жатқанына өкінетін сияқты. Осы күн осы отырыстың да енді қайтып оралмайтынына, сананың түкпіріндегі елес суреттердің біріне айналып, есіңе түссе шөлікетіп, сусының қанбайтын сағынышымен ғана азаптап кете барарына опынатын сияқты. Шарасыздықтың қапасы кеудесіне кептеліп, тынысы тарылғандай.

Бұлар жұрттың соңын ала орнынан көтерілген.

Көршілік ақысын атқарып, келген қонақтарды үй иелерімен бірге шығарып салысып жүрген Әлия күйеуі екеуі бұлармен бірге тасты. Есік алдында ажырасар сәтте хош айтысып жатып:

— Әлия, жақсы, сау болып тұрыңыз,— деді бұл.

Келіншек сыпайы күлімсіреп басын изеді. Осы бір жылы кейіп көпке дейін мұның көз алдынан кетпей қойды. Үйіне келіп төсегіне жатқан соң да ойынан шықсайшы. Сөйтіп жатып, ұйқыға кетер алдында, сол бір балауса шақтың балғын оқиғасын ой елегінен өткізгендей бастан-аяқ есіне алған еді. Түсінде соны түп-түгел қайта көріп шығыпты.

Жолдасбектің бұл университеттің бірінші курсы бітіргелі жүрген жазы еді. Сессиясын ойдағыдай аяқтап қалған. Енді уайымы аздау, жеңілдеу санайтын бірер емтиханы ғана бар. Соған тиіп қашып дайындалған болып, күндіз көбіне кітапханадан керек оқулығын алады да, даладағы қалың талдардың көлеңкесіндегі орындықтарға шығып кетеді.

Шіркін, бұл маусымдағы тау баурайындағы бауға оранған үлкен қаланың көгілдір мұнар көркі қандай. Ұлы көсемнің ескерткіші тұрған, сол қаланың кіндігіндей орталық алаңның гүлзар бағының жан дүниеге қуаныш себелегендей буалдыр шуақты, ақжалын сәулелі, көңілді көрінісі қандай. Мынау көгілдір әлем табиғаттың осы мейірімді, жомарт пейілінің ортасында алаңсыз күн кешіп жүрген студенттің жазғы сессиясын көңілдегідей тапсырып болған сәттегі алып-ұшпа, ақтасқын сезімі қандай. Табиғатынан қиялшыл, албырт, ақтілеу; үріп ауызға салғандай сүйкімді, мейірімді, қызылшырайлы дөңгелектеу жүзінен үнемі шаттықтың белгісі алаулап, қалың кекілі қайыру бермей қабағына төгіліп тұратын; елгезек, қағылез қайратты; бірде ұян, бірде тентек, бірде жұмсақ, бірде қайсар Жолдасбектің өмірде әлі ешнәрседен беті қайтып, тауқымет тартып көрмеген өз-өзіне деген сенімі, өр көңілі қандай. Мына дүние

ге, өзін қоршаған ортаға, жан біткенге деген махаббатты, ықылас-пейілі; өз көңілінде солардан алмағы, әрі оларға бермегі қандай еді десеңші. Ол өзінің күшіне, көркіне, ақылына сенетін. Ниеті құлап, мойнына алса тау қопару қолынан келетіндей сезінетін. Өзіне қыздардың сұқтана қарайтынын, жігіттердің қызғана қарайтынын сезетін. Сонан соң да өзіне-өзі риза-тын. Бірақ мақтаншақ емес-ті. Ешкімді өзінен төмен тұтпайтын. Ешкімге қиянатқа бармайтын.

Ойында ештеңе жоқ, күндегі орнына — алаңның дәл алдынан жіңішке леу жалғыз аяқ соқпақ өтетін қалың талды, көлеңкелеу бір тұсына келіп, кітап оқып отырған. Тық-тық, тарп-тарп басып өтіп жатқан саналуан талай аяқтардың дыбысын кейде басыңды төмен салып, кітап оқып отырған күйің құлақ түріп, өткізіп сап қала бересің. Оның бәріне бірдей басыңды көтеріп қарап жатпайсың, әрине. Кейбіреуінің дыбысын тіпті естімейсің де, құлақ тікпейсің. Ал кейбір дыбыстар, неге екені белгісіз, өзіне еріксіз қаратады. Ондайда көз алдыңнан киіктей сылаңдап, эп-әдемі қыздар не ажарлы әйел өтіп бара жатады.

Алыстан баяулай жеңіл басқан аяқ дыбысын естігенімен бұл мән бере қоймаған. Әлгі дыбыс дәл жанына таяна бергенде әлденендей түйсікпен өзіне біреудің назар салып өтіп бара жатқанын сезгендей болған. Басын шұғыл көтеріп алса жәудіреген бота жанар, аққұба жүзді, қаракөз қыз жәутендей, тесіле қарап барады екен өзіне. Көзіне көзі ұшыраса кеткенде бейтаныс қыз қымсына түсіп, жымия күлімсіреп, жүзін төмен аударып әкетті. Әлдекімнен асыға қашқандай жүрісін жылдамдата ұзай берді. Ә дегенде Жолдасбек соншама тесіле қарағанына, «мені танитын біреу ме» деп ойлаған. Бірақ сананың ұшқыр зердесін шұғыл іске қосып жіберіп, сол мезетте-ақ өзінің бұрын көрмеген, кездестірмеген жаны екенінің басын ашып алған.

«Өзі бірақ әдемі қыз екен,— деген сонан соң аусар, қызығуар ерке сезімге елігіп.— Қап жаңа тілдесіп қалмай. Енді артынан тұра қуғаны ұят-ау. Едәуір жерге кетіп қалды».

Сол отырған күйі сілейіп, қыздың соңынан көз алмай қараған. Бота тірсектері майыса, бала қайыңдай тіп-тік, жіңішке балтырлары ағарандай, жіп-жіп асыға басып барады. Қыздың жалғыз бұрым етіп өріп қоя берген қолаң шашы орта бойлы талдырмаш, нәп-нәзік денесіне едәуір жүк болғандай. Ұшы тал мықынын ұрғылап, арқасында бұлаң-бұлаң тулайды. Онсызда үзіліп кетуге таяу тұрған қылша белі оның салмағынан бұрала түсетін сияқты.

Қыз төменнен келіп, алаңды кесіп өтіп жоғары қарай

кетті. Оң қолында шағын түйіншегі бар. Бір жаққа діттеп бара жатқан жан тәрізді. Жолдасбектің бұрын бұл маңайдан ұшыратпаған адамы.

«Осында тұра ма екен? Әлде қала маңындағы ауылдардың бірінен келген бе? Қап, жаңа тілдесіп, жөнін сұрамай. Адам көрмегендей аңырайыппын да қалыппын...— деді өзін-өзі кінәлай қынжылып.— Осы жолымен қайта қайтар, күте тұрайын»,— деді сонан соң өзіне басу айтып. Бірер сағат қыз кеткен жаққа елеңдей қарап-қарап отырды да жуық арада көріне қоймаған соң:

«Қайтарында тап осы жолмен жүре ме, жоқ па. Тіпті, қайтатынын қайдан білесің. Күтіп алатындай қай жерге шығарып салып отыр едің. Жөн жоқ, жоба жоқ қашанғы отырмақсың»— деп амалсыз орнынан көтерілген. Сағат алтыдан кейін емтиханға баруы керек еді. Бұл соңғы сабақтары болатын. Сонан соң екі-үш күнде студенттермен бірге тың өлкесіне қарай жол тартпақ. Құрылыс отрядына жазылғандардың қатарында болатын.

Емтиханын тапсырып жатақханасына келген соң да, ертесіне де әлгі қыз ойынан кетсейші. Көңілі әлденеге алаңдап, ілік-жармаланып, елегізі берді. Іздегісі келетін тәрізді, іздесе кездесіп қалатын тәрізді болды да тұрды. Түске дейін әрі-сәрі жүрді де сонан соң түс ауа кешегі алаңға, кешегі орнына барып, уәделескендей-ақ қызды күтті. Басқа лажы жоқ еді. Қыз кешегі мезгілде осы жерден өтіп қалар ма деген үміт қана. Кезіктірсе тек сонда ғана кезіктірмек. Әйтпесе суға тамып кеткен тамшыны іздегендей мына қаланың қай жерінен іздемек.

Бір топ газет-журналдардың жаңа санын сатып алып, жалғыз аяқ жолға қарағыштап қойып, соларды кезек-кезек ақтарыстырып отырған. Бір кез әлденеге елең етіп, басын көтеріп, жол жаққа зер салған. Көз алдында бірдеңе жалт ете түскендей жүрегі дүрсілдеп қоя берген. Алаңның төменгі жақ шетінен кешегі жағынан келе жатқан қызды байқады. Ол да мұны көріп келе жатыр екен. Жолдасбек басын көтеріп алғанда жүзін әрі бұрып, бір қырындай жүрді. Мұның көз алмай қадалып отырғанын сезіп, қайтып бұрылып қараған жоқ. Тек дәл жанынан өте бергенде бір сәтке ғана жалт етіп назар тастады да қайтып жүзін тағы әрі бұрып алды. Сол кез белгісіз қуаныштан ба, тосын қысылыстан ба даусы дірілдей:

— Қарындас, тоқтай тұрыңызшы,— деп бұл орнынан шұғыл көтерілді. Мұның даусын естігенде қыз оқыс таңданғандай жалт бұрылып сәл кідірді. Сөйтті де тез бойын

жинап, шапшаңдата басып жүре берді. Бұл да ілесе адымдап, қатарласа беріп:

— Қарындас, сәлематсыз ба?— деді даусын шығарыңқырай өз бойындағы толқын дірілін сездірмеуге тырысып.

Қыз назарын төмен салып, басын көтермеген күйі естілер естілмес қана:

— Сәлематсыз ба?— деп ернін жыбырлатты.

— Қарындас, неге тоқтамайсыз?

— ...

Жігіт қатарласып, келіп қанжығаласып қалмай қойған соң қыз ептеп жүрісін баяулатқан. Бірақ жүзін бұрып, бұл жаққа қарамады. Аяғының астындағы асфальттан көзін алмаған күйі үнсіз аяндап келеді.

— Қарындас, сізбен танысуға бола ма?

— ...

Қыз тіпті мұның сөзін естімейтін тәрізді.

Жігіт етқызу, алып таспа көңілдің жетегімен ұшып тұрып ілесіп қалғанымен қыздың мына сабырлы тұйық қалпынан енді ыңғайсызданып, тосылайын деді. Үн жоқ, түн жоқ сүмірейіп қалып қоюдың тағы ретін таба алмады. Күтпеген кедергіге тап болғандай дағдара бастады. Бірақ қатарласа аяндап әлі ілесіп келеді. Өзінің пұшайман халін іштей сезуде. Төңіректегі жұрттың бәрі осыны аңдып, көріп тұрғандай қысылу бар бойында. Бірақ онысын қызға сездіргісі жоқ. Өзін еркін, байсалды ұстағансиды. Сол сырттай сынбаған күйі:

— Қарындас, сіз бен біз үндемес ойнаған жоқ едік қой, неге жауап бермейсіз?— деді.

Күні бойы сыр бермей, үркектей тартынып, ұяла басып, ыңғай танытпай келе жатқан қыз осы кез мұның сөзіне оқыс мырс етіп, жәудіреген жанарын жалт төңкеріп бір карап өтті. Қыз күлген кезде онан сайын әдеміленіп, жүзі жайдарыланып кетеді екен. Оның өңіндегі осы бір жылылық жігітке ептеп тыныс берген болды.

— Осы қалада тұрасыз ба?

Жігіттің даусы жалынғандай кішік, биязы шықты. Тағы да жауап ала алмай қаламын ба дегендей қобалжу бар тәрізді өзінде. Ол күйін қыздың зерделі көңілі де аңғарған сияқты. Сонан соң да ма бұған күлімсірей бұрылып:

— Иә,— деп басын изеді.

Қыздың әңгімеге ыңғай бергеніне жігіт қуанып қалды.

— Қай көшеде тұрасыздар?

— Ой, алыста.

— Қаланың шетінде ме?

— Иә, бірінші Алматы жақта.

— Қайда оқисыз?

— Биыл оныншы бітірдім.

— Қайда келе жатырсыз? Кеше де көрдім сізді.

Қыз сыңғырлаған ерке ашық дауыспен күліп жіберді:

— Ал мен сізді күнде көремін,— деді.

Жігіт таңғалып қалған.

— Қайдан, қалай?

— Бұрын анау жерде отыратынсыз,— деді алаңның орта кезіндегі ескерткішке таяу орындықтардың бірін нұсқап.

— Онда сіз бұл жермен күнде жүріп жүр екенсіз ғой. Мен бұрын қалай байқамағанмын,— деді бұл шын өкінгендей.

— Мамам жоғарғы жақтағы теміржолшылардың ауруханасына түсіп еді, сол кісі жатқалы біраздан бері күнде қатынап жүрмін,— деді қыз енді мән жайын байыппен түсіндіріп.

Бұл кезде екеуі алаңнан шығып, алдағы светофорлы көшені қиып өткен. Жоғары қарай біраз өрлеп келіп, аялдамаға жеткен соң қыз:

— Мен осы жерден автобуска мінемін,— деп қоштасуға ыңғайланған.

Бұл кезде жігіттің жаңа танысына бойы үйреніп, батылдана түскен. Көңілінде де сенім бар-ды.

— Онда сол автобуска мен де мінемін,— деді.

— Сіз қайда баратын едіңіз?

— Сіз қайда барсаңыз сонда.

Қыз оның бұл сөзінен тосырқай, бой тартыңқырай, аса ықтияр емес үнмен:

— Неге?— деді.

Жігіт оның бұл ыңғайын байыптай қоймаған. Өз бойынан енді-енді тапқан әлгі бір батылдық пен сенімнің жетегінде алабұртып тұрған.

— Таныспай жатып сізден айрылып қалғым келмейді,— деп турасына көшкен.

— Ой, ол не дегеніңіз?— деп қыз қайтадан бұған үр кектей қараған.

— Сізбен бірге жүрейін, үйіңізге шығарып салайын

Қыз шынымен бас тартты:

— Жоқ, керегі жоқ. Рақмет. Өзім де барамын. Қайта беріңіз.

Жігіт бірақ ырыққа жығыла қоймай:

— Қарындас, неге шошыдыңыз?— деді кесімділеу сөйлеп.

— Жоқ, шошығаным жоқ... Бірақ керегі жоқ, әуре болмаңыз.

— Неге керегі жоқ, маған керек шығар. Менің шығарып салғым келіп тұрған шығар,— деді жігіт күліп, ашық-жарқын раймен қызға қарап.

Қыз не істерін, не дерін білмегендей шын қысылып, ыңғайсызданған сыңайда төменшіктеп біраз тұрды.

— Өтінемін, қойыңызшы. Өз жөніңізге жүре беріңіз. Мамам қазір аурухананың сыртына шығып, серуендеп жүреді. Көзіне түссеңіз ыңғайсыз ғой. Ал үйге, тіпті шығарып салмай-ақ қойыңыз.

— Қорықпай-ақ қойыңыз, үйіңізге рұхсатсыз кірмеймін,— деді бұл қалжындап.

— Жо-жоқ!— деп қыз шошып кетті.— Ол жаққа вобше бармай-ақ қойыңыз.

— Неге?

— Әжем бар, әкем бар, аға-інілерім бар...

— Бар болса ше?!

— Сіз қызық екенсіз. Бірі болмаса бірі көріп қалса...

— Көре берсін. Онда тұрған не бар.

— Жә, қойыңызшы,— деді қыз әлде жалынғандай, әлде назаланғандай үнмен.— Қалыңызшы, енді, әне автобус келе жатыр.

Жігіт «шынымен кеткені ме, өстіп қарап тұрып айрылып қалғаным ба?»— дегендей ышқынайын деді.

— Қарындас, атыңызды да айтпай кетпексіз бе. Есіміңіз кім болады?

Қызға оның осы қиналғаны ұнаған сияқты, сықылықтай күлді:

— Оны қайтесіз.

— Енді атыңызды білейік те.

Қыз айтпаймын дегендей емеурінмен наздана жымиып, басын шайқады.

— Ең болмаса адресіңізді айтыңызшы.

Қыз сол ойнақы күйімен тағы басын шайқады. Жігіттің ылажы таусылды. Өзін мына қыз мазақ етіп тұрғандай қобалжыды.

— Сонда енді сізді қайтып көре алмаймыз ба?— деді қынжылып.

Қыз астарлы бір емеурінмен жымия күлді:

— Қайдам?

— Айтыңызшы, сізді қашан, қалай кездестіруге болады?

— Қайтарда осы жермен өтемін ғой,— деді қыз күлімсірей, әрі барлай көз жіберіп бұған.— Бірақ оның керегі не сізге. Мені білмейсіз, танымайсыз. Шығарып саламын

дейсіз, адресімді сұрайсыз. Бір көрген кісіге солай ете беруге бола ма.

Жігіт не уәж айтарын білмей тосылыққырап қалған. Сонан соң «ұялған тек тұрмастың» кебіне көшіп:

— Қарындас, атыңызды айтпай, адресіңізді жасырып бүйте берсеңіз, мен бүгін сіздің соңыңыздан қалмаймын. Шешеңізге жолыққанда жаныңызда тұрамын. Үйіңізге ілесіп барамын,— деді әзіл-шыны аралас сенімді түрде.

Бұл сөзі қызға қатты әсер етті.

— Ой, қойыңызшы, оныңыз не?— деп ыршып түсті.

— Әйтпесе атыңызды неге жасырасыз.

— Әне, автобус келіп қалды. Қайтарда кездескенде айтармын,— деді қыз қайтадан ерке, жұмсақ, сүйкімді қалпына көше, шырайлана күлімдеп, аялдамаға қарай ығыса беріп.

— Адресіңізді де айтасыз ғой.

— Жоқ,— деді қыз сол күлімдеген қалпы басын шайқап.— Атымды ғана.

Бұл кезде автобус келіп, аялдамаға тоқтаған. Сол бойы лып етіп ішке еніп кетті.

Жолдасбек жаңағы орнына қайтып келіп тапжылмас-тан отырған. Бірер сағаттан кейін қыздың қарасы көрінді. Тұсына таянғанда ежелгі танысын күтіп алғандай жарқын кабакпен қарсы жүрген.

— Ал, қарындас, уәде бойынша алдымен атыңызды естікші.

Қыз бірақ үркектей, бойын аулақ салғысы келгендей ниет байқатты.

— Оның керегі не, шынында, сізге?— деді.— Қайтесіз?

— Жоқ қарындас, уәдеде тұрмасаңыз, ілесіп барып, көршілеріңізден сұрап аламын.

Қыз амалы таусылғандай қынжыла күлді:

— Ойпырмай, қиын кісі екенсіз.

Бұл да күлді. Мұныкі, әрине, жеңістің күлкісі.

— Сонымен таныс болайық, менің атым Жолдасбек. Сіздің есіміңіз кім?

— Әлия.

— Әлия! Оп-оңай, әдемі-ақ ат қой. Соны айтуды соншама қиындатып,— деді бұл қуақылана.— Енді бір-ақ тілек — адресіңізді айтсаңыз.

Қыз ат-тонын ала қашты.

— Жоқ, оған уәде бергенім жоқ.

Алаңның төменгі жағындағы 16-автобустың соңғы аялдамасына таяп келіп тоқтаған екеуі. Қыз осы жерден мінін тәртізді.

Жігіт дәндеп алған тәсіліне көшті.

— Өзіңіз айтпасаңыз автобусқа бірге мініп, ілесіп барып, көріп қайтамын үйіңізді,— деді.

Қыз:

— Қойыңыз,— деді.

Бұл қоймайтынын айтты.

Қыз қабақ шытып еді, бұл күлкіге аударды. Сөйтіп тұрғанда автобус келді. Қыз бұған қоштаспаған күйі көппен бірге алдыңғы есіктен ішке еніп кеткен. Бұл міне қояр деп ойламаған да болар. Ал жігіт жұрттың соңын ала кейінгі есіктен ол да мінді. Қыз көрсе де мұны көрмегенсиді. Автобус ұзақ жүріп келіп, қаланың шетіне таянғанда қыз түсуге ыңғайланды. Аңдып тұрған жігіт те ол есіктен шығып болған кезде сыртқа секіріп түсті.

Қаланың бұл ауданы көгеріші қою, тал-даракты, үйлері баудан әрең көрінетін соны табиғатты екен. Бұлар түскен аялдаманың төңірегі шағын, шоқ тоғайшық өсіп тұрған елсіздеу қаға беріс жер. Әлгі тоғайшықтың іші ойдым-ойдым алаңқай, ерсілі-қарсылы қиып-қиып түскен жалғыз аяқ соқпақтар. Кісі аяғы жоққа тән. Бұл кезде күн көкжиекке құлаған. Онсызда көлеңкелі тоғайшықтың іші қарақүңгірт тартып, тып-тыныш мүлгиді. Қыз ашық алаңқайдың қақ ортасын жарып өтетін жол мен тал-талдың арасынан қаңылтыр шатырлары еміс-еміс қылаңытатын арғы жақтағы үйлерге қарай бет алған. Бұл қарап тұрған ешкімдер жоқ па деп сақтық жасап әрі біртүрлі жасқаншақтана самарқау аяңдап, оның соңынан ерген. Қыз тоғайшықтың арғы шетіне таяна бере тоқтап, бұған қысыла күлімсірей бұрылды. Бұл жанына келгенде самалға ырғалған бидайықтың сабағындай ерке әрі ұяң қимылмен екі аяғына кезек салмақ салғандай теңселе түсіп:

— Біздің үй анау,— деп иегімен тура өкпе тұстарында таяу тұрған қызыл шатырлы, бір кездегі бояуы оңып кеткен үлкен сұр дарбазалы еңселі үйді меңзеді.— Біреулер көріп қалар, енді қалыңыз. Адресімді білдіңіз ғой.

Кеудеден итергендей ыңғайда емес қыздың үні жұмсақ еді.

Жігіт наз қылды:

— Сонда осы бойыңызша мені тастап кете бермексіз бе?!

— Енді қайтемін?— деді қыз шын көңілімен басқа лажы жоғын сездіре.

— Кішкене тұра тұрсаңызшы, әңгімелесейік.

— Өй, оған уақытым жоқ,— деді қыз жалынғандай.—

Папам біраздан кейін жұмыстан келеді. Тамағын дайындауым керек.

— Сонда енді кетесіз бе?— деді бұл қынжыла.

Қыз да қиналған тәрізді.

— Енді не істейін?!— Жанары мөлдіреп, кешірім сұрағандай бұған жәутеңдей қарады.

— Біраздан кейін қайтып келсеңізші, мен осы жерден күтейін.

Қыз екі ұдай күйде не дерін білмегендей ойланып қалды.

— Келесіз бе?— деді бұл бастырмалатып.— Келсеңізші. Мен күтіп тұрамын.

— Қайдам, көрейін,— деді қыз сенімсіздеу күйде қобалжи.— Папамның тамағын дайындап, төсегін салып берген соң мүмкіндік болса келейін.

Бұл кезде төңіректі қараңғылық иектеп, түнге айналып қалған. Қыз аса көп күттірмей қарасын көрсетті. Қатты жүріп келген бе, жүгіріп келген бе ендіге тыныстап, алқынып тұрғандай қалпы бар.

— Сіз кешіріңіз, мен бір минутке ғана... Сіз күтіп тұрған соң айтып кетейін деп қана. Папам қасына кісі ертіп келген екен. Шыға алатын емеспін. Қайтадан тамақ дайындауым керек. Ренжімеңіз, тағы да кездесеміз ғой.

Қыз бұл асығыстығын жауып-шайғандай ерке наз танытып, жадырай күліп, қоштасуға қолын ұсынған. Өзінің жүзі алабұртып, кешкілік қара көлеңкеде жанары жұмбақ сырлы күйде жәудірей, өзгеше бір сұлуланып кеткен тәрізді.

Жігіт басқа дүниені ұмытып, қыздың осы көркіне шексіз қызыға, құмарта қараған. Қараған сайын ынтыға түскен, ынтыққан сайын жан дүниесі аласұрып, мейірі қанбайтын бір шөл кенезесін кептіріп бара жатқандай алқынған. Өзін ұмыттырған осы бір ынтық сезімнің әсері ме, қараңғы кеш, қалың тал, қара көлеңкедегі оңашалықтың әсері ме жігіт әдетте табиғатында жоқ тойымсыз бір ашкөз қызбалыққа ерік беріп алды. Қыздың оттай ыстық ұсынған қолын ала беріп, сол құшағымен талша мойнынан орай құшып жалын ерніне қадала кеткенін өзі де андамай қалған. Мұны күтпеген қыз ә деген сәтте булығып барып, әрең босанғандай болды.

— Мұныңыз қалай? Мұныңыз не?— дей берді әлде әкінішті, әлде ренішті үнмен.

Мына тіршілігін әбестікке жатқызып, өзін кінәларын да не қуанарын білмей оң мен түстей бір күйді бастан кешіріп бұл тұрған.

— Өзіңіз қызық екенсіз ғой. Енді сізге келмеймін,— деді қыз әлі өкпесі тарқамаған баладай. Сонан соң бетін қос қолымен басып алып, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

Ертесіне бұл үйреншікті орнында ұзақ отырды. Қыз күндегі жолымен бір көрінер деп ойлаған. Бірақ басқа жақпен өтті ме, көзіне түспеді. Сонан соң түс қайта 16 автобусқа келіп мінген. Белгілі аялдамадан түсіп қалып, тоғайшықтағы жолмен кесіп өтіп, үйінің тұсынан шыға келсе, қыз есігінің алдында бүлдірген жинап жүр екен, мұны көрген бойда дарбазаның ішіне лып етіп сүңгіп кетті. Сонан қайтып шықсайшы. Бұл қара көрсетіп сол төңірек те жүрді де қойды. Қыз бір көрінер деп ойлады. Тіпті, келіп жолығар деп те үміттенген. Кеш түсті, күн батты, қараңғы қоюланды. Қыз қара көрсетпеді. Бұл түн ортасы таянғанша күтіп-күтіп, енді автобус тоқтайды-ау деген шақта жатақханасына қайтып кетті.

Көріп тұрып келмегеніне қызға өкпелі тәрізді.

«Жарайды, келмесе келмей-ақ қойсын,— деген қияс ой да жоқ емес көңілінде.— Ертең поезға отырады, енді жолға жиналуы керек. Бұл жаққа енді келіп жүре алмайды Жолдасбек».

Осылай деуін дегенімен көңілінің ары жағы қимайтын сияқты.

«Тіпті, келгім келсе үйін білемін ғой, тыңнан оралған соң соғармын»,— деп жуарқатты ол сезімін.

Әрине, Жолдасбек өзімен ойда жоқта кездескен сол ерке, ұяң, балауса қыздың түнімен мұны ойлап ұйықтай алмағанын; күні бойы бүлдірген жинаған болып, есік алдында ол келер жолды торып жүргенін; мұны көргенде қуаныш пен ұяттан лап ете түскен жүзін жасырып, өз-өзінен қуыстанып қораға қарай тасалап кеткенін қайдан білсін. Ішке бір еніп кеткен соң, қайтып шығуға көпке дейін батылы дауаламағаны; қайта-қайта қақпаның қиюынан бұған сұқтана қарағыштап, өз-өзімен іштей арпалыста болғаны; ақыры алып ұшқан сезіміне иелік етіп, тоқтам жасап: «ертең келгенінде шығармын. Бүгін көрінбей-ақ қояйын» деп түйгені — әттең бұларын да Жолдасбек сезбеді ғой.

Ертеңіне Жолдасбек тыңға аттанып кете барған.

Тыңның өз қызығы бар. Аумалы-төкпелі жастық шақтың сан-сапалақ жортуыл-жорығы не сән. Бірді ұмытып, бірге ұмтылған алып ұшпа көңіл бар. Бұл оқиға солардың көлеңкесінде көмескіленіп ойдан өшкен жай еді...

...Жолдасбектің бір нәрсеге қуанса, бір нәрсеге қинал-

са бір нәрсеге ойланса, сол кездерде үнемі көретін меншікті түстері бар. Соның бірі осы сапарда Балқаш көлінің жағасында суға шомыламын деп поездан қалып кете жаздап, зәресі ұшқан оқиғасы.

Ұшы қиырына көз жетпей, кең даланың перзентіне тән етек-жеңі мол пішілген кең табиғат келбеті бар, ұлы айдын, шалқар су толқып жатқанымен шілдеде Балқаш даласының өзгеше қапырық, ыссы келетіні-ай.

Вагон ішінің тымырсық ауасына шыдамай кеудеге дейін шешініп тастап, жалаңаш отырған студент жастар Арқаға қарай арқырай бет алған поезд Балқаш жағалап келе жатып қарсыдағы шұғыл эшолонды өткізбекке көлдің жағасына таяу иінде кідірістей бергенде далаға лап қойсын. Жолдасбек алдымен шыққан. Қол созым жерде көкпеңбек көркі көз тартып толқып жатқан есіл көлге бір сүңгіп шықса жұмақтың төріне барып қайтқаннан кем болмас еді-ау. Мына ыстықтың, шөлдің, жолдың азабынан әп-сәтте арылып шыға келер еді-ау. Көріп тұрып, қол созым жердегі рахаттан қалай құр қаларсың. Жолдасбек түскен бойда ешнәрсеге қарамай салып ұрып, жөнелген. Келген бойда жылымшы жағалауды біраз шалпылдата жүгіріп жалдап барып, тізеден аса су астының мұздай салқыны біліне бастаған тұсқа сүңгіп-сүңгіп алған. Сонан кейін артына бұрылса, мұның соңынан бірқыдыру ел ілескен екен алды көлдің жағасына ілігіп жалап-жалап аунай бастапты. Әлденеге көңілі орнығып, тоғая бастаған бұл мына рахаттан жүзіп іше түскісі келіп, айдынға қарай құлаш ұрып берген. Сол сәт арттағы ел бөрі тигендей шу ете түсті. Жалт бұрылса поезд қозғалып көлдегі жұрт жағалауға қарай бөрлігіп барады екен. Бұл жағадан едәуір кетіп қалыпты. Оқыс шошыныстан миы шың ете түскендей болды. Алға қарай жанұшыра ұмтылды. Қалай, қайтып жеткені есінде жоқ, соңғы вагондардың бірінің есігіне қолы тигендей болды-ау, әйтеуір. Улап-шулап тамбурда топырлаған жұрт көтеріп алыпты. Біразға шейін өзіне-өзі келе алмады...

Бүгін де осы түсті көріп жатып оянды...

Сол оқиға, сол сапар екен... Көгілдір әлем, көгілжім бақ. Қордың қызындай көркем аққұба бойжеткен. Көбелектей қалықтап көздің ұшында көрінбей кетті... Соны іздеп поезға мініп шығыпты... Поезд келіп, шалқар дарияның жағасына тоқтаған. Көбелек көлге келіп қонақтаған тәрізді еді, енді ұстап аламын дей бергенде шу ете түскен елдің даусынан үркіп, көз алдында ғайып болып кетті...

Ояна келсе күндегі жұмысқа баратын мезгілге туралап қойған қалпында таңертеңгі жетіні көрсетіп, қоңыраулы

сағат шырылдап тұр екен. Үнін өшіріп, төсегіне қайтып келді. Әлгідегі әдемі де, әсерлі түстен айрылғысы келмегендей есіней керіліп, көзін жұмып, жаңағы тәтті көріністерді ойына оралтып, елти елестетіп біраз жатты. Солай жатып, ойлай-ойлай бір сәт құлазып кеткендей болды. Байқап қараса сол өмір, сол дүниеден тиянақ етіп тұрақтар, әйгілеп айғақтар түк белгі жоқ тәрізді. Тап бір өзге дүниеде басқа біреулердің басынан өткен жәй тәрізді. Бұл соны киноның, үзік-үзік суретінен көріп шыққан ғана сияқты.

«Көрген түстей өте шыққан дүние деген осы екен-ау,— деп күрсінді».— Көңілінде өкініш пе, сағыныш па әлдеқандай жүрек сыздатқан сезім бар әйтеуір. Кімді сағынады. Неге өкінеді? Ол арасын тап басып өзі де ажырата қойған жоқ. Түндегі әсем әйелді сағына ма? Әлде бірде көк майса даланың көбелегіндей жеңіл, майда, ерке бұлаңдаған; бірде киіктің лағындай үркек, ұяң мінезді, бота көз, балауса қызды сағына ма? Жоқ әлде, жүзінен мәйегі төгілген аңғал, албырт, мейлінше таза, мейлінше өр; дүниеден тараған қаншама мейірімді бойына сіңіріп өссе, соншама мейірімді мына тіршілікке өз бойынан бөліп беруге пейіл, ынтызар, ақжүрек бала жігіт кезін сағына ма? Иә, осының қайқайсысын да сағынатын сияқты. Сайып келгенде қайтып оралмас сон-ау жастық шақтың от күндерінің өкініші басым тәрізді. Жан жылуы мол қимас жақыныңнан қапылыста адасып, мәңгілікке ажырасып қалғандай бір күй екен ғой. Қайтерсің, табиғаттың заңы... Кімдердің басынан өтпеген бұл дәурен. Кімдерге сан соқтырмаған. Сол көптің бірі сенсің де...

Айдан анық осынау шындыққа ақылы жетіп тұрғанымен бірақ соны мойындай қою, соған ықтияр бола қою қиындау екен. Көңіл, шіркін, әлгі бір көгілдір әлемді қимайтындай. Әлденеден үмітін үзгісі келмейтіндей. Осы бір үміт отына тамызық болып жансарайының түкпірінде әлі де қызуы қайтпаған шоқ сезім жатқандай ма қалай?! Сол сезімнен айрылғысы келмейтіндей. Онан айрылса құрдымға құлдырайтын сияқты. Бірақ түптің түбінде амалың не?! Өкінбеске не шара!

Жолдасбек осылай көңілсіз күйдің әуенінде жатып, мына бір мұңлылау өлең жолдарын іштей күбірлей қайталаған:

Бақтарда енді жастығы жүр өзгенің
Ал мен болсам мұң қуған бір кезбемін.

ЖАЛҒЫЗҚАЗЫҚ

Пенденің бағы жүрсе сол-дағы, алды-артына қарата ма. Перідей көтеріп, қолды-аяққа тұрғызбай, алып-ұшып бара жатқан желікпе көңілдің жетегінде жүре береді де. Ол да әп деп ат жалын тартып мінгеннен-ақ, кімсің — Тәуірбайсың болып шыққан. Мырза Тәңір беремін десе аяй ма. Бұған келгенде жомарт кеткен тәрізді еді. Бөліп берсе талайдың тақиясына тар келмейтін сан өнердің бір басында тоқайласуы да сол жарылқаушының айрықша шарапаты болмас па.

Тірі жанға дес бермейтін, сайраған шешен қызыл тіл, кесіп түсер өжет мінез өткірлігімен әу бастан Бекболыс болыстың назарына ілініп, жастайынан ықыласына ие болды. Дуан елді тоқтамына тұрғызған, дуалы ауыз, қадірі қазақасқан Бекболыстың бұған деген ыңғайын байқаған соң, бетіне жел болып тиген жан жоқ шығар. Қайта: «Боларыңда болып өт, боз жорғадай желіп өт. Болмысыңды білген соң болған ердің қосын жек» деп отырған кәрікүлақтарын заң тұтқан қауым қаумалап, қошаметінде жүрді.

Оның алғырлығы мен зеректігіне, суырма тіл жүйріктігіне сенген Бекболыс өзіне ауылнай сайлап, оң қолы етіп алғаннан кейін ел билігі дізгінінің бір жағын осы Тәуірбайға ұстатқандай кебі бар-тұғын.

Жастай жолы болып, билікке ерте араласқанның әсер, желігі ме, әлде әу баста табиғатында бар, бас көтерер сәтін, кезеңін күтіп, тамыр-тамырдың талшығында жасырынып жатқан мінез-құлықтың болмысы ма, кім білсін, ат үстіне отырып, ел ісіне араласа бастаған соң көңіліне астамшылық кіріп, өзімшілдік, күпірлік жайлай бастады. Жаман әдет бойға мысқалдап сіңеді. Осы өзімшілдіктің әсерімен ел ісінде әртүрлі алақолдыққа бой алдыра бастады. Бірте-бірте кісіге қиянат жасау, арам іске араласудан бой тартпайтын болды. Оның есесіне айбыны асып, алдына айдаған малы қарасын көбейте түсті.

Жұрт мұның бірін сезсе, бірін сезбейді. Сызгенінің осы қалай деген кейбіреуімен жең ұшынан жалғасып жатты. Дүние, шіркін, алма-кезек алмасып жатты. Ал қаймана жұрт «Бекболыс өзі сүйеген соң сөйтеді де» деп бас бұқты. Алдынан шыққан ешкім жоқ.

Жасы келіп шау тарта бастаған Бекболыс ұсақ-түйек іске араласпайды. Бұған сенген де қойған. Хабарды тек осыдан біледі. Мұның тұңлік асты тіршіліктерінен беймағлұм. Жақсылығың есепте, зұлымдықтың шегі жоқ жаратылған дүние ғой. Ашыққаннан құныққан жаман. Жұрт аузына қараған Тәуірбай енді өзімшілдіктің озбырына айнала бастаған сыңайда еді. Кім-кімнен де артып туған айнасы мен алғырлығы, қайраты қу құлқын мен нәпсінің құлы болды.

* * *

Көшпелі жұртқа қолайлы кең даланың шұрайлы бір өңірін ен жайлап жатқан ел еді бұл. Байлық жарыстырып, бақ таластырғаннан басқа уайым, қаракеті шамалы, сері көңіл, той құмар, жалпақ табан, кең қоныш, марғау мінез тіршілікпен күн өткізген осы елдің ішінде көзі түскен жүйрігін мініп, көңлі құлаған сұлуын бір кісідей-ақ құшты. Қуа берсең дүниенің қызығы таусылар ма, жеткізер ме?! Тәңірің өзі тоқтам жасамаса дүниеауи әуейліктен тиыла қою оңай ма. Көз де тоймас, көңіл де тоймас, қанағаты жоқ пендешілік жолы.

Осы елдің осы болысқа қарасты кедейқолдылау, қонторғайлау, қара шаруа ауылында бір-бірімен тете өскен, Тамаш, Жағаш, Алмас деген ағайынды үш жігіт бар еді. Ешкімге тілемсектенбей күнелтетіндей, өздеріне жетерлік шағын дәулетті, кісілігі дұрыс, кеудесінен біреуді аттата қоймайтындай, еті тірі, намысқа шабарлығы бар жігіттер еді.

Енші бөліспеген үш ағайындының шағын дәулетінің ішіндегі ең бетке ұстар байлығы, бағалысы, қимасы, осы аймаққа түгел әйгілі қарагер ат болатын. Ел Тамаштың Қарагері атап кеткен жануардың жаратылысы тіпті бөлекті. Бұл төңіректе бұрын-соңды жылқы баласының мұнан әдемісі, ажарлысы кезікті деп ең ескі көз қарияның өзі де айта алмаса керек.

Сол қарагерге Тәуірбайдың аңсары аусын. Әуелде күпірлік ойдың ыңғайымен үшеуінің үлкені Тамашқа:

«Төс түйістіріп дос болайық. Осы атыңды маған қи» десем жетектетіп жібермес деймісің. Бір атқа тұрарлық

еңбектің есесін менен қайтпайды деп ойлар деймісің», — тәрізді есепте тұғын.

Осы оймен келіп қолқа салғанда, Тамаш бұл күткен мінез танытпады.

— Жоқ, Тәуке, буынсыз жерге пышақ ұрмаңыз. Бір мен емес үшеуіміздің бетіне қарап отырған аяулымыз бұл. Жалғыз мен иелік етемін деп айта алмаймын. Әрі иелік еткенде де көңіліңіздегіні жасаймын деп уәде бере алмаймын, — деді кесімін тура білдіріп.

Кісіден беті қайтып көрмеген бұл әлі де үмітін үзбей біресе бал емізгендей майда тілін безеніп, біресе қыр көрсетіп қолынан келген өнерін жасап бақты. Оған жығылатын ешкімді көрмеді. Өзімшіл көңіл сонда да «қоя-қойшыға» жүгінгісі жоқ. Тек өз дегенін құйттеуге ғана ықтияр. Соның ыңғайымен қояр да қоймай кірісті. Ал ит иелері маңайлататын емес. Олар сырт беріп, шаруаның беті теріске қараған сайын мұның өндірішегі үзіліп, есіл-дерті қарагер ат бола бастады. Шын құмарлықтың да ашкөздігі бар, оның үстіне ерегістің шалығы ұрған бұл не де болса атты алмай тынбауға бекінген пиғылмен ағайынды үшеуін жинап алып:

— Табынымнан таңдап жүріп бір айғыр үйір жылқы алыңдар, қарагерді беріңдер маған, — деген.

Үш жігіт оған да мойын бұрмады.

— Сенің сол бір үйір жылқыңмен байып, елдің алдына түсіп, кете қоямыз ба, жоқ па, кім біледі. Бұйырған несібе-міз бар шығар. Жанымыз тірі болса қарагерді қолдан шығармаймыз. Сатпаймыз. Қарагердің көз алдымызда жүргенінің өзі біз үшін бір үйір жылқыдан қызықты, — деді келісіп алғандай.

Сөздің осымен тынғанын Тәуірбай ұққан. Біза мен қапалықтан тұнжырай аттанған. Жол бойы көңілінен де, көз алдынан да Қарагер көлденеңдеп кетпей қойған.

Қарагер десе — қарагер-ау, шіркін. Ағайынды үш жігіттің тегіннен-тегін аяулысы болсын ба?! Баладай мәпелеп, ботадай үпектеп, құландай қасылап, күтіп-баптап өсірсе өсіргендей-ақ, жануар ғой. Малдың да мұндай көріктісі бола береді екен ғой. Басын еміс-еміс шұлғып, кекілін жел көтере, құндыздай қап-қара жібек жалы сусылдай төгілген қаз мойынын мінер жаққа әнтек бұра түсіп, көтеріңкі кең омырауын қарсыдан соққан самалға сыпай төсеп, аршындай басқан, жорғаға бергісіз аяғы қандай. Неткен сұлу сымбат, сұлу жүріс десейші.

Аса биік те емес, тұрқы анау айтқан ұзынға да жатпайтын; қағылез, қазанат пішіндес; шоқтығы биік, жұмыр жон,

кең сауыр, бота тірсек, ал кеуде; жалт-жұлт ойнаған алмас жанары қылт еткен қияндағыны да қалт жібермей аңғарып, сестеніп, сүйріктей жұтынып, ойқастап тұратын, елгезек қимыл; келісті мүше-мүшесі мінсіз қиылысқан тұла бойында эттеген-ай айтқызар қыпығы жоқ; мәуті түгі майланған тобылғыдай жылт-жылт құбылған қарагердің кісі астында жүргендегі ажары, көркі, тіпті, өзгеше болып кететін. Кербез қимылмен аяқтарын паң тастап, тәкаппар ойқастап, қатарындағы жұрттан оза шығып, суырыла аяңдағанда айналасында жалтылдап бір нұр ойнап келе жатқандай көрінетін.

Ат болғанда да неңді айтарсыңның өзі. Үстіне мінген бөріктіні аруақтандырып көрсететін бір құдыреті бар.

Көпшілік әсте аттың жүйріктігіне тәнті болып қызыққан емес, әсем жүрісі мен қараған кісі көз айыра алмайтын көркіне ғана құлайтын. Ағайынды үш жігіт ауыл-ауылдың арасында ат басын қоя берген дүрмектерде не аң қуған қызықта шапқаны болмаса жүлде тігер үлкен бәйгеге арнайы жаратып көрген емес. Мүмкін бәйгенің жүйрігі болмас та. Иелері соны сезген шығар. Бірақ сөйте тұра қарагер кімнің де болса көзінің құрты, көңілінің құмары еді.

— Қарагердей ат мініп жүрген жігіттің шаруасы түгел ғой,— деп тамсанатын былайғы жұрттың тамағы тоқ, көйлегі көк, көңілі өсік талайы.

— Сен түгілі Тәуірбайдың қолы жетпей жүргенде, дәмеңнің зорын-ай,— деп мысқылдар еді басқалары.

Осындай кеу-кеу әңгімеде әркім өз көңіліндегі әртүрлі сөзін айтатын:

— Ойпырым-ай, Тамаштың да дәті мықты екен, бір үйір жылқыға да бермепті ғой.

— Әй, енді қайтсын. Кісінің көзі қиып біреуге сататын мал емес қой. Өзің де болсаң сөйтерсің.

— Осы қарагер бұл төңіректің жылқысының тұқымы емес-ау, сірә.

— Тәрізі солай. Ақмолаға кіре тартып барып, еліне қайтып келе жатқан күнгейдің бір сәудегері жол-жөнекей осы ауылға түнеп өткенде: «Буаз бие екен, жолға байқамай алып шығыппын. Ұзақ жүріске қиын болады-ау» деп қынжылған соң Тамаштың әкесі марқұм әлгі биені құр атқа айырбастап алып қалған екен ғой. Сонда туған құлын осы қарагер ат көрінеді.

— Ә-ә, бәсе төркіні басқа мал,— деп сырт ағайынның қайсы бірі атты марапаттаса.

— Ей, мейлі, төркіні кім болса, ол болсын, іші боқты,

сырты түкті мал емес пе, қызталақ. Бір үйір жылқыға айырбастамайтындай басы алтын, арты күміс дейсің бе? Тамаштікі тыраштық қой. Бір атын тіпті Тәуірбайдан аямаса да болатын еді,— дескендер де жоқ емес.

Ал Тамашқа кектенген Тәуірбай қалайда есе қайырудың қамында еді. Неше түрлі әрекеттің айла-шарғысын ойдан өткізіп келіп:

«Тап сол қарагер атты тақымыма баспасам, Тәуірбай болмай кетейін»,— деп тістенген.

Орайын келтіріп, қарагерді шылбырынан қашан ұстары тек тәңірге аян әрине. Мұның әрекетіне ғана тіреліп тұрған шаруа емес қой ол. Тетігі бұған қарап тұр дейсің бе. Сәтін күтесің амал жоқ. Орынсыз аптыққанмен абыройға жете қоймассың. Аз ба, көп пе шыдайсың.

Көңілдің түкпіріндегі негізгі нысана осы бола тұрғаны мен тісін қайрап, жаудай тұтып қалған Тамаштың енді қисыны келген жерден мысын басып, сағын сындыра беруге пейіл еді. Сол есеппен мұным қиянат, күнә болар демей-ақ, обал-сауабына қарамай-ақ жол-жөнекей лаңды бір іс жасай кеткен.

Тамаштың ортаншы інісі Жағаштың құда түсіп, шама-шарқынша қалың малын өткізіп, алдағы жылдың беделінде келін етіп әкелгелі отырған қалыңдығы болатын. Ауылына сан-сапалақ қатынасып, мидай араласып жүргенімен Тәуірбай бұрын Жағаштың қалыңдығы Әркүлге көз тоқтатып, назар салған жан емес-ті. Осы жолы ойында сол болып, қыз үйіне арнайы келген.

Әркүл ақылы мен көркі ел алдына түсердей айтулы бойжеткеннің санатындағы қыз болмаса да, көз көрмеге тәп-тәуір ажары бар, бой-бітімі түзу, бір үйдің барын соның үстіне жапсырып, еркелетіп-ақ отырған жаны екен. Сонан да болар, бара-бара, салиқа тарта, өз-өзінен қалатын, ұмытылатын, ал әзірге әке-шешенің алдында әдетке айналған сәл шолжыңдау, еркекетотай мінездің ексімі байқалғанымен түпкілікті шаруақолды қай жігітке де оңтайлы жар бола алатындай кісі екенін аңғарған.

Басында бұзық ойдың жетегімен табалдырық аттаған Тәуірбай енді қыздың көзі ойнақшып, алабұртқан, қызылшырайлы өңіндегі толысқандық нышанын аңғарып, серіппедей солқылдаған балғын денесіне, былқ-сылқ жүрісіне көз тоқтатқан сайын әлденеге құштарлана емексіп, арсыз құмарлық буып, тағатсыздана бастаған.

Еп-септілеу ауыл әйелдерінің бірін араға салып, қызбен оңаша лебіздесудің сәтін түсірген. Алғашқыда Әркүл қыз: — Ол не дегеніңіз,— деп үркектеген. Сөйтсе де жылан-

ға арбалған торғайдай әрі-сәрі күйменен ұзай алмай тұрған бойжеткенді аярлығы асқан кексе жігіттің мысы баса берген. Әрі өз үстемдігін сезген Тәуірбай әзәзіл әңгіменің неше атасын аямаған.

— Шын ынтықпын. Ниет, ықыласым өзіңе құлады,— деген жүзі жанбай.

Төрдегі басын иіп, Тәуірбай атымен осы жасында үлкенді-кішілі әңгіменің бәріне тәуекел етіп, алдына еңкейіп келіп тұрғаны осы құмарлықтың дерті екенін айтқан. Сөз қадірін, кісі қадірін білер, асыл жан деп, тілегін қайтармас деп сеніп келіп тұрғанын айтқан. Тәуірбай ойнап-күліп, көңіл көтеруге кісі таба алмай емес, тек бұл ғана деп келгенін бұлдай сөйлеген.

«Шашы ұзын...» жазған осы әңгімелерге қайралақтап, едәуір еліккен. Жеме-жемде кет әрі ниет байқатпай:

— Біреудің бүгін-ертең алғалы отырған қалыңдығы едім. Ел біліп қалса не бетімді айтамын. Ұятын қайтемін?!— деп қана уәж айтқан.

Неде болса арам ойын іске асырудың қамындағы Тәуірбай ештеңеден тайынбай, иіні келіп тұрған шаруаны икемдей салмақ ниетпен көз жұмып, ондай әңгіменің ұшығы сезіліп жатса өзінің жасар тәуекелін сездірген. Басына тартса аяғына жетпес, қоңторғай тіршілікті, бұралқы біреуге мұны өзінің де қиғысы жоғын аңғартқан.

— Өзім айттырып құда түсемін. Мал-дүние аямаймын. Әкеңнің сұрағанын беремін. Сені көшіріп алып, ақ үй тіктіремін. Бөлек отауым боласың,— деген.

Қоңыр шаруалы Жағаштың жары болғаннан гөрі аты әйгілі Тәуірбайдың тоқалы болуды мәре тұтқан, соған емексіп, соған еліккен Әркүл жігіттің дегеніне көнген.

Сол түннің ел ұйқыға кеткен шағында ақ шымылдығының етегін түріп, еңбектей кірген Тәуірбайды тықырши күтіп жатып, күйіп-жана құшағына алған.

Алғашқы ет қызуымен біраз уақыт әуейленіп жүріп, Тәуірбай сонан кейін ат басын теріс бұрған. Қайтып бұл ауылға соққан емес. Оның есесіне Жағаш қалыңдығын алудан бас тартып, Әркүл сол ел бетіне қарай алмай әкесінің үйінің оң жағында отырып қалған.

Ойдағысының бірін іске асырып, Тәуірбай іштен: «ал, бәлем» деп сыздана күлгенімен көңілі көншіп онымен тына қоймаған. Шаруаның негізгісі алда еді. Қайтсе де қарагер атты қолға түсірудің қамына енді мықтап кіріскен.

Кейінгі жылдары Тәуірбай тосын мінез шығарды. Бұрын бұл елдің мал айдаған базаршылары жылына бір-ақ рет, қоңыр күзде, Ақмола, Қараөткелдің базарына ғана

барып қайтатын. Көшпенді жұрттың жайылымдағы малының қонданып, семіретін, базарға пұлға өтетін кезі осы. Сатқан қара-құраларының пұлына жылға жетер шай-қант киім-кешегін артып алып келіп, келер күзге дейін қайта тырс етпес-ті. Енді Тәуірбай өзіне қарасты, сөзіне еретін біраз ауылдың базаршыларын бастап, жылына үш-төрт рет алыс-жақын демей сапарға шығатын болды. Былайғы жұрттың кейбіреуі:

— Бұл не істеп жүр осы?— деп таңданса, біразы:

— Осы түбі сәудегерлікпен де айналысайын деп жүрау,— деп тұспалдады.

Сырын сыртқа шығаратын Тәуірбай ма, ешкімге ешнәрсе сездірмейді. Не де болса ішінде. Жоқ іздегендей тынымсыз кезбе күйде. Бұл сабылыстың не үшін екені тек өзіне ғана аян. Ақмола барды, Қараөткел барды, Түркістан асты, Әулиеатаға да жол түсті. Арада екі-үш жыл аралап та кетті. Бірақ алған беттен қайтқан Тәуірбай жоқ. Ақыры іздегеніне кезікті. Екі жылдан аса сабылып іздегенін Ташкеннің хан базарынан тапты.

Өз қатарының денелісі, еңселісі болып көрінетін Тәуірбайдың төбесінен қарағандай серейген, бойшаң, қарағайдай тіп-тік, қарасұр өңді, қасқыр көз, жауқабақ, қарасақал түрікмен жігіті ұстап тұр екен. Көрген бойда жармаса кетердей бірден ұмтылды.

— Әй, тума, базарға салып тұрсың ба? Сатасың ба?

Мұның апырақтай ұмтылып, өзеуреген қалпына қиястанды ма түрікмен жігіт:

— Сатпайтын болсам базарға неге келемін. Сенен құмардан ұтылып, қарызыма әкеліп тұр ма едім,— деп шытынай, суық қарады.

Оның өктем сөзіне де, өрлік сездіре мен-менсіген қалпына да көңіл аударған бұл жоқ, бар ықыласы түрікменнің базарға салып тұрған кереметін ол жағына бір шығып, бұл жағына бір шығып, шырқөбелек айналып, тамашалаумен болды. Қуанышынан да таңданысы басым. Өз көзіне өзі сенбей тұр. Шынында да ғажап нәрсе еді. Айтса кісі нанбайтындай. Тек табиғаттың өзінің құдіретімен ғана болатын кездейсоқтық деген ләзім.

Аумаған, тура соның өзі еді. Егіздің сыңары да дәл бұлай ұқсай бермейді. Сурет пішін; тұрған тұрыс, жалт-жұлт ойқастаған қимыл; мөлдіреген қара көздегі шырадай жанған жанар; тас төбеге біткен қамыс құлақ; сауырында күн сәулесі ойнап, көз алдында құлпырып, түгі жылт-жылт құбылған басынан бақайшағына дейінгі мінсіз қарагер түс; япыр-ай, бірі-бірі айнысайшы.

— Атыңның жасы нешеде,— деді түрікмен жігіттен. Ол жасын айтты да:

— Өзің тісін ашып көр,— деді.

Бұл алдыңғы құйма болаттай берік қос тұяғымен жер тарпа, сәл оскырына тыпыршыған қарагер аттың жалынан, мойнынан мейірлене сыйпай:

— Тәк, тәк, жануар, тәк, тәк,— деп біраз бой үйретіп алып, тісін ашып көрді. Ауылдағы қарагермен жас шамасы да қарайлас шықты. Үстіне бір жігітті мінгізіп әрлі-берлі аяңдатып көрді. Қарагердің сыландаған сұлу жүрісі көзіне оттай басылды. Шіркіннің ең ақыры жүрісінде де бір айырма болсайшы. Тап өзі. Сиқыр ма дерсің.

Іздеп жүргені осы еді. Мұнан ыңғайлы, мұнан қолайлы, мұнан ұқсасы болмаса керек. Іздегенін тапты. Сұрағанын беріп, алмаққа бекінді. Бірақ әуес көңіл түрткілеп, мұндай атын базарға неге салып тұрғанын білгісі келді.

— Атың жақсы екен. Қалай сатып тұрсың?— деді. Жігіт әлденеге шамданып қалды.

— Ей, жолаушы, бұралқы сөздің керегі не, аласың ба ал, алмайсың ба, басты қатырма,— деді.

Жігіттің өзі де атты амалсыз сатып тұрған тәрізді. Бұл шиканының аузын шұқығанын сезді. Бірақ бұған жөнін айта қоятын жан емес. «Атты не бір жағдаймен ылажсыз базарға салуға душар болған жайы бар-ау. Не, дәуде болса, ұрлықпен түсіріп, өз қолына сыйдыра алмайтын болған соң сатып тұр. Осы екеуінің біреуі-ақ. Әйтпесе, мынандай жігіт мынандай атты сатар ма»,— деген қорытындыға келген де қойған.

— Ал, ерім, нарқыңды айт онда,— деді.

Ат иесінің аузынан шыққанын сөзге келмей санап ұстатып, қарагердің шылбырын қолына алды.

— Бауырым, қызығыңа мін,— деді жігіт шын көңілімен.— Алғаныңа өкінбейсің. Мұндай ат туа бермейді.— Сонан соң атты қимағандай қынжыла қарай:— Хош жануарым,— деді.

Бұл жетелеп жүре бергенде ат оқыс оқыранып, күйзеле күрсінгендей дыбыс шығарды.

Өзімен бірге келген базаршылар атты көргенде:

— Ойпырм-ай, мынау Тамаштың қарагері емес пе. Аумайды ғой, қалай ұқсайды,— деп таңдай қағысты.

— Тәуірбай, сол атқа қолқа салып, ала алмай қойған еді. Әбден ықыласы ауған екен де. Қайта-қайта базар кезгенде дәл сондай ат іздеп жүрген болды-ау. Тура сондай ат тауып мініп жүруді мәре көрген ғой. Бар кісі не істемейді,— деп долбар жасасты.

Осы әңгіме ел ішіне келген соң да қайталанып, жаңғырығып жатты. Қайтар жолда түрікмен Қарагерге жеңіл жабу жабулап, үстіне ер де салмай бір жігітке салт жетектетіп отырды. Ауылға келген соң екі-үш апта бөлек қорада жалғыз бақтырып, күнделікті күтімін Тәуірбай өзі қадағалады. Сонан кейін қарагерге ер салған. Үстіне өзінен басқа жан шығарып көрген жоқ. Ешкімге мініп көруге рұхсат етпеді. Ал өзі қай жерде жиын-той, бас-қосу, қонақтық болса оған тек осы қарагерді ғана мініп барып жүрді. Алғашқыда ауыздарының суы құри таңданысқан елдің сөйте-сөйте бұған көзі үйренісіп кетті.

Сол жылғы қыстың іші болатын. Оранып төсегіне жатқанымен елегізіп, ұйықтай қоймаған Тәуірбай түн ортасы ауды-ау деген шақта қасындағы қатынын бүйірінен түртіп оятып:

— Әй, тұршы, от жақ. Бір аяқ құрт езіп жіберіп, сорпаның бетіне қосып, ысытып берші,— деді, өзі киініп әлдеқайда жүруге беталғандай жинала бастап.

Шырт ұйқыдан шошып оянған әйелі ештеңенің мәнісіне түсіне алмай қисайып желкесіне қарай сырғи түскен жаулығының астына бей-берекет қобырап кеткен шашын жасырмалап, абдырай:

— Бір жаққа жүрмексің бе?— деді.

— Иә, бол, тез.

— Жайшылық па, мына түннің ортасында ол не шаруа?

— Не шаруа екенін қайтесің. Сорпа жылытып бер дедім ғой. Сөзіңнің көбі-ай сенің. Еркектің ісінде нең бар.

Бұл зеки, тұқырта сөйлеген, әйелі жуасып қалды.

— Енді табан астында, қайдан білейін, шошып қалғаным... Әйелі күйбеңдей жүріп от тұтатты. Бұл не тосын жәй дегендей сұрауға батпай, әлсін-әлі қарағыштап қояды. Тек үйден шығарда керегенің басына ілулі тұрған қамшысын әперіп жатып:

— Ел іші ме, қашан оралатын едің?— деді.

— Ешқайда кетпеймін. Біреуге жолығамын да қайтамын. Таң атқанға дейін келіп қалармын,— деді бұл жайбарақат күй танытып.

Түнде ерттеп, дайындап қойған атына мініп, қарагерді жайдақ жетегіне алып, оқтаулы бердеңкесін тақымына

басып, суыт жүріп кетті. Ай ерте батқан. Аязды түннің сирек жұлдыздары тым әріден солғын жылтырайды. Жал ішін өлі тыныштық жайлап алған. Барар жері аса қашық емес. Осы жүріспен соқтыртып отырса таңғы тәтті ұйқының кезінде сонда болады. Қайткенде де таң қараңғылығын жамылып қамданып қалуы керек.

Құм қыстайтын ел шағын-шағын ауылға бөлініп, өздеріне тиесілі көндерінде, киіз үймен, жал-жалдың астында отыратын. Құмда мал қолға қарамайды. Ірі қара бетімен жайылады. Қой-ешкіге сексеуіл, жыңғыл, шырпыдан албар тұрғыза салады. Ал қолда ұстайтын азынаулақ мініс аттарына әркім әртүрлі қора салатын. Тамаштың атын қабырғасын қамыстан буып тұрғызған, төбесін шоммен жапқан жабық қорада ұстайтынын білетін. Ауылға таянған соң әріден қиыстай бұрылып барып, желке тұсынан шықты. Аттылы кісіге иті құрғыр тым шабаланғыш келеді. Жаяу түсіп екі атты да жетегіне алды, мылтығын иығына іліп, ауылға қарай ақырын аяңдады. Таяна бергенде қосарлана үріп, алдынан шыққан соңында екі-үш күшігі бар бір қаншық пен төбетке қолындағы ат дорбадан алып кесек-кесек, сүйегімен піскен етті аямай-ақ лақтырды. Білем-білем еті бар сүйекке тістері тиген бойда жақтары қарысқандай үні өшкен иттер жай-жайына кетті.

Бұл нобайы қарауытқан ауылды байқақтап келіп ат қораны жазбай тапты. Қораның артына екі атты екі жерге байлап қалдырып, өзі келіп есікті байқап көрсе, қамыстан тоқылған жәй ғана салма екен. Сыртынан жіппен байлай салған. Байлауын шешіп ішке кірді. Қараңғыда көзін үйретіп, әрі пыскырып, тықыршып, үркектеп тұрған атты кішкене сабасына түссін деп сүт қайнатым тұрды. Сонан соң аттың шылбырынан ұстап бірте-бірте «тәк-тәкпен» жақындады. Жалынан, сауырынан сипалай бой үйретіп келіп, алдыңғы екі аяғына еңкейген. Кісендеулі екен. Солай болатынын өзі де сезген. Оны есептеп шыққан. Қонышынан бір уыс кісен ашатын істік шығарып, солардың әрқайсысымен түрткілеп көре бастады. Біреуі сәйкес келіп кісенді ашты. Оқыранып, не кісінеп жүре ме деген қауіппен аттың тұмсығын тыныстай алатындай етіп шыт орамалмен бір тартып байлап тастады да жайлап жетелеп далаға шығарды. Оның орнына өзі алып келген қарагерді әкеліп байлап, аяғына кісенді салып, есікті бұрынғысындай етіп бекітті. Сонан кейін қойнына тығып келген шақпақты тартып жіберіп, қамыс қораның екі-үш тұсынан от қойды. Бәлен жылғы қу қамыс ду етіп жанып гулей бастағанда атына мініп, қарагерді жетекке ала-мала жөнеле берді.

Ат қораны көзді ашып-жұмғанша-ақ жалын орай бастады. Бұл тезірек алыстап кетудің қамымен атқа қамшы басып, ауыл артындағы биік жалдан аса бергенде тұла бойын тітіркентіп, төбе құйқасына дейін шымырлатып жіберген ащы бір шырқыраған үн жетті құлағына. Еріксіз артына бұрылып қараған. Айнала лапылдаған жалыны аспанмен таласқан қамыс қораның ішінде шыңғыра кісінеп, шырқырап тұрған қарагердің даусы екен. Қою түтінді аспанға бұрк-бұрк атқан алау-жалау от тілі болған сұмдықты атойлай жариялап, мына тып-тыныш мүлгіп тұрған қарамақпал түннің бетін тырналап, байбалам салып жатқандай. Денесі тіксініп, бойы түршігіп кетті. Ешнәрсені ойламаудың, артына қарамаудың қаракетімен атын қамшылай берді.

* * *

Құмда отырған қалың елге Тамаштың қарагерінің өртеніп кеткен хабары ертеңіне-ақ тарап жүре берген. Бірін-бірі тек қайғысында аяйтын, есіркейтін ағайын:

— Обал-ай, — десті.

— Есіл жануар-ай! — десті.

— Япыр-ай, қапияда қалай кеткен өрт бұл? — деп қынжыла отырып таңданғандар да болды.

— Жазым да, жазымға дауа бар ма, — деген жауабын да өздері айтып жатты.

Ішінара: «Ерегіскен әлдекімнің ісі емес пе екен?!» — деген суық ойды көңіліне алғандар болса, айтар айғақ, келтірер күдігі жоқ әңгімені шығарып, абырой таппасын сезген сыңайда жақ ашпады.

Тек көпке дейін елдің аузында жүрген әңгіме — өртенген қораның күл-қоқысының арасынан жартылай жанған аттың өлексесін жұрт суырып алып шыққанда ағайынды үш жігіттің бірдей отыра қалып өз маңдайларын өздері тоқпақтап, еңкілдеп тұрып жылағандары, екі-үш күн бойы үйлерінен шықпай, ел бетіне де қарамай, өзді-өзімен де тіл қатпай, нәр сызбай жатып алғандары еді.

Тәуірбай болса ешнәрседен алаңы жоқ күйі қарагерін сыландатып мініп жүрді. Тек бұрынғы әдетімен аттың маңына бейсеубет кісі таянта бермейтін. Көп көзінен қаға беріс, оңаша жайда бағып-күтетін. Көңіл түкпірінде сертіне жеткен жанның бәсекелесін «ал, батырым енді қайтер екенсің» деп айызы қана табалауы тәрізді тоқмейілсу де жоқ емес-ті.

Тек кей-кейде жалынға оранып, жан ұшыра аласұрып

тұрған қарагер ат түсіне кіріп, шырқыраған үнінен шырт ұйқыда жатқан жерінен қыстығып, шошынып оянатын бір әдет пайда болғанынан тіксінетін. Оны ара-тұра көңіліне дық алғанымен, барлық пен байлықтың қызығы басқа дүниені ұмыттырып, «ішкен маз, жеген тоқ» тұрмыстың ағымымен кете берген. Абыройы аспаса төмендеген жері жоқ. Тіршілігінде кемісі және жоқ. Кімсің — Тәуірбайсың сол баяғы.

Әне-міне дегенше дүние дөңгелегі осы күйде бір жылды артқа тастап шыға келген. Келер жылы қыс ел тағы атам заманнан бергі әдетімен көшіп келіп, құм қыстаған. Қора қопсысын жайлап, соғымын жайғап алған соң қолы бос жұрттың ермегі қонақтап қыдырыстау. Қала берді ит жүгіртіп, аң аулау.

Жүрісі кісі көңілін көтеріп, айбындандырып отыратын қарагердің шапқандағы қарымын бір байқап көру Тәуірбайдың ойында еді. Қарашаның басын ала қар түскен кезде тәуір ат, жүйрік тазы ұстайтын көңілдес екі-үш кісісіне:

— Теріскейден киікпен бірге қасқыр да құмға құлаған көрінеді, аңға шығайық,— деп хабар салған.

— Қарагерді алғаш рет аң қууға мінген екенсің, қанжығаң майланып қайтса бір марқасқаның басын сенің үйіңнен мүжитін шығармыз,— деп кеу-кеулескен топтың ортасында көңілді келе жатқан. Кенет маңдай алдынан, әудем жерден, далаңқайлау ашықта өсіп тұрған топ жыңғылдың түбінен созалаңдай тұрып, арғы астыртқа қарай шұбалаңдай салып ұрып берген тағыны көзі шалып қалды.

— Кетті,— деді оқыс дауыстап.— Иттерді босатыңдар!

— Кәне, кәне, ол не?!— деп шу ете түскен басқалар да бұл қолын сілтеген тұстан көкжалды көре салып, асып-сасып әбігерленіп қалды.

— Мен тура артына түсемін, басқаларың қисайған жағына қиялай қосылыңдар. Ылажы болса жазыққа қарай қайырмалап, шығарып әкетейік. Итті жылдам жіберіңдер! Ал мен кеттім. Шу!— деп аттың басын қоя бере берді.

Жол бойы кезіккен қоян, қарсақ, киік тәрізді көрінген аңға жүгіре бермесін, босқа болдырып қалар деп аңшылар ерте шыққан екі құмай тазыны мойнына жіп байлап, жетелеп ұстап келе жатқан. Апыл-ғұпыл босатып жіберді. Өздері де олардың сондарынан ілесе тырағайлап, атқа қамшы басты. Жаңа ғана тып-тыныш мүлгіп жатқан жал ішін алақұйын жын көтергендей ызы-қиқы, айқай-шу керней жөнелді.

Ә дегенде көкжал қара үзердей ұзап шығып кеткен еді.

«Қап, көзжаздыратын болды-ау»,— деп қиналған бұл соңынан салып келе жатып. Бірақ тазының бірі тым ұшқыр екен. Мұның дәл жанынан садақтың жебесіндей зу етіп өте шыққан күйі бірте-бірте жыртқышқа жақындай берді. Аңның енді адастырып кете алмайтынына көзі жеткен бұл көңілін демеп, алда болар қызықтың желігіне еліге бастағандай желпіне шапты. Қарагердің де аяқ алысына сүйсінген сыңайда. Кісіні ерге ұрғылап, лоқылдап шаппай, жайлы көсіліп зулап келеді. Тер шыққан сайын бауырын жаза түскендей бірте-бірте екпіні үдеген қалпы бар.

— Шу, жануар, шу,— деп сыйпай камшылап есілтіп келеді.

Аралары бір-біріне арқан бойы, не ұзап кетпей, не қалмай тіркесіп бара жатқан көк жал мен екі тазының соңынан шай қайнатымдай шапқан соң бұл қараларына іліге берген. Андағайлап жан-жақтан қаумалай шапқан басқалар да қашықта келе жатпаған. Бірақ бұл осы қарқынымен енді сүт пісірімдей шапса көкжалға елден бұрын жетеріне сенімді еді. Мұның қарасын жақыннан көрген сайын күш алып, жыртқышқа таяна түскен тазылар бұл қасына жанасып барса қасқырға ауыз салып тоқтатары сөзсіз. Онда алғашқы сойылды өзі сілтегені. Қол созым жерде тұрған қызықтың буына балқығандай алып-ұшқан есірік көңілмен асыға түсіп:

— Бас, бас! Айт, айт!— деп айқайды салып, тебіне берген.

Сол сәт көз алдындағы дүние астан-кестен аунап түскендей болды. Сонан кейінгісі қара түнек тылсымға айналып жүре берген.

Арындап шауып келе жатқан аттың алдыңғы оң аяғы жалғызқазыққа¹ дөп келіп, мұрттай ұшқанын, табан астында пышаққа ілінгенін, ес-түсінен айрылып жатқан мұны қасындағылардың жақын маңдағы ауылдардың бірінен түйе алып келіп, соған артып, үйіне жеткізгенін, үш күн, үш түн ес жия алмағанын бұл кейін өзіне өзі келген соң ғана естіген.

Төсек тартып көп жатты. Көп азап шекті. Қалған жан олжа, әйтеуір. Соған шүкірлік етті. Көп күтіммен бірте-бірте бері қараған. Сыңған бұғана, қабырға бітіп, аяқ-қолына мініп, жүруге жарады. Сөйте-сөйте қатарға қайта қосылған. Уақыт өткен сайын көрген қиындықтың тауқыметі де сейілген тұмандай санадан өше бастап, келе-келе ұмытылса керек еді. Алайда бұл сонан кейін соқпа-соқпа,

¹ Жалғызқазық — төмен қарай тігінең-тік қазылған ін.

ұстама тәрізді науқастың шалығы айналдыратын әдет пайда болғанын, сыртқа байқата бермегенімен, іштей сезіп жүрді.

Анда-санда шаршаса, әлденеге ренжісе қарадан-қарап отырып, еңсесі түсіп, жүйкесі қажып, көңілі қобалжып, хошы болмай, мазасызданып, әл-дәрмені кетіп, сүлесокта-нады. Қысылып, мұздай тер шығып, қинала бастайды.

Кейде сөйтіп-сөйтіп отырып, әлгі ұстамасы, әйтеуір, қайтады. Сонан соң тынысы кеңіп, сақардай қуарып кеткен жүзіне қан жүгіріп өзіне өзі келіп:

— Уһ, өтті ме, қу жан-ай!— деп еркін демалады.

Ал кейде, бетін әрмен қылсын, ең қиыны да сол. Осындай қысылып, қуаты кетіп әлсірей бастаған сәтте кенет көз алды қызылды-жасылданып, лапылдап жалын ойнап, басы шыңылдап, құлағына от ішінде аласұра шырқырай кісінеген қарагердің аянышты үні келіп, сол кез әлденеден шошынғандай қатты селк етіп, тұла бойын діріл буып, демі бітіп, аяқ-қолы селкілдеп, талмаусырап жүре береді. Сонан шай қайнатым ба, сүт қайнатым ба, қиналып жатып есін әрең жияды. Ондайда екі-үш күндей төсек тартып жатып қалады.

Бұл сөйтіп сүйекке сіңген, өзімен бірге жасасқан кесел болды. Өстіп әр науқастанған сайын жақын-жуықтары жандарын шүберекке түйіп, өзі де үрейден қажып бітетін.

Бірақ өмір бойы бұл ауруының мән-жайын сыртқа шығарып, сырын тірі жанға айтқан емес-ті. Не деп айтсын. Өз қылмысын өзі әшкерелесін бе. Өзін-өзі әйгәпір етсін бе. Тіпті, оны айтқан, оны жариялағаннан орнына келейін деп жатқан дүние бар ма?! Оны түзейтін кім бар?! Өтті-кетті. Қайтып қалпына келтіресің. Артында өкініштен басқа қалған ешнәрсе жоқ. Сол бетінше шемен болып, іште кеткен бір күй еді.

Кейін де ара-тұра бұл осылай науқастанып қалғанда бұрынғы көз көрген тұрғыластары:

— Сол баяғы қарагер аттан жығылғаннан жабысқан ескі дерт қой,— дейтін де қоятын.

* * *

Тәуірбай жетпіске иек артып тұрған жасында қатты науқастанған. Сырқатының беті қиын болып, бірден ауыр құлады. Екі-үш ай сал болып, қинала төсек тартып жатып, соңғы апталарда тіл-ауыздан қалған. Күндіз-түні төңірегінде күзетте кісі отырды. Елді әрі күйзелткен, әрі таң қалдырған бір керемет — аптадан аса ес-түс жоқ, кеудеде тек

шыкпаған жан бар демесең, о дүниелік болып қыбырсыз, сұлық жатқан науқастың денесі кей-кейде кенет оқыс бір нәрседен шошынғандай селк етіп, сонан соң қинала селкілдейді дейсіз. Кісінің қарауға дәгі шыдамайды. Отырғандар:

— Ойпырым-ай, тәңірі пендесін қинай береді екен-ау. Бұл не деген ғазауат. Не деген қиын науқас,— десіп жағасын ұстап шошынысты.

— Тек, олай деп күпірлік айтпа. Пешенесі де жазғаның. Бұйрығы солай шығар,— деп басу айтысты тақуалау үлкендері.

Ал тілден қалып, естен айрылып жатқан науқастың сол қалпында да кей-кейде әлсіз санасында отқа оранған қарагер ат елес беріп, шырқырай кісінеген үнін естігендей болатынын, сол сәт шошып, қиналыстайтынын басқа пенделер қайдан білсін.

Тәуірбай солай жатып дүние салған.

ШАЛҚЫМА

— Ту-у, сонымен өліп-талып түске қарай, әйтеуір, соғып алдық-ау,— деді әңгіме желісіне осы сәт иелік етіп жұртты аузына қаратып отырған шофер жігіт Мақатай арқасындағы ауыр жүкті аударып тастап, бойын сергектегендей қалыпта жайдарылана күлімдеп.

Онымен бірге төңірегіндегі көпшілік те жеңілдене қозғалақтасып, гуілдесіп кетті.

— Ой, соғып алмай, газик қоя ма жаның, өзі Бетбақтың жазығы болса.

— Әрине.

— Жоқ, әккі бір қулары баялышы қалың тұсқа дөп келсе көзбе-көз адастырып, құтылып кетеді. Талайын көріп жүрміз ғой. Санды соғып қала бересің...

— Ойпырым-ай, дәуін-ай иттің,— деді шофер жігіт гу-гудің саябырлай берген сәтінде сөзге қайта араласып, өзінің әлгі әңгімесін айтып бітпегенін аңғарта даусына салмақ түсіре.— Біз ақыры жетіп, машинамен қақтыратын ыңғайымызды сезгенде құтылмасын білген соң жасаған айбаты ма, жаны ышқынғаннан кейінгі далбасасы ма, осы созалаңдай салып, жебедей сызып, зымырап бара жатқан қалпынан қалт қайрыла беріп тура машинаның маңдай алдына қарай атылды. Соққысы қатты тигені сондай, алғаш солқ ете түскенде рульден қолым шығып кете жаздады. Тіпті, аударылып кетуіміз кәдік еді. Әйтеуір, аман қалдық...

— Әй, көкжалым-ақ екен-ау, сабаз. Көктастың көксеректерінің тұқымынан ғой жобасы, ә,— деді төрде отырған Айтжекең — бой-бітімі ортадан бәкенелеу, қолтоқпактай шымыр, жинақы денелі; елгезек, қуақы ажар, жас шамасы жігіт ағасынан мол асқан аққұба кісі — баяғыда қанжығаға байланып, кепкен терісі бұл күндері әлдекімдердің үйінің төрінде салбырап ілулі тұрған тағының мына қимылы тап қазір көз алдынан өтіп жатқандай айызы қана.

— Айтпаңыз. Ірі болғанда сұмдық. Мен енді талай қасқыр көріп жүріп, мұндай бөлек жаратылысты кездестірген емеспін. Әлі күнге дейін көз алдымда — машинаға қарсы атылғанда басы келіп «Виллистің» әйнегінің тура мен отырған тұсын соққанда, артқы екі аяқ пен құйрығы шұбатылып жерде жатты.

— Ойпырым-ай, ірі екен. Әйнегі не қылды-ей, сынған жоқ па,— деп сұрады отырғандардың бірі.

— Ой, ондай соққыдан әйнек қалушы ма еді. Сау ете түскен шығар,— деп көпшіліктің ішінен енді біреулері жауабын да өзі беріп жатты.

— Оның рас, тиген заматта-ақ терезенің быт-шытын шығарған,— деп шофер жігіт әлгінің сөзін қоштай әңгімесін жалғай түсті.— Машинамен қағып өткен бойда қайрылып келіп Осекең екеуіміз түсе-түсе қалып, екі жақтап әп-сәтте терісін сыпырып алдық. Осекеңнің бойын білесіңдер ғой, сол кісі тұлып теріні тұмсығынан ұстап, аспандата құлаш созғанда құйрығының ұшы жерден көтерілмеді.

Шофер жігіт осы отырғандардың ішіндегі бойшаңы, тұлғалысы еді. Өзін қойып Осекеңнің жобасымен салыстыруы, мына өлшемі, тіпті, әсерлі шықты.

— Пай, пай, ә!

— Әй, нән екен-ау,— деп тамсанысты төңірегіндегілер.

— Терісін Осекеңнің өзі алған шығар.

— Әрине, ондай олжаны Осекең кісіге бере ме.

— Арқаның қасқырының қызығын ол кісідей көрген ешкім жоқ шығар. Ат пен аттай, мәшинемен мәшинедей қуып қоймаушы еді-ау.

— Әй, жылына жиырма, отызға дейін қасқыр соғып жүрді-ау кей кездері сол кісі.

— Ой, ол өзінің қуып жүріп соғып алғандары ғана ғой. Іннен қазып ұстайтын бөлтіріктері қаншама.

— Оны айтасыңдар, қойшылардың ұстаған қасқырының да терісін қоярда қоймай жинап алып кететінін қайтесің.

— Енді қасқыр десе, қасқырдың терісі десе құмарлығы сонша, үстіне түсіп кететін.

— Үстіне түспей, өкімет сол кезде қасқыр ұстағанның бәйгесін көтерді ғой. Үлкені жүз сом, көзін ашпаған бөлтірігінің терісіне дейін елу сомға шықты. Соншама ақшаға кім қызықпасын.

— Жок, енді, сонысы дүниеқоңыздықтан да емес. Аламын десе колоздың байлығы жатыр ғой шалқып. Қолынан кім қағатын оның. Бірақ бәрін өзім билеп тұр екенмін деп сол колхоздың мүлкіне сұғанақтанған жері бар ма. **Ондай**

әдеті жоқ-тын. Жалпы бір жаратылысында аңсақтық, аңға құмарлық бар-ау. Сонан болуы керек әлгі әдеттері.

Үйдегілер осылай деп дуылдаса, енді бір қауым уақыт осыдан аз жыл бұрын дүние салған, осы колхозды жиырма шақты жыл басқарған, бұрынғы басқарма Осекең жайлы; сол кез, сол жылдардағы бұл өңірдің жер, су байлығының ұшан-теңіз шалқып жатқанын; аң, құсының жыртылып айрылған молдығын тілге тиек етiскен. Әңгіме төркіні осылай айналған соң үйдегілер бір-бірінен қалыспай, жарыса атқан құс, аулаған аңын айтып кетті. Әсіресе, жағалай отырғандардан бара-бара қасқыр соққандардың қатары көбейіп бара жатқан. Мына беталыстан бұл төңіректе ол жазғанның тұқымының қалай қалғанына таңдануға болғандай еді.

Елдің бәрі қасқыр соққыш болып, осы үйде, тіпті, қанжығасына көкжал байламаған кісі қалмай бара жатқан соң жаңағы әзірдегі елді иіріп, кеу-кеулеп желпінткен дәмді мәслихаттың аяғы қожырап, қызығы қайта бастағандай кебі байқалған. Осыны сезген қайсы бірі мына малтықпа, майда гу-гуден әңгіменің төркінін басқа жаққа бұрмақ ниетпен:

— Әлгі, Осекеңдер Бетпақта соққан көкжалды айтамын-ау,— деді сөз арасына сыналай кіріп.— Ондай қасқырдың терісін ақша үшін өткізбесе керек. Үйінде сақтаулы тұрған шығар. Көретін екен.

— Жоқ, қазір үйінде жоқ,— деді шофер жігіт,— өзінің анық білетінін аңғарта.— Алғашқы жылдары түкпір үйінің төріндегі кілемнің бетінде қабырғадан еденге дейін шұбатылып ілулі тұратын. Бір жолы үйіне түскенде Әбекеңнің көзі шалып қалыпты. Сонан қоярда-қоймай аттай қалап, сол кісі алып кеткен.

— Әттесі-ай, ә,— деп өкініш білдіріп қалды әлдекім.

— Е-е, Әбекең сұраған соң бермей тұра ала ма,— деп тігісін жаттықтырды бірі.

Әбекесі — бұл ауданда ұзақ жыл бірінші хатшылықта жүріп, сонан жоғарылап ауысып, қазір облыс орталығында үлкен орында отырған кісі еді. Ендігі сөздің ояябы сол Әбсәт төңірегіне қарай ойысып, көпшілік кеу-кеумен біраз жерді шалып қайтты.

Бұл әңгіменің де басын қайырып тастап, жұрт» енді не қалды» дегендей бір-біріне аңтарыла қарасқан үзіліс сәтте, төр алдында отырған көсе пішіндес, мосқалдау сары кісі «енді мені қайыра тыңдаңдар» дегендей төңірегіндегілердің назарын өзіне шақыра жөткірінді. Әлгі емеурінді қалт

жібермей аңдаған көпшілік ықыласты осылай қарай аударған.

Бұл сері көңіл, еспе мінез, шалқи сөйлейтін, астам-төк, жалаңтөс шерілігіне бола Шалқыма атанып кеткен Ыдаңныспылы шал болатын. Әу баста осы мәслихатты ертеректе отарына шауып қоймаған арланды қақпанмен ұстап, ауылға әкеліп, терісін тірідей сыпырып қоя берген хикаясын айтып, өзі бастаған еді. Енді әңгіменің аяғы пышырап, көрінген ала қашып бара жатқан соң, тізгінді мықтап өз қолына қайта ұстамақ ниетке көшкендей.

Орта бойлы, тарамыс денелі, жинақы қимыл, қағылез пішінді сары шал көптің өзіне құлақ түргенін байқаған бойда ұмсына қозғалақтай, серпіле түсіп, бастағы қарсақ бөрікті оң тізеге атып ұрды. Төңірегіндегілер шалға жымың-жымың қарасты. Бөрікті жұлып алғанда самаймен қаракұстан жоғары тұстың терісі айнадай жарқырап шыға келген. Су астына өскен майда құрақтың жалпақ айдынның жағалауына жаяу тұсынан қылтиып-қылтиып көрінген жіңішке сабақтарындай селтиіп-селтиіп жирен түс селдір қылшықтар әр жер, әр жерден қылаңытқаны болмаса, шаш атаулыдан жүрдай шошақ төбенің сыпырадай жарғақ терісі қаязданып, тиіп кетсең жыртыла салатындай үлбіреп көрінеді. Әсілі, қажекең бастағы мұндай мін атаулыны бөрік астына жасырып ұстар еді. Ал бұл шалдың осылай қасақана жасап отыратын тіршілігі бары тосын көрген біреулерге болмаса, бұл ауылдағы ешкімге таңсық емес. Қайта осылай жиын жерде «көріңдер, қарап алыңдар» дегендей басты өстіп жарқыратып отыратын әдеті...

— Қайран Шалқыманың ақыл қабының терісінің өзі бөлекше жаратылған-ау,— деп әжуадан гөрі сүйсінісі басым тәрізді қалыпта Айтжекең жымия күлді. Басқалар да пошымы бөтендеу бас құйқаға жымың-жымың қарасқан. Шалқыманың олардың ешқайсысымен шаруасы жоқтай, орнынан көтеріле қозғалақтап қойып:

— Осы Өмірбек куә,— деп бастады.— Оның Арқадағы малға ферме бастық сайланып, алғашқы шыққан жылы. Жазға қарай Шудан келіп шөп шаптық...

— Е-е, мынауыңыз елуінші жылдардың әңгімесі ғой, Өмірбек пенсифа шыққалы қашан,— деп сөз қыстырды әлдекім.

— Иә, ертеректе,— деп келіскендей болды Шалқыма.— Айтып отырмын ғой, малдың Арқаға алғашқы шыққан кездері деп.

— Осы Өмекең ауылда жоқ-ау, малда, құмда тәрізді,— деді тағы біреуі.

— Мейлі, тірі адам ғой, құмда болса келер, сұрарсыңдар өздерің,— деді Шалқыма сөзін бөле бергендерді аса қошуақ алмағандай ыңғай танытып.— Сауынға деп өзімізбен бірге айдап ала келген төрт-бес сиырымыз бар. Ол кезде Шудың бойының сонасы сұмдық. Күндіз мал баласы далаға шығып жайыла алмайды. Күндіз түтіндеп, әрекеттеп, қамыс қорада ұстаймыз да, түнге қарай ғана жайылымға шығарамыз. Қараңғыда қасқыр қас. Қайта-қайта бұзауларды жарып кетеді. Қап, мынаның қорлығы өтті-ау деп кіжініп жүрген бір күні, Өмірбек екеуміз мая салып жатқанбыз, сәскеге таяу: «Ыдеке, ананы қараңыз»,— дейді. Нұсқап тұрған жағына зер салсам, Бетпақтың қабағынан Шудың табанына қарай біреуі қаннен-қаперсіз бүкендей құлап келеді. Аттардың бәрі ерттеусіз, қорада. Оны ерттеп, әспеттеп жатуға уақыт тығыз. Сәл кешіксем қасқыр қабақтың жалтаңынан өтіп, Шудың қалың қамысына тұмсық тіремек. Оған жетті дегенше қуып әуре болмай-ақ қой. Адастырады. Маядан домалай түскен бетім жүгіре жетіп, Өмірбек мінетін ұзын күреңге тізгін салған бойда үстіне қарғыдым. «Шу!»— деп Шудың жағасымен бөрінің алдынан кесе көлденеңдей аттың басын қоя бердім.

— Оу, қолға, қолға бір нәрсе алдыңыз ба? Құрық, сойыл,— деді отырғандардың бірі қосыла қопандап, сірә әңгіменің қызығына ілесіп, қуғыншыға тілеуқор ниетпен, оқиғаның баянды болғанына ықыласты ыңғайдағы сыңайы бар жан тәрізді.

Шалқыма оған жауапқа бұрылмады. «Тыңдай бер, қызығы алда, естисің» дегендей қабақпен бір қарап қойып, сол шапқан бойы салып ұрып жөнеле берді.

— Мені көрген бойда бөрі құлдилай бір салды. Мен де барынша қоя беріп келемін. Байқаймын, бөрінің қамысқа іліктірмей жолын кесетін сияқтымын. Залым жаратылыс қой, ол бәле соны аңғарып қалғандай. Мен қарасына таяна бергенде жалт бұрылып, жаңағы келген ізімен, Бетпақтың даласына қарай салды. Маған керегі сол. Бар қауіп — Шудың қалыңы еді, онан қайырдым. Енді тек пешенеден көрдім деп есілтіп келемін... Айтжан, сен Өмірбек мінетін күреңді білесің ғой,— деді осы сәт әңгіме желісін сәл сәтке тоқтата, қасындағы көршісіне бұрылып.

— Білгенде қандай. Ол не дегенің,— деді Айтжекең.

— Күреңнің ұшқырлығы енді сұмдық еді ғой. Өзің де талай мінген шығарсың. Шамалы жерге атқан оқпен бірге жететін, жануар. Жалтаңға іліккен соң-ақ, тіпті, адымын жаздырмады. Әні-міне дегенше құйрық тістер жерге жетіп-ақ қалғаным. Сонда барып қолымда түк жоғы есіме түссін.

Қап, енді қайттым. Қасқыр қол созым жерде келеді. Күрен аттың сыры өзіме мәлім. Ұшпа жылқы, осы бетпен біраз шапқан соң барлығып, қарқыны қайта бастайды. Онда мына қазір аттың бауырында келе жатқан тағы көзбе-көз ұзап, қарасын көрсетпей кетеді. Тапа-тал түсте айрылғаның. Амалым таусылып, әбден сасайын. Не де болса айрылғым жоқ. Мұндай емес, көңілдің өсік, қуат шіркіннің бар кезі. Тіпті, қауіп-қатерді ойламайтын шақ екен-ау сол деймін...

— Па-па, ерегесіп, құнан қойдың етін қазанға тұтас салдырып, құйрық, сорпасына дейін қалдырмай жалғыз өзі ішіп-жеп кететін заманы ғой ол Шалқыманың,— деді Айтжекең желпіне түскен, шалдың қолтығына су бүркіп, қошеметтей.

— Онысы бар, онысы бар, енді,— десті көпшілік қауқылдаса, Айтжекеңнің сөзін қуаттап.— Қыртысы қарыс келетін, үйткен қойдың етін бір өзі қотарып жүре беретін. Талай көрдік...

Шалдың бұлардың қолпаш, қошеметіне мән бермегендей, елемегендей күйде бәрінен жоғарылай, шалқақтай, қырлана, мына абыр-дұбыр басылғанша әңгімесін еріксіз тоқтата тұрған қалып аңғарта тосылғанымен, іші майланып, өңіне шырай жүгіргендей, көңілденіп, көтеріле түскендей қалпы бар. Сонысын сездіргісі келмегендей, тамағын қырнай, құрғақ жөткіріне түсіп, «ал, енді болдыңдарманы» ескерте, үніне салмақ бере қайта сөз бастаған.

— Енді не істедім?— деп әрі-сәрі күйде келемін. Әрі ойлап, бері ойлап, еш лаж таба алмадым. Уақыт өткен сайын жаным мұрнымның ұшына таянып, шыдамым қалмай бара жатыр. Енді уақыт оздыра берудің қисыны жоқ-ау деп ышқынған бір сәт тәуекелге бел буып, шұғыл қимылға бет алдым. Онсызда алқымдап, көкжалды өкшелеп келе жатқан күреңді тебіне, бастырмалата түсіп, қол созым жерге таянды-ау деген кезде, ұмтыла беріп, құйрықтан шап етіп ұстадым. Адам ышқынғанда өзін-өзі ұмытып, арқаланып кете ме қайтеді, құйрыққа қолым іліккен кезде көкпарша көтеріп тақымға атып ұрдым.

— Ой, пәлі!— деп қалды әлдекім шынымен риза болғаны, әлде кекегені белгісіз.

— Ой, адам әруақтанғанда ықты-жарды тыңдай ма. Өлген-тірілгеніне қарамайды ғой ондай еті қызған кезде,— деп жайғастырды Айтжекең.

Оның бұл тігісін жаттықтыруы Шалқыманы қарақшыға қарай демей тартқандай. Шалың артына жалтақтамай, тосылмай сол қарқынмен әңгімесін жалғастырды:

— Енді ойлантатын, не істедім осы деп қарайлайтыңдай ештеңе қалмағанын сездім. «Не де болса — болары

болды. Тек бар күшті тақымға салып, айрылмаудың, тырп еткізбеудің қамын жасауым керек. Онан басқа лаж жоқ. Бұйырғанын көріп алдым», — деп аттың басын ауылға қарай қоя бердім. Қанша дегенімен жан, шіркін, тәтті. Тақымдағы олжама бұрылып қарауға дәтім бармады. Сол ағызған бойда маяның қасындағы Өмірбекке жетіп:

«Ойбай, ұр мынаны, бастан», — дедім. Ол да шөптің үстіне шығып, қарап, жағдайды көріп, біліп тұрған. Аттың бауырында салақтаған басты қолындағы әлдеқандай белдемше темірмен берді кетті, берді кетті. Тақымдағы дене былқ етіп, сұлқ қалғанын аңғарған бойда жерге тастай салып, «уһ!» деп аттан түсіп отыра кеттім.

Жұрт дегенімен, әр түрлі сөздің басын шығарып, қозғалақтасып қалған.

— Ойпырым-ай, тірі қасқырдың бір тірлік, әрекет жасамағаны ма сонда?

— Ойбай-ау, қанша тақымға қысқанымен, лақ емес, қозы емес, қасқыр ғой, аттың шабын қалай жарып жібермеген?

— Адамның аяғына да ауыз салмағаны ма?!

Әңгіменің беті осылай өрістеп, күңкіл, күдік шаң бере бастағанда Айтжекең:

— Ой, — деп қалды көпшілікке. — Сендер де өздерің білмейсіңдер де. Шалқыма аппақ сақалымен өтірік айтып отыр дейсіңдер ме.

— Жок, енді өтірік айтып отыр демейміз. Бірақ тірі қасқыр қалай ауыз салып, қарпып қала алмайды, — деді бір жігіт тағы да.

— Оның ауыз сала алмайтын себебі бар, — деді Айтжекең нықтай түсіп.

— Ол не себеп? — деді тосылғандай әлгі жігіт бәсеңси. — Тақымға басқан соң өкпесі қысыла ма?!

— Жок, бөрінің ауыз сала алмайтын себебі жалғыз ол ғана емес, — деді Айтжекең әдетінше көзі күлімдеп, жымыңдай түсіп, отырғандарға жағалай бір қарап алып. — Әрине, Шалқыманың тақымы да оңай тақым емес. Темірдей ғой, темірдей. Оны талай рет көкпарда көргенбіз. Әсте, білмейді екенсіңдер ғой, әлгі тақымға салған бойда қасқырдың басы төмен кетіп, ішек-қарын, өкпе, жүрек, бауыры — бәрі лықсып, кептеліп келіп, қолқа, тамаққа барып тіреледі де, жыртқыштың жағы қарысып, аузы ашылмай қалады. Оның атқа да, адамға да жазым жасай алмау себебі сонан. Сендер шүбәланбай-ақ қойыңдар. Шалқыманың тірідей тақымға басып келуі рас.

— Әй, сенбегендерің Өмірбектен сұраңдар, деп отыр-

мын ғой,— деді Шалқыма да айылын жимай.— Тура сол маяның қасында терісін өзі сыпырған.

Айтжекеңнің омыраулай араға жүруі әсер етті ме, жоқ әлде «жарайды ауыз өзіңікі ғой, біздің не күйе кеткеніміз бар өзеурей беріп» деген ыңғайға жығылды ма, көпшіліктің біразы бұл оқиғаның болғанына, әңгіменің растығына келіскендей ыңғайға көшкен тәрізді. Ішінара, тіпті:

— Өзі жүрек жұтқан дегенмен, тірі қасқырдың құйрығына қол салып жүргенін.

— Онысы енді көзсіз батырлық,— десіп қолпаштаушылар да табылып қалған.

Жұрттың мына беталысының сүреңіне ілесіп, әрі шалдың өзінің қипақ, жалтақсыз, иманын қолға ұстағандай сенім-сесіне қарап, бұл әңгімені енді шүбәсіз қабылдай бастағандар да жоқ емес еді.

Олардың кейбірінің көңілінде: «Әй, осы сайтан шал, сөйтсе, сөйткен шығар. Мұнан шығады ол»,— деген марапат ой да, қылаң берген.

Бұлардың мұндай ойға жүгінуі тектен-тек емес, әрине. Шалқыманың бір басында сан өнердің ексімі бары қайқайсысына да мәлім. Шалқыма десең — Шалқыма дейтіндей-ақ жан. Оның мұнан жастау кезінде талай қызығын қызықтағандары бар. Өзі жаратылысынан майрампаз десе болғандай. Сонау жігіт шағында құйғытып ағып келе жатқан аттың үстінде төбесінен тік тұрып, талай уақытқа дейін шаба беретін. Тап қазір де ат үстінен еңкейіп, жерде жатқан теңгені тісімен тістеп алады. Ешкінің жауырынындай қағылез, жеңіл бітімді осы бой-тұрпатымен-ақ ел арасында палуанға түсіп жүрген, өзіндей екі келетін, талай алпамсаларды ұстасқан бойда бөрікше атып ұрған айлакерлігіне тәнті жұрт. Саусағынан күй төгілген домбырашы, қарауылға іліккенді қапы жібермейтін мергендігі елдің бәріне белгілі. Мұның қолынан әр нәрсе келетініне елдің тәнтілігіне, бұл айтқан сөзге көбінің сенетініне басты себептің түп төркіні осыларда жатса керек. Сол дағдымен тақымда тырпете алмаған бөрі жайлы әңгімені де мына көп жеме-жемде өгейсітпеген тәрізді. Алғашында «бұл қалай?» дескенімен, нәтижесі сіңісті болған жайы бар. Жұрттың бұл қалпы шалды арқаландыра түскендей. Ендігі мәслихаттың тізгінін біржола өзі иелігіне алғандай сыңайда. Сонау дауыс жетпес биіктегі құз жартастан көздеп құлатқан құлжа; аспанда көз ұшында тізіле қалықтап бара жатқан жерінен қанатынан оқ тиіп құлаған тырна; қос тұзақта қосақталған қоян; атпен қуып ұстаған киік туралы; тағы-тағы не түрлі хикаялар шертіліп кеткен.

Қызу ду-дудың тыныс алған бір сәтінде әлдекім ерте-ректе, тартылған арнаның табанынан тайдай балық ұстағанын; екі-үш жігіт жабылып алып жүре алмаған соң арқанмен байлап, атанға жегіп, сүйретіп, жағаға әрең шығарғанын әңгімелесін.

— Ойпырым-ай, лақа болды-ау, ә, әлде, жайын ба екен?

— Ой, ол кезде Шуда екеуі де бар еді ғой. Тіпті, сазан, шортандарының өзі қандай-ды. Үлкендері құнан қойдай болатын. Талай ұстадық қой.

— Екі-үш жігіт шамамыз келмей атанмен сүйредік дейсің бе. Орасан балық екен онда. Ой балықта да не бір ірілері бар-ау, жарықтық.

— Е-е, «жандыда балық үлкен» деп тегін айтылған дейсің бе?!

Ел осылай кеу-кеулесіп, ендігі сәт жер-жаһандағы балық тұқымы бір қауым уақыт тілге тиек етілген.

— Ол енді, балық — балық қой. Су мақұлығының ең үлкен атасы киттерді күнде кинодан көрсетіп жүрген жоқ па,— деді Шалқыма өзінің сырттап қалғанына ықтияр болмағандай жөткіріне қозғалақтап алып, жұрттың сөзіне кимелей араласып:— Оны айтасындар, құс екеш құстың да нелер сұлтандары кездеседі екен. Ертеректе мен бір құс атып алдым. Айтса сенбейсіңдер, шөгеріп қойған түйемнің үстіне әрең көтеріп арттым.

— Мына айтып отырғаныңыз осы төңіректің құсы ма, ақсақал?!

— Осы төңіректікі. Қазотының жазығынан өтіп, Айдынның жағасына шығатын қамысақты қойнауда.

— Ой, ол кезде, ол өңірде, құстың не түрі кездесетін,— деп құптай қоштады әлдекім.

— Ой, заман-ай, ол шеті мен бұл шеті талай көш жерге созылып, теңіздей шалқып жататын сол «Айдындардың» табанында ақ сордан басқа түк қалмады қазір ә. «Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда — қазан» деген осы ма тәйірі,— деп опынды отырғандардың ішіндегі ересектеу қайсы бірі.

— Түйеге артып алған соң мұны қызық үшін көрейін деп, үйге де соқпай, бірден қырман басына қарай бұрылып, сол жердегі таразыға әкеліп тарттым,— деді Шалқыма.

Есік жақтағы жастардың қайсысы шыдамсыздық танытты ма:

— Қанша килограмм шықты сонда?— деп қалғаны.

Бұл сұрақ шалға оқыс естілгендей әсер етті. Онсыз да жүйесімен жүргізіп келе жатқан әңгімесін бұзып жібергендей әлгі жігітке тосыла қарап қалып:

— Қырық алты кило шықты,— дей салған.

— Жаңағы жалғыз қаздың өзі қырық алты килограмм тартты ма,— деді әлгі жігіт сенер-сенбесін білмегендей, бұл санның салыстырмалы жобасы санасында әлі қорытылып үлгермегенімен сыйымсыздау екенін ә дегенде-ақ түйсікпен түсінген қалыпта, көз жанарының аңғалағы ашыла түсіп.

— Иә,— деді шал басын изеп. Сыңайларын байқағандай төңірегіне көз астымен жағалай назар салып.

Манадан бері ниеті қалыс ыңғайда, ықылас қоя тыңдап отырған жұрт кенет ыңғайсыздау әлдененің үстінен шығып қалғандай өзді-өзіне қарасып, неқолайлау қозғалақтасып кеткен. Ажарларында «енді мұның түпсіздеу болды-ау» деген наразылық анық аңғарылғандай. Мінезі шапшаңдау әлдеқайсысы шыдай алмағандай, «осыңыз өтіңкіреп кетті ғой» деген сыңаймен зілсіз қарсылық байқата:

— Ақсақал-ау, мынауыңыз құс емес, тайынша шығар,— деді. Басқа тұстардан да күңкіл, күбір естіліп қалған.

— Ойпырым-ай, қырық алты килограмм дейсіз бе?— деп тағы бірі үніне салмақ бере қайта сұраған.

Шалдың өзі де аузына түскен санды айтып қалғанын енді байқағандай әлгі жігітке сәл аңтарыла көз салған. Бірақ жығылысқа бармады. Тез өзін-өзі игеріп, сыр бермеген сыңайда, «енеңді ұрайындар, менің сөзімді түзейтін сендер ме едіңдер» дегендей сеспенен өктемдеу дауыстап:

— Қырық алты кило деп отырмын ғой. Сен не, саңыраумысың?— деп орнынан қомдана қозғалып қойды. Кейпінде «шешінген судан тайынбастың» кебі бар. Енді не десе де беріспейтін сыңайда тәрізді. Шалқыма қанша кеудеге салғанымен көпшіліктің қабағынан әлденендей күдік пен келіспеушіліктің салқыны тарамай тұрғанын аңғарған Айтжекең, шалдың қосын жеккен қалыппен:

— Оу, қайран ағам-ау, бұлар нені білсін. Келіннен басқа не көрді дейсің. Сенің айтып отырғаның Қонжима қаз ғой баяғы. Ол иттің қораздары тартса тартады қырық алты килограм,— деп жіберген.

Мына он сегіз мың әлемде Қонжима қаз деген құстың түрі бар ма, жоқ па, ол жағы бұрын Шалқыма үшін беймәлім-тін. Тіпті, осы атауды өмірінде тұңғыш рет естуі. Бірақ «ол не еді», «қандай құс еді» деп қазір қалай сұрап жатсын. Әйтеуір, мына екіұдай сәтте өзін қолтықтан демей, тығырықтан шығарып әкете алатын тек осы сөз екенін сергек зерделеп, шұғыл сіңіріп, сол бойда сәл сәтке де қайралақтап, қарайлап жатпай, еш мүдірмей, сол шалқая сестенген

күйі, тәңірдей сеніммен, қасындағы Айтжекеңе аса бір ризашылық қабақпен бұрыла беріп:

— Сол, сол! Міне, өзің біліп отырсың. Сол Қонжима қаз, менің айтып отырғаным,— деп жағасы жайлауға кетіп, арқадан жүкті аударып тастай берді.

Қысылшаңда лақтырған қыл арқанның ұшынан соншама жылдамдықпен, ептілікпен шап етіп ұстап, қарғынға кетпей, жағалауға сып етіп шыға келген алғырлығына тәнті болғандай Айтжекең де оның жарғағы айнадай жарқыраған жалтыр басына айыздана қарап:

— Қайран, Шалқыма-ай, шалдырмайсың-ау. Ананың ішінің бәрі ақыл ғой,— деп қойды.

Отырған елдің сабыр сақтай алатындары сазарып, сыр бермей, сіресіп қаған. Ал оған шамалары келмегендері іштен күлген үнсіздіктен тұншығып, өліп кетуге шақ отыр. Қыран-топан болайын десе жасы үлкен, күні бойы өздері әспеттеп, әңгімесіне құрақ ұша, пейіл аңғартқан ағаның көңіліне қарайды. Онымен қоса, әдетте, ауыл ағасы саналатын; осындай-осындай бас қосу, жиындардың ұйтқысы, ұйымдастырушысы есептелетін; қай кезде де мәжіліс иесі өзі болып отыратын әрі колхоздың парторгы қызмет — лауазымы және бар Айтжекеңнің бәрін ішіне сақтай, айналасына қуақы жымиған жайдары кейіптегі қас қабағы да: «Күлкіні қойыңдар. Әңгіменің шырқын бұзбаңдарды» анық аңғартқандай.

Қалай дегенімен үлкенді сыйлап, солардың көңілін атамай өскен жұрт кездемедей жыртылған жария күлкіге баса алмай, салқын қанды сырбаз күйде қалуға іштегі түрткілеген ақсайтан сезім ырық бермей, буына жаздаған сыңайда еді. Тіпті, шыдай алмаған, өзін-өзі ұстауға мұнан әрі төзімі жетпеген кейбіреулері апырақтай сыртқа ата жөнелген.

Соны аңғартпауға тырысқандай, әрі әлгілердің күлкіге булыққан абыр-сабыр күйін елеп-ескермеген қалыпта, Айтжекең жымыңдап қойып, жаңа бір әңгіменің желісін бастап бара жатты тағы...

Әсте өтірік біреуге зияны, кесірі тисе, біреуді қайбаттап, нақақ өсектеуге қызмет етсе ғана жағымсыз, жайсыз өң алып; ал залалсыз болса өтірік деп күстаналауға жатпайтын бейкүнә нәрсе тәрізді ме қалай?! Сонан соң да ма осы әңгімелерді шет көріп, ерсі санап, не ұнатпаған қабақ танытып жатқан; айтушысын көк есекке теріс мінгізейін деп отырған ешкім байқалмайды. Естігендерін шындықтай-ақ қабылдап, мәз болуда. Тап қазір сен «ой, өтірік, қисынсыз әңгімелер ғой мынау» дей қалсаң, бүйректен сирақ

шығарып, бұлардың сүттей ұйып отырған осынау қалпына оқыс тас лақтырғандай өзіңнің оғаш, тентек көрінуің кәдік. Тіпті, шырқын бұзғандай, қызығын бүлдіргендей болар едің. Керек десең, сенің ондай «қазылық» қызметіңе зәру де емес болар бұлар. Ненің нендей өлшемі барын, ненің неге сыйымды екенін бұлардың қай-қайсысы да сенен кем ажыратпауы мүмкін. Әшейін, өздерінің оңтайына жаққан соң, қызық үшін, әуестік үшін тыңдайтын шығар. Жоқ, әлде кезінде, сон-ау ата-баба заманында, театрды да, киноны да, сахнаны да өз бойына сыйдыра алған, соның бәрінің қызметін бір өзі атқарған қазекеңнің қара әңгімесінің ел ішінде әлі үзілмей келе жатқан дәстүрлі жалғасы, бүгінгі мұрасы ма екен?! Қалай дегенде де мына отырыстың ішпей-жемей-ақ өрістеген арқа-жарқа қызығына кінә қоя алмас едің.

Осыдан біраз бұрын дүние салған ауылдағы қадірменді қарттың қырқына жиналып, бас қосқан үй толы үлкен-кіші жамиғаттың осы бір гу-гу әңгімесі сол күні түн ортасы ауғанша созыла берген...

«ҮШ НОЯН»

Жыл он екі ай тынымсыз шаруа соңында салпақтайтын, әсілі, бейнетпен кіндігі бірге туған, көн табан малшы қауымның азын-аулақ бел жазып тыныстайтын, ағайынмен амандық, саулық сұрасып, қыдырыстайтын, жиын-тойда бас қосып, шұрқырасатын, сөйтіп өздерінің мына жарық дүниеде бар екенін, ел ортасында тіршілік етіп жүргенін сезінетін сәті — осы жаз жайлау — Сарыарқаның сайын даласына көшіп-қонған мезгілі. Бұл кезеңді шынында бұлардың табиғат айналайынның кеңдігінің, жомарттығының куәсі болып, мейірім-шапағатына жылынатын тұсы деген ләзім.

Қыстың қыспағынан «шықпа, жаным, шықпамен» сүйегін әрең сүйретіп келіп, көктемнің салпы етек сылпылына киліккен, онан мал төлдетудің абыр-сабыр тауқыметін бастан өткеріп барып, қысқы қоныс Мойынқұмның жалынан Бетпақ асып, жас төлдердің ырқымен мимырт, шұбай ілбіп, жиырма көшкен көк өзек, көк иық шақты артқа тастап, арып-аршып саумал иісі бұрқыраған Сарыарқаға жеткенде, айтса-айтпаса да, көрген көп мехнаттың салмағын арқадан аударып тастап, «уһ» деп дем алып, жабағы жүнін сыпырып, әп-сәтте-ақ түлеп жүре бергендей болатын. Сонан жаз өткенше ес жиып, аяқ-қолдарын созып, бір жасап қалады, жазғандар.

Жайлауға келіп уық шанышқаннан-ақ кебеженің түбін тықырлатып, «сүр соңы» дейді, «қымыз басы» дейді, жапатармағай шақырысып жатқандары. Соны қаужақ-кужақ етіп тауысқанша жаңа төлдің алды — ерте туған қозылар да жәукемдеуге жарап қалады. Арқаның бетеге мен бозына ілікті дегенше — қабырғалары ырсиып келген құнан қойларын айға жетер-жетпес уақыттың ішінде құйрықтарын көтере алмай ырғалып, жайтаңдап шыға келетіні және бар. «Ауызынан ақ майы ақтарылды» дейтін кезің тап осы кездің өзі.

Жайлауға келіп қонған бойда малды бала-шағаға тапсырып, «үш ноянды ортаға алып, біраз кісілердің «бысымылладан» ә деп, Әлсекеңнің үйінде түйсетін жыл сайынғы үйреншікті әдеті. Бұл арнайы шақыртуды, хабар салуды қажет етпейтін, тиісті адамдар үшін әбден қағидаға айналған тәртіп. Жыл бойғы тартқан бейнеттің сүйекке дейін жеткен азабын осы бір кеу-кеу, ал-келмен қуып шыққысы келгендей самалы сарайыңды ашқан Сарыарқаның жайлауында екі-үш күн дүрілдетеді-ай келіп. Бірақ өлшеусіз қызық қайдан болсын. Сонан соң күтіп тұрған сансапалақ шаруа, ауылда қалған қатын-бала бар дегендей қу тірліктің жауапкершілігі еске түсіп, мұнан әрі көсіле беруге арттары шыдамай, уайым-қайғысыз «сырдың суын сирағынан жалдаған» мынау думанды шақты да қиып тастап кете алмай, қинала, арттарына қарайлай-қарайлай, бірте-бірте аттанып, тарап кете беретін.

Қысы қарлы, көктемі жауынды болған Арқа даласының биылғы болмысы, тіпті, өзгеше тәрізді. Мамыр айы басталмай жатып-ақ шалғыны ат бауырын шалып, жайқалып тұр. Қой-қозы шыбынсыз, шаң-тозаңсыз салқын әуе, ашық аспан астында, шуағын мейірлене төккен күн сәулесіне рахаттана бусанып, қайырып тастаған жеріңнен тырп етпей, ауыл айнала оттаған мамыра-жай бір күй. Тай-құлындар тебісіп, еріге шапқыласқан көкторғын жазықтарда жең астынан бөртіп, өсіп шыға келгендей жұмыртқадай-жұмырқадай ақшаңқан үйлер тізіле қалыпты. Солардың жуан ортасындағы еңселісі — Әлсекеңнің алты қанат ақ үйіне сары сәскеде бір топ салт аттылы келіп түскен. Сонан кейін-ақ кеше кешкілік қалың шалғынды шым сазды қарс-қарс ойып қазған есігінің алдындағы жер ошағының түтіні қоюлана көтеріліп, ақ самаурынның оттығынан от үзілмеуге айналған. Көңілді күлкі, абыр-дұбыр естіліп қалып, естіліп қалып, алдағы ұзақ сүрей қызықшылықтың хабарынан шаң беріп тұрғандай.

Түске дейін қарайлап, «Байжігіт қайда?» десіп, «неге кешікті?» десіп есіктен елеңдей қарасып отырып, бір қауым уақыт өткен соң ду-дудың жетегіне ілесіп, өздерімен өздері болып кеткен көпшілік әлдекім қуана дауыстап:

— Оһо! Байжігіт те көрінді әне. Келе жатыр!— дегенде дүр ете түскен:

— Қайда? Кәне?

— Ой, оның бұл кешігісі қай кешігісі? Азаннан бері қайда жүр?

— Әй, сабазым, жеткен екен ғой.

— Бәсе.

Үлкен сары атанды сар желдіріп, тақымдап келе жатқан Байжігіт бұл кезде үйге таяп қалған. Іштегі абыр-дұбыр дауыстардың шет жағасын құлағы шалып, орталарына жетуге асыққандай тағатсыздана түскендей сыңайы бар. Бұл жиын, бұл бас қосуға кешігіп келейін деп ойлап па, сірә. Ондай күпірлікке барса басқа барар, тек Байжігіт бара алмас. Ондай салмақ, сабыр жарасса басқаға жарасар, тек Байжігітке емес. Жыл он екі ай аңсап күтіп, қолдары әзер жететін дәстүрлі бұл қызықшылыққа самарқаулық танытып, көкіе қалатындай не көрініпті оған. Иә, кешігейін деп пе?! Жау алғыр әлгі кер құнажынның кесірі ғой. Тайынша шықпай жатып құрты жыбырлаған құдай атқанның бошалауының тап осыған сәйкес келуін.

«Осының бұзаулайтын мезгілі таяу-ау» деп өзі де шамалап, кеше өрістен қағып айдап келіп ауылға түнетіп-ақ еді. Азанда тұрса ұшты-күйді жоқ. «Әй, жау алар дейсің бе, бір жерден шығар. Келген соң асықпай іздермін»— деп жолынан қалғысы келмей, сары атанның жадысын осылай қарай оқталған оң ниетпен-ақ жадылаған. Бірақ мұның ішіндегісін сыртынан-ақ өлшеп-пішіп, қалт жібермей біліп отыратын «қара пұшық» тұрғанда не дауа. Ол мұны әбден оқып туған ғой. Арғы жағынан көріп отырады. Мұның бет алысын айтқызбай-ақ сезіп:

— Балаларының көкесі-ау, (әйелінің жалынып бір шаруаға жұмсарында осылай келетіні бар. Әйтпесе, жайшылықтағы қойған аты —«Жынды». «Жынды-ау, бүгін пәленше қайнаға келіп кетті...» «Жынды-ау, сен әлі осы айлық алған жоқсың ба?» Күнделікті үй ішіндегі әңгіменің төркіні әсілі осылай келетін) алдымен мына құнажынды тауып беріп кетсейші. Ұзап кеткен бәле ғой. Тұмса неме, тіпті, елсізге қаңғып шығып кетіп, ит-құсқа жем болып, бодадай босқа айрылып қалармыз. Бұзаулай қалса, бір емес екі сиыр ғой, балаларға жаз бойы ағарған ғой, аяқсытпай іздесеңші,— деп келіп қиылғаны.

— Әй, бұзаулай қалса қайда ұзар дейсің. Осы айналада жүрер. Ертең іздеймін. Қазір мына ауылға барып келе қояйыншы,— деп жүре тартқа салып көріп еді, әйелі тоқтай қоймады.

— Сен ол ауылға барған соң екі-үш күнсіз оралмайсың, болса да, бұл құнажын мен бұзауынан айрылайық деп тұрмыз ғой. Бір емес екі қараны бірдей далаға тастайтындай қай айдай алмай жүрген үйір-үйір малың, сыймай жатқан байлығың бар еді, жазған-ау. Үйің үй болғалы босағаңа біткен екі-үш сиырды көп көргенің бе?!— деп сары уайымдатып кетті.

Оның айтып тұрғаны да рас. Қазір, әйтеуір, неге екені белгісіз, көңілінің бергі жағында «ертең келемін, іздеймін» деп әлдекімді, әлде өзін өзіме, жұбатқандай, алдаусыратқандай ойда тұрғанымен, соған өзі емексігендей болғанымен, құдайына салса, ол ауылға ат басын бұрды дегенше берісі екі-үш күнсіз шаң бере алмасына сенімі кәміл. Қанша ойламайын, таянбайын деп қашқалақтаса да құтыла алмаған ащы шындықтан көз жұмып аттап кетуге ұяты түскір жібермеді, ақыры. Шын шырылдап, безектеп тұрған әйелін де аяды. Амал жоқ, айдауға бара жатқандай-ақ еңсесі түсіп, сары атанның мұрындығын ауыл сыртына қарай ықылассыз тартқан.

Күні бойы сол бетпен бошалап кеткен кер құнажынды іздеп тауып, жаңа әзірде бесінге таяу ауылына айдап келіп, «қара пұшықтың» қолына ұстатып, ұстатқан бойда бері қарай құстай ұшқан беті еді. Сөйтіп үздігіп жеткенде өзін аңсай күтіп отырған мына таныс ортаның «кел-кел» деген ықылас ниетін көріп, мәз-мәйрам, көңілді дауыстарын құлағы шалғанда қалай төзімі таусылмасын. Қол созым жердегі қуанышты отырыстың тап ортасына топ ете қалғысы келгендей асыға, апырақтап, сары атанды тебіне түсіп, есіктің маңдай алдына тұралай таянған. Екі көзі іші ду-ду киіз үйде, бар ықыласы солай ауған Байжігіттің алдында астау жатса да қарайтын, айналып өтетін түрі байқалмайды. Тепең-тепең етіп төтелей салып келеді. Иесінің еш-нәрсемен жұмысы болмағанымен үйге таянған жерде тұп-тура жерошақтың үстінен шыққанда сары атан онан әрі аттай қоймай қалт тоқтаған. Оның бұл тоқтасының себебіне зер сала қоймаған Байжігіт алға қарай жақындап барып гүспек ниетте екі-үш рет итіне тебініп қалды. Сары атан бұған да қозғала қоймаған соң қайтып әурелемей «мейлі осы жерде жетер» дегендей сол тұрған орынына:

— Шөк, шөк!— деп шөгере бастады. Жер ошақтың үстіне шөгуге ықтияр болмағандай сары атан шегіншектей сіресіп, қырсығып тұрып алды. Мынаның мына марғаулығына жыны ұстап, шыдамай кеткен иесі:

— Ой әкеңді, мынау қайтеді-ей, шөк, шөк!— деп мұрындықтан барынша құлаштай екі-үш рет жұлқи тартып-тартып қалды. Жанына батып кетсе керек, сары атан жазған ышқына бақ-бақ етіп жерошақты ернеулей шөкелей берді. Мұның бәріне қызықтай қарап күліп отырған үйдегілер:

— Ей, мынауың ошаққа түсер!

— Өзі осың мас емес пе? Біреулерің алдынан шығыңдаршы,— десті.

Сөйткенше жасы кіші екі-үш жігіт орындарынан елгезек көтеріле сыртқа беттеді:

— Ау, Бәке-ау, атаныңызды ыстық қозға шөгеріп, терін алып, жаратқалы жүрсіз бе,— деп дуылдай күліп, сәлем берді.

Сонда барып табан астындағы жерошаққа көзі түскен Байжігіт өз ісінің ерсілігін жуып-шайғандай:

— Сары атан ғұрлы ақылымның болмаған-ау,— деп зор жуан даусы барлығыа, қарқ-қарқ күлді. Сонан соң әлгі жігіттерге жағалай қарап алып:

— Әй, шешесі байталдар, мына түйені тұрғызып, тұсап, отқа жіберіңдер,— деп бұйыра, сары атанның бұйдасын қолдарына ұстата салып, үйге қарай алшандай аттады. Сол жуан қоныш, кең қолтық, жайылма қалпы нар тұлғасын әрең иіп, түрүлі есіктен босағаны жауырынына іліп алардай кептеліп, әрі өте беріп:

— Орта толсын!— деп гүр етті...

Бұл ауылға арақ деген зат соғыстан кейінгі жылдары жеңістің желігімен бірге араласты. Оның осы әңгіменің кейіпкерлерінің бірі Көпжанның сөзімен айтсақ, «өзінің тәртібі солай болса керек». Көбжекеңнің, әсте, сөзді астармен, қала берді кекесінмен, кейде, тіпті, қиястықпен айта-тынын ескерсек бұл тұжырымның да түп-төркінінде, әсілі, тіршіліктің солай болуына қоғами бір заңдылықтардың барына сілтеме жасағандай емеурін жатқан тәрізді. Расында өмір атты алып керуеннің қиыр-шиыр сапарының осынау иінінде пенде, шіркіннің, пешенесіне сәйкес келген бұйрықты несібесі ме екен бұл дағы, жоқ әлде, еркінен тыс, тәңірінің пәрменімен жақсылы, жаманды маңдайларына жазылған соң соқпай өте алмаған, айналып кете алмаған талайына тән тиесілісі ме екен?! Қалай дегенде де соғыстың ауыртпалығын белшесінен кешіп, басынан өткізген бұл ауылдың бас көтерер азаматтары ендігі жерде жинала қалса ішкіліктің ду-дуынсыз тармауды үрдіске айналдырғандай жайы бар-тын. Заһар сусыз отырыстың намазы қаза болғанмен бірдей еді. Әрине бұл кезде бұл әзәзіл — зәмзәм жаратылыстың адамзаттың денсаулық-ағзасына, келешегіне тигізер әсер, зияны туралы ұғым бұл өңірде жария болып, жарық дүниеге келмеген мезгіл. Мұндай зиян бар екен деп ешкім ойлай қоймаған шақ. Оның үстіне әлгі Көпжекеңдер түнімен қанша дүрілдеткенімен етігін қонышынан басып, теңселе ырғақтаған қалпы үйіне жетіп құласа болды, ертесіне азанмен атқа мініп шаруасын шаруалап кете беретін. Сонан соң құда да тыныш, құдағи да тыныш. Шөбі шабылмай, малы суа-

рылмай қалып, тиесілі ісі қаңтарылып тұрмаған соң; ел қатарлы, қоңыр тірліктің ері мойнына кетіп, көштен қалып жатпаған соң үйдегі әйел мен бала-шағаның да ұпайы түгел тәрізді. Қырысқан қабак, сынық ажар, шаужайдан алып шапылдап жатқан реніш-айқай байқалмайтын. От басының берекесін кетіретін мінез танытып, әбіржітіп, тұрмыстарын тоздырып жатпаған соң әйелдер жағы пейілді кеңге салған көнімпаздық ыңғайда:

— Мейлі, жалғыз осы емес қой, қайсысы ішпей жатыр. Ішсін, ішпесін бәрі бір осы үйдің қамын ойлайтын, бас иесі сол ғой. Бала-шағасын асырайтын өзі ғой. Бәріміздің тауқыметіміз жеме-жемде сол жазғанның мойнында емес пе?! Осы қара-құраның алдында қарқарадай болып аман жүрсе болды. Әйтеуір, құдай, амандығын, тыныштығын берсе екен... — десетін.

Шешенің осы қалпының әсерінен шығар әкесін арақ ішті деп бөжек көріп ала көзденіп жатқан балалар да жоқ. Қайта масаң кезде әдеттегіден де гөрі көңілденіп, жайдары-ланып, өздеріне, тіпті, мейірленіп кететін әкелері табалдырықтан теңселе аттап есіктен кіріп келген бойда төр алдындағы үпір-шүпір жәудір көздеріне:

— О, көкежандарым, көкесінің құлыншақтары кішкентай,— деп масая ыржиып қарағанда, олар тапа бір әкесі базарға кетіп, ұзақ сапардан сағынтып жаңа оралып келіп тұрғандай:

— Көке, көкелеп!— жамырай ұмтылатын. Кішкентайлары аяғына оратыла сүйкенсе, ересектері:

— Көке, шешініңіз, шешініңіз,— деп бірі құлақшынын, бірі күпәйкесін іліп жатқаны.

Еркектің сағы сынып, жүнжіді дегенше, ол шаңырақтың салы суға кете бастайды, әсте. Жүгі ауып, қожыраған тірлігін қайтып қалпына келтіруге екінің бірінің шамасы келе бермейді, әрине. Оны түзету жігіттің жігітінің ғана қолынан келсе керек. Ал азаматтың аруағын төмендетіп, жүзін мұқалтатын ең алдымен, әйелдің табасы, от басының кикілжің — көңілсіз күйі. Сонау ықылым заманнан бергі атабаба салтынан сүйекке сіңген әдеттің қалпынан ба екен, бұл ауылдың әйелдері еркегінің еркекке тән жасаған артық-ауыс тірлігіне сенікі теріс деп көкайылданып ошағының күлін бұрқырата қоймайтын. Ондай зауалдан аулақ, құлақ тыныш, жүйке қажалмаған соң да шығар, той-томалақта жүрсін, үй арасында жүрсін, бұл ауылдың еркектерінің қыры сынып, жүні жығылып, тұрмыстың тауқыметінен азып-тозған сыңайы байқалмайтын. Барға — қанағат, бұйыртқанға — шүкір тоқтықпен шаруасы түгел кейіпте,

қауар-қауар тіршілік кешіп жатар еді. Сол тіршіліктің өздері үшін ең бір қызықтысы — анда-санда бас қосып, емін-еркін, арқа-жарқа сілтесетін осындай-осындай отырыс қой, тәйірі...

Ал көбіне мұндай отырыстардың кейіпкері-қаһарманы десе де, ұйым-ұйтқысы десе де лайық, әрі бірін-бірі іздеп аңсап тұратын, бір -бірінің құру-құру дауыстарын қияннан құлақтары шалып, шұрқырасып келіп табысатын айтулы шоғыры — үш дос — яғни әңгімемізге арқау еткелі отырған «үш ноян» — бас-басына таныстыра кетсек мыналар еді:

Бұлар: бар, жоқ демейтін, алдым, бердім демейтін, жұрттікін өзінікіндей, өзінікіне өзегін үзбей, көптікіндей көретін, қалтарыссыз ақ көңіл, аңғал, көзсіз ұрма, даладай кең пейіліне бола — Байжігіт атанып кеткен Бәкен;

Бірде қыршаңқы, қияли, бірде баладай бейғам, қожанасыр сөйлейтін, алайда сол айтқандарының қай-қайсысы да, тұспал, емеурін, әжуа, астарсыз болмайтын, ал өзі сол әрдайымғы желпінбей, желікпей, пенде болып қызынбай, сырт көзге монтаны ғана сыңай аңғартып, жуас қашаған қалыпта бір мұрт қияс беріп, күтініп, оңтайы келгенін оңдырмай күйдіргі тілмен шоқтай қарып өтуге дайын отыратын, «бұрынғы сапер — мина іздеуші», қазіргі қошқар бағушы Көпжан — Көбжекең.

Сондай-ақ, бұл екеуінің де, жалғыз олар ғана емес-ау, осы ауылдағы бетке шығар жігіт ағаларының қай-қайсысына да шаруа ыңғайында бас ие, ақылшысындай, ал мынандай «бастанғы» — жиындарда дем беруші — ұйтқысы, яғни қос ағасы; бітім-болмысынан, қазақы ақыл мен айлаға келгенде тереңіне найза бойламайтын тұңғиықтың өзі, қай кезде де қоңыр сарын, баяу үннен айнымайтын, бір қалыптағы; не реніш, не қуанышта дауыс көтеріп дабырлап сөйлесенін, өмірінде жарылып бір күлгенін ешкім көрмеген, сол мыстай сартаптанған саз сабырлы қалыптан аумай, өзгермей отырып та ұтымды әзіл, уытты мысқылдан ешкімге есе жібермейтін, елдің бәрі іскерлігіне бола сыйлайтын, сыр бермес сырбаздығынан сескеніп, санасатын, өмір бойы колхоздың мал маманы қызметін атқарып келе жатқан Әлсен — Әлсекең.

Бұлардың бір жағын ішкіліктің сайқымазақтығына сүйеп жасайтын әр түрлі әпенде, майрампаз қылықтарын жұрт аузынан тастамай әзіл-күлкі ететін. Кей-кейде «ой, бәтуасыздар-ой» деп зілсіз ғана кіналап та жататын. Сөйте тұрғанымен сол көпшілік осылардың қай-қайсысын да үйлерінің төріне шығарып, сөзін жерге тастамай күтіп

алуға бар. Ағайын арасындағы мұндай қадыр-құрметтен құралақан емес ешқайсысы. Қайта жігіттің төресі, ауылдың марқасқасы санатында-ақ саналатындардың өзі.

Бүгінгі Әлсекеңнің үйіндегі қызығуар топ «мерекені» бастап кеткенімен манадан бері орталарына әлдене жетіспегендей, қоңылтақсып отырған қалпы бар еді. Енді міне Байжігіт кіріп келгенде сол кемтіктері толғандай арқажарқа болып қалды.

— Бәке, жоғары шығыңыз!

— Оу, Бәке-ау, таңертеңнен бері қайда жүрсіз?!

— Ойбай-ау, сізге қарай-қарай көзіміз талды-ау...

— Әй, «қара қақпанға» түсіп қалып, әрең босанып шыққан-ау осың. Қыстығып жеткен түрі бар ғой, ердің,— деді аспай-саспай сөйлейтін әдетімен Көпжекең жантайып жатып. Онсыз да көңілді көпшілік, «қара қақпанды» естігенде, тіпті, мәз болып, жарыла күлді. Төр ортасына төбедей қонжиып жайғаса берген Байжігіттің өзі де солай екенін мойындағаны ма, жоқ әлде күлкілі әлдене есіне оралды ма, еріксіз ыржия, жақында ғана ұстарамен тықырлап алдырған, үрген қарындай көк аяздана қауپیған, көк тұқыл басын сипалады. Сол сол-ақ екен, ермек іздеп еріккен жұрт «қара қақпан» оқиғасын кеу-кеу әңгімелеп кеткен...

Балалардың әкесі, бас ие тұтқаны болмаса тым бейкам, еден жаратылысты Байжігітке көп иек сүйемей шаруаның тауқыметін негізінен әйелі өзі мойнына алған қалпы бар-тын. Байжігіт өзіне қосылғалы «қара пұшық» атандырып, келе-келе әу баста азан шақырып қойған атын ұмыттырып жіберген, қажекең айтатын кәдімгі «майлық, сулығы бірдей» дейтіндердің нәміне жататын, бейнетке бола жаралған қайыс қара әйелдің бар ыстық-суығына өзі жүрген еңбегін пұлдағаны ма, жоқ әлде жаны күйзелген соң тілі шыға ма, ештеңеден алаңсыз, қожанасыр күйеуін кейде қыспаққа алатын кездері жоқ емес, әрине. Ондайда Байжігіт «қара пұшықты» қойып, «біздің қара қақпан» деп те атайды.

Осы атаудан шығады. Бірде күзге салым жал етегінде көрші колхоздың егде тартқан қойшысы мен Байжігіттің қоныстары қатар келіп қалады. Көрші қария кезінде қақпан ұстап, аң аулаған; бертін келе шаруадан қол босамай бірте-бірте ол кәсіптен сусыған кісі екен. Сол жылы құмда қарақұйрық мұндай көп болар ма. Соны көріп аусары ауған қария өрісте кезігіп қалған Байжігітке:

— Шырағым, үйінде жатқан-тұрған қақпан жоқ па? Жас қуырдақ жеп ауыздың дәмін алсақ,— деп сұрайды.

Үлкенмен де, кішімен де сайқымазақ әзілдесе беретін әдетімен:

— Ой, қария, бар, қақпан болғанда қандай. Неңді айтарсың, бір дәу қара қақпаным бар,— дейді.

Шал табан астында іздегені табылғандай құнжыңдап қалады:

— Сол қақпаныңды үш-төрт күнге бере тұршы, қалқам.

— Онда, үйге барыңыз да алыңыз, қария. Келініңізден сұрасаңыз береді.

— Ендеше, сен мына екі отардың арасында қайырмалай тұр. Мен жүгіртіп барып келе қояйын.

Шал қойшы тастағын тепеңдетіп жөней берді. Үлкен шаруа тындырып тостағандай өз-өзіне тоқ көңілде Байжігіт қалды жымыңдап.

Қолы тірліктен босамайтын, есік алдында сол күйбеңмен жүрген «қара пұшық» асығыстай басып келе жатқан көрші қарияны көрген соң шаруасын қалдырып, үйге енді, төр алдындағы көрпешені қағып-сілкіп қайта салды. Сөйткенше:

— Келін, аман ба?— деп қонақ та кіріп келген.

Ол төрге шығып тізе бүккен бойда босағаға таяу, керегеге байлаулы тұрған торсықты толғап-толғап жіберіп, әдет бойынша, үлкен тостаған сусын ұсынған «қара пұшық» қария босатқан ыдысын қайтып беріп жатқанда:

— Отырсаңыз, шай қояйын,— деді ізетпен.

— Жоқ, қарағым, алла разы болсын. Сусын іштім ғой. Асығыспын. Екі отардың ішінде Байжігіт жалғыз қалып еді. Келін, келген шаруам — Байжігіт осы үйде үлкен қара қақпан бар деп еді. Соны бере тұрсаң...

«Қара пұшық» шалдың сөзін аяқтатпай мына кісі не деп отыр дегендей оқыс бір қабақпен қараған. Шалдың өңінде әзіл-оспақ, құйтырқылық байқалмайды. Монтаны, қарапайым кейіп. Сонда барып санасына әлдене сап ете түскен Байжігіттің бәтуасыз тірлігі екенін сезген күйі не күлерін, не ашуланарын білмей аңтарылған. Әйелдің бұл салқындау қабақ байқатқан үнсіздігін пендешелікке салып, дүниеқоңыздық жасап, мүлкін қимай отыр ма деп жорыған қонағы оның бұл тірлігіне ықтар болмағандай ыңғайда.

— Шырағым, екі-үш рет салғанға тозып қала қоймас, бере қойсаң,— деді. Амалы таусылғандай «қара пұшық» еріксіз мырс етті:

— Қария, сізді жұмсаған кісіге айтыңыз, қақпанның тоқпағы өзінде кетіп еді,— деді.

Әйелдің мына мінез, мына әңгімесінен мәселенің байыбына енді бойлағандай болған қария:

— Қап, әттесі-ай!— деп бүкендей тұрып, байлаулы атына қарай жөнеле берген.

— Шырағым, құрдасың, қатарың емеспін, аппақ сақалыммен мені мазақ еткенің қалай. Мұның қандай көргенсіздік?— деп бет көрмейтіндей қалыпта қатты ренжіген қариямен, ақыры Байжігіт екі-үш жылдан бері бүйрек майы бітеу жүрген, ай мүйізді көк серкесін сойып, осы төңіректегі үлкенді-кішілі малшыларды түгел шақырып, аяғына жығылып, әрең татуласқан.

Көпжекең түртіп өткен «қара қақпан» хикаясы осы еді.

— Ой, ол өткен әңгіме ғой, қаузай беріп қайтесіңдер, май шығар дейсіңдер ме. Көпжан, сен онан да әнеу күнгі ана «бейзабраз» райкомды қалай қорқытқаныңды айтшы-ей,— деді Байжігіт қасындағы Көпжекеңе ризашылық кейіпте ықыластана бұрылып.— Көктемгершіліктің қым-қуыт шаруасынан қолым тимей қойды. Естіген бойда барып, арқаңнан қағып қайтқым-ақ келіп еді.

Отырғандар Байжігіттің сөзін іліп ала жөнелді.

— Көп жасағыр, Көпжеке, айта-айтпаса да ұқшатыпсыз өзін.

— Әй, естігенде айызымыз қанды-ау.

— Енді бұл ауылдың кісісімен байқап-байқап сөйлесетіндей болыпты.

— Бәлем, өзіне де сол керек...

— Кейде осы өкімет те қызық қой деймін. Қайдағыны қайдан тауып жіберді осы ауданға, адам құрып қалғандай. Осы елде де өріп жүр ғой тапа сондай боз өкпелер,— деді бір кезде басқалардың сөзін бұза әңгімеге араласып Көпжекең. Өзі әлденеге ықтияр емес кейіпте мойнын қиятана бұрып, ірге жаққа керегенің көзіне қарай шырт түкіріп жіберді.

— Соны айтсаңшы,— деп дуылдасты көпшілік Көпжекеңнің әлгі сөзі көңілдеріндегі дықты қозғап жібергендей қопандаса...

Мұнан кейін әңгіменің ағысы әлгі «бозөкпе» райком туралы, оны Көпжекеңнің қайтып састырғаны жайлы болып кеткен...

Далалық, шалғай өлке саналатын бұл малды ауданның сонау алғаш құрылған отызыншы жылдан бері маңдайына жазылған бір тағдыры — сапырылысып ауысып жататын бірінші секретарлары үнемі сырттан келетін. Осы елдің ішінде де нелер сайдың тасындай маңғаз, марқасқа азаматтар аз емес, бірақ солардың бағы жанбай ма, жоқ әлде өкіметтің тәртібі сол ма, жер-суды, мына жұртты етене білетін, шаруа, тірлігіне жастай қанық әлгілердің ешқай-

сысы ауданды басқаруға жоғарылатылмайды. Жарайды, ол әңгімені де қозғамайық. Алайда бұлардың зығырын қайнататыны — сол әлгі келіп жатқандары елге бас, көпке ұйтқыға жарайтындай, ақыл-парасатымен, үлгі-өнегесімен жұртты санастырғандай кісі болса қанекей. Онда өкпе жоқ қой. Сорлатқанда бүкіл мына жалпақ жұрттың тауқыметін арқалап, басшылық жасамақ түгілі от басына иелік етер қауқары жоқ, кісімен жөндеп сөйлесуге орамы жетпейтін не бір сопақтары барын қайтерсің.

«Аузы қисық болса да — байдың ұлы сөйлесін» тіршілік. Өкімет қойған соң амал жоқ. Бағынады, айтқанына бұрыс, дұрыс демей, бас шұлғып тыңдайды.

Сондай «сопақтың» тағы біреуі былтырдан бері бұл ауданды сұрап тұрған. Көпжекеңнің оны алғаш өткен жылы колхоздың жалпы жиналысында көргені бар.

— Шегірткенің айғырындай секиіп, ереуілдеп отырған мынауың кім, — деген қасындағы Әлсекеңе дауыстай сөйлеп, төрге қойған, үстіне қалың қызыл шұға жабылған, столды жағалай отырған үш-төрт ауыл активінің ортасындағы бейтаныс жігітті иегімен нұсқап.

— Мұның айтқанын құлақтары шалған төңіректегілер мырс-мырс күлді.

— Әй, доғдыр Көпжан, абайласайшы, — деді Әлсекең әдеттегі сырбаз қалпында салмақты жымыып қойып. Ол кісінің ұнатқан, жақын тұтқан адамына «доғдыр» деп сөйлейтін дағдысы болатын. Сонан кейін көршісінің құлағына таяна сыбырлап: — жаңадан келген бірінші хатшы, — деді.

— Жарыған екенбіз, онда, — деді Көпжекең түп жағын сәукелеше сүйірлеп, ширатып, қолына ұстап алған қағазына шырт түкіріп.

— Әй, доғдыр... — деді Әлсекең жайлап қана, артық сөздің керегі не дегендей қабақ аңғартып.

Көпжекең де сонан соң ол жерде басқа сөз шығармаған. Бірақ жаңа бастықтың отырған отырыс, бысмылласы «бейзабразбен» басталатын сөйлеген сөзіне қарап, іштей қыжылдап біткен. Жиналыстан қайтып, үйіне кірген бойда ашуын әйелінен алғысы келгендей қияс бір наразы үнмен:

— Ішінді ұрайын, тура осыны осы ауданға Лениннің өкіметі жіберіп отыр дейсің бе? Жоғарыда тізгін ұстаған әлдеқандай мықтының жиені ме, жекжаты ма, әрі кетсе ауылдасы ма, ілік-шатысы бар біреу ғой, құдай біледі. Сөзі өткен әркім танысын тықпалап жатқан заман-ау, антұрған. Әйтпесе мына боз өкпені талай орап кететін жігіт, тіпті, осы ауылда да аз емес қой. Біздің елдің көзі ашық итері

осындайға неге көне береді. Көрінсе нетті, шіркіндер, кісі болып, қайрат танытып. Үнемі бұға бермей. «Құдай берген жанды құдай алушы еді ғой». Аяғы жеткен жерге кіріп, сөзі жеткен жерге неге айтпайды екен. Не әбестігі бар оның. Ел емес пе бұлар да?! Әй, әкеңнің көрін ұрайын, дүниенің қорлығы-ай,— деп боғын пышақтаған.

— Жазған-ау, елдің өкіметтігінің, қызыметінің саған керегі қанша? Не ауыртпалық саған түсіп отырған. Қошқарыңды бағып алсайшы, жөндеп, бодадай-босқа қияйыланбай. Қарап, керәлиндемегеніңе біраз болды. Ішінде үрпі құрттағандары бар тәрізді,— деді әйелі оның бетін ауылдағы шаруаға қарай қайырмалап, «жөніңді білге» мегзеп.

— Қошқардың ұмасы құрлы құны, уайымы болмағаны ма бұл елдің қалып-келешегінің, тұрмыс-болмысының,— деп қыңырайды. Көпжекең әлеуметтік мәселенің мінбесінен қатыны айтты екен деп оп-оңай түсе салғысы келмегендей.

— Оу, шікін-ай, осы өзің бір жақтан оқып келгеннен саусың ба?— деді әйелі зілсіз кекете.

— Оқу жетпеді ғой, бізге. Оқығанда, несін айтарсың, қап...— деді Көпжекең шын өкіне.

— Әй, әлі де болса оқышы осы,— деді әйелі шын қағыта.

Көпжекең уәжден сүрінгендей болды. Жанындағы жастыққа жантая беріп:

— Саясаттан құралақан қатынсың ғой,— деді іргеге қарай шырт түкіріп,— Осындай сайраған тіліңмен депутат та болмадың елдің әйелі тәрізді.

— Мені сол депутаттыққа сайлай қалған күнде де сен жібермессің,— деді әйелі бұл жіберсе барып та қалатындай сестеніп.

— Әй, баршы, баршы жібердім,— деді Көпжекең бүлк-бүлк күліп, пейілді кеңге сала. Соныменен күні бойғы ашу-қыжыл да тарқағандай. Жаңа бастықтың әңгімесін жайына қалдырып, үйдің қасындағы шоқ бұтаның арасына сүйеп қойған керолин құйған құтысын қолына алып, қораның төрінде жусап жатқан қошқарларына қарай беттеген...

Сонан кейін бұл дүниеде бар-жоғымен ісі болмай есінен шығарып, тіпті, ұмытып кеткен әлгі бастықпен ойда-жоқта, биыл көктемге салым, тоқайласқаны...

Құмнан арқаға қарай көшіп шығып, алғаш бір түнеген беттері болатын. Таңертең ертелеп тұрып, жолға қамданып, йын десе жалғыз аяқ артары — малға мінетін шабан торы-

сы ұшты-күйлі жоқ. Түнде жатар алдында үйдің қасына шідерлеп қоя берген.

«Осы от қуып, ұзап кетіп, азанда уақтылы қолыма түспей, мал айдауға кешігіп жүрмеймін бе. Арқандап қойғаным дұрыс па», — деп бір толқып тұрды да: «Қой, обал-ды. Арқандап қоятындай жайқалып тұрған шалғының кәне. Жердің шөбі сұйылған көктемнің аш өзек шағы. Әрі мұның алдында көшкен жұрттың айдаған малы жүріп өткен, тұяқ басты болған өріс. Арқаннан аш қалар. Тарлау етіп шідер салсам ұзап қайда кетеді. Осы төңіректе жайылар», — деп аяп еді, бәтшағарды. Айуан аяғанды білген бе. Бұл маңайда мүлдем қарасы көрінбейді. Ауыл айнала із кесіп жүріп, кеткен бағытын анықтады, әйтеуір. Кешегі көшіп шыққан ескі жұрттарына қарай бет алыпты. Қыстай жем жеп, көк ажырыққа тұмсығын тығып тұрған үйреншікті мекеніне қарай тартып берген.

— Алда, жамалдатқыр-ай. Сазға отырғызды-ау мынау. Әй, өзіме де сол керек. Арам қатса да арқандап қоймай. Қап... Кемпір, сен енді мына малды айналдырып жая тұр. Мен ананы соңынан барып алып қайтайын, — деді әйеліне.

— Жүкті не істейсің, үйді жықпай қоя тұрайын ба, — деді әйелі.

— Қоя тұр. Менің қашан оралатынымды құдай білсін. Ізінің жобасы түнде ертелеп кеткен. Қоя берісімен-ақ солай жөнеген тәрізді. Мен түске дейін қайтып келе алмасам көшпейміз. Бүгін осында ерулейтін шығармыз, — деп ескертіп, жүк артып келе жатқан қоспаққа мініп Көпжекең кейін қарай салған.

— Сонан, шынында, түс қайта ұшып жетіп, қайнаған қара шәйнекті алдына енді ала бастағаны еді, төбесіне кенеп тұтқан жеңіл машинаның тура үйдің қасынан гүр ете түскені.

Күні бойы мал соңында әрі күйеуіне қарайлап, алаңдай-алаңдай әлі оразасын ашпаған әйелі ол келген соң қошқарларды үйдің қасына әкеліп жусатып, Көпжекеңмен бірге шай ішуге отырған. Машина тоқтаған бойда кеселерін қоя-қоя салып, екеуі бірге далаға жүгіре шыққан. Көпжекең былтыр көрген «бейзабраз» райкомын бірден танып, қауқалақтап сәлемге ұмтылған. Ол, тіпті, кісі сәлемдесті-ау, мынау жасы үлкен адам-ау, амандық-саулық, жай-жағдай сұрасу керек-ау деген ізеттен жұрдай қалпы бездей безерген бойы ызбар шашып, зіркілдей бастасын.

— Бейзабраз, бұл не жатыс, бұл?! Мына тал түсте иіріп қойған мал қалай?! Кім деген қойшысың?! Фамилияң кім? Что за, бейзабраз?

Әмірдің екпінінен кісі ықпай тұра ма, мына үлкен бастықтың мысы басып, Көпжекең кінәлы жандай төменшіктей күмілжіп, жөнін айтты.

— Ендеше неге көшпей отырсың? Саған арнайы нұсқау керек пе? Өзің жайбарақат жатырсың ғой, жайлауыңа жетіп алған кісіше.

Ә дегендей емес Көпжекең де ес жиып, бойы үйреніп өзінің Көпжан қалпын таба бастаған. Сонан соң:

— Құда қаласа, жайлауға да жетерміз, ақсақал, ренжімеңіз. Бұл отырысымыздың тәртібі былай еді,— деп мәнжайды түсіндіре бастаған.

Оған зерделеп құлақ қоймады ма, жоқ әлде бұған қасақана қыр жасап тұр ма «ә, солай ма еді» деудің орнына омыраулап қайта-қайта шүйліге берді:

— Бейзабраз, өзіңнің көшейін деген ойың жоқ қой!— деді.

— Мал бағайын деген ниетің жоқ қой,— деді.

— Бейзабраз, осындай адамдарға мал бақтырып,— деді.

— Отарды иіріп тастап, қатынымен тізелесіп шалжайып отырысын,— деді.

Сөзінің қорытындысында:

— Қазір үйінді жық та көш!— деді.

Оның жекіген әрбір сөзі Көпжекеңнің жүйке тамырының құлақ күйін бұрап, қатайта түскендей ширғып бұл да «ә десең мә де» дың етпе деңгейге жетіп қалған. Мынаның қысастығына мұнан әрі шыдай алмай, ол айтарын айтып болған кезде:

— Ақсақал, осы колхоздың малын жылда сіз бағып беріп, арқаға сіз айдап жеткізіп жүрген жоқ шығарсыз. Малға шыққаным биыл емес. Өз шаруамыздың жайын өзіміз білетін жастамыз. Қашан көшемін, қалай бағамын, ол енді өз ісім, сіз шаршамай-ақ қойыңыз оған,— деді.

— Тілі удай, сайрап тұрған неме екен өзі,— деді бастық, жек көргенін, менсінбегенін қуаттатып алғысы келгендей екеуіне үнсіз қарап тұрған шоферына бұрылып. Сонан соң түсін қайта суытып.— Сенімен әңгіме кейін болады. Қазір мен осы жерде тұрғанда, арт жүгіңді, көш,— деді.

— Өз шаруамды өзім білемін. Бүгін айдатып жіберсең де көшпеймін,— деді Көпжекең.

— Онда мұнан былай мал бақпайсың. Өткіз отарыңды,— деді райком шын ашуға булығып.

Қанша күйініп тұрса да Көпжекеңнің зерек көңілі тап осы сәт мына жекпе-жекте өзін жеңіс тұғырына шығарар

әлдененің ұшығын аңдап қалғандай «қанды басың бері тарт» деп іштей түлеп, арқаланып сала берді.

— Кімге өткізейін?! Өзіңе ме? Мә, санап ал!— деп ақ таяқты райкомның алдына атып ұрды.

Ашудың әсері бар, етқызуымен байқамай, «партбилетті өткіз», «қызметті өткіз» деп үйренген ауыз, сол дағдымен, әлгі сөздің қосақ арасында орынсыз шығып кеткенін енді бажайлаған сыңайы бар. «Иә, мұның малын тап қазір кімге тапсыра қоймақ. Жаушы-жаужаламда мына айдалада малшы қайдан табылады»,— деген ой санасында қылаң беріп үлгерген. Бірақ белін бергісі келмеді. Мына жаман қойшының алдында сыр сездірмеуге тырысып, сол үстем қалпынан түспей:

— Саған мал бақтырмау керек. Өткізесің отарыңды,— деп доқтанды.

— Әй, өткізбеймін деп тұрған мен жоқ қой. Ал деп тұрмын ғой, санап ал, қазір,— деп алқымдады бұл. Онымен қоймай қыр көрсете әйеліне айқайлады.— Әй, кемпір, көктен тілегенің жерден табылды. Осы малдан қашан құтқарасың деп мазамды алушы ең, міне енді құтылды. Айналайын, өкімет, өлтірмейді деуші едім ғой, далада қалдырмайды деуші едім ғой. Атаңа рақмет, мына бала қолды босатайын деді. «Құяным қозып, аяғымды баса алмай жүрмін» деп қыңқылдай беруші едің, жүр, мін мына машинаға. Осымен ауданға, доғдырға бірақ барамыз. Міне, малды өзіне тапсырдым, мұнан артық, мұнан сенімді кім ие бөлсын,— деп Көпжекең талтандап, машинаға қарай беттесін.

Оның мына қалпы, мына бағытынан іш жияйын деген райком «ойда жоқта қандай бәлеге тап болдым» дегендей қыбыжықтап:

— Оу, қария, қария, тоқтай тұрыңыз, тоқтай тұрыңыз,— деп дауыстады.— Малыңызға өзіңіз ие болыңыз. Шопан сіз ғой. Мен колхоздың бастығына нұсқау беремін. Адам жіберсін, соған санап тапсырасыз. Ал әзір өзіңіз баға бересіз.

— Әй, шырағым, біресе өткіз дейсің, біресе өзің бақ дейсің. Кісіні жыңды қылатын түрің бар ғой. Онсыз да қойдың соңында суға айналған миды ашытып жібердің-ау. Адамды ақымақ етесің бе? Айттың ба өткіз деп, міне өткіздім. Басқа сөзіңнің керегі жоқ. Соныңды ұстадым. Көрмегенім енді қойшылық болсын. Онан да бізді көп бөгеме, мына шопырың колхоздың бастығына хабар жеткізіп, адам алып келсін тезірек. Бірақ, көп жасағыр, бізді ауданға, доқтырға жеткізіп салсын. Қолды-аяқтай жүріп тұрған

машина ғой. Шырағым, біз де осы өкіметтің адамымыз ғой, біздің жай-жағдайымызға қарасатын өзің емес пе, сөйтсін шырағым,— деп келіп, Көпжекең машинаның артқы орындығына қонжисын.

Райком бала әңгіменің артының насырға шапқанын қапысыз ұқты. Мына кезіккен адамының қара жаяу біреу емес, неңді айтарсың, қырсықтың өзі екенін де шамала ғандай. «Бұл немеде нем бар еді»,— деп кеш өкінді.

— Қария, қария, мен айттым ғой сізге. Кейін кісі жі бертемін деп. Қазір малды қайда тастайсыз? Мұныңыз қалай? Мұныңыз қалай?— деді үн-түнсіз қарадан-қарап қалуға дәті шыдамай.

— Ей, шырағым, сенен артық қандай ие керек, бұл малға. Мал түгіл осы ауданның адамының да қожасы өзің емес пе? Өкімет керек десең бәрімізді сенен сұрамай ма. Өзіңе тапсырамын. Ол не дегені-ей... Әй, кемпір, жүр дедім ғой. Мін мына машинаға қазір, Бол тез.

Күйеуінің «қияйылылығын» бір кісідей-ақ білетін әйелінің өзі мына жасап тұрған тіршілігінің шыны ма, қасақанасы ма, байыбына жете алмай, машинаға мінер-мінбесін білмей аңтарылды.

— Байқұс-ау, мал өкіметтікі болғанымен мына үй-жай өзіңдікі ғой. Оны не істемексің. Осылай айдалаға қалдырып кете бересің бе,— деп уәж айтқандай ыңғай танытты.

— Таста жау алар дейсің бе?! Сенің қомыт-шомытың кімге дәрі? Көмулі көмбең бардай-ақ. Кейін жер аяғы кеңгенде келіп артып кетерміз. Әйтпесе қалар. Әкеңнің көрін ұрайын, қайда қалмаған дүние. Қалып еді ғой тізіліп-тізіліп, тігулі күйі, хан сарайындай үлде мен бұлдеге оранған талай ақбоз үйлер. Солардан артық па бұл қырық жамау құрым жаппаң. Жүр, мына дайын машинадан қалмайық. Ел ортасына бір жетіп алайық,— деп бұлан-талан айқайға басты енді.

Оның сиқынан шошынған бастық: «Мына дүлей мына отарды шынымен маған тастап кете бермек пе»,— деп қатты састы. Шын бет алса ештеңеден тайынбайтын ыңғайын анық байқады. Тіпті, машинасына мінгізбей қалдырған күнде ана ат пен түйеге керек-жарағын артып алып жүре бермесіне кім кепіл.

Күн кешке айналған мезгіл. Айнала қалың құм, ұшқан құстан басқа тіршілік белгісі жоқ. Өлдім десең ешкім естімейтін меңіреу түкпір. Бастық төңірекке адасып жалғыз қалған жандай беймазалана, қобалжи көз жүгірткен. Мына елсіз жаһанда бір қора қойдың соңында жалғыз қалып бара

жатқан кейпін көзіне елестетуге, ойға алуға дәті бармады. Әлдене үрейден қарадан-қарап денесі түршіккендей. Өзінің осы мүшкіл қалінен қалай құтылудың жөнін таба алмай алаңдап, қыстығып, машинада отырған қойшыға қипақтай таянып, өтінішпен шылбырына жармасқандай.

— Қария, қария, сәл сабыр етіңізші,— деді жалынышты үнін жасырмай.— Түсінісейікші, өзі...

— Түсінбейтін не бар? Сенің айтқаныңды ұқпай тұрғаным жоқ. Түсінгенде қандай...

— Қария, енді өзіңіз біліңізші. Жіберт десеңіз, орныңызға малшы жібертейін. Үйіңізді машинамен көшіріп алдыртайын. Жоқ, өзім баға беремін десеңіз, тіпті, баға беріңіз. Сәл ашуыңызды басыңызшы. Түсінісіп сөйлесейікші. Енді бала емессіз ғой...

— Әй, шырағым, сен мені кіналамай сөйле. Бала болып мен не шәлкестік жасадым. «Өткіз малыңды» дедім, «өткіздім, міне ал» дедім. Өзі қажып-шаршап жүргеніміз шын. Орталыққа барып ел қатарлы бізде салқын тамда көлеңкелесек жамбасымызға сыздауық шыға қоймас. Шырағым, енді мені көп әурелеме. Міне, малың, ие бол өзің...

— Ойпырым-ай, қария-ай,— деді «райком бала» шарасы таусыла, шын пұшайман күйге түсіп.— Кешіріңіз, менен бір қателік кетті. Енді ренішті ұмытайықшы. Көпті көрген, үлкен адамсыз ғой. Бағамын десеңіз малыңызды баға беріңіз. Осы барысымен артыңыздан тура өзіңізге арнайы қант-шай, киім-кешек жібертейін. Не сұрайсыз, не тілегіңіз бар? Малшының бейнеті ауыр ғой, білеміз, шаршап жүрген шығарсыз. Не көмек керек, айтыңыз, қолдан келгенін жасайық. Енді, үлкен кісі түсініңіз мені. Өтініп тұрмын ғой...

Өзі қызара бөртеп кеткен жүзіне, маңдайына шыпшып шыққан терін қалтасынан бет орамалын алып қайта-қайта сүртті.

Бір ауданды басқарып жүрген, естігенде аты дардай, лауазымды кісінің осыншама жік-жапар қалпына дәті шыдамады ма, әлде аяп кетті ме, әлде «қияңқы» күйеуінің ойда жоқта, табан астындағы, мына «малды өткіземін, машинаға мініп орталыққа кетемініне» ықтияр болмады ма, кім білсін, қалай дегенде де дәл осы сәт әйелі араға келіп килікті.

— Қойсаңшы енді, соншама мөңкімей, жалынғандай болып тұр ғой. Кісінің бетін қайырмасайшы. Өмірі бағып келе жатқан қойыңнан астыңнан су шыққандай үркіп,— деді.

— Ағай, бір ашуыңызды беріңіз. Бізді жолдан қалдырмаңызшы,— деп шофер жігіт қиылды.

— Қария, енді артық кетсем, кешіріңіз... Алда тағы аралайтын жеріміз көп еді. Бізді ұстамасаңыз,— деп мықтының өзі мөңтеңдеді.

Ойынды мұнан әрі соза берудің қисыны жоқ тәрізді. Бірақ жайласып отырған мына қалпынан, мына сес, мына үстемдіктен оп-оңай айрыла салғысы келмей, Көпжекең қинала ыңыранды. «Болмайды» деп безермей, екі ойлы күйде толқығандай сыңайынан үміт етіп, төңірегіндегілер де қарап қалыпты.

— Түс енді, кісілерді жолынан қалдырма,— деп әйелі күзірлілеу қалыпта, дауысын шығарыңқырай күйеуінің қасына таянған.

Сол кезде шофер жігіт те жып етіп қолтығынан сүйеуге ыңғай білдіре ұмсына берді.

— Келіңіз, ағай, маған сүйеніп түсіңіз. Аяғыңызды мына темірге салыңыз...

Көпжекең де ұятты бір кісідей білетін жан. Енді шегініп, тартыншақтап жатуды қол көрмеді. Мыналардың ықыласынан аттай алмай, сөзін жерге тастай алмай, амалсыз ырыққа көнген кісідей салмақтанып, әрең түскен. Сол бойда асығыс қоштаса салып: «Кұдай-ай, құтқарғаның рас па» дегендей «райком бала» машинаның алдыңғы, озіне тиесілі орындығына құйрығы тиер-тиместен есігін лып жауып, артынан қасқыр қуғандай апырақтай:

— Бол, тез, жүр!— деді.

Тұтқыннан босағандай томпаңдап тұра жөнелген «ГАЗ-69-дың кенеп төбесінен асыра көз салған бойы қиястана шалқайған Көпжекең: «Білегіне шақ келмейтін шоқпарды беліне қыстырып, несі бар екен жазғанның. Біздің басымызды қатырып... Ауылында бала оқытып па, шот қағып па жүретін-ақ неме ғой. «Төрт аяғы төбеңде ойнағыр», қайсы екен бұл байғұстың таңын созып, әуре қылып осында жіберіп жүрген. Бұл жақтың еркегі осы құрлы машинаға отыра алмай ма?!»— деп шырғт түкіріп тұрды.

Бұл оқиға аз күнде ауыл түгіл, ауданға тарап кеткен. Таратқан және хатшының өзі-тін. Құм ішінде осындай қияңқы шопанға кезіккенін, онан көрген қорлығы есінен кетпейтіндей болғанын біреулерге айтса керек.

— Әй, құп қатырғансың. Саздатыпсың бәлемді. Естігенде қыбым қанды-ау,— деп мол денесі түгел селкілдей, рахаттана сылқ-сылқ күлді Байжігіт Көпжекең әңгімесін аяқтап бола бергенде.

Басқалар да оның сөзін жамырай қоштады.

— Доғдырдың сонысына риза болып, биыл өзін айрықша қамқорлыққа алдым,— деп сабырлы жымиып қойды Әлсекең.

Көпжекең оны мойындағандай, оның айтқанына бас шұлги келіскендей, қошуақ көңілде, жайдарылана жымың-жымың етті.

— Әй, ол не?

— Екеуіңнің араңда бір сыр бар ғой, ә.

— Көпжекеңнің күлімдесі тегін емес. Аузынан әлі дәмі кетпеген бір бүйен бүкпені есіне алып отырған тәрізді.

— Ой, айтсандаршы, ол не әңгіме?— десіп ел шаужайдан ала қаусырмалаған.

Екеуі бұларды үздіктіре түскісі келгендей өздеріне ғана аян құпия көзқараста, сыр сақтай, бір-біріне назар жүгіртіп, маңыздана қалыпты.

— Әлсеке, бізден жасырып, бүккендей не сонша?— деп базына білдіргендер болды.

— Соны доғдырдың өзінен сұраңдаршы,— деп жұмсақ жымиды Әлсекең, даусында әріптесіне емеурін танытқан, айта бер дегендей ыңғай бар.— Қызық-шыжығын көріп, басынан өткерген жалғыз куәгер өзі ғой.

— Басеке,— деді Көпжекең әңгімені бастауғы ықыластанып. (Басекесі — «бастық, басие» деген құрмет, ілтифаты. Шынына келгенде, Көпжекеңнің соғыстағы командирінен кейін шын көңілмен бағынған, тақ тұрып тыңдайтын, сыйлағысы келіп сыйлайтын жалғыз «бастығы» осы Әлсекең еді).— Соның шаршап жүргенде әжептәуір қуат күш болды. Биылғы көктем сылбыр, жауынды, салқын... Кісіні қажытып жіберді ғой... Құдайлығын айтайын, көп пайдасы тиді.

— Ол иттің пайдалы-пайдалы жері бар ғой, доғдыр-ау. Сол сенің қажып келе жатқаныңды сезіп қой менікі де... Қайран туысқан қиналып жүр-ау деп, бойын жел-құзға алдырып алмасыншы деп қой...

— Ой, Әлсеке, үлкен құты толы спиртті түгелімен тастап кеткен болдыңыз-ау бұған. Осыған ықыласыңыздың бөлегі-ай, тіпті. Бізді неге еске алмайсыз сондайда,— деп наз артты ағайындардың бірі.

— Жок, тұтас ұстатып кеткен соң, қызығы бола ма. Көпжекең оны кезіккен жекжаттарымен бөлісіп, аз күнде аңтарылып қалмай ма?— деді қамқор көңілмен Әлсекең.

— Енді не, күнде кездесіп, бас қосып жүргеннен саусыңдар ма?! Екі үйің бірге көшкен жоқ тәрізді едіңдер ғой. Қалай ұшырасып тұрдыңдар.

— Оны енді доғдырдың өзі айтсын,— дейді Әлсекең жайымен бір езу жымып қана.

— Өзі бұлар сыр алып қоятын болды-ау, бәсеке,— дейді Көпжекең әрі қынжылғандай, әрі осы әңгімені айтуға, еске алуға ықыласты, ықтияр ыңғайда.— Ешкімге сездірмей көктеменің сары өзек, сабылыңқы көші-қонында қайталап тұратын шаруа екен деп ойлап қойып едім...

— Кейінгісін өзіміз білеміз ғой. Қолдағы іс емес пе. Айта бер, естісін ағайын.

Көпжекең ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузынан кетпеген қошуақ көңілде тамсана отырып, құшырланған күйде бұл оқиғаның майын тамызға жеткізген...

Басында селбесе, қарайласа жүруді ойластырып шамалас, қатар қозғалғанымен «Жамалдатқыр» торы аттың кесірінен «Көпжекеңдер кейіндеп қалды да, Әлсекеңдер бірер көш алға түсіп кеткен. Үйіне хатшы соққан күннің ертесіне, жол бойы қарасы көрінбеген соң «бұлар неге кешеуілдеді, хабарын білейін» деп әйгілі жүйрік, ақ табан атымен салт салып ұрып келген Әлсекең аманшылықты білген соң кетерінде:

— Біз ерулемей-ақ алға жылжи береміз, осы беттеріңмен соңымыздан ілесіп отырарсыңдар,— деп тапсырған. Сонан бастап-ақ Көпжекең алдағы көштің ізінен аумай, жұртын қуалай қонатын әдеп тапты. Әйелі алғаш оған мән бермеген. Бірақ жаңа жұртқа жетіп, түйесін шөггеріп, жүгін түсіре бастағанда күйеуі қолына істік темір қазықты алып, кешегілердің үйінің орнын, жаңа күл жатқан отының басын сұққылап, түрткілеп, бүкендей жөнелгенде: «Мына бәтуасыз не істеп жүр. Әлсен «ошақтағы қозға жаужұмыр көміп кетемін, соны іздеп тауып ал деп тапсырған ба»,— деп таңдана зер салған.

Күйеуі ойнап жүрген адам тәрізі жоқ. Маңызды бір шаруаның соңындағы кісідей-ақ ынты-шынымен құнжыңдай кірісіп кетіпті.

— Әй, әпендем-ау, мұның не? Айдаладан не іздеп жүрсің? Бірдеңенің шалығы ұрған адам құсап.

— Шұрқ етпе, кемпір. Қазына іздеп жатырмын.

— Не дейді? Не қылған қазына ол? Құдайдың сені жынды қылып жаратпағаны басында. Кісі жасамайтын тірліктер жасап жүресің. Мына жүкті түсіріспейсің бе онан да, күн батып барады. Ертерек күрке тұрғызып алайық түнде түнеп шығатын.

— Айн мәмент, кемпір. Сәл шыда. Қазір тігеміз... Е-е, бәсе...— Қазығының ұшы әлде неге шық-шық тигендей, Көпжекеңнің даусы қуанышты шықты.— Бәсе... мен бұ-

рынғы сапермін ғой. Ішінді ұрайын, пәшестің миасынан қиынмын дейсің бе? Таппай сені...

Күйеуі жұрттың ортасындағы күлдің құбыла жақ шетінен бұлдырықтай көк шыны құтыны суырып алды. Суырып алды да ішінде сылқ-сылқ күлген сұйығы бар шыныны күнге төсеп қарап, балаша мәз болды.

— Ал, кемпір, қане, үйіңді тігейік, кел,— деп жадырай бұрылды.

— Дауасыздардың тірлігінің түрін-ай. Не дерсің бұларға. Ойлап таппайтын бәлесі жоқ. Бала емес, шаға емес дардай адамдар, құдая құдіретіңнен,— деп әйелі, шарасы таусыла басын шайқады.

Апыл-ғұпыл үйді тігіп болысымен күйеуі:

— Кемпір, мен малды қайырмалап келе берейін, сен тездетіп қуырдақ жасап жіберсең,— деді.

Тамақ дайын болды деген мезгілде Көпжекең малды қоралады. Көк құтының тығынын шығарып, шай кесеге «погонынан» келтіріп құйды. Дастарқан жиналған бойда бусанып, терлеп, балбыраған қалпы маужырай түсіп:

— Кемпір, менің үстіме қалынырақ әлдене тасташы. Біраз мызғып алайын. Түн ортасына қарай оят, малды сонан соң өзім күзетемін,— деп жантая берді.

Мұнан кейінгі күндері Көпжекең бұлдырықтай көк шыныны белгілі бағыттан қазықтың ұшымен тұрткен бойда қағып шығаратын машық тапқан. Әрі сол тапқыштығына өзі риза қалыпта;

— Мен бұрынғы сапермін ғой. Командирім «молодец, Қидуанов» деп арқамнан бекер қағатын ба еді,— деп айызы қана даудырлайтын.

Не кінәларын, не күлерін білмей, ернін сылп еткізіп әйелі тұратын...

«Бұрынғы сапер» көшкіліктегі өзі қызығын көрген көк құтының хикаясын тамамдаған сәтте күні бойы ықыластары құлай тыңдап, жұтынып қойып отырған көпшілікке Әлсекең:

— Әй, Көпжекеңнің көктемгі ішкені бізге қорек бола ма, келіңдер, мына алдарыңдағыны бір жылжытып қояйық,— деп қозғау салды.

— Е-е, алсақ алайық. «Тамақтан сұйық өтпесе...» деп өзіңіз айтпақшы... Әй, біздің Әлсекеңдердің сөзі кітаптың сөзіндей-ау, шіркін. Балалардың шек-сілесі қатып күледі. «Ойпырым-ай, ағайдың тапқыры-ай» деп.— Осыны айтып, орынынан қопарыла қозғалып, алға қарай ұмсына түскен Байжігіт қырлы стаканды қолына алғанда онысы күректей

алақанының ішінде енесінің бауырына кірген балапандай тасаланып, көрінбей кетті.

— Бұл қашан айтылған сөз, Бәке,— деген ыдысын алдымен қотарып, онан кейінгі тіске басардан ауызы жаңа босағандардың бірі, енді әңгімеге ықылас аңғарта.

Байжігіт те оған жауапқа асықпай, тиесілі, кезекті шаруаны кәйпіне келтіре төркіндетіп барып сөзге мойын бұрған.

— Шешесі байталдар, біздің ауылдың бір топ майда балалары жақында жиналып алып...— деп бастаған сонан соң ол балаларды бәткерлеуден гөрі қызықтағандай, тірліктерін шет көрмегендей қабақпен күле отырып.

Бұл өзі әлі ауыл арасына кең жайыла қоймаған, осыдан аз бұрын болған кеп еді. Байжігіт бүгін кер құнажынды іздеп жүріп естіген сол балалардың бірінен...

Мәнәйі себеппен осы ауылдың бір топ жасөспірім жігіттері әлдекімнің үйіне жиналып қалып, «бастаңғы» жасаған. Олар асын енді алдына ала бергенде ойда жоқта үстерінен Әлсекең түскен. Ел аралап па, әлдеқайда бара жатып па, үйдегі дабырлаған кісілердің даусын құлағы шалып соққан болса керек. Үйге күтпеген жерден бұл кісі кіріп келгенде жастар ұрлық жасап отырғандай ыңғайсызданып, қысылып қалған. Қайсыбірі енді тығынына жармаса берген шөлмекті іргеге қарай жасыра салған. Ет туралып жатқан. Ассалаумағалейкумнен кейін жігіттер төрге шығарады.

— Аға, асқа келіңіз,— дейді.

Ет желініп барады. Әлсекең байқайды — жігіттер «енді қайтеміз» дегендей бір-біріне қипақтай қарасады. Тәрізі бұған ұсынбай өздері алып іше беруге дәттері бармайды. Ал ұсынайын десе қатарлары емес, жасы үлкен кісі. Бұрын мұндай-мұндаймен табақтас отырып көрмеген адамдары. Бірақ ішетінін біледі. Сонан соң да ұсынбайын десе тағы есебін таба алмайды. Сөйтіп қиналған жайлары бар сияқты. Соны сезгенімен Әлсекең де үлкендік сақтап, сыр бермей сабыр ұстаған қалыпта.

Шыдамаса керек, ақыры, табақ орталануға таянған кезде батылы жеткен қайсысы:

— Аға, мына бір сұйықпен қалайсыз? Біз бүгін ұрлық жасап отыр едік,— демей ме, керегенің іргесінен көк мойын шыныны суырып. Әлсекеңнің уәждан тоқталатын кезі бар ма. Іліп алғандай жауап қайырып:

— Ой-бұй, айналайындар-ау, тамақтан сұйық өтпесе өлгеніміз де. Онан кейін не тірлік қалады бізде,— деп салған.

Жігіттер бірі күліп, бірі бұл кісінің табан астындағы

жауабына бас шайқасып, тәнті қалысқан. «Ойпырым-ай, қайдағыны қайдан тауып айтады» дескен.

Айтса-айтпаса да, жаз бойы Бетпақты төңіректен, Сарыарқаның бір пұшпағын жайлайтын бұл ауылдардың ішінде соңғы кезде пайда болған «қылтамақ» деген науқас-тан шетінеген кісі саны көбейіп тұрған. Оның қайдан, қалай пайда болғанын, қалай сақтану керегін білген кісі жоқ-тын әзір бұл өңірде. Тек ем қонбайтын ауру деп қана танытын.

Байжігіттің әңгімесінен кейін бір шама уақыт «аты жаман» әлгі бәлекеттің салдарынан араларынан ерте кеткен нелер боздақ, сабаз азаматтардың, жақын-жуықтардың аты аталып, еске түсіріліп, қабырға қайыстырғандай қоңыр әңгіме қозғалған. «Есілім-ай», «ерім-ай», «әй, опасыз дүние-ай» деген сөздер айтылып, көңілдер босаған. Қорытындысында: «Әй, әуре тіршілік қой. Баянсыз дүние. Бүгін бар да, ертең жоқпыз қай-қайсымыз да. Аз күнгі боқ дүниеге бола итірқылжың жүреміз сол. Мына қысқа тіршілікте осы сіз-бізден артығы жоқ. Осыдан басқа қызықшылық жоқ. Осы бас қосып отырғаның бар ғой, ә, мұның өзі бір ғанибет. «Мың күніме татиды осы отырған бір күнім» деп тегін айтпаған»,— десіп мәмілесіп, мақұлдасып, дастарханға қарай құлықтаса қол созысады. Сол бетпен екі-үш күн дүрілдетеді-ай.

Сырт көзге бұлардың бұл бас қосу, отырысы өмірі түгесіліп бітпейтін шаруаның тауқыметінен, бейнетті тіршіліктен бір қол босатып, серпіліп, анда-санда көңіл көтеру рәсімі тәрізді көрінгенімен бұлардың осылай шұрқырасып табысуының, табыса қалса ажыраса алмай қай-қайдағыны сапырып, өткен кеткеннің қайғысы мен қуанышын қоса қаузап, мәслихатты біраз күнге созып алуының басқалар түгілі өздері де аңғара бермейтін тылсым сырлы ішкі себептері болса керек-ті.

Басы бүтін пенде бар ма. Мына жарық әлемде қалқайып, қампайып жүрген қай жан иесінің де көңіл сарайын түртіп қалсаң сарытаптанып сүрленіп жатқан мұң-наланың, опық, өксіктің көмбесінің үстінен түспесең кім кепіл. Қай пенденің басынан не өтпепті. Қозғап жіберсең зардабы жан сыздататын нелер құсалы тіршілік, орны толмас өкініш осы отырғандардың бәрінің де басында бар. Тіпті, бұлардың талайына тиесілі тағдыр болып кезіккен — мына адамзат нәмінің ұзақ сапары саналатын — ұлы өмір көшінің қасқағым сәті ғана есептелетін бір ғұмыры — бұлардың пешенесіне жазылған кезеңі азасы мен қазасы, сүргін, сергелдені шаш-етектен; бейнеті, тауқыметі бұрын-соңды өткен

жамигаттардың қай-қайсысының да көтерген жүгінен гөрі ауыр да азапты болғандай ма, қалай.

Басқасы — басқа алабөтен нәубет кез-кезеңдерін айтсайшы. Бір ата, бір сабақтан тарадық деп отырған туыстума қауым кәмпескемен жіктеліп, ағайын арасы ашылып, қаншама жақынынан, жақсысынан айрылды. Сонан кейін қарғыс жайлағандай құлазып азынаған кең сахарадан жан сақтар пана таппай мың сандаған адамы беті ауған жағына қайыршылап қаңғып, айуаншылап кезіп кеткен «отыз екінің» сұмдығын қалай ұмытар. «Отыз жетіде» бетке шығарларын тізіп беріп тағы қалды. Кеше ғана өздері жуан ортасында жүріп, қан кешуін тізеден кешіп өткен қырық бірдің қырғынында кімдерінен айрылмады.

Арсыз тіршіліктің иінімен арсы-гүрсі шапқылап жүргенімен: «Қайтеміз, өткен — өтті, кеткен — кетті. Енді мұнысына да шүкір» деп сырты бүтін болып көрінгенімен осылардың ешқайсысы жазылмастай жан жарасынан құралақан дейсің бе. Бірақ соның бәрін қазбалап кімге мұңын шаға берсін бұлар. Керек десең, жария түрде сөз қылатын жайлар ма осылар. Алайда, іштегі шемен сыр, сыздаған құса бір мезгіл сыртқа шығарсаң жеңілдейді. Жайшылықта әңгімелеуге тәуекел етпегенімен, тіпті, ол жайлы ойлағысы келмегенімен, осындай-осындайда шешіліп, арындап-арындап айтып алады. Көңілдің шерін сөйтіп, бір мезгіл босатар еді. Мұндай-мұндай бос қосудың осылай ішті тазартып, емен-жарқын күйге түсіретін, арқаны кеңге салып, жеңілдеп қалатын; сөйтіп дүниенің тауқыметінен, көңілдегі кілтпаннан аз сәтке болса да азат ететін кәйпі бар ғой, түскірдің. Мұның бәрін өзге жұрт қайдан сезсін.

Әлсекеңнің үйіндегі екі-үш күнгі дүрмектен барлығыңқырап бұрауы босап жеткен Байжігітке «қара пұшық» басын шайқай қарап:

— Сүргіннен қайтқандай кепінді қарашы. Ұқшап келісің. Осыншама ненің азабы жаныңа зәбір беріп. Бұл не тәреку осы сендердікі. Жаспын деп жүрсіңдер ме. Балаларың мынау, алды өздеріңдей болған, — деп кінәлап алып барып, кер құнажынның қатырған уызынан, жаңа ұйытқан қатығынан алдына қойды:

— Мә, зәрін қайтарсын, мына ақтан көбірек ішіп, же.

Байжігіт ажары ақсұрыптай кіршіксіз, дір-дір омырылған уызды қасықпен көси беріп:

— Оу, кер құнажының бұзаулаған ба? — деп мәмілелі ыңғайда, өз тарапынан болып жатқан кінәларды жуыпшайғандай, жуаси, ыржия күлді. — Қашан бұзаулады?

— Өзің айдап әкеліп тастап кетісімен.

— Бұзауы еркек пе, ұрғашы ма? — деді шаруақорлығынан, соның еркек, ұрғашысына зәрулігінен гөрі, үй тірлігіне мойын бұрған, зер салған кісі болып, «қара пұшықтың» көңілін аулағандай.

— Ұрғашы.

— Ой, байыйтын болыпсың ғой, бәйбіше-ау.

— Иә, — деді «қара пұшық» дауысы сәл салқындай. — Бұзаулағалы бері ана үлкен үйдегі келін шырғалап шықпай жүр ғой, «Жәкем бұл бұзауды біздің кішкене ұлға еншіге берген» деп.

— А-а? — деп аңтарылды Байжігіт әйеліне сұраулы жүзбен бұрылып.

— Е-е, маған неге қарайсың, өзің білесің де, қай кезде не айтқанды. Сенің-ақ малың сыймай тасисың да жүресің, әйтеуір. Оны қашан беремін дегенсің?

Есіне енді түсті. «Сөйткен екен ғой». Байжігіттің көңілді кездерінде қолындағысын сұраған жұртқа үлестіріп жүретін әдеті бар. Оған «қара пұшық та» тағдырына мойынсұнғандай көнген, үйренген. Дей тұрғанмен әйелдің заты әйел емес пе, дүниесі түскір ыстық емес пе, кей-кейде шырылдап, без-без етіп, «ісің құрысын сенің» деп түңіле таусылатын сәттері де кездеседі. Шыны керек, әйелінің ондай «ашуы» Байжігіттің жанына бататын. Ондайда өз кінәсін сезініп, лажы құрып, төменшіктеп отыру — кеудесін қырдың самалына тосып, алшаң басқан қай еркекке мәртебе дейсің. Жөндіге де, жөнсізге де: «Тарт тіліңді» деп ақыра беру — шолақтың ісі. Байжігітке де балаларының қасқабағы керек. О, керек болғанда қандай. Байжігіт үшін бұл жарық дүниеде «көкебастарынан» артық не бар дейсің. Айы мен күні солар ғой. Қошақандары ғой. Олар үшін жаны пида ғой. Сонан соң да, солардың көңілі, күлкісі үшін де от басында кикілжің, күңкіл-шүңкіл болмауына пейіл ғой. Сол үшін де «қара пұшыққа» қарайлайды ғой. «Сенікі жөн» дейді ғой. «Шекпенімнің етегінің бір шалғайын басып кеттің» деп тұра ұмтыла бермейді ғой.

Қазір де әйеліне іле жауап қайыра қоймай, кінәлі кісідей басы салбырап тосылып, отырып қалған. «Иә, онысы есінен шығып кетіпті». Анада әлдене қонақшылықтан буырлдау қайтып келе жатып, ауылға таянған тұста үйіне де бұрылмай, «балаларды иіскеп кетейінші» деп маңайлас отырған немере інісінің үйіне соққан. Інісінің алғаш көрген екі-үш нәрестесі қызалақ бала болды да, кейінгісін келін ұл тауып, өздері әлдеқандай көріп жүрген. Сол немесі үш-төртке шыққан. Үйге кіріп барған бұған:

— Ата, ассалау, — деп талтаңдай басып, шәлтиіп келіп

сәлем беріп тұр. Атасы мейірленіп кетпегенде қайтсін. «Жұрағат қой, жұрағат. Тұқым ғой, тұқым. Тұяқ қой Ағатайының сабағы ғой». Шыт көйлегінің шолақ етегінің астынан қарыны жылтырап, онан төменіректе шүмекейі шөпиіп көрінеді. Бауырына басып, сол шүмекейден мейірлене иіскемей ме, иіскеп болған соң:

— Қап, көкетайым-ай, саған беретін ешнәрсе болмады-ау,— деп қалтасын қарманып, түк таба алмай өкінбей ме. Сол кезде келіні араға жүрмей ме:

— Атаңа «кер құнажын аман-есен бұзауласа, соның бұзауына ен саламын, бұзауын маған бер» деп айт,— демей ме.

Бала шешесінің сөзін былдырлап бұған қайта айтпай ма.

— Ата, кер күнәжын... бұзау бер...

— Ой, тіліңнен садаға кетейін сенің. Бердім. Бердім. Ала ғой. Соны саған еншілейін,— деген екі сөзге келмей. Қызғандықтың салдары ма, ол айтқанын сонан кейін өзі ұмытып кетіпті, қара басып. Енді ойына оралды.

«Қап, жайшылықта айтып, тігісін жатқызып, мәмілеге шығарып қоятын шаруа еді. Әй өзімді де ұрып өлтіретін адам жоқ. Осы салақтығым ба»,— деп өкінді. Өңкие тұқжиып, еңсесі түсіп, ошарылып отырған күйі үйелеген түйедей екі бүйіріне кезек ыргатылып, ауыр қозғалақтай, әйеліне қабағының астымен назар салған. Аса көгістеніп, ашу үйіргендей, сөз қайтарғандай реңі байқалмайды.

— Бәйбіше,— деді жорта жөткірініп, жуан қоңыр даусын барынша жұмсарта, үнінен өтініш табы сезіле.— Құдай жеткерер, сол шаранаға қарап қалған жайымыз жоқ шығар. Кеше бошалап жүргенде далада өліп қалғанда қайтесің. Келін ырым көріп, аузына алған соң көңілдерін қайтарғым келмей, «жарайды» дегенмін. Берші соларға. Үлкен деген атымыз бар ғой. Ана бокмұрынына ырым қылсын.

— Келінің де шетін көрсетсең-ақ, басқасын сұрап әуре болмайтын, қалғанын өзі жайғай беретіндердің сойынан емес пе. Кеше кішкенесін ертіп келіп, ен салып кеткен,— деді «қара пұшық» оған енді сен шаршамай-ақ қой деген қалыпта.

Байжігіт арқасындағы жүкті аударып тастағандай еңсесін түзеген.

— Мейлі, дұрыс болған екен. Шаруабастылықпен ми суға айнала бастаған ба, қалай, күннен-күнге ұмытшақ болып барамыз. Қым-қуыт тірліктің әлегімен жүріп есім-

нен шығып та кетіпті. Саған, тіпті, айтпаппын да оны,— деп тігісін жатқызды.

— Иә, сұмдық, мұрныца су жетпей жүр, байғұс,— деп қағытты әйелі, шаруаңның қауырты осы ғой дегенді меззей.— «Биыл қоямын, құран ұстаймын» деп жүргенің қайда?

— Қоямын, бәйбіше, қоямын, қара да тұр.

— Қашан қоясың? Әлі ақыңды алып болған жоқсың ба? Ненің сәтін күтіп жүрсің?

— Енді осы жаз Ақкөлжанды сүндетке отырғызып, той жасамаймыз ба. Құда қаласа, сол тойды атқарып салғаннан кейін біржолата қоямын.

— Ай, қайдам-ау,— деді «қара пұшық».— Көрерміз. Құдай жеткізсе ол күн қашық емес қой.

— Бәйбіше, көрерсің енді,— деген Байжігіт риясыз көңілмен.

Байжігіт айтқанында тұрған. Қоюын қойған. Жаздың аяғына қарай кенжелері Ақкөлді сүндетке отырғызып, той-томалағын өзі жуан ортасында болып, «дүрілдетіп» өткізген. Қонақтарын таратқан соң осы шаруаны атқаруға орталықтан арнайы шақыртып алдырған Үлкен Қожаны көңіл жетер жақын-жуық біраз кісілермен қоса алып қалып, оңаша күтіп отырып, көңіліндегі гәбін білдірген:

— Пірадар, құдай өзі кешірсін, жастықта әр нәрсені жасадық. Оның енді қайсысы күнә, қайсысы сауап ол жағын ертең ана ауылға барғанда тексереді дейді ғой...

— Әлбатта, әлбатта... Бәрінің есебі болат та. Ақтың ақ таразысынан еш пәнде сырт қалмаса керек. Оны еске алып қойған жөн,— деді Қожекең мұның әңгімесінің бағытын күп алғандай.

— Далақтап жүріп байқамаппыз. Жер ортасына таянып келіп қалыппыз. Соған бір шаруаға бекініп, сізден бата сұрасам деген ойдамын, ақсақал.

— Ол не шаруа еді, шырағым.

— Пірадар, шет-жағасын көріп жүрген шығарсыз, менің біраздан бері қосылған, қоңсы қонған бір жекжатым бар. Сонан ажырассам ба деймін. Аз жолдас болған жоқпын. Маған енді ренжімес.

Бұл елдің бәрінің сыры мен сымбатына қанық, сұңғыла қожекең мұның тұспалына түсіне қойғандай қошуақ жымыды.

— Оның жөн. Кісілік. Жас емессің енді. Балалар мынау ержеткен. Кісіге абырой бермейтін харам нәрсе ғой, тастағаның жөн.

— Онда, пірадар, мынау, бата ақысы дейміз бе, бата

Ұлкен атты жас жігіт. Ұлкенді бұрын аудандық бас мал дәрігері болып жүрген кезінен білетін. Малшыларды аралаған сапарында ара-тұра үйіне соғып, дәм татып кетіп жүретін. Кейін «райисполкомға» орынбасарлық қызметке ауысқан соң бұл жаққа көп ат ізін сала бермейтін. Енді үлкен бастық болған соң ел аралай шықса керек.

Көптен көрмеген, қадірменді күйеу баласына Байжігіт ағынан жарыла құшақ ашқан. Жаңа қызметіне қайырлы болсын айтқан.

— Бәкеңе сәлем берейін, кенжесін атқа мнгізіп жігіт қылған екен, құтты болсын айтайық деген соң Ұлекең арнайы соққанымыз,— деп орынбасар жігіт келістерінің мәнісінен хабар берген.

— Онда отырассыздар енді. Қазір мал сойылады. Қазан асылады. Дәм жемей кетпейсіздер,— деді Байжігіт әрі шын ықыласты, әрі кесімді түрде.— Мына Ұлекеңмен де кездеспегелі қанша. Әңгімелесіп бір отырайық.

Байжігіт нән қара тоқтыны есіктен көрсетіп, Әлсекеңнен бата сұрады да, атып ұрып, бауыздаған соң:

— Енді өзің терісін түсіріп, қазанға сала берерсің,— деп әйеліне тастап, ымдап, иек қағып, шофер баланы сыртқа шақырды.— Қалқам, ана «автолавкасы» бар ауылға жүгіртіп барып келе қояйықшы, жылдам...

Қара тоқты мүше-мүшесімен қазанға түсе бастағанда жеделдете дайындалған қуырдақ та буы бұрқырай кісілердің алдына келіп қалды.

Өлара, қиын кезеңге Байжігіт осы жерде тап келмесін бе.

— Ал, енді, Бәке, мына Ұлекеңнің үлкен қызметке барғалы үйіңізге алғаш келіп отырғаны,— деп қолқа салды орынбасар жігіт.— Ұлекеңдер қай үйге барып жатыр бұрылып. Осының өзі сізге деген бөлекше көңіл. Көңілден қымбат ештеңе жоқ. Келіңіз, өзіңіз... Ас иесімен тәтті...

Қисынды сөзге түсінген кісі құл болмас па. Айтып отырғанының еш әбестігі жоқ. Орынды-ақ. Байжігіт қиналайын деді. Бәрінің осыны тосып қарайлап, аңтарылып отырған қалпы бар.

«Япырай, ыңғайсыз болды-ау, бір түрлі пәлденгендей, кісімсінгендей, өз дастарқанын өзі қаңтарып. Бір жолға осыларды атқарып салса ма екен көңілдерін қайырмай... Қой, ұят болар. Бала емес, шаға емес дардай басымен, қыруар елдің көзінше «Қойдым» деді. Қожаның қолын алды. Ол кісі не дейді, естіген ел не дейді. Бәтуасыз көріп күлер. Қатын-бала болса мынау қарап отырған...» Жар жиегіне таяп барып, әрең-әрең шегінді Байжігіт.

— Өздерің білесіңдер мен осыны анада қойдым деп уағда жасап, үлкен қарияның батасын алып ниет қылып едім. Сонан бері ауыз тимей жүр едім. Өз лебізімді өзім жұтқандай болармын. Мені қинамасандар...

— Оу, доғдыр-ау, ол не дегенің? Қожаның қолынан бір ұстағаныңды осы отырған бәріміздің көңілімізден қымбат тұтқаның ба,— деді Әлсекең жайымен ғана наз білдіріп.

— Бәке, күнде бүйтіп басымыз қосыла бермес,— деді орынбасар жігіт салмақ арта.

— Япырай, оның рас,— деп әрі-сәріленді үй иесі.— Бұл шіркіннің, бұлай тығырыққа тірейтін әуселесі барын кім ойлапты. Қап, әттесі-ай...

Келіп отырған үлкен қонақ бұл кісілерді көптен білетін. Далагершілік кең мінез-құлықтарын, қазақы сайқымазақ қылықтарын қызық көріп, риясыз күліп жақын тұтатын, сыйлайтын. Қазір де күлімсірей қарап қойып, үн-түнсіз бақылаған қалыпта. Үй иесінің көмейі бос қиналысын, түптің түбінде кет әрі емес қолайын аңғарған соң қолқалап, қинаушыларға бұл да қой деп айтпаған. Өзі білсін деген. Түбі қармақтарының қабатынына сенгендей олар да қайта қоймады.

— Жарайды, мына Ұлекең үшін бір ал, сонан кейін сені қинамайық,— деп қисындатты.

Онсыз да құрық үзе алмай қайралақтап екіұдай күй кешкен Байжігітке мына шарт тұйықтан шығарар қылтадай қылаңытты. «Сөйтсем қайтедіні» ойлап үлгерген. Арғы жағы теріс көрмегендей, қайта көңіл түкпірінде әлдене сезім бас көтеріп, қыт-қыттап, қызыққа шақырғандай, елегізітіп «жүр-жүрлеп» тұрып алмасы бар ма.

— Мақұл онда, бір алайын, сонан соң қинамаңдар,— деді өтінгендей.

— Е-е, жарайды,— десті.

— Бірақ, енді осы әңгіме осы жерде қалсын. Ешкім естімесін,— деді өтініп.

— Е-е, жарайды,— десті.

— Енді, мына Ұлекеңмен кездескейіме. Сендердің көңілдерің үшін,— деді аз толмаған қырлы стаканды қолына ала беріп.

Одан кейін Ақкөлдің жігіт санатына іліккені қозғалып, осы балалардың келешегі, жалғанда жамандық көрмеуіне тілек айтылып, аяғы қыру-қыру әңгімеге ұласып кеткен. Ет желінген, қайта-қайта шай ішілген. Күн кешкіруге айналған. Қонақтардың гу-гуі зар күйінде. Әзір байырқалар түрі жоқ. Көбіне далада, есік алдында, самаурын қай-

натып, қонақ қамындағы «қара пұшықтың» қасында қолқанаттық жасап жүгіріп жүрген естияр қыз баласы:

— Көкем бүгін намаздыгер оқымай ма,— деген шешесіне, батуға таянған күннің қызыл табағына қарап тұрып.

— Әкеңнің өзінен сұра оны,— деген шешесі салқындау қабақ танытып.

Бала жүгіріп үйге кіріп кетті:

— Көке, көке, намаздыгер өтіп барады. Намазыңызды оқымайсыз ба?— деп танаурай айқай салған.

Байжігіт буырыл күйде есіне әлдене түскендей баласына аңтарыла қараған. Көңілді жұрт жарыла ду күлген. Бала шаруаны тындырдым дегендей шауып қайта шыққан. Гу-гу әңгіме қайта жалғасып кеткен. Сәлден кейін шешесі:

— Әй, әкең не дейі. Намазын оқи ма екен?— деп сұраған. Бала сезімі кісілердің әңгімесімен соны ұмытып кетті-ау дегенді жорамалдап, үйге қайта жүгіріп кірді. Әкесінің ойында ешнәрсе жоғын байқаған. Сонан соң келіп, иығынан жұлқылай:

— Көке, көке, айттым ғой, намаздыгер өтіп барады. Намазыңызды оқымайсыз ба?— деп шүйілген.

Қызу әңгіме, думанды отырыстың қалың ортасындағы Байжігіт, тап қазір бәрін тастай салып намаз қалып барады екен деп қалай тұра жөнелсін. Дегенімен әрі нәрестенің көңілін қимай, әрі қаза болған намаздың қарызынан кешірім сұрағандай, амалы таусыла қинала отырып, баласының басынан сыйпап:

— Ой, көкежаным-ау, намаздыгер бүгін өтіп кетсе, ертең осы уақытта тағы қайтып келеді. Ал мына кісілер, мына отырыс ертең қайтып келмейді ғой,— деді.

— Сөз-ақ-ау, доғдырдікі,— деді Әлсекең ризалық таныта езу тартып.

— Расы ғой,— деді Көпжекең құптап.

— Шіркін, Бәкеңдердің көңілінде қалтарыс жоқ қой. Баладай-ау, баладай,— деді орынбасар жігіт қолпаштай.

— Иә, уәжі уәж-ақ қой, айтары жоқ,— деп көзінен жас аққанша тоқтай алмай сылқ-сылқ күлді айызы қана төрдегі Ұлекен.

Күйеуінің әңгімесін сырттан, есік алдында тұрып, құлағы шалған «қара пұшық»:

— Дауа жоқ қой бұған,— деп ерінін сылп еткізіп, самаурынды көтеріп ішке кірді.

Қас қарая ризалықтарын айтып, қоштасып, қайтуға жиналып орындарынан дүр көтерілген қонақтарын аттандырып салуға сыртқа бірге шыққан Байжігіт шофер баланы шақырып алып:

— Қалқам, осы бара жатқаныңда ұмытпай мынаны жолай соғып Үлкен Қожаға табыс етші. Қарыз болмасын. Шариғатты бұзып қойдым. Енді қалтама салып жүргенім обал-ды. Өзіне қайырайын,— деп шынжыр баулы сағатты ұсынып жатты.

— Доғдыр-ау, сөйтсейші, бәсе. Үшеуміз енді қажыға бара қоймаспыз. Қу жанды қинап қайтесің. Бұйырғанын татып, қалған мына аз өмірде тізелесіп бірге жүрейік те,— деп миығынан күліп Әлсекең тұрды.

«БІЛДІРІС»

— Кемпір, сандықтың түбіндегі қара пәпке мен қаламсапты әперші,— деді Бұқпа төр алдында жамбастай жантайып, түнере ойланып, тартпалы қара судай қарауытып, тылсым сазарған қалпынан, әлденеге оқталғандай, оқыс бас көтеріп, етек-жеңін жинай түзеліп.

— Қай сандықтың түбінде еді?— деді кемпірі күйеуі тап қазір аспаннан түскендей, соны көріп таң болып өзіне-өзі келе алмай отырған жандай аңтарылған кейіпте.

Бұқпа «неғып есіңнен танып қалғансың» дегендей әйеліне суық сұрғылт жанарын қадай, зәрлене бір қарап өтіп, назарын қабырғаға тірей-тірей қойылған құрсаулы, бетіне қаңылтыр ою-оймыш қапталған, үш-төрт әбдіренің ішіндегі ескілеуі, қақпағына томардай қара құлып қыстырылған қара жәшікке тіктеген.

Шалының сұраған заты сол сандықтың түбінде жатқаны енді ғана еміс-еміс саңылауына жетіп, сонау кездегі Бұқпаның өзінен басқа жан баласы ұстамайтын, «күпия қара пәпкенің» сұсты суреті санасында жаңа оянғандай қалпы бар. «Оны қайтпек» дегендей күйеуінің ылайытқан сызды жүзіне сұраулы кейіпте, қипақтай қарап қойып, кирелендей орнынан тұрды. Иә, кемпірінің бұлай күйбектеуінің жөні жоқ емес еді. Бүгін табан астында, есіне түсіп, іздей қалған әлгі мүлкінің мына қара сандыққа қамалып, ұмыт болғанына қай заман. Құрманың сүйегінен тізілген қоңыр тәспі болмаса Бұқпаның қолына қалам ұстамағанына не уақыт. «Енді, мұнысы ненің жоралғысы, «қартайғанда кәрі боздың бұл қай жүріс ашуы» дегендей ықылассыздау сүйретіліп жүріп, үстіндегі жинаулы жүктерді аударып, тот басқан топсаларын сарната ойбайлатып қақпағын шалқайта, кір сабынның әлде сақардың иісі аңның ба, малдың ба ескі тері-терсегінің иісіне араласа мұңкіп, қолқаны қапқан кебеже ішін қопарыстыра түртінектеп жатып, түп жағынан белінен майсінді қайыстың бір тілігі-

мен орай буылған, былғарысы ақ жолақтанып тозып, кей тұсы бөздей іріп тор көзденген, көне «қара пәпкені» тауып, шалының алдына әкеліп қойды.

Ұлдан жалғыз Басқармабек осы совхоздың бас зоотехнигі қызметін атқаратын. Баяғыдан үйлі-жайлы, балалары есейіп, ер жетіп кеткен ол ара-тұра отын-суына қолқабыс жасап, сырттай зер салып жүргені болмаса бөлек түтін түтететін. Ескі жұрттағы ескі тамда кемпірімен екеуі ғана. Екіндіге айналған күннің көзі үй сыртына тасаланып, қара-көлеңке тартқан төр алдынан терезеге қарай жылжып қонған Бұқпа:

— Сыртқы есіктің ілгегін салып қойшы,— деп тапсырды.

Бел шешіп осы бетаған қалпы кейінге қаратпай-ақ, іске кірісіп кетпек ыңғаймен дәптердің ортасынан босатып алған қос парақты ұзына бойына жайнамаздай-ақ жайып салған. Сонан соң қаламын қисайта қысып, тапа бір жемтігінің үстіне қонжыған күшігенше өңмендей, өңірендей шұқшиған қалпы әлгі парақтың жоғары жағына өзінің айбақ-сайбақ жазуымен бадырайта «Білдіріс» деп қондырды. Қондырып болып, аппақ ақ қағаздың бетінде атой салғандай ереуілдеп тұрған, қазір ғана өзі таңбалап түсірген әлгі жалғыз сөзге назар тоқтата қарап, іштей ежелей екі-үш қайтара оқыған. Әр әрпі жалы күжірейіп, сес танытқандай күзірлі көрінбесі бар ма. Бір түрлі шабытын шақырғандай көлеңіткені, түскірдің. Сонан соң барып, жазылар жайдың ұзын ырғасын тағы да ықтияттап, елеп-екшеп, саралап алмақ ниетпен қайтадан ой қаузап кеткен... Ақыры ойды ой ала қашып отырып, өткеннің талай кебі еске түспесі бар ма...

Кезінде ауыл молдасының мектебін тауысқан, ескіше жап-жақсы сауаты бар Бұқпа алғаш жаңа өкімет орнап, «киіз пәпке» асынған белсенділер шыға бастағанда бұл да солардың санатына ілесіп, атқа мінген. Және мұның ә дегеннен жіті зерделеген нәрсесі — ендігі жерде кісіліктен үміт еткеннің «теріс» жазусыз тіршілігі жоқ екені еді. Соны байқаған соң қаламды қиялай ұстап, жаңа қаріптерді ежелей тізбелеп, дәптер бетіне түсіруге ыждаһаттықпен ықылас қойған. Сөйтіп жүріп ойындағысын жүргізіп жаза алатын, «кәзит» танитын дәрежеге жеткен. Бұл еңбегі түбі «зая» кетпеді. «Жазудың» қызығын бір көрген кісі осындай-ақ шығар.

Жоғарыға астыртын хабар айдайтын науқанның дүрілдеп тұрған шағында оның «жемісін» аз татқан жоқ. Басқа әріптестерінен мойыны озық, орамы икемді екенін анық

аңартқан. Біреулері: «хабарлаймыз», «мәлімдейміз», «ескертеміз» деп тағысын тағы түрлі дабылдама — тақырыпша қойып жөнелтіп жатқанда, Бұқпа бұл атау-анықтамаларды таптаурын, жаттанды санап, өзгелерден өзінің құрық бойы жүйрік, зеректігіне жүгініп, өз мүмкіндігін іштей сезіне қазекеңнің аттың түгіндеі қаптаған қалың кара сөзін қазбалай отырып, қолайына келіп, көңіліне қонған осынау атауды — «Білдіріс» деген сөзді құп көріп, өзіне еншілеген.

«Білдірістің» атының өзі көзі түскен кісіні елең еткізер, мен мұндалаған қиқулы, құйтырқылы көрінсе, заты да келісті келетін. Ішіндегі қарақталған жәйіттердің қай-қайсысы қисынына шүбә келтірместей сүмірейіп тұратын. Соның «шапағаты» шығар кезінде Бұқпа көздегенін қапы жіберген емес. Мұның оғы тигендердің қайтып келіп қатарға қосылғандары және жоқ. Солардың ішінде — бұл төңіректегі отыз жетінің алғашқы «төл басыларының» бірі болған — жаңағы осы ауылға келіп кеткен Бақыштың әкесі Әкіш те бар-ды.

Ой, әсіресе, соғыстың алдындағы жылдары қанжығасы қызылмайланып, базары жүріп берді-ау. «Кұпия бөлімге» хабар жеткізіп тұратын «құлақтардың» арасындағы сенімдісі, қырағысы, алғыры ретінде айырықша бағаланған, беделге ие-тін. Дәуірлеген тұсы сол ғой. «Саяси бөлімнің» өзіне тікелей басшылық ететін қызметкерінен басқа жан баласына бағынып, бас иіп, кісі деп көрдіме екен-ау. Аспандағы құдайыңды, жердегі өкіметіңді де керек қылып, бар, жоқ демеген шығар дәл сол кезде. Бірақ өлшеусіз дәурен қайда дейсің. Соғыстан кейінгі кезеңде, әлдеқалай, Бұқпа жүзі қайтқан ұстарадай көп жұмсалмай, ескерусіз, шет қақпай қала бергендей сезінген өзін. Әлде өзі бұрынғыдай құлшыныс танытпай, жасы ұлғайған сайын шау тарта бастады ма, қайтты; әлде алды-артына қарамай, обалсауапты білмей, құдайдан қорқу, адамнан ұялу дегенді ұмытып, ойына келгенін істеген арамза әрекеттерінің шетжағасы мынау елге әйгіленіп, сыры ашылып қалғандай болған соң кей тіршіліктен бопсалап, бой тартты ма, кім білсін, әйтеуір, әлденеге тайсақтай бұғынып, тұйықтанып, жұрттан бойды аулақ салғандай күй кеше бастаған. Әсілі, сара жолда сарнатқан сары аяңынан табан астында жаңылғандай жалт өзгеріп, бұл қалыпқа түсуіне соғыстан кейінгі сол бір оқиғаның да әсері жоқ емес сияқты... Айт-айтпаса, сол оқиға садағын соңғы тартуы екен. Онан кейін бұл «кәсіптен» мүлде қол үзіп кетті десе болғандай-тын...

Бұқпалар «киіз пәпке» асынып алғаш атқа мінген тұста

тек қана бай, болыстардың тұқымын ғана емес, сонымен бірге ел ішінде атақ-абыройы бар, белгілі әулетті де қоса қырына алатын үрдіспен бұл да сол кезде жеті аталарынан бері қарай табиғатына сіңген тәуіпшілік қасиеттері бар, араларынан діндарлық қуған пірәдар, халпе атанған кісілер көп шыққан белгілі бір атаның балаларының соңына ақысы кеткендей екілене түсіп, ақыры, несін айтасың, торғайдай тоз-тозын шығарған-тын. «Отырса опақ, тұрса сопақ» көзге түртіленіп, не жазғандарын білмей, не істердің амалын таба алмай далбасалап, бас сауғалап, көпшілігі Бұқпа--лардың құрығы жетпейді-ау деген қиырға бой тасалап, Тәжікстан, Өзбекстан ауып, бұл жақтан қол үзіп тынған.

Соғыс біткеннен кейін екі-үш жылдан соң бұл ауылға сол әулеттің балаларының бірі қайтып келгені. Өзі соғысқа қатысқан, «пенге» түсіп шыққан да әңгімесі бар, жүзі төменшіктеу, жүдеу бастау жігіт екен. Осында қалған қадау-қадау жамағайындарын сағалап, ел деп аңсап, паналап келген жайын жұрттың бәрі сезген. Жетім, жалғыз байқұсты шет қақпай қылмай орталарына алатын қалып танытқан. Алайда оның ауылға мына келісі, жұрттың аңғартқан ықылас-ыңғайы, неге екені белгісіз, Бұқпаға ұнамаған. Келген-кеткең қарайғанға, тырс еткен сөзге құлағы түрік, қалт жібермей қадағалап жүретін Бұқпа аз күнде-ақ бұл жігіттің жай-жапсарына қанып, немістердің тұтқынында болғанын естіген соң, тіпті, айырықша қырына алғандай еді...

«Бұл қаңғып жүрген байқұс маған қандай қайрат көрсетпек, мұнан маған не келер, кімнің қорасына түсер дейсің осы» деген ойға жүгінген жоқ шығар. Әйтеуір, жемемде бұл ауылға тұрақтатпай түріп тастағанды жөн көрген ниет-пейіл көңіл түкпірінде бас көтеріп, кетпей тұрып алғаны.

Жігіт, әкесі марқұм әу баста атын тауып қойғандай, Момын десе момынның өзі еді. Үлкенмен де, кішімен де қалтарыссыз ақтарылып сөйлесе беретін. Елге әңгіме керек. Өздері көзбен көрмеген кешегі соғыстың алапатын ауыздарының суы құрып тыңдайды. Білмегенін сұрастырады. Момын айтудан жалықпайды. Басынан өткен нелер қым-қуыт жайларды, ертегідей ежіктеп отырғаны.

Сондай әңгіменің бірінде көптің ішінде жасы үлкен қария кісі, бәлеліктен аулақ, жай көңілмен:

— Момын, шырағым, осы немістің алғашқы қарқыны бет қаратпастай еді ғой. Әрмиясының өзі бастан-аяқ көк темірмен құрсауланған, солдаттары әскер ойынының не түрімен жаттыққан, сұмдық деуші еді. Қалай жеңіліп қалды солар,— деп сұрағаны.

Ойында түк жоқ Момын өз білгенін тұспалдасын:

— Біздің халық жансебіл, қиындыққа төзімді екен ғой. Өліп жатсақ та қайтпадық қой. Жеңбей қоймадық ақыры. Мен бір көргенімді айтайын, қария. Далада өліп жатқан немістің солдаттының ақ көйлегінің жағасын қарасаңыз, кір шалмаған болады. Ал тірі біздің үстіміздегі битіміз тонымыздың сыртына шығып жүретін кездеріміз бар,— деген.

Осы сөз сол күні Бұқпаның құлағына тимей қойсын ба?! «Іздегенге сұраған» дөп келмесін бе, сөйтіп. Сол, сол-ақ екен Бұқпа шұғыл іске кірісіп, бұл жігіттің арғы-бергі өмірбаян, тарихынан қажет деген тұстарын тізбелей отырып: «Енді қазір ел арасына Совет Армиясы неміс басқыншыларын қаһармандықтың арқасында емес, өлермендіктің нәтижесінде жеңді» деген қауесет әңгіме, теріс үгіт таратып жүр»,— деп «Білдіріс» түсірмесін бе.

Момынның ертеректе жарақаттанғаннан қалған іләсі бар. Денсаулығы келісіп тұрмаған жігіт екені кеудедегі сәл алқынса шыға келетін сырыл-сызатынан да, ілмиген жүдеу пошымынан да анық байқалатын. Жан күйттейтін жағдайы қане, елмен бірге таудан қоныстануға қарай тартылған канал қазу жұмысына қатысатын. Шілденің шырқырап тұрған шағы. Азанғы, кешкі салқында өндірмесе — кісі ыстықта істеп береке таппайды. Сол үшін күн шықпай бастайтын колхозшылар сары сәскеге таяу жұмысты тоқтатып, түскі демалысқа ауылға қарай бет алған.

Шілденің аптабымен жер қазудың бейнегінен барлығып, еріндері кезеріп, күреңітіп кеткен жұрт ұшып-кеуіп, бар мақсаттары бір аққұман шайға жетіп жығылу болып, ындындары құрып, келе жатқан. Тап сол сәтте алдарынан осы жақтың «учасковоймын» деп ауданнан жиі-жиі қатынап, ауылды атпен аралап көріп тұратын милиция жігіт кезікті. Бұл өзі түр-түсі де, жүріс-тұрысы да суықтау, қалпы қатыгездеу жан еді. Сонан ба, жұрттың зәрулері қалмай қорқатын. Астындағы ақ сұр жорғасын тайпалта, ентелей келіп:

— Әй, Молдабеков, түс менің алдыма қазір! Ауданға жүресің!— деді көптің соңын ала ілби аяндаған Момынға зәрлене көз тігіп.

Ол, жазған, екі сөзге келген жоқ. «Қайда», «неге» деген жоқ, мынаның кәрінен қорғалағандай үн-түнсіз томпаңдап көптен шеттеп бөлектене бастаған. Милиция жігіт атының басын солай бұрып, таянып барып:

— Жүр жылдам,— деді қамшысын көтере.

Момын бүкендеп алдына түсе беріп, артына жасқаншақтай бұрылып:

— Қаталап, шөлдеп келе жатыр едім, ауылға соғып бір кесе су ішейінші,— деді.

— Әй, сенің тәрекуіңмен жүретін жайым жоқ. Асығысың. Өлмейсің ауданға дейін, жүр жылдам,— деді зекіре, камшысын үйіріп, атымен омыраулай қақтырып. Момын қайтып ләм-мим демеді, алдына түсіп бүкектей жөнелді.

— Құдай сорын ашпаған, Момын сорлы, құритын болды-ау. Мына ыстықта сонау «ит ішпестің ала көліндегі» ауданға жеткенше ұшып өледі ғой. Екі арада не ел жоқ, не тамшы су жоқ. Ойпырым-ой, адам баласы да мұндай мейрімсіз бола береді екен-ау. Мына сідік шаптырым жерде тұрған ауылға соға салса қайтеді,— деді көптің ішіндегі кекселеу әйел. Басқа жұрт тым-тырыс, үнсіз.

Сұр аттың жол жорғасынан қалмай бүкеңдей ілесіп отырып, екі арадағы жиырма шақырым қашықтықты артқа тастап, бесінге таяу аудандық «НКВД»-нің ауласына келіп кіргенде, Момынның етек-жеңінен сүмектей тер тамшылап тұрды. Өзі өң мен түстің арасындағыдай шала есті күйде еді. Санасында тек бір жұтым суды ойлаған ғана сезім бар-тын. Ауланың ішіндегі қауғалы құдықты көрген бойда ешкімнің рұхсатына да қарамай, ешкіммен жұмысы да болмай солай тартқан. Апыл-ғұпыл қауғаны құдыққа сүңгітіп жіберіп, шекесінен өткен тастай судан бас көтермей сімірген.

Бұл кезде кеңсенің кезекшісі бастыққа тиісті адамның жеткізілгенін мәлімдеп жатқан.

— Бүгін жауап алуға уақытым жоқ. Бір жаққа жүргелі отырмын. Ертең сөйлесермін. Жалғыз кісілік «ерекше» бөлмеге қамай салыңдар,— деді ол.

Сол тапсырмамен кезекші аяғынан теңселіп әрең тұрған Момынды жетелеп келіп, асты-үсті цемент, көрдей суық, қап-қараңғы бөлмеге әкеліп «жайғастырған». Мұз еденге жамбастай жантайған бетте тұла бойы қорғасындай ауыр тартып, ұйқы айналдырғандай өзінен иелік кетіп, әлдеқандай қараңғы дүниеге құлап бара жатқандай сезінген. Сонан ұйықтап кеткендей болған. Қайтып есін жия алмады.

Ертесіне әрі жұлқылап, бері жұлқылап тұрғызбақ болғанда көзін ашпаған, мына дүниемен шаруасы жоқ, барып-келіп, сырылдап әрең демалып жатқан Момынды:

— Немістің абақтысын да көрген жырынды емес пе. «Өнер» жасап жатпасын,— деп әрлі-берлі домалатып, тепкілеп те байқаған. Ақыры жағдайының жайшылық емесіне көздері жеткен соң барып, ауруханадан дәрігер алдырты. Дәрігер:

— Өкпесі қабынып кеткен. Ұзамайды. Кешікпей үзіледі,— деп қорытындысын айтты.

Момынның дүние салғанын естіген ауылдағы ел біреу ұрып өлтірді ме, жоқ өз ажалынан кетті ме, ол жағын кімнен сұрап, кімнен анықтасын. Оның, тіпті, керегі бар ма, бірақ суық хабар жеткенде жағаларын ұстап:

— Ойпырым-ой, бұл адамның, оның өмірінің көк тиындық құны қалмағаны ма?! Неге осыншалық қадірі кетіп барады адамзат баласының?!— деп қабаржыды.

— Бейшараның не кінә, не жазығы болды екен? «Қой аузынан шөп алмайтын» жазғанның өзі еді ғой,— деп таңданысты біразы.

— Ажалекенді қойсайшы бұл,— деп бас шайқасты.— Соғыстың қырғынынан, немістің тұтқынынан — бәрінен аман-есен жеткенде, аңдып тұрып кезіккен жерін қарасайшы.

Бұға-бұға, шыдай-шыдай, осы кезге дейін тырс етіп үн шығармай келіп, енді әбден іштеріне сыймай кеткендей; зардабы жандарына батып, пісуі жеткен күбірткедей солқылдатып, сыздатқан ащы шындықтың шет жағасын шығара ашына-ашына айтылған сөздер де естіліп қалған көп ішінен.

— Байқұс бала, ел деп емексіп, өндіршегің үзіліп, несіне бұл жаққа келе қойдың екен. Бұқпаның қанды қақпанына өзіңді-өзің айдап нең бар еді.

— Иә, бұл жылымқұрт талайдың түбіне жетті ғой. Қанша кісінің қаны бар десейші мойнында. Қанша жұртты зар еңіретті. Сонда да араны бітелетін емес. Адамның нақақ көз жасы жібермейді деуші еді, қайда сол, қане? Бұған таянған бәле жоқ әлі. Осының сыйынған құдайы мықты екен де бәрінен.

— Е-е, оның рас. Жамандыққа өлім бар дейсің бе?! Қарау жанның қылмыс жасаған сайын семіретін әдеті ғой,— деген сөздердің сарыны еміс-еміс Бұқпаның да құлағына жетіп жатқан.

Жұрт арасында бүйтіп сөз қашқаны оған ұнамады. Әлденеден бой тартып, іш жия бастаған. «Сүмелек неменің өлімі» мұның да күтпеген нәрсесі еді. Өйте қояр деп ойламаған. Заманның аужайы басқалау. Бұрынғыдай кезенгендерін келмеске жібере беретін жағдайы жоқ, болса да, қазір. Ол заман қайда, шіркін. Әйткенімен «сонау кезде өзінің тұқымына мұның көрсеткен қысымын ұмыта қойды дейсің бе, білмейді дейсің бе» деп ойлады ма, әлде жасаған қиянат-күнәсіне бір адам болса да куә, «көз көрген» азая берсін деген есебі бар ма, әйтеуір, сол «сүмелек» осы ауылға қайтып келгеннен жұлдызы қарсы болғаны рас еді.

«Тегінді ұрайынды, сабылдырып, сарсылтып, ауданға қайта-қайта шақыртып, басын сандалтып қояйын, сөйтіп, бұл жерден көз көрмес, құлақ естімеске кетіп тынатындай етейін. Қарасын батырсын»,— деп қана ойлаған...

«Сіңіріне сүйретіліп, ілініп тұрған неме, көрдің бе, жаласын бұған жауып, қисая салғанын»,— деп іштей кіжінді енді.

Дегенімен осы оқиғадан кейін Бұқпа біраз жыл тым-тырыс, тоң-торыс, елден жырақ күй кешкен. Сонан бірте-бірте тақуалыққа ат басын бұрғандай кебі бар-ды. Бұрын құрандай әспеттеп, түн баласына бас жағына жастанып жататын «қара пәпкені» сандықтың түбіне тықтырып, әйеліне ақсұрыптан жайнамаз тіктіріп, шәждаға жығылып, қолына тәспі ұстай бастаған. Кейінірек ауыл ішіндегі қазалы жиын, бас қосуларда бой көрсетіп қалып жүрді. Сөйте-сөйте кей жерлерде нәшіне келтіре құранды созып, «құлқуалланы» қайыратын әдет шығарды. Мұнысын былайғы жұрт теріс көрмеген. Қайсылары:

— Мына кісі құранды тәп-тәуір оқитын тәрізді,— десе:

— Ой, бұл ескіше сауатты ғой. Мектебін тауысқан емес пе. Уақыт басқа болып, ұстамай кеткен ғой, әйтпесе, мына оқып жүргендердің бәрінен бұл терең,— деп өткеннен хабары бар тұрғыластарының қайсысы қошаметтегендей көтермелеп қоятын.

Көп ішінде не әңгіме кездеспейді.

— Ой молда ғой бұл, молда,— деп тағы бірі әлгінің сөзін қоштап жатса, жұрттың арасынан:

— Қайдағы молда. Күні кеше «тыңшылық» жасап талайды зар қақсатыпты ғой. Барып тұрған жауыз емес пе,— деп сөз шығаратындар да болмай қалмайтын.

Мұндайда араға түсетіндер де сол көптің өзі:

— Тек, олай деме! Жасы үлкен кісіде нең бар. Қажеті не сондай әңгіменің. Ол кезде заманның ағымы солай болды. Кімді кім білгендей дүние. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Өткен-кеткеннің кемшілігін, жамандығын тергеннен ағайынның арасы ашыла бермесе, қосылмайды. Ол-дағы тағдырдың салғаны шығар. Пенде күнәні жасайын деп жасай ма. Кісінің басынан не өтпейді. Қай-қайдағыны қаузамаңдар,— деп тоқтам-тұжырым айтатындар да бар.

— Иә, ол бір өткен заман ғой. Уақыт үкімі ме, қайтсін, әркім әр түрлі тіршілік кешті. Бас сауғалағаны шығар. Жастықта кісі неге ұрынбайды. Ұлғайғанда тәубасына келіп, өткенге кешу сұрап, жақсы қартайған адамды айтың-

дар, онанда. Бүкең, дегенімен, есі бар жан ғой, бұрынғы-соңғыдан хабардар зерек кісі ғой. Жақсы қария болып келе жатыр, әсілі. Бес уақты намазы мойнында, тасибығы қолында. Дұрыс қой, дұрыс,— деп жаңа алдында Бүкеңді жақтаған замандасын қоштап, қуаттаушы да табылатын.

Қалай дегенімен Бұқпа — Бүкең болып, тәуір қария атанып келе жатқан. Кей тұрғыластары шынымен осы ыңғаймен, құп көріп, ілтипат сездірсе; кей қатарлары жаратылысынан қыртысы қалың, ішінің қатпары мол, зымыяндау, сұңғыла табиғат, безбүйрек шалдың әлі де сесті, тылсымдау қалпынан іш жиып, «бәледен машайық қашыпты» дегендей, ығысыңқырай жол беретін. Келе-келе Бүкең ауылдың қадырменді ақсақалы санатында кісі басы жиналған жердегі төрге алдымен шығатын дағды тапқан.

Сол үрдіспен кеше Әкіштің артында қалған жалғыз ұлы — Мәскеуде үлкен оқуда оқып жүр деп еститін Бақыш арнайы келіп сәлем бергенде бұл еш таңданбаған. Қайта ел аузына ілігіп, жақсы атанып жүрген жастардың құрметті ақсақал — қарттарға сәлем беруі, елеп, ескеруі біліктілік, кісілік деп қабылдаған. Ықылас білдіріп, риза болып қалған.

Үлкен жер, үлкен оқуда жүрудің кісінің мәртебесін көтеріп, жүзіне ізгілік, парасат нышанын ұялатып, ажарына ажар қосатын бәлесі бар-ау осы. Баяғы Әкіштің жаман баласын төре дерсің қазір. Сып-сыпайы, сап-салмақты. Сөзі, үні қандай биязы. Сөйте тұрып кісіні өзіне жүгінткендей сесі анау. Жаңа ұйыған жас қатықтай әжімсіз, ашық ажары қандай жарқын, пайымды. Жұмсақ жымып қойып, байсалды сөйлеген әңгіме мақамында, дауыс ырғағында соншалықты сенімділік, орнықтылық аңғарылады. Қасына ілесіп оны бұл үйге ертіп келген өзінің ұлы Басқармабек пен осы совхоздың парторгі еді. Жас шамалары құралыптас екі жігіт те мынаның жанында әлдеқайда қораш көрінгені көзіне. Жас қонағының айбыны асып жатқандай тәрізі. Оның бас-аяғына байыптай көз жүгіртіп, әлгіндей күйді көңіліне түйген Бұқпа кішік пейіл таныта құтты қадам, оң сапар тілей отырып, есіне алып сәлем бергеніне рахмет айтқан.

Бұл да ет пен сүйектен жаралған пенде ғой, ойына әлдене түсті ме, жоқ түбі жүйкені жасытпай қоймайтын кәрілік иттің нышаны ма, әлде мына қонағының мысы басып, не істерін білмей қалбалақтағаны ма:

— Әкең, марқұм, екеуміз жасты едік,— деп көзіне жас алсын.— Сыртыңнан хабарыңды сұрастырып отырамыз.

Тілеуқормыз. Дұрыс-ақ, ел-жұртты ұмытпай есіңе алып жүргенің. Келіп ағайын аралап жүргенің.

Амандық-саулық білісіп, жай-жағдай сұрасып, нан ауыз тигеннен кейін Басқармабек:

— Тәте, Бақышқа кешке үйге қонақ бол деп едім. Ауылдың активтеріне келіндер деп айтып қойдым. Бірге отырыңыз әңгімелесіп,— деген. «Бәленшекеңдерді де шақырайын» деп әкесімен тұстас, екі-үш ауыл қариясының атын атаған.

Кешінде, осы отырыстың үстінде, Бұкпа Әкіштің баласының бұл жүрісінің жәй жүріс емес екенінен хабар тартқан. Қонақ күтіп отырған баласының сөзіне қарағанда, совхоз басшыларының ыңғай-емеурініне қарағанда Бақыш жуық арада осы ауданға екінші хатшы болып келмек көрінеді.

Мына жаңалық отырған жұртты айран-асыр қуанышқа бөлеген. Қазір пенсияға шығып есік алдында қозы, лақ қайырғанымен, кезінде ауыла арасында атқа мініп, аздықөпті қызметтің дәмін татқан көктұқыл шалдар жағының ішінен бұрынғы, соңғы әруақтардан қозғап:

— Ойпырым-ай, осы ауданның төріне отыратын біздің атаның баласынан да бір ұл шықты-ау. Бәсе, елдің қоры біз бе едік. Ой, азаматым, қыдыр шылауында жүрсін,— деп кемсендеп көзіне жас алғандарын қайтерсің.

Бұл ду-ду әңгімелер, әрине, Бақыштың ырқынан тыс өрістеген. Отырған жұрттың қайсысының аузына қақпақ қоя аласың... Тіпті, осы әңгіменің жұрттың құлағын шулауының өзі мұның күтпеген жағдайы...

Институт бітіргелі бері осы облыстың аумағы дегенімен басқа аудандарда қызмет атқарып, бұл жақтан қол үзіп, саяқсып кеткендей күйі бар-тын. Кейінгі кезде облыстық партия комитетінің аппаратына жұмысқа ауысып сонда екі-үш жыл істеген соң, Мәскеудегі жоғарғы партия мектебіне кеткен. Биыл соңғы курсында. Аз күнде оқуын бітіреді. Жақында кезекті демалыстың ыңғайымен үйіне келген бойы мұндағы басшылық не ойлап жатыр екен, алдағы жұмыс жағдайы қалай деген тіршіліктердің қамымен өзі бұрын қызмет атқарған ұйымдастыру бөлімінің бастығына, обкомның тиісті хатшыларына кіріп шыққан. Ол жолдас-тар ақылдаса келе бұрынғы істеп жүрген жігіті осында ауыл шаруашылығы бөліміне меңгерушілікке шақырылып алдырылып, тап қазіргі сәтте бос тұрған орын — «Көкдала» аудандық партия комитетінің екінші хатшылығын ұсынған.

— Ондағы бірінші Әлекеңді білетін шығарсың. Көптен келе жатан кісі. Тәжірибелі адам. Жасы бірқатарға таян-

ғанымен сол іскерлігі үшін әзір қозғамай отырмыз. Дегенімен енді бірер жылда пенсияға кетеді ғой. Қайта оған дейін бірге істесіп, керек жерлерінен үйреніп, ауданның жағдайымен қаныға бер,— деп арғы жағынан әлдене сырдың ұшын қылтита емеурін аңғартқан обкомның бірінші хатшысының өзі.

Бұл келісімін берген.

«Көкдала» мұның туған ауданы болғанымен ол жақпен аралас-құраласы шамалы, хабары сырт еді. Сөйткенімен елім деп емексуден құр алақан емес, әрине. Әр кезде сол елдің аты атала қалса құлағы елендеп, бүйрегі бұрып тұратын әдеті бар. «Сыртта аз жүргенім жоқ қой. Барсам барайын»— деп түйген. Осы шаруаның иінімен обкомға кіріп-шығып жүргенде жақында ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылық жұмысқа ауысып келген, бұл өзі көп таныстығы жоқ, бірақ сол «Көкдала» ауданының кісісі екенін сырттай білетін бір жас жігіт сәлемдесіп, ізетті ыңғай аңғарта:

— Бәке, қайырлы болсын. Тілектеспіз. Іштей қуанып қалдық. Қалай дегенде де, ыстық-суығына күйетін, жай-күйіне жаны ашып, жүгіретін өз аулыңыз ғой. Дұрыс шешілген шаруа екен. Сіздің барғаныңызды ол жақтағы ел қуана құптары сөзсіз,— деп келіп құттықтағаны.

«Ой, не деп тұрсың? Қайдан естідің?» немесе: «ол әлі белгісіз, алдағы шаруа ғой. Шешілмеген әңгіме ғой»,— деп бұлтарып, ыңғай бермей кетуге көшеде кезіккен біреу емес, сол бөлімнің қызметкері. Оның құлақдар болуы, тіпті, қатысты болуы екі бастан заңды. Сонан соң қашқалақтап, сырғытпалатып жатуды ыңғайсыз санаған. Ниетіне ниет танытып:

— Рахмет, інішек,— деп құп алған.

Түбі сол жігіттен сөз қашты ма, кім білсін, ол жағы беймәлім. Мүмкін оның да жаманшылық ойлап, қасақана жасаған шаруасы емес шығар. Сөзге құмар, сыбыс құған заман болып тұр ғой бұл өзі. Әлгі естіген, білген жаңалығын ол да қаладағы ма, аудандағы ма жақын-жуық әлдекіміне жеткізуі кәдік. Сонан, айналайын, ел ішінің сымсыз телефоны арқылы аз уақытта-ақ жұрттың талайы құлақтанып үлгеру әжеп емес...

Демалысының бітуіне әлі едәуір уақыт бар-тұғын. «Қамалып үйде жата бергенше бірер күнге осы ауылға барып, үлкен-кішімен жүздесіп, елдің ақуал-ажарын көріп қайтсам қайтеді»,— деп ойлаған. Көптен ол жаққа ат ізін салмапты. Әкесі мұның тәй-тәй басып жүрген кезінде «қажыға кетіп» сонан оралмапты. Ол жайдың шет жағасын шешесі марқұм, әредік-әредік айтатын. Шешесі, топырағы

торқа болсын, ер кісідей қайратты, жарамды адам еді. Бұған бәлендей жетімшілік тауқыметін тартқызбады. Қатарынан кем қылмай өсірді. Төңірегіндегі жұрт та «кешегі Әкіштің жесірі, Әкіштің баласы» деп сыйлайтын. Шет қақпай қылған жерін Бақыш өзі көрген жоқ, обалы нешік. Он жылдықты ауыл мектебінен бітірген соң, Алматыға барып институтқа оқуға түсті. Оның соңғы курсында жүргенде шешесі қайтыс болды. Сонан кейін-ақ мұның ауылға қатынауы сирексіген. Ет жақын туыс-туманың да жоқтығы себеп шығар, жұмысының реті де солай шығар, кейінгі кезде, мүлде бармаған екен. Енді сол есіне түсіп, қарадан-қарап аңсарының ауғаны. Таныстарынан сұрастырып көлік қарастырған, оның да реті келе кеткені.

«Көлеңдеп қыдырыстағандай жүремін бе сол» деп жоллай аудан орталығын басып өткен кезде аутпарткомның кеңсесіне де бұрылып соқпай, аттың басын совхоз орталығына бір-ақ тіреген. Совхоздың парторгі кезінде мектепте, онан кейін Алматыда қатар оқыған, осы ауылдың жігіті екенін білетін. Оның да үйіне бармай, алдымен кабинетіне келді.

— Ой, Бәкесі-ау, қайдан жүрсіз. Сіздің де ел-жұрт іздейтін, ауылға ат басын бұратын кезіңіз болады екен-ау,— деп парторг жігіт қауқалақтап, шын қуанып қалды. Дереву телефонның құлағына жармасып, совхоздың директорын және бәрі бала кезінде қатар өскен қазір осындағы бас зоотехник Басқармабекті шақырды. Олардағы қалтарыссыз көңілмен құшақ жая сәлемдескен. Алайда Бақыштың күтпеген әңгімесінің ә деп тап сол жерде алдынан шыққаны. Үшеуі бірдей жарыла жамырай:

— Бәке, хабарды ұзынқұлақтан естіп қуанып жатырмыз. Мұныңыз дұрыс-ақ. Жұртқа жасаған қызметіңізді өз ел, өз ауданыңызға жасасаңыз артық бола ма. Ауыл жаққа ат басын бұратын кезіңіз келген шығар,— деп арқа-жарқа құттықтаған сәтте таңырқап, не дерін білмей, сілейіп отырып қалған.

Мұның ыңғайсызданғанын аңғарғанымен онысын аналар кішіктікке, сыпайылыққа жорып, жеңіл-желпі жуып шаюға көшті:

— Бәке, біз өзіңізбіз ғой. Айып көрмеңіз.

— Біздікі тілек қой. Шын тілек. Құтты болсын.

— Естіген соң қуанышымызды жасыра алмай. Бөтен кісілер емеспіз ғой...

Мұнымен де қоймай қайта оралып соғып, еріксіз әңгімеге тартып:

— Дегенімен игілікті шаруа екен. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегендей бір әңгіменің ұшығы бар-ау тәрізі,— деп үндемей қалуға енді рет тастамай емінген.

Өздері бәрін біліп, ағынан жарылып отырған мыналарға «ондай әңгімені естіген жоқ едім» деп жалтаруға дәті жетпеді. Амалы құрып:

— Сондай да бір шешім бар сияқты,— деп төмен қараған.

Жалпы осы әңгіме көңіліне әлдеқандай түйіткіл ұялатып, табан астында облыс орталығына қайта қайтып кетуді ойластырып көрген. Келіп тұрып, ақай жоқ, тоқай жоқ тұра жөнелудің есебін таба алмағаны. «Жұрт не ойлайды. Бұл неғып жүрген адам дер. Жынды ма дер. Қой ең құрмаса көзі тірі ауыл ақсақалдарына сәлем берейін. Кейінгі кезде қаза тапқандарының өзін білетіндерінің от басына кіріп шығайын. Сонан соң ертелеп, жүріп кетермін» деп өзін-өзі тоқтатқан. Енді мына отырыстағы желпініп алған жұрттың әңгімесінің тұздығына айналып сол мәселе қайта-қайта ауызға алынған кездерде келіскендей бас шұлғи бергеннен басқа еш істер лажы қалмағандай.

Жиналған көп тойдан қайтқандай дабырласып, кеште-тіп барып тараған. Тараған бойда да жөн-жөніне жылыстап кетпей әлдене шаруаға кеңескендей шұқыр-шұқыр сөйлесіп, тағы едәуір уақытты өткізген. Ертесіне Бақыштың:

— Рахмет жігіттер! Жұмыстарыңнан қалмаңдар. Біз жүре береміз өзіміз. Шығарып саламын дегенді қойыңдар,— деген қарсылығына қарамай:

— Оу, Бәке, сіз күнде келіп жатырсыз ба?! Ол не дегеніңіз. Сіздің жаныңызда жүрген бір-екі сағатқа қарап қалып па совхоздың шаруасы. Ауылдың сыртына дейін аттандырып салайық ең құрмаса,— деп екі жеңіл машинаға тиеліп ілесіп отырып, совхоз бен аудан орталығының арасындағы асудың етегіне келіп тоқтаған.

Сол жерде жол жиегінен әріректегі жазыққа дастархан жайылды. Тағы да тілек, тағы да ыстық қауым ықыластар білдірілген. Хош айтысып, Бақыш өз машинасына отыруға оқталғанда парторг жігіт қолынан ұстап кідіртті, әлдене әңгіменің ұшығын байқатып, толғана сөйлеп кеткен.

— Бәке, ауыл баласы болып ағайынға салмақ салған жігіт емессіз. Елдің елдігі, ағайынның ағайыншылығы деген бар. Ол енді атамыз қазақтың үрдісі. Қай заман, қай қоғам болса да ата салтымыздан безе алмаймыз. Өзіңіз тәрізді ауылдан тыс жерлерде қызмет етіп жүрген жігіттер ара-тұра соғып, бірі соғымын алып, бірі той-томалағына, қажет

жағдайына ағайынның қолқабысын көріп жатады. Оның еш әбестігі жоқ. Азамат елім десе, елі азаматым демей ме, әсте. Соның жарастығы емес пе бұл. Сіздің қалпыңызды, пейіл-құныңызды, біреуден бір нәрсе дәмете қоятын жан емес екеніңізді сырт жүрсек те білеміз. Бұл жолы да бір нәрсе сұрай келді екен деген ойдан аулақпыз. Алайда әр-нәрсенің реті, жолы бар. Ағайынның ықылас-пейілі бар. Ал мынау — сол. Ауылдан ат мініп аттаныңыз,— деп келіп ақсұр конвертті ұсынған.

— Жігіттер, бұларын не?! Қойындар оны. Рахмет көңілдеріңе. Келдік, сәлемдестік. Осы ағынан жарылған пейілдеріңнің өзі не тұрады. Соған ризамын,— деп Бақыш ауылдастарының жасаған мезіретінен шын бас тартқан ыңғай байқатқан.

— Бәке, мұныңыз не?! Бізді кім дегеніңіз?! Манадан бері мен не айтып тұрмын,— деп парторг өкпе-наз білдірді.

Басқа жігіттер де:

— Ойпырым-ай, Бәке, бұл қалай? Бізді бөтен санағаныңыз ба. Азын-аулақ жасаған ілтипатымызды теріске жорығаныңыз ба?!

— Қазақтың «алмақтың да салмағы бары» бұл жерге, сіз бен біздің арамызға жүрмесе керек. Ол жағын түсінсеңіз керек етті. Мұныңыз қалай?! Біздің көңілімізді жерге қаратпаңыз, Бәке, бүйтіп,— деп ағайыншылық базына артып, қоршалай қаумалап қалған.

Мұнан өзге тағы талай өтінген, туыс-тумалықты пұлдай қоңырайған, қиылған әңгімелер айтылған. Жігіттердің шын ниеті еді, Бақыш оны сезбей тұрған жоқ. Сонан соң да ұсынған ықыластарынан қолын сермеп аттап өтіп кетуге дәті жетпеген. Соңы мәмілемен орайласып, алға қарай ат басын түзеген Бақыш та риза, топталып ауылға қайтқан көпшілікте риза күйде қорытындыланған шаруа-ақ еді.

Бірақ қазір Бұқпаның қолына қалам ұстатып, ой қаузатып қойған да осы шаруа болып тұр-ау...

Әкіштің баласының өзіне сәлем бере келгенін іші теріс көрмей құп алғанымен, алла разы болсын айтып, ашық қабак танытқанымен, Басқармабектің үйіндегі кешегі әңгімеден ауданның екіншісі сайланғалы тұрғанын есітіп; кешелі-бері осы ауылдың бас көтерер азаматтарының оның төңірегінде құрақша жапырылғанын көріп; енді әспеттеп шығарып салудың қамында шабуылдап жүргенін сезіп Бұқпаның ішіне әлдеқандай қызғаныш енгені. Сонан көңілі сабындай бұзылсын. Баяғыда ұмытылған әр түрлі қарау ойлар бой көрсетіп, белгісіз бір қыжыл иектегені. Сон-ау кезде өзі келмеске жіберген жауы Әкіштің ұлы енді осы

ауданды басқармақ. Қарайғөр, бәлесін. Осыған қол ұшын берген кім бар дейсің. Өз бетінше тырбанып тіршілік етіп жүрген әрекеті. Өлермен бе, жоқ есті бәле ме?! Мұның мына қатын бөксе жаман баласы ештеңемен ойы жоқ, соның шылауына оралып, жаны қалмай, пора-порасы шығып, шауып жүр. Әкесі базардан келгендей мәз, жетесіз. Намыс жоқ. Ол неме ертең ауданға келіп отырса, соның шашбауын көтеріп, боданында жүруге пейіл. Солай жүреді де ғой. Осы жетесіз үшін аянып қалған жері жоқ, Бұқпаның. Дүниеге тірелер тіршілік болса қолын қаққан емес. Азды-көпті абыройын салып, аяғы жетер жеріне кіріп, сөзі жетер кісіне жанастырудай-ақ жанастырды. Сөйткендегі шыққан төбесі осы. Қойдың шуашынан ұзап ешқайда бара алмады. Енді мына шапқыласын қарашы, кісінің жынын ұстатып.

Бүкең осылай толғаннан сайын «кәрі әруағы» қозғандай шамырқана түспегенде қайтсін. Шымырқанған сайын әлденеге кектеніп, көңілі қараулыққа қарай тарта берген. Ақыры келіп, кемпірге қара сандықты аштырмасын ба...

Бүкең жоғарыға жолдар әңгіменің жүйесін оймен топшылап алған соң, ескі машықпен есілтіп отырып, ақ параққа түсірген.

«Мәскеудегі жоғарғы партия мектебін бітіргелі отырған Бақыш Әкішов — кешегі халық жауының баласы — осы күні «Сарыдала» совхозына келіп, осы «Көкдала» ауданына екінші хатшылыққа сайланғалы жатқанын мәлімдеп, совхоз активтерінен қаражат жинаған. Совхоз орталығында оның алдағы жаңа қызметке сайлануының құрметіне бағышталған екі күн, екі түн той-томалақ өткен. Ақыр соңында совхоз активтері жұмысты тастап, қос-қос машинамен қора-қора шұбатылып ілесіп, «болашақ хатшыны» аудан орталығына дейін дырдулатып шығарып салған. Сол жерде Әкішовтің қолына ішіне бәленбай мың сом салынған конверт тапсырылған».

Бұл жолғы «Білдірістің» ұзын-ырғасы, яғни, Бүкеңнің тор көз дәптердің қос парағына сықита толтырған әңгімесінде қамтылған үшбу жайлардың мазмұны осы-тұғын. Оны ықтияттап бүктеп, хаттап болып, осыны обкомының өзіне жолдасам қайтеді деп бір тұрды да, ол ойынан тез айныды.

«Қой, өздеріне бір қызықтысы болмаса, не сонда сол әңгімені аңдып отырған күтушісі болмаса, домалақ арызды кейде елемейтін де жындары бар. Ескерусіз етіп, домалатып тастай салар. «Ана» жердің өзіне жөнелтейін. Индеттірмей қоймас. Тиісті жеріне жеткізер» деп түйген...

Екі-үш айдан кейін оқуын бітіріп оралған Бақыш обкомға кіргенде алдынан шыққан әңгімеге еш уәж, дау қайыра алмай, тіпті, айтар ешнәрсе таба алмай төбесінен жай түскендей сілейіп отырып қалған.

— Ақыр «Көкдалаға» бет алған екенсің, жүре бер. Не тауып береді ондағы жігіттер өздері шеше жатар. Ал бізбен әңгімені тамам,— деді қабылдап отырған хатшы.

Басқа жасар лажы жоқ, бармақты шайнай-шайнай, өзін-өзі жеп, өзін-өзі кінәлап, сүйретіліп «Көкдалаға» жеткен Бақыш сұқтанған көздердің табасынан кірерге тесік таппай, жасып, тайсақтай апта бойы сенделіп жүріп, ақыры аудан басшыларының осыған барасың деген ұйғарымына келісе салған.

Алғаш айтылмыш жұмыс орнына бас сұққанда сағы сынып, жігері мұндай құм болмас.

Қиюы қарс-қарс айрылып кеткен қарағай есігінде қаптама әйнегі шытынай сынғаннан әрең оқылатын «коммуналдық шаруашылық бөлімінің инженері» деген жазуы бар; қысы-жазы күн сәулесі түспегеннен іргесі көгістеніп, борып, үгіліп жатқан; ішінен зәк иісі ұрған; сап-салқын, қара көлеңке бөлмеге кіріп барғанда тұла бойы тіксініп жүре берген. Тікесінен тік тұрған күйі отыруға да зауқы соқпай, күңгірт жалғыз терезеден арғы жақтағы көрінген кең далаға шағынғандай телміре қарап, ауыр күрсінген...

МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЕР

Құса	4
Алтын кездік	83
Дүние шіркін	159

ӨҢГІМЕЛЕР

Балпақ және қос қалпақ	222
Ағайын арасы	238
Аяштың «Абайкегі»	260
Жасан мен Жәкетай	272
Көрген түстей дүние	288
Жалғыздық	306
Шалқыма	321
«Үш ноян»	333
«Білдіріс»	365

Берик Шаханов

НЕДУГ

Повести и рассказы
(На казахском языке)

Редакторы *Б. Қанагбаев*
Суретшісі *Ж. Қасымханов*
Көркемдеуші редакторы *М. Есергенова*
Техникалық редакторы *К. Абдікәрімова*
Корректоры *З. Күзекова*

ИБ № 5233

Теруге 13.08.90 жіберілді. Басуға 21.12.90 қол қойылды. Қалпы 84×108^{1/32}.
№ 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Таймс тектес». Шығынқы басылыс. Шартты
баспа табағы 20,16. Шартты бояу көлемі 20,60. Есепті баспа табағы 21,66.
Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1413. Бағасы 1 с. 80 т.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар
достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124 Алматы қаласы, Абай
проспектісі 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» поли-
графиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы
480124 Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.

Шаханов Б.

Құса: Повестер мен әңгімелер.—Алматы: Жазушы, 1991—384 бет, портр.

ISBN 5-605-01165-0

Автордың оқырманға ұсынып отырған бұл жаңа жинағына жиырмасыншы отызыншы жылдардағы колхоздастыру мен ауқаттыларға конфискация жүргізу кезіндегі асыра сілтеудің қалың көпшілікке келтірген қиыншылық зардаптарын суреттеген «Құса», «Алтын кездік», «Дүние шіркін» атты повестер циклі енді.

Сондай-ақ жинаққа ауыл өмірінен жазылған бір топ әңгімелері топтастырылған.

Ш 4702250201—009 37—91
402(05)—91

ББК 84Қаз 7-4